

Түрiк

ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ОЗАРА ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫНЫҢ ДАМУЫ:

ТАРИХЫ ЖӘНЕ ТАРИХНАМАСЫ
(XIX ҒАСЫРДЫҢ СОҢЫ МЕН
БҮГІНГЕ ДЕЙІНГІ КЕЗЕҢ)

ЭГАМБЕРДИЕВ МЫРЗАХАН
ШӘРІПБАЙҰЛЫ



ЭГАМБЕРДИЕВ МЫРЗАХАН ШАРИПБАЙҰЛЫ

**ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ӨЗАРА ҮНТЫМАҚТАСТЫҒЫНЫҢ ДАМУЫ:
ТАРИХЫ ЖӘНЕ ТАРИХНАМАСЫ
(XIX ҒАСЫРДЫҢ СОҢЫ МЕН БҮГІНГЕ ДЕЙІНГІ КЕЗЕҢ)**

Электронды оқулық

Алматы, 2020

*Баспаға әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық университетінің
Ғылыми кеңесі (№ 3 хаттама 25.12.2019) және
Редакциялық-баспа кеңесі (№ 2 хаттама 15.01.2020)
Шешімімен ұсынылған*

Жауапты редактор:

Тарих ғылымдарының докторы, профессор Т.О. Омарбеков

Пікір білдірушілер:

Тарих ғылымдарының докторы, профессор Мехмет Дервиш Кылынчкая

Тарих ғылымдарының докторы, профессор Г.Б. Хабижанова

Тарих ғылымдарының докторы, профессор Мехмет Шахингөз

Эгамбердиев М.Ш.

Ә... Түркі халықтарының өзара ынтымақтастығының дамуы: тарихы және тарихнамасы (XIX ғасырдың соңы мен бүгінге дейінгі кезең). Электронды оқулық. М.Ш. Эгамбердиев – Алматы: Қазақ университеті, 2020. – 307 б.

ISBN 978-601-04-4450-8

Электронды оқулықта XIX ғасырдың соңы мен бүгінгі кезеңге дейінгі түркі халықтарының өзара ынтымақтастығының даму тарихы мен тарихнамасы кешенді түрде қарастырылған. Автор отандық және шетелдік мұрағаттарындағы деректер мен мәселеге байланысты зерттеулерді қамтып, түркі халықтарының ынтымақтастығының өзекті мәселелеріне ғылыми талдау жасаған. XIX ғасырдың соңынан өрістей түскен жәдидтік қозғалысы, XX ғасырдың басындағы Бүкілресейлік мұсылман съездерінде қаралған мәселелер, большевиктердің билік басына келген уақыттағы түркі халықтары зиялыларының саяси күресі, патшалық Ресейдің және оның саясатын жалғастырған коммунистік биліктің отарлауына қарсы бағытталған қозғалыстар, «басмашы» әрекеті зерделенген. Мұстафа Кемаль Ататүріктің Түркия Республикасын құрудағы еңбегін, түркі халықтарының «бірлігі мен тұтастық» идеясын, эмиграциядағы түркі мұғажырлардың ғылыми-саяси күресін, түркі халықтарының Сталиндік депортациялау саясатына тап түсу себептері мен КСРО ыдырағаннан кейін Түркі мемлекеттерінің өзара саяси-экономикалық, дипломатиялық және мәдени байланыстарын тұжырымдап, даму кезеңдерін ашып көрсеткен. Сондай-ақ қазіргі таңда мәдениет пен білім беру саласындағы ТИКА, ТҮРІКСОЙ, Юнус Эмре қорының, Еуразия диалогының және саяси-экономикалық бағытындағы Түркі әлемінің муниципалитеттер одағының, Түркі мемлекеттерінің Парламенттік Ассамблеясының, Түркі бейбітшілігінің, Түркі Кеңесінің жұмыстары және Қазақстанның түркі әлемінде алатын орны сараланып, түркі халықтарының өзара ынтымақтастығының бағыттары айқындалған.

Электронды оқулық тарихшыларға, саясаттанушылар мен қоғамтанушыларға, жоғарғы оқу орындарындағы білім алушы студенттерге, магистрлерге, докторанттарға және түркі халықтарының тұтастық тарихына қызығушылық танытқан көпшілік қауымға арналады.

ӘОЖ 94 (100-87)
КБЖ 63.3 (5Түркі)

Эгамбердиев М.Ш., 2020
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2020

ISBN 978-601-04-4450-8

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	5
1 ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ӨЗАРА ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫНЫҢ ДАМУ ТАРИХЫН ЗЕРТТЕУ МЕТОДОЛОГИЯСЫ, ДЕРЕКТІК НЕГІЗІ МЕН ТАРИХНАМАСЫ	
Мәселенің теориялық-методологиялық негіздемесі	22
1.1 Зерттеу тақырыбының тарихнамасы	40
1.2 Тақырыптың деректік негізі	59
1.3	
2 XIX ҒАСЫРДЫҢ СОҢЫ МЕН XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ РЕСЕЙ ИМПЕРИЯСЫНЫҢ ОТАРЛАУ САЯСАТЫНЫҢ САЛДАРЫ ЖӘНЕ ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ӨЗАРА ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫНЫҢ АЛҒЫШАРТТАРЫ	
2.1 Ресей империясының түркі халықтарына қарсы ұйымдастырған шаралары және Анадолы түріктерінің Түркістандағы саяси қызметі	69
Жәдидтік қозғалысы және түрік бірлігі мен ынтымақтастығы	84
2.2 Түркі халықтарының ұлттық саяси элитасының отаршылдыққа қарсы күресі	
2.3	103
3 ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ТӘУЕЛСІЗДІК ЖОЛЫНДАҒЫ КҮРЕСІ МЕН ТҮРКИЯ РЕСПУБЛИКАСЫ ҚҰРЫЛУЫНЫҢ ТАРИХИ САБАҚТАСТЫҒЫ	
Ұлттық автономиялар шеңберінде түркі халықтарының ынтымақтастығы	
3.1 (Еділ-Орал, Түркістан, Алаш)	
Түркістан АКСР-нің ұлттық-территориялық тұрғыдан межеленуі	121
3.2 Мустафа Кемаль Ататүрік және Түркия Республикасының құрылуы	140
3.3	163
4 «ҚЫЗЫЛ ИМПЕРИЯ» ТҰСЫНДА ТҮРКІ-МҰСЫЛМАН ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ТАҒДЫРЫ	
4.1 «Басмашы» қозғалысының ұлт-азаттық соғыспен байланыстырылуы	
4.2 1920-1940 жылдары Кеңестік биліктің түркі халықтарының рухани-мәдени өміріне қарсы бағыттаған саясаты	179
4.3 Сталиннің түркі халықтарын депортациялау саясаты және оның салдары	193
	208
5 КСРО-НЫҢ ЫДЫРАУЫ ЖӘНЕ ТӘУЕЛСІЗ ТҮРКІ МЕМЛЕКЕТТЕРІНІҢ ӨЗАРА ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫНЫҢ ЖАҢА ДӘУІРІ	
Түркі мемлекеттерінің өзара ынтымақтастығының орнатылуы мен дамуы	
5.1 Түркі Кеңесі шеңберінде Түркі мемлекеттері ынтымақтастығының жаңа даму бағыты	225
5.2 Қазақстан Республикасының түркі әлемінде алатын орны	243
5.3	260
ҚОРЫТЫНДЫ	276
ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТ ТІЗІМІ	281

Он бала тәрбиелеп өсірген
Батыр-Ана Егембердіқызы Ләтипа мен
22 жыл өмір жолдасым болған
Өрікбаева Айсұлу Қалиқызының
рухтарына арнаймын

Автор

КІРІСПЕ

Монографияда XIX ғасырдың соңы мен бүгінгі күнге дейінгі кезең аралығындағы түркі халықтарының өзара ынтымақтастығының даму эволюциясы мен мәселенің тарихнамалық аспектілері және оның деректік негізі бұрын соңды ғылыми айналымға тартылмай келген жаңа деректермен айқындалады.

Кеңес өкіметі ыдырағаннан кейін бой көтерген Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Әзірбайжан мен Ресей Федерациясы және Украина, Молдова құрамындағы, сондай ақ жойылу үстіндегі түркі халықтары өздерінің ұлттық тарихын қайтадан ой елегінен өткізіп, ұлттық ұстамдылық пен идеологияларына сай жазу қарқынын арттыра түсті. Бұл үрдіс кезінде бір-бірінен бөлек зерттеліп келген түркі халықтарының тарихын одан сайын алшақтануына негіз қалады. М.Қ. Әбусейітованың «Орталық Азия елдерінің тәуелсіздікке қол жеткізуі нәтижесінде аумақтың тарихи-мәдени бөлшектенуі одан сайын күшейді. Өздерінің ерекшелілігі мен тарихи фактілерден алшақтану басталып, тарихи-мәдени мұраның мистикалануы және этнизациялануына әкеп соқты» деген тұжырымы осыған дәлел [1]. Сондықтан қазіргі таңда түркі халықтарының мәдениетін, өзара қарым-қатынастары мен ынтымақтастық тарихын, мәселенің тарихы және деректік негізін зерттеудің маңыздылығы артты. Оның үстіне әлем деңгейіндегі соңғы саяси үдерістердің өрбуі салдарынан түркі халықтарының өзара саяси-экономикалық және мәдени ынтымақтасуын қажет етеді. Себебі жаһандану барысында ұлттық құндылықтарды, мәдени ерекшеліктерді сақтап қалу аса өзекті болып табылады. Түркі халықтары осы сәтте өзара саяси-экономикалық және мәдени ынтымақтастықты күшейту арқылы ғана жаңа қырынан дамып келе жатқан неоколониалдық саясатқа төтеп бере алады. Оның тамырын сонау империалистік елдердің отаршылдық саясатынан іздеп, ғылыми тұрғыдан жаңадан зерттеген абзал. Себебі сол жылдары алпауыт елдердің саяси-экономикалық және мәдени-рухани езгісіне қарсы түркі халықтары өзара ынтымақтаса отырып, мәдени күресін жандандыра түсірген.

XVI-XIX ғасырлар аралығында патшалық Ресей түркі халықтарының мекен етіп, мемлекеттер құрған жерлерінің басым бөлігін отарлап, оларды рухани езгіге түсіру саясатын жүзеге асырып келді. Османлы түріктері Батыс елдерінің құрсауына қарамастан өзінің дербестігін сақтап, Мустафа Кемаль Ататүріктің көшбасшылығында Түркия Республикасының негізін қалады. Ресейдің империалистік саясатын жалғастырған большевиктік КСРО-ы болса құрамындағы түркі халықтарының өзара ынтымақтастығының алдын алып, оны «пантүрікшілдікпен» және «панисламшылықпен» байланыстырды және патшалық дәуірден басталған рухани тәуелділік саясатын барынша жүргізді. Осыған қарсылық ретінде Ресей империясының құрамындағы түркі халықтары мен Анадольдағы түріктер ұлттық тәуелсіздігін қорғау мақсатында өзара мәдени күресін күшейте түсті.

Түркі халықтарының ынтымақтастығы ХІХ ғасырдың соңына таман халық-ағарту саласын қайта құрумен басталып, жәдидтік қозғалысына ұласып өрістей түсті. Ресей империясындағы түркілер 1905-1917 жылдары Нижний-Новгородта, Петерборда қатарынан Бүкілресейлік мұсылман съездерінде ұлттық мүдделерін қорғады. Бірінші дүниежүзілік соғыс жылдарында Түркістандағы түркі халықтары патшаның жарлығына қарсы шығып, ұлт-азаттық соғысқа аттанды.

1917 жылы большевиктердің билік басына келуімен жаңа идеологиялық саясат басталды. КСРО құрамындағы түркілер ұлттық дербестігі үшін соғысты, Осман мемлекетіндегі түріктер болса Мустафа Кемаль Ататүріктің бастауымен ұлттық мемлекетін құруға бет бұрды. Кеңестік тарихнамада түркілердің тәуелсіздік үшін күресі болса *«пантүрікшілдік», «Түркияның көшбасшылығындағы агрессиялық әрекетімен»* байланыстырылып келді. Оның негізінде *«нәсілшілдік»* пен *«агрессиялық»* сипатты немесе ұлттық қозғалыстың шынайы деңгейін төмендететін өзге атаулармен боялған терминдерді іздеудің қажеті жоқ. Себебі түркілердің ұлттық қозғалыстары өзара ынтымақтастығынан, олардың этникалық, мәдени және тіл жақындығынан туындап, даму жолындағы ұлттық тәуелсіздік пен еркіндік үшін жүргізген күресі болып табылады.

КСРО құрылғаннан кейін, большевиктердің негізгі ұстанымы мен идеологиясы *«жұмысшы тап»* өкілдерінің басын біріктіру арқылы *«қызыл империяны»* құрып, ықпалдастық аймақтар үшін капиталистік елдерге қарсы күрес жүргізу еді. Коммунистік идеологияның ішкі мазмұны, ол патшалық Ресейдің отарлық саясатын жалғастырған жаңа форматтағы Ресей империясының кезекті шовенистік саясаты еді. Оның түп тамырында, өзге ұлттардың арасында орыс халқының үстемдігін орнату арқылы, рухани тәуелділік саясатын жүргізіп, империяның тұтастығын қамтамасыз ету жатты. Осыған орай Р.Ф. Мухаммединовтың *«Мәскеу коммунизмінің шынайы мәні әр уақытта жаулап алушылық пен үстемдік орнатуды көздеп, ұлыдержавалық шовенизмді меңзеген. Бұның дәлелі ретінде КСРО ыдырағаннан кейін орыс фашизмі мен коммунистік ұлыдержавалық партиялар және ұйымдар арасындағы тығыз байланыстардың дамуы болып табылады»* деп, бүгінгі Ресейдің түпкі мақсатын айқындаған [2].

1917-1930 жылдар аралығында ГПУ, ОГПУ және НКВД күштерімен түркі халықтарының ұлт-азаттық көтерілістері бастырылып, *«ұлтшыл», «басмашы»* деген кемсіту атаулармен аталды. 1924 жылы Тұтас Түркістанды межелеу саясаты қорытындысы бойынша социалистік республикалар бой көтерді. Ұлттық саясатты алға тартқан большевиктік үкімет түркі халықтарын бір-бірінен ажырату мақсатында әлеуметтік-мәдени салада көптеген өзгерістер жасады. Бұл бағытта И.Н. Ильминскийдің оқу-ағарту саласындағы идеялар кеңінен пайдаланылды. Қатарынан екі рет әліппе өзгертілді, түркі халықтарын барынша орыс халқына кіріптар ету саясаты жүзеге асырылды. КСРО-ның саяси-экономикалық дамуы жоспарға негізделді, байлар мен кулактарды тәркілеу, зорлықпен ұжымдастыру, түркі халықтарының саяси элитасын қырғынға ұшырату, құрылған социалистік республикаларды көпұлтты елдерге айналдыру т.б. шаралар атқарылды. Бұл саясат түркі халықтарын бір-бірінен барынша алшақтату мақсатында жүргізілді. Себебі *«В.Ленин үшін түркістандықтардың, тіпті қызыл кеңес туы мен Мәскеудің «революциялық қанатының астында» біріңғай мемлекетке бірігуі аса қауіпті, кертартпа болып шығады. БКП (б)-нің Х-шы съезінде И.Сталиннің атап көрсеткендей, қазақ, өзбек, және басқа да халықтардың өзара бірігуі «революциялық Ресей отарлығының мүдделеріне» қауіпті»* деп танылды [3, 295].

Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында түркі халықтары орыс халқымен бірге

қоян қолтық фашизмге қарсы майданға аттанды. Соғыс майданын азық-түлік, киім-кешек, қару-жарақ т.б. қажетті заттармен қамтамасыз ету жолында тылдық жұмыстарын да атқарды. Кавказдағы түркі халықтары «Түркия жағына өтіп кетуі ықтимал» деген желеумен үрейленген Кеңес басшылығы шекараны әлсірету мақсатында Кавказдағы халықтарды тұтас Түркістан жерлеріне депортациялады. Осылайша қажетті кезде түркі халықтарының арасына іріткі сала білу мақсатындағы айла саясатының негізі қаланды. Оның айғағы ретінде М.С. Горбачевтің қайта-құру мен жариялылық саясаты жылдарында Таулы Карабах мәселесін, 1989 жылдағы Өзбекстандағы өзбектер мен месхет түріктері арасындағы ұлтаралық мәселенің шиеленісуін, Қырғызстандағы болып өткен «*түрлі-түсті*» революциялар мен қырғыз-өзбек-тәжіктердің қақтығыстарын, Преднистровье мәселесін, қазіргі Қырым татарларының жағдайын т.б. атауға болады.

Екінші дүниежүзілік соғыс аяқталғаннан кейін қырғи-қабақ соғысының өрбуіне әкеп соққан екі идеологиялық блок пайда болды. КСРО сталиндік жеке басқа табынушылық жүйесінен әкімшілдік-әміршілдік жүйеге өтіп, түркі халықтарының тағдыры осы «*темір тордың*» ішінде дамыды. Бұл бағытта түркі халықтарының тарихы маркстік-лениндік методологиясы тұрғысынан жазылды. Түркия өзінің ұлттық-мемлекеттілігін дербес бағытта дамытқан соң, оның тарихы бұрмаланып келді. Анадолы түріктері КСРО құрамындағы түркі халықтарына «*халық жауы*», капиталистік құрылыстың кері қалған халқы деп танытылды. Түркия фашизмді қолдаған жау мемлекет ретінде сипатталды. Орта білім беру және ЖОО-ның оқулықтарында Анадолы түріктерінің тарихы Азия және Африка елдерінің тарихы шеңберінде ғана жазылды.

Кеңес өкіметі ыдырағаннан кейін әлемнің дамуы жаңа геосаяси жүйеге көшті. Құрылған әрбір тәуелсіз мемлекет өзіндік әлеуметтік-экономикалық және саяси жүйесін қалыптастырды. Экономикалық-мәдени интеграцияға негізделген түркі халықтарының өзара ынтымақтастығының жаңа бағыты дамыды. Оның ішінде Түркі мемлекеттері басшыларының саммитерін атауға болады. Түркі халықтарының тарихына, мәдениеті мен өзара тығыз саяси-экономикалық байланыстарын әрі қарай дамытуына үлес қосып келе жатқан Түркі мемлекеттері басшыларының алғашқы саммиті Түркияның бұрынғы Президенті Тұрғыт Озалдың ұйымдастыруымен 1992 жылы Анкара қаласында, сонан соң 1994 жылы Стамбулда, 1995 жылы Бишкекте, 1996 жылы Ташкентте, 1998 жылы Астанада, 2000 жылы Бакуде, 2001 жылы Стамбулда, 2006 жылы Антальяда өтті. 2009 жылдың 2-3 қазанда Әзірбайжан Республикасының Нахчыван қаласында Түрік мемлекеттері басшыларының 9-шы Саммитінде түркі халықтарының саяси-экономикалық және мәдени байланыстарын одан әрі дамыту мақсатында маңызды шешімдер қабылданды. Саммит нәтижелі аяқталып, «Нахчыван декларациясы» қабылданды және мемлекет басшылары Түркі Мемлекеттерінің Ынтымақтастық Кеңесін құру туралы келісімге қол қойды. 2010 жылы қыркүйек айында Стамбулда Түркі Республикаларының 10-шы Саммиті болып өтті. Бұл Саммитте Қырғызстандағы ұлтаралық «*бүлік*» мәселесі талқыға салынып, Қазақстанның ЕКЫҰ-на төрағалығы туралы жетістіктері жайлы пікірлер айтылды. Көп ұзамай 2010 жылдың 1-2 желтоқсанында Қазақстан әлемнің 56 елдің басын Астанада қосып, ЕКЫҰ-ның шеңберінде түркі халықтарының ынтымақтастығы мәселелері де қозғалып, еліміз үшін тарихи маңызы бар Астана декларациясы қабылданды.

2011 жылға дейін Түрік мемлекеттер басшыларының саммиттері форум түрінде өтті. 2012 жылғы 23 тамызда Бішкекте Түркі мемлекеттер басшыларының

саммитінде Қырғызстан, Қазақстан, Әзірбайжан және Түркия бір-біріне нарық ашып, бірыңғай қаржылық ережелерді сақтау туралы шешім қабылдады. 2013 жылы Әзірбайжанның Гобала қаласында, 2015 жылы Астанада, 2018 жылы Қырғызстандағы Шолпан-Ата қаласында өткен Түркі мемлекеттерінің Саммиттері өзара ынтымақтастықты дамытуға өз үлестерін қосып келді. 2019 жылы Өзбекстан Түркі Кеңесіне кіру туралы шешім қабылдады. Түркіменстан Түркі Кеңесінің саммиттерін қоса алғанда, ұйым ішіндегі түрлі шараларға қатысып тұрады. 2018 жылдан бастап Венгрия бақылаушы ел болды. Осылайша түркі халықтарының өзара ынтымақтастығы жаңа форматта даму қарқынын арттыруда.

Бұл тақырып бұрын соңды тарихнамалық және деректік негізде кешенді түрде зерттеуге арқау болмай келді. Мәселені тарихнамалық және хронологиялық жағынан қарастыратын болсақ, Ресей империясының отарлық мақсатта жүргізген зерттеулерді бірінші кезекке қойған жөн. Зерттеулердің қатарында Н.П. Остроумовтың, С.Граменицкийдің, А.Е. Алекторовтың, И.Н. Ильминскийдің, А.Добросмысловтың, А.Марковтың, А.Л. Кунның, И.А. Бобровниковтың, А.Хорошкинның, С.Рыбаковтың, М.Бродовскойдың, А.В. Кривошеиннің, К.К. Пален мен С.Н. Веселевскийдің еңбектерін жатқызуға болады. Бұл аталған авторлар миссионер болғанымен, еңбектерінде «*бұратана*» деп атап келген түркі-мұсылман халықтарының мұсылмандыққа және түркілікке деген ұстанымы мен саяси-идеялық ұлттық сананың қалыптасу туралы жазған. Сонымен қатар революцияға дейін Түркістандағы түркі халықтарының мәдени шаруашылық саласындағы байланыстары жайлы мәліметтер С.Броневскойдың, Н.А. Дингельштедтің, А.Шахназаровтың, Н.А. Северцевтің, А.Н. Красновтың, Е.Смирновтың, С.Здзеницкийдің, А.Диваевтың, И.Дроттың, И.Чермактың және т.б. жұмыстарында да кездеседі.

Түркі халықтары толығымен Ресей империясының отарлық аймағына айналғаннан кейін, әкімшіліктің оларға қарсы бағытталған орыстандыру мен шоқындыру саясаты мәдени бірігуіне себеп болды. Ислам діні түркі халықтарының бірігуінің басты факторына айналды. Түркі халықтары оқу-ағарту саласын реформалау арқылы, ұлттық тәуелсіздіктеріне қол жеткізе алатындықтарына сенім артты. Осылайша, Ресей империясының барлық аймақтарында жаңа әдісті мектептер бой көтерді. Бұл жәдидтілік қозғалыстың өрістеуіне әкеп соқты. Жәдидтік қозғалысы түркі халықтарының өзара ынтымақтастығының негізін қалады. Осы саланың теориялық-практикалық негіздеушісі Ы.Гаспыралының жұмыстарын жатқыза аламыз. Жәдидтік қозғалыстың тарихын, оның ұлттық сипаттағы әрекеттері жайлы М.Г. Вахабов, В.Т. Кочаров, А.М. Худайкулов, И.С. Брагинский, А.Ф. Эфиоров, К.П. Новицкий және т.б. зерттеген.

Ресей империясының құрамындағы түркі халықтарының біріктіруші қызметін атқарған ислам дінінің рөлі, халық арасындағы саналық ұғыну мәселесі, жәдидшілік қозғалысындағы мұсылмандықтың атқарған қызметі Кеңес өкіметі орнағаннан кейін зерттеуді қажет ететін мәселеге айналды. Бұл еңбектер марксистік-лениндік методологиясы тұрғысынан жазылғанымен ортарлық аймақтардағы жалпы саяси жағдайды сараптауға негіз бола алды. Мәселені зерттегендердің арасында Ф.Ходжаевті, Г.Туркестанскийді, А.Самойловичті, И.И. Умняковты атауға болады.

Жәдидтік қозғалыстың түрікшілдік идеясының практикалық негізде жүзеге

асыру қажеттілігі жөнінде, сондай-ақ оның теориясы мен идеялық бағытын белгілеп, іс жүзінде асырғандар Юсуф Ақшораның, Ш.Марджанидің, Садри Максудидің, Мұстафа Шоқайдың, Зәки Уәлиди Тоғанның, Зия Гөкальптың жұмыстарын ерекше атауға болады. Эмиграцияға ұшыраған бұл көшбасшылар сыртта жүріп, бір жағынан Түркия Республикасының құрылуы мен дамуына орасан зор еңбек етіп, екінші жағынан ғылыми түрікшілдікті дамытқан және империалистік мемлекеттерге қарсы саяси-ғылыми күресін жалғастырған. Осыған байланысты 1996 жылдың 23-26 мамыр айында Түркияның Кайсери қаласындағы Эржиес университетінің ұйымдастыруымен «Түркия Республикасының құрылуы мен дамуында қызмет еткен түрік әлемі көшбасшыларының рөлі» атты халықаралық ғылыми конференция болып өтті. Конференцияға Қазақстан, Өзбекстан, Түрікменстан, Қырғызстан, Әзірбайжан, Татарстан, Башқұртстан т.б. елдерден ғалымдар қатысып, түркі халықтарының өзара ынтымақтастығының дамуы туралы мәселелерді қозғаған.

1905 жылы Бүкілресейлік мұсылмандар съезі түркі-мұсылман халықтарының саяси ынтымақтастығының айқын көрінісі болып табылатыны сөзсіз. Нижний-Новгород қаласында өткен бұл съезде түркі халықтары ортақ мәселелерді талқыға салып, ұлттық тәуелсіздікті қарауды Дума депутаттарынан талап етті. Олар патшалық Ресейдің отаршылдық саясатын сынап, орыстандыру мен шоқыныру саясатына қарсы біріге күрес жүргізу қажеттілігін көтерген. Кейінгі жылдары мұндай съездер Санкт-Петербург, Ташкент, Қазан, Орынбор қалаларында өтті. Олар жайында зерттеулерді О.Н. Сенюткина, Х.Фейзи, А.Саитакбар, Зәки Уәлиди Тоған, Надир Девлет, Сейфеттин Эршахин, Гирай Сайнур Бозкурт т.б. жүргізген.

Түркиялық ғалымдардың арасында түркі халықтарының өзара ынтымақтастығы мен түрікшілдік негіздерін зерттеген Ақдес Нимет Кураттың, Мараш Ибрахимнің, Айше Айзаде Рорличтың, Ахат Андижанның, Режеп Байсун Абдуллахтың, Шевкет Сурейя Айдемирдің, Рыдван Ақынның, Фүсун Үстөлдін, Низам Өненнің, Нежиметдин Сефержиоғлуның, Хакан Қырымлының еңбектерін ерекше атауға болады. Түркістандағы Ресей мен Қытайдың саясатын жан-жақты зерттеген ғалымдардың арасында Баймирза Хайттың еңбектері антикоммунистік тұрғыда жазылғанымен, сол уақыттағы Түркістан өңіріндегі саяси-экономикалық қатынастар тарихы туралы бірқатар мәліметтерді береді. «Түрік» атауы мағынасының кеңеюі мен түрік ұлтының санасына сіңірілу мәселесін Айдын Танери көлемді монографиясын қарастырып, мәдениеттер соғысындағы тарихтың қызметін, «османшылдықтың» орнына «түрікшілдіктің» келуін, бұл атаудың ұлттық деңгейге көтерілу мәселесін зерттеген. Автордың еңбегі түркі халықтарының өзара ынтымақтастығының даму салаларын зерделеуге мүмкіндік береді.

Түрікшілдік пен Түркиядағы ислам дінінің рөлі мен халық арасындағы қызметін зерттеген А.Д. Алдерсон Османлы әулетінің құрылымы және бірегейлігіне мән беріп, ХІХ ғасырдың соңында түрік ұлтының қалыптасуын зерттеген. Түркия Республикасының құрылуынан кейін өздерін түрік ұлты деп есептеген және «османшылдықтан» бас тартып, «түрікшіл және онымен мақтан етемін» деген ұранмен ұлт ретінде әлемге танытқан түрік халқының тарихына қызығушылық артып, зерттеу жұмыстарын жүргізген Бернард Левис, Сечил Ақгүн, Аныл Чечен, Мехмет Дервиш Кылынчкая және т.б. атауға болады.

Түркі халықтарының өзара бірігуімен күрескен Ресей империясының, сонан соң Кеңес өкіметінің идеологиялық саясатын батыс ғалымдары Эдвард Алвордт, Александр Бенингсен, Лемерсье Келкеже, Елена д'Энкаус Каррера, Мартин Гилберт, Мэри Холдсверд, Уорэн Чарельз Хостлер, Джакоб М.Ландау, Э.Лазерини,

Алан Морехед, С.Зеньковский үлкен мән берген. Сонымен қатар түрікшілдік мәселесін зерттеген ағылшын ғалымы Дэвид Кушнердің еңбегін ерекше атауға болады. Әзірбайжандағы түрікшілдіктің дамуы мен Ресей империясының Әзірбайжандағы саясатын жан-жақты зерттеген Эдвард Олворд пен Одри Л.Альштаттың жұмыстарын атауға болады. Кавказдағы түркі халықтарының өзара ынтымақтастығы мен Кеңес өкіметінің әзірбайжан, месхет түріктері мен қарашай, балқар, құмық, ноғай халықтарына қарсы саяси мақсатта армяндарды пайдаланғандықтары туралы көптеген мәселелер И.Мусаевтің еңбегінде кездеседі. Әзірбайжанның ұлт-азаттық қозғалысының тарихы мен Кавказдағы халықтардың өзара ынтымақтастығының даму эволюциясын зерттеген Хусейін Байқара, бұл жердегі Кеңес өкіметінің отарлық қадамдарын айқын көрсете білген. Түркі халықтарының өзара ынтымақтастығының дамуы мен бірігу мәселесін «*Musavat*» партиясының көшбасшысы Мехмет Эмин Расулзаде мен татар ғалымдары А.Аршаруни және Х.Габидуллин қозғаған. Олардың еңбектері Кавказдағы түрікшілдіктің дамуы мен Ресейдегі түркі халықтарының мәселелеріне арналған.

XIX ғасырдың соңы мен 1940 жылға дейін баста патшалық Ресей, сонан соң Кеңес өкіметінің ұлттық саясаты жайлы, қатарынан әліпшені өзгертудің салдары мен сол кездегі түркі-мұсылман халықтарының оқу-ағарту, саяси-экономикалық салаларындағы өзара байланыстары туралы мәліметтер Мухаммед Салихтың еңбектерінде кездеседі. Автор Түркістан ұғымы мен санасының қалыптасуы және осы бағытта Кеңес өкіметінің түркі-мұсылман халықтарын бір-бірінен бөліп, бірегейлігін бұзу мақсатындағы саясатын сынаған.

Түркістанда Ресей империясының отаршылдық саясаты мен үстемдігін орнату үшін жүргізген саясаты, XIX ғасырдың басында ұлт-азаттық қозғалыстарының себептері мен мазмұны, Кеңес өкіметі орнағаннан кейін жүргізген байлар мен кулактарды тәркілеу және ұлт-азаттық жолында құрбан болғандардың тарихын Өзбекстан ғалымдары зерттеген. Олардың қатарында Х.Зияевтің, Д.А. Алимованың, Р.Шамсутдиновтың ғылыми жұмыстарын атауға болады. Сонымен қатар өзбек ғалымдары 2000 жылы екі томдық Өзбекстан тарихын басып шығарған. Онда XX ғасырдың басында түркі халықтарының өзара ынтымақтастығы туралы және жәдиттік қозғалысының Түркістандағы көріністері жайлы мәліметтер, сондай-ақ осы аймақтағы қазақ, өзбек, қырғыздардың әлеуметтік-экономикалық, саяси байланыстары жөнінде жазылған.

Бірінші дүниежүзілік соғыс жылдарында түркі халықтарының өзара ынтымақтастығы мен 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісін зерттеген ғалымдардың қатарына А.Байтұрсыновтың, М.Дұлатовтың, М.Шоқайдың, Т.Рысқұловтың, Е.Федоровтың, И.Меницкийдің, Ю.Абдрахмановтың, И.Чеканинскийдің және т.б. жұмыстарын ерекше атауға болады.

1917 жылы большевиктердің билік басына келуімен Түркістандағы ұлт-азаттық қозғалыс өрістей түсті. Қозғалысқа кеңестік тарихнамада «*басмашылық әрекет*», «*агрессивті экспансияшыл*», «*буржуазиялық ұлтшыл*» қозғалыс ретінде орынсыз баға беріліп келгенімен, қазіргі кезде оның тарихына, бұл қозғалысқа Энвер Пашаның қатысуына мән беріліп келеді. Бұл тақырыпқа байланысты Б.Баймаханов кандидаттық диссертациясын қорғады. Тақырыпқа қызығушылық танытқан Н.Г. Хидоятвананы, Д.И. Вдовиченконы, У.Рашидовты, И.Башириді, Нури Өзканды, Хасан Бабажанды т.б. жұмыстарды атауға болады.

Түркістан ұлт-азаттық көтерілісі большевиктердің тарапынан тұншықтырылған соң, В.Лениннің бастауымен тұтас Түркістанды межелеу саясаты

жемісін берді. Межелену саясатына қызығушылық танытып, мәселені жан-жақты зерттеген М.Шоқай мен Т.Рысқұловтың, А.Нұсұпбековтың, Т.Омарбековтың, О.Қоңыратбаевтің, Х.Ш. Иноятованың, В.И. Минеевтің, Г.Сафаровтың т.б. жұмыстары бар.

Сталиндік тоталитарлық жүйе орныққан соң, түркі халықтарына қасірет төніп, әсіресе Кавказдағы түркі халықтары Орта Азия мен Қазақстан жерлеріне зорлықпен қоныстандырылды. Бұл тақырыпты мұрағат құжаттары негізінде зерттегендердің қатарына В.Н. Земсковты, Н.Ф. Бугайды, А.А. Германды, К.Н. Максимовты, А.М. Гоновты, П.Н. Полянды, А.Г. Осиповты, О.И. Черепованы, Ж.Ә. Еремекбаевты, Х.С. Алдажұмановты т.б. жатқызуға болады.

Қырғи-қабақ соғысы жылдарында әкімшілдік-әміршілдік жүйенің құрсауына түскен тарих ғылымы саласы түркі халықтарының өзара ынтымақтастық тарихын зерттеуге тыйым салынған-ды. Партиялық принциптерге негізделген тарихты зерттеу әдісі тек маркстік-лениндік идеологиясы аясында жазылды. Осыған қарамастан түрікшілдік пен түркі халықтарының өзара саяси-экономикалық интеграциясын күшейту қажеттілігі туралы мәселені Нихаль Атсыз, Алыпарслан Түркеш, Туран Язган т.б. сынды түркиялық қоғам қайраткерлері, саясаткерлер мен тарихшылар және әдебиетшілер көтерген.

КСРО ыдырағаннан кейін түркі халықтарының ынтымақтастығы мен өзара байланыстар тарихын, демографиялық жағдайын, шетелдегі түркі халықтарының әлеуметтік-экономикалық және мәдени жағдайын, қазіргі кездегі түркі халықтарының тарихын ұлттық тұрғыдан отандық ғалымдарымыз жан-жақты зерттеген. Олардың қатарында К.Нұрпейістің, К.Л. Есмағамбетовтың, М.Қ. Қойгелдиевтің, Т.Омарбековтың, М.Х. Асылбековтың, М.Қ. Әбусейітованың, Г.М. Мендикулованың, Ә.Қ. Муминовтың, К.Ш. Хафизованың, М.Ж. Әбдіровтың, Д.Қыдырәлінің, Абдулвахап Қараның т.б. жұмыстарын ерекше атауға болады. Сонымен қатар, Қазақ-Қоқан қарым-қатынастары С.Мадуановтың, Қазақ-Хиуа байланыстары А.Абдуалиевтің, Сырдарьяның төменгі ағысы, Арал көлі маңындағы қазақтардың Хиуа хандығымен қарым-қатынастары М.У. Шәлекеновтың, XVIII ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасыр басындағы қазақ-қырғыз байланыстарының тарихы мен бұл мәселенің зерттеудің теориялық-методологиялық аспектілері А.Ш. Махаеваның, XVIII-XXI ғасыр аралығындағы Өзбекстан қазақтарының тарихы К.И. Қобыландиннің еңбектерінде мұрағат құжаттары негізінде қарастырылған. Қазіргі таңда Ресей Федерациясы, Украина және Молдова құрамындағы автономды Түрік Республикаларының ұлттық тарихтарына қызығушылық артып, осы бағытта зерттеу жұмыстары жүргізілуде. Түркі халықтарының өзара ынтымақтастығын және осыған байланысты сыртқы саясатын белгілеу мәселесін әрбір ел Президенттері өз жұмыстарында көрсеткен.

Қазақстанның сыртқы саяси бағыттары мен түркі әлеміндегі орны, халықаралық байланыстар тарихы мен тәуелсіздігіне қол жеткізген түрік мемлекеттерінің қоғамдық құрылысын, Орталық Азия елдерінің өзара ынтымақтастығы мен қазіргі кездегі өзекті мәселелері, Қазақстан мен Түркия арасындағы саяси-экономикалық және мәдени байланыстарын, мемлекеттердің шекаралық мәселелерін, сондай-ақ қоғамның ішіндегі діннің рөлін, ұлтаралық қатынастарды т.б. мәселелерді У.Касенов, С.Турсунов, М.Лаумулин, Л.Бакаев, Ж.Байсалбаева, С.Кушқумбаев, Ж.М. Абдильдин, Г.Ақмағамбетов, К.Баекенов, А.Бисенбаев, Л.Ертысбаева, А.Н. Нысанбаев, М.Тәжін, М.Б. Тәтімов, Г.Б. Хан және т.б. қаламға алған. Осы бағытта зерттеу жұмыстарын жүргізген, соның ішінде

Қазақстанның БҰҰ-ғы орны мен қызметіне баға берген А.Арыстанбекованың жұмыстарын ерекше атауға болады.

Ғылыми еңбекті дайындау барысында ҚР ОММ, ҚР ПМ, ҚР ҰМ, ТР П-МММ, Анкара Ұлттық кітапханасының сирек қорынан алынған құжаттар, Стамбул қаласындағы Осман империясының кеңсесі материалдары, ӨР ОММ, РФ ӘТМ, РФ ММ, БР ОММ, ТР ҰМ материалдар кеңінен пайдаланылды. Сонымен қатар дерек ретінде 1992 жылы Стамбул қаласында Түркия Республикасы Премьер-министрінің мемлекеттік мұрағатының «*Осман мемлекеті мен Кавказ, Түркістан және Қырым хандықтары арасындағы байланыстары туралы мұрағат жинағындағы (1687-1908 жылдары)*» деректер, М.Шоқайдың эпистолярлық мұрасы, Ш.Ш. Уәлихановтың шығармалар жинағындағы материалдар ғылыми айналымға тартылды. Дерек ретінде қазақ, орыс, түрік, ағылшын тілдерінде жарық көрген еңбектер ғылыми айналымға қосылды. Атап айтқанда, 1911-1918 жылдары Стамбулда бой көтерген «*Түрік ошақтарының*» материалдары, оның ресми органы қызметін атқарған және бүгінге дейін баспа жұмысын жалғастырып келе жатқан «*Түрік Юрду*» журналында жарық көрген мақалалар мен ізденістер, «*Йени Түркістан*», «*Тарих Дүниасы*», «*Тарих араштырмалары*», 1929 жылы жарияланған «*Одлу Юрт*», 1934 жылы жарияланған «*Шимали-Кавказия*», «*Айқап*» журналы мен «*Қазақ*» газеті, «*Вақт*» журналы, патшалық Ресейдің Чуваш халқын отарлау барысында оқу-ағарту саласындағы саясатын зерттеген «*Н.В. Никольскийдің*» шығармалар жинағы, Ресей империясының отаршылдық саясатының дәріптеушісі «*Туркестанские ведомости*» газетінің материалдары, А.Г. Серибрянников тарапынан жинақталған және А.Н. Куропаткин редакциясында жарық көрген «*Сборник материалов для истории завоевания Туркестанского края*» және В.И. Межовтың «*Туркестанский сборник*», «*Ұлық Түркістан*» газеті мен «*Центральная Азия и Кавказ*» журналдарында жарияланған материалдар да дерек ретінде пайдаланылды.

Большевиктердің «*қызыл қырғын*» саясатынан кетуге мәжбүр болған түркі саяси элитасы ғылыми күресін жалғастырып, барған жерлерінде баспа органдарын ұйымдастырған. Олардың арасында Әзірбайжанның ұлттық жетекшілері тарапынан Стамбулда шыққан «*Азери Түрік*» және М.Шоқайдың «*Яш Түркістан*» журналдарында тақырыпқа байланысты жарияланған мақалалар дерек ретінде тартылды.

КСРО-ы ыдырағаннан кейін Түркия Республикасы мен Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Түрікменстан, Әзірбайжан арасындағы ынтымақтастықтың дамуын айғақтайтын және екі жылда бір өтетін «*Түркі мемлекеттері мен ұлыстарының достық, ағайындық және ынтымақтастық*» жиындарында алынған шешімдер мен келісім құжаттары, TUDEV-тің (Түрік достық, бауырластық және ынтымақтастық), 1992 жылы түрік елдері мен халықтарына экономикалық қолдау мақсатында Түркия Премьер-министр аппараты жанынан құрылған ТИКА-ның (Түрік ынтымақтастығы және даму агенттігі), оның «*Eurasian Studies*» атты баспа органының материалдары және т.б. мемлекетаралық саяси-экономикалық және мәдени саласындағы келісімдер кеңінен осы монографияда дерек ретінде пайдаланылды.

Түркі халықтарының ұлттық санасының қалыптасып, өрістей түсу барысы мен

өзара саяси-экономикалық және мәдени ынтымақтастығының даму эволюциясы мен тарихнамасын, деректемелік негізін бұрын соңды ғылыми айналымға тартылмай келген жаңа мұрағат құжаттары негізінде айқындау монографияның басты мақсаты болып табылады. Сонымен қатар Ресей империясы тұсында, Осман империясы заманында, КСРО-ы жылдарында және қазіргі кезде жарық көрген еңбектерді сұрыптай келе, «*түрікшілдік*», «*пантүрікшілдік*» пен «*тұраншылық*» ұғымдарының түркі халықтарының ұлттық тәуелсіздікке жету жолындағы империалистік мемлекеттердің саяси-экономикалық және рухани езгісіне қарсы бағытталған өзара ынтымақтастық пен мәдени бірігу негізінде пайда болғандығын дәлелдеу. Мақсатқа жету үшін төмендегі мәселелерді дәйекті талдау міндеттері қойылды:

1. Түркі халықтары тәуелсіздіктеріне қол жеткізу мақсатында ғасырлар бойы империалистік елдердің отарлық саясатына қарсы күресін жүргізіп келген. Бүгінге дейін түркі халықтарының өзара ынтымақтастық тарихының кейбір аспектілері Түркияда, батыс елдерінде, Кеңес өкіметі жылдарында бірқатар ғылыми еңбектер, шығармалар, естеліктер, ғылыми мақалалар және т.б. жұмыстары жарық көрген. Осыған орай, түркі халықтарының өзара ынтымақтастығының даму тарихын зерттей отырып, мәселені кешенді түрде қарастырып, тарихнамасына талдау жасау және теориялық-әдіснамалық негізін саралу.

2. Түркі халықтары империалистік елдердің құрсауына түсу барысында, оның тарихын, мәдениетін, әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрін, археологиясын, этнографиясын мен ұлттық болмысын зерттеген ғалымдардың еңбектері, отаршылдық саясатын жемісті жүргізу мақсатында жұмыстарын жүргізген отар әкімшілігінің есептері мен түрлі формадағы құжаттар әлі күнге дейін сараланып біткен жоқ. Түркия мен Ресей Федерациясындағы мұрағат қорларында қыруар деректер жинақталған. Аталған мемлекеттерден қол жеткізілген мұрағат деректері зерделеніп, түркі халықтарының өзара ынтымақтастық тарихының деректемелік базасын қалыптастыру.

3. XIX ғасырдың соңына қарай түркі халықтары империалистік елдердің отаршылдық саясатына қарсы соғыспен төтеп бере алмайтынына көзі жеткеннен кейін, сауаттылықпен күрес жүргізуге бет бұрды. Осының негізінде Ресей империясы құрамындағы түркі халықтары мен Осман мемлекетінің түрік халқы оқу-ағарту саласын реформалауға кірісті. Қырымда, Қазанда, Қазақ елі мен Түркістан өңірінде және т.б. жерлерде жаппай жәдидтік мектептер ашыла бастады. Мектептердің ашылуы жәдидтік қозғалыстың өрістеуіне себеп болып, түркі халықтарының ұлттық санасының пісіп жетілуіне себеп болды. XX ғасырдың басында түркі халықтары отарлық әкімшіліктен ортақ мәселелердің, атап айтқанда жер мен ұлт мәселесін, орыс шаруаларын жаппай қоныстандыруды тоқтату, орыстандыру мен шоқындыру саясатына шек қойып, халықтың өзін-өзі басқаруына мүмкіндік беру т.б. мәселелерді бірігіп талап етті. Сондықтан, XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың бас кезіндегі түркі халықтарының бірігуінің алғышарттары мен оның барысын мұрағат құжаттарымен айқындау.

4. XX ғасырдың басында Осман мемлекеті Бірінші дүниежүзілік соғысқа тартылып, көптеген жерлерінен айрылып қалды. Ел ішіндегі мемлекет басқару жүйесіндегі өзгерістерге байланысты, түрік халқы қазіргі Түркия Республикасы шеңберіндегі жерлерін сақтап қалу мақсатында ұлттық соғысқа аттанды. Осы кезде Ресей империясының отарлық торабында қалған түркі халықтарының саяси элитасы Түркияға қоныс аударып, «*түрікшілдік*» қозғалысының өріс алуына себеп болды. Бұл кезде түрік халқы мен Ресей империясынан қоныс аударуға мәжбүр болған түркі халықтарының арасында тығыз саяси және мәдени ынтымақтастық орнатылды. 1918-

1924 жылдары аралығында кеңестік тарихнамада «басмашылық» әрекеті деп дәріштеліп келген Түркістандағы ұлт-азаттық қозғалыс жылдарында Энвер Паша мен Түркістандағы түркі-мұсылман халықтарының арасында едәуір байланыстар орнатылды. Осының негізінде Ресей империясы, сонан соң КСРО-ы құрамында қалған түркі халықтары мен Түркия арасындағы байланыстардың эволюциясын көрсету.

5. Сталиндік тоталитарлық жүйе орныққаннан кейін, КСРО-ы құрамындағы түркі халықтары мен Түркиядағы түрік халқы арасындағы байланыстар үзілді-кесілді тек қажылық негізде жүргізілді, кейде тіпті үзіліп тұрды. М.К. Ататүріктің бастаған Түркиядағы ұлттық-идеологиялық саясаты тек мемлекеттік-территориялық шеңбермен шектелді. Ал, КСРО құрамындағы түркі халықтарының саяси элитасы ұлттық мүдде жолында құрбан болды, Кавказдағы түркі халықтары тұтас Түркістан жерлеріне зорлықпен қоныстандырылды. Еділ-Орал төңірегіндегі түркі халықтары орыс халқына кіріптар етіліп, чуваш, телеуіт, Алтайдағы түркі халықтары дінінен, ділінен айрыла жаздады. Сталиндік басқару жылдарындағы түркі халықтарының басына төнген қасірет пен Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарындағы КСРО-ы құрамындағы түркі халықтарының ынтымақтастығының дамуын тарихнамалық талдау арқылы айқындау.

6. Қырғи-қабақ соғысы жылдарында түркі халықтарының тағдыры кеңестік идеологияға тәуелді болды. Әкімшілдік-әміршілдік басқару кезінде кеңестік түркітану ғылымы дами түсті. Түркі халықтарының тарихына деген қызығушылық артты, осыған байланысты түркітану конгрестері, ғылыми семинарлар, конференциялар ұйымдастырылды. Сондықтан КСРО-ы құрамындағы түркі халықтарының өзара ғылыми-мәдени және экономикалық байланыстардың нығаю барысын фактілік материалдар негізінде көрсету.

7. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін Түркия жаңа кезеңге аяқ басты. Көп партиялық жүйеге өту барысында елде тараған коммунизм мен түрікшіл саясаткерлер, ғалымдар мен қоғам қайраткерлері арасында «қанды» бәсеке күшін арттырды. Түркиядағы ұлттық болмысты қорғау жолында саяси-идеологиялық түрікшілдік жаңа толқынмен жалғасты. Олардың арасында Нихаль Атсыз, Альпарслан Түркеш және т.б. сынды ұлтжандылар ұлттық мүддені қорғау мақсатында түрікшілдіктің жаңа бағытын жүзеге асырды. Осы тұрғыда Түркиядағы 1938-1980 жылдар аралығындағы түрікшілдіктің қыр-сырын талдау міндеп деп белгіленді.

8. КСРО ыдырағаннан кейін, Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Түрікменстан және Әзірбайжан өзінің идеологиялық және стратегиялық саясаты мен өзіндік мемлекеттік құрылысын, экономикалық даму бағытын белгілеп, әлемге таныла бастады. Түркия бауырлас ел ретінде бірінші болып аталған мемлекеттердің тәуелсіздіктерін мойындап, түрлі салаларда байланыстарын орнатты. Бүгінде Түркі Кеңесіне мүше елдердің саяси-экономикалық, мәдени және білім беру мен ғылым саласындағы өзара ынтымақтастықтарының алғышарттарынан бастап, даму үдерісін және болашағын қабылданған келісім-шарттарға сүйене отырып ғылыми тұрғыдан дәйектеу.

9. Орталық Азиядағы саяси тұрақтылықты сақтау мақсатында Н.Ә. Назарбаевтың бастауымен құлдыраған байланыстарды жандандыру үшін ТМД-ға мүше елдермен, Батыспен, ШЫҰ, аймақтық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі Еуразиялық экономикалық одақ, Түркі Кеңесі іспетті ұйымдар құрылды. Сондықтан Қазақстанның Түрік әлеміндегі орны мен маңызын ашу және даму стратегиясына

талдау жасау, өзекті болып табылады.

Монографияның әдістемелік негізі бірінші кезекте Түркия мен Ресей империясы, КСРО құрамындағы және ТМД кеңестігіндегі түркі халықтарының өзара әлеуметтік-экономикалық, мәдени және саяси ынтымақтастығының эволюциясын тарихи-салыстырмалы талдауға негізделген. Екіншіден, революцияға дейін жарық көрген, отаршылдық рухта жазылған орыс ғалымдарының еңбектеріне сыни көзбен қарап, тарихи ұстаныммен компаративті талдау жасай отырып, түркі халықтарының өзара ынтымақтастығының саяси-мәдени мәнін зерделеу болып табылады. Үшіншіден, түркі халықтарының эмиграцияға ұшыраған саяси элитасының, соның ішінде М.Шоғайдың, Зәки Уәлиди Тоғанның, Юсуф Ақшораның, Хусейнзаде Али Тұранның т.б. түркі халықтарының бірлігі жайлы саяси ойлары мен КСРО-да қалған Т.Рысқұловтың, М.Сұлтанғалиевтің т.б. Түрік Республикасын құру жолындағы идеялары тарихи-салыстырмалы негізде сараланды.

КСРО құрылғаннан кейін түркі халықтарының тарихы маркстік-лениндік әдіснама тұрғысынан жазылғаны жоғарыда аталып өтілді. Осының салдарынан түркі халықтарының өзара ынтымақтастық тарихына деген субъективті баға берілген. Сондықтан, монографияны әзірлеу барысында «ұлттық», «ұлтшылдық» және «ұлттық-мемлекеттілік» ұғымдары тарихи феномен ретінде қарастырылды. Себебі большевиктер ұлт мәселесін «реакциялық буржуазия» немесе «ұсақ буржуазияның» идеологиясымен теңестіріп, түркі халықтарының өзара ынтымақтасып, аттанған ұлт-азаттық қозғалыстарын халық-азаттық көтерілістер дәрежесіне дейін төмедеткен. Оның шынайы мазмұны мен мәні бұрмаланып, халық санасында агрессиялық, эгоистік және сепаратистік ұғымды беретін, «орыс халқынан бөлініп, ұлтшылдықты меңзейтін» деген сипаттар тағылды.

Кеңестік билік құрылғаннан кейін пайда болған социалистік мемлекеттердің тарихы коммунистік идеологияның құрсауына түсіп, «орыс халқы келген соң, бұл жерде даму басталды» деген ұстаным негізінде жазылды. Атап айтқанда түркі халықтарының небәрі 2 пайызы ғана сауатты, коммунистік идеологияның дамуы арқасында түркі халықтары сауаттылығын арттыра түсірді деген кенже пайымдар айтылды. Бұл тұста «сауаттылық өлшемі» тек орыс тілін білумен шектелді, ал араб, парсы және өзге шығыс тілдерін жетік меңгергендер сауатсыз болып табылды. Міне, осындай тұжырымдар сыни көзбен қарастырылып, кеңестік билік тұсында жарық көрген еңбектер барынша тарихи объективтілік тұрғысынан зерделенді.

КСРО-ы ыдыраған соң құрылған жаңа Түркі Республикалар өздерінің ұлттық тарихын идеологияларына сай зерттеп, жаза бастады. Осы бағытта әрбір республиканың тарихшылары, саясаткерлері, ғалымдар мен мемлекет басшыларының еңбектері жарық көрді. Әрбір елдің мұрағат қорларынан құжаттарға қол жеткізу мүмкіндіктері кеңейді. Түркі халықтарының тарихын зерттеу мәселелері бойынша, әсіресе революцияға дейін патшалық Ресейдің отарлық саясаты, большевиктердің билік басына келіп, «қызыл қырғын» және ақгвардияшылдардың «ақ қырғын» саясаты, КСРО жылдарындағы орыстандыру саясаты жайлы көптеген құпия құжаттары ғылыми айналымға тартылды. Сондықтан, мәселені зерттеу барысында жүйелеу, хронологиялық-салыстырмалы талдау, тарихи үдерістердің шынайылық дәрежесін анықтайтын теориялық талдау тәсілдері кеңінен пайдаланылды.

Монографияның хронологиялық шеңбері ХІХ ғасырдың соңы мен бүгінгі кезге

дейінгі кезең деп белгіленді. Себебі, шамамен бір жарым ғасыр аралығында түркі халықтарының өзара ынтымақтастық тарихы бірнеше сатыдан өтті. Біріншіден, түркі халықтарының басым бөлігі Ресей империясының отарына айналды және сол уақытта түркі халықтарын тек «*түрікшілдік қозғалысы*» емес, сонымен қатар ислам діні бір-бірімен жақындатты. Түркі халықтарының өзара ынтымақтастығы ұлттық болмыс пен тәуелсіздіктерін қорғау жолындағы мәдени бірлікке айналды. Екіншіден, XX ғасырда қатарынан екі дүниежүзілік соғыстар болып өтті, түркі халықтарының арасынан тек Түркия ғана тәуелсіздігін сақтап қалды, әлемнің екі идеологиялық бағытта даму нәтижесінде КСРО-ы түркі халықтарының басым бөлігі дінінен, ділінен айрыла жаздады. Үшіншіден, КСРО құлағаннан кейін Түркі Республикалары өзара ынтымақтастығын тең құқықты, мемлекетаралық келісімдер арқылы, жаңа форматта дамыта бастады.

Патшалық Ресейдің отаршылдық саясатының нәтижесінде чуваш, телеуіт, Алтай халықтары, қарайымдар, гагауыздар және т.б. түркі халықтары орыс халқының ішіне кіріптар етіліп, кейбіреулері православ дінін қабылдады, өзгелері тәңіршілдікті жалғастырды, қарайым халқы болса иудей дінін ұстанып келуде. XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың бірінші жартысында патшалық Ресей мен большевиктердің саясатына қарсы ұлттық мүдделерін қорғауға біріге аттанған түркі-мұсылман халықтары болып табылды. Түркі-мұсылман халықтарының тәуелсіздік жолындағы саяси-идеологиялық соғысы мен мәдени күресі, өзара ынтымақтастығы қазіргі Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Түрікменстан, Әзірбайжан, Ресей Федерациясы құрамындағы Татарстан, Башқұртстан мен Қырымда және Түркияда дамыды. Сондықтан, түркі халықтарының өзара ынтымақтастығының тарихы аталған территориялар шеңберінде қарастырылды.

Түркі халықтарының өзара ынтымақтастығының тарихы, тарихнамасы және деректік базасын зерделеу барысында батыс ғалымдарының, Түркия тарихшыларының, орыс және татар, чуваш, башқұрт, әзірбайжандық, балқар ғалымдарының, эмиграциядағы түркі саяси элитасының ғылыми еңбектері кеңінен ой елегінен өткізіліп, алғаш рет ТР П-ММ, РФ мұрағаттарынан, ҚР ОММ, ӨР ОММ-нан бұрын соңды ғылыми айналымға тартылмай келген жаңа деректер тақырыпты ашуға арқау болды. Осының негізінде монографияда төмендегі мәселелер жаңа болып табылды:

1. Батыстық, ресейлік, түркиялық, қазақстандық, өзбекстандық және т.б. ғалымдардың, саясаттанушылар мен әдебиетшілердің, мемлекет басшылары және түркі халықтарының тарихын зерттеп жүрген ғалымдардың ғылыми еңбектері, аналитикалық сараптамалары, есептері мен мақалалары зерделенді, алғаш рет тақырыптың теориялық классификациясы, методологиялық негізі, хронологиялық жіктемесі мен тарихнамасы кешенді түрде зерттелді.

2. Бұрын соңды ғылыми айналымға тартылмай келген жаңа деректер сұрыпталып, түркі халықтарының өзара ынтымақтастығының дамуы «*агрессиялық*», өзге ұлттарға қарсы соғысуға бағытталмағандығы немесе «*славяншылдық*» іспетті өзге ұлттарға үстемдік етуді көздемегендігі айқындалып, ынтымақтастықтың саналы түрде ортаға шығып, империалистік елдердің отаршылдығына қарсы мәдени бірліктен туындағандығы дәлелденді және мәселенің деректік негізі қаланды.

3. XIX ғасырдың соңында Ресей империясының отаршылдық саясатына қарсы түркі-мұсылман халықтары оқу-ағарту саласын реформалау арқылы ұлттық мүдделерін қорғауға бет бұрды. Түркі халықтарының өзара ынтымақтастығының дамуының негізінде рухани тәуелділікке төтеп беру, жер мәселесі, орыс шаруаларын

коныстандыруды тоқтату, шоқындыру саясатын шектеу т.б. ортақ мәселелерді шешу жатты. Аталған мәселелерді саралай келе жаңа деректер негізінде түркі халықтарының өзара ынтымақтастығының алғышарттары мен оның даму барысы айқындалды.

4. Бірінші дүниежүзілік соғыс қорытындысы бойынша Осман мемлекетінің мұрагері демократиялық, зайырлы Түркия Республикасы құрылды, патшалық Ресей құлап, оның орнына империалистік саясатты жалғастырған идеологияландырылған большевиктік өкімет бой көтерді. Осыған карамастан түркі халықтары империалистік мемлекеттердің отарлық саясатына қарсы күресін жалғастырды. Осы орайда ынтымақтастықтың «Түрік бірлігін» құру негізіндегі мәселелер зерделеніп, түркі халықтарының ұлт-азаттық қозғалысының дамуы мен құғынға ұшыраған түркі халықтарының саяси элитасының Түркия Республикасын құрудағы орны мен қызметі жаңа деректер негізінде зерттелді.

5. Сталиндік жеке басқа табынушылық кезеңінде түркі халықтары КСРО-ның құрсауында қалса, Түркия мемлекеттілігін өзінің территориялық шеңберінде дамытты. Осы кезде Кавказдағы түркі халықтарының басым бөлігі депортацияға ұшырады. Сталиндік тоталитарлық кезеңіндегі түркі халықтарына қарсы жасалған қырғын «геноцидпен» теңестіріліп, оның салдарына талдау жасалды және өзара ынтымақтастық тарихы жаңа деректермен салыстырмалы ғылыми негізде талданды.

6. Әкімшілдік-әміршілдік кезінде КСРО-ы қалған түркі халықтары коммунистік идеология құрсауына түсті. «Қырғи-қабақ» соғысы жылдарында Түркиялық «түрікшілдердің» саяси-идеялық бағыты ғылыми тұрғыдан сарапталып, «түрікшілдік бірегейлігінің» жаңа қырлары салыстырмалы сараланды.

7. КСРО құлағаннан кейін Түрік Республикалары мен Ресей Федерациясы құрамындағы Татарстан, Башқұртстан т.б. автономды Түрік Республикалары арасындағы тең құқықты саяси-экономикалық және мәдени байланыстарының даму эволюциясы мен Түркі халықтарының тарихын зерттеу қоры, ТИКА, TUDEV, ТЮРКСОЙ, Түркі Кеңесі және т.б. ұйымдарының түркі халықтарының өзара ынтымақтастығын дамытудағы орны мен қызметі айқындалды.

8. Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасы әлемдік деңгейде көпвекторлы саясат ұстанып, Орталық Азияның саяси тұрақтылығы мен бейбітшілігін сақтау мақсатында БҰҰ, ШЫҰ, Еуразиялық экономикалық кеңесінде, ЕҚЫҰ-да т.б. ұйымдарда саяси-экономикалық маңызы бар әлемдік мәселелердің шешілуіне мұрындық болып отыр. Осы орайда Н.Ә. Назарбаевтың Түрік Республикаларының өзара ынтымақтастығын дамытудағы сiңiрген сүбелi еңбегi ғылыми тұрғыдан талданып, Қазақстанның түркі әлеміндегі орны мен қызметі айқындалды.

Түркі халықтарының өзара ынтымақтастығының даму тарихы мен тарихнамасын, оның деректік негізін зерттей келе төмендегі ғылыми тұжырымдарға қол жеткізілді:

1. Түркі халықтарының өзара ынтымақтастығының тарихнамасы мен деректік негізінің кешенді түрде зерттелуі, бұл ынтымақтың империалистік елдердің озбырлығына қарсы бағытталғандығын және ұлттық болмысын қорғау мақсатында ортаға шыққандығын көрсетті.

2. XIX ғасырдың соңына қарай түркі халықтары империалистік елдердің отаршылдық торабына еніп, батыс елдері мен Ресей империясы олардың тарихын, мәдениетін, салт-дәстүрін, этнографиясы мен болмысын зерттеді. Осының негізінде тәуелсіздікке ұмтылған түркі халықтары қозғалысының мәні мен мазмұнын төмендетуге бағытталған түрлі шаралар атқарылды. Сондықтан, XX ғасырдың

басында түркі халықтарының басын біріктірген жәдидтік қозғалысы мен ұлттық тәуелсіздікке ұмтылу әрекеті қажеттіліктен туындады, ынтымақ пен мәдени бірлікті аңсаған ағым ретінде ортаға шықты.

3. Большевиктер билік басына келгеніне қарамастан Түркістан өңіріндегі түркі халықтарының ұлт-азаттық қозғалысы жалғасын тапты, бұл қозғалысқа Энвер Пашаның қатысуы түркі халықтарының өзара ынтымақтастығын Түркістан өңірі шеңберінен шығарып, әлемдік деңгейге жетеледі. 1920-1940 жылдар аралығында большевиктердің құйтыртқы саясаты түркі халықтарын дінінен ажырата алмады, ислам түркілердің сенімін қорғады және рухани жағынан құаттандырды.

4. Түркістан ұлт-азаттық қозғалысы кеңестік заманда да жалғасты. Т. Рысқұлов, М. Сұлтанғалиев, С. Қожанов сынды қоғам қайраткерлері Кеңес өкіметі құрамында болса да Түркістан Социалистік Республикасы ретінде тұтас мемлекетті құруды аңсады. Дегенмен, 1924 жылы тұтас Түркістанды межелеу саясаты нәтижесінде социалистік ұлттық Түркі Республикалары бой көтерді. Түркия болса жаңа дамуға қадам басты, идеологиялық жағынан алшақтаса да түркі бірегейлігін қорғауға ұмтылыс жасады. Осылайша, кеңестік биліктің құрамындағы түркі халықтары мен Түркия арасындағы байланыс қажылық арқылы жүзеге асты.

5. Тоталитарлық жүйенің қатыгездігі түркі халықтарын бір-бірінен алшақтату саясаты жалғасты, түркі халықтарының саяси элитасы құғынға ұшырады, басым бөлігі ату жазасына кесілді. Бой көтерген социалистік республикалардың негізгі құрамын құрастыратын титулды ұлттың пайыздық көрсеткішін төмендету мақсатында зорлықпен қоныстандыру саясаты жүзеге асырылды, жаппай орыс элементі көшірілді. Сталиндік түркі халықтарын депортацилаудың мақсаты тұтас этносты жоюға негізделді. Осыған қарамастан түркі халықтары өзара ынтымақтастығын жаға келбетте болса да дамытты.

6. «Қырғи-қабақ» соғысы жылдарында түркі бірлігі мен ынтымақтастығы жайлы идеялық ойларын жалғастырған түркиялық қоғам қайраткерлері мен саясатшылар түркі халықтарының өзара ынтымақтастығының өміршеңдігін дәлелдеді.

7. КСРО ыдырағаннан кейін бой көтерген жаңа республикалардың арасында дипломатиялық, саяси-экономикалық және мәдени салалардағы келісімдер жасалды, түркі халықтарының ынтымақтастық форматы мемлекетаралық деңгейге көтерілді.

8. Тәуелсіз және автономды Түркі Республикалары мен жойылу үстіндегі түркі халықтары арасындағы ынтымақтастықты дамыту мақсатында Н.Ә. Назарбаевтың ұстанып отырған саясаты кезінде М.Шоқай негіздеген идеялармен үндесіп жалғасын тауып келуде.

1 ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ӨЗАРА ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫНЫҢ ДАМУ ТАРИХЫН ЗЕРТТЕУ МЕТОДОЛОГИЯСЫ, ДЕРЕКТІК НЕГІЗІ МЕН ТАРИХНАМАСЫ

1.1 Мәселенің теориялық-методологиялық негіздемесі

Кезінде отаршылдық мақсатта жазылған теориялық-методологиялық еңбектер мен Кеңес өкіметі жылдарында коммунистік идеология құрсауында қалған тарихты зерттеу әдістемесін ой елегінен өткізіп, оны ұлттық ұстаным негізінде қарастырудың маңыздылығы күн өткен сайын артуда. Тұтас түркі халықтарының өзара

ынтымақтастығының даму тарихын жаңаша тұрғыдан зерттеудің теориялық-методологиясы әлі күнге дейін толыққанды жасалмаған. Себебі тарихты зерттеудің маркстік-лениндік методологиясы оған жол бермей, мәселенің бір жақты, бұрмаланып қараудың негізін қалап, бұл әдісті зерттеушілердің санасына жоспарлы түрде еңгізген-ді. Осының салдарынан түркі халықтарының тарихы бір-бірінен бөлек қарастырылып, әрбір түркі халқы өз тарихын мемлекетінің немесе қай елдің құрамында қалса, сол елдің идеологиясы аясында дәріптеуді жалғастыруда. Оның іздері осы күнге дейін белгісін беріп отыр. Әсіресе XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы түркі халықтарының ұлт-азаттық қозғалыс тарихы, ынтымақтастық мәселесі, кезінде идеялық бағыты мен ұлттық сананың қалыптасу мәселелерінде бірқатар терминологиялардың дұрыс пайдаланылмауын атауға болады. Сондықтан бұл бөлімде отаршылдық, кеңестік, батыстық, түркиялық, тәуелсіздігіне қолжеткізген көрші елдердің және отандық зерттеу әдістері салыстырмалы түрде зерделеніп, мәселенің теориялық-әдістемелік негізі жан-жақты талданды және түркі халықтарының өзара ынтымақтастығының даму тарихын хронологиялық жіктемесі, классификациясы, оны зерттеудің жаңа әдістері ұсынылды.

Әдіс бұл белгілі бір қорытындыға келуге көмектесетін әрекеттердің жиынтығы екендігі баршаға аян. Эмпирикалық ғылымның негізін салушылардың бірі Ф.Бэкон танымның әдісін циркульмен салыстырып, әрбір адамның ойлау қабілетінің деңгейі әртүрлі, сол себепті барлық адамдардың жетістікке жетуге деген мүмкіндіктерін теңестіру үшін белгілі бір құрал керек деген. Міне, ғылыми әдіс осындай құрал болып табылады. Сондай-ақ, әдіс адамдардың мүмкіндіктерін теңестіріп қана қоймай, олардың іс-әрекетін біркелкі жасап, ғылыми зерттеулердің ұқсас нәтижесін алуға ықпал етеді. Кәзіргі заманғы тарих ғылымы белгілі методологияға, яғни қолданылатын әдістердің жиынтығына негізделген. Осыған қоса әрбір ғылым саласы тек арнаулы объектіге ғана емес, сол объектіге сәйкес арнаулы әдіске де ие болады. Мәселен, XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырда Ресей тарихнамасында жиі пайдаланылған «исламист», «мұсылман» ұғымдарының «түркі халықтарының ұлшылдығына» теңестірілуі. Мұсылмандар көбінесе адамның этникалық құрамын, оның діни ережелерді сақтайтындығына қарамастан, белгілі бір мәдениетке енуін білдіреді. Сондықтан, түркі халықтарының өзіндік мәдени ерекшелігі мен сипаты бар екендігін кезінде Л.Н. Гумилевтың өзі атап өткен. Сондай-ақ, мұсылмандарға олардың ұлттық ерекшеліктерін ескерместен, белгілі бір діннің тұлғалары ретінде жиі айтылады. 1917 жылға дейін Ресей империясының әртүрлі аймақтарында этникалық және әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан біртектес, бірақ мәдени және өркениеттік мағынада біркелкі түркі-мұсылман халықтарын «Ресей мұсылмандары» немесе «Орыс исламы» (*Русский Ислам*), «Ресейдің Түркістаны» (*Русский Туркестан*) деген атаулардың ішіне кіргізген. Түркі халықтарының арасында мұсылман еместерді діни ұстамдылығына байланысты «*парвославты*», «*старообряды*» деп бөлек-бөлек атауға тырысқан. Сол үшін тарихты жазу барысында түркі халықтарына тән ортақ ұғымдық мәселелерде қиындықтар туындайды.

Әлі күнге дейін пайдаланылып келе жатқан маркстік-лениндік тарихты формацияларға қарай жіктелу мәселесі түркі халықтарының шынайы тарихын айқындауға жол бермей келеді. Түркі халықтарының жаңа және қазіргі заман тарихы зерттеу нысаны ретінде алынып, оның хронологиялық жіктемесін төмендегідей қарастыруы болады:

– XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында жәдидтік қозғалыстың өрістеуі

және түркі халықтарының ұлттық санасының өсуі мен ынтымақтастығының мәдени-рухани салада дамуы;

- Ресей империясының шовенистік пиғылдағы саясатын жалғастырған большевиктік биліктің кезінде ұлттық тәуелсіздік қолданыстың саяси-идеологиялық бағытта дамуы және түркі халықтарының өзара ынтымақтастығының қарулы соғыс бағытында өрбуі;

- 1922 жылы кеңестік биліктің орнауы мен тұтас Түркістанның межеленуі және жаңа ұлттық социалистік мемлекеттердің пайда болуы, түркі халықтарының өзара ынтымақтастығының «темір тордың» ішінде қалып, «қызыл қырғын» саясатына дұшар болуы;

-Түркі халықтарының бірлік және тұтастық идеясының саяси-идеологиялық және практикалық мағынада Түркияда жалғасын табуы;

- ҚСРО-ның ыдырап, түркі халықтарының өзара ынтымақтастығының тең құқықты мемлекетаралық деңгейде жана дәуірде дамуы.

Осының негізінде қазіргі кездегі тарих ғылымын зерттеуші-ғалымдар ұлттық сананы, болмыс пен отансүйгіштік сезімдерді дамытуға жетелейтін теориялар мен әдістер арқылы ұлттық тарихымызды белгілі бір дәрежеде ықпалсыз шынайы деректерді пайдалана отырып, объективті тұрғыдан жазып келеді. Айталық, К.Л. Есмағамбетов «Әлем таныған тұлға» атты еңбегін М.Шоқайдың түркі халықтарының ұлттық-тәуелсіздігі жолындағы орны мен қызметіне арнап жазған. Бұл еңбекте пайдаланылған теориялық-методологияға назар аударатын болсақ, онда ғалым жұмысын белгілі бір тұлғаға арнап, батыстық, түркиялық, отандық және т.б. зерттеу әдістерін жан-жақты пайдаланып, тарихи объективтік принципін қатаң ұстанған. Автор тұлғалық объектіге негізделіп, М.Шоқай заманыдағы түркі халықтарының өзара ынтымақтастығын Орталық Азияда, Түркияда және батыста даму үдерісін ғылыми тұрғыдан саралай білген.

Жалпы түркі халықтарының арасында ұлт, жер, тәуелсіздік мәселелеріне байланысты белсенді қызмет еткен тұлғалардың бірі М.Шоқай екендігін, міне бүгін тарих дәлелдеп отыр. Өзінің саналы ғұмырын халқының жоғын түгендеуге арнаған М.Шоқай, Петербор университетінің студенті болып жүргенде ақ, жерлестерінің арыз шағымдарына араласып, мұқтаж істеріне қолұшын беріп отырған.



Мұстафа Шоқай. Студенттік шақтар.

Халқының ұлттық мүддесін жоғары қойған М.Шоқай елінің бостандыққа жетуін аңсады. Университетте жүрген кезіндегі тәуелсіздік идеяларының қалыптасуын К.Л. Есмағамбетов мұрағат құжаттары негізінде салыстырмалы және компаративті талдау әдістері арқылы айқындайды. Осы тұста «Түркістанның» территориялық ұғымына тоқталған жөн. Себебі М.Шоқайдың «Түркістан» түсінігі 1917 жылы Түркістан Мухтариятын құруымен етене жүрген. Ол тұтас Түркістанды азат етуді аңсап, Еділ-Оралдан бастап, қазақтың далаларын қамтып, қазіргі Өзбекстан, Түрікменстан және Тәжікстан жерлерін қамтитын Ресей империясынан бөлек «Түркістан Республикасын» құру үшін күрес жүргізді. Қазіргі кезде зерттеу

жұмыстарын жүргізген сәтте «Түркістан» сөзін пайдаланғанда, кезінде генерал-губернаторлық деңгейдегі территориялар қамтылады. Сондықтан теориялық жағынан алғанда орыс миссионер-ғалымдар түркі халықтарына тиесілі ұғымдық терминологияны араластырып жібергенін айта кеткен жөн.

К.Л. Есмағамтовтың ғылыми ізденістерінің нәтижелері тек монографиялық еңбек түрінде емес, сонымен қатар баспа беттері мен интернет желісінде мольнан кездеседі. Бұл ғаламтор арқылы пікір алыс-беріс жасау мүмкіндігін беріп, тарихтың ақтандақ беттерінің ашылуына мұрындық болып отыр. Түркі халықтарының өзара ынтымақтастық тарихын автор, М.Шоқайдың «*Яш Түркістан*» журналында жариялаған мақалаларынан зерделеп, эмпирикалық тәсілді пайдаланғанын байқаймыз.

Баспасөз өркендеп, сөз пәрмені күшейген кезде, басылым беттерінде қоғамдық саяси өмірде және жасалып жатқан өзгерістер мен іс әрекеттерге жан-жақты пайымдаулар жасалып, көзқарастар қалыптасқаны баршаға аян. Осы ретте «*Яш Түркістан*» (1929-1939 жылдар) журналының маңызы ерекше еді. Германиядан шығып тұрған басылымның алдына қойған міндеті туралы М.Шоқай: «*Егер біз халқымыздың ұлттық тәуелсіздік жолындағы талаптарының мән маңызын әлсіретпей «Яш Түркістанның» беттерінде бере алсақ онда бәріміз үшін қасиетті және аса ауыр жауапкершілік артқан міндеттердің бір бөлігін өтеген болар едік*» дейді [3, 61-65]. Қайраткер М.Шоқай «*Яш Түркістан*» журналында әр тарапты маңызды мәселелерді қозғайтын мақалаларды жариялап отырған. Оларды тақырып жағынан былайша саралауға болады: жер су, шаруашылыққа байланысты; ұлт мәселесіне байланысты; большевиктік іс әрекеттер туралы; өзге ел, мемлекеттер жайлы; жекелеген адамдар, қайраткерлер жөнінде; халықаралық жағдай туралы. Сол кезде ұлттық мүддені қорғау мақсатында көтерілген осы мәселелерді К.Л. Есмағамбетов жан-жақты ағылшын, француз, түрік, неміс, орыс т.б. тілдерде қалдырылған мұрағат құжаттарды жинақтап, оған ғылыми баға берген. Бұл шынайы тарихты жазуда бірінші кезекте тілдердің меңгерілуін көрсететеді және оларды саралау барысында, тарихи принципке негізделгенін аңғартады.

Осы топтастырылған мәселелердің ішінде жер мәселесі басты орындардың бірінде еді. М.Шоқай «*Түркістанда мақта төңірегінде күрес*» мақаласында сол кездегі маңызды іс, ол мақта мәселесіне тоқтап, мән жайды баяндайды. Мақта шаруашылығын өркендету елдің қаншама қаражатын үнемдеп, шетел мақтасына тәуелділіктен құтқарады. Бұл үшін жаңа жерлерді суландырып, алқаптағы істен шыққан су жүйелерін жөндеп, іске қосудың жоспарланғаны туралы айтады. Мақта өсірудің бес жылдық жоспарындағы сандық көрсеткіштерге тоқтап, алдағы дамуына болжам жасайды. «Мемлекеттік жоспарлау комитеті және Бас мақта комитетінің берген мәліметтеріне қарағанда, Кеңес өкіметі шетелдерге мақта тәуелділігінен тек 1937 жылы ғана құтыла алған. Оған дейін ол шетелден әкелінген мақтаға қыруар валюта төлуге мәжбүр» еді [3, 56]. Осылайша, мақта шаруашылығын ұлғайтуды көздеп, дәнді дақылды өсіруді азайтса, ол астық тапшылығына ұшырататынын айтады. Сөйтіп патша өкіметінің мақта егісін көбейтіп, астықты сырт елдерден сатып алуды барынша қолдап қорғаған саясатын сынайды. «Бүгін орыс үкіметі Түркістан халқының қаны мен жаны, беделіне пара-пар дәнді дақылдарды суармалы жерлерінен ығыстырып шығаруды көздеп, халықты орыс бидайына тәуелді етіп, оны күнкөріс тұрғысынан оларға байлап беріп отырғанын» ашына жазады. Осы мәселелерді салыстырмалы түрде зерттеген К.Л. Есмағамбетов, көптеген мұрағат құжаттарды саралай білген. Түркі халықтары жергілікті халықтың қолындағы

жерлерді орыстың келімсектеріне амалын тауып беріп жатқанын айтып, осы салада жүргізілуге тиісті күрес бағдарын айқындап отырды деген тұжырым жасаған.

Түркі халықтары арасынан шыққан зиялылар негізінен гимназияда, жоғары оқу орындарында, аралас мектептерінде оқып, қандай білімге ден қойса да, алдыңғы қатарлы ой пікірлердің бастаушысы болды. Түркі халықтары еніп жатқан өзгерістерді оң қабылдап, оны халқының дәстүр салтымен сабақтастырып отырды. Қайткенде де алдыңғы лекте болған түркі халықтарының зиялылары қоғамдық саяси, мәдени қызметтерінің барлығын туған халқының игілігіне, болашағына арнады. Туған елінен жырақта болған М.Шоқай ел еркіндігін аңсап, ұлт тағдырын, оның болашағын жастармен, олардың білім танымымен байланыстырды. Ол жастар туралы «...Еуропада, Түркияда бірталай жастарымыз оқып жүр. Олардың біразы жоғары білім орындарын бітірді. Міне, бұл жастарымыз ата мекеніміздің тәуелсіздік жолындағы ұлт-азаттық күресін соңына дейін жеткізетін болады» деген сенімді пікірде болады. Жастарға үлкен үміт артқан М.Шоқай «*Яш Түркістан*» журналына ақын қаламгерлердің әдеби мұраларын жариялап, жастардың жүрегіне ұлттық құндылықтар тәлімін сіңіруге тырысты.

Түркі халықтарының өзара ынтымақтастық тарихын зерделеу барысында тарих ғылым методологиясы мен жаратылыстану ғылымдарының байланысына назар аударылды. Жаратылыстану ғылымы методологиясында заттың жеке ерекшеліктері ескерілмейді, себебі ол баяғыда қалыптасып зерттеушінің назарынан тыс қалған. Сондықтан түркі халықтарының өзара ынтымақтастығы «баяғыда қалыптасып», яғни көне заманнан бастап, батыс пен шығыстың мәдениетінде елеулі рөл ойнағанын айта аламыз. Ынтымақтастық өзара этникалық мәдени, саяси-экономикалық және әлеуметтік байланыстардың жиынтығы. Осыған байланысты М.Қ. Әбусейітова «Орталық Азиядағы көшпелі және отырықшы халықтардың өркениеті өзара тығыз байланыстарының салдары болып табылады және бұл өркениетті тек отырықшы халықтар дамыта білді деген теориядан аулақ болуымыз қажет. Себебі көшпелілердің қызметі кең байтақ жерлерде көшіп қонып, түркі халықтарының жылқыны шеберлікпен пайдалану, Еуразиялық құрлықта саяси өмірдің жандануы мен олардың өзара ақша-тауар қатынастары мен этникалық үрдістердің дамуына әкелген. Сондықтан Орталық Азияны біріктіре түсетін кешенді зерттеулер қажет» деген [4]. Тарих ғылымында заттың пайда болуын, оның жеке ерекшеліктері толығымен қарастырады. Әлеуметтік танымның методологиясы жаратылыстану методологиясынан пәннің өзіндегі айырмашылықтары бойынша ажыратылады. Олар, әлеуметтік таным өзін-өзі жоюшы нәтижеге алып келеді; егер жаратылыстану ғылымдары танымның жекелеген фактілер бірдей болса, әлеуметтік танымда ондай емес. Сондықтан, әлеуметтік таным методологиясы фактілерді жалпылап қана қоймай, сонымен бірге ол аса үлкен маңызға ие индивидуалды фактілермен жұмыс істейді. Осы фактілерден объективті үрдіс пайда болып, солармен де түсіндіріледі. Гуманитарлық таным методологиясының өзіне тән ерекшелігі осында.

XIX ғасырдың екінші жартысынан басталған түркі халықтарының ішіндегі күрес тартыстардың басында болған қайраткерлер халқын орыс езгісінен азат етуді көздеді. Түркі халықтары елін отарлаудан құтқарып, ашық түрде күреске аттанды. Олардың алға қойған мақсаттарының бірі, ол жер мәселесі еді. Бұл түркі халықтарының отарлық кезеңнен бері шиеленісіп келе жатқан өзекті мәселе [5]. Жер мәселесін шешуде түркі халықтарының саяси элитасы Ресей Мемлекеттік Думасын, патша үкіметінің әкімшілік органдарын пайдалануға тырысты. Өздерінің отарлау

саясатының басты нысаны ретінде түркі халықтарының ұлан байтақ жерлеріне иелік етуді көздеген патша үкіметіне қарсылық жасап, жер жерде өрістеген қарсылық көтерілістердің басы қасында болған түркі халықтарының элитасы бұл мәселе жоғары органдар деңгейіне көтереді. Осыған байланысты гуманигарлық таным теориясын М.Қ. Қойгелдиев өзінің ғылыми еңбектерінде кеңінен пайдаланған деуге толық негіз бар. Мәселен, Қазақстандағы ұлт-азаттық қозғалыс тарихын зерттеуде автор, объективті мәселені ортаға салып, қазақтардың тәуелсіздік үшін күресіп Алашорда үкімітінің таратылуымен шектеліп қалмай, бұл күресті өзбек, түрікмен, тәжік, қырғыз, әзірбайжан, татар т.б. түркі халықтарымен байланыстырып, қазақ зиялыларының үлесін қоса ашып берген [6].

2010 жылдың 16 қаңтарында «Егемен Қазақстан» газетіне берген сұхбатында ұлттық тарихты зерттеу әдістері жөнінде М.Қ. Қойгелдиев былай деген: «Тарих, ең алдымен, ғылым саласы. Соған лайық оның зерттеу әдістері мен құралдары болады. Маман тарихшы ең алдымен соларды басшылыққа алады. Бүгінгі күнде еліміздегі тарихшы мамандарға «тарихты былай жаз» деген идеологиялық тапсырыс жоқ. Мамандар үшін бұл үлкен олжа. Менің түсінігімше, қазіргі кезеңде тарихшы мамандар тарапынан жаңа зерттеу методологиясы мен әдістерін игеру процесі жүріп жатыр. Таяу жылдарда оның нәтижесін де көретін боламыз».

Қазіргі заманғы ғылымда жаратылыстану және гуманитарлық ғылымдардың методологияларының бір-біріне жақындасу тенденциясы байқалуда, бірақ олардың негізгі және қағидалық айырмашылықтары әлі де сақталуда. Сондықтан бұл еңбекте екі бағытты өзара байланыстырып, түркі халықтарының өзара ынтымақтастық тарихын барынша объективті айқындау бағытында жұмыс жасалды.

Ғылыми әдістер эмпирикалық және теориялық әдістер болып бөлінеді. Эмпирикалық әдістерге мыналар жатқызылады: бақылау, объективті шынайылықты арнайы түрде қабылдау; суреттеу, объектілер туралы мәліметті табиғи және жасанды тілдің көмегімен бекіту; өлшеу, объектілерді ұқсас қасиеттері немесе белгілері бойынша салыстыру; тәжірибе жасау, құбылыс қайталанған кезде қажетті жағдайлар қайталанғанына байланысты өзгерістерді арнаулы дайындалған орындар арқылы бақылау. Мәселен, 1917 жылы Ақпан революциясынан кейін ұлттық тәуелсіздікке үлкен үміт артқан түркі халықтары зиялылараның қызметін зерттеу барысында, Түркістан Мухтарияты тарихын бірқатар ғалымдар жәдидтік қозғалыстың жемісі ретінде қарастырып, оның мазмұнын өздері байқамай шектейді. Ал түркі халықтарының өзара ынтымақтастығы тек жәдидтік қозғалыспен байланыспайды. Жоғарыда аталып өткендей бұл ынтымақтастықтың негізінде тарихи үрдістердің кезең-кезең өзгеріп тұруына байланысты Орталық Азиядағы түркі халықтарының өзара араласып тығыз өмір сүруімен байланысты. Осы орайда К.Нұрпейістің зерттеу әдістерін атауға болады. Ғалым суреттеу, өлшеу және тәжірибе жасау ғылыми әдістерін пайдалана отырып, ынтымақтастықты Түркістан Мухтарияты мен Алаш Орда шеңберінде қарастырады [7]. Бұл мәселелерді зерттей келе К.Нұрпейіс қазақтың саяси элитасының ұлттық тәуелсіздік жолындағы қызметін жан-жақты аша білген.

Қазақтың қоғам қайраткері Ә.Бөкейхан «Государственная Думада», «Төртінші Дума һәм қазақ» мақалаларында ұлттық мәселені көтеріп, қалыптасқан көзқарас пікірлердегі қайшы тұстарды саралайды. Қазақ жұртына тиімсіз болып тұрған мәселелерді ашып, көрер көзге әділетсіз шешімдерге наразылық айтады. Алдымен жергілікті жұртты орналастырып алып, содан кейін қоныс аударушыларға (переселендер) кірісу керектігін, қазаққа мал жайылымы үшін қалдырылған жерді

енді жаңа заң бойынша орысқа ұзақ жылға жалға берілмектігін айтып, өз жеріне өзі жат болған қазақ тірлігіне ара түседі [8]. Ұлт қайраткері Ә.Бөкейханның халқының тағдырына түбегейлі кірісуі сан тарапты қызметінен көрінді. Ол қазақ халқының саяси әлеуметтік жағдайын ғылыми тұрғыда зерттеп, пайымдау үстінде, экспедиция құрамында қазақ жерінің біраз өлкелерін аралап, зерттеу жүргізді. Мұның ар жағында қазақтың шежіре тарихына терең бойлап, ондағы әрбір рудың, жүздердің орналасу жүйесін анықтайды. Ә.Бөкейхан осындай белгілі бір мақсатты нысан еткен жұмыстарды аяқтағаннан кейін, елге келіп қоныстанып жатқан переселендердің жай күйін зерделеп, олардың шаруашылық жағдайларының тиімді, тиімсіз жақтарына экономикалық тұрғыда сараптау жасайды. Осылайша, Ә. Бөкейханға қазақтың тарихындағы мәнді тұстарды әбден саралап, өз дәлел, тұжырымдарын ғылыми айғақтармен бекіте алған.

Міне, қазіргі кезде мұраға қалдырылған тарихи құндылықтарды пайдалану арқылы түркі халықтарының тұтас тарихын жазуды қолға алған абзал. Бұл әдіс әрбір түркі халқының кенже қалған тарихи тұстарын ашуда маңызды орын алатыны сөзсіз. Теориялық негізді анықтайтын тарих ғылымының маңызды бағыттарының бірі, ол деректану және тарихнама. Мәселенің тарихнамасын білу тарихшының жұмысының әдіснамасын анықтайды, ал дереккөздер мен әдебиеттерді білу түпнұсқа дереккөздерде, архивтерде және ежелгі дәуірден бастап қазіргі заманға дейінгі және жаңа тарихи ойлау арқылы объективті тарихты зерттеуге және құруға бағытталған пәнаралық объективті көзқарас негізінде қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Артефактілер, сондай-ақ аумақтық тұтастықты негіздеу, түркі халықтарының тарихы мен мәдениетін әлемдік тарих контекстінде зерттеу тарих пен мәдениеттің өзара байланысы мен өзара әрекеттестігі болып табылады.

Зерттеудің теориялық деңгейіндегі ғылыми әдістерге төмендегілер жатқызылады: формаландыру, зерттеліп отырған шынайы процестердің мағынасын ашатын абстрактылы-математикалық модельдер құру; аксиомаландыру, дәлелдеуді керек етпейтін аксиомалар, яғни дәлелдеуді қажет етпейтін тұжырымдардың негізінде теория құру, гипотетикалық, дедуктивтік әдіс, нәтижесінде эмпирикалық фактілер тұжырымдалатын бір-бірімен, дедуктивті байланыста болатын гипотезалардың жүйесін жасау. Осы бағытта ізденістерін жүргізген, әсіресе математикалық модельдеу әдісін пайдаланып, қазақ халқының этно-саяси дамуындағы түркілікті көрсете білген Т.Омарбековтың тарихты зерттеу методикасын атауға болады. Автор ашаршылық кезеңін зерттеп, сандық көрсеткіштер бойынша Қазақстанның әрбір аумағында қырылған адамдар мен малдың санын көрсете білген. Қазақстандағы әліппенің өзгеруі мен билік басына келген басшылардың білім деңгейін анықтап, Т.Омарбеков *«ең қызығы, 1928 жылы латын әліпбиіне көшу туралы шешім қабылданған кезде «Түркі алфавитіне көшу туралы» шешім қабылданды. Ол кездегі Одақ басшылығы іс жүзінде сауатсыз болатын. Сол Калинин немесе Голощекин бар жоғы төрт сыныптық білім алған. Сол Голощекиннен, ашаршылықтан басқа, өзінің білім базасы мен тар көкжиегі не күте алуға болады»* деген тұжырым жасаған [9].

Негізінен, латын әліпбиінің енгізілуімен түркі халықтарының жақындасуы байқалды. *«Пантюркизм»* туралы большевиктік үкімет алдында үрейі ұшқан ойлар жазылып, барынша түркі халықтарын бір-бірінен алшақтату саясаты жүргізілді. Олардың әрқайсысына бөлек ұлттық атаулар тарих ғылым саласына енгізіле бастады. Сол кезде қоғам қайраткері М.Сұлтанғалиев *«Тұран республикасын»* құру идеясын алға тартты. Қазақстанда түркі халықтарын біріктіретін Түрік кеңестік

республикасын құру туралы ұқсас идеяларды Т.Рысқұлов айтты. Сонымен бірге Ұлы Түркістанды құрудың тағы бір зиялысы М.Шоқай болды. Шындығында, бұрынғы КСРО-дағы түркі халықтарының бірігуі мен ынтымақтастық әрекеті практикалық мағынада жүзеге асқан болатын. Осы тарихи үдерістер әлі күнге дейін нақты зерттеу әдістемесін қажет етеді. Себебі, алғашында этногенездің ежелгі процестерінен бастау алатын тілдік мәдени бірлестік немесе тарихи жақындастық негізінде ғана емес, түркі халықтарының бірлігіне бағытталған «түрікшілдік» тұжырымдамасы орыс мемлекеттілігі үшін үлкен маңызға ие екендігі белгілі. Сондықтан орыс тарихнамасында *«егер түрікшілдік көпшіліктің идеологиясына қарсы тұрса, түркі әлемін көршілерінен оқшаулауға бағытталған және орыс мемлекеттілігіне немесе славян мәдениетіне қарсыласушы күш ретінде қалыптасса, ендіше айтарлықтай қауіп төндіруі мүмкін»* деген қателі тұжырымдар қалыптасқан [10]. Бұл мәселені шешуді қарама-қайшылықты тарихнамалық нұсқаларды талдаудан бастап, адамзатқа дұшпандықпен қарама-қайшылық тудыратын «түрікшілдік» туралы жалған, бұрмаланған идеяларды немесе, керісінше, барлық әлеуметтік көтерілістер мен қиыншылықтар үшін түрікшілдікті айыптау мәселелердің пайда болу идеясын талдаудан басталуы керек.

Зерттеу әдістерінің сыныпталуы аса күрделі мәселе болғанның өзінде де, дәстүрлі түрде оларды үш топқа: жалпы ғылыми, интерғылыми және жеке ғылыми әдістерге бөлу қабылданған. Жалпы ғылыми әдістер барлық ғылым салаларына тән және оларды біріктіретін зерттеу объектісінде пайдаланылатын логикалық әдістерді, яғни: бақылау мен тәжірибе, анализ бен синтез, жорамалмен гипотеза, индукция мен дедукция, аналогия, классификация мен систематизация, генетикалық әдіс, т.б. біріктіреді. Интерғылыми әдістерге экстрополяция, интерполяция, модельдеу, ретроспекция, эксперттік бағалау, т.б. жатады. Жеке ғылыми әдістердің көптеген ғылыми топтары бар. Осы тұрғыда жұмыс жасаған татар ғалымдарын атауға болады. КСРО ыдырағаннан кейін ұлттық тарихты жазу науқаны артып, түркі халықтары жеке дара өздерінің ұлттық тарихын жаза бастады. Бұл бағыттағы ғылыми-зерттеу жұмыстары ХХ ғасырдың басында татарлардың ұлттық-саяси қызметіне арналған. Авторлар құрамы татарлардың ұлттық саяси элитасының Бүкілресейлік мұсылман съездеріндегі рөлі мен қызметін анықтай отырып, жалпы эмпирикалық тәсілді кеңінен пайдалана білген. Олардың қатарында Р.А. Гимазовтың, К.Давлетшиннің, К.С. Губайдулиннің, Д.М. Исхаковтың, Р.Ф. Мухаммединовтың, Р.Гайнетдиновтың т.б. жұмыстарын атауға болады [11]. Дегенмен, бұл ғалымдардың еңбектерінде теориялық-шынайылық әдістің пайдаланудың орнына, ұлттық тарихты айқындаймыз деп, Еуразиялық құрлықтағы саяси мәселелерде әсерлі-субъективтік тәсілі басым көрінеді. Татар ғалымдарының еңбектері жетістіктің тек татар халқының арқасында қол жеткізілген ойды қалыптастыруға жетелейді. Олар Ресейлік «билікті» асырасілтеп, түркі халықтарының ішінде салмағын айқындауға тырысады.

Тарихи-ғылыми әдістерді сараптай отырып, жалпы ғылыми әдістер ішінде мыналарды бөліп көрсетуге болады: талдау, жан-жақты зерттеу мақсатында бүтін бір затты құрамдас бөліктерге бөліп зерттеу; синтез, заттың құрамдас бөліктерін біртұтас затқа біріктіру; абстракциялау, зерттеліп отырған құбылыстың қажетті емес қасиеттері мен қарым-қатынастарынан зерттеуге қажет мәселелерді бөліп алу; жалпылау, объектілердің жалпы белгілері мен қасиеттерін анықтауға мүмкіндік беретін ойлау әдісі; индукция, жеке қорытулар негізінде жалпы тұжырым жасауға мүмкіндік беретін зертеу мен талқылау әдісі; дедукция, жалпы тұжырымнан жеке

тұжырым жасауға мүмкіндік беретін талқылау әдісі; аналогия, объектілердің бірдей белгілерінің ұқсастығы негізінде олардың ұқсастығы туралы айтуға мүмкіндік беретін таным әдісі, басқаша айтқанда, аналогия ғылымның бір саласындағы қатынастардың, оның екінші саласына транспозициялануы, мысалға: тарихи аналогия, кеңістіктік аналогия және т.б.; классификация, зерттелетін пәннің зерттеушіге қажетті маңызды белгілері бойынша түрлі топтарға бөлу. Сонымен қатар зерттеу процесі барысында интерғылыми әдістер қолданылады. Олар: экстрополяция, ойдың дамуы немесе белгілі бір тарихи кезеңдегі тенденциялардың ашылуы, яғни жасалған заңдар мен тұжырымдардың бақылау аймағынан басқа аймаққа ауысуы; интерполяция, құбылыстардың динамикалық қатарында көрінбейтін, бірақ осы қатар мүшелерінің арақатынасын ашу негізінде параметрлерді, функцияларды, көрсеткіштерді табу.


Қоғам өзгерісін жан-жақты әрі терең таныған зиялы тұлғалар халқының ұлттық санасының оянуына қажетті мәселелерді дұрыс барлап, әрі қарайғы өрлеуіне ықпал етті. Ұлтының тәуелсіздігін көксеп, рухының жоғары болуын қолдаған қайраткерлердің осы арнадағы мұрат мақсаттары да, көзқарастары да үндес еді. Сондықтан қазіргі тарих ғылым саласында тұлғалық тарихқа және ұлтымыздың күрделі құрылым объектілеріне қызығушылық артуда. Күрделі құрылымды объектілерге анализ жасау үшін мына әдістер қолданады: декомпозиция, үлкен жалпы бір мақсатты бірнеше топтарға бөлу; селекция, зерттелуге келетін варианттарды іріктеп алып, маңызы жоқ фактілерді алып тастау; агрегирование, жекелеген сипаттамаларды жалпы сипаттамаға біріктіру. Жоғарыда айтылып өткен әдістердің немесе тәсілдің ешқайсысы да, дара түрде зерттеудің негізділігін, дәлділігі мен дәйектілігін қажетті деңгейде қамтамасыз ете алмайды. Сол себепті зерттеуде жоғары нәтижеге жету үшін олардың бірнеше түрінің жиынтығын пайдалану ғана тиімді бола алады. Олар, ғылыми танымның логикасы мен парадигмалары. Ғылыми танымның нәтижелері түсініктерді қалыптастырумен аяқталады. Ғылымның түсініктілігі бір-бірімен тығыз байланысты аксиомалар, теоремалар мен тұжырымдардың қатаң логикалық құрылысымен түсіндіріледі. Түсініктер көп жақты құрылымға біріктірілген. Теория, бұл түсініктің кеңейтілген түрі. Әрбір ғылым белгілі бір заңдылықтарға бағынатын түсініктер жүйесі болып табылады. Сондықтан тарих ғылымы кумулятивті үрдіс деп аталатын тек қана фактілердің жай жиынтығы емес. Фактілерді әдетте гипотеза мен теориялар арқылы түсіндіруге тырысады. Олардың ішінде белгілі бір кезеңде парадигмаға айналатын жалпыға ортақ немесе фундаменталды теория болады. Ғылыми революцияларды талдау үшін, ғылымға парадигма түсінігін енгізген америкалық ғалым Томас Кун (1922-1996 жылдары) олардың ерекшелігін бұрынғы парадигманың жаңа парадигмаға ауысуы, яғни зерттеліп отырған процестердің жаңа, терең және күрделі түріне ауысуын көрсетіп кеткен. Оның пікірі бойынша ғылымның дамуын екі кезеңге бөлуге болады: қалыпты кезең, бұл кезде ғалымдар парадигманы жеке, арнаулы сипаттағы мәселелерді шешуге пайдаланған; экстраординарлық кезең, жаңа парадигманы іздеу кезеңі. Осындай көзқараста жаңа парадигманың бұрынғы зерттеулермен ешқандай байланысы жоқ бола тұрып, оның өзінің пайда болуы түсініксіз болатыны сөзсіз. Шын мәнінде, парадигмаға қарама-қарсы аномалиялық фактілер мысалдарынан талдау жасау, бағалау сияқты процестердің ғылымның кәдімгі даму кезеңінде-ақ пайда болып жатқандығын байқауға болады. Сондықтан, ғылымның дамуының көрсетілген кезеңдерін бір біріне үзілді-кесілді қарама-қарсы қою негізсіз болып, бұл көзқарас көптеген ғалымдардың тарапынан қарсылыққа кездесті. Олардың ішінде

Г.М. Мендикулованың ұстанған теориялық-методологиялық әдісін атауға болады. Ғалым әлемдегі қазақ диспорасы тарихын зерттеу барысында, тұтастық пен оның салдарларын анықтауда тарапсыздықты қатаң сақтаған [12].

Түркі халықтарының мекен еткен жерлерді отарлап, жүзеге асырылған Ресейдің ұлттық саясатының нақты мазмұны «интеграциялық құрамдас бөлікпен анықталды, ол дәстүрлі түркі қауымдастығын саяси, құқықтық, әлеуметтік-экономикалық және мәдени-лингвистикалық империялық кеңістікке қосуды білдірді. Оның талдауы мазмұны жағынан дәстүрлі әлеуметтік институттар мен байланыстарды, түркі халықтарының тіршілігін қамтамасыз ету жүйесін модернизациялау әрекеті деп дәлелдеуге тырысты» [13]. Ресейдің түркі халықтарының қоғамына қатысты интеграциялық ұмтылыстарының маңызды аспектісі білім беру саясатына айналды. И.А. Анохина атап өткендей, *«білім беру саясаты заңнамалық, әкімшілік, әлеуметтік-мәдени және педагогикалық шаралар жиынтығы болып, орыс тілі мен орыс-православиелік мәдениеттің ықпал ету аясын кеңейтуге бағытталған мектеп және мектептен тыс білім беру институттарын, сондай-ақ діни білім беруді ұйымдастыру арқылы жүзеге асырылды»* [14]. Бұл саясаттың тұжырымдамалық негізін әзірлеуді Мемлекеттік кеңес, Білім және Ішкі істер министрлігі және Қасиетті Синод жүзеге асырды. Өңірлік деңгейде жергілікті өзін-өзі басқару органдары білім беру саясатын жүзеге асырумен айналысты, олар білім беру аудандарының қамқорлығы, білім беру ұйымдарының дирекциясы және инспекциясы, әртүрлі деңгейдегі зайырлы және шіркеулік кеңестері. Аталған мәселені теориялық жағынан қарастыратын болсақ, Ресей империясының отарлаған аймақтарда тек өзінің орыстық мәдениетін заңды, миссионерлік және басқа да әдістермен жүргізіп, өркениет алып келдік деген тарихи тұжырымды жасауда. Ал, бұл саясаттың түбінде түркі халықтарын сатылы түрде бір-бірінен бөліп, әрқайсысының ерекшеліктерін көрсету арқылы орыс халқына тәуелді ету жатты.

Түркі халықтарының өзара ынтымақтастығының дамуын зерттеу барысында көптеген терминдер ауыспалы мағынаны немесе қосымша астарлы мәнді береді. Ол терминдер кезінде орыс-миссионерлері тарапынан кеңінен пайдаланылды. Сондықтан кезек күтгірмейтін мәселелердің қатарында ғылыми тартысты тудыратын және зерттеудің басты функциясы мен оның қызметін атқаратын терминдерді тарихи принцип, объективтік және ұлттық негізінде дұрыс пайдалану маңызды болып табылатыны сөзсіз. Түркі халықтарының өзара ынтымақтастығының даму тарихын зерттегенде империялық-шовенистік мақсатта жазылған еңбектерде кездесетін және түркі халықтарының намысын, болмысын, ерекшелігін, мәдени бірлігінің мәні мен мазмұнын төмендететін тарихи терминдерді қайта қараудың уақыты келді. Мәселен, тек М.И. Венюковтың зерттеулерінің өзінде мұндай терминдер көптеп кездеседі. Ол, Ресей империясының сыртқы саясатын белгілеп, отырған әскери тыңшы, саясаттанушы-аналитик және империяның саяси жаңарту жобасының авторы балып табылады. Автордың зерттеулерінің басым бөлігі Түркістан мен Ауғанстанның тарихына арналып, қазіргі кездегі Ресей Федерациясы құрамындағы этникалық, дінаралық және саяси қақтығыстардың себептерін анықтауға мүмкіндік береді. Түркістанға жасаған экспедициясында бұл жердегі жергілікті халықты *«жабайылар»* деп атап, олардың *«ұлттық болмысының»* жоқ екендігін тілге тиек етіп, *«әлсіз»* халықтардың қатарына жатқызған. Ал *«әлсіз», «бұратана», «туземец», «инородец»* халықтар деп атап отқан түркі халықтарының *«біз - ұлы орыс»* халқы басқаруымыз қажет деп, ұлыдержавалық мақсаттағы Ресей империясының әскери күшін көрсетуге тырысқан [15].

Өз зерттеулерінде М.И. Венюков батыс елдердің отаршылдық саясатын негізге ала отырып, «жабайы тайпалардың» арасында «өркеніетті» күшпен еңгізу қажетті деп есептеген және түркі халықтарына орыс билігін мойындату үшін «зорлықпен барлау» әдісін кеңінен пайдалануды ұйғарған. Дегенмен, «зорлықпен өркеніет» әкелудің өзін Ресей империясының сыртқы саяси мақсаттарын оңайлықпен іс жүзіне асыра алмайтынын мойындап, түркі халықтарын тәуелді етудің бірден-бір жолы, ол сатылы түрдегі әскери-саяси әдістерді пайдалану арқылы жүзеге асатынын білдіріп отырған.



Орталық Азияға жасаған әскери сапарын, әсіресе 1859 жылы Шу және 1800 жылы Ыстық көл маңындағы орыс әскерлерінің соғыс стратегиясын М.И. Венюков «Заметки о степных походах» атты мақаласында жазып, «автохтонды халықты» орыс билігіне тәуелді ету барысын айқындаған [16]. Ол орыс әскерлерінің далалық аймақта соғысып бостан күшін жоғалтпай, керісінше «бұратаналардың моральдық жағынан әлсіретіп, орыс халқының рухын биік ұстап, ауылдар мен негізгі объектілерге соққы беруді» ұсынған. М.И. Венюковтың мұндай ұстанымы Ресей империясының саналық мақсаты мен отарланған аймақтардағы саяси-экономикалық ойын ашық көрсетеді. Әскери стратегтің түркі халықтарының ұлттық рухын төмендететін терминдерді пайдалану арқылы, соғыстың тәсілдерін жан-жақты қарастырып, айла мақсатының түп тамырын көруге болады. Осылайша, М.И. Венюков Ресей империясының «бейбітшілік» орнатамыз деген сылтаумен түркі халықтарын тәуелді етудің теориялық-практикалық әдістерін ойластырған.

Келесі мұрағат құжаттардың бірінде М.И. Венюков «көшпелі қырғыз және отырықшы бұратаналар» арасындағы алауыздықтарды пайдалану қажеттілігін ұсынып, орыс әскерлерінің ішкі территорияларға оңайлықпен енудің жобасын дайындағандығын анық байқаймыз. Бұл құжатта М.И. Венюковтың орыс әскер бірліктерінің құрамына қырғыз сұлтандарын, батырларын, бийлерін тартуды жөн көргендігін және оларды кезінде Үндістандағы сапийлер сияқты өз «бұратана» халықтарына қарсы қоюдың амалын іздестіргендігі туралы жазылған. М.И. Венюковтың түркі халықтарының пайдаланған терминдердің ішінде «аборигендік халық» деген ұғым кездеседі. Бұл ұғым Ресей империясы Әскери министріне жазған есебінде кеңейтіліп берілген [17]. Жалпы алғанда М.И. Венюковтың Ресей империясының ресми отарлаудың ережесін дайындау барысында, империяның Орталық Азиядағы жүргізген «бейбітшілік» пен «бейбітсүйгіштік» саясатының негізінде орыс халқының шовенистік пиғылдағы мақсаты жатқандығын байқап, орыс отаршылдық саясатының теориясы мен практикасы арасындағы үйлеспеушілікті байқаймыз. Ресей империясының отаршылдық саясатын сипаттай келе, оның негізінде «қатыгездік» пен «жабайылық» жатқандығын Германияның канцлері Б. Бюлов та атап өткен [18].

Жоғарыда аталған М.И. Венюковтың түркі халықтарының ұлттық болмысын төмендететін терминдерді отаршылдық мақсатта Н.П. Остроумов та кеңінен пайдаланды. 1870 жылы Қазан Рухани академиясындағы мұсылмандыққа қарсы (кафедра противомусульманских предметов) дәрістер кафедрасының доценті

қызметін атқарып жүрген кезінде ол жеті жыл көлемінде «орыс мемлекетіне қызмет ететін және орыс православиесін қорғайтын» ғылыми-педагогикалық кадрларды дайындаған. Осыған байланысты көптеген әдістемелік, оқу-әдістемелік құралдар мен мақалалар және ғылыми еңбектерді жазған [19]. Барлық өмірін түркі халықтарын қайткен күнде де шоқындыру принципімен өткізген Н.П. Остроумов, «бұратана мектептерін барынша ашу», «бұратана мектептерін христиандық негізде ашу», «бұратана халқын орыс православиесіне кіріптар ету» деген терминдерді кеңінен пайдаланған. Бұл отарланған халықтың санасында тәуелділік ету мен орыс халқын өзінен үстем көру сезімдерінің пайда болуына негіз болған.

Н.П. Остроумов түркі халықтарының рухани тәуелділік психологиясын жан-жақты дамыту мақсатында қолынан келгенін жасаған. 1872-1877 жылдар аралығында Қазан оқытушылар семинариясында жұмыс істеген кезінде ол Мухаммед Пайғамбардың (а.с.) өмірі мен мұсылмандыққа жасаған қызметін зерттеп, түркі халықтары арасында православиенің шынайы дін және Исустың (Иса) нағыз пайғамбар екендігін дәлелдеу үшін лекциялар ұйымдастыратын. Жұмысын Түркістан өңіріне ауыстырғаннан кейін, М.П. Остроумов өз зерттеулерін отарлық әкімшіліктің мақсаттарын есепке ала отырып, түркі халықтарын орыстандыру мен шоқындырудың жаңа теориялық-методологиялық жұмыстарын жаза бастады. Осыған байланысты 1884 жылдың 5 қыркүйегінде генерал-губернатор Н.О. Розенбахтың атына жазған хатында ол «Түркістан өңірі орыс әкімшілігінің мұсылмандарға деген көзқарасын» баяндап, «орыс мұсылмандығы» деген терминді пайдаланып, Түркістандағы орыс әкімшілігінің түркі халықтарына деген отарлық ұстанымын Францияның Алжирға қарсы пайдаланған саясатымен салыстырып өткен [20]. Н.П. Остроумов Ресей империясының отаршылық саясатын Францияның отарлық саясатымен салыстыруын «әлеуметтік отаршылдық» саласындағы айрылмашылықпен негіздеді. Бұл бағытта ол түркі халықтарына қарсы «екі түрлі элементті халықтарды» орыстармен кіріптар етудің амалдарын іздестіру қажет деген терминді пайдаланған. «Екі түрлі элементті халықтар» деген терминді пайдаланудың негізінде Н.П. Остроумов отырықшы өмір сүрген және «мұсылмандыққа деген ұстанымы қуатты» деп өзбек халқы мен «көшпелі өмір» сүрген қазақ-қырғыз халықтары арасындағы айрылмашылықты негіздеуге тырысқан. Оның пайымдауынша баста «көшпелі халықтарды» шоқындырып, сонан соң мұсылмандықпен күресу қажет еді [21]. Ол туралы Н.П. Остроумов 1910 жылы Қазан қаласында өткен 1-ші миссионерлік съезде баяндаған.

Оның пайымдауынша «мұсылмандық фактордың» күшеюі Ресей империясының отарлаған аймақтардағы саясатына нұқсанын тигізеді және бұл науқанмен күресті қатайту керек еді. Ресей империясының «мұсылмандыққа деген ұстанымында сенімсіздікті білдірудің өзі қате» деген Н.П. Остроумов, мұсылмандыққа қарсы күрестің екі әдісін ұсынды. Біріншісі, ол ішкі күрес, яғни шоқынған «бұратаналарды» өз ұысында




Орыс миссионерлері

ұстау және православиені дәріптеуді жалғастыру; екіншісі де, сыртқы күрес немесе ислам дінінің негіздері мен халықтың мұсылмандыққа деген ұстанымын терең зерттеу. Осыған байланысты 1883 ж. Н.П. Остроумовтың «Что такое Куран?» атымен ғылыми еңбегі жарық көрді. Бұл еңбек Түркістан өңіріндегі орысша оқи алатын

көпшілік қауымның мұсылмандықтың діни-заңдық кодексімен таныстыру мақсатында және сол уақытта жадидшілдік әрекетінің негіздеушісі Ысмайыл Гаспыралының мақалаларына жауап ретінде шықты. Осы жолы Н.П. Остроумов мұсылмандықтың христиандыққа қарсы ешбір жаугершілік ұстанымының жоқтығын, Ресей империясы шеңберінде мұсылмандық туралы теріс пікірдің қалыптасуын және «мұсылмандықтың батыс мәдениетімен бейбіт» өмір сүретінін айта келе, түркі халықтарын шоқындырудың жаңа әдістерін дайындаған-ды [22].

XIX ғасырдың батыстың отаршылдық саясатының ықпалы салдарынан орыс миссионер-ғалымдары отарланған түркі халықтарын барынша кемсіту теориясы мен методологиясын негіздеді. Батыста қалыптасқан «әлемдік европацентристік концепция» Ресей империясының отарлық-шовенистік саясатының қалыптасуы мен дамуына әсер етіп қана қоймай, оның «жабайылық» формада жүзеге асуына себеп болды. Шығыс елдері «өркениетті батыстың» көз алдында ешкімге тәуелді болмайтын «жабайы» халықтар ретінде дәріптеліп, бұл теория іс жүзіне асып орыс халқының санасына сіңген-ді. Осыған байланысты Санкт-Петербург университетінің профессоры Ф.Ф. Мартенс «сауатты адамдардың қатарына қосылу үшін жабайы халықтар пісіп жетілу» қажет деген [23].

Осының негізінде революцияға дейінгі патшалық Ресейдің әскери тарихшылары мен түркі халықтарының болмысын зерттеген әкімшілік өкілдері және орыс миссионер ғалымдары қарсы шыққан этникалық халықты «тобырлардың қарсылығы» немесе «банда жиынтығы» деп ұлттық көтерілістерді барынша кемсіткен. Бұл ұстанымның басты мақсаты да Ресей империясының мемлекеттік жүйесі әлемдегі кез келген жүйеден дамығандығын және орыс мәдениеті арқылы ғана «жогарлауға мүмкіндік» аласын деген теорияны тарату еді. Мұндай теорияның таратушылары Н.П. Глиноецкий, М.И. Венюков, Л.Л. Мейер және А.Н. Грен болып табылады. Ресей империясының отаршылдық



саясатын ақтаудың теориясын жасап, оны практикада қолдану мақсатында жазылған жұмыстардың қатарына М.А. Терентьевтің, А.К. Гейнстің, Н.И. Гродековтың, Л.Ф. Костенконың жұмыстары жатады [24]. Аталған авторлар геосаяси жақындық пен «өздерін өркениет» әкелгендіктерін дәріптеумен айналысқан. Ресей империясының отарлық саясатын өздері іс жүзіне асырып, халық арасында «орыс халқына деген оңды» пікір қалыптастыру үшін қолынан келгенше түрлі теорияларды әзірлеумен әлек болған. Мәселен, Л.Ф. Костенконың «Ресей империясы өзінің отарлық саясатын, бұл жерде, яғни Түркістан өңірінде тек өнеркәсіп саласын дамытып, өндірісін Ресейге сату мүмкіндікті беруді көздейді» деген сөзі, сол уақыттағы қалыптасқан теориялық зерттеулердің бұрмаланғандығын айғақтайды [25]. Орыс миссионер-ғалымдары «Ресей империясы өзінің шығыс шекарасын қауіпсіздендіру мен жаулап алған жерлерде саяси тұрақтылықты қамтамасыз ету мақсатында Орталық Азияның ішкі жерлеріне кірді» деген қисынсыз теорияларды әзірлеп, түркі халықтарын айла тәсілдерімен жаулап алу амалдарын жүзеге асырды. Баста өзін өркениетті таратушы ел ретінде көрсетіп келген Ресей империясы XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап, отарлаған

аймақтарды «өзінің территориялық шеңберіндегі саясаты» теориясын ойластырды. Бұл концепцияның негіздеушілері мен зерттеушілері Д. Кавелин, С.М. Соловьев, Б.Н. Чичерин, В.О. Ключевский, А.Д. Градовский, П.К. Милуков, Г.В. Вернадский болып табылады. Барлық бұл тарихи концепциялар европацентристік ұстаныммен үндесіп келеді және орыс әскери тарихшылардың методологиясын айшықтап отырады.

Бірқатар орыс офицерлері Түркістан өңірін отарлауды тездеткен факторлардың арасында Ресей империясы мен Ұлыбританияның Орталық Азиядағы қызығушылықтарынан туындаған деген ойды білдіреді. Ұлыбританияның аймаққа қарай енуі Ресей империясының аймақтағы қызығушылығына қауіп төндіреді деген теорияны ойластырған А.К. Гейнс пен М.А. Терентьев және т.б. Орталық Азиядағы ағылшын-орыс бәсекелестігі туралы жазған.




14 қараша 2016 жыл.
Н.П.Остроумовтың туғанына 170 жыл
(1846 - 1930 жылдар)

Жалпы алғанда, барлық орыс әскери тарихшылар Ресей империясының отаршылдық саясатын, оның сыртқы саяси факторларымен байланыстырып, Орталық Азияны Ұлыбританияның экспансиялық қауіпінен «қорғаушы» мемлекет деген теорияны қалыптастырған. «Британдық қауіп» теориясы революцияға дейін орыс шовенистік-тарихшылардың жасаған зерттеулердің барлығында айқындалады. Ресей империясының әскери-соғыс жетістіктерін айқындай отырып, аталған ғалымдар түркі халықтарының тарихына «екінші дәрежелі» мән берген. Олардың зерттеулерінде отарлаудың әскери-соғыс тактикасы, орыс әскерлерінің жетістіктері туралы статистикалық және аналитикалық мәліметтер мен фактілерге көп мән берілген. Бұл жұмыстардың ғылыми-зерттеу талдау мен сараптаудың орнына публицистикалық жанрда жызылуына көңіл аударылған. Сонымен қатар бұл зерттеулерде, теориялық жағынан қарағанда, Ресей империясының отаршылдық саясатын «мадақтау», «өзін үстем көрсету», «құтқарушы қызметін атқарған», «бейбіт өмір мен тұрақтылықтың кепілі» және т.б. аргументтермен «безендіріп», фактілік материалдарды объективті сараптау және олардың шынайылық дәрежесін анықтау методикасынан аулақ еді. Отаршылдық миссиясын атқарған офицерлер мен әскерилерден жиналған материалдардың басым бөлігі зерттеушінің субъективті талдауына тірегені анық. Себебі оларды отаршылдық пен халықты рухани тәуелділікке түсіру деген ортақ идеясы біріктірді. Осылайша Ресей империясының отаршылдық саясаты барысында түркі халықтарының ұлттық рухын төмендететін, кемсітетін терминдер пайдаланылған. Сондықтан жоғарыда аталған терминдерді қайтадан қарастырып, ғылыми еңбектерді тарихи принциптен ауытқымай ұлттық рухта қайта жазу керек.

Бірінші дүниежүзілік соғыс аяқталғаннан кейін, Түркия Республикасының құрушысы М.К. Ататүрік ұлттық тарихты қайта жазу науқанын бастайды. Түркияның тәжірибесіне қарағанда ұлттық тарихын жандандыру мақсатында 1931 жылы М.К. Ататүріктің бастауымен Түрік тарихын зерттеу (Türk Tarih Kurumu) институты құрылды. Институттың басты мақсаты, ол кезінде батыс зерттеушілердің

түрік ұлттын кемсіту үшін жазған еңбектерге сараптама жасап, мұрағат деректерді ғылыми айналымға тартып, түрік ұлтының тарихын ұлттық идеология мен ұлттық ұстаным негізінде жаңадан жазу болып табылды. 1983 жылдың 11 тамызында бұл институт № 2876 (1) қарар негізінде Түрік мәдениеті, тілі және тарихы Жоғарғы комитеттің құрамына енді [26]. Түрік тарихын зерттеу институты құрылуынан бастап, түркілер тарихына үлкен мән бере отырып, түрік халықтардың батыс және шығыс мәдениетіндегі орнын анықтауды, олардың Ұлы қоныс аударуын бастауының себептері мен салдарларын, Орталық Азиядағы түрік халықтарының тарихына т.б. мәселелерге үлкен мән бере отырып, 1930 жылы 100-ден астам бірнеше томдық Түрік тарихын басып шығарған.

М.К. Ататүріктің бұл институтты құру барысында ең басты үш мәселеге мән беруді талап етті, олар: түрік халықтары туралы батыс және орыс тарихнамасында қалыптасқан «кемсітушілік» ұстанымына қарсы шығып, түрік халықтарының тарихын барынша объективті тұрғыдан қайта жазу; әлемдік өркениетке түріктердің қосқан үлесі мен қызметіне мән бере отырып, олардың дүниежүзі тарихында алатын орнын анықтау; түрік тарихын жазу барысында



Ататүрік және түркі тарихын зерделеу қоғамының құрылуы. 1931 жыл.

ұлттық ұстаным басты назарға алынып, ғылыми теориялар мен әдістерді жетілдіру және түріктердің әлем өркениетінде мәдени халық екендігін дәлелдеу. Міне осы басты факторлардың негізінде түрік тарихы қайта жазыла бастады.

Тарих саласындағы М.К. Ататүріктің ұстанған принципі басшылыққа алынып, ғалымдар еңбек ете бастады. Кезек күттірмейтін мақсат етіп, олар халық арасында ұлттық тарихи көзқарас қалыптастыру мен ұлттық идеология негізінде жастарды тәрбиелеу деп белгіледі. Осының негізінде М.К. Ататүріктің шешімі бойынша «Түрік тарихының саналық ұғымын» (Türk Tarih Tezi) қайта қарап, осыған байланысты ғылыми еңбек шығаруды бұйырды. Шын мәнінде 1934-1941 жылдары аралығында Түркияның орта мектептері мен лицейлерінде «Түрік тарихының түп деректері» (Türk Tarihinin Ana Hatları) атымен 4 томдық еңбек жарияланып, оқытылды. Батыстың тарих ғылымы саласында қалыптасқан грек мәдениетін жоғары кою және түріктердің Орта Азиядан ру-тайпа ретінде «қаңғырып келген надан халық» теориясына қарсы еңбек ретінде пайдаланылды.

Осы күнге дейін батыс пен орыс ғалымдары түркі халықтарының ру-тайпанық санасын дамыту мақсатында бірқатар еңбектер жариялаған. Түркиялық ғалымдар бұл ұстанымды «антропологиялық ру-тайпалық сана» деп пайымдайды [27]. Осман мемлекетінің кезінде дүниеге келген тарихи еңбектерде де Осман сұлтандарының жетістіктері мен оларды мадақтау тарихи ұстаным қатаң сақталып келген. Бұл ел ішіндегі тайпалық, рушылдық, аймақтық немесе қалалық бөлушілікті дамыта түсті. ХІХ ғасырдың соңында Османлы мемлекетінің байырғы күшін сақтап қалу мақсатында ұлттық принцип емес, керісінше мұсылмандық арқылы елді сақтап қалу саясаты жүрді. Бұл саясат білім мен ғылымға да өз әсерін тигізді. Себебі Түркияның университеттерінде ХХ ғасырдың алғашқы 20 жылдың өзінде діни дәрістерге көптеп мән беріліп келді. Осыған қарсы Түркиялық ғалымдар түрік тарихы ғылым саласына

сүбелі еңбек сіңіріп, ұлттық-мемлекеттілікті қалыптастыру үшін бірінші кезекте шынайы ұлттық тарих жазылу керек деп білді.

Тоталитарлық-коммунистік идеология режимі тарихымыз үшін қасірет жылдары болғаны баршаға аян. Көптеген кеңестік тарихшылар шындықты айта алмай тұсаулы аттай кібіртіктеді. Әрі «...тоталитарлық-коммунистік режим жағдайында айтылмаған шындық үшін өзін кінәлі санамайтын, сезінбейтін жана ұрпақ өсіп жетілді». Сонымен қатар «сақтанып» айтатын және амалсыз екіжүзділікке «салынған» тарихшылар қатары қалыптасты. Әрине бұл кеңестік тұстағы тарихшы қауым идеологияның құрсауында өткендіктен, анық түркі халықтарының шынайы тарихын жаза алмайтын да еді. «...Шындықты дер кезінде тарихшы айтуға міндетті емес. Өйткені, әрбір тарих пікірі, тарихи оқиға, белгілі бір кезеңнен кейін ғана, әсіресе, кейінгі ұрпақ тарапынан әділ бағасын алды» деген пікірге құлақ асар болсақ, білместіктің базарында өткен тарихшылардың көзқарастарына түсіністікпен қарағанымыз дұрыс болар. Дәл осы тұста көптеген кәсіби тарихшылар ұлттық тарихын өзіне қайтарып, архив деректері мен төл деректерді ақтарып тарихымызды қайта сараптауға кірісті. Бұл бағытта зерттеу жұмыстарын жүргізген К.Нұрпейісов, К.Л. Есмағамбетов, Т.Омарбеков, М.Қойгелдиев, М.Қ. Әбусейітова, Ә.Қ. Муминов, Г.М. Мендикулова, Ж.Ә. Ермекбаев т.б. тарихшылармен қатар қалыптасып келе жатқан ғалымдарды да атауға болады. Олар арасында А.Ш. Махаева, С.Ө. Смағұлова, С.Рүстемов және т.б. түркі халықтары ынтымақтастығының алғышарттарын, даму барысын қазақ-қырғыз, қазақ-башқұрт байланыстарын зерттей отырып, белгілі бір кезең бойынша ғылыми жұмыстарын жазған. Аталған авторлардың еңбектерінде тарихи объекті зерттеу ұстанымы қатаң сақталып, ұлттық идеяның орны ерекше назарға алынған.

XXI ғасырға дейін түркі халықтарының тарихын коммунистік идеология құрсауына түскен орыс ғалымдарының еуропацентристік көзқарастарына тап болған ғалымдар жазып келгені де құпия емес. Сондықтан тарихты-жазуда ұлттық мүдде, объективті көзқарас көзімен жазу бағытында өркениеттік көзқарасты басшылыққа алу қажет. Сол кезде маркстік «киімді» шешіп, жаңа өркениеттік өлшемдерге негізделген зерттеу әдісін менгеруді, өркениеттік методологиялық принцип тұрғысынан түркі халықтарының тарихын зерттеуді алға тартады. Тарихи құбылыстарды формациялық қалыпқа салу, таптық тұрғыда ойлау дәстүрінің ақыры түркі халықтарының өзін-өзі тануына (ұлттық идентификация), ұйысуына (ұлттық консолидация) үлкен кедергі жасағаны белгілі. Сол үшін мұндай теориялар мен әдістерден алшақтап, түркі халықтарының тарихын жаңа тұрғыдан қайтадан жазған абзал.

1.2 Зерттеу тақырыбының тарихнамасы

Қазіргі таңда Ресей империясының түркі халықтарын отарлау саясатына қатысты зерттеу жұмыстары біршама бар болғанымен, оның түркі халықтарының бірігуіне ықпал еткен саяси-әкімшілік құрылымдарының жұмыстары, шовенистік мақсаттағы реформалары мен ассимиляциялық саясаты, түркі халықтарының ынтымақтастығы мен біртұтас Түркістан Республикасына бірігуіне тосқауыл болған КСРО-ның идеологияландырылған саясаты, бұл мәселенің батыстық және түркиялық тарихнамала қарастырылуы тәуелсіздіктеріне қол жеткізген түркі республикалардың өзара байланыстарының тарихы кешенді түрде зерттелмеген. Сондықтан бұл бөлімде XIX ғасырдың соны мен бүгінге дейінгі аралықтағы түркі

халықатырының өзара ынтымақтастығының тарихнамасы жан-жақты талданып, кешенді түрде зерделенеді.


XIX ғасырдың екінші жартысында Ресей империясы Түркістан өлкесін толығымен өзінің құрамына еңгізіп, отарлаған аймақтардағы түркі халықтардың болмысын, тарихын, салт-дәстүрін, этнографиясын, тілі мен дінін, шаруашылығын, әлеуметтік қатынастарын зерттеуге кіріскен. Осының негізінде отаршылдық мақсатта жазылған көптеген еңбектер дүниеге келген. Олардың арасында бірінші кезекте Ресей бюрократиясының өкілдері, дипломаттар, әскери қолбасшылар және әр деңгейдегі шенеуніктер М.И. Венюков, П.И. Пашино, Д.И. Романовский, А. Куропаткин, М.А. Терентьев, К.К. Абаза, А.И. Макшеев [28] сынды зерттеушілердің жұмыстарын жатқызуға болады. Олардың еңбектерінде Ресей империясының отаршылдық мақсаттарын анықтай отырып, сыртқы саясаттағы қол жеткізген жетістіктері мен патша әскерінің барлау операцияларын, түркі халықтарының мұсылмандыққа деген ұстанымы және жалпы саяси жағдайды аңғаруға болады. Мәселен, М.И. Венюковтың «Заметки о степных походах в Среднюю Азию» атты жұмысындағы деректер сол уақыттағы империялық қимылдардың, түркі халықтарының өзара байланысын, жалпы әлеуметтік жағдайын анықтауда маңызды болып табылады. Деседе, жоғарыда аталған авторлардың жұмыстарын барынша сын көзбен қарап, түркі халықтарының бірігуіне патшалық әкімшіліктің саясаты түрткі болғандығын және осы мәселені бұрмалап біржақты дәріптегендігін байқаймыз. Сонымен қатар, Түркістан өңіріндегі патшалық әкімшіліктің отарлық билік орындарының қызметі мен міндеттері туралы, түркі халықтарын қалай басқару қажеттілігі жайлы М.Г. Черняев, И.В. Игнатьев, Л. Костенко, П.Г. Галузо, В.Е. Недзвецкий, Г.П. Федеров, П.П. Румянцев т.б. жазған [29].

Орыс халқы батыс мәдениеті мен түркі халықтары арасында «байланыстырушы көпір» екендігін және батыс өркениетіне тек орыс мәдениеті арқылы жетуге болатындығын дәлелдеуге тырысқан, осыған байланысты заңдық құжаттарды дайындап, ол құжаттарға түсінік берген И.И. Крафттың, Б.Н. Каплунның, Д.Н. Логофеттің, В. Лобочевскийдің, Ф.И. Лобысевичтың, В. Лаврентьевтің жұмыстары бар [30].

XIX ғасырдың екінші жартысында түркі халықтарының бірігуін негіздеген және оның айқын көрінісі ретінде ортаға шыққан Әндижандағы, Сыр бойы өңіріндегі ұлт-азаттық көтерілістерді атауға болады. Бұл көтерілістердің өрістей түсуіне патшалық Ресейдің түркі халықтарын орыс халқына кіріптар етіп, оларды жүйелі түрде орыстандыру мен шоқындыру саясаты жатты. Бұл бағытта араб жазуын жойып, түркі халықтарының тілдік ерекшеліктерін ортаға салу бағдарламасын, түркі халықтарының өзара бірігуіне жол бермеу мақсатындағы арнайы мұсылмандарды бақылайтын комитеттің құру қажеттілігі жөнінде орыс ғалым-миссионерлері көптеген жұмыстар атқарып,

ғылыми, аналитикалық, сараптамалық еңбектерді Н.П. Остроумов, С.Граменецкий, А.Е. Алекторов, Н.И. Ильминский, А.Н. Добросмыслов, Н.А. Бобровников, С.М. Духовской, және алғашқы генерал-губернатор К.П. Кауфман жазды [31].

Түркі халықтарының арасында Еділ-Орал төңірегіндегі чуваш, башқұрт,



татар, телеуіт т.б. халықтардың өзара ынтымақтастығын атауға болады. Ресей империясының отаршылдық саясатына ертеректен тап болған бұл халықтар дінінен, ділінен айрыла бастады. Қазіргі кездің өзінде Ресей империясының құрамында болып, олардың тәуелсіздікке қол жеткізулері екі талай. Бұл татарлар мен башқұрттардың арасындағы аймақтағы геостратегиялық ықпалдастық үшін күресі, Еділ-Орал төңірегіндегі ұлттаралық мәселелердің туындауына тіреуі мүмкін. Себебі Ресей империясының кезіндегі орыстандыру мен шоқындыру саясаты Орталық Азиядағы түркі халықтарымен салыстырғанда бұл жерде жоспарлы әрі терең жүргізілген. Қазіргі таңда православие дініндегі, бірақ көне тәңірлік дінінің элементтерін жіті ұстанатын түркі халықтарының ішінде чуваш халқының географиялық орналасуы мен табиғи байлықтарының стратегиялық маңызы зор болып табылады. Олар кезінде татарлармен бірлесе отырып, тұтастық пен ұлттық тәуелсіздікке жету үшін күрес жүргізген. Сондықтан ұлттық тарихымыздың ұстанымы негізінде қарастыратын болсақ жойылу үстіндегі чуваш халқының тарихы да маңызды болып табылады. Чуваштардың этникалық тарихы мен ХІХ ғасырдың соңындағы татарлармен бірлесіп, Ресей империясының отаршылдық саясатына қарсы күрес жүргізгендігі туралы зерттеулерді Н.В. Никольский жүргізген [32]. ХІХ соңында мұсылмандықты Чувашияда таратқан татарларға қарсы Н.И. Ильминский рухани қысым көрсету саясатын жүзеге асырған. Қазандағы Рухани академиясында Н.И. Ильминский татарлар, башқұрттар және чуваштар арасындағы алауыздықты күшейту мақсатында өз атын көрсетпей бұл халықтарға арналған әліпені дайындап шығарды. Мұсылмандықты біріктіруші күш ретінде таныған ол, чуваштар арасында исламның қатыгез дін ретінде танылуына күш жұмсаған. Бұл туралы мәселелер Н.В. Никольскийдің еңбектерінде мұрағат құжаттары негізінде жан-жақты дәлелденген. Аталған автордың еңбектерінің құндылығы, оның басым бөлігін чуваш, башқұрт және татар халықтары арасында православие дінінің кең таралу тарихын зерттеуінде.


Чуваш халқының этникалық тарихы мен жалпы Ресейдегі халықтардың саны және әлеуметтік жағдайын салыстырмалы түрде зерттеген ғалымдардың қатарында В.В. Николаевтің жұмыстарын атауға болады [33]. Автор түркі халықтарының ынтымақтастық тарихы мен Еділ-Орал төңірегіндегі түркі халықтарының этникалық негізін зерттей отырып, халықтардың пайыздық көрсеткішін Ресей Федерациясындағы соңғы халық санағының нәтижелерін көрсету арқылы аймақтағы этникалық үрдістерді айқындауға тырысқан. Сонау көне заманнан бастап Еділ-Орал төңірегіндегі этникалық процестің тарихын зерттеген В.В. Николаев, оның динамикасы мен жалпы түркі халықтарының санын мұрағат құжаттары негізінде көрсеткен. Оның еңбегі түркі халықтарының ұлттық-тәуелсіздік жолындағы күресін айқындауға негіз болған. Жалпы алғанда қазіргі кезде жойылу үстіндегі чуваш, гагауыз, телеуіт, қарайым т.б. халықтарының тарихын зерттеудің қарқынын арттыру қажет. Себебі аталған халықтардың этникалық үрдісі түркі халықтарының ынтымақтастық тарихын айшықтай түсетіні сөзсіз.

ХІХ ғасырдың 60-жылдарынан бастап Ресей империясындағы күрделі ішкі саяси жағдайға (крепостниктік құқықтың жойылуы және орталық қаратопырақты аудандарда жер жетіспеушілік) байланысты осы аудандардан Азиялық Ресей (Сібір, Кавказ, Орта Азия және Қазақстан) аумақтарына қоныс аудару үдерісі жүзеге асты. Осы жылдары отарлаудың шаруалық кезеңі басталды. Ол Ресей үкіметі саясатының тұрақсыздануымен сипатталады. Шаруаларға бас бостандығын беріп, 1861 жылғы реформадан кейін аграрлық мәселелерді шешуді талап еткен 70-80 жылдардағы

екінші революциялық жағдай пісіп-жетіліп келе жатқан болатын. Император Александр III-ші үкіметі шаруалар қауымына сенім артты және олар бұдан революцияға кедергіні көрді. 1890 жылғы 8 маусымдағы және 1893 жылғы 14 желтоқсандағы заңдар шаруаларды қауымнан шығуына тиым салды және осы қауымдардың нығаюына түрткі болды. Сонда да шаруалардың өз бетінше қоныстануы жыл сайын өсе берді. Түркі халықтарының ынтымақтастығының қоныстандыру саясатын А.А. Кауфман, А.Ф. Миддендров, О.А. Шкапский, И.И. Гейер, П.П. Румянцев, Н. Гаврилов, Г.Ф. Чиркин, К.К. Пален және С. Велецкий зерттеген және оның салдарлары мен отарланған аймақтарды барынша көпұлтты елге айналдырудың амалдарын іздестірген. Осыған байланысты бұл авторлар ұсыныстар да беріп отырған.

XIX ғасырдың екінші жартысындағы патша өкіметінің түркі халықтарын қалай болғанда империяның шеткері аймағы құрамына еңгізу үшін жүргізілген бұл зерттеулердің барлығы империялық мүддеге қызмет етіп қана қоймай, отарлаған аймақтардағы түркі халықтарын орыстандыру мен шоқындыру саясатын жүйелі түрде анықтап отырған.

Ресей империясының түркі халықтарын орыстандыру мен шоқындыру саясатына қарсы жәдидтік қозғалыс өрістей түсті. Жәдидтік қозғалыс түркі халықтарының оқу-ағарту саласындағы прогрессивті өзара ынтымақтастығының негізіне айналды. Түркі халықтарының оқу-ағарту саласын реформалау қажеттілігі туралы және жәдидтік қозғалыстың негіздеушісі Ысмайыл Гаспыралы болып табылады [34]. Оның бұл жолдағы қызметі де зерттеу нысанына айналып, осыған байланысты қазақ, татар, өзбек, түрік ғалымдарының көптеген ғылыми жұмыстары дүниеге келген. Ысмайыл Гаспыралының түркі халықтарының оқу ағарту саласындағы қызметін зерттеген В.Ганкевич, Ш.Рамазанов, Д.Абибуллаева, Л.Климович, К. Куркчи, С.Гафаров, және т.б. қозғалыстың түркі халықтарын тұтас қамтып, прогрессивті екендігін дәлелдей түскен. Бұл тақырыпты татар ғалымдары жан-жақты зерттеген. Олардың қатарында Дж. Валиди, Г.Ибрагимовтың, Г.Сагдидің, Г.Губайдуллиннің, А.Аршарунидің және Х.Габидуллиннің жұмыстарын ерекше атауға болады. Кеңес өкіметінің орнауымен коммунистік идеологияға байланысты жәдидтік қозғалыстың мәні төмендетіліп, оған «пантүрікшіл» және «агрессивті» қозғалыс сипатты берілген-ді [35]. Дегенмен уақыт өте келе түркі халықтарының ортақ мүддесіне айналған жәдидтік қозғалыстың тарихын зерттеген ғалымдар түрлі көзқарастағы бағаларын берді. Ғалымдардың бірінші тобы жәдидтік қозғалысқа идеологиялық сипат беріп, оны ағартумен байланыстырған. Екінші тобы бұл қозғалысты түркі халықтарының ағарту саласының кезекті сатысы деп қарастырған. Ал үшінші топқа кіретін зерттеушілер, мысалы А.Беннигсен мен А.А. Рорлич бұл қозғалысқа діни-ағартушылық сипатын берген. Келесі ғалымдар тобы жәдидшілдік қозғалысының негізінде қазіргі қазақ, өзбек, қырғыз, татар, башқұрт т.б. түркі халықтарының ұлт ретінде қалыптасу үрдісі жатыр деген ойды білдіреді [36].



**С.Пряхин коллекциясындағы
«Түркістан көріністері»
сериясының карталары**

Кезінде түркі халықтарының бірлігін аңсаған және осы бағытта саяси күресін, сонан соң ғылыми қозғалысын жүргізген қоғамдық қайраткерлер мен ғалымдардың мұраға қалдырған жұмыстары өте көп. Түркі халықтарының ХІХ ғасырдың соңы мен ХХ ғасырдың басындағы тарихын өздері көріп, сол тарихи үрдіске қатысқан, кейінен эмиграцияға кетуге мәжбүр болған Юсуф Акшора, М.Шоқай, Зәки Уәлиди Тоған



Жаңа әдісті мектеп. Ы.Гаспыралы

және түрікшілдік бағытында өз елінде ғылыми ізденістерін жүргізген Зия Гөкалптың ғылыми еңбектерін атауға болады [37].

Жәдидтік қозғалыстың түп тамырына енетін болсақ, оның даму эволюциясы отарланған түркі халықтарының схоластикалық деңгейде қалған мектептер мен медреселердегі білім деңгейінің төмендеп кеткендігін және батыс мәдениетімен бәсекеге түсе алмайтынын көтеріп, империалистік мемлекеттердің отаршылдық саясатына қарсы сауаттылықпен күрес жүргізу қажеттілігін көтергенін көреміз. ХІХ ғасырдың екінші жартысында басталған бұл қозғалыс, түркі халықтарының мекендеген аймақтарда жаппай жаңа әдісті мектептердің ашылуына сүбелі үлесін қосқан, түркі халықтарының ұлттық саяси элитасының қалыптасуына және ХХ ғасырдың басында түркі халықтарының ұлттық мәселені көтеруде, осыған байланысты түрлі саяси ұйымдардың құрылуында негіз болған.

Түркі халықтарының ұлт-азаттық қозғалысының басталуының алғышарттарына тоқталар болсақ, онда оның құрылуының бастапқы сатысы, 1905 жылы тамыз айында өткен І-ші Бүкілресейлік мұсылман съезімен тығыз байланысты. Осы уақыттан бастап, 1917 жылғы большевиктер жасаған төңкеріске дейін, түркі халықтарының қозғалысында сатылы қоғамдық даму үрдісі орын алды. Алайда, кеңестік кезеңнің тарихнамасында түркі халықтарының қозғалысы қолдан бұрмаланып, маркстік-лениндік методологиясы тұрғысынан көрсетілді.

Дегенмен, осы уақыт кезеңін идеологиялық тұрғыдан қарастырушы зерттеулерде табылды. Сондай сирек кездесетін маңызды жұмыстардың қатарында, Х.Хасановтың «Татар ұлттық буржуазиясының қалыптасуы» атты зерттеу жұмысын атауға болады. Өз уақытының барлық идеологиялық басымдықтарына қарамастан, бұл еңбек фактологиялық мәліметтерге бай болып табылады. Әрине кітап, сол кезеңдегі «буржуазиялық ұлтшылдық», «пантүрікшілдік», «панисламизм» және де «түркі жұмысшы тап өкілдерінің феодал-бай қанаушыларға қарсы таптық күресі» мәселелеріне баса мән беріп зерттеуімен бірге, еңбек сол кезеңде есімдері өшуге айналған, ХХ ғасырдың басында татарлардың жандануы үшін күрескен қайраткерлерді



ғылыми айналымға енгізді. Олар, А.Ибригимов, Юсуф Акшора, Садри Максуди, Гаяз Исхаки т.б.

Жәдидтік қозғалысының мәні мен мазмұны М.Бехбудидің бағдарламалық мақаласында көрініс тапқан. Автор жәдидтік қозғалыстың түркі халықтарының

ынтымақтастығының дамуының алғышарттары ретінде көрсетіп, бұл қозғалыстың большевиктер келгеннен кейін де жалғасын тапқандығын дәріптейді. 1917 жылы қыркүйек айында жадидтердің бастауымен Ташкент қаласында «Түрк адами марказият» (Түрік федералистер қоғамы) құрылған. Бұл қоғам түркі халықтарын біріктүрі үшін елеулі жұмыстар атқарды.

1905-1906 жылдардағы I-ші Бүкілресейлік мұсылман съезі, «Иттифак әл-муслимин» партиясы, Мемлекеттік Думадағы мұсылман фракциясының әрекеттері «маркстік-лениндік сын» тұрғысынан талқылауға ұшырады. Керек жерінде авторға өзіне тиісті бағасын беруіміз қажет. Ол өз зерттеулерінде, тарих ғылымындағы «партиялық тұрғыда» зерттеу жағдайында, XIX-XX ғасыр жүзіндегі түркі халықтарының ұлттық мәдениеті мен білім жүйесінің дамуын шынайы түрде көрсете білді. Сондай-ақ кітапта, жәдидшілдік ағымының идеясына қатысты қайшылықтарды да зерттеу әрекеті көрініс тапқан. Автор бұл құбылысты, ағартушылықтың көзі ретінде қарап, оны кереғар пікірде бағалайды. Бүгінгі таңдағы түркі халықтарының қоғамдық ойы мен философиялық ойлары керісінше баға беруде. Жәдидшілдіктің нақты шынайы бейнесінде бағалағанымызда, оның діни және ұлттық, түркілердің өміріне төзімділікті әкелген, олардың білімі мен мәдениетінің қалыптасуында идеология ретінде үлкен рөл атқарғандығын көреміз.

Нақ осындай жәдидшілдікке қатысты анықтамаларды, кеңес тарихының тарихшы және қоғамтанушылары Александр Беннигсен, Шантал Лемерсье-Келкеже және де'Эдвард Лаззериңилер береді [38].Өз кезеңінің іргелі және қайталанбас еңбектерінің бірінен саналған Хусайн Хасановтың еңбегіне шолуды аяқтай отырып, оның ұлттық әдебиет, театр,



«Ғалия» медресесінің білім алушылары (шәкірттер)

музыка мен өнер туындыларынан мол хабар беретін фактологиялық өзектілігін атап өткен жөн. Кітапта, төңкеріске дейінгі Ресей экономикасының түрлі салаларына байланысты, татар сауда-өнеркәсіп капиталының өндірісі, оның өкілдері жайлы дәйекті және нақтылы мәліметтер берілген. Кітаптың бұл құндылықтары бүгінгі таңға дейін, өз өзектілігін жойған жоқ. 1967 жылы Мәскеудің «Наука» баспасында жарық көрген кеңес кезеңіне жататын іргелі еңбек «Орта Еділ және Оралдағы татарлар» атты еңбекті атауға болады [39]. Қазан төңкерісіне дейінгі қазіргі кезеңдегі түркі мұсылман халықтары тарихының түпкі фактілерінің кеңес цензурасы жағдайында қалса да, еңбекте XIX-XX ғасырлар жүзіндегі ұлттық қозғалыс өмірінен алынған шынайы мәліметтер жетерлік. Сонымен қатар, ол Ресей империясындағы түрлі халықтардың дамуына қатысты, статистикалық және салыстырмалылық мәліметтерге де бай.

Кітаптың кемшілігі ретінде, оның сол кезең идеологиясымен сәйкестендірілуінде еді. Ресми түрде кеңес идеологиясына қарсы жазылған шетелдік еңбектердің зерттеулері үлкен қызығушылық тудырады. Олардың арасында бірінші кезектегі ірі еңбек 1974 жылы Лондонда жарық көрген Т.Давлетшиннің «Кеңестік Татарстан» [40], атты еңбегін атай аламыз. Тұжырымды кітап, басқа кеңестік еңбектерден бірден ерекшеленеді. Ол жатық тілмен жазылған және идеологияға

тәуелсіз екендігі сөзсіз. Антикоммунизмдік еңбек ретінде, кеңестік мамандар бұл кітапқа қатысты бірнеше сыни пікірлер айтып, әшкерелер тақты. Өйткені бұл кітап фактологияға бай және логикасы үйлесімді, негізгі ғылыми базасы арқылы бөлектеніп тұрады.

Автор қазіргі кезеңдегі татар халқының тарихындағы оқиғалар мен үрдістерді тыңғылықты зерттеп, аса сыни көзқарас танытады. Ол негізгі мәнді кеңестік кезеңдегі татар тарихына бөледі. Болашақ экономист және құқықтанушы Т. Давлетшин коммунистік режим әрекетінің шаруашылық аспектілері мен КСРО-ғы түрлі халықтардың (негізінде қырым татарларының) құқық бойынша жаншылуын жүйелі зерттеген. Сондай-ақ, елдің көпдеңгейлі ұлттық-мемлекеттік құрылысына да үлкен назар бөлген. Еңбекте жеті миллионға жуық халқы бар екінші сатыдағы ТАКСР-ның автономды мәртебесінің, соңында оның бай мәдениеті, білім жүйесінің шектелгендігі жөнінде айқын жазылған. Бұның барлығы, Т. Давлетшиннің еңбегін, татар халқының қазіргі кезең тарихы бойынша зерттелген елеулі еңбектердің қатарына қосады. Біз үшін, құнды болатын жері, ол еңбектің татар халқының қозғалысын ХХ ғасырдың басынан бастап, мұқият қарастырылып, түркі халықтарының өзара ынтымақтастығының дәрежесін анықтау болып табылады. 1917 жылғы Ақпан төңкерісінен кейінгі түркі халықтарының стихиялы түрде ұйымдасуына қатысты мәселелерді дәйекті талдауға мән береді. Бұл қысқа мерзімде өздерін халық бұқарасы ретінде және ұлттардың көсемдері ретінде жарқын көрсетті. Ауқымды материал ішінде, құжаттарда сол кезеңдегі ұлттық ұйымдармен олардың форумдары, татар халқының саяси-әлеуметтік көрінісі кең түрде айқындалған. Елдегі барлық маңызды құжаттар жасырын ұсталынды. Сондықтан да шетелде жарық көрген бұл еңбек зерттеушілердің назарын өзіне аудара білді.

Ал, эмиграцияға ұшыраған ұлттық зиялылар ғана мұндай шектеулерден тысқары тұрып, керекті мәселелерді қозғай алды. Сонымен қатар, Т. Давлетшиннің негізгі артықшылығы, оның ХХ ғасырдың басындағы дауылды үрдістер кезінде өздерін танытқан, эмиграцияда жүрген ұлттың лидерлерімен тығыз байланыста болуы еді. Сол оқиғалардың басы қасында жүріп, оқиғаларға тікелей күәгерлердің пікірлері мен бағалары тарих ғылымы үшін, сөзсіз қол жетпес мәнге айналған болатын.

ХХ ғасырдың басындағы түркі халықтарының қалыптасуы мен оның қоғамдық-саяси қозғалыстары, әртүрлі авторлардың еңбегінде жан-жақты бағытта жарық көрді. Бұл мәселе тұрғысында, Д. М. Усмановтың «1906-1916 жылдардағы Ресей парламентіндегі мұсылман-өкілдері» атты іргелі монографиясының жөні бөлек [41]. Кітаптың еш бүкпесіз құндылығы ретінде оның ауқымды деректанулық базасын атап өту қажет. Автор сол кезеңдегі заңдық және нормативтік актілерге, іс-жүргізу құжаттарына, мерзімдік мөрлерге және саяси-қоғамдық мәтіндер мен түрлі қайраткерлердің заман хаттарына, олардың жеке санақтарына баса көңіл аударған. Осылайша бізге негізінде полициялық қысым түрінде басқарылған, парламентаризмнің орнығуы нәтижесінде әрекет етуші Ресей мұсылмандарының саяси-қоғамдық кең бейнесі мәлім болды.

Ресей империясының түркі халықтарын отарлау барысындағы патшалық үкіметтің жүргізген саясаты мен әділетсіздік қысым көрсетілуіне байланысты ХХ ғасырдың басында қазақ зиялылары үлкен мән берген. Олардың арасында А. Байтұрсыновтың, Ә. Бөкейхановтың, М. Дұлатовтың [42] еңбектерін ерекше атауға болады. Аталған көрнекті қазақ зиялылары теңдік пен ұлттық тәуелсіздіктің төте жолы деп өркениетті елдердің мәдениетінен үлгі алу, сөйтіп, халықтың ұлттық

мәдениетін өркендету, білімін көтеру, ұлттық сана-сезімін оятуды ұлт-азаттық қозғалыстың жаңа стратегиялық бағыты ретінде ұсынған.

Түркі халықтарының өзара ынтымақтастығы большевиктер келгеннен кейін Түркістан ұлт-азаттық қозғалысында айқын көрінді. Осы тұста Түркістан Мухтарияты құрылып, Алаш Орда, Шурай-исламия т.б. арасында байланыстар орнатылып, ұлттық-мемлекеттікті құру бағытындағы жұмыстар атқарылды. Түркістан ұлт-азаттық қозғалысы шеңберінде түркі халықтарының ынтымақтастығын хронологиялық жағынан, 1918-1920 жылдар аралығында қозғалыстың басталып, өрбуі және жетілуі; 1920-1921 жылдары қозғалысқа Энвер Пашаның қатысуы мен оның түркі халықтарын біріктіру жолындағы рөлі мен қызметі; 1921-1924 жылдары Түркістан ұлт-азаттық қозғалысының большевиктер тарапынан тұншықтырылуы деп үш кезен негізінде қарастыруға болады. Осы хронологиялық бағытты ұстана отырып, зерттеу жұмыстарын жүргізген түркиялық, өзбекстандық, қазақстандық, ресейлік тарихшыларды атауға болады.

XX ғасырдың басындағы Түркістанның әлеуметтік-экономикалық және саяси жағдайын С.Асфендияров пен М.Тынышпаев жан-жақты зерттеген [43]. Кеңестік заманында коммунистік идеологияға байланысты көптеген мұрағаттарға қол жеткізу мүмкіндігі болмаған. Түркістан ұлт-азаттық қозғалысы шеңберінде түркі халықтарының өзара ынтымақтастығын айқындау барысында, кеңестік тарихшылар бір жағынан коммунистік идеологияға, екінші жағынан мұрағат құжаттардың құпия түрде ұсталуына байланысты, қозғалыстың негізгі мазмұнын аша алмаған. Осыған байланысты зерттеу жұмыстарын жүргізіп, түркі халықтарының ұлттық болмысын барынша таптау мақсатында А.Самойлович, Л.Соловейчик, С.Б. Гинзбург, В.Василевич, Ф.Илютко, А.Бобуновтар еңбектер жазған. Таптық көзқарас тұрғысынан жазылған бұл еңбектерде түркі халықтарының ұлттық тәуелсіздік үшін күресі «басмашылық», «бүлікшілер» әрекетімен теңестірілген [44].

Сталинизмнің тоталитарлық жүйесінің шарықтаған кезінде түркі халықтарының өзара ынтымақтастығын түбімен жою саясаты қатаң ұстанды. Түркі халықтарының ұлт-азаттық қозғалыстар тарихын зерттегендерге арнайы цензура орнатылды. Таптық сана мен «орыс халқына жақындата түсетін» саясаты белең алып, зорлықпен қоныстандыру саясаты жүргізілді. Осы тұста А.Х. Бабаходжаевтың, П.П. Никишовтың, А.И. Зевелевтің, М.Иркаевтің, Х.Ш. Иноятовтың, П.В. Волобуевтың, Д.Л. Голинковтың, Ю.А. Поляков пен А.И. Чугуновтың еңбектері жазылды [45]. Аталған авторлардың жұмыстары түркі халықтарын бір-бірінен ұзақтатып, айрылмашылықтарын көрсету және тек социалистік республикалардағы жұмысшы тап өкілдерінің жергілікті байлардың қанаушылық саясатына қарсы бағытталған көтерілісі деңгейінде қарастырылып жазылған.

Әкімшілдік-әміршілдік кезеңінде түркі халықтарының тарихы мүлдем басқа бағытта жазылды. М.С. Горбачевтің билік басына келуімен жариялылық пен қайта құру саясатының арқасында ұлттық тарихты қайта қарау науқаны жүзеге асты. Осы тұста түркі халықтары тарихының кейбір мәселелері қайта қаралып, жазылды. Дегенмен елеулі өзгерістер енгізілмеді. Мәселен, А.И. Зевелев, Б.Луниин, Э.Юсупов, Х.Гурсунов, М.Назаров, К.Хасанов, К.Житов, К.Акилов, М.Ахунова, Ш.Шамагдиев, Ш.Ташлиев, Е.Куприкова, А.Джумаурадов, М.Мошев, Р.Аминова, Х.Ш. Иноятов ғылыми еңбектер жазған. Бұл авторлар жұмыстарында Түркістандағы ұлт-азаттық қозғалыс жылдарындағы түркі халықтарының өзара ынтымақтастық тарихы кеңестік лениндік методологиясы тұрғыдан зерттеу қарқыны жалғасын тапты.

Түркістан ұлт-азаттық қозғалысы кезіндегі түркі халықтарының Ресей

империясының отарлық саясатына қарсы бірігіп күресті жүргізгендігі туралы зерттеулердің саны артты. Өзбекстан Республикасы ҰҚК-нің (Ұлттық қауіпсіздік кеңесі) материалдары негізінде жазған Ш.Турдиевтің мақаласын ерекше атауға болады. Түркі халықтарының, соның ішінде өзбек халқының XX ғасырдың басындағы саяси ойының қалыптасуы мен дамуы, большевизмге қарсы күресте қазақ, қырғыз және т.б. халықтарымен қоян-қолтық қозғалысқа аттанғандықтары жайлы өзбекстандық ғалымдар өздерінің ұлттық-мемлекеттік тұрғысынан көптеген еңбектерді жазды. Бұл бағытта зерттеу жұмыстарын жүргізіп, Ресей империясы мен КСРО-ның өзбек халқына бағытталған саясатын зерттегендердің қатарында Х.Зиеевтің, Д.А. Алимованың, Р.Шамсутдиновтың т.б. жұмыстарын атауға болады.

Түркі халықтарының өзара ынтымақтастығын түрікшілдіктің негізінде көрген, сондай-ақ оның эволюциясын зерттеген түркиялық ғалымдарды атауға болады. Олардың қатарында Х.Фейзинің, А.Саитакбардың, Надир Девлеттің, Сейфеттин Эршахиннің, Сайнур Гирай Бозкурттың ғылыми ізденістері бұл мәселеге қатысты түркиялық ойларын білдіреді. Аталған зерттеушілердің ішінде Надир Девлеттің ұстанымы мен түркі халықтары арасындағы байланыстар жайлы ойлары назар аудартады. Себебі ол өз жұмыстарында, әсіресе XX ғасырдың басында түркі съездеріндегі, сонан соң тәуелсіздік жолындағы күресін біржақты қарастырған. Түркі халықтарының саяси ойының қалыптасуы мен дамуын автор татарлардың үлесі деп біледі. 1905-1917 жылдар аралығындағы Ресей мұсылмандарының ұлттық күрес тарихын зерттеген Надир Девлет, Ресей империясының құрамындағы түркі халықтарын отарлық әкімшілік пен орыс ғалым-миссионерлері түрік халықтары деп атамайтын деген ойын білдіреді. Автор 1895 жылғы «Шопан жұлдызы» атымен шыққан Абдурашит Ибрагимовтың брошурасын зерделей отырып, оның Ресей империясының отаршылдық саясатын ашық түрде сынағанын тілге тиек етеді. 1905 жылы Бірінші орыс революциясы қарсаңында Түркістандықтардың саяси белсенділігі татарларға қарағанда әлсіз болғандығын жазған Надир Девлеттің бұл тұжырымын қай деректерге сүйенгені ойландыратын мәселе болып табылады. Сондықтан түркиялық тарихшылардың еңбектерін сыни көзбен қарап, мәселені объективті түрде зерделеу басшылыққа алынғаны жөн.

Түркі халықтарының тарихын ғылыми тұрғыдан зерттеген түркиялық тарихшылардың қатарында Ақдес Нимет Кураттың, Ибрахим Мараштың, Ахат Андижанның, Абдуллах Ресжеп Байсунның, Шевкет Сурейя Айдемирдің, Рыдван Акынның, Фүсун Үстөлдін, Нежиметдин Сефержиоғлуның, Хакан Қырымлының т.б. жұмыстарын атауға болады. Бұл авторлар түркі халықтарының шығу тегіне, олардың өзара саяси байланыстарда болып, бір жақтан шығыс, екінші жақтан батыс мәдениетінде елеулі рөл атқарғандығын зерттеген. Түркі халықтарының өзара ынтымақтастығының дамуында мұсылмандықтың негізгі орын алғандығы және діни жаңарудағы басты фактор болып табылатын, ислам дініне деген ұстамдылықтарын зерттеген Ибрахим Мараш 1905 жылғы Бүкілресейлік мұсылман съездеріне түркиялық көзқарасын білдірген. Ақдес Нимет Курат болса түркі халықтарының өзара ынтымақтастығын көне дәуірмен байланыстырып, XIX ғасырдың екінші жартысында ұлттық сананың артуымен байланыстырған. Жоғарыда аталған түркиялық зерттеушілердің арасында Шевкет Сурейя Айдемирдің жұмысында түркі халықтарының сонау ислам діні Орталық Азияға тарағаннан кейінгі кезеңі айқындалып, түркі халықтарының саяси ойының қалыптасуымен басталған мәдени бірлік тұрғысындағы мәселелері қозғалған.

Түркістан ұлт-азаттық қозғалысы өрістей түскен сәтте большевиктік саяси

қысымға ұшырап, эмиграцияға кетуге мәжбүр болған және сол жерде өз тарихын дәріштеген зерттеушілердің қатарында Баймирза Хайттің еңбектерін атауға болады. Автор түркі халықтарының Қытай мен Ресей империясы арасында қысымға қалғандығын зерделеген. Оның пайымдауынша түркі халықтарының арасындағы ынтымақтастықтың күшеюі жәдидтік қозғалыстан бастау алып, 1924 жылы социалистік мемлекеттердің құрылуымен аяқталған. Мұндай хронологиялық шектеуді қояды автор, сталиндік тоталитарлық жүйесінің күшеюімен байланыстырады. Сонымен қатар Баймирза Хайт социалистік мемлекеттердің құрылуы салдарынан қазақ, өзбек, қырғыз, түрікмен т.б. түркі республикалардың құрылуы, «Түркістан Мухтариятының» немесе «Түркістан Ұлттық Республикасының» тамырына «балта шабылды» деп біледі. Орыстандыру мен шоқындыру саясатына тап болған Орта Азиядағы түркі халықтарының ұлттық болмысы мен ұлт ретінде қалыптасуын, сондай-ақ Түркістандық сананың дер кезінде қолға алынбағандығын тілге тиек етеді. Шын мәнінде эмоцияға және антикеңестік санада жазылған Баймирза Хайттың еңбектерінде субъективизм мен фактілік материалдардың шынайылық деңгейі күмән тудырады. Себебі еңбектерінің ішінде кездесетін деректердің басым бөлігін Кеңес өкіметінен алынған газеттік материалдар және батыста антикоммунистік пиғылда жазылған еңбектер құрайды. Сонан соң автордың жұмыстарындағы кездесетін мұсылмандық оқу орындарының қызметі жайлы пікірлері шындыққа жанасатыны да күмән тудырады. Баймирза Хайт мұсылмандық оқу орындарының білім сапасының әлсіреуін зерделей отырып, жәдидтік қозғалыстың өрістеуінде өзбек халқының үлесін көрсетуге тырысқан. Дегенмен, оның зерттеулерінен түркі халықтарының өзара ынтымақтастығының дамуы туралы жалпы ойды қорытуға жетелейтін кейбір мәліметтерден пайдалануға болады.

«Түрік» ұғымы мен «түріктік» сананың тарихын зерделеген түркиялық зерттеуші Танери Айдын өз еңбегінде Осман империясының ыдырау барысында Түркиядағы түрікшілдіктің дамуына көңіл аударады. Осы тұрғыда автор Түркиядағы түрікшілдіктің даму мәселесін Ресей империясының қысымына шыдай алмай эмиграцияға кетуге мәжбүр болған Юсуф Ақшора, Зәки Уәлиди Тоған және Түркістандағы түрікшілдіктің дәріптеушісі қызметін атқарған Зия Гөкалптың сүбелі үлестерімен байланыстырады. Осының нәтижесінде Түркиядағы түрікшілдіктің дамуында Орталық Азиядан кеткен қоғам қайраткерлері мен ғалымдардың үлесі мол болды деген тұжырым жасауға толық негіз бар. Ал «түркілік» ұғымына келер болсақ, Ресей империясы сонан соң КСРО құрамында түркі халықтарын біріктіруге жетелеген басты фактор, ол Ресей империясының отаршылдық пен қанаушылық саясаты негіз болған деген ойды көптеген ғалымдар қолдайды. Себебі қорғану мақсатында мәдени бірлікке және ынтымақтастыққа бет бұрған түркі халықтарының науқанынан үрейі ұшқан большевиктердің ұстанымы аяқ астынан өзгеріп тұрған. Түркі халықтарының өзара ынтымақтастығы мен мәдени бірлікті идеологияға негіздеп, «пантүрікшіл», «исламшыл», «агресшіл» деген айыптар тағылды және осы бағытта провокациялық саяси жұмыстар атқарылды. Бұл саясаттың нәтижесінде ұлт-азаттық көтерілістерге көшбасшы болған, оны жан-жақты дәріптеген, түркі халықтарының бір қатар ұлттық саяси элитасы «қызыл террорға» ұшырап тәуелсіздік жолында құрбан болды, қалғандары жер ауып, сол жерде саяси-ғылыми күресін жалғастырды. Бұл бұқара халықты «қара түнекке» жетеледі. Сондықтан түркі халықтарының өзара ынтымақтастығы дәстүрлі түрде ежелден жалғасып келе жатқан табиғи үрдіс деуге әбден болады.

Осман империясы кезінде мұсылмандықтың орталығы қызметін атқарып,

батыстың үрейін ұшырғаны тарихтан белгілі. Оның мемлекеттік құрылымы мен ислам философиясын, XIX ғасырдың екінші жартысында түрік ұлтының қалыптасу барысын, қоғамдық-саяси өмірі мен әлеуметтік-экономикалық қатынастарын А.Д. Алдерсом мен Шенел Жемал Осман империясы кеңесі мұрағатынан алынған құжаттар негізінде айқындаған. Осман империясының ыдырауы барысында «түрікшілдіктің» орнына орталық билік «исламшылдықты» ұстану арқылы тұтастықты сақтай аламыз деген. Бірақ «исламшылдық» саясаты Осман империясының құрамындағы славян және араб халықтарын ұысында ұстауына керісінше әсер етті. Осы мәселелерді зерттеген аталмыш ғалымдар Осман империясында ұлттық мемлекеттің қалыптасуын нақты деректер негізінде айқындай білген және «түрікшілдік» қозғалысын Түркия шеңберінде зерделеген. Сол үшін аталған ғалымдардың еңбектері салыстырмалы талдау жүргізу үшін үлкен септігін тигізген. Себебі олардың жұмыстарында Түркия мен Орталық Азия халықтарының арасындағы байланыстарға мән берілген.

Түркістан ұлт-азаттық қозғалысы жылдарында түркі халықтарының өзара ынтымақтастығын зерттеген келесі түркиялық тарихшы Али Бадемжи болып табылады [46]. Ол 1917-1934 жылдар аралығындағы Түркістандағы ұлттық қозғалыспен қорбасыларды және Энвер Пашаның рөлі мен қызметіне байланысты екі томдық еңбегін жариялаған. Автордың Түркістандағы ұлт-азаттық қозғалысын жазу ұстанымы зерттеушілерді қызықтырады. Еңбегінің бірінші томын алты тарауға бөліп қарастырған Али Бадемжи Осман империясын Османлы Түрік империясы деп атап, оның Түркістанмен байланысын зерттеген және түркістандықтардың сол уақытта Энвер Пашаны «құтқарушы» ретінде көргендігін атайды. Осы мәселелерді саралай келе екінші тарауда көне заманнан большевиктердің революциясына дейін Ресей империясының Азиядағы саясаты мен Түркістан өңірін отарлауының барысын айқындаған. Али Бадемжинің еңбегінің басым бөлігі болжауға негізделген, фактологиялық материалдардың аздығы салдарынан еңбегінде жасаған тұжырымдары да бір жақты жасалған. Оның пайдаланған деректерінің шынайылық дәрежесін ғылыми тұрғыдан анықталмағандықтан, еңбегі күмән тудырады. Дегенмен, Али Бадемжинің аталған жұмысында пайдаланған түрік деректері қарастырып отырған тақырыптың кейбір тұстарын аша түсті. Мәселен, Түркістан ұлт-азаттық қозғалысындағы Энвер Паша мен қорбасылар арасындағы ымыралы ұстанымның айқындалуы, түркі халықтарының сол уақыттағы өзара ынтымақтастығының айшықталуына мұрындық болды.

1923 жылы Түркия Республикасы құрылғаннан кейін оның құрушысы М.К. Ататүріктің бастауымен түрікшілдік төңіретіндегі мәселелер түрік халқының ұлттық санасының қалыптасуы бағытында дами бастады. Түркиядағы түркі халықтарының өзара ынтымақтастық мәселесі әлемнің екі бағытта, коммунистік және капиталистік бағытында бөліну салдарынан тек республика шеңберінде қалды. КСРО құрамындағы түркі халықтары «темір тордың» ішінде коммунистік идеологиясы құрсауында қалса, Түркия Республикасының құрылуында эмиграциядағы түрік саяси элитасы елеулі орын ала бастады. Түркия Республикасының саяси-экономикалық дамуы мен ұлттық-мемлекеттік санасының қалыптасуын, ел ішіндегі ұлтаралық қатынастырдың жағдайын, М.К. Ататүріктің зайырлылық пен толеранттық саясатты ұстануы және демократиялық үрдістердің даму мәселелерін Бернارد Левис, Акгүн Сечил, Аныл Чечен, Дервиш Кылынчкая және т.б. маңызды зерттеу жұмыстарын жүргізді. Аталған авторлар түркі халықтарының өзара ынтымақтастығына жалпы шолу жасап, идеологиялық өзгеріске ұшыраған әлемдегі

Түркия Республикасының алатын орны мен қызметіне көңіл аударған. Бернард Левистің жұмысындағы қарастырылған басты мәселе, ол Түркиядағы өнеркәсіп саласының дамуы мен Германия арасындағы тығыз экономикалық байланыстардың эволюциясын зерттелуі. Осы тұрғыда автор елдің қоғамдық-саяси құрылыстың өзгеріске ұшырағандығын және «исламшылдық» идеологиясынан бас тартып, зайырлылық жүйесінің ішіндегі демократиялық үрдістердің дамуын баса зерттеген. Бернард Левистің ғылыми жұмысы түрік тіліне аударылған соң, «*түріктер*» жайлы батыста ежелден қалыптасқан «*варварлар*», «*мәдениеттен жұрдай*» халықтар деген теория мәнін сатылы түрде жоя бастады. Батыс елдері интеграцияға көңіл аударып, Түркияның стратегиялық маңызын ұғынып, елге қыруар инвестициялар құйды. Ел экономикасы өсіп, Түркия қалыптасқан «*қырғи-қабақ*» соғысында НАТО тарапын ұстанды. Міне, аталған зерттеулер түрік халқының даму эволюциясын жан-жақтан айқындап, қиын-қыстау жылдарында КСРО құрамындағы түркі халықтары мен Түркиядағы түрік халқының арасындағы байланыстарын ашуға мүмкіндік береді [47].

Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейін Ресей империясының дамуы коммунистік бағытқа бет бұру салдарынан, КСРО құрамындағы орыс емес, соның ішінде түркі халықтарының тарихына деген қызығушылық батыста арта бастады. Ағылшын, француз, неміс және батыста өмір сүрген бірақ ұлты түрік зерттеушілердің КСРО-дағы өзге ұлттардың ұлт-азаттық көтерілістер тарихына, қоғамдық құрылысы мен Ресей империясының Орталық Азиядағы отаршылдық саясатына назар аударуларының себебі бір жағынан қызығушылықтан туындаса, екінші жағынан антикоммунистік мақсатта жазылған. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін КСРО құрамындағы өзге ұлттардың тарихын зерттеу мақсатында Германияның Мюнхен қаласында арнайы Ресей империясы мен Кеңес өкіметінің тарихын зерттейтін ғылыми-зерттеу институты құрылды. Ол институтта ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізгендердің арасында басым бөлігі эмиграциядағы ғалымдар болып табылды. Тұтас қарағанда түркі халықтарының өзара ынтымақтастығының негізінде Ресей империясының отаршылдық саясатына қарсы бағытталған қозғалыс жатыр деген ойға келген. Батыс ғалымдарының арасында Эдвард Алвордтың, Александр Бенингсеннің, Лемерсье Келкеженің, Елена д'Энкаус Каррераның, Мартин Гилберттің, Мэри Холдсвердтің, Уорэн Чарельз Хостлердің, Джакоб М. Ландаудың, Э. Лазерининің, Алан Морехедтің, С.Зеньковскийдің жұмыстарын ерекше атауға болады.

Батыс ғалымдарының арасында Дэвид Кушнер 1876-1908 жылдары түрік ұлтшылдығының эволюциясына назар аударып, оның шығу себептерін, Танзимат дәуіріндегі түрік ұлтының қалыптасуы мен әдебиетін және мәдениетін зерттеген. Қазіргі түрік ұлтшылдығының ұғымын салыстыра отырып, автор этно-мәдени және этно-символикалық мәселелеріне көңіл аударып, Османшылдық ұғымынан түріктік ұлттық сананың халық арасында сіңірілу барысын зерделеген. Дэвид Кушнер Иерусалимдегі Еврей университеті ислам мемлекеттерінің тарихы кафедрасында жұмыс атқарып, халифаттың және Осман империясындағы ұлттық мәселелерді толықтай зерттеген. Сондықтан оның еңбектері де белгілі бір идеологиялық бағытта жазылғандықтан, ондағы жасалған тұжырымдарында субъективизм бар екендігін нық сеніммен айтуға болады. Себебі Осман империясы тұсында батыста өзекті тақырыпқа айналған «Шығыс мәселесін» зерттеу арқылы ғалымдар ел ішіне іріткі салу тәсілдерін ойластырып отырған. Ал 1948 жылы Таяу Шығыста Палестинадан ойып алынған жерлердің еврейлердің үлесіне берілуі мен онда мемлекеттің

құрылуы, мұсылман және христиан әлемінің арасындағы бәсекелестік пен соғысқа тіреген. Осы бағытта қыруар жұмыстар атқарылған. Дегенмен, Дэвид Кушнердің зерттеулерде түркі халықтарының өзара ынтымақтастығының түп тамырын зерделеуге мүмкіндік беретін фактологиялық материалдар молынан кездеседі [48].

Ресей империясы Кавказ өңірін өзінің құрамына енгізгеннен кейін, бұл жерлерде де рухани отарлау саясатын жүзеге асыру амалдарын қарастырды. Осыған байланысты Ресей империясының отарлық саясатына қарсы әзірбайжан халқы Кавказдағы түркі халықтарының басын біріктіруге кірісті. Әзірбайжанның ұлт-азаттық тарихы мен ұлттық мәселелерді зерттегендердің қатарында Одри Л.Альштаттың ғылыми еңбектерін атауға болады [49]. Автор, әзірбайжан ұлттының бірегейлігін зерттей отырып, «әзірбайжан түріктері» деген этникалық атауды пайдаланады және олардың Ресей империясына қарсы бағытталған мәдени күресін сипаттайды. Одри Л.Альштат Әзірбайжан Республикасының құрылуы мен дамуына шолу жасап, коммунистік биліктің демографиялық саясатын жан-жақты зерттеген. Оның жұмысынан фактологиялық материалдарын пайдалана отырып, ХХ ғасырдың бірінші жартысында түркі халықтарының өзара ынтымақтастығының дамуындағы әзірбайжан ұлттық саяси элитасының рөлі мен қызметіне баға беруге болады. Әзірбайжан халқының ұлттық-тәуелсіздік қозғалыс тарихын түркиялық тарихшы Хусейн Байкара да зерттеген. Бұл автордың ұлттық мәселеге байланысты тұжырымдары мен түркі халықтарының өзара ынтымақтастығы туралы пікірлері Одри Л.Альштаттың пікірлерімен үндесіп келеді.

Әзірбайжанның Нахычиван және Зэнкәзүр өңіріндегі большевиктердің жүргізген саясатын мұрағат құжаттары негізінде зерттеген әзірбайжандық тарихшы И.Мусаев, 1917-1921 жылдары большевиктердің «қанды террорды» барлық аймақтарда аяусыз жүзеге асырғандығын тілге тиек етеді. Сондықтан оның жұмысы Түркістан мен Әзірбайжандағы ұлт-азаттық қозғалыстарын салыстыра отырып, түркі халықтарының өзара ынтымақтастығын салыстырмалы түрде зерделеуге жол ашты.

Әзірбайжан мен Еділ-Орал төңіретіндегі түркі халықтарының өзара ынтымақтастығына назар аударып, Ресей империясында «түрікшілдік» қозғалысын зерттеген Мехмет Эмин Расул-Заде, А.Аршаруни және Х.Габидуллиннің еңбектерінде түрікшілдіктің негіздері, салдарлары мен бұл қозғалыстың ұлттық-тәуелсіздік жолындағы мәдени күрес болғандығы туралы тұжырымдар орын алған.

1924 жылы Орта Азияны межелеу саясатын жан-жақты зерттеген және сол уақыттағы В.И. Лениннің ұстанымы мен социалистік республикалардың пайда болуына ден қойып, мұрағат құжаттары негізінде қарастырған А.Нұсыпбеков, бұл мәселенің салдарларына назар аударған. Стратегиялық тұрғыдан алғанда, ұлтшылдықты большевиктер пролетарлық интернационализмнің қалыптасуына кедергі ретінде қабылдады және болашақта оны жою керек еді. Сонымен бірге, революциядан кейін Ресейдің ұлттық аймақтарында жергілікті «ұлтшылдықтың» кең таралуы Ленинді «қысым көрген халықтардың» ұлттық ұмтылыстарын елемеу, керісінше, олардың күшеюіне әкелуі мүмкін деген қорытындыға әкелді. 1920 жылдардың басында РКП (б)-ның ұлттық саясаты, ол социализмді құру стратегиясын белгілі бір ұлттық аймақтағы ұлттық мәселе бойынша дискурспен байланыстыру ниетімен икемділік пен оппортунизмнің жоғары деңгейімен сипатталды. Мәселенің тарихнамасында большевиктер бөлшектеу процесінде аймақ халықтарын бөлу және оларға қарсы тұру мақсаттарын қоймады, керісінше халықты және оны ірі ұлттарға біріктірудің критерийлерін табуға тырысты деген пікір айтылады. Бөлшектеу кезеңінде пайда болған аумақтық даулардың ауырлығы өмір салты мен үй

шаруашылығындағы айырмашылықтарға байланысты жекелеген түркі халықтары арасында қалыптасқан этникалық шекаралардың дәлелі ретінде түсіндіріледі.

Түркі халықтарының өзара ынтымақтастығын зерттеу барысында сталинизм заманындағы түркі халықтарын зорлықпен Орта Азия мен Қазақстан жерлеріне қоныстандыру саясатын жанама фактор ретінде қарастыруды жөн көрдік. Екінші дүниежүзілік соғыс қарсаңында фашистік Германия мен Түркияның арасында ымыралы ұстаным болуы мүмкін деген сылтаумен Сталиннің шешімімен Кавказдағы түркі халықтары Орта Азия мен Қазақстан жерлеріне зорлықпен қоныстандырылды. Бұл тақырыпқа деген қызығушылық 1980-1990 жылдары артып, Әзірбайжан, Кабардин-Балқар, Қарашай-Шеркес, Өзбекстан, Қырғызстан мен Қазақстанда зерттеу жұмыстары көбейді. Кавказдағы түркі халықтарын «*мемлекеттік билікті мойындамай таулы халықтар*», «*коммунизмнің жаулары*» деген сылтаумен оларды «жазалауда» түрлі тәсілдер пайдаланып, бір күннің ішінде мыңдаған халықтың тағдарына «террор» ұйымдастырылып, геноцид жасалды. Бұл тақырыптың себептері мен барысын, қоныстанған елдердегі жағдайын зерттегендер қатарында Г.Г. Вормсбехердің, Н.Ф. Бугайдың, Б.Н. Курашвилинің, Т.М. Бороевтың, Р.М. Бороевтың, К.Чомаеың, В.Брошеванның, П.Тыглиянцтың, А.Малиновскийдің, В.Дизендорфтың т.б. жұмыстарын ерекше атауға болады.

Мұрағат материалдарының едәуір жиынтығын зерттеген Н.Ф. Бугайдың деректеріне сүйенсек, 1943 жылдың соңында қалмақтар 91919 адам жер аударылды. П.Поляанның пікірінше, қалмақтарды, қарашайларды, шешендерді, ингуштарды, балкарларды және қырым татарларын жер аудару табиғаты жағынан алдын-алу емес (Еділ немістеріндегі сияқты), бірақ соғыс кезінде немесе Кеңес кезіндегі оларға қарсы жасаған қылмыстары үшін «өш алу» іс-әрекеттері болды [50]. Сталиннің бұл саясатының түпкі мақсаты Қазақстан мен Орта Азияда жергілікті ұлттың пайыздық көрсеткішін төмендетіп, қажетті кезде «сенің ұлтың - түрік немесе ингуш, қарашай, ноғай т.б.» деп ұлттаралық қақтығысты тудыру болып табылды [51]. Осыған қарамастан, Қазақстанға келіп қоныстанған түркі халықтары мен қазақ халқы арасында достық, туыстық байланыстар орнатылды. Оның дәлелі ретінде қазіргі кездегі Қазақстандағы тұрақтылықты айтуға болады.

Қазақстан жерлеріне зорлықпен қоныстандырылған түркі халықтардың тағдыры арнайы зерттеу нысанына айналып, 1998 жылы Ғарифолла Әнестің құрастыруымен «Депортированные в Казахстан народы» атты еңбек жарық көрді. Бұл еңбекте М.К. Қозыбаевтың, Ж.Б. Абылхожинның, Е.Ж. Уәлихановтың, Қ.С. Алдажұмановтың, Ғ.Әнестің және т.б. ой-толқулары, ҰҚК-і мұрағатынан алынған құжаттар жинақталып берілген.

Сталиндік биліктен кейін орнына келген әкімшілдік-әміршілдік жүйесі құрылып, түркі халықтарының өзара ынтымақтастықтың дамуын тек социалистік республикалар арасындағы мәдени байланыстар шеңберінде ұстанған. Түркі халықтарының «сен қазақсың», «сен өзбексің», «ал сен қырғызсың» т.б. деген бөлушілік саясатын шеберлікпен дамытты. Осыған қарамастан түрікшілдік пен түркі халықтарының өзара ынтымақтастық тарихын зерттегендер де болды. Көне түркі халықтары мен ғұндардың, сақтардың, Шыңғысханның заманындағы түркі халықтарының қоғамдық-саяси және экономикалық даму тарихын Л.Н. Гумилев зерттегені баршаға аян. Кеңес өкіметі жылдарында түркі халықтарының тарихына мән беріп, О. Сүлейменов та зерттеу жұмыстарын жүргізген. Ал Ш.Айтматовтың әдеби шығармаларын бүкіл әлем танитын болды.

Кеңес өкіметі ыдырағаннан кейін түркі халықтарының өзара ынтымақтастығы

тәуелсіз республикалар деңгейінде, тең құқықты даму бағытында жүргізілуде. Тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейін түркі халықтарының ынтымақтастығы мен оның стратегиялық бағыттары мен даму үрдісі Н.Ә. Назарбаевтың еңбектерінде нақты жазылған. «Тәуелсіз Қазақстанның стратегиялық қалыптасуы мен дамуы» атты еңбегінде Н.Ә. Назарбаев республикамыздың даму бағыттарын белгілеп, бірінші кезекте аймақтық, яғни көрші Өзбекстан, Қырғызстан, Түрікменстан мен Тәжікстан арасындағы экономикалық және саяси байланыстарды күшейтуге назар аударады. «Десять лет независимости: мир, прогресс и общественное согласие» атты еңбегінде Н.Ә. Назарбаев Қазақстанның өткен жолын, көпвекторлы саяси ұстанымын жан-жақты зерделеп, талдауын жасаған және осыған байланысты еліміздің даму бағытын келесі жылдарға бағыттап берген.

Тәуелсіздіктеріне қол жеткізген Түркі мемлекеттерінің сыртқы саяси және халықаралық байланыстардың қылаптасып, дамуы туралы бірқатар саясаттанушылардың, тарихшылардың, экономистер мен заңгерлердің т.б. зерттеушілердің ғылыми жұмыстары жарық көрген. Олардың басым бөлігі мемлекеттердің белгілі бір саласы мен екі екі ел арасындағы байланыстарына арналған. Мәселенің кешенді түрде зерттелуі бүгінгі таңға дейін арнайы зерттеу нысаны болмағандықтан, бұл тақырыптың өзектілігін тағы бір рет дәлелдейді.

Бастапқы жалдары тәуелсіздіктеріне қол жеткізген Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Түрікменстан мен Әзірбайжан республикалардың алдында ұлттық-мемлекеттік пен тең құқықты мемлекеттің тұғырын көтеру күттірмейтін мәселелердің біріне айналды. Әсіресе ұлттық қауіпсіздік пен оның жүйесі, шекараларды белгілеу мен аталған республикалардың халықаралық деңгейге шығуы мәселелерін ғылыми тұрғыдан зерттеудің маңызы артты. Бұл мәселемен айналысқан зерттеушілердің қатарында Ж.М. Абдильдиннің, Г.Ақмағамбетовтың, К.Баекеновтың, А.Бисенбаевтың, А.Н. Нысанбаевтың, М.М. Тажиннің, М.Б. Татимовтың, Г.Б. Ханның және т.б. жұмыстарын атауға болады.

Жанадан бой көтерген тәуелсіз Түркі мемлекеттердің арасындағы ынтымақтастықтан үрейі ұшқан және Түркияның бұл республикаларға деген қызығушылығын қайтадан «пантүрікшілдікпен» айыптаған жұмыстар көбее бастады. Олардың арасында А.Г. Здравомыслов пен В.Тишковтың жұмыстарын мысал ретінде келтіруге болады. Себебі, аталған зерттеушілердің еңбектері іспетті жұмыстар Ресейде көптеп шыға бастады. Түрік республикалардың ынтымақтастығын қауіпті деп білген зерттеушілер, саясаттанушылар мен тарихшылар, өзге де мемлекеттік мекемелерде қызмет атқаратын сарпашы сымақтар саяси тұрақсыз аймақтар туралы жазып, мәселені тақырып етті және Түркі республикалардың этникалық немесе полиэтникалық жағдайын зерделей бастады.

1991 жылы Мәскеуде болып өткен «төңкеріс» Кеңес өкіметінің ыдырауына өз нүктесін қойды. Осыған қарамастан орталық билік бұрынғы жүйені қалпында сақтап қалу шараларына кірісті. Бірақ ол күттірген нәтижені бермеді. Ал Түрік мемлекеттері арасында Өзбекстан Республикасы 1990 жылдың өзінде ақ тәуелсіздігін жариялап қойған еді. Өзбекстан Республикасының ұлттық-мемлекет ретінде қалыптасуы мен ондағы демократиялық үрдістердің мәнін И.А. Кәрімов өз жұмыстарында көрсеткен. Сонымен қатар Өзбекстанның әлем деңгейіне шығу, ондағы интеграциялық үрдістер мен көрші елдер арасындағы байланыстардың дамуы, сыртқы және ішкі экономикалық қатынастардың дамуы, мемлекеттік құрылысы мен жалпы тәуелсіз елдің стратегиялық дамуы туралы үш томдық еңбегі жария етілді.

1990 жылдың екінші жартысынан Қазақстан Республикасының ұлттық-мемлекеттік тарихына деген қызығушылық артып, мемлекеттің жалпы әлем деңгейіндегі беделін, оның халықаралық байланыстарын, көпвекторлы саясатының мазмұнын ғылыми тұрғыдан қаламға алған қазіргі Президент Қ.К. Тоқаевтің еңбегін атауға болады. Қазақстан Республикасының сыртқы саясатының қалыптасуы мен дипломатиялық қызметтің бағыттарын, жаһандану барысындағы сыртқы экономикалық қатынастардың дамуы туралы Қ.К. Тоқаев келесі бір ғылыми жұмысында да айқындаған 2002 жылдың 4 мамырында Қазақстан Республикасының Консультативті кеңесінде сөз сөйлеген Қ.К. Тоқаев былай деген: *«Екі континентте де мығым қадам басып келе жатқан Қазақстан Республикасы Еуразиялық құрлықтағы ірі мемлекеттердің қатарына кірді. Біз өзімізді тар географиялық ұғымдағы Орта Азиялық аймақта шектеуімізге болмайды. Екінші жақтан өзімізді шашыраңқы ұстағанымыз да дұрыс емес шығар. Дегенмен, көпвекторлы, жан-жақты дипломатияның өзіне тән приоритеттері болуы қажет».*

Түркі халықтарының өзара ынтымақтастығын айқындайтын Сыртқы Істер министрлігінің есептері бар. Осы есептерді сараптай отырып Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Түрікменстан, Әзірбайжан және Түркия арасындағы саяси-дипломатиялық, экономикалық және мәдени салалардағы байланыстарды зерделеуге болады.

Қазақстанның халықаралық деңгейдегі сыртқы саясаты мен Түркі мемлекеттері арасындағы байланыстарды өзекті тақырып ретінде зерттеген ғалымдарымыздың саны күн өткен сайын артып келеді. Бұл бағыттағы зерттеулерді жүргізгендердің қатарына У.Касеновтың, С.Турсуновтың, М.Лаумулиннің, Л.Бакаевтың, Ж.Байсалбаеваның, С.Кушқумбаевтың жұмыстарын ерекше атауға болады. Қазақстан Республикасы әлемдік деңгейге шыққан күннен бастап, оның БҰҰ-ы мен байланыстарын зерделеген және осыған байланысты көптеген мұрағат құжаттары мен қатар ресми құжаттарды ғылыми айналымға тарта білген А.Арыстанбекованың еңбегі құнды болып табылады. Автор еліміздің БҰҰ-на мүше болу үрдісін, ондағы рөлі мен қызметін және аталған ұйыммен арасындағы байланыстарының даму стратегиясын нақты зерттеген.

Орталық Азия республикаларының сыртқы саяси бағыттары мен өзара қарым-қатынас тарихын А.Сарсенбаев, М.Биекенов, Ж.Бисенбаев, А.Бижанов, Ж.Жүнісова және т.б. зерттеген. Олардың жұмыстарында Орталық Азия елдерінің арасындағы шекара мәселенің шешілу заңдылықтары, шекаралық қауіпсіздік мәселелері мен өзара экономикалық ынтымақтастық келісімдері және мәдени байланыстары, соның ішінде халықаралық ынтымақтастығы нақты деректер негізінде айқындалған.

Монографияның мазмұнын жан-жақты ашуға, Түркі мемлекеттердің арасындағы екілі жақты келісімдерді көрсете білген А.Т. Ибраев пен Ж.А. Буламбаевтың жұмысы маңызды болып табылды.

Еуропалық Одақ пен Н.Ә. Назарбаевтың Орталық Азия мемлекеттерінің Одағы идеясын салыстыра отырып мынандай қорытынды жасауға болады. Еуропалық Одақ құрылу эволюциясына көз қырымызды салатын болсақ, ондағы мемлекеттер экономикалық ынтымақтастыққа қол жеткізу үшін үш жүз жылдан астам уақытты сарп етті. Неге деген сұрақ туындайды. Себебі батыстың энерго байлықтары тапшы, олар технологияны дамытып, экономикалық деңгейін біріге көтеруде.

Қазіргі уақытта халықаралық саяси жағдай түбегейлі өзгерді деп айтуға болады. Бүгінгі таңда Еуропалық Одаққа мүше болу болашағының шынайылығы

туралы, сонымен қатар жақында «НАТО-ның Шығыстағы форпосты» рөлінен тәуелсіз геосаяси ойыншы рөліне көшкен сайын Түркия өзінің сыртқы саясатында тәуелсіздік деңгейінің өсіп келе жатқандығын көрсетіп, Түркі мемлекеттері мен өзара интеграциясына үлкен мән беруде. Қазіргі таңда шикізат өндірісімен Орталық Азия Республикаларының барлығы өзара интеграциялық үдерістерге енуге асықпай отыр. Жыл сайын өтетін Түркі мемлекеттерінің саммитінде алынған қарарлар қаншалықты деңгейде жүзеге асуда деген сауал туындауда.

Жалпы алғанда ХІХ ғасырдың соңы мен бүгінге дейінгі аралықта түркі халықтарының өзара ынтымақтасытығының тарихы кешенді, тұтас зерттеу нысаны ретінде тұңғыш рет қолға алынып отыр. Сондықтан еңбектердің жариялануына мән беріліп, хронологиялық, теориялық-әдістемелік, идеологиялық сипаты негізінде сатылы түрде революцияға дейінгі орыс ғалымдарының, кеңестік заманындағы, батыстық, түркиялық, өзбекстандық, татарстандық, отандық және т.б. деп қарастырылды. Түркі халықтарының тұтас тарихнамасын айқындау барысында өзге де түркі тарихшылардың, ғалымдардың, саясаткерлердің ғылыми жұмыстары назардан тыс қалмады. Олардың еңбектеріне монографияның ішкі мазмұнында сараптама жасалған.

1.3 Тақырыптың деректік негізі

Түркі халықтарының өзара ынтымақтастығының даму тарихын зерттеу барысында көптеген мұрағаттық құжаттар ғылыми айналымға тартылды. ХІХ ғасырдың екінші жартысы мен бүгінге дейінгі кезең қамтылған соң, Ресей Федерациясының тарихи-әскери мұрағаты (РФ ТӘМ), оның құрамындағы Башқұртстан Республикасының Орталық мемлекеттік мұрағаты (БР ОММ), Татарстан Республикасының Ұлттық мұрағаты (ТР ҰМ), Түркия Республикасының Премьер-министрінің мемлекеттік мұрағаты (ТР П-МММ), Анкара қаласындағы Ұлттық кітапханының сирек қорлары, Осман империясының кеңсесі материалдары (ОИ КМ), Өзбекстан Республикасы Орталық мемлекеттік мұрағаты (ӨР ОММ), Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік мұрағаты (ҚР ОММ), Қазақстан Республикасы Президентінің мұрағаты (ҚР ПМ), Қазақстан Республикасының Астанадағы ұлттық мұрағаты (ҚР АҰМ) мен осы күнге дейін жинақ ретінде жарық жарық көрген мұрағаттық топтамалары зерттеу жұмысының басты нысаны ретінде сарапталды. Сондықтан бұл бөлімде түркі халықтарының өзара ынтымақтастығының даму тарихының деректік негізіне талдау жасалады.

Кеңестік дәуірде мемлекеттік мұрағаттарда түркі халықтары тарихының көкейкесті мәселелеріне қатысты репрезентативтік дереккөзінің толық болмауы және қалыптасқан саясат әсері отандық тарих ғылымының мүмкіндігін шектеп, ғылыми зерттеуге бөгет болды.

Қазақстан аймағын төңкеріске дейінгі және кеңестік кезеңдеріне тән басқаруды ұйымдастырудың өзіндік ерекшеліктеріне байланысты тарихи құжаттардың елеулі бөлігі шектес мемлекеттердегі әртүрлі мұрағаттық мекемелерде қалғаны рас. Ұйымдастырылған экспедициялар нәтижесінде қазақ және көрші елдердің тарихы бойынша неғұрлым құнды деректі материалдар комплексі Ресей Федерациясы мен Өзбекстан Республикасының мұрағаттық және ғылыми мекемелерінде, жекелеген фрагменттері алыс шет елдердің ғылыми мекемелерінде екендігі анықталды. Ортақ түркі тарихына қатысты құжаттарды немесе олардың көшірмесін алу ХХ ғасырдың 30-60 жылдары көтерілген болатын, бірақ кеңестік саясат әсерінен мардымды жұмыс

жасала қоймады.

Н.Ә. Назарбаев 2001 жылы Тәуелсіздіктің 10 жылдық мерекесінде М.Шоқай мұрағатының микрофильмдерін (6 мың парак, Франциядан) Ұлттық мұрағат қорына табыс етті. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 11 маусымда № 797 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында мұрағат ісін дамытудың 2001-2005 жылдарға арналған бағдарламасының 15 тармағына сәйкес шетел мемлекеттері мұрағаттары мен ғылыми мекемелерінен Қазақстан тарихы бойынша Қазақстан Республикасы үшін тарихи және мәдени құндылығы бар құжаттарды іздестіру және олардың көшірмелерін алу жұмыстары алғаш рет жоспарлы түрде жүргізіле бастады.

Шетел мұрағаттарынан, ғылыми мекемелері мен кітапханаларынан құнды құжаттарды іздестіру, көшірмелерін алу жұмыстары Қазақстан Республикасының 2004-2006 жылдарға арналған «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы аясында жалғасын тапты. Осы жылдар аралығында Ресей мұрағаттарынан қазақ хандықтарының Мәскеумен, Ресей империясымен, жоңғарлармен, қалмық, башқұрттармен, Бұхара, Хиуа, Қоқан хандықтарымен саяси және экономикалық қарым-қатынастары, XVIII-XIX ғасырлардағы картографиялық материалдар, қазақтардың орыс отарлауына қарсы ұлт-азаттық қозғалыстары, Алаш зиялылары қозғалыстарының тарихы, Қазақстан аумағындағы азаматтық соғыс туралы деректер, Қазақстанның әскери тарихына, ұлт-азаттық көтерілістері, жер қатынастары, байларды жер аудару, тәркілеу, ұлттық саясат, ұжымдастыру т.б. мәселелер туралы құжаттары анықталды. Олардан 1580-1991 жылдар аралығын қамтитын 149 мыңнан аса кадр шағын фильм, 9217 парак ксерокөшірме, 7341 ридерпринтерлік көшірме, 1819 фотонегатив, 113 түрлі-түсті слайд, 52 киноқұжат каталогтары сатып алынды.

Түркия Республикасының Мұрағаттар басқармасынан 37-ші құжаттар жинағы, каталогтар, анықтамалар, Республика архивінен, Тарих құрымы мұрағатынан Түркияда жарық көрген Қазақстанға қатысты мақалалар мен кітапшалар тізімі, Османлы архивінен Қайыпханның Осман сұлтанымен жазысқан хаттары, жіберген елші мен сыйлықтары жөніндегі деректер, Черняевтың Қазақстаннан Ресейге жаңа сауда жолын салуы, қоныс аударған орыс казактары, қазақ саудегерлеріне Османлыға баруға рұқсат берілуі, Түркістаннан келген қажылар, Түркістан, Каспий және Жетісу әскерлеріне қатысты, қазақ көшпенділері туралы XVIII-XX ғасырға қатысты 238 парак құжат алынды. «Түркі әлемі зерттеу қорынан», «Аяз Тахир Түркістан Еділ-Орал қорынан», Баймирза Хайт кітапханасынан Қазақстан тарапына 26 кітап, 28 журнал сыйға тартылды.

Түркияға келген алғашқы қазақтардың мекені болған Ниде облысының Ұлықышла ауданындағы Алтай ауылынан қазақтар көшіне қатысты жалпы саны 2 қолжазба, 43 фотосурет, 3 бейнекөрініс алынды. Түркияда тұратын қазақтар қорын біраз жыл басқарған Сыдықхан Ұлычай 5 кітап, 6 журнал, 1 қолжазбаны сыйға тартты: Г.Ж. Қазақбаласы «*Көштен кейін*» кітабы, түрік тілінде, Мәрия Шоқай естеліктерінің түрік тіліндегі нұсқасы, Мехмет Қатып «*Қашқар тарихы*» кітабы, Мухаррем Ергіннің «*Қорқыт ата кітабы*» туралы, Қожа Ахмет Яссауидің хикметтері шағатай тілінде (көшірмесі) және «*Йени Түркістан*» журналының 6 саны (түпнұсқа даналары), Зәки Уәлиди Тоғанның «*Түркістан жағрафия тарихы*» дәрістер жинағының қолжазбасы алынды. Осы аталған құжаттар мен деректерге жалпы шолу жасалып, түркі халықтарының өзара ынтымақтастығының негізгі бағыттары сараланды.

Татарстан мұрағатынан 400-ден аса миссионерлік туралы, мұсылмандық, ислам ісі жөнінде, әліпбиге, Ы. Алтынсаринге, Жәңгір ханға қатысты деректер,

А.Бірімжанов, А.Сейдалин, Р.Мәрсеков, И.Қашкынбаев және т.б. тұлғалардың жеке істері зерделенді.

Осылайша Ресей, Қытай, Түркия, Ұлыбритания, Германия. Франция мемлекеттердің мұрағаттары, кітапханалары мен ғылыми мекемелерінен мыңдаған құжаттық деректер, жүздеген қолжазбалар мен сирек және ғылыми басылымдар алынып, казакстандық деректану базасы толығып, кеңейе түсті. Бірақ, бұл Қазақстан тарихына қатысты әлем мұрағаттарында жинақталған деректердің бір бөлігі ғана. Сонымен бірге Еуропадағы эмигранттардың саяси қызметін жүйелеген-азапталған халық өкілдерінің «Прометей» лигасының басқарушы органына әр ұйымнан екі өкіл енген, оның құрамына Түркістан Ұлттық комитетінен де өкілдер болған.

Ресей империясының Түркістанды отарлауының басты факторлары мен генерал-губернаторлардың саясаты мен өлкедегі қызметі жайлы деректер Ресей Федерациясы әскери-тарихи мұрағатынан алынды. 1864-1914 жылдар аралығын қамтитын «Түркістан генерал-губернаторы» деп аталатын 1394 -қордан (32 -тізбе) Түркістан әскери округын басқарған К.П. Кауфманның (1867-1882 жылдары) аймақтағы түркі халықтарына қарсы ұстанған саясаты, бұл жердегі халықты орыстандыру мен Ресей империясының билігін мойындату үшін, атқарған шаралары жайлы деректер, К.П. Кауфман мен патшалық Ресейдің сол уақытта Әскери министрі қызметін атқарған Д.А. Милютин арасындағы хаттар, генерал-лейтенант М.Г. Черняев (1882-1884 жылдар), генерал-лейтенант Н.О. фон-Розенбах (1884-1889 жылдар), генерал-лейтенант, барон А.Б. Вревский, С.М. Духовский (1889-1901 жылдар), Н.А. Иванов (1901-1904 жылдар), Н.Н. Тевящев (1904-1905 жылдар), Д.И. Субботич (1905-1906 жылдар), генерал Е.О. Мацевский, Н.И. Гродеков (1906-1908 жылдар), П.И. Мищенко (1908-1909 жылдар), А.В. Самсонов (1909-1914 жылдар), Ф.В. Мартсон (1904-1916 жылдар), М.Р. Ерофеев, А.Н. Куропаткин (1916-1917 жылдар) туралы жинақталған мұрағат құжаттары қарастырылды.

Ресей империясының Түркістан өңіріндегі әскери қимылдары, 1867-1871 жылдар аралығындағы орыс әскерлерінің жылжу барысы туралы есептер жинағы, Орал, Ақмола, Семей және Орта Азиядағы орыс әскерлерінің әскери-саяси соғыс жүргізу жоспарлары мен басшылардың отырыс хаттамалары, 1873 жылы Хиуа хандығына жасалған жорықтар мен Д.А. Милютиннің бұйрықтары, Арал флотилиясы мен Хиуа хандығындығы туралы стратегиялық есептер мен түрік эмиссарлары деп атаған саудегерлер туралы деректер «Әскери-оқу мұрағаты» деп аталатын 846 қорда жинақталған. Бұл қордағы мұрағат материалдары Түркістан өңіріндегі саяси ахуал мен түркі халықтарының өзара байланыстарын анықтауға мүмкіндік тудырды. Сонымен қатар «Әскери министрліктің саяси басқармасы мен Жоғарғы қолбасшы және Министр төрғаның әскери кабинеті» деп аталатын 366 қордан Әскери министрліктің кабинет бастығы мен А.Ф. Керенскийдің Түркістан өңіріне бағытталған бұйрықтары, Уақытша үкіметтің ережелері мен 1917 жылғы жалпы саяси жағдайды анықтауға мүмкіндік беретін деректер, Әскери министрліктің жанындағы комиссияның отырыс хаттамалары, 1917 жылдың мамыр-қазан айларындағы Уақытша үкіметтің отырыс хаттамалары т.б. тақырыпқа тікелей қатысы бар деректер зерделенді.

Ресей империясының агентуралық хабарлар мен түрік эмиссарлары жайлы мәліметтер «Ішкі істер министрлігі департаменті» деп аталатын 102 қордан материалдар кеңінен пайдаланылды. Бұл қорда Ресей татарларының 1894 жылы Түркияға қоныс аудару туралы ықыластары туралы деректер, сонымен қатар губерниялық жандармерияның 1990 жылғы хабарларламар мен есептері, Еділ-орал

төңіретіндегі түркі халықтарының Түркиямен өзара байланыстары жөніндегі құжаттар бұл жұмыста жан-жақты пайдаланылды.

Татарстан Республикасы Ұлттық мұрағатынан Қазан Рухани академиясы деп аталатын 10-шы қорда жинақталған мұрағат құжаттары, орыс миссионер-ғалымдарының татарларды шоқындырудағы негізгі жұмыстары, Синодтың бұйрықтары мен циркулярлары, Қазан Рухани академиясының ХІХ ғасырдың екінші жарысыншы отырыс хаттамалары, цензуралық комитеттеріндік құрылуы, орыс-татар және орыс оқу орындарының қызметі жайлы есептер, миссионерлік мектептердегі оқытушылар мен студенттер туралы мәліметтер татар, араб, түрік және орыс тіліндегі жинақталған деректер аталған қордан пайдаланылды.

Татарстан Республикасы Ұлттық мұрағатын сараптау барысында кең көлемде жеке қорлар қарастырылды. Жеке қорлардың арасында «Ильминский Николай Иванович» деп аталатын 986-шы қордағы материалдар өте маңызды болып табылады. Бұл қордағы деректер Ресей империясының түркі халықтарына қарсы жүзеге асырған шараларды сараптауға мүмкіндік берілген. Бірақ Н.И. Ильминскийдің түркі халықтары арасында халық ағарту ісінің көптеген мәселелерін талдаудағы мұрасын жоққа шығару дұрыс болмаған болар еді. Н.И. Ильминскийдің «Өздігінен орыс тілін үйренуші қазақтарға көмекші оқу құралы» қазақ тіліндегі бірінші оқу құралы болды. Оны құрастырғанда Н.И. Ильминский орыс тіліне оқытуда қазақ тілі орыс тілімен салыстыру қағидасын ұстанды. Бұл оқу құралына Ы.Алтынсарин өте жоғары баға берді. Н.И. Ильминскийге 1877 жылдың 18 маусымында Ы. Алтынсарин «Соңғы кезде біздің ел арасында көп жайылып кеткен әртүрлі дау-жанжалдарды тию үшін бүкіл уезді аралап, ұзақ уақыт командировкада жүргендігімнен, көптен бері Сізге хат жазып, өзім туралы хабар бере алмадым. Маған тапсырылған бұл жұмыстарды ойдағыдай орындап, қырдан тек жуырда ғана қайттым; енді Сізге менің өзім, үй ішім, құдайға шүкір, аман-есен, сол туған жерім Торғайда тұрып жатқаным туралы хабар беруге асығып отырмын. Оқытушылар семинариясының ашылуы, өзіңізге де ендігі мәлім болар, белгісіз уақытқа, кейініге қалдырылып отыр. Осы жылғы март айының ішінде мен, Катаринский арқылы, қазақ мектептерін басқаратын инспектордың көмекшісі болып қызмет ет деген ұсыныс алдым; оның тұратын жері Гурьев немесе Хан ордасы болатын көрінеді. Бұл маған онша қолайлы болмайтын болса да, қызметімнің түрін өзгертейін деген оймен, бұл қызметке баруға ризашылығымды білдірдім. Мұның қолайлы болмайтын себебі: мен үлкен бедел алып отырған туысқандарымның және таныс халықтың арасынан алысқа кеткелі отырмын, мұнда, менің, жаңадан қолға алған қызметтерімнің бәрі де көңілдегідей болар еді; ал Орал қазақтарына мен тіпті таныс емеспін, екіншіден, қырдағы тәуір деген шаруашылықтардың бірі бола бастаған өз шаруашылығымнан да алыстаймын, және үшіншіден, сізден жасыратыны жоқ мен сірә бастықтармен жақсы істесе алмаспын, сондықтан бастықтардың жанында, бағынышты болғандықтан өз ойымша ешнәрсе істей алмайтын жерде болғанымнан гөрі шет түкпірде қызмет еткенімді тәуір көремін. Семинарияда болсам бір сәрі еді, өйткені бұл мүлдем жаңа оқу орны, оған жергілікті жағдайларға қарай жаңа тәртіптер енгізу керек. Бұл сияқты жұмысқа ілкі кезінде мен сыяқты, білімі шамалы, бірақ халыққа деген сүйіспеншілігі мол қазақтың араласуы қажет те ғой. Семинарияда мен қандай қызмет атқарсам да өз орнымда болар едім, өйткені, ол қазақ даласының шығыс жағында болмақ, ал ол жақта мен өз адамымын. Мұндай шын игілікті істің ашылуына сенімім зор, мұнымен салыстырғанда қазақ арасындағы халық мектептерінің бәрі де жай нәрсе.

Мен ел аралап кеткендігімнен міне үш ай бойына, менің оқу құралым баяғы күйінде қалып қойды. Оны қазір де қолға ала алмаймын-ау деп отырмын. Өйткені уездік басқармада жұмыстың көптігі сонша, одан күндіз де, түнде де бас көтере алмаймын; сондықтан, егер

жаңағы айтқан қызметіме баратын болсам, бұл кітабымды сол Орал облысына барып аяқтайтын болармын. Сіздің самоучителіңіз қазақ арасында таратылды, кейбіреулер ақшасын әлі төлеп болған жоқ, сондықтан Яков Петрович, бұл ақшаны солардың бәрінен түгел жинап болғаннан кейін жібермекші. Яков Петровичтің айтуына қарағанда, жаратылыс тарихы да алынған екен, бірақ ол оның ақшасын сізге жіберген, жібермегенін білмей отырмын, қалай болған күнде де жуырда мұның бәрі істелмек» деп хат жіберген. Осы іспетті хаттар мен Н.И. Ильмискийдің түркі халықтарын ажыратып, олардың әрбіріне тиесілі әліппенің дайындалу қажеттілігі жайлы көзқарастары құжаттар аталған қорда молынан кездеседі.

Түркия Республикасы Премьер-министрінің мемлекеттік мұрағатынан түркі халықтары ынтымақтастығының негізгі дамуын айқындайтын 6-шы қор Мемлекеттік мұрағаттардың директорлығы, 50-шы қор Түркістанға байланысты шешімдер, 258-ші қор Өзбекстан мен Тәжікстан арасындағы байланыстар туралы, 3-ші қор Кавказдағы мұсылмандардың жағдайы, 609-шы қор Қытайдың Шығыс Түркістандағы саясаты, 4-ші қор Түркістандағы мұсылмандардың жағдайы, 229-шы қор Германияның Түркістан туралы ақпараттық материалдар, 611-ші қор Зәки Уәлиди Тоған туралы хабарлар алынған.

Түркия Республикасы Премьер-министрінің мемлекеттік мұрағатында Уәли Каюмханның өзін Түркістан Ұлттық бірлік комитетінің басшысы ретінде көрсетіп, Түркия Республикасы мәжілісіне жіберген хаты 6-шы қордан алынды. Онда Уәли Каюмхан Түркия Республикасын Түркістандағы Ұлттық комитетіне материалдық және рухани көмек беру өтініші сақталған. Бұл хат 18 тамыз 1945 жылы тіркелген. Хаттың негізгі мазмұнына үңілетін болсақ, онда Түркістан легионы туралы хабар берілген. Жалпы Германиядағы түркі халықтары туралы хабарды бере отырып, Уәли Каюмхан, Түркиямен тығыз байланыс орнатуды көздегені айқындалды.

ТР П-МММ қорларында Түркістан тарихына байланысты көптеген материалдар кездеседі. Оның ішінде 50-ші қордан алынған «Түркістан» журналының жариялануы туралы деректерді атауға болады. 1920-1922 ылдары аралығында М.Шоқай Түркияда болған кезде, сол уақытта осы «Түркістан» жулшалына жариялаған мақалалары балуы мүмкін, Осы қордан 1956 жылдың 7 тамызында Аднан Мендерес атына Германиядағы түркі халықтарынан жіберілген хат табылды. Бул хатта батыстағы түркі халықтарына қаржылай көмек көрсету туралы өтішін жазылған.

ТР П-МММ-да патшалық үкіметтің Түркияның шығыс өңіріндегі әскери қимылдары жөніндегі ақпарат хаттар 3-ші қордан алынды. Онда орыс тілінде жазылған «аса құпия» хабарлар кездеседі. Әсіресе Кавказдағы орыс агентурасының жұмыстары туралы мәліметтер жұмыстың негізгі мазмұнын ашуға мұрындық болған.

Кеңес өкіметі орнағаннан кейіп большевиктердің Бұқара мен Хауадағы әскери қимылдары жөніндегі ақпарат хаттар мен түркі қалықтарының өтініштері 258-ші қордан алынды.

Осман мемлекетінің кеңсесінен түркі халықтарының Осман мемлекетімен ХХ ғасырдың басында орнатқан байланыстар жөнінде хаттамалар мен 1905-1907 жылдардағы Ресей империясының түркі халықтарына қарсы ұстанған саясаты туралы ғылыми айналымға тартылды. ХІХ ғасырдың соңы мен ХХ ғасырдың басында Осман мемлекетінің Түркістан өңірінде белсенді әрекет ету кезеңі жайында бірқатар орыс ғалымдары жазған. Олардың берген пайымына қарағанда ислам діні құрал ретінде аймақтағы түріктердің геосаясатының негізін қалыптастырды. 1898 жылы

Әндіжан көтерілісінде патшалық билік Түркияның аймақтағы діни саясатының салдары деп бағалайды. Ол жайында В.П. Литвинов бірқатар деректерді ұсынады. Патша өкіметі түркі халықтарының «*халифатқа деген сенімдері*» бар екендігін тілге тиек етіп отырған, бірақ Түркістандағы түркілердің ұлт-азаттық көтерілістерін диверсиялық әрекет ретінде бағаланды. 1898 жылғы Әндіжан көтерілісінің себептерін зерттейтін генерал Н.И. Корольков басқарған үкіметтік комиссия: «*Түрік ықпалының болуын, жақында түрік азаматтарының аймақта белгілі бір мақсаттар мен тиісті құжаттарсыз жиі пайда болуынан басталды және Түркияның гректерді жеңіп, христиандық крестті таптап, халыққа тарату үшін Түркиядан көрнекі басылымдарын жіберген*» дейді. Комиссия түрік сұлтанының Түркістандағы түркі халықтары арасында бірлескен үгіт-насихат жүргізу үшін ауған әмірімен байланыс орнатқандығын ақпар етіп отырған. Түркістан генерал-губернаторы С.М. Духовской 1899 жылы 22 ақпанда соғыс министрі А.Н. Куропаткинге Әндіжан ұлт-азаттық көтерілісінде түрік эмиссияларының маңызды рөл атқарғандығы және оларды Стамбулдағы арнайы мекемелер дайындағандығы жайлы агентуралық ақпараттарды жіберіп отырған. 1899 жылы 2 наурызда әскери ведомствоның бастығы Сыртқы істер министрі М.Н. Муравьевқа Түркиядағы Түркістанға агенттер дайындайтын орталықтарға тұрақты бақылауды орнату қажеттілігі туралы хат жазған. 1899 жылы 6 наурызда Сыртқы істер министрі Куропаткинге Ресейдің Константинопольдегі елшісіне, нақты мемлекеттік кеңесші Зиновьевке тиісті бұйрық бергені туралы хабарлады. Осы іспетті құжаттар Осман мемлекетінің кеңсесі мұрағатынан салыстырмалы түрде зерделенді.

Өзбекстан Республикасының Орталық Мемлекеттік Мұрағат қорынан: И-1 қор, Түркістан генерал-губернаторлығының канцеляриясы (1867-1917 жылдар); И-7 қор, Түркістан Жер және Мемлекеттік Мүлік Басқармасы (1897-1917 жылдар); И-17 қор, Сырдария облыстық басқармасы (1867-1917 жылдар); Сырдария облысы Ташкент уезі бастығының Басқармасы (1887-1917 жылдар); И- 29 қор, Ташкент уездік жер-салығы басқармасы (1901-1915 жылдар); 103-қор, Түркістан ауылшаруашылық қоғамы; 269-қор, Сырдария облыстық статистикалық комитеті; 336-қор, Әскери губернатор мен Түркістан облысы әскерінің қолбасшысы (1865-1867 жылдар); 450-қор, Түркістан облысы орталық тұрғындарын басқарушы (1865-1868 жылдар); 715-қор, полковник Серебренниковтың дайындаған материалдары (1839-1876 жылдар) қорларының деректері алғаш рет ғылыми айналымға түсіп отыр. Түркістан өңіріндегі көтерілістер мен түркі халықтарының патшалық әкімшіліктің жүргізген саясаты жайлы мәліметтер жоғарыда аталған қорлардан пайдаланылды. Мәселен, Әндіжан көтерілісінен кейін Осман мемлекетінің Түркістандағы белсенділігі артқаны жайлы, түріктердің барлық аймақтарда діни және «түрішілдік» идеясы туралы ақпараттар, олардың белсенділерінің Түркістанға ашық және заңды түрде келгендігі туралы агентуралық ақпараттар молынан кездеседі. Солардың арасында деректерде аты «*түрік агенті*» ретінде берілген Агиб Жудо Түркістан аймағын еркін аралап жүргендігі және оның Орынбор губернаторынан татарлар көмектесіп алып берген деген құжаты болғаны жайлы мәліметтер кездеседі.

Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік мұрағатынан қаралған қорлар: 232- қор, ішкі Істер Министрлігінің Перовскі уездік Басқармасы (1863-1917 жылдар); 146-қор, Әулиеата уездік басқармасы (1863-1917 жылдар); 124-қор, Шымкент уездік басқармасы (1870-1917 жылдар); 85-қор, Кавказ әскери округінің Закаспий әскери бөлімі, Маңғыстау приставының басқармасы (1869-1896 жылдар); 145-қор Түркістан участкелік приставының басқармасы (1879-1919 жылдар); 382-қор Түркістан әскери

округі, Сырдария шебі қолбасшысының басқармасы (1853-1868 жылдар); 383-қор, Перовскі форты, Сырдария шебіндегі қазақтарды басқару (1853-1907 жылдар); 267-қор Қазалы уездік басқармасы (1868-1915 жылдар) қорларының деректері ғылыми айналымға енгізілді. Аталған қорлардағы деректер де көшпелі түркі халықтарының арасында түрік «*эмиссарларының*» үгіт-насихаттық жұмыстар жүргізгендігі туралы құжаттар кездесті. ХХ ғасырдың басынан бастап көшпенділер арасындағы түрік «*агенттерінің*» белсенділігі күшейе түскендігі және олар арасында исламның әлсіз ұстанатыны Осман империясын алаңдатты деген агентуралық ақпараттар осы қорлардан алынды. 1902 жылдың аяғында Қытай төлқұжаты бар түрік агенттері Сейид Мухаммед Хамид Эфенди мен Насреддин Кичиков атты кісілер Жетісу облысында тұтқындалғандығы және олар қырғыздар мен қазақтардың арасында орысша уағыз жүргізгендігі туралы құжаттар ғылыми айналымға тартылды. Мәселен, келесі құжатта мынандай мәліметтер кездеседі: «*1903 жылдың көктемінде Жетісу облысы Пржевальск ауданының Атбасы ауданында түрік сұлтанының насихатына сүйене отырып, барлық түркі халықтарын біріктіруге үгіттейтін 4 жергілікті тұрғын қамауға алынды. Тінту кезінде олармен бірге кітаптар, брошюралар, буклеттер және басқа да құжаттар табылды. Тергеу барысында олардың «Атбасы ауданында және басқа да көршілес елді мекендерде бүлік шығарғысы келгендері» белгілі болды*» делінген. 1910 жылы Түркістан генерал-губернаторы А.В. Самсонов Министрлер Кеңесінің Төрағасы П.А. Столыпинге мына мазмұндағы хатты жазды: «*Өткен жылы қол жетімді мәліметтерге сәйкес, түріктердің аймаққа деген ұмтылысы едәуір өсті, кем дегенде алдыңғы жыл мен осы жылдың бірінші жартыжылдығында олардың 1909 жылғыдан гөрі аймаққа көбірек келген*» деген агентуралық ақпарат бар. 1911 жылдың 28 қазанында Ішкі істер министрлігінің рухани істер департаменті барлық губернаторларға Түркия мен Италия арасындағы соғыстың салдарынан патшалық Ресейдің отарындағы түркі халықтарының арасында итальяндықтарға қарсы ойлардың өсіп келе жатқандығын, сондықтан да түріктердің қарулануына ақша жиналып жатқандығын көрсететін ақпар жолдаған. Бұл үшін тіпті арнайы комитеттер құрылғандығы және губернаторлардан мұндай әрекетке қарсы шұғыл шара қолдану талап етілгендігі жайлы мәліметтер бар.

Түркістан ұлт-азаттық қозғалыс жылдарындағы түркі халықтарының өзара байланысын зерделеу барысында ТАКСР бөлінген территорияларды басқару жөніндегі Кирревком тұсында өткен мәжіліс құжаттары 1924-1925 жылдары, 548 қор; Түркістан өлкесі бойынша әскери комиссариаттар бұйрықтары 849 қор; Әскери-революциялық комитеттердің мәжілістерінің шешімдері 14 қор; Түркістан Автономиялық Кеңестік Социалистік Республикасының Халық комиссарлар кеңесінің шешімдері мен бұйрықтары 1922-1925 жылдар, 30 қор; Түркістан Автономиялық кеңестік социалистік республикасының Халық комиссарлар кеңесінің шешімдері мен қаулылары 1920-1925 жылдар, 755 қор; Түркістан генерал-губернаторының бұйрықтар мен қаулылары 1916-1917 жылдар, 380 қор; Орта Азияның 1816-1911 жылдар аралығындағы саяси-географиялық картасы 689 қор.

Мұрағаттық құжаттардан бөлек деректік материал ретінде жарияланған, мұрағаттық құжаттардың жиынтығынан тұратын жинақтарды пайдалану және оған талдау жасау ғылыми ізденістерде көптеген мәселелерді жаңа қырынан ашуға мүмкіндік берді. Мұндай қаралған деректердің топтамасы: Ресей империясы Заңдарының толық жинағы; Облыстық статистикалық комитеттің жинақтары; Обзор сырдарьинской области, Обзор Закаспийской области, Сборник материалов для статистики Сыр-Дарьинской области жинағының бірнеше томдары; Сборник приказов по военно-народному управлению Закаспийской области с 1890 по 1897

года жинағы; В.И. Межов, Н.В. Дмитровский және т.б. құрастырған 591 томдық «Туркестанский сборник» жинағының жүз елуге жуық томы қаралды; Ресейлік баспасөз материалдарынан; «Русская мысль (1870-1916 жылдар)», «Русская старина (1870-1916 жылдар)», «Военный сборник (1964-1916 жылдар)», «Военный исторический сборник (1911-1916 жылдар)», «Вестник Европы (1868-1916 жылдар)», Вопросы колонизации (1909-1916 жылдар) «Журнал коневодства», «Журнал Министерства Юстиции», «Журнал гражданского и уголовного права», Туркестанское сельское хозяйство (1906-1916 жылдар), «Оренбургский листок», «Туркестанские Ведомости» (1873-1916 жылдар), «Закаспийское обозрение» (1897-1898 жылдар) басылымдарының шыққан сандары; Орыс географиялық қоғамының бөлімдері мен бөлімшелерінің басылымдары; «Известия Императорского Русского географического общества» жинағының Кавказ бөлімі, Түркістан бөлімі, статистика бөлімі, этнография бөлімі салалары бойынша шыққан басылымдары қаралды; 1897 жылғы халық санағының Сырдария, Закаспий облыстары бойынша жинақтары; Кеңес дәуіріндегі Республикалық Ғылым Академияларының шығарған құжаттық жинақтарынан; Материалы по истории каракалпаков и Каракалпакии; Материалы по истории туркмен и Туркмении (XVI-XIX вв иранские, бухарские и хивинские источники); Россия и Туркмения в XIX веке, К вхождению Туркмении в состав России: История Туркменской ССР; Восстание 1916 года в Средней Азии и Казахстане; Сборник документов, Материалы по истории политического строя Казахстана; Казахско-русские отношения В XVIII- XIX вв (1771-1867 годах) қаралды.

Сонымен қатар түркі халықтарының қазіргі кездегі ынтымақтастығын айқындау үшін Қазақстан Республикасы Президенті мұрағаты мен Қазақстан Республикасының Астанадағы Ұлттық мұрағатынан алынған құжаттар ғылыми айналымға тартылды. Атап айтқанда ҚР ПМ-нан «Проекты соглашений Республики Казахстан и Республики Туркменистан, Узбекистан, Таджикистан; Министерством труда Республики Казахстан и Министерством труда Монголии о сотрудничестве в области рынка труда и регулировании миграционных процессов и документы к ним», «О состоянии и перспективах регионального сотрудничества в Центрально-азиатском Сообществе», ақпараттық материалдар «Взаимодействие программы «иногейт» и Республики Казахстан», Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы байланыстар туралы; Қазақстан Республикасы, Қырғыстан Республикасы және Өзбекстан Республикасы арасындағы және олардың институттар жөнінде Мемлекетаралық келісім, ТМД елдер бойынша бөлімнің «Документы о расширении и развитии двусторонних отношений между Республиками Казахстан и Кыргызстан, Таджикистан, Туркменистан и Узбекистан (копии и проекты постановлений, соглашений, решения, обращения, меморандумы, положения, заключения, программы, информации и переписка) 5-Н қорынан алынды. Бұл қордағы материалдардың барылығы орыс және ағылшын тілдерінде жинақталған. Сонан соң аталған материалдар КСРО ыдырағаннан кейін 1993-1994 жылдарды қамтиды.

Қазақстан, Қырғыстан, Өзбекстан, Түрікменстан мен Тәжікстан Республикалары арасындағы 2002-2003 жылдардағы байланыстар туралы мәліметтер Қазақстан Республикасы Ұлттық мұрағатынан (ҚР ҰМ) алынды. Онда «Документы к подписанию Соглашения о сотрудничестве с Главным архивным управлением при Кабинете Министров Республики Узбекистан (проект, соглашения, переписка) за 2002-2003 годы», «Переписка с Министерством культуры, информации и общественного согласия Республики Казахстан по вопросам

международного сотрудничества» және т.б. материалдар 49 – қордан алынды.

Монографияның мазмұнын кеңінен ашу барысында қазіргі кезде зерттеу жұмыстарын жүргізіп отырған «Центральная Азия и Кавказ», «Деловая неделя», «Правда Востока», «Казахстанская правда» және т.б. газет-журналдардан материалдар кеңінен пайдаланылды.

Қазақстан мен Түркия Республикалары арасындағы байланыстардың дәрежесі мен ынтымақтастығы және саммиттер қорытындылары мен шешімдері, «Түркі мемлекеттері мен ұлыстарының достық, ағайындық және ынтымақтастық» съезінде алынған шешімдер мен келісімдер, TUDEV-тің (Түрік достық, бауырластық және ынтымақтастық), 1992 жылы түрік елдері мен халықтарына экономикалық қолдау көрсету мақсатында Түркияда Премьер-министр аппараты жанынан құрылған ТИКА-ның, оның «Eurasian Studies» атты баспа органының материалдары (Түрік ынтымақтастығы және даму агенттігі) және т.б. мемлекетаралық саяси-экономикалық және мәдени саласындағы келісімдер кеңінен осы жұмыста дерек ретінде пайдаланылды. Сонымен қатар интернет желісінде ресми түрде жарияланған мемлекетаралық кездесулер, өзара жүргізген тілдесулер, сарапшылардың пікірлері, әрбір Түркі мемлекетіндегі Елшілердің сөйлеген сөздері мен пайымдаулары монографияда кеңінен пайдаланылды. Жалпы алғанда жан-жақтан алынған және ғылыми айналымға тартылған мұрағаттық құжаттар алуан түрлі. Сондықтан олардың шынайылық дәрежесін анықтау барысында хронологиялық салыстырмалы әдіс кеңінен қолданылды.

2 XIX ҒАСЫРДЫҢ СОҢЫ МЕН XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ РЕСЕЙ ИМПЕРИЯСЫНЫҢ ОТАРЛАУ САЯСАТЫНЫҢ САЛДАРЫ ЖӘНЕ ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ӨЗАРА ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫНЫҢ АЛҒЫШАРТТАРЫ


2.1 Ресей империясының түркі халықтарына қарсы ұйымдастырған шаралары және Анадолы түріктерінің Түркістандағы саяси қызметі

Ресей империясының отарлау саясатының ерекшелігі, жаулап алған жерлерде орыс халқының жергілікті халықтармен сіңісіп қана қоймай, сол жерлерді ажырамас бөлік деп санап, тек орыс тілі мен мәдениетін дәріптеу және қазіргі британдық тарихшы және саясаттанушы Д.Ливен атап өткендей: «Ресейдің отарлық саясаты қайдан бітеді және империя қайдан басталады?» деген сұраққа жауап беру әлі күнге дейін өз маңызын жоғалтқан жоқ [52]. Патшалық Ресейдің және Ұлыбритания империясының отаршылдық саясатын салыстыра отырып, Д.Ливен дала аймақтарында және Түркістанда патшалық әкімшіліктің саясаты негізінен жергілікті халықтарды рухани тіуелділікке түсіріп, жерлерін империяның шеткері аймағына айналдыру болған, XIX ғасырдың соңында бұл мақсат орындалды. «Отарлау» сөзі орыс тілінде XIX ғасырдың ортасында қолданыстан шыға бастады, ол француз тіліне латын тілінен еніп, 1845, 1847, 1859 және 1862 жылдары Санкт-Петербургте жарияланған шетелдік сөздердің атақты лексикасында «заселение немесе орнығу» деген сөзбен ауыстырылды және көп жылдардан бері «өз еркімен қосылды деген» ұғымын тұжырымдалып келді. Ресей отарлаушылары үшін, жергілікті «бұратана» түркі халықтары екінші дәрежеде саналып, оларға қарсы түрлі іс-шаралар ұйымдастырылды. Солардың бірі, түркі халықтарының өзара ынтымақтастығын алдын алу және «түрік бірлігі» деген ұғымын санасынан шығарып тастау. Империялық кезеңіндегі патшалық биліктің сарапшысы Г.К. Гинс «отарлау» міндетін кеңінен түсіндіріп, оны «Еуропа халықтарының Азия мемлекеттеріне мәдени ықпалы» немесе «мемлекеттің артта қалған бөліктерін жылдам түрде экономикалық және мәдени дамытуға бағытталған шаралар жүйесі» деп түсінді. Өзінің бір сөзінде ол «бізде орыс шаруаларын қоныстандыру саясаты жүзеге асырылуда, бізге отарлау саясаты қажет» деп, империяның мақсатына ашық анықтама берген [53].

XIX ғасырдың екінші жартысында отарланған түркі халықтарының жерлерінде саяси жағдай күрт өзгерді, оның себебі Ресей империясының осы аймақтағы белсенді әскери отарлау саясаты жатты. Орыс армиясының әскери операциялары Түркістан өңірінде 1864 жылы басталып, сол жылы Түркістан мен Шымкент қалаларын жаулап алумен аяқталды. Әскери отарлаудың Ресей империясының сыртқы саясаты себеп болғанын атап өткен жөн. Соғыс министрі Д.А. Милютин, 1861-1862 жылдары Түркістандағы әскери қимылдардың қажеттілігін қабылдамай, «...Түркістанды отарлау арқылы Англияның назары Польшадан шегіледі» деп сеніп, әскери отарлауды жақтаған Орынбор билігінің дәлелдерімен келіседі [54]. Осының негізінде Ресей империясының отарлық саясатының стратегиялық сипатын екі себеппен түсіндіруге болады: біріншісі, әскери-саяси қарама-қайшылық (әйгілі «Ұлы ойын»), яғни Шығыстағы Ресей мен Британ империяларының бәсекелестігі) және екіншісі, экономикалық (сауда транзиттік жолдары үшін күрес).

Қырым соғысынан кейін Ресей империясы отаршылдық саясатын оңтүстік-шығыс бағытқа қаратады. Патшалық Ресейдің отаршылдығының бағыттарын «Туркестанские ведомости» газеті: «Ресей өзінің тарихи дамуында барлық бағыттарда жетіліп, кеңейіп керек еді, бірақ негізінен қарсылық білдірмейтін жақа қарай. Мұндай бағыттар Шығыс пен Оңтүстік болды, солтүстігінде ол пісіп жетіліп табиғи шегіне, яғни мұхитқа, ал батыста герман тайпасының біртұтас және мәдениетті халықтарына ие болды. Тарих Ресейді Шығысқа қаратты, батыста болса қорғаныс болды және болады. Шығыста болса Ресей біртіндеп алға жылжып отырды» деп көрсеткен [55].

Ресей империясы өзінің жаулап алуының алғашқы кезеңінде, яғни генерал М.Черняев Ташкентті басып алғаннан кейін Түркістан әкімшілігін ұйымдастыра бастады. Орыс әскерлерінің аймақтың түбіне қарай ілгерілеуінде Ташкент маңызды қалаларының біріне айналды. Осылайша түркі халықтарының тұтас жерлері үш генерал-губернаторлық тарапынан басқарыла бастады. Олар:



Орынбор, Батыс-Сібір және Түркістан генерал-губернаторлықтары. Әкімшілік жағынан Түркістан өлкесі басында Орынбор генерал-губернаторына қаратылды, сонан соң 1867 жыл жеке Түркістан генерал-губернаторлығы құрылды.

Патшалық Ресейдің Түркістан жерлерінде өзінің өміршеңдігін қамтамасыз ету мақсатында, ең алдымен стратегиялық маңызды аумақтарды, яғни транспорттық жолдар мен шекара сызықтарын бақылау, отарлық әкімшілік институттармен қамтамасыз ету және әскери гарнизондарды құрып, орыс «элементін» арттыруға (олардың арасында жер аударылған орыс диссиденттері, Дон және Запорожье орыс казактары, орыс әскерилер мен қылмыстылар болды) кірісті. Осыған байланысты 1881 жылдың 22 қыркүйегінде қоныс аудару комиссиясының алдында сөз сөйлеген Мемлекеттік мүлік министрі орыс шаруаларының «еркін» қоныстануын «саясаттың басты жауы» деп атады, оны «ең оңай пайда табуға» негізделген құмар ойынға теңеді. Патшалық әкімшіліктің ерікті саясаты «шаруаларды тек бір жерден екінші жерге жинауға үйретеді және көшпелілерге айналдырады». Сондықтан «қоныс аудару» емес, жерді қажет ететіндердің бәрін «орналастыру» қажет деп талап етті [56]. Осылайша 1880-1890 жылдардағы әкімшілік реформалардан кейін патшалық Ресейдің жаппай отарлау саясаты дайындық кезеңінен өтіп, түркі халықтарын рухани тіуелділікке түсірудің нақты қадамдарына кірісті.

Түркі халықтары Ресей империясы тарапынан отарланған сәттен бастап, олар өздерінің мемлекеттік мәртебесін жоғалтты, бұл әрине, түркі халықтарының әрі қарайғы дербес әлеуметтік-экономикалық дамуына әсер етті. Түркі халықтары өзіндік мәдени ерекшелігін және тәуелсіздігінен ажырап қалды. Патшалық биліктің саяси және әкімшілік құрылымы, түркі халықтарын әлеуметтік-экономикалық езгіге ұшыратып, олардың дәстүрлі ұлттық құндылықтарына балта шапты. Еділ-Орал мен Түркістан аумағы толықтай сату нарығына және өнеркәсіптік мегаполис үшін шикізат көзіне айналды. Патшалық биліктің жүргізген әкімшілік саясаты салдарынан Соғыс министрлігіне бағынышты генерал-губернатор әскери және азаматтық билік өкілдерін ұсынатын болды, ал әскери қызметкерлер жоғарғы және орта әкімшілік лауазымдарды атқарды. Төменгі әкімшілік бөлімшелерді басқару жергілікті халықты сайлаған және Түркістан генерал-губернаторлығы билігі бекіткен жергілікті байлар өкілдерінің қолында болды.

Агрессиялық саясатының нәтижесінде Ресей империясының Түркістан жерлерінің есебінен географиялық басқаруы кенейе түсті, бұл, әрине, қайта қарауды және тиісті нормативтік базаны қажет етті. Осыған байланысты «территорияны басқару туралы ережелер» дайындалды, 1867 жылғы «Сырдария және Жетісу облыстарын басқару туралы ережелерде» және «1886 жылғы ережелерде» ұсынылды

және «әскери-халықтық» басқару принципін сақтады, бірақ басқару құқығында бірқатар маңызды шектеулер енгізді [57]. Бұл жаңа басқару құрылымы аймақты басқаруға қатысты мәселелер бойынша заңнамалық бастамашылық құқығын алды, сонымен қатар жер құрылымы мен жер шаруашылығының барлық мәселелерін шешті. «1886 жылғы ереженің» қабылдануы Түркістан генерал-губернаторының сыртқы саясат мәселелеріндегі өкілеттіктеріне әсер етті. 1886 жылы қаңтарда Бұқарадағы Ресей империялық саяси агенттігі Сыртқы істер министрлігінің органына айналды. Енді ол Бұхара Әмірлігінде Ресей империясының ресми өкілі бола бастады және Ресей-Бұқара қатынастарының барлық мәселелерімен айналыса бастады, ал бұрын бұл функцияларды Түркістан генерал-губернаторы атқарған-ды. Жаңа «Ереже» сонымен бірге жергілікті әкімшіліктің сот ісін жүргізу саласындағы құқықтарын шектеді, бұл оларды полиция мен жазалау функцияларын кеңейту арқылы өтейтін болды.

Осылайша, 1886 жылдың маусымында жаңа «Түркістан өлкесінің әкімшілігі туралы ереженің» соңғы нұсқасын әзірлеудің ұзақ процесі аяқталды. Ол 18 жылға жуық уақытқа созылды - 1868 жылдың қазанынан 1886 жылдың маусымына дейін. Оның дамуы облыстың бірінші генерал-губернаторы К.П. фон-Кауфманның бастамасымен басталып, М.Г.Черняев басқарған және Н.О.Розенбахтың басқаруымен аяқталған. «1886 жылғы ереже» заң шығарушы акті болды, оған сәйкес Түркістан территориясы 1917 жылға дейін басқарылды.

Түркістан генерал-губернаторлығының бірінші әскери губернаторы ретінде М.Г. Черняев тағайындалды. Уақытша ереженің негізгі мақсаты «...басқарудың жалпы қағидаттарын айқындау арқылы жаңа орыс иелігінде бейбітшілік пен қауіпсіздік орнату» жатты. Барлық билік әскери биліктің қолында шоғырланды, ал әкімшілік органдарға ішкі өмірі өзгеріссіз қалатын халықтың бақылауы ғана сеніп тапсырылды [58]. Түркістан облысы үш бөлімге бөлінді: оң қаптал, орталық және сол қаптал. Сырдария аймағында Іржар мен Хожентті басып алғаннан кейін оң жақ қанат Арал қаласы, № 1 форты (Қазалы) және Перовскіні қамтыды; орталық Түркістан және Шымкент аудандарынан тұрды; сол жақ қапталға Пишпек, Мерке, Верный, Аулиеата қалалары кірді.



1867 жылдың 11 шілдесінде Александр II «Түркістан генерал-губернаторының әкімшілігі туралы уақытша ереженің жобасын» бекітті. Облыстың алғашқы генерал-губернаторы болып адъютант К.П. Кауфман тағайындалды. Оған шексіз өкілеттілік берілді. Ресми түрде Түркістандағы билік «әскери-халықтық» үкімет деп аталды. Басқарудың негізі ретінде келесі қағидаттар белгіленді: әскери және әкімшілік биліктің бөлінбеуі және биліктің бір қолға шоғырлануы; саяси сипатқа ие емес жергілікті халықты ішкі басқаруды қамтамасыз ету [59]. Түркістан генерал-

губернаторлығы бастапқыда екі облыстан тұрды. Олар, Жетісу және Сырдария. Кейіннен Зарафшан (1865 жылы құрылды, өз кезегінде ол Самарқанд деп өзгертілді), Ферғана (1876 жылы), Амудария бөлімі (1873 жылы құрылған, Сырдария облысының құрамына кірді) және Транскаспий (1881 жылы) облыстары бой көтерді. Бұхара әмірлігі мен Хиуа хандығы Ресей империясының протектораттарына айналды және тікелей Түркістан генерал-губернаторына қаратылды. Сыртқы саясатта Түркістан әкімшілігі Батыс Қытаймен және Ауғанстанмен сауда қатынастарын жүргізді. Түркістанның тұтас түркі халықтары отырықшы және көшпелі болып бөлінді, оларды патшалық әкімшілік өз кезегінде «ұлттық» белгілерге негіздеп «*сарттар*», «*тәжіктер*», «*қырғыздар*», «*қара-қырғыздар*» деп бөліп тастады. Ресей империясының «*түрік бірлігінен*» үрейі ұшып, мақсатты түрде этнографиялық «*шатасушылықты*» жасаған саясаты, ғалымдар арасында тұтас Түркістанның түркі халықтарының түрі мен «психологиясына» қатысты көптеген пікір-таластар тудырды. Айта кету керек, Ресей билігі пайда болғанға дейін Түркістанның түркі халықтары өзара ұлттарға бөлінбеді, олар біртұтас түркілер деп танылды, ал халықтар мен ұлыстарға бөліну империялық академиялық білім және ғылыммен жүзеге асырылды. «...1860-1870 жылдары орыстар келгенге дейін этникалық ерекшелігі аймақ халқына беймәлім еді» деп жазды белгілі ұлттық мәселелерді зерттеуші С.Абашин [60].

XIX ғасырдың 90-шы жылдардан бастап Түркістан территориясы империяның экономикалық өміріне араласа бастады. Мұнда темір жолдар, телеграф желілері салынды, мақта өсіру, егіншілік дамыды. Түркістанның Ресей империясына жылдам қосудың сылтауымен орыс шаруалары мен келімсектер Түркістанның құнарлы жерлеріне ағыла түсті.



Миссионерлік съездер

Көбіне Астрахань, Тамбов және Самара провинцияларынан орыс шаруалары қоныстана бастады. Бұл шаруалар, көп жерлерді иемдену мүмкіндігіне ие болып, Түркістандағы жұмыстардан босатылады деп үміттеніп, жыл сайын ағымын тоқтатпады. 1869 жылғы «*Қоныстандыру туралы*» жобасына сәйкес, әр қоныстанған орысқа 30 десятина жер берілді, қоныс аударушылар 15 жылға салықтардан босатылды, оларға несиелер берілді (бір отбасыға 100 рубльден аспады). 1910 жылға қарай Түркістанда 248,500 адам тұратын 326 орыс мекендері пайда болды [61]. 1916 жылға қарай Сырдария, Самарқанд және Ферғана облыстарында теміржол мен балық аулайтын елді мекендерді есептемегенде 1257 дворды құрастыратын 330 орыс елді мекен пайда болды. Орыс қоныстанушыларының қазақ даласын отарлауы аймақтағы Ресей билігінің беделіне кері әсерін тигізді. «*Орыстардың аймақты отарлауы қырғыздардан (қазақтардан) ең жақсы жерлерді тартып алуға бейімдеді. Алатаудың жемісті тау етектерінің бәрін дерлік орыстар алып жатыр, ал бұдан 30 жыл бұрын қырғыздар иелік еткен жерлер енді орыс қоныстары мен орыс казактарына жалдау ақысын төлеуге мәжбүр етуде*» деп Туркестанские ведомости газетінде хабар шыққан. Отарлық билік түркі халықтарының орыс тәртібіне қарсы ұлттық көтерілістерінен қорықты, сондықтан жергілікті әкімшілік Түркістанның көшпелілер өмір сүретін солтүстік бөліктеріндегі экономикалық жағдайды жұмсартуға тырысты. Осыған қарамастан Түркістанда патшалық билікке және орыстандыру саясатына қарсы

бірнеше көтерілістер болып өтті, олар 1892 жылғы Ташкенттегі көтеріліс, 1898 жылы Әндіжандағы Дукчи ишан көтерілісі және 1916 жылғы отаршылдық билікке қарсы ең үлкен көтерілісті атап өткен жөн.

Барлық жергілікті газеттер бұл көтерілісті қызу талқылап, аймақтың бүкіл еуропалық тұрғындарын сақ болуға шақырды. Бұл аймаққа қазынадан қаражат бөлуді көбейту және Түркістанның Ресей империясындағы маңызын күшейту туралы талаптардың орындалуы үшін ыңғайлы жағдай туды. Әндіжан көтерілісі түркі халықтарын Ресей империясына деген адал рухта «тәрбиелеу» үшін көптеген жобалардың пайда болуына әкелді. Жобаның авторлары жергілікті



1916 жылғы қасірет

халықты әскерге алуды, көптеген аралас орыс мектептерін ашуды және т.б. әрекеттерді жасауды ұйғарды. Бірақ орталық үкімет осы айтылған ескертулерді түсініп, Ресейдің Түркістанға қатысты саясатын өзгертпеуге шешім қабылдады.

В.П. Литвинов Әндіжан көтерілісі жайлы пікірін былай білдірген: «Османлы Түркияның саяси ойындары мен Түркістандағы диверсиялық әрекеттің нәтижесінде 1898 жылы мамыр айында Әндіжандағы мұсылмандар көтеріліске шықты» [62]. Тарихшылардың пікірінше, бұл көтерілістің жетекшісі Ишан Мұхаммед Әли қажылықтан Меккеге бара жатқан жолда Ыстамбұлға сапар шегіп, ол жерде түрік сұлтаны Абдул-Хамид II-ден «орыстарға қарсы газават» ұйымдастырғаны үшін «хат» алды. Бұл ойға күмәнмен қарауға болады, алайда тарихшы Х.К. Анкос сенімді түрде былай деп жазады: «Ишан сұлтанға жүгінгенін жоққа шығару мүмкін емес, себебі бұл бұрын Орта Азия билеушілерінің ұстанып келген дәстүрі» [63].

1912 жылы «Туркестанские ведомости» газеті «...Түркістандағы орыс саясаты Үндістандағы ағылшын саясатынан айтарлықтай ерекшеленеді және біз үшін панисламистік ағылшын Ұлыбритания сияқты мәні жоқ. Ресей Англияда ұмтылатын Түркістандағы байырғы халқына мұндай эксплуатациялық агрессиялар бұрын-соңды болған емес және ешқашан болмайды. Сондықтан біз бұратаналар үшін тыныш бола аламыз. Ағылшындардың үстемдігіне қарсы күрес баяғыдан бері жалғасып келе жатқан және сепаратистік ұмтылыстар дамып жатқан Үндістанда жағдай мүлдем басқаша» деп шешті [64]. Тағы бір жергілікті газет Ресей империясының Түркістанындағы басты әлеуметтік мәселесі, ол «...орыс халқының туған жерден бөлек тұратындығы және түркі халықтарымен байланыстарының жоқтығы» айтылды. Мақаланың авторы аймақтағы түркі халқының орыс элементіне деген ұстанымын былай сипаттады: «...бітеліп қалған қара байыр халық шығыстың үстем тап басқыншылығынан жақында ғана босаға, сондай-ақ еркіндікке үйренбеді» және одан әрі «Түркістан жалпы ресейлік тәртіпті жоққа шығармайды, мұнда түркі халықтары өздерін кез келген сыртқы әсерден қызғанышпен қорғайды» деп санады.

Түркістандағы түркі халықтарының орыс билігіне қарсылық себептері мыналар болды: билік жергілікті халықтың ішкі өміріне араласпау қағидатын ұстанды және батыстың бұл жерлерге ықпалын арттыруға жол бермеді; түркі халықтар орыстың тілін, өмірі мен мәдениетін жат сынды; аймаққа жаңадан келген орыс халқы, өз кезегінде, жергілікті тұрғындармен ортақ мәдени тіл табуға

тырыспады. Жергілікті халықты орыс мәдениетіне кіріптар ету және тарату арқылы орыстандыру қажеттілігі туындады.

1867 жылдан бастап бірінші генерал-губернатор К.П. фон-Кауфман Түркістанды «ретке келтіру» саясатын жүргізген-ді. Түркістан аймағында ауылшаруашылық қоры шамамен 2 миллион десятинаны құрады, ал 40 миллион десятинаға дейін жер жайылымдарға қарасты еді [65]. Жалпы, Ферғана облысы мен Зеравшан ауданы шаруа қожалығына қолайлы деп саналды. Ал Сырдария және Жетісу облыстарында және Амудария бөлімінде негізінен мал өсірушілер өмір сүрді. Олардың саясатының негізін Ресей билігі Түркістанға орыс халқын қоныстандыру саясатын жүзеге асырумен байланыстырды. 1867 жылдан бастап патшалық әкімшілігі жаңа жер қатынастарын құра бастады. Аймақтағы жаңа жер қатынастарын заңды түрде тіркеу 1886 жылға дейін созылды. 1867 жылғы «Ереже», К.П. Кауфманның айтуы бойынша «...жергілікті әкімшілік құрылым мен халықтың жерге қатынасын реттеуді ұстанатын заңдық негіз болмағандықтан» осындай қадамға барған. Осылайша, К.П. Кауфман осы негізде жаңа жер заңнамасын әзірлеу үшін шарифаттың жер заңдарын зерттей бастады. Осы мәселе бойынша аймақ басшысы былай деп жазды: «...жерге иелік етудің қазіргі жағдайын нақтылау үшін, ең алдымен, мұсылмандықтың жер туралы заңын қарастыру керек, өйткені ол бізге дейін жүзеге асырылды, Қоқан және Бұхара билеушілерінің тәжірибесінде және қырғыздар арасындағы қарапайым осы шарифат заңы пайдаланылды». Жер пайдалану құқығының шарифат нормаларын зерделеу үшін аймаққа М. Ростиславов, С.Идаров, Н.Пантусов, А.Кун және басқалары сияқты шығыстанушы миссионер-ғалымдар шақырылды. 1877 жылы К.П. Кауфман «Түркістан территориясын суару туралы уақытша ережелер» циркулярын жариялады, ол барлық су ресурстарын басқаруды әкімшілікке қаратты [66].

Патшалық Ресей Түркістанды империясының құрамдас бөлігі ретінде санады. Түкі-мұсылман халықтары орыс патшалығының «субъектілері» ретінде саналды, сондықтан империя «субъектілерінің» барлық құқықтары тең болды деп есептелді. Орыстардың Түркістанға деген мұндай «қосарлы» қатынасын К.П. Кауфман жеке хатында былай білдірді: «...Егер мен осы жерде генерал-губернатор ретінде қайтыс болсам, мені Константинова алаңында шіркеу қоршауына жерлеуді сұраймын, сонда бәрі мұнда орыс адамының жатуы күнә емес екенін және Түркістанды орыс жері деп санайды» [67]. Осылайша, Ресей билігі Түркістанды «географиялық тұрғыдан» игерді, бірақ мәдени-экономикалық тұрғыдан Түркістанның келбетін өзгерте алмады деп саналды. Ресей үкіметінің экономикалық және мәдени «сәтсіздігін» Ресей империясының Түркістанға қатысты саясатының тән белгісі болып, Түркістандағы орыс саясатын «либералды консерватизм» деуге болады.

XX ғасырдың басында көптеген отаршыл қайраткерлер аймақтың әкімшілік-шаруашылық басқарудағы өзгерістердің қажеттілігін түсіне бастады. 1905 жылы атақты ғалым А.Ф. Губаревич Радобыльский Түркістандағы «реформалар» жобасын ұсынды. Ол Түркістанның отарлық кеңестерін құруды ұсынды (автор француз Тунисін үлгі ретінде қабылдады), бұл аймақты басқару міндетін жеңілдетеді деп сенді [68]. 1909 жылы сенатор граф К.К. Пален 1908-1909 жылдары Түркістан аймақтарында тексеруді жүргізіп, Түркістан генерал-губернаторынан Жетісу облысын бөлу туралы ұсынысын білдірді [69]. Қайта қараудың себебін К.К. Пален былай түсіндірді: «...Жетісудың Түркістанмен этнографиялық және экономикалық тұрғыдан ұқсастықтары өте аз. Түркістанның генерал-губернаторына аймақтың бағынуы іс жүзінде жалпы басқару процесіне және әкімшілік шаралардың баяулауына өте зиянды әсер

етеді» деп сенатор К.К. Пален «генерал-губернатордың облысына жіберілген шенеуніктер қатарына баруға қазыналық шығындарды нәтижесіз көбейтуді жалғастыруда. Канцлер мен генерал-губернатордың өзі және жергілікті әскери губернатордың, сондай-ақ жоғары аймақтық институттардың беделінің төмендеуіне әкелді» деген ойын білдірген. Артынан П.К.Паленнің ұсынысына Түркістан генерал-губернаторлығының кеңсесінен жауап келді, онда былай деп түсіндірілді: «...зұлымдықтың салдары, сенатордың пікірі бойынша, губернатордың қызметі аймақты басқарудың қазіргі ұйымының жетілмегендігіне байланысты емес, ол Түркістанның генерал-губернаторының жеке көзқарастарына байланысты» [70]. Демек, басқару жүйесінің өзі жақсы, аймақ басшыларының қабілетсіздігі Түркістанды басқарудағы «сәтсіздігі» деп есептелді. Осыдан кейін Түркістан өлкесінің канцлері «...өйткені қырғыздар көшпелі болғандықтан Жетісу және Сырдария облыстары тұтас болып табылады, олар этнографиялық және экономикалық жағынан бір-бірімен байланысты» деп түсіндіреді [71].

Осыдан кейін Түркістанды тексеруден өткізген К.К. Пален «...Түркістан территориясын жергілікті жағдайға байланысты аймақты басқарудың ең қажетті ерекшеліктерін сақтай отырып, империяның жалпы басқару жүйесіне тәуелді етуді» ұсынды [72]. Реформалар Түркістан әкімшілігінің барлық саласында, жер салығы, сот және білім саласында жүргізілуі керек еді. Жоғарыда аталған барлық мәселелер Түркістан облысының билігі туралы жаңа «Ережемен» шешілуі керек болатын. Бірақ, «...Түркістанның қазіргі саяси және экономикалық дамуымен» аудитор әрі қарай ойын жалғастырып, «жалпы орыс мәдени өмірінің жағдайларына көбірек сәйкес келе отырып, осы Ережелер аймақты басқару және оның тұрғындарының өмірі саласындағы нақты және белгілі бір құқықтық аспектілер ретінде қызмет етуді тоқтатты» деп өз пікірін дәлелдеді [73]. Граф К.К. Пален бір «Ережені» екіншісіне ауыстырудың пайдасыз екендігін түсінді. Ол кезде Ресей империясында жаңару мен реформалар идеялары болды және ол «бұл жағдайдан шығудың ең табиғи жолы Түркістанға империяға қатысты жалпы жарғылардың толықтай енгізілуі қажет» деп сенді.

1912 жылдың маусымында Соғыс министрі Түркістанға сапарында «есеп» берді және онда ол «...Түркістан өлкесінің ең басты қажеттілігі, ол оның әкімшілік басқаруды қайта құрылуы» деп атап көрсетті [74]. Министрдің айтуынша, Түркістан экономикалық дамудың жаңа кезеңіне аяқ басты және «облыстың бастапқы әкімшілік басқаруында» өзгерістер қажет болды. Соғыс министрі аймақтық және аудандық басқару жүйесін реформалауды, әкімшіліктің санын көбейтуді және Түркістандағы жағдайдың күрт төмен екендігін көрді. Полковник И.Авровтың патшаға ұсынған «Баяндамасы» назар аударуға тұрарлық. И.Авров өзінің «Баяндамасында» аймақты сәтті басқару үшін әкімшілік пен білім беру жүйесін реформалауды ұсынды. Тұтас Түркістанның жылдам түрде интеграциялануы үшін ол аудармашылар мектебін ашып, «...барлық мемлекеттік мектептер мен орта мектептердің бағдарламасында жергілікті тілді міндетті түрде оқытуды, оқушылардың болашақ жеке тұлғалары екенін ескере отырып, Түркістанның тарихы мен географиясын егжей-тегжейлі оқытуды енгізуді ұйғарды» [75].

Жоғарыда айтылғандардан империяның ең жоғары мемлекет қайраткерлері мен жергілікті бюрократиялық аппараттың пікірлері әрқашан сәйкес келе бермейтінін көруге болады. Кейде олар тіпті бір-біріне қайшы еді. Санкт-Петербург Түркістан өндірісін дамытып, ең аз шығындармен аймақты табыс көзіне айналдырғысы келді, ал жергілікті бюрократия бұл мақсат қазіргі жағдайда қол жетімсіз екенін түсінді. Ресейдің империялық билігі «саналы түрде» аймақтың

экономикасына ақша салған жоқ, өйткені бұл жылдам түрде өтелмеді.

Дегенмен, Ресей империясының әкімшілік билігі ХХ ғасырдың басында Түркістан өлкесіне Анадолы түріктерінің келуін сақтықпен қарсылады. Қазіргі зерттеулерге назар аударсақ, бірінші кезекте Иран мен Түркиядан келушілер айтарлықтай өсті: 1901-1910 жылдары 708 мың адам келсе, 1911-1915 жылдары бұл көрсеткіш 543 мың адамға ұлғайды. Бұл мәліметтер патшалық биліктің агентуралық ақпараттарында көрініс тапты. Мәселен, Орынбор облысының тарихи мұрағатының 3-ші қорында жинақталған құжаттар Түркістандағы түріктердің саяси ықпалының артқандығын айғақтайды. Бұл кезеңде патша үкіметі Ресейдің бірқатар аймақтарында түріктердің ықпалын атап өтті. Түркі-мұсылман халықтарының саяси белсенділігін патшалық билік осы Анадолы түріктерінің аймаққа қарай келуімен байланыстырып, нәтижесінде «Жас түріктер» мен «пантүрікшілдік» революциялық идеялары пайда бола бастады деген қорынытынды жасады.

Патшалық биліктің Анадолы түріктерінің ықпалына қатысты қорқынышы негізсіз болған жоқ, сондықтан Түркидағы «пантүрікшіл» және «панисламдық» белсенділер туралы хабарлады барлау қызметі өзінің агенттерін мұсылман халқы бар өңірлерге жіберіп отырған. Ішкі істер департаменті орыс билігіне қарсы түрікшіл және исламшыл көзқарастарды насихаттайтын адамдарды анықтауға белсенді қатысты. Мәселен, 1870 жылы Батыс Сібірдің генерал-губернаторына Түркиядан әдейі саяси мақсаттармен келген және Харьковқа бұрын жер аударылған кавказдық иммигрант Қажы Ахмед Эфендидің Сібірдің Түменіне жер аудару туралы бұйрығы туралы хабарланған. 1876 жылы Ақмола облысының аумағында түрік азаматы ұсталып, оның паспорты мен құжаттары тәркіленді. Бұл азамат Ақмола облысы губернаторының міндетін атқарушыға тәркіленген құжаттар мен төлқұжаттарды оған қайтарып беруді, сондай-ақ Ресей қалаларында тұруға және аралауға, содан кейін кедергісіз өз отанына оралуға өтінішін білдірді. Полиция департаменті бұл сұраныстарға байланысты Батыс Сібір генерал-губернаторына түрік «субъектісін» Одесса қаласына жіберуді, содан кейін оны шекарадан алыстатуды бұйырды. Тәркіленген құжаттар жайлы мәліметтер табылмады [76].

Ресей империясы құрамындағы түркі-мұсылмандардың ұстанымы Османлы мемлекетін ерекше назарын аудартты. 1876-1909 жылдар аралығында Османлы тағына отырған ІІ Сұлтан Абдул-Хамидтің тұсында бүкіл әлемдегі мұсылман халықтарын қорғауды, кем дегенде мұсылмандардың жағдайын бақылауды көздейтін саяси жүйе жасалды. Бұл жоспар ХІХ ғасырдың аяғында іске асырыла бастады. Ресейде Османлы шенеуніктері Санкт-Петербургтегі мұсылмандардың мешіттеріне бару арқылы ақпарат жинаған деген патшалық жандармерияның күдікті хабарлары жергілікті полицияға жеткізіліп тұрды. Анадолы түріктерінің Түркістандағы әрекеті Ресей үкіметінің алаңдаушылығын туғызды және оларды империя шекарасынан тезірек шығаруға тырысты. Мұны 1872 жылы Батыс Сібірдің генерал-губернаторына жіберілген құжаттар дәлелдейді. Онда түрік азаматы (Стамбул тұрғыны) 1872 жылдан бастап Тобольск губернаторы берген паспорттымен қазақтар арасында мұсылмандық діни уағыздар жүргізіп, оларға исламды үйретеді және емдейді деп жазылған. Патшалық билік ХІХ ғасырдың екінші жартысынан қазақтардың мұсылмандыққа деген ұстамдылықтары әлсіз деген тұжырым жасап, қазақ даласында татар, өзбек және түрік имамдары мен ишандардың діни уағыз жүргізулеріне қарсы шыққан, тіпті молдалар мен дәрігерлердің ол жерлерде болуын қажет емес деп санаған. Оның төлқұжаты Ақмола облысының әскери губернаторына жіберілді, ал оның өзіне осы аймақта тыныштық

пен тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін қырғыз (қазақ) даласынан қуып шығаруды ұсынды. Тобольск губерниясының полиция бастығы бұл шараларды талап етті түрік мәселесінде ол мемлекеттегі саяси тыныштық үшін қауіпті деп тапты. Батыс Сібірдің генерал-губернаторы бұл өтініштерге жауап ретінде түрік азаматын Ресейден шығаруға ешқандай кедергі жоқ деп жауап қайтарды [77]. Ішкі істер министрлігі «сенімсіз» түрік азаматын Ресей мемлекетінің шекарасынан шығару міндетін мойнына алып, оның империяға кіруіне тыйым салуды жалғастыру үшін тізім жасауды өтінді.

XIX ғасырдың аяғында шетелден келген азаматтар патшалық полицейлерге өздерін туыскандарына қонаққа келгендігі жайлы түсініктеме бергендері және жергілікті органдарға қонақ ретінде тіркегендігін айтатын. Мәселен, құжаттардың бірінде Ташкенттен келген бір азамат туыстарымен бірге келгеннен кейін қазақтардың қатарына қосылуын өтінді. Бұл үшін отбасылардың саны, малы, кәсібі және оның бұрын қылмысқа тартылмаған немесе жазаланбағандығы туралы анықтама талап етілді. Сібірдегі Қырғыз облысының әскери губернаторының міндетін атқарушы қазақтардың бұл азамат үшін жауапкершілік алғандығын және егер «сенімсіз» болса, ол үшін ру-қауым ретінде оған жауап беруге дайын екендігін білдірді.

Қазақ, Уфа, Ташкент, Самарқанд және Бухарада, әсіресе Осман мемлекетінің Стамбул қаласында білім алған түркі-мұсылман зиялылары қазақ халқына маңызды әсер етті. Ресей империясынан тыс жерде түркі-мұсылмандар лайықты білім алып, ислам дінінің қазақ далаларында таралуына септігін тигізуде деп ойлады. Патшалық билік тарапынан осы мақсатта түркі-мұсылман жастары Осман мемлекетіне жіберілді, онда олар жиі атақты лауазымдарға ие болды деген пайымдар жасаған. Көбіне шет елдерден келген түркі-мұсылмандары діни қызметтері үшін марапатталған, олардың арасында Ресей империясының құрамындағы түркі-мұсылман дінбасылары да шетте қалған жоқ. Атап айтқанда, мүфти М.Сұлтанов 1893 жылы Осман мемлекетінің орденімен марапатталғаны жайлы ақпараттар бар [78].

Түркі-мұсылман зиялы қауымы, әсіресе татар мектептері *«үкіметке қарсы пікірлердің таратушылары»* деп бағаланды. Полиция департаменті Еділ татарлары бүкіл елдегі түркі-мұсылмандарға айтарлықтай әсер ететінін атап өтті, өйткені империядан тыс түркі-мұсылман әлемінің өкілдерімен әрдайым тығыз қарым-қатынаста болған адамдар еді. Осыған ұқсас мәлімдемені Ресей үкіметі мен оның түркі-мұсылман халқына қатысты саясатына наразылықтары бар татар тіліндегі қолжазба әдебиеттері табылған мұсылман мектептерінде Білім министрлігі жүргізген тексеруі растайды. Сонымен қатар, Стамбул басылымдары да орыс халқы мен мемлекет ұстанымдарына тікелей қарама-қайшы келетін ойлар бар екендігі анықталды. Бұл тексеру нәтижесі мұсылмандық мектептеріндегі мүдәрістердің, кейде Ресейден тыс жерлерде білім алған және тіпті Ресей азаматтығы жоқ тұлғалардан тұратындығын көрсетті [79].

XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында Кавказ және Түркістан территориялары Соғыс министрлігі тарапынан бақылауға алғанын атап өткен жөн, өйткені түркі-мұсылмандарына қатысты негізгі мәселе Ресейден тыс мемлекеттерде діни білім алған және өзге де түркі-мұсылман халықтарымен байланыста болған деген айыптаулар тағылып тұрды. Ресей империясының Сыртқы істер министрлігі де «мұсылман мәселесіне» көп көңіл бөлді. Бұл мәселе Ресейдің құрамындағы түркі-мұсылмандарының Шығыс елдеріне барып білім алуы ғана емес, қажылық сапарларымен де байланысты еді. Сол үшін патшалық үкімет қажылыққа баратын

түркі-мұсылман халықтарын үнемі бақылауда ұстау қажеттілігі жайында қарарлар алып отырды. XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында түркі-мұсылмандар қиыншылықпен Ресей империясынан тыс жерлерге шығуға рұқсат алып отырды. Олар түрлі тексерулерден өтіп, нәтижесінде мақсаттарына жетіп тұрды. Бұл ең алдымен Мекке мен Мединада қажылық жасайтын түркі-мұсылмандардың киелі орындарына баруымен байланыста еді. Үкіметтің пікірінше, дәл осы қажылық қызметін шектеу мәселесі Ресей империясынан тысындағы түркі-мұсылман қауымымен байланысын азайтуға болады. Нәтижесінде, 1880 жылдан бастап, білім беру мекемелерін құруға, әсіресе мектептер мен медреселердің қызметіне, сондай-ақ Меккеге қажылыққа баруға шектеулер енгізілді. Қажылық мәселесі Ресей билігінің ерекше бақылауында болды. Паспорттар туралы 1903 хартында мұсылмандардың қажылыққа баруына рұқсат беру ережелері мен шарттары белгіленді. Осы құжатқа сәйкес, біріншіден, қажылыққа барғанда мұсылмандар Ішкі істер министрлігі белгілеген арнайы үлгідегі төлқұжаттар алуы қажет деп есептелді. Екіншіден, түркі-мұсылман халықтары белгіленген порттар арқылы ғана қайтуға және арнайы медициналық-санитарлық тексерістен өтулері шарт болды, олардың белгілері паспортқа енгізілді. Сонымен қатар, губернатор қажылыққа келгендерге медициналық бақылау тағайындауды міндеттеді. Ұқсас талаптар Ресей арқылы келген шетелдік түркі-мұсылман халықтарына да қолданылды. Талаптардан бас тартқан қажылар, шетелде білім алып жатқан жастар мен өзге де тұлғалар жергілікті полицияның бұйрығымен қылмыстық жауапкершілікке және барлық санитарлық шараларға тартылды [80]. Барлық шектеулерге қарамастан, мұсылмандық қажылық жүйесін Ресей үкіметі іс жүзінде бақылай алмады, тіпті қажылардың қозғалысы мүлдем ұйымдастырылмаған, нәтижесінде бірқатар мәселелер туындап, жазықсыз азаматтар абақтыға қамалып отырды.

XIX ғасырдың аяғынан бастап Ресей империясының құрамындағы түркі-мұсылман азаматтарының қажылық мәселелері сыртқы істер органдарында, әсіресе Ресейдің Сыртқы істер министрлігінде, Стамбулдағы елшілікте және Джиддадағы консулдықта жан-жақты талқыланды. Мұнымен қоса түркі-мұсылмандар басым болып шоғарланған облыстардың басшылары, Новороссийск, Түркістан, Бессараб генерал-губернаторлары және Кавказ губернаторлары осы қажылық мәселесін талқылауға қатыстырылды. Мұның басты себебі 1818-1864 жылдардағы Кавказ соғысы және Түркістанның түркі-мұсылман халқы бар территориялардың отарлануы мен олардың мұнда тек орталықтан ғана емес, сонымен бірге мұсылмандар тығыз өмір сүретін ішкі Ресейдің аймақтарынан да ерекшеленді. Мемлекеттік органдар жергілікті шенеуніктерден түркі-мұсылмандардың қажылыққа қатысты жағдайы туралы хабарлауды талап етті және осы ақпарат негізінде шешім қабылданатынын ұйғарды. Өйткені, түркі-мұсылмандардың қажылығына қойылған шектеулі шараларға қарамастан, үкімет оларға төлқұжаттар беруге аса құлықсыз болды, себебі түркі-мұсылмандар қажылық арқасында Түркияға айтарлықтай қаржы әкеледі және алынған ақша әскери қажеттіліктерге жұмсалады деген желеу болды.

Мұрағат құжаттары Ресей әкімшілігінің қажылыққа байланысты жүргізген статистика да алаңдаушылық туғызды. Осы мәліметтерге сәйкес 1898 жылы Меккеге 1795 түркі-мұсылмандары барған. Оның үстіне, олардың көпшілігі көтеріліске бейім аймақ саналатын Түркістан генерал-губернаторлығының Сырдарья, Жетісу, Самарқанд және Ферғана алқабынан шыққандар еді. Ресей билігі қажылық процесін тоқтата алмады, өйткені қажылар Меккеге төлқұжатсыз да бара берді. Қажылыққа

барған түркі-мұсылмандарына бірнеше рет араб көшпелілері мен ауғандық алаяқтар шабуыл жасағаны жайлы патшалық биліктің талай агентуралық мәліметтері тіркелген. Түрік газеттері де өз беттерінде мақалалар жариялап, оларға паспорт бермеген билікті айыптады және Ресей империясының құрамындағы түркі-мұсылман халықтарының мүшкіл жағдайы туралы жазып отырды [81].

Түркі халықтарының қажылық мәселесі туралы «Тәржіман» газетінің беттерінде көптеген ақпараттық мақалалар жариялап тұрды. Мәселен, «Тәржіман» газетінің 1905 жылдың 26 шілдесіндегі баспасында 1904 жылы Сырдария аймағынан Меккеге қажылыққа 385 адам барған, олардың 144-і Ташкент тұрғындары екендігін жазған [82]. Зерттеуші В.И. Массальский *«қажылыққа барған көптеген мұсылмандардың ішінде Түркістанның түркі-мұсылман халықтары айтарлықтай көп болған»* деп жазды. Қазіргі орыс шығыстанушысы Р.Г. Ланда *«жыл сайын 9-10 мың мұсылман Мекке мен Мединеге қажылыққа барған. Олардың кем дегенде үштен бірі Ферғана алқабынан келген қажылар»* деген мәліметтерді өз еңбегінде жазған [83]. Осылайша, ол генерал Г.А. Арендеренконың берген мәліметтерін растайды. Бұрынғы Түркістан тұрғыны М.Машанов 1910 жылы жыл сайын Ресейден Меккеге 20-25 мың мұсылман жіберілетінін жазды. Кеңес тарихшысы Т.С. Саидбаев оның пікірімен келісіп, революцияға дейінгі кезеңде Ресейден Меккеге 20 мыңға жуық адам барғанын атап өтті, сонымен бірге ол ресейлік *«қажылардың»* арасында *«көпшілігі Түркістан аймақтарынан келген қажылар»* болғандығын атап өтті [84]. Меккедегі Түркістан мұсылмандары қажылығын жоғарыда келтірілген статистикасы оның саяси аспектісі туралы көтерілген мәселеге тікелей байланысты. ХІХ ғасырдың аяғы - ХХ ғасырдың басында Түркістандағы түркі-мұсылман халықтарының діни сана-сезімінің ұлттық бағытта өсуінің объективті процесі аймақтағы «панисламизм» мен «пантүрікшілдік» идеяларын насихаттайтын Осман империясынан келген дінбасылардың үлесі деп бағалауға негіз бар.

ХХ ғасырдың басында Түркістандағы түркі халықтарының ынтымақтастығын мұрағат қорларындағы патшалық биліктің агентуралық ақпарат хаттарынан аңғаруға болады. 1913 жылдың 20 наурызында Ішкі істер министрлігі Полиция департаментінің директоры С.Белецкий губерниялық жандармерия бөлімдерінің басшыларына Түркістанда, әсіресе Жетісу және Ферғана облыстарында, Түркияның Балқан соғысындағы сәтсіздіктері мен славяндарға Ресейдің көрсеткен көмектері туралы ақпараттар беретін сандарды жария етті. Сол кездері түркі халықтарының ұлт-азаттық көтерілістері мен Ресей үкіметіне қарсылық әрекеттері халық арасында өсті. Түркістан облысының түркі-мұсылман халықтары Ресей мен Қытай арасындағы мүмкін соғыс туралы айтып, Қытайдағы ұйғыр халқына жанашырлық білдірді. Анадолы түріктері Жапония мен Қытайды аралап, Ресейге соғыс жариялауға шақырды. С.Белецкий Түркістанның түркі-мұсылмандары арасында түрікшіл насихаттың өсіп келе жатқанын, Түркия үшін қаражат жинауға шақыру туралы хабарландырулар таратылып жатқанын және «Түс» газеті аптасына екі рет түріктерге деген қаржылай көмек берушілердің тізімін жариялайтынын атап өтті. Ішкі істер министрлігінің полиция бөлімі мұндай әрекеттерді болдырмау үшін барлық шараларды қолдануды және биліктің рұқсатынсыз мұсылман баспасөзінде ешқандай ақпараттың жарияланбауын талап етті [85]. 1913 жылдың 26 шілдесінде Самарқанд облысының әскери губернаторы Түркістан генерал-губернаторы А.В. Самсоновқа жасаған есебінде Түркияның Балқан соғысындағы соңғы әрекеттері түрік қорына қаражат жинауға кіріскен түркі-мұсылмандарды тағы да шабыттандырды деген ойын ашық айтты. Жиналған қаражатты Түркияға Бірінші Мемлекеттік

Думаның бұрынғы депутаты, Самарқандық көпес Ташпулат Әбдіхалықов әкеліп, ол Стамбулға келген соң қаражатты түрік билігіне тапсырды деген ақпаратты жеткізді [86].

Қарастырылып отырған кезеңде Түркістанның түркі-мұсылмандары арасында Анадолы түріктеріне қаражат жинау кең таралғаны және оның сәтті жүзеге асқаны жайлы мұрағаттық істер көптеп кездеседі [87]. Түркістан билігі қаражат жинау науқанын тоқтата алмады, өйткені жергілікті полиция приставтарының тапшылығы себеп болды деген шағымдар айтылды. Қаражат жинау жұмыстары Бірінші дүниежүзілік соғыстан бұрын да, сол уақытта да белсенділігін танытты. Мәселен, 1914 жылдың 28 ақпанында Самарқанд ауданының басшысы өзінің аймақтық әкімшілігіне жасаған есебінде 1913 жылғы Балқан соғысында сәтсіз аяқталған түрік әскерінің қорына қаражат жинап, өз уезінің аумағында түрік агенттері белсенді жұмыс істеп жатқандығы туралы ақпарат жолдаған [88]. Түркістан әскери округінің штаб-пәтері 1914 жылдың 18 қазанында Ферғана облысының әскери губернаторы, генерал-майор А. И. Гиппиуске *«ақпаратқа сәйкес, түрік агенті Хатиб Омар Қажыбек деген кісінің өзінің құзыретін шегінен тыс пайдаланып, Түркияның әскери қажеттіліктеріне түркі-мұсылман халықтарынан қайырымдылық көмек жинағандығын»* ақпарат еткен [89].

1914 жылдың 19 қыркүйегінде Ресей әскери барлау орталығы ретінде бой көтерген Бас штаб Түркістан генерал-губернаторына және Түркістан әскери округінің қолбасшысына парсы төлқұжаттары бар түрік «үгіт-насихат эмиссарлары» Түркістан өңіріне жіберілді деп жеделхат жолдады [90]. Түркістан генерал-губернаторының кеңсесі және Түркістан әскери округінің штаб-пәтері барлық облыс басшыларына хабар берді. Түркістан әскери округінің штаб-пәтері 1914 жылдың 24 қыркүйегінде билік басындағыларға Стамбулдағы Парсы консулдығының паспорты бар түркі-мұсылман халықтарының барлығына бақылау орнатуды бұйырды, бұл округ штабының VI-шы бөлімшесінің бастығы болған Пригарь подполковнигін хабардар етті. Облыстық билік бұл азаматтарға қатысты «жедел шаралар» қабылдамауды ерекше атап өтті.

Түркістандағы дін мен геосаясаттың қарым-қатынасы мәселесін қарастыра отырып, Түркия мұсылман әлемі үшін исламдық мемлекеттілік жағдайында дамуда қалай ілгерілеуге болатындығы үшін нақты үлгі болғанын атап өткен жөн. Осман мемлекеті үшін геосаясаттағы діннің рөлі мәселесі сыртқы саясатта ғана емес, сонымен бірге ішкі маңыздылыққа да ие. К.Маркстің есептеуі бойынша, XIX ғасырдың ортасында Түркияда 13 млн, 730 мың грек православтар, 2 млн. 400 мың армяндар және 900 мың католиктер өмір сүрген [91]. Ол Түркияда православиелік *«приходтың діни қызметкері бір уақытта судья, басшы, мұғалім, орындаушы, салық жинаушы, азаматтық өмірдегі барлық факторларына қатысып отырғанын»* атап өткен [92]. К.Маркс түріктердің қол астында шіркеудің жан-жақты қамқорлығы, бақылауы мен араласуы қоғамдық өмірдің барлық салаларына ене алатындығын атап көрсетті. Ол Түркияда мемлекеттің шіркеуден бөлінуі *«мұсылмандықтың жойылғанын білдірмейді, бірақ православие шіркеуінің түрік мемлекетінде болатын түрінде жойылуы әбден мүмкін»* деп жазды. Осыған сәйкес шетелдік зерттеуші Р.Льюис Осман мемлекетінде христиандардың жағдайы жақсы екендігін жазды. Ол православиелік патриархтың сұлтандардан күш-қуат белгілері болғанын, паша атағы және үш жылқы құйрығы бар төсбелгі берілгендігін айтады. Кез келген христиан Осман билігіне, полицияға, сотқа, түрмелерге және т.б. сенім арта алатынын жазған. Р.Льюис *«кейде билік қоғамдастық мүшелерін өздерінің бақташыларын теріс пайдаланудан*

қорғауға араласты» дейді [93]. Мысалы, академик В.В. Бартольд сияқты беделді ғалым «XVIII ғасырда гректер мен сербтер Австрия мен Венецияның билігінен Түркияның қол астына өте алды» деп жазды. Ол түрік христиандары еуропалық христиандық мемлекеттілікті түсінбейтіндерін және «әскери қызметтен, сенім, тіл және өзін-өзі басқару бостандығы мен аз салық төлеуден мұсылмандық басқаруында өмір сүруді жөн көргендерін» атап өткен [94].

Тәуелсіздікке қол жеткізген гректер экономикалық және басқа сипаттағы қиыншылықтарды бастан өткергені белгілі, сондықтан Осман мемлекетінде жақсы және тыныш өмір сүргендіктерін ұмытпады. Олардың көпшілігі Түркияға оралды. Революцияға дейінгі кезеңде он мыңдаған қырым татарлары мен Кавказдағы түркі халықтары Ресейден Түркияға қоныс аударды. Дәл осындай әсер Түркістанның түркі халықтарында байқалды. Түркістан генерал-губернаторлық құрамындағы түркі-мұсылмандары бір жағынан хандық жүйенің озбырлығынан арылып, патшалық билікті мойындауға мәжбүр болды. ХХ ғасырдың басында ұлт-азаттық сананың өрістеуінен түркі-мұсылман халықтарының патшалық билікке деген көзқарастары өзгерді. Түркияда 1908-1909 жылдардағы революциялық оқиғалардың нәтижесінде «жас түріктер» билікке келген кезде, төңкеріс кезінде түріктер ұлтына және дініне қарамай, империяның барлық халықтарының әлеуметтік әділеттілік, демократия, теңдік, біртұтастық ұрандарын алға тартты. Мемлекеттік құрылымдағы ұлтшылдық пен зайырлылық құбылыстар айқын көріне бастады. Бұл қағида 1908 жылы Жас Түрік партиясының бағдарламасында бекітілген, оның 6-тармағында: «*Әр азамат, нәсіліне және дініне қарамастан, тең құқық пен бостандыққа ие*» деп көрсетілген [95]. 1913 жылы «жас түріктердің» көшбасшыларының бірі Зия Гөкалп «Түрік юрду» журналындағы «*Сананың үш ағымы*» мақаласында «*түрік зиялылары әртүрлі діни бірлестіктерден тұратын османлы ұлтының тұжырымдамасына келгенде, ислам дініне кіріптірліктің қажеттілігін сезінбеді, бірақ «түркішілдік» идеясы пайда бола бастағанда исламға деген мұқтажды сезіле бастады*» деген тұжырым жасаған. Нәтижесінде, Стамбулдағы Ресей елшілігінің бірінші дрогманы А.Н. Мандельштам атап өткендей: «*фанатизм мен шовинизм олардың (түріктердің) көздерін қос тұманмен жауып тастады. Исламның классикалық догмаларына түбегейлі қайшы келетін ұлтшылдық пен діннің парадоксалды синтезі жүзеге асты*» деген орыстардың түркі халықтарының ынтымақтастығын қаралаудың тәсілдері басқа қырынан шыға бастады [96].

Сонымен, ХІХ ғасырдың екінші жартысында Ресей империясы көші-қон процестерінің маңызды кезеңіне өткендігін атап өткен жөн. Ресей империясының аумағына, әсіресе Түркістан өңіріне түріктердің негізгі ағымы мұсылман мемлекеттерінен келгендер үлесіне тиесілі еді. Орыстардың тарихнамасында Анадолы түріктерінің Түркістандағы саяси белсенділігін қаралауға тырысты. Олардың пайымына қарағанда «*бұл процестер (түріктердің Түркістанға келуі) мемлекет тарапынан ерекше алаңдаушылық туғызды және Анадолы түріктерімен бірге үкіметке қарсы пікірлер ене бастады*». ХХ ғасырдың басында сырттан келген түріктердің жергілікті түркі-мұсылмандарына деген ықпалын шектеуге бағытталған барлық әрекеттерге қарамастан, күн өткен сайын патшалық билік оның алдын аламады. Жоғарыда аталып өтілгендей, «*Осман мемлекеті қарастырылып отырған кезеңде дінді және оның институттарын Түркістандағы геосаясатта белсенді түрде пайдаланды*» деген пікірлер түрлі орыс баспа беттерінде белең алды. Кейіннен революция, азаматтық соғыс және Түркістанға шетелдік әскери араласу кезінде жана, кеңестік Ресейдің, содан кейін Кеңес Одағының құрамына енуінен Түркістан түркі халықтарының тағдыры Османлы мемлекетінен жырақта дамыды.

2.2 Жәдидтік қозғалысы және түрік бірлігі мен ынтымақтастығы

Ресей империясындағы мұсылмандық пен ислам тарихнамасының негізгі бағыты интеграциялық процестерді зерттеу, түркі-мұсылман халықтарының зайырлылығы мен модернизациясы және олардың империялық билікке қарсы тұру саясатын ой елегінен өткізу күн тәртібінде тұр. XIX ғасырда орыс қоғамында болған әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси өзгерістер империяның түркі-мұсылман халықтарына әсер етті. Мұның көрінісі түркі-мұсылман халықтарының әлемдік өркениет дамуының негізгі ағымына ену үшін мәдени деңгейін көтеруге бағытталған жәдидтік идеология болды. Патшалық Ресей құрамындағы түркі-мұсылман халықтарының қоғамдық-саяси қозғалысының қалыптасуына XX ғасырдың басындағы оқиғалар өз әсерін тигізді, бұл Ресей қоғамының ырықтандыру саясатын көрсетті. Білім беру саласында бұл оқу және оқу әдебиеті, сөз бостандығы, мектептер мен медреселерді дамытуда патшалық биліктің шектеулерін алып тастауды білдірді. Жәдидшілдік әрекеті, XX ғасырдың басындағы жаңа идеологиялық бағыт ретінде, түркі-мұсылман халықтарының империяның ішінде топтасуына және бірігуіне серпін берді. Мұны Мемлекеттік Думадағы мұсылман фракциясының өкілі ретінде «Итифак-ел-муслимин» зайырлы түрде алға тартып, ұлттық ақпараттық желіні құру, барлық мұсылман түріктері түсінетін «түркілер» әдеби тілін дамыту және т.б. сияқты саяси құбылыстарда білдірді. Мұсылмандық қозғалыс қоғамның өнімі және құрамдас бөлігіне айналды. Ресей империясының түркі-мұсылман халқын дүр сілкіндірген саяси-экономикалық және мәдени өзгерістер олардың әлеуметтік жұмылдырылуына, ынтымақтастыққа, өзара интеграцияға және біртұтас геосаяси кеңістікке тартты.

XIX ғасырдың екінші жартысында әлеуметтік-экономикалық қатынастардың дамуы Түркістан ұлттық элитаның қалыптасуына әкелді. Өндірісті дамыту жоғары білікті кадрлардың келуін қажет етті. Бұл, әрине, жаңа білім беру жүйесін дамытуды және сайып келгенде, әлеуметтік қатынастарды айтарлықтай өзгертуді талап етті. Патшалық Ресейдің отаршылдық саясатына дейін Түркістан патриархалдық қағидаттарға сүйене отырып құрылды, дамыды және өмір сүріп келді. Мұның жағымды жақтары болды, әдет-ғұрыптар әлеуметтік өмірдің барлық саласында, қоғам толығымен әлеуметтік қақтығыстарсыз дамыды, бірақ әлеуметтік қатынастардың консерватизмі күрделі проблемалар тудырды. Әлеуметтік мәселелерді кеңінен талқылауға жағдай жасалмады. Зайырлы білім беру жүйесі дамымады. Діни медреселерде ең алғашқы білімді оқыту ұзақ уақытты қажет етті. Мұндай жағдайда өндірісті дамыту үшін қажетті жоғары білікті мамандарды даярлау мүмкін болмады. Осы жағдайларда, жәдидтік идеологиясы пайда болды, қоғамдық өмірдің барлық саласында реформалардың білім беру кешенін ұсынды. Жәдидтер әлеуметтік реформалардың талабымен сөйлеп, сонымен бірге, Құраннан өз ойларын растайтын дәстүрлі өзін-өзі тануға шақырды. Жәдидтер білім реформасының талабымен сөйлесіп, жаңа әдіснамалық мектептер ашты, онда зайырлы (нақты, табиғи және экономикалық) ғылымдар дәстүрлі мұсылман мектептеріне қарағанда анағұрлым тез және қарқынды оқытылды.

Бастапқыда мұсылмандық білім беру жүйесін қайта құру үшін қозғалыс ретінде көрінген жәдидизмге 1905-1907 жылдардағы революция әсер етіп, Ресейде қоғамды басқаруға қабілетті қуатты саяси күшке айналды және түркі-мұсылман халықтарын біріктіруге, өзара ынтымақтастығын күшейтуге тырысты. Патшалық

Ресей құрамындағы түркі-мұсылман халықтары қозғалысының басында қырым татарлары Ысмайыл Гаспыралы тұрды. Татар теологтарының арасында алғашқылардың бірі болып дәстүрлі улема Шигабутдин ибн Багаутдин әл-Маржанидің консерватизмі мен obsурантизмiне қарсы тұрғанымен, Ресейде исламдық тұжырымдаманы алғашқылардың бірі болып бастаған исламдық реформалардың идеологиялық атасы болып осы Ысмайыл Гаспыралы саналады. Оның өмір бойы өзі жариялаған «Тәржіман» газетінің беттерінде жария еткен тұжырымдамасы Ресейдің құрамындағы түркі-мұсылман халықтарын күштеп ассимиляциялаудың пайдасыз және зиянды екендігі болды. Оның пікірінше, «Ресей туралы, оның мәдениеті мен заңдарын білу түркі-мұсылмандарға ортақ түрік тілінде білім беруді кеңінен дамыту арқылы келеді, бұл моральдық теңдік, еркіндік пен білімнің жақындауына негіз болады» [97].

Осылайша, жәдидтік идеологиясы XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында мәдени қайта құруларға, атап айтқанда мұсылмандық білім беру жүйесін реформалауға баса назар аударды. Бұл өзгерістер онжылдықты емес, бір неше жылдан астам уақытты қамтыды. Нәтижесінде тең құқықты негіз болатын түркі-мұсылман халықтарының өзара келісімі болды. Бұл кезеңдегі жәдидтер идеологиясында ешқандай саяси элементтер, пантүрікшілдік немесе панисламшылдық идеялары болған жоқ.

Жәдидтік қозғалыстың тарихы мен «жаңа әдісті» мектептердің ашылуына арналған бірқатар деректер мен еңбектер жарық көрген. Жәдидтік қозғалысы туралы алғашқы зерттеулер революцияға дейінгі кезеңде пайда болды және негізінен жәдидтердің өздеріне тиесілі. Сол кезеңдегі еңбектердің ішінде танымал жәдидтер С.Айни, Ф.Ходжаев, А.Фитрат, М.Бехбуди мен қатар орыс миссионерлері мен шенеуніктері жәдидтік қозғалысының негізгі проблемаларына арналған С.Граменицкий, Н.П. Остроумов, А.Александров, А.И. Добромыслов, А.Бобровников, Г.Андреев, А.Самойлович жұмыстарын атауға болады. Бұл жұмыстарда келесі мәселелер зерттелді: жәдидтік қозғалыстың тарихы; жәдидизмді әлеуметтік-мәдени құбылыс ретінде зерттеу; революцияға дейінгі осы



Тәржіман газетінен үзінді

құбылыстың дамуындағы негізгі кезеңдер; жаңа әдісті жәдидтік мектептер; жәдидтер театрының, әдебиеттің және баспасөздің қызметіне талдау жасау. Бұл шығармаларды әртүрлі жолмен қарастыруға болады, олардың кейбіреулері діни мазмұнға ие, басқалары субъективті пікірдегі жұмыстар, орыс миссионерлері жұмыстары болса, әкімшілік-отаршылдық немесе идеологиялық сипатта жазылған [98].

Революцияға дейінгі жылдары жәдидтік қозғалысы мен жәдидтер әдебиеті отарлық биліктің қатаң бақылауында және цензурасына түскен еді. Большевиктердің билік басына келуімен, жәдидтердің өздері «панисламизм» мен «пантүрікшілдік» идеялары үшін айыпталып, орыс тарихнамасында «басмашылар» деп аталып кеткен түркі халықтарының тәуелсіздік идеясына қарсы күресте шебер қолданылды. Кеңес өкіметінің алғашқы жылдарында тарихшылардың, жәдидтер мен партиялық

қызметкерлердің қаламынан шыққан шағын еңбектер пайда болды. Бұл авторлар большевиктермен бірге Түркістанда Кеңес өкіметінің орнауы үшін күрескен жәдиттік қозғалысының өкілдерінен нағыз революционерлерді «шығаруға» тырысты. 1920-1930 жылдары жәдиттік қозғалысы большевиктік идеяларына сай келмеген соң, оны буржуазиялық сипатта айқындау жұмыстары жазыла бастады. Жәдиттік қозғалыстың мазмұны мен оның түркі халықтарының бірлігі мен ынтымақтастығын дәріптейтін қызметі жайлы жазған авторлар кеңестік биліктің «қаһарына» ұшырап отырды. Мұның бәрі 1926 жылы Г.Түркістанскийдің (П.Галузо бүркеншік аты) жәдиттік қозғалысына арналған негізгі еңбектерге қатаң түрде сын тағуынан басталды. П.Галузо жәдиттік қозғалыстың революциялық науқанның кезінде орны мен қызметі жайлы объективті пікірін білдірген Ф.Хожаевты жәдиттердің рөлін асырып жіберген деп қатал сынға алды. П.Галузонның пікірінше, Ф.Хожаев тұтастай жәдиттік қозғалысының реакциялық ерекшеліктері туралы жазудан бас тартып, үнсіз қалды [99].


Кеңестік тарихнама мен деректердің мазмұнына қарайтын болсақ, «Ресейлік жәдиттер» ұғымы бірқатар еңбектерде пайдаланылған. Посткеңестік ауқымдағы ұлттық ерекшеліктерді басшылыққа алған жұмыстарда «өзбек, татар, башқұрт жәдиттері» деген тіркес қолданылып, жалпы «жәдиттік қозғалыстың» мәнін төмендететін ғылыми жұмыстар жазылуда. ХІХ ғасырдың соңы мен ХХ ғасырдың бірінші жартысында жәдиттік қозғалыс бастапқы кезде оқу-ағарту саласын қайта құрудан басталып, кейінгі жылдары ұлт-азаттық күреспен жалғасын тапты. Оның негізгі мазмұнында Ресей империясының құрсауынан шығудың жалғыз жолы, ол түркі халықтарының өзара ынтымақтасып, сауаттылық деңгейін көтеру және заман ағымына қарай ұлттық болмысты қалыптастыру жатты. Түркі халықтарынан шыққан Ш.Марджани, Х.Фаизханов, Ы.Гаспыралы, М.Бигеев, Р.Фахретдинов, М.Ақмолда, М.Үметбаев, З.Расузаде, Хусаиновтар ағайындылары, Рамеевтер мен Яушевтар, С.Назирова пен Г.Хакимов, З.Камалетдинов, К.Закир, А.Абубакиров, А.Дониш, С.Айни, М.Абдурашидханов, М.Бехбуди, А.Фитрат, Ф.Ходжаев, С.Мирджалилов және т.б. сынды жәдиттік қозғалыстың өкілдері мен көшбасшыларын қазіргі таңда бөліп-жарды зерделемей, оларды ортақ түркі халықтарының жәдиттері деген тарихи тағылымды қалыптастырған жөн.

Түркі халықтарынан шыққан жәдиттік қозғалыстың өкілдері еуропалық мәдени құндылықтармен бөлісіп қана қоймай, сонымен бірге тәуелсіз саяси ойдың, негізінен конституциялық идеялар саласындағы ықпалын бастан кешірді. Олардың көпшілігі Түркияда білім алған-ды, Осман империясындағы «жас түріктер» қозғалысының конституциялық идеяларымен бөлісті. Кейбір жәдиттердің пікірінше, ислам парламентаризмге қайшы келмейді, сонымен қатар оның идеясы өмірдің барлық мәселелері бойынша ұжымдық шешім қабылдайтын мұсылман қоғамы кеңесінің шешімдеріне негізделген. Жәдиттер исламды тек мәдени емес, сонымен бірге саяси салада да модернизациялауды ұсынды. Осы саяси идеяларды жүзеге асыру үшін жәдиттер ұлттық-саяси күреске аттанды. Мәселен, 1905-1907 жылдардағы революциялық қызу кезеңінде жәдиттер конституциялық монархия, жергілікті басқару, жалпыға бірдей сайлау құқығы, демократиялық идеялар үшін күрескен «Итифак аль-Муслимин» мұсылман партиясының белсенді мүшелері болды. Жәдиттердің бірқатар өкілдері Мемлекеттік Думаның төрт шақырылымның (1907-1917 жылдары) депутаттары болып сайланды және көптеген саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени мәселелер бойынша түркі-мұсылман аймақтарының құқықтарын қорғады. Түркістандағы жәдиттер кейінірек саяси күреске қосылды.

Осылайша, түркі халықтарынан шыққан жәдидтер исламды мәдени жаңғыртуға және ұлттық тәуелсіздікке жетудің жолдарын қарастырды [100].

Жәдидтік қозғалыс, түркі халықтарының исламды модернизациялау мектебі ретінде, қалыптасу, даму және құлдырау кезеңдерінен, яғни ол өзгеріп, революциялық саяси қозғалысқа айналғанға дейінгі хронологиялық кезеңдерді қамтиды. Жәдидтік қозғалыс, исламды модернизациялау мектебі ретінде XIX ғасырдың 80-жылдарында пайда болып, 1917-1920 жылдардағы революциялық науқанға дейін өмір сүрді, ал оның идеяларының өміршеңдігі мен маңыздылығы өзектілігін жоғалтқан жоқ. Революциядан кейін исламның осы модернизациялау мектебі өз қызметін тоқтатты, өйткені Кенес үкіметінің алғашқы жарлықтарының бірі бойынша дін мемлекеттен бөлініп, сол үкіметтің қатаң бақылауына түсті. Діни білім түркі халықтарының барлық аймақтарында жойылып, онымен бірге кеңестік жалпы білім беру жүйесі құрылды. Ислам дінін модернизациялау мектебі ретінде жәдидтік қозғалыс үрдісі өміршеңдігін жергілікті мешіттердің айналасында «көлеңкеде» жалғастырды. Бұл процесті большевиктер тоқтатты, жәдидтік қозғалыстың демократиялық өкілдері болса айыпталып, қуғын-сүргінге ұшырады, олардың басым бөлігі өлім жазасына кесілді.

Жәдидтік қозғалыс, білім саласынан бастап, оқытудың жаңа әдісін тұңғыш рет 1890 жылдың басында «Гусмания» медресесінде (Уфа губерниясы) және Хусаинов ағайындыларының «Хусайния» медресесінде (Орынбор губерниясы) енгізді. Бұл жаңа әдіснамалық мектептердің алғашқы түлектері, соның ішінде татарлар, башқұрттар мен қазақтар Ресей империясының басқа мұсылман аймақтарында жаңадан құрылған мектептерде мұғалімдік қызметтерін



Ахмет Хусаинов және «Хусайния» медресесінің шәкірттері

жүргізді [101]. «Жаңа әдісті» жәдидтік мектептерде Каир, Стамбул, Бакшасарай және Қасымовта білім алған басқа да мұғалімдер болды. 1895 жылдан бастап жаңа мектептер үшін болашақ кәсіби мұғалімдерді Расулия, Гусмания, Галия, Хусейния және т.б. медреселер дайындады. XX ғасырдың басында жаңа дыбыстық оқыту әдісі Башкирияның, Татарстанның, Қырымның, Орынбор губерниясының және Түркістанның бірқатар қалаларының, атап айтқанда Верный (Алматы), Шымкент, Ташкент, Самарқанд, Ферғана және т.б. қалаларда жетекші мектептері мен медреселерінде берік орнатылды. Діни пәндермен қатар, гуманитарлық және жаратылыстану пәндері оқытылды, бұл пәндердің саны жыл сайын өсті. Жаңа әдісті мектептер үшін қатаң жылдық оқу жоспарлары әзірленді, сыныптық оқыту жүйесіне көшірілді.

Жәдидизмнің түпкі мағынасы түркі халықтарының санасын жаңғырту, діни фанатизмнен алыстау, зайырлы білім беру жүйесін орнатып, түркі-мұсылман халықтарының бірлігін дәріптеу болып табылады. Түркістанда тәуелсіз мемлекет құру үшін білімді және ағартылған жастарды тәрбиелеу қажет болды. Осыған орай жәдидтер өздерінің түлектері арқылы қалың бұқара арасында ұлттық мемлекеттік идеяларын қалыптастырды. XX ғасырдың басында рухани-адамгершілік саланың және ұлттық мәдениеттің дамуына елеулі үлес қосқан жәдидтік зиялыларының

ішінен мемлекеттілікті құру жолында саяси көзқарасын нақты білдіретін тұлғалар шықты.

XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басында Каирдегі Аль-Азхар және Стамбулдағы университеттер барған сайын танымал бола бастады. Аль-Азхар университеті Мұхаммед Абдо әсерінен шығыс модернизмінің нағыз орталығына айналды. Кейіннен дәстүрлі шығыс білімінің дағдарысы күшейген сайын Түркістан жәдидтері Стамбул мен Александрияда дін қызметкерлерін даярлау ұранын алға тартты [102]. Осылайша Каирде З.Қадыри, Г.Баттал, И.Камалов, М.Бигиев, З.Камали, Г.Расули, К.Мутыги (Тухватуллин), Ш.Камал және т.б. білім алды. Олардың кейбіреулері Абдоға тікелей жақын және Хизб әл-Ватани әл-Хурри партиясымен (Египеттің Еркін Ұлттық партиясы) байланысты болды. Кейбір түркі-мұсылман жәдидтері, атап айтқанда З.Рамиев (Дәрдменд), А.Саиди, Губ.Буби, Ф.Карими, С.Максуди, Ю.Акчура, А.Ағаоглу, А.Фитрат, Г.Саади (Сагди), Ш.Камал, Г.Шонаси, Х.Зайни, М.Сатаевтар Стамбулдағы оқу орындарына аттанды. Жәдидтердің арасынан Х.Файзханов Ресейдегі және Түркиядағы мұсылман мектебін үлгі тұтып, реформалау жобаларында мысалға келтіруді ұсынғанмен, Стамбулдағы білім беру мекемелері мұсылман реформаторлары үшін модернизацияның шабыттандырушы үлгісіне айналды.


Жәдидтік реформаторлар аумақтық қауымдастық мәселесіне ерекше мән берді. 1913-1916 жылдары түркі-мұсылман халықтарының мекен еткен территорияның атауын Түркістан деп қабылдауды ұсынды. Жәдидтік қозғалыстың маңызды өкілдерінің бірі Махмұдқожа Бехбуди болды. Ол, өз жұмысында зайырлы білім мен мәдениетті насихаттауға көңіл бөліп, Түркістанды басқару реформасы жобасында іскер топтың ұлттық экономика мен мәдениетті дамытуға, өңірлерді басқаруға жергілікті өкілдердің қатысуына ұмтылды. Ресей империясының құрамындағы түркі-мұсылман халықтарының арасында жәдидтік қозғалыспен қатар этникалық бірегейліктің бағыттары діни формаларымен тығыз байланысты болды, сондықтан этно-ұлттық идеяны бірден қалыптастыру мүмкін болмады. Түрікшілдікті діни санадан ұлттық санаға трансформациялау қажеті сезілді. Түрікшілдікті кейбір ғалымдар патшалық саясатына және панславизмді қолдаған орыс элитасының едәуір бөлігінің ұстанымына жауап ретінде қарастырды [103].

Түркістандағы және дала өлкесіндегі қазақтардың ішінде жәдидтік реформаторлық идеяларының ізбасарлары аймақтың түркі-мұсылман халықтарын Түркістан ұлтына біріктіруге ұмтылған М.Шоқай, Ж.Сейдалиев және М.Сералин болды. Жалпы алғанда, С.Д. Асфендияров пен С.З. Зимановтың мәліметтері бойынша 1917 жылға дейін Қазақстанда 100-ге жуық жаңа әдісті мектептер жұмыс істеді [104]. 1917 жылдың қыркүйегінде, тіпті Қазан төңкерісіне дейін, жәдидтер өздерінің партияларын «Түрік адами марказият» (Түркі федерализмі) деген атпен ұйымдастырды. Бұл партияның ұйымдастырушылары мен идеологтары әртүрлі қалаларда пайда бола бастады, барлық түркітілдес халықтар мен барлық мұсылмандарды федералды негізде бір мемлекетке біріктіру туралы ойларын уағыздады [105]. 1917 жылдың революциясы Ресейдегі түркі-мұсылман халықтарына өз дербестігі негізінде мемлекет құруға мүмкіндік бергендей болды. Кезінде «басмашылар» деп атау берілген, сонан соң аз уақыт болса да өмір сүрген Қокан автономиялық үкіметі Бакуге Әзірбайжандағы жәдидтермен байланыс орнату үшін арнайы делегация жіберді. Сол жерден ол өздерін мұғалім деп атаған бірнеше түрік ойшылдармен бірге оралды. Осы кезден бастап Түркістан жәдиттерінің құпия «Иттихат және Таракки» (Бірлік және Даму) атауын алған ұйым бой көтерді [106].

«Бірлік және Даму» партиясының Түркістан делегациясы 1919 жылы ақпанда Түркістандағы азаматтық соғыс болып жатқан кезде Түркиядан оралды. Түрік партиясының жетекшілері Түркістандағы жәдиттерге өздерінің ұйымдарының атауын өзгертуге кеңес берді, «Иттихат және Тараққи» орнына «Милли Иттихат», яғни «Ұлттық Бірігу» деп өзгертуді ұсынды. Бұл ұйым Түркістандағы барлық жәдиттердің қызметін үйлестіріп, түркі халықтарының өзара ынтымақтастығын күшейтеді және бірлікке жетелейді деп үміт етті [107].

Миссионер және ұлы державалық шовинист, Ресей империясының отаршыл халықтары арасындағы реформистік қозғалыстардың белсенді жауы Н.И. Ильминский (1822-1891 жылдары) Победоносцевке өзінің Ресейдегі миссионерлік жұмысындағы шәкіртіне жазған хатында жәдиттік қозғалыстың арасында білімді адамдардан сақ болуды және оларды қатаң қадағалап отыруды ескертті. Ол өзінің жазған хатында *«Ғалымдардан және білімді оқытушылардан сақ болыңыз, олардың қарапайым халықты оқытудан аулақ ұстаңыз және қадағалап тұрыңыз»* деген [108].

Осыған ұқсас Н.П.Остроумовтың, Түркістандағы Ильминскийдің шәкірті болған мұрағаттық материалдарының ішінде оған Ресейдің ішкі істер полициясының 1900 жылы 31 желтоқсанда жеке өзі жолдаған хабарламасы бар. Онда ресейлік миссионер отарлық Түркістанда жаңа әдісті мектептерінің, олардың көшбасшылары мен мұғалімдерінің қызметіне, арасында жәдиттік кітаптары және жазбаларының таралуына, Түркістан жәдиттерінің татарлармен, жас түріктермен және басқа да мұсылман реформаторларын және прогрессивтерін мұқият бақылау орнатуға шақырылды [109].



Ресей империясының охранның (бақылаушылары мен барлаушылар), әсіресе 1905-17 жылдары Түркістандағы жәдитшілердің қызметіне тереңірек енуге ұмтылды. Олар өздерінің негізгі мақсаттарын, ұмтылыстарының идеялық және саяси бағытын, Ресей және мұсылман мемлекеттеріне (Түркия, Иран, Ауғанстан) көзқарасын мұқият және жүйелі түрде қадағалап, зерттеп, Қырымда, Еділ бойында, Кавказда, Түркияда жәдиттік жетекші қайраткерлері Ы.Гаспыралы, Ә.Ибрагимов, Ғ.Қариев, К.Муттиги, Ж.Мамакулизаде және т.б. өзара байланыстарын анықтап отырды. Сонымен бірге, Самарқанд қаласының полиция бастығы Түркістан аудандық қауіпсіздік бөлімінің бастығы подполковник Сизыққа 1915 жылдың 25 қазанында жасырын хат жазып «Самарқанд» мұсылман газетіне және оны кім шығаратынына, оның редакторын анықтап, мүшелері туралы ақпарат жолдауын тапсырды [110]. Тапсырма дер кезінде орындалып, 1913 жылдың 9 қаңтарында жауап хат Самарқанд полиция бөлімінің бастығына жеткізіліп, редакторы мұсылман екені және 17 қыркүйектен бастап бұл газет шығарылмайтыны туралы айтылған.

Н.И. Ильминский татарлардың қазақ далаларында жәдиттік қызметтерін қауіпті деп білді. Ол, татарлармен күресу идеясын түркі тілін кириллица алфавитіне немесе қазақ тілінде бейімделген араб алфавитіне негізделген ұлттық тілдерге бөлу арқылы жүзеге астынын алға тартты. Ұлттық әдеби тілдерді дамыту мәжбүрлі лингвистикалық және мәдени орыстандыруға жүгініп, түркі-мұсылман халықтарын орыс қоғамына бейбіт жолмен кіріптар ету мүмкіндіктерін беру үшін, түрікшілдік идеялардың алдын алынуы қажет деп санады [111]. Православие миссионерлері мен

ғалымдары қазақтарды неғұрлым дамыған мұсылман халықтарының ықпалынан арылту үшін империя билігін орыс білімін белсенді түрде насихаттауға шақырды. Н.И. Ильминский қазақ даласын көп аралап, қазақ көшпелілерінің тілі мен өмір салтын жақсы білетін қазақтардың табиғи қызығушылығын, олардың білім алуға деген құштарлығын атап өтті, бұл сөзсіз оларды еуропалық өркениетке есік ашатын орыс тілін үйренуге мәжбүр етуі керек деп сенді. «Бұратаналарды» Н.И. Ильминский орыс халқының өмірімен таныстырып, «орыс тіліне, ұлтына, біліміне және мәдениетіне» бейімдеу үшін өздерінің ана тілінде сабақ беруді ұсынды [112].

Қазақ халқын барынша жәдидтік қозғалысы мен түркішілдік идеялардан алшақ ұстау мақсатында қазақтың далаларында көптеген орыс мектептері ашылды. Олар жәдидтік мектептерге бәсеке болып, қазақтардың мұсылмандық білімге деген құштарлығын бақылап отырды. Қазақтың даласында орыс әкімшілігі қазақтардың білім мен ғылымдағы заманауи жетістіктерге деген құлшынысын пайдаланып, орыс-қазақ аралас орта білім беру мектептері мен аудандық мектептер және училищелер, сонымен қатар ауыл мектептерін құрды. Бұл оқу орындарының Ресейдің оқу орындарындағы бастауыш білім беру мектептерінен айырмашылығы болмады және жалпы бастауыш білім берді. Орыс әкімшілігіне қазметшілер дайындау мақсатында қазақтың далаларында арнайы ауылшаруашылық мектептері, қолөнер сыныптары және техникалық мектептер бой көтерді [113]. 1868-1896 жылдары Орал облысында 24 орыс-қазақ мектебі жұмыс істеді. Білімді тек ұлдар ғана емес, қыздар да алды, бұл көшпелі қазақ қоғамы үшін жаңалық болды. Торғай облысында 1888 жылы Ырғыз қаласында орыс қыздарына арналған әйелдер мектеп-интернаты ашылды. Екі жылдан кейін интернатта 15 орыс және 20 қазақ қыз оқыды [114]. 1914 жылы Торғай облысында 604 оқу орны жұмыс істеді, олардың төртеуі орта мектептерге тиесілі. Онда ұлдарға арналған 14 орыс және қазақ мектептері, қыздарға арналған үш мектеп-интернаты ашылған-ды. Жалпы, облыста 10849 ұл және 4705 орыс-православ, 3612 ұл және 375 түркі-мұсылман қыздары білім алды [115].

Оңтүстік Қазақстан өңірі Түркістан генерал-губернаторлығының құрамында дамығаннан кейін, бұл жердегі түркі-мұсылман халықтары исламға деген ұстамдылығытары жоғары еді. Статистикалық есептерге жүгінетін болсақ, тек Сырдария облысы Чимкент ауданының Түркістан бөлімінде 1000-нан астам мұсылмандық мектеп қызмет еткен, ал Дала аймағында барлығы 157 орыс-қазақ мектебі болған, олардың көпшілігінде оқушылар саны 50 адамнан аспады деп отарлық әкімшілігі қатты күрсінген. Осыған орай Ш.Уәлихановтың қазақ қоғамында алатын орны белгілі екендігін еске түсіріп, оның қызметін орыс билігімен байланыстырып, ғалымның орыс мәдениетіне жақын екендігін айтатындар молынан кездеседі. Осыған байланысты Г.Н. Потанин Ш.Уәлихановтың өз халқының және Ресейдің нағыз патриоты екенін еске түсіріп былай дейді: «*Ол алдымен қазақ халқын, содан кейін Сібірді, сосын Ресейді жақсы көретін*» [116]. Бірақ соңғы зерттеулер Ш.Уәлихановтың түркі халықтарына деген ынтасының жоғары екендігін айтып, оның түркі халықтарымен ынтымақтасып, отарлық езгіге біріге қарсы күрес жүргізу керектігін әскери борышын аяқтағаннан кейін белгілі болды. Әулиеатадағы мұсылмандардың қырғынына байланысты Ш.Уәлихановтың «*түркілік патриотизмі (немесе ұлтшылдығы) қатты өрбіді. Онда түркі патриотизмінің пайда болуы көбінесе оның дүниетанымының өз халқының азап шеккендігіне байланысты өзгерді*» дейді Хостлер өзінің кезекті зерттеу жұмысында [117].

Жалпы қазақ ұлттық қозғалысының бастауы XIX және XX ғасырлар тоғысында көшпелі қоғамның әлеуметтік-экономикалық дағдарысқа түскен кезде және Қырым,

Еділ-Орал мен Түркістандағы жәдидтік қозғалыстың басталуымен етене өрбіді. Зерттеуші М.Хрох қазақтың далаларындағы жәдидтік қозғалысты «классикалық ұлттық қозғалыспен» теңестіріп, оның маңызды үш тобын анықтайды: біріншісі, жергілікті мәдениетке негізделген ұлттық мәдениеттің дамуы және оны білім беру, басқару және экономикалық өмірде қалыпты пайдалану; екіншісі, азаматтық құқықтар мен саяси өзін-өзі басқару, алдымен автономия түрінде және ұзақ мерзімді болашақта (әдетте бұл өте қажет болған кезде кешігіп жүретін) және тәуелсіздікке ұмтылу; үшіншісі, бүкіл этникалық топты қамтитын және білімді элиталарды, шенеуніктер мен кәсіпкерлердің сыныптарын, сонымен бірге қажет болған жағдайда бос шаруалар мен ұйымдасқан жұмысшыларды қамтитын толық әлеуметтік құрылым құру [118]. Қазақ қоғамындағы осы аталған үш топ ұлт-азаттық көтерілістерден бастау алып, жәдидтік қозғалыс басталған кезде табиғи жолмен көрініс тауып, түркі халықтарымен бірігіп кетті деген пайым жасауға толық негіз бар.

Сондықтан, түркі халықтарының ұлттық бірігейлігінің жәдидтік қозғалыстан алатынын алға тартып, оның дамуын маңызды хронологиялық аспектілер негізгі үш кезеңге бөлуге болады: ұлттық қозғалыс белсенділері түркі халықтарының этникалық тобының тарихи, мәдени және лингвистикалық дамуының ерекшеліктерін мұқият зерттеп, нақтылап, ұлттық ерекшелік идеясын өздерінің санасына енгізген алғашқы кезең; екінші кезең, жәдидтік белсенділердің жаңа буыны ұлт құру жоспарын іске асыру үшін өз жақтастарын жасырын жұмылдыру «ояту» кезіңі; үшінші кезең ұлтжанды жәдидтердің бір араға топтастыратын ұлттық идеяның отаршылдық езгіден туындау кезеңі. «Осы соңғы кезеңде ғана, – деп жазады М.Хрох, аяқталған әлеуметтік құрылым қалыптасты және қозғалыс консервативті-клерикалдық, либералды және демократиялық қанаттарға бөлінді, олардың (жәдидтердің) әрқайсысының өз бағдарламасы болды» [119]. Жәдидтердің ұлттық құрылыстың жетістігі «бастапқы» ресурстардың, оның ішінде ортақ жазбаша түрік тілінің қалыптасуы, тарихтағы мемлекеттіліктің жадында сақтауы және жеткілікті еркін әрі ықпалды элитаның болуымен байланыстыруға болады.

Осыған байланысты Ә.Бөкейханов қазақтың даласында екі қоғамдық-саяси тенденцияның қалыптасуына назар аударып, қазақ қоғамының өркениетті қайта құрудың әртүрлі модельдеріне тоқталды. Бірінші қозғалыс діни қағидаларды енгізуге және этникалық топты әлеуметтік және мәдени құндылықтар мен исламдық нормаларды жаңарту арқылы жандандыруға ұмтылды. С.Д. Асфендияров өз еңбегінде XIX ғасырдың тоқсаныншы және XX ғасырдың басында Қазақстанда жәдидтік қозғалыстың түрікшілдікке ұласып, үстемдік еткенін және татар буржуазиясы мен дінбасыларының күшті ықпалының сезінгендігін тілге тиек етеді [120]. Ш.Лемерсье-Келкеже жәдидтік қозғалыстың XIX ғасырдың аяғында Түркістанның жаңа этно-аймақтық біртектілігін қалыптастыру барысында өрбігендігін жоққа шығармайды, түркілік бірегейлікті тек элита арасында ғана болғандығын, бірақ ауыл тұрғындарына жеткілікті деңгейде әсер етпегендігін айтады. Жәдидтік қозғалыстың туындауын орыстың отаршылдық саясатымен байланыстырып, түркі халықтарының өзара ынтымақтастығын этникалық және саяси бірлігі аясында жылпы халықтың ұлттық өміршеңдігінің бірден-бір құралы екенін түсінумен айқындайды. Революцияға дейінгі Түркістанның барлық саяси қайраткерлері өздерін «түркістандық» деп санады [121]. Кейбір мұсылман лидерлері Түркістан, Хива және Бұхара түріктері мен ирандықтарын біріктіретін «Шағатай ұлтын» құруды ұсынды [122].

XX ғасырдың басында қазақтың даласы мен Түркістан өңіріндегі түркі халықтардың жәдидтік қозғалысын Алаш зиялыларының бастаған ұлт-азаттық қозғалысымен салыстырады. Солардың арасында қазіргі зерттеуші Н.Д. Нұртазина, бірқатар батыстық ғалымдардың пікірімен, Алаш қозғалысын мұсылмандық жәдидтік қозғалысының ұлттық нұсқасы деп санайды, бірақ одан әрі өзінің пікіріне қайшы келеді, «жәдидтік ойшылдардың» әрекетін реформистік қозғалысқа жатқызбайды [123]. Автор, «жәдид» терминінің сол кездегі қазақ баспасөзінде кездесуіне қарамастан, «Қазақстан тарихында азарту қозғалысының өкілдері көбінесе «жәдидтер» деп аталмады, олар өздерін «оқыған», «жаңашыл», «зиялы» деп қабылдады» деген ойын алға тартады. Бірақ мұнымен «жәдидтік қозғалыстың» мәні өзгермейді, себебі мұсылман әлемін Египет пен Түркиядан бастап Бұхара мен Қазақстанға дейін заңды түрде отаршылдық саясатқа қарсы бағытталған «жаңару қозғалысы» деп қабылдаған абзал. Мұсылман жадидизмінің ұлттық нұсқасын қазақ зиялылары мен Алаш қозғалысын екеуін бөліп-жарды қарастырған қателік деп қабылданатын сықылды.

Біздің ойымызша, қазақтың ұлттық қозғалысы жәдидтік қозғалыстан әсерленіп, өзіндік даму концепциясын ұсынды. Алаш зиялылары өздерінің түркі жәдидтерімен келіспеушіліктерін жасырмады. Дегенмен, қазақ зиялы өкілдері ортақ түркі халықтарының өзара ынтымақтастығын жасырған жоқ, өз халқының болашағын империяның саяси жүйесін ырықтандырумен байланыстырып, қазақ халқының азаматтық теңдігіне қол жеткізіп, қазақтың көшпелі шаруашылығына нұқсан келтіретін орыс шаруаларының қоныстануын тоқтатуды, орыстандыру саясатының алдын алуды, тіпті әрбір салада шарпыған әділетсіз отаршылдық саясатына тосқауыл қоюды армандады және талап етті. Дәп осындай талаптар жәдидтік қозғалысының еншісінде де болды.

Манифест жарияланғаннан кейін 1905 жылдың 17 қазанында түркі қозғалысының жетекшілері «Иттифак ал-муслимин» (Мұсылмандар одағы) партиясының бағдарламасын құра бастады. Нижний Новгородтағы кейінгі екі мұсылман конгресінің жұмысында қазақтардың ішінен С.Қосышғұлов пен С.Жантөрин қатысты. Үшінші Конгрестің бағдарламалық құжаттарында ана тілі сабағын араб алфавитімен оқытылатын мұсылман балаларына арналған бастауыш мектептерді қолдау туралы ережелер ұсынылды. Бастауыш мектептерде орыс тілін оқу міндетті емес болып саналды, түрік тіліне басымдық танытылды [124].

Қазіргі таңда бірқатар зерттеушілерді «ұлттық бірегейлік» тақырыбы қызықтыра түсті. Түркі халықтарының өзара бірігу мәселесі XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басында отаршыл биліктің алдынан шыққан күрделі тақырыпқа айналды. Дегенмен, «Тәржіман» газетінің беттерінде түркі халықтарының этномәдени дискурсы жайында көптеген мақалалар жарық көрді. Жаңа дыбыстық әдісті қолдана отырып, дәстүрлі мұсылмандық білім беру жүйесін реформалаудың көшін бастаған Ы.Гаспыралы Ресейде алғаш болып «Тәржіман» беттерінде түркі халықтарын модернизациялаудың нақты белгіленген бағдарламасын енгізіп, оларды біртұтас ұлтқа біріктіру идеясын жүзеге асырған санаулы адамдардың бірі болып табылады.

Түркі халықтарының ұлттық мәселесі мен түркі зиялы қауымның идеялық көзқарастарын бірқатар зерттеулер, оларды «пантүрікшілдік» идеялары мен мұсылман түріктерінің патшалық Ресейдің отаршылдық саясатына қарсы бастаған әрекеті деп санайды [125]. Әлемдегі түркі халықтарының бірлігіне бағытталған идеологиялық саясат саяси емес, жалпы мәдени және тарихи тамырларға назар

аудара отырып, мәдени сипатта болғанын ескермейді. Ұлт құру идеясының өзі Ресей империясының құрамындағы түркі-мұсылман халықтарын ғана емес, сонымен қатар өзге діндегі түркі халықтарын қамтиды. Ұлттық мәселе Ы.Гаспыралының бағдарламасының негізгі аспектілерінің бірі болды. Сонымен, 1881 жылы жарық көрген *«Ресейдегі ислам. Мұсылманның ойлары, ескертпелері мен бақылаулары»* атты өзінің алғашқы бағдарламалық жұмысында, «Тәржіман» газеті басылымы басталғанға дейін, ол ұлттық мәселеге қатысты өзінің негізгі көзқарастарын ұстануды жалғастырды. Ы.Гаспыралының бұл еңбегінде былай жазылған: «Қазір Ресейдің қолында он миллионға жуық түркі тайпалары бар, олар бір дінді ұстанатын, бір тілдің диалектілерінде сөйлейтін және бірдей әлеуметтік өмірге, дәстүрге ие. Егер біз Ресейдің түркі халықтарын орыстандыру мүмкін емес деп санасақ, сондықтан осылайша бірлікке жету мүмкін емес болса, онда не қалады? Бірлік, адамгершілік, теңдік, еркіндік, ғылым және білім негізінде жақындасу мүмкіндігі сақталады» [126].

Қарастырылып отырған кезеңдегі жәдидтік ағартушылар қоғамды толығымен өзгертуге және діннен алшақтауға шақырған жоқ, керісінше исламды реформалау мен оны шындыққа бейімдеу мүмкіндігін негіздеуге тырысты. Ислам ұлттық бірегейлікті қорғап, сақтайтын күш ретінде қарастырылды, ассимиляцияға және басқа да сыртқы әсерлерге қарсы тұрды. Ресейдегі қоғамдық өмірдің жалпы ырықтануын атап өткен ХХ ғасырдың басына дейін жалпы түркі ұлттық идеясы ағартушылық сипатта болды. Біріншіден, бұл идеяны оны қабылдауға дайын емес, мақсатты аудитория арасында тарату қажет еді. Бұл жайында Ы.Гаспыралының өзі Ресей ішіндегі түркі-мұсылман халықтарының «Итифак аль-муслимин» бейресми саяси ұйымын құру аясында былай деген: *«1883 жылы біртұтас ұлттық идея тіпті ауада да болған жоқ, бірақ қазір 1905 жылдан бастап ол халықтың қалың тобы тарапынан қабылданды және ұйымдасқан мәдени-саяси партияның формасына айналуға тырысуда»* [127].

Саяси бағдарламалар мен түркі қозғалыстарының талаптары Ресейдің мұсылман халықтарының съездерінде күн тәртібіне енді. Мұндай алғашқы конгресстердің бірі, жоғарыда аталғандай 1905 жылдың 15-28 тамызында Нижний Новгородта өтті, оның 150 делегаты негізінен татар қоғамының буржуазиялық топтардан құралды. Ы.Гаспыралы осы Конгрестің жетекшілерінің бірі болды, сонымен қатар әзірбайжандар, Түркістан, Сібір және «ішкі» Ресейдің басқа аймақтарынан басқа да түркі халықтары қатысты. Бұл Конгресс тарихқа «Мұсылман жиналысы» деген атпен енді. Оның алғашқы қарары жас либералды буржуазияның талаптары мен қажеттіліктеріне жауап беретін реформаларға ұмтылып, Ресейдің барлық мұсылмандарын біріктіруге шақырды. Конгресс 16 аудандарға бөлінген Ресей мұсылмандарының ұйымдық одағының негізін қалады, олардың әрқайсысы өз Ассамблеясын құрды. Орталық Ассамблея Бакуде жиналуы керек еді.

Ы.Гаспыралының төрағалығымен өткен екінші съез 1906 жылдың 13-23 қаңтарында Санкт-Петербургте өтті. Съезге 100 делегат, татарлар, қазақтар, Қырым және Кавказ халықтарының өкілдері жиналды. Конгресс Ресей мұсылмандары одағын құруға шешім қабылдады. Съезд Думадағы мұсылмандар өкілдерінің болашағы мен төрағалық ететін көшбасшыға үлкен назар аударды.

Үшінші съез 1906 жылдың 16-20 тамызында Нижний Новгородтың жанында жиналды. Қазан татарлары тағы да үстем болды. Конгресстің жұмысын басқарған Комитеттің 14 мүшесінің 10-ы, Еділ татарлары, біреуі Қырым татарлары, бір әзірбайжандық, жалғыз қазақ және Түркістанның бір өкілі қатысты. Осы жылдары түркістандықтар түрікшілдік идеяларына үлкен қызығушылық танытқанымен (бұл

туралы кейінірек Зәки Уәлиди Тоған және басқа авторлар жазды), бірақ жалпы конгресстерге қатысу оларға қиын болды. Үшінші конгресс Мұсылмандар одағын (Иттифак) екінші съездің шешімдеріне сәйкес келетін саяси партияға айналдыру туралы шешім қабылдады [128].

Әзірбайжан ұлт-азаттық және сонымен бірге түркі халықтарының бірлігін алға тартқан көрнекті тұлғалардың қатарында «Мусават» партиясының негізін қалаушы М.Е.Расул-Заде болды. Оның қызметі кейіннен тәуелсіз Әзірбайжан Демократиялық Республикасының тарихымен (1918 – 1920 жылдары) тығыз байланыста өтті. Ол *«шапшылып жатқан»* түркі-мұсылман әлемін біріктіруді, әзірбайжандық әлеуметтік-мәдени және мемлекеттік жанданудың ұлттық бағдарламасымен байланыстырды. Расул-Заде 1915 жылы шыққан «Ачиг Сөз» (Ашық сөз) газетінде: *«Ұлттың журналисті ретінде және көшбасшы рөлін орындау үшін біз өз жолымыздың негізін ұлтшылдық деп айта аламыз. Еркін өмір сүру және даму үшін әр ұлтқа үш негіз қажет: тіл, дін және дәуір. Біз осы үш негізді - түрікшілдік, исламшылдық және модернизмді мойындауымыз керек»* деген [129]. Сөйтіп ол түркиялық идеологы Зия Гөкалптың *«Türkleşmek, İslamlaşmak, Muasirlaşmak»* атты мақаласындағы түрікшілдікке байланысты теорияны қайталайды. Үштектілік этномәдени, тіл және түркі тамырлары, діни қағидаттар мен модернизация үдерістері бұл жағдайда түрікшілдіктің мақсатты бағдарламасын да, қайта өркендеуге арналған әлемнің негізгі параметрлерін де білдіреді.

Қазан татарларынан Юсуф Ақшора ХХ ғасырдың басындағы түрікшілдіктің жетекші идеологына айналды. Түрік бірлігі мен ынтымақтастығы бағытында оның 1905-1908 жылдары өте белсенді болғанына назар аудару керек. Ресейде барлық үш мұсылман конгрестерін өткізуде маңызды рөл атқарған, осы алғашқы кезеңде түрікшілдіктің идеологы болған. Оның түрікшілдігінің алғашқы көрінісі 1904 жылдың сәуір-мамырынан кешіктірмей жазылған және Каирде «Түрік» газетінде жасырын түрде жарияланған «Үш бағыт», сөзбе-сөз аударғанда *«Үкіметтің үш жүйесі»*, түрікше *«Üç Tarzı Siyaset»* мақаласы болды. Бұл мақаланы Ресейде жариялау тіптен мүмкін болмады. Кейін ол Түрік тарихы қоғамының (Türk Tarihi Kurumu) жеке буклеті болып басылып, кең танымал болды. Ақшораның Ресейде қалып, түрікшілдік бағдарламасын түріктің тарихи шындығына негізделіп дайындағаны аңғартады. Османшылдықты, исламшылдықты және түрікшілдікті, мүмкін түркі әлеміндегі ұлт-азаттық қозғалыс даму бағыттары мен векторларын салыстыра отырып, ол алғашқы екеуінің кемшіліктерін және үшінші бағыттың артықшылықтарын дәйекті түрде ашты. Ол өзінің парадигмасында түркі халықтарының құқықтары бұзылады деп сеніп, османшылдықты жоққа шығарды. Исламшылдықты сынға алды, өйткені мұсылмандар Осман империясының мұсылман емес тұрғындарымен мүлдем қарама-қайшы еді деген ойда болды.

Ю.Ақшора түрікшілдікті түркілерді болашаққа бағыттаған және нақты бірлігі екендігін алға тартты. Ол және оның ізбасарлары Түркияда барлық түркі халықтарын біріктіретін *«Түркі халықтарының одағын»* құруды жақтады. Оның пікірінше, ұлтшылдыққа негізделген, исламизмге және «османшылдыққа» қарсы тұратын түрікшілдіктің Осман империясының сақталуына ықпал етуі мүмкін еді. Жалпы, Ақшораның идеологиялық бағыты түрікшілдікті жаңа кезеңге, атап айтқанда мәдени-ағартушылықтан, Түркия орталыққа айналған саяси түрікшілдіктің негізін қалады [130].

Тіл реформасымен тығыз байланысты түрікшілдік мәселелері 1905 жылғы төңкерістен кейін Ресейде пайда болған басқа түркі мерзімді басылымдарының беттерінде, атап айтсақ, Еділ-Орал аймағының татар басылымдарында, *«Қазан*

Мухбире» (Қазан Хабаршысы), 1906 жылы Оралда шыққан «Жебе» журналы, Орынбордағы «Қаршыға», 1908-1909 жылдардағы «Йашен» және 1910-1917 жылдардағы «Ялта-Юлт» (Найзағай) басылымдарында, Тифлис қаласында 1906 жылдан бастап шыққан «Молда Насретдин» әзірбайжандық сатиралық журналында, Бірінші дүниежүзілік соғыстан бір жыл бұрын шыққан өзбек мерзімді басылымы «Тұран» (49-шы шығарылымнан кейін 1913 жылы жабылған) және «Бұхара-и Шариф» (153 шығарылым шықты, содан кейін 1913 жылы ол жабылды).

Ресей құрамындағы түркі-мұсылман аймақтарындағы түркішілдік пен жәдидшілдіктің біркелкі дамуын, осы аймақтардың жалпы біркелкі емес әлеуметтік-экономикалық дамуына, империяның құрамына енген «бұратаналар» мен Ресей империясының субъектілерінің құқықтық мәртебесіндегі айырмашылықтарға, әр түрлі территориялардың әкімшілік құрылымына, ұзақ немесе салыстырмалы түрде сәйкес келуін атап өту керек. Бірінші дүниежүзілік соғыс түрік бірлігі мен ынтымақтастық мәселесін едәуір қиындатты. Түркия мен Ресей соғысушы тараптар болып шықты. Алайда, осы күрделі жағдайларда түркішілдіктің дамыған әрі ұйымдасқан қозғалысы жалпы түркі халықтары институттарының жойылуына жол бермейтін өте маңызды қадамдар жасай алды. 1915 жылы Ыстамбұлда «Ресейдің мұсылман

түркі-татар халықтарының құқықтарын қорғау комитеті» (Rusya Müslüman Türk-Tatarların Hukukunu Mudafaa Komitesi) құрылды, оны 1908 жылдан бері Түркияда тұрып, 1911 жылдан бері осында «Түрік Юрду» газетін жариялап келе жатқан Юсуф Ақшора басқарды. Ол түрікшілдік бағыттағы ең беделді және жігерлі «Түрік ошақтары» ұйымның жетекшілерінің біріне айналды. Әр түрлі оқу-насихаттық және саяси жұмыстармен қатар «Түрік ошақтары» соғыстан, кейінірек



40 ғасырлық Түрік жұрты жаудың қолында тұтқын болып қала алмайды. Адана, 1923. Гази Мұстафа Кемаль

революция мен большевиктік террордан, Анадолы жерлері мен Балқан жерінен көмек сұраған түркі халықтарының босқындарына нақты көмек көрсетті. Комитет мүшелері 1915-1916 жж. Будапешт, Вена, Берлин және Софияға сапар шегіп, Орталық Еуропа елдерінің үкіметтік топтарында Ресейдегі түркі халықтарының жағдайы туралы ақпараттар таратты. Комитет Ресейден тәуелсіз Түркістанды құру және Қырым мен Қазан хандықтарын қалпына келтіру бағдарламаларын жасады. Осы бағдарламалардың бірі 1915 жылы желтоқсанда Будапештте өткен Түркістан, Әзірбайжан, Еділ және Қырым татарларының түркі халықтарының өкілдері қатысқан комитет отырысында әзірленді [131].

1916 жылы Ресейдің бірнеше түркі халықтарының жетекшілері, соның ішінде Али Гусейнзаде, Юсуф Ақшора, әзірбайжандық Ахмет Ағаоғлы, татар Қазы Абдір-Рашид Ибрахим Лозаннаға жиналып, 1916 жылы 9 мамырда Аппологендер лигасының (Орыс емес халықтардың қорлануы) өкілдерімен кездесті [132]. Стокгольмда олар АҚШ Президенті Вилсонға Ресей халықтарының діни, мәдени және әлеуметтік-экономикалық қысым көрсетуіне және олардың құқықтарының бұзылуына байланысты телеграф арқылы жіберілген бірлескен меморандумға қол қойды. Бұл петиция мәтіні Париждегі «Revue du Mond Musluman» газетінде жеті жылдан кейін, 1923 жылы желтоқсанда толығымен жарияланды [133]. 1916 жылы

маусымда Ресейдің түркі әлемінің өкілдері алғаш рет Лозаннадағы «Еуропа халықтарының конгресіне» қатысты. Бұл Ұлттар одағы - Union des National's ұйымдастырған үшінші халықаралық конгресс, оның мұрагері қазіргі БҰҰ-ы мен Еуропалық кеңестің консультативтік мәртебесіндегі Еуропа халықтарының (ұлттық азшылықтар) федералды одағы. Бүгінде Еуропа халықтарының қазіргі конгрестерінде түркі ынтымақтастығының берік майданын қалыптастыратын Қырым татар халқының Мәжілісі, «Жамағат» қарашай халқының демократиялық ұйымы, Балқар халықтарының ұлттық кеңесі, «Бірлік» ноғай халқының аймақаралық бірлестігі, «Ватан» месхет түріктері қауымдастығы және бұрынғы Кеңес Одағы түркі халықтарының басқа да ұйымдар мүше болып табылады.

1916 жылдың маусым айында түркі әлемінің бірлігі тек конгрестерде, баспасөзде сөйлеген сөздерімен, қаулыларымен және декларацияларымен сыналып, өлшенетін дәуірдің бастауы болды. 1916 жылы алдымен Қазақстанды, содан кейін Түркістанның басқа халықтарын басып алған түркі-мұсылман халықтарын езіп келген Ресей империясына қарсы көтерілістер басталды. Түрікшілдік идеологиясы осы көтерілістердің маңызды негізін құрады. XX ғасырдың басында түрік бірлігі мәселесі мен түрікшілдік идеологиясы халықаралық аренада нақты саяси күшке және Еуразияның барлық түркі халықтары қатысқан қуатты ұлттық біріктіру қозғалысына айналды.


Түрік бірлігінің саяси форматы іспетті тұраншылдық пен түрікшілдік идеяларын алғашқылардың бірі ретінде, еуропалық тарихшы мен насихаттаушысы ретінде шығыстанушы венгриялық еврей Арминий Вамбери болған [134]. Оның көптеген ізденістері мен қолжазбалары 1889-1911 жылдары аралығында Лондонның сыртқы істер мекемесімен хат алмасулары екі томға жинақталып жарияланған. Оның «Орта Азияның очерктері» атты алғашқы кітабы 1868 жылы баспадан шығып, онда түркі тіл білімі, тарих, фольклор саласындағы маңызды мәліметтер және түрік бірлігі (тураншылдық) тұжырымдамасының нақты негіздемесі бар. Арминий Вамбери барлық түркі халықтарын «*бір тектес нәсілге*» жататындығын ескеріп, ортақ психологиялық ерекшеліктері, салт-дәстүрлері бар «түріктер» деп атады. Үш жыл бұрын «Орталық Азияға саяхат» атты жарияланған тағы бір кітабында бір-бірімен өздерінің бірлігін сезінетін «*Адриатикадан Қытайға дейін созылатын*» діні мен тарихы бір «Түрік мемлекетінің» жалпы көрінісін беріп, оның орталығы Осман мемлекеті екенін ескерткен. Осы «Түркі мемлекетінің» маңызды этникалық құрамдас бөлігіне ол Анадолы түріктерін, әзірбайжандарды, түркмендерді, өзбектерді, қазақтар мен татарларды жатқызған [135]. Арминий Вамберинің бұл анықтамасы Еуропалық қоғамдық ойда түрік бірлігінің негізін құрған «Түркі мемлекеті» туралы түсіндірмесі болды. Оның 1905-1907 жылдардағы Батыс Еуропа ғылыми журналдарында ағылшын және неміс тілдерінде шыққан мақалалары шетелдік оқырмандарға «түріктердің оянуы» туралы, түрікшіл ұлттық қозғалысы жайында толық және объективті бағасын алған. Айта кету керек, Арминий Вамбери түрікшіл қозғалысының жетекшілерімен тығыз байланыста болды, бұл сөзсіз оның түрік бірлігі тұжырымдамасын ойлау және қабылдау қабілетіне әсер етті.

Батыста түрік бірлігі идеологиясының дәйекті «аудармасында», түркі және орыс тілдерінде жазылған туындыларды француз тіліне аудару мен оларды бейнелі түрде қайта жаңғырту арқылы түрікшілдік ұғымдарын ұсынуда. XX ғасырда француздық «Revue du Monde Musulman» басылымы түрік бірлігі идеялары мен түркі әлеміндегі оқиғаларды «сырттан» түсіндіріп қана қоймай, сонымен қатар идеологтардың сөздерін өз бет-парақтарында жазды. 1910 жылы осы журналдың

редакторлары Ы.Гаспыралыны Нобель сыйлығына ұсыну туралы бастама көтерді. Осы журналдың беттерінде (автордың аты-жөні жазылмаған) 1913 жылы шыққан «Түрікшілдік және исламшылдық» атты мақалада жалпы түрік бірлігі тарихын қамтыған және негізгі ережелеріне талдау жасалған, диалектикалық ерекшеліктерін исламшылдық идеологиясымен байланыстырған.

Революцияға дейінгі орыс тарихнамасында түрік бірлігіне байланысты еңбектерді әр түрлі деңгейлерін ескере отырып үш топқа бөлуге болады. Бірінші топқа патшалық Ресейдің мемлекеттік органдарының, ең алдымен полиция бөлімінің құжаттарын кіргізуге негіз бар, бұл құжаттарда түрік бірлігі мәселесі әртүрлі қырдан сипатталған және үнемі құпия түрінде ұсталған. Дереккөздердің екінші тобы, ол публицистика, оны өз кезегінде екі кіші топқа бөлуге болады: саяси бағытына қарамастан, орыс баспасөзіндегі басылымдар және түркі басылымдары, олардың кейбіреулері түрік бірлігі бағытын ұстанған. Үшінші топқа дәрежесіне қарай шағын, бірақ өте маңызды дереккөздер категориясы, олар аналитикалық шолулар мен ғылыми зерттеулер болып табылады. Бұл дереккөздер мен әдебиеттердің басым бөлігі 1905 жылғы төңкерістен кейінгі кезеңді қамтып, түрік бірлігі мәселесі «мәдени», «либералды» немесе ашық саяси және радикалды сипатта жазылған. Орыс ғалымдары үшін түрік бірлігі немесе түрікшілдік идеологиясы мен исламшылдық арасындағы байланыс мәселесі өте күрделі және түсініксіз болып қала берді. Көбінесе бұл ұғымдар шатастырылып, бірінің орнына екіншісімен ауыстырылды, олар түрік бірлігі мәселесін біресе «пантүрікшілдік», сонан соң «тураншылдық» деп атап және керісінше екі ұғымды біріктіріп «исламшылдық» деп әлі күнге дейін нақты бағасын бере алмай әлек болуда. Кезінде осы тақырыптағы пікірталасқа араласуға мәжбүр болған Ы.Гаспыралы «исламшылдықты» 1904 жылы «Тәржіман» газетінде жарияланған «Панисламизм» мақаласында мұсылман әлемін жаулап алған «жұмбақ-қауіпті қозғалыс» емес екенін және ол тек «мұсылман халықтарының бірігуі» деп баса айтады [136].

«Исламшылдық» мәселесін зерттеген татар ғалымы А.Аршаруни «қауіпсіздік бөлімі» құжаттарының біріне сілтеме жасап, оған былай сипаттама берген: «Панисламистер белгіленген бағдарлама мен тактиканы әзірлеген жоқ. Олардың тікелей міндеті империядағы мемлекеттік жүйеге қарсы саяси күрес жүргізу болып табылады, бұл ұстанымның негізінде түркі-мұсылмандардың ұлттық бірегейлік жатыр» деп мәлімдеді [137]. 1905 жылдан кейін түркі-мұсылман зиялыларының Дума сияқты заңды саяси институттардың жұмыстарына белсенді араласуы салдарынан, Ресейдің ресми органдарының «исламдық факторға» деген қызығушылығын арттырды.



Полиция департаменті директорының міндетін атқарушы С.Белецкий жазған «Анықтамада» «исламшылдыққа» байланысты былай қорытынды жасалған: «басты қағида болып исламдық қозғалыстың айналасына барлық мұсылмандардың бірігуі болып табылады. Ал мұсылман әлемі Түркияның қамқорлығында, бүкіл түркі халықтарын біріктіріп, мемлекет құруды аңсатады». Кейін, С.Белецкий аталған мақсатқа жетуге ықпал ететін әрекеттерді тізімдеп, «көрнекті түрік және ресейлік мұсылман публицистері түркі халықтарын ортақ мұсылман федерациясына біріктіру үшін сол

нәсілге жататын тайпаларды іздеп табуға белсенді түрде атсалысуда» деген ойын жалғастырған. С.Белецкийдің пікіріне сүйенсек, «исламшылдар» өздерінің мақсаттары үшін жиі қолданатын құралдардың бірі, ол «жаңа әдісті мектептер мен баспасөз» арқылы Ресейлік түркі-мұсылман халықтарының санасына әсер ету болып табылған, әсіресе 1905 жылдың 17 қазанында «Манифест» жарияланғаннан кейін бұл үдеріс, тіпті Ресейдің түркі-мұсылман халықтарының қалын бөлігі мекендейтін түпкір аймақтарына дейін жеткен деген қорытынды жасайды [138].

«Анықтаманы» дайындаған С.Белецкий үшін «арнайы исламшыл баспасөзінің пайда болуымен барлық мұсылмандарға арналған «ортақ түрік тілін» қалыптастыру ниеті пайда болды. Бұл, сөзсіз, саяси мақсатқа ие болуы мүмкін. Түрік ру-тайпалардың арасындағы бөліністерді жойып, барлық түркілерді бір ұлтқа біріктіру науқаны жүргізілуде». Осы аталған мәселені талдай келе, түркі халықтары аграрлық, ұлт-азаттық, революциялық қозғалыстармен өздерінің ұлттық ерекшеліктерін қорғау және өміршеңдігін жалғастыру амалын жасаған кезде, Ресей империясы «қанды» қарсылық көрсетіп, барлық жағдайларда осы ұлттық қозғалыстардың мәнін түсіру мақсатында «панисламшыл» немесе «пантүрікшіл» деген бір мазмұнды және стандартты анықтама дайындап отырған. Ол анықтамалар күні бүгінге дейін өз маңыздылығын әлі жойған жоқ.

Түрік бірлігі мәселе ретінде алдымен ғылыми және публицистикалық әдебиетте көтерілді. Редакторы В.В. Бартольд болған «Ислам әлемі» журналы, оның мақсаты «исламды және мұсылман халықтарының өткені мен қазіргі кездегі өмірін зерттеуге үлес қосу» ниеті ретінде анықталды. Журнал академиялық бағыттағы тарихи зерттеулермен қатар, мұсылман қоғамы дамуының өзекті мәселелеріне арналған материалдарды жариялады, исламдағы «консерватизм» және «модернизм» проблемаларына, мұсылмандық білім беру жүйесіне, сондай-ақ «исламшылдық» пен «түрікшілдік» идеяларының дамуына қатысты мәселелерді қамтыды. Журнал беттеріндегі мақалалардың басым бөлігінде авторлардың аты-жөні көрсетілмеген. Мәселен, бір анонимді автордың «Панисламшылдық және пантүрікшілдік», «Ресейдегі пантүрікшілдік» атты мақалалары 1913 жылы «Ислам әлемі» журналында жарық көрген. Осы іспетті мақалалар бірінен соң бірі тоқтаусыз жарияланып тұрды, сондықтан белгілі бір дәрежеде олардың жазылу мақсаты мен түркі халықтарының бірлігі жайындағы пікірлері ортақ деп бағалаған абзал.

«Ресейдегі пантүрікшілдік» мақаласының авторы жаңа саяси доктринаның пайда болуын Каирде 1904 жылы бастау алған және бір топ саяси эмигранттар қабылдаған «Түрік» газетінің шығуымен байланыстырады. Ресейлік оқырмандарға бұл сөзді бір мезгілде «түріктер» (турки) немесе «түркілер» (тюрки) деп түсіндіруге мүмкіндік беретін атаудың түсініксіздігіне қарамастан, түркілердің өзі жаңа идеяларға аса қызығушылық танытпаған сияқты және бұл газет авторының ізін Түркиядан еме Ресейден іздеу керек деп санайды. «Түрік саяси топтарының назары, – деп жазады ол, – елдің ішкі саясатының күрделі мәселелеріне толығымен батып кетті, сондықтан түріктер арасында түрікшілдікпен араласатын «аңшылар» жоқ» деген қорытындыға келеді [139]. Алайда, автордың пікірінше, жаңа теорияның өміршеңдігі *«түрік бірлігі идеяларының ұлтшылдық мәселесін көтеруімен»* теңестіріп, сол арқылы *«өзін түріктердің ұрпағымын деп санайтын, ұлттық жаңғыруды армандаған мұсылмандардың жүректеріне кең жол ашты»* деп түсіндіреді.

Бөлімді қорытындылай келе, XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында қалыптасқан екі идеологиялық ағым, «түрікшілдік» пен «исламшылдық» жекелеген жетекшілердің саяси ұстамына қарамастан бір-біріне қайшы келмеді. Ресейлік

мұсылмандарының үстемдік ететін діни ерекшелігін көрсететін «исламшылдық» идеологиясы мен практикасы түркі-мұсылман халықтарының отаршылдыққа қарсы ұмтылыстарын үйлестіру және шоғырландыру үшін мүмкін болатын кең негіз қалыптастырды. Іс жүзінде екі идеологиялық ұғымдар, олардың көзқарастары мен ұрандары, бірін-бірі табиғи түрде толықтырып тұратын және түркі халықтарының бірлігін практикалық мағынада жүзеге асыратын. Сондықтан, екі идеологиялық ағымның негізінде жәдидтік қозғалыстың қалыбы жатыр деуге әбден болады.

2.3 Түркі халықтарының ұлттық саяси элитасының отаршылдыққа қарсы күресі

Түркі халықтарының тарихы Ресейдің тарихымен тығыз байланысты екені баршаға аян. Түркі халықтарының ұлт-азаттық қозғалысын зерттеу әлеуметтік болмыс, ұлттық саясат, әлеуметтік ой мәселелерімен де байланысты. Этномәдени және діни бірегейлікті сақтау жолдары мен формаларын іздеу Еуразия аймағындағы түркі халықтарының ұлттық тарихының тағдырында шешуші орын алды. Отарлық езгіден тәуелсіздікке қол жеткізу бағытындағы түрік бірегейлігінің бастауын түркі фольклорының ежелгі бөліктерінде, түркі халықтарының қалыптасып келе жатқан этникалық болмысында байқауға болады. XIX ғасырда тарихи жақта сақталған туыстық мәдениеттер мен одақтардан қолдау іздестіру ішкі араздық пен келіспеушілікке қарсы тұруға мүмкіндік беретін біріктіруші тенденцияны сақтауға алып келді. Түркі халықтарының бірлескен немесе бытыраңқы ұлт-азаттық күресінің негізгі бағытын таңдау XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында ислам айналасына бірігуге және түрік бірлігі идеясының практикалық мағынада жүзеге асуымен тікелей байланысты еді.

XIX ғасырдың ортасында Осман мемлекетінде алғашқы түрік «танзиматы» (қайта құру) басталды. Осы кезеңнен бастап түрік бірлігінің заңды қағидасы ретінде түрікшілдік қозғалысы «пан» тіркемесімен айыпталу дәрежесіне түсіп, «пантүрікшілдік» идеологиясына айналды және бұл ұлт-азаттық қозғалыс османдықтардан бастау алғаны уағыздалып, Ресей империясының «панславизммен» байланыстырылды. 1876 жылы Митхат пашаның кезінде түрікшілдік саяси аренаға шықты. Бұл жас түрік қозғалысының негізіне айналды және түріктің сыртқы саясатындағы исламшылдық пен османшылдықтың негізгі ұғымдарының бірі болды. XX ғасырдың басында Түркия өзгерістер бағытына бет бұрды. Түркістан, Қырым, Кавказ және Еділ-Орал төңірегінен келген түрікшіл идеологтары Стамбулға ағылды, онда түрік бірлігі мәселесі қуатты қозғалысқа айналды. Идеология ретінде түрік бірлігін алға тартқан түрікшілдік қозғалысы XIX ғасырдың аяғында қалыптасты, сондықтан оны панславизмнің немесе пангерманизмнің аналогы ретінде қарастыруы қателік болып табылады. Себебі, түркі халықтарының ұлт-азаттық қозғалысының мазмұны «панславизм» немесе «пангерманизм» іспетті агрессиялық сипатта болған жоқ, түрікшілдік қозғалысы жәдидтерден басталған мәдени-ағартуға негізделген күрестен саяси бояуға ұласқан Ресей мен батыс империяларының отаршылдық езгісіне қарсы бағытталған тактикалық сауатты «*ұлт-азаттық соғыс*» деңгейіне жетті.

Түркі-мұсылман халықтарының саяси жағынан тұңғыш өзін-өзі басқару әрекеттері 1905 жылғы революциялық дағдарыс пен билікті саяси режимнің кейбір

немесе Бакуде жарияланған «Сада» баспа беттерінде белсенділік танытты [141]. «Мұсылмандар одағының» негізін Мемлекеттік Думадағы түркі-мұсылман халықтарының фракциясы құрады, олар Ресей империясының түркі-мұсылман халықтарының өкілдері, депутаттар, шағын топтардан шыққандар еді. Көптеген жағдайларда бұл фракция мәдениет, білім, дін саласындағы мұсылмандардың мүдделерін қорғауға қатысты, бірақ парламенттегі «тұрақты» саяси партия бола алмады.

1906 жылдың 13-23 қаңтарында Санкт-Петербургте Екінші Бүкілресейлік мұсылмандар съезі өтті, оған 100-ге жуық делегат қатысты. Осы жолы съезге түпкір аймақтардан да делегаттар қатысты, атап айтқанда Түркістанның Сырдария облысы мен Семейден бірнеше делегаттар келді. Бірақ патшалық ресей түркі-мұсылман халықтарының манифесте көрсеткен «діни бостандық» жайындағы талаптарды қабылдамай тастады. Съезді өткізуден ресми бас тарту алғаннан кейін, бірнеше делегат съезден кетіп қалды, қалғандары күн тәртібіндегі мәселелер және конгресстің қорытынды құжаттары талқыланатын секциялық отырыстарында жұмысын жалғастыруға шешім қабылдады. Негізгі талқылау үш мәселе төңірегінде өрбіді. Олар, партияның сипаты мен бағдарламасы, ұйымдық құрылымы және оның жарғысы, саяси тактика және сайлауға тосқауыл қою мәселелері. Съездің солшыл делегаттары таптық күрестің дамуы жағдайында жалпы мұсылман саяси партиясын құру және оның жұмыс істеуі мүмкін еместігін дәлелдеуге тырысты. Алайда көпшілігі осы дәлелдерді қабылдамады және «*Русия муселмандары иттифақы*» (Ресей мұсылмандарының Одағы) жаңа атауы бар бірыңғай партияға дауыс берді. Съезд қабылдаған жарғы партия қызметінің негізіне таңдаушылықтың демократиялық принциптерін қойып, жергілікті және орталық органдардың мүшелігі мен өзара қарым-қатынасының негіздерін белгіледі. «Одақ» Жарғысына сәйкес партия құрылымында Орталық комитет пен он алты аудан құру туралы шешім қабылданды [142].

Қазақ зиялыларының белсенді қызметі Екінші Думадағы мұсылмандар үшін ең сәтті сайлау науқаны нәтижелеріне әсерін тигізді. Дума өзінің құрамы жағынан демократиялық және көпұлтты болып шықты. Сайып келгенде 36 мұсылман депутаттардың ішінде 8-і халық өкілдерінен, олардың ішінде 7-і қазақтар мен қырғыздар еді. Ал олардың арасында 10 депутаттың жоғары білімі болды, қазақтар арасынан А.К. Беремжанов, Б.Қаратаев және М.Тынышпаев енді.



М.Тынышбаев – қазақтың тұңғыш теміржолшы-инженері

1907 жылдың наурыз айының басында фракция саяси жағынан бөлінді: солшыл депутаттар тобы «Мұсылман еңбек тобын» құрды және татарлар мен әзірбайжан тілдерінде «Дума» атты газетін шығарды. «Мұсылман еңбек тобы» басқа мұсылман депутаттарымен байланыстарын үзбей көпшілік дауыспен жұмыс тобына қосылды. Депутат М.Тынышпаев кадет фракциясының мүшесі ретінде өзін танытты. Бірінші Думаға қарағанда 22 түркі-мұсылман депутаты кіретін комиссиялардың жұмысына белсенді араласты [143]. Фракция партиялық бағдарламамен жұмыс істеуді жалғастырды, Мемлекеттік Думадағы мұсылман парламенттік фракциясының

бағдарламасын дайындады, онда Думаның аграрлық мәселені талқылауына байланысты Ресей империясының мұсылман халықтарының жер талаптары толығырақ ашылды. Дала аудандары мен облыстардағы мал өсіретін фермалар үшін жер пайдалануды ұлғайту, бұрын шенеуніктерге тегін таратылған жерлерді қайтару, өзін-өзі басқару органдарының қарамағында аймақтық жер қорларын құру және қоныс аудару саясатын қайта қарау ұсынылды.

Дегенмен, сол кезде П.А. Столыпин үкіметі түрлі діндердің проблемаларын талқылауда бастама көтеруге тырысты. Ішкі істер министрлігі дайындаған діни толеранттылық туралы заң жобаларын іске асыру қажеттілігін айта келе, П.А. Столыпин *«православие шіркеуі үстемдік ететін мемлекет ретінде ерекше құрмет пен ерекше қорғауды алатынын»* атап өтті [144]. Осылайша, үкімет ұлттық мәселені конфессионалды мәселеге айналдырып, православтық емес діндердегі ең айқын кемсітушілік шектеулерді алып тастай отырып, діни қатынастар саласымен шектеуге тырысты. Жобалар Думада арнайы құрылған ар-ождан бостандығы жөніндегі комиссияға берілді. Үкімет заңдарына жауап ретінде саяси және азаматтық құқықтардағы шектеулерді жою туралы негізгі ережелердің демократиялық жобасына 173 депутат, оның ішінде мұсылман фракциясының мүшелері қол қойды. Сөйтіп, жалпы қолданыстан босатуды белгілеген барлық «қолданыстағы заңдар, бұйрықтар мен жарлықтарды сөзсіз жою талаптары енгізілді. Сондықтан, Дума депутаттары арасынан *«өзге ұлтқа немесе дінге жататындығына байланысты барлық заңдардың мемлекет тарапынан ерекше құрмет пен ерекше қорғауға алынатындығы»* ескерілді [145].

Екінші Думаның негізгі мәселесі тағы да аграрлық мәселе көтерілді. Бірінші Думадағыдай, оны талқылаудың басталуы ұлттық аймақтардың өкілдерінің белсенді сөз сөйлеуі болды. Орал облысындағы мұсылман фракциясының мүшесі Б.Қаратаев қазақтарды өз жерлерінен күштеп қудалауға және үйлерінен қууға қарсы шықты [144, 1499]. Шын мәнінде, Ресейдің империясының ұлттық реттеуге байланысты екі саяси ағымдар мен екі блок заңдары Екінші Думада бір-біріне қайшы келді: бірінші ағым, ауқымы шектеулі және мазмұны тар үкіметі (ұлттық-діни проблемалардың бір бөлігі ғана), жаппай репрессивті және жазалау шараларымен толықтырылды; екінші топ, ол оппозицияның екінші ағымы ұлттық қатынастарды нақты демократияландыруды, ұлттық және діни теңдікті енгізуді, ұлттық дамуды ұсынып, жергілікті билік кенейтуді талап етті. Алайда, Дума мен автократиялық үкімет арасындағы қақтығыс тағы да күдіретті күшке ие авторитарлық биліктің пайдасына шешілді. Нәтижеде, Екінші Дума 103 күн бойы өмір сүріп, таратылды. Осылайша, 1907 жылғы 3 маусымдағы сайлау туралы заң өз мәресіне жетті. Думадағы түркі-мұсылман халықтарының өкілдігі үш есе қысқартылды және қазақтардан бірде-бір депутат сайланбады. Үшінші Дума империялық және ұлттық, консервативті және демократиялық шиеленіскен сахнаға айналды.

1905-1906 жылдардағы Ресейдегі сайлау заңдары отарлық билік тарапынан ұлттық теңсіздік принциптеріне саналы түрде негізілді. Сайлау заңдарына ұлттық және діни ұстанымдар бойынша көптеген шектеулер енгізілді. Думаның мүшелігіне сайланатындар үшін тіл шектеулері қойылды, яғни *«Мемлекеттік Думаның мүшелігіне орыс тілін білмейтіндер сайлана алмады»*. Сайлау туралы ереже бойынша *«тентіреп жүретін бұратаналар»* (түркі-мұсылман халықтарын осылай кемісітіп атады) сайлау құқығынан мүлдем айрылды. Түркістанның түркі-мұсылман халықтары өкілдігінің пропорциясы төмендетілді. Орыс халқынан депутаттарды сайлауды қамтамасыз ету үшін аумақтық-ұлттық, аумақтық-конфессиялық аймақтар

құрылды. Орыстар мен орыс казактары Думада жеке өкілдік алды, олардың нормалары түркі-мұсылман өкілдіктерімен салыстырғанда айтарлықтай жоғары тұрды. Мәселен, Жетісу, Закаспий, Самарқанд, Сырдарья және Ферғана облыстарындағы сайлау туралы ережелер бойынша Түркістан өңірінен Думаға 13 депутат сайлануы тиіс еді, шын мәнінде орыс және орыс казактарынан 7, түркі-мұсылман халықтарынан 6 мүшесі сайланды [146].

Осы кезеңдегі Ресейдің түркі халықтары арасында ұлтжанды және түрікшілдік идеяларды насихаттау, негізінен ұлттық баспасөз беттерінде жүзеге асырылды, олардың рөлі жоғары болды. 1905-1917 жылдары аралығында түркі тілдерінде 250 түрлі басылымдар шықты. Бұл басылымдардың басым бөлігі Түркістан өңірінде шоғырланған еді. Басылымдардың өміршеңдігі революцияға дейін болғанымен, олар түркі халықтарының ұлттық оянуында маңызды рөл атқарды. Түркі тілдеріндегі шыққан баспасөзінің дамуындағы қиындықтары тиімділігі жағынан салыстырмалы болғанымен, жергілікті мемлекеттік органдары тарапынан үнемі бақыланып отырды. Өйткені, орыстық цензура түркі тілдерін жетік меңгерген-ді. Сондықтан әр түрлі қудалау, соның ішінде редакторлар мен баспагерлерді қудалау үздіксіз жалғасып, кейбір түркі баспагерлері мен журналистері саяси қуғынға ұшырады немесе өз еркімен туған жерлерін тастап, Түркияға қоныс аударды, онда олар түрік зиялыларымен тығыз байланыста болып, сол арқылы ұлт-азаттық қозғалыс идеологиясының таралуына ықпал етті. Барлық қиындықтарға қарамастан түркі халықтарының ұлттық бірегейлігі түрікшілдік қозғалысы қарқынды дамыды. Түркі халықтарының біріккен ұлт-азаттық қозғалыстардың басында татарлар басымдықты танытып отырды.

16-21 тамыз 1906 жылы өткен үшінші бүкілресейлік мұсылмандар съезінде партия өкілдері тек дін мен оқу-ағарту саласына мән бере отырып, түркі-мұсылмандардың ана тілінде білім алуларын жақтады. Бұл съезде қабылданған бағдарлама төрт басты негізде жинақталды. Олар, түркі-мұсылмандарға қолайлы уағыздар мен баспасөз арқылы Мухаммед Пайғамбардың (а.с.) іліміне қайшы келетін ілімдер мен ағымдарға қарсы бірігіп күресу; мұсылмандық мектептер мен медреселерді толығымен қайта құру, басқаруды мұсылман діни басқармасына беру; төменгі және жоғарғы діни басқармаларының қайғылы жағдайға тап болуына байланысты, аталмыш діни басқармалардың бағдарламаларын қайта әзірлеу және исламға тән мәдениет пен даму, сондай-ақ, төзімділік негізінде оның тәсілдерін дайындау; мұсылмандық оқу орындарын қаржыландыру мәселесін шешу [147].

Аталмыш үш бапқа қарсы «консервативті» деп атауға болатын мұсылман партиясы құрылды. Бұл партияның құрамына барлық мұсылман діни қызметкерлері кіргендіктен, оның ықпалы басымдырақ болды. Партияның баспасөз органдары Петербургтағы «Нұр», Қазандағы «Қазан-Мұхбери», Башқұртыстандағы «Иршад» т.б. газеттер болды. Үшінші Думада күшейе түскен империялық саясаттың жүргізушісі, оңшыл топ пен орыстық шовенистік-ұлттық фракциясы мен ұлттық және оппозициялық фракциялар мүшелерімен үнемі дауға түсіп, Думадағы қақтығыстарды өршітті. Үшінші Думада мұсылман фракциясы министрліктер мен ведомстволардың қаржы шығындарын талқылауға белсенді араласты, түркі-мұсылман халықтарының қанағаттанарлықсыз жағдайының сипаты мен себептеріне назар аударды. Үшінші Думаның талқылауларында Білім министрлігінің қаржы шығындарын депутат Ғ.Еникеев көтерді. Ол ҰЭМ бағалауы бойынша *«ең аз қаржы Ресейдің шығысы мен оңтүстік-шығыс шеткері аймақтарына тиетінін, яғни түркі-мұсылман халықтарының көп тұратын елді мекендеріне»*, сондай-ақ *«жергілікті*

приходтардың тұрақты қаржыландыратын мұсылмандық діни бірлестіктер үшін мемлекет бөлетін қаражаттың болмауы әділетсіздіктің көрінісі» деп ашық айтты [148]. Жалпы, қоныс аудару әкімшілігінің қаржы шығындарына талқылау елеулі пікірталас туғызды, өйткені үкімет империяның еуропалық бөлігіндегі шаруалар арасындағы әлеуметтік шиеленісті оларды елдің шығысы мен оңтүстік-шығыс шетіне көшіру арқылы жеңілдетуді көздеді. Осы жиында Закавказьедегі орыс халқының шовенист-оңшыл депутаты Ф.Ф. Тимошкин Кавказ бен Түркістанға қоныстануды уақытша тоқтата тұруға байланысты былай деді: «*Бұл да Ресей жері, демек, Сібірдегідей, Ресей аяғына да толықтай рұқсат етілуі керек*» [148]. Оған қарсы депутат Садри Максуди қазақтың көшпелілері мен ормандарын пайдалану туралы ойын былай білдірді: «*Қырғыздар (қазақтар) ежелден өмір сүріп жатқан жерлер, бұл жер іс жүзінде әр қадамда көрінетін жерлер, сөзсіз, қырғыздардың (қазақтардың) рутайпаларының гасырлар бойғы меншігі*» [148, 560]. Түркі-мұсылман депутаттары Ақмола, Торғай, Семей, Орал, Жетісу, Сырдария және Закаспий облыстарында жер ресурстарын басқару жөніндегі комиссия құру туралы жобаға бірінші болып қол қойды, ол Қазақстанның және Орталық Азияның ұлттық аймақтарындағы жер қатынастарын реттеуге өз үлесін қосуы керек еді, сөйтіп аталған заң жер комиссиясына қарауға ұсынылды.

Түркі халықтарының саяси өміріне белсенді түрде заңгер білімін алған Алимердан Бек Топчибашев болды. Ол Мемлекеттік Думаның депутаттығына сайланып, Кавказда либералды түрікшілдіктің идеяларын таратуда өте маңызды рөлге ие орыс тілінде «Каспий» газетін шығарды. Алимердан Бек Топчибашев бүкілресейлік мұсылман конгрестеріне қатысты және үшінші съездің төрағасы болып сайланды. Ол кез-келген саяси қиялдарға және утопиялық ағымдарға бейім емес, реалист саясаткер ретінде замандастарының жадында сақталды. Осылайша, 1905 жылғы төңкерістен кейін әзірбайжандар империялық Ресейдің оппозициясына айналды және білім беру мен мектеп істерінде, газеттер шығаруда, саяси партияларды құруда белсенділіктерін танытты. Әзірбайжан газеттері негізінен түрік тілінде шығарылды, себебі оғыз тобына жатататын бұл түркі халықтары бір-бірін жақсы түсінді. Әзірбайжандардың саяси бағдарламасының негізінде империялық Ресейден бөлініп шығып, Османлы мемлекетіне жақындасу жатты.

Саны жағынан аз мұсылман партиясы орыстардың социал-демократиялық партиясына қосылған мұсылман жастарының тобы, түркі-мұсылман халықтары арасында үлкен беделге ие бола алмады. Оның баспасөз органы «Тан-Жұлдыз» газеті болды. Бұл партиялардың идеялары әртүрлі болғанымен, олар түркі-мұсылман халықтарының сауаттылығын ойлаған. 1909 жылы 10-шы тамызда Ташкент қаласында «Көмек» мұсылмандар қоғамы құрылды. Құрылған бұл қоғамның мақсаты материалдық және рухани жағдайға мұқтаж Сырдария облысы түркі-мұсылмандарына қаржылай көмек көрсету, сондай-ақ, жетім-жесірлерге, қарттарға, мүгедектерге арналған емханалар, асханалар, баспаналар салу және оқытушылардың жағдайын жақсарту мақсатында көмек ету еді. Сонымен қатар, қоғам жоғарғы оқу орындарда білімін жалғастырған білім алушыларға стипендия тағайындады. Қоғам 12 мамыр 1909 жылы өз уставын бекітті [149]. Устав негізінде аталған қоғам Сырдария уалаятының халық қоныстанған бекеттерде өз бөлімшелерін ашты. Қоғамның құрылтайшылары, атап айтқанда: Ташқожа Тұяқбаев, Низан-Қары Молда Хусаинов, Молда Абдулла Авлянов, Мұнавар Қары Абдурашидханов, Баширулла және Асадулла Ходжаевтар болды. Осы іспеттес қоғамдар Жетісу облысы Қапал уезінде «Мұсылман ағартушылық және

қайырымдылық қоғамы» [150], Жаркент қаласында «Мұсылман-прогресшілер қоғамы» ұйымдастырылды [151].

IV-ші Мемлекеттік Думада орыс депутаттарының саны мен ықпалы айтарлықтай күшті болды. Сайлау қорытындысына қарағанда империялық қысым одан сайын күшейіп, түркі-мұсылман халықтарынан депутаттардың саны барынша азайды. IV-ші Думада небәрі 7 түркі-мұсылман депутаты сайланды. Фракция төрағасы Г.Тевкелев 1913 жылдың 13 наурызында өткен жиналыста 1907



Қазақтың зиялылары

жылғы сайлау туралы заңның күшін жою туралы түсініктеме беріп, «бұл заң бізді және мұсылмандарды нашар жағдайға душар етеді» деп баса айтты, өйткені «Дала аймақтары, Түркістан өлкесі мен Закаспий облысы, өкілдік ету құқығынан толық айырылды» [152]. Әрі қарай Түркістандағы мемлекеттік суармалы жер учаскелерін орыс келімсектеріне беру мәселесін талқылауға байланысты, шовенист-оңшыл депутат Н.Е. Марков екінші рет «жергілікті ұлттардың өкілдері, қырғыздар мен сарттарды сайлау құқығынан алып тастау керек» деп дәлелдеуге тырысты. Оған қарсы Депутат М.М. Далгат оның уәждерін «хайуанат бағы» деп атады. Ғ.Еникеев болса заңға «дін мен ұлтты бөлмей» енгізуді ұсынып, Дума депутаттарына: «Неліктен орталық аймақтарда кедейлердің болуына тек қырғыздар, немесе башқұрттар немесе Түркістандықтар ғана жауап беруге тиісті?» - деген сұрақ қояды [148, 2303-2406].

Бұл тарихи кезең Түркістан өлкесі халықтарының арасында да ерекше сипатқа ие болды. Патша өкіметі өзінің қараңғы саясатын бүркемелеп жүргізуін тоқтатпады. 1906 жылы 31 наурызда «Ресейдің шығыс және оңтүстік-шығыс бөлігіндегі түз (инородцы) халықтарының бастауыш училищелер туралы ереже», Түркістан халықтарын ана тілінде білім алуын шектеп қана қоймай, олардың жазу ісінің орыс алфавитіне көшіруді заңды түрде бекітіп, бүкіл мұсылмандық оқу орындарын Халық ағарту министрлігіне қаратты [153]. Бұл халық аузында «31 наурыз ережесі» болып есте қалды.

Осы сәтте, Түркістан өлкесі түркі-мұсылман зиялылары өз құқықтарын қорғау мақсатында Нижний-Новгородта өтіп жатқан съезге жедел хат жолдап, жергілікті халықтың «31 наурыз ережесіне» наразылық көрсетіп жатқанын және съезде түркі-мұсылман халықтарының мүддесін қорғауды сұранды. Съезд делегаттары бұл жедел хатта жергілікті халықтың талап еткен мәселелерді қарастырып, қабылданған ереженің баптарын өзгерту жолдарын іздестірді. Олар бір шешімге келіп, Халық ағарту министрі атына өтініш жолдады. Өтініште, 17 қазан манифесіндегі қабылданған империядағы барлық халықтарға теңдік негіздерін жүзеге асуын талап етіп, қабылданған «31 наурыз ережесінің» бұған қарама қайшы келетіні жөнінде жазылған. Олар Халық ағарту министрінен мұсылмандардың ана тілінде білім алуларына мүмкіндік беруді сұраған [154].

Осылайша, Түркістан өлкесінде «31 наурыз ережесіне» қарсы қозғалыс өрістей түсті. Бұл ереже өлкедегі зиялы қауымның наразылығын туғызды. Мемлекеттік Думадағы мұсылман фракциясы ашық түрде оқу-ағарту саласын қорғауғы кірісіп, патшалық Ресейдің орыстандыру саясатын сынға ала бастады. Парламент шеңберінде оқу-ағарту саласында орыс әкімшілігінің мұсылман халықтарына қысым жасап жатқаны айтылып тұрды. Мұсылман фракциясының өкілі Ғ.Еникеев 20 сәуір

1909 жылы болып өткен Думаның мәжілісінде Халық ағарту министрлігінің оқу-ағарту саласында жүргізген орыстандыру саясатын жалғастырып, ашқан оқу орындарының тек миссионерлік сипатта болғанын айтқан. Сондай-ақ, Ғ.Еникеев, түркі-мұсылман балалары орыстандыру мақсатында ашылған орыс оқу орындарында оқып, ана тілінен, әліппесінен айрылып жатқанын және орыс әкімшілігі оларды мұсылман мәдениетінен, жалпы мұсылмандық негіздерінен ажырату үшін қолынан келгенше бүркемеленген саясат жүргізгенін тартынбай сынға алған. Ол, «31 наурыз ережесі» мен патша өкіметінің оқу-ағарту саласында жүргізген орыстандыру саясатын реакциялық сипатта болғанын білдіріп, мұсылмандар атынан: біріншіден, жүргізіліп жатқан орыстандыру саясатының жойылуын, екіншіден, жалпыға бірдей білім беретін бастауыш мектептерді ашқанда мұсылмандардың этнографиялық және тұрмыстық ерекшеліктері ескеріліп, ашылған мектептерде ана тілінде оқытылуын, үшіншіден, мұсылман оқу орындарын мұсылман діни басқармасы қарамағына беруін талап еткен [155].

Ғ.Еникеевтің бұл талаптарына Мемлекеттік Думаның ұлы державалық пиғылдағы депутат Березовский қарсы шығып, орыс мектептерінің таза орыс болуы керектігін айтып, мұсылмандардың өз тілдерінде білім алғылары келсе, онда өз қаражаттарына мектеп ашып, балаларын сол мектепте оқытсын деген шовенистік ойын білдірді [156].

Дегенмен, мұсылман фракциясының оқу-ағарту саласындағы белсенді қызметі 1910 жылы жалпыға бірдей білім беру туралы заң жобасы енгізілген кезде байқалды. Орыс өкіметі бұл заң жобасын енгізу барысында оқу-ағарту саласын мұсылмандарды рухани қанаудың құралына айналдыруды көздегенін білдірді. Бұл жобада барлық мектептерде алғашқы екі жыл ішінде балалар ана тілдерінде білім алса, қалған жылдары орыс тілінде оқытыны нағыз сорақылықтың көрінісі болды. Бұл жобаны енгізудегі орыс әкімшілігінің басты мақсаты, ол мұсылман балаларына жарым-жартылай білім беріп, оны керексіз маман етіп шығару еді. Сондай-ақ, мұсылман балаларын орыс рухына тәуелді етіп, «мәнгүрт» дәрежесінде қалдыру ниеті жатты.

Бұл жоба енгізілгеннен кейін, оның реакциялық сипатта екенін халыққа түсіндіру және халықты бұл жобаға қарсы аттануды насихаттау мақсатында думадағы мұсылман фракциясының өкілі Садри Максуди 1910 жылы Түркістан өлкесін аралап қайтты. Бұл сапардан кейін, Түркістан генерал-губернаторлығының барлық облыстарынан Мемлекеттік Думаға мұсылмандарға ана тілінде білім алуға мүмкіндік беруді талап ететін жедел-хаттар жіберілді [157].

Садри Максуди Қазан қаласында екінші медресені аяқтағаннан кейін, оқытушылар мектебінде оқуын жалғастырды. Ол Париж қаласындағы Сорбонн университетін бітіргеннен соң, 1906 жылы Қазан қаласына оралып, екінші және үшінші Мемлекеттік Думаның депутаты болып сайланған-ды [158]. Садри Максуди ұлтты еркін мәдени өзін-өзі анықтау құқығына ие, бірақ біртұтас мемлекеттік организмнің мүшесі бола отырып, тұтас ұлтты мәдени бірлестік ретінде анықтады. Оның пікірінше, «Ресей үшін мемлекет мүдделері барлық ұлттардың ең өзекті мүдделері болып табылады және мемлекет осыған зардап шекпейтін дәрежеде қанағаттандырылуын қамтамасыз етуде болуы мүмкін» деген ойын білдірген [159]. Шовенистік-оңшыл депутаттармен жүргізілген пікір-таласта Садри Максуди оларға «Ресейде тұратын ұлттардың сіз сияқты тәуелсіз өмір сүру құқығы бар екенін түсінбейінше, сіз мемлекетті басқара алмайсыз» деп түсіндіруге тырысты. Ол: «Өзін мемлекеттің ішінде сезінетін партия ғана мемлекетті басқара алады» деп қорытынды жасаған [148, 1993].

Сөйтіп, Мемлекеттік Дума мінбесінен шовенистік пиғылдағы әзірленген заң

жобасына түркі-мұсылмандардың қарсылығын Ғ.Еникеев пен Садри Максуди батылдықыпен мәлімдеме жасап, бұл жобаға түзетулер енгізуді талап етті. Барлық депутаттар оларды қолдап, ана тілдің түркі-мұсылмандар болмысын қорғайтын құрал, оны ешбір саясат жоя алмайтынын баса айтты [160]. Осыған қарамастан, мұсылман фракциясының талаптары көп жағдайда қарсылыққа ұшырап жатты. Оның бір айғағы ретінде, Мемлекеттік Думада сөз сөйлеген шовенист-оңшыл депутат Марковтың ұлы державалық шовенистік пиғылдарды қорғаштайтын мәлімдемесінен көруге болады. Ол былай деді: *«Егер тәуелсіздігінен айырылған немесе оны сақтай алмағандар бізде бірдей құқыққа ие болса, бұл әділ болмайды деп санаймын. Осыған байланысты мен мынаны білдіргім келеді. Құрметті депутаттар, сіз бізді қайта тәрбиелей алмайсыз. Біздің ата-бабаларымыз сіз үшін мемлекет құрмады. Олар бізге және біздің балаларымызға және немерелерімізге мемлекет құрып берді, бірақ олар сіз туралы ойламады. Православие мемлекетінде мектеп православие білімін таратуы керек. Бұл ұлттық қажеттілік»* [161]. Нәтижеде, түркі-мұсылман зиялы қауымының Мемлекеттік Дума арқылы ұлттық мектеп мәселесін шешу талпынысы жүзеге аспады.

Александр Бенингсен *«Түркістанға большевиктер келместен бұрын, халық арасында көшбасшылықты интеллигенция, жер иелері, бай саудегерлер мен ғұламалар құрастырды. Олар арасынан халықты біріктіріп, соларға басшылық жасайтын көшбасшы шықпады. Түркістан халқы бөлек-бөлек топтасып қана күрес жүргізді. 1905-1917 жылдар аралығында Түркістан мұсылмандары аяқ астынан саяси күреске аттанды. Оның екі негізі болды: біріншісі, тәуелсіздікті алу, екіншісі, исламды қорғау. Осы екі негіз халықтың болмысын орыстардан сақтап қалды. Бірақ, Кеңес өкіметі жылдарында орыстандыру саясаты «екіжүзділік» сипатқа ие болды»* деп, сол кездегі Түркістан өлкесіндегі саяси жағдайды сипаттай келе объективті баға береді [162].

Алайда, біз сол кезеңдегі саяси жағдайдың шиеленісті екенін ұмытпауымыз керек. Қазіргі таңда, өткен тарихи құбылыстарды сараптау, оған объективті немесе субъективті баға беру онайға түсетін сынды. Бірақ, кез-келген тарихи мәселені сараптағанда біз сол кезеңге барып қайтып, оны жан-тәнімізбен сезінуіміз шарт. Одан кейін, тарихи процесті бағалауымыз дұрыс болар. Сондықтан, сол жылдары түркі халықтарының талаптарына сай заң жобасы қабылдануы мүмкін емес еді. А.Байтұрсынов «Қазақ» газетінде жариялаған «Қазақ һәм Дума» атты мақаласында Ресей империясының «демократиялық» ұстанымын былай айғақтайды: *«Қазақтың көбі Думаның атын білсе де, жайын жақсы білмейді. Білгеннен соң ойлайды: Тілеген тілегі Думаға жетсе, тілегі бола қалады деп. Бүгінгі Дума ондай күннен алыс»* [163]. Шовенистік рухқа малынған орыс отарлаушылар қолынан келгенше түркі халықтарының ұлттық дербестігі былай тұрсын, ана тілінде білім алуына шек қойып отырған.

1911 жылдың 1 қаңтар айында «Шуро» журналында, Түркістандағы мұсылмандар тарихи санасын сақтамаसा, өз тарихын оқымаса болашағына ешкім кепілдік бере алмайтынын ашына жазған. Онда патшалық Ресейдің орыстандыру саясаты қатаң сынға алынып, мұсылмандардың өз болашағын қазірден ойлауын жазған. Онда былай деп жазылған: *«Егер біз мұсылмандар тарихты оқымасақ, онда бізге қойылған сұрақтарға жауап беру қиынға соғады: «Біз кіміз, біздің ата-бабаларымыз кім, ата-бабаларымыз қалай өмір сүрді? Біздің достарымыз бен жауымыз кім екенін білмейміз. Шәкірттер (түркі-мұсылман халықтарынан шыққан білім алушылар) тарихын зерттегенде өз діні мен ұлтына пайдалы немесе зиянды адамдарды біледі, және сәйкесінше, олар біріншісін жақсы көреді, ал екіншісіне жек көрінішті болады. Олар, шәкірттер, атақ-даңқ пен биліктен айырылған залымдар басқаларға қысым көрсетіп, мәжбүрлейтінін және*

мұның салдары көптеген адамдардың қасіреті екенін біледі» [164].

1912 жылы Мемлекеттік Думаның өткен жиналысында Садри Максуди Ресей ішкі істер министрлігінің мұсылмандарға қарсы жүргізілген саясатын қатты сынады. Ол патша өкіметі тарапынан түркі-мұсылмандарға қарсы жасалып жатқан түрлі репрессиялар мен шектеулерді ашына айтқан. Сол жылдары үкімет тарапынан «Куняш» газеті, «Хилал мен Мағлумат» журналдары жабылды, «Вақит» газетіне төрт рет 800 сомнан айып пұл салынды, «Айқап» журналына да 100 сом айып пұл салынған-ды. Орыс әкімшілігінің бұл әрекетін ол сескенбей ашық айтты. Сондай-ақ, Садри Максуди орыс әкімшілігінің мұсылмандардың діни болмысына, мәдениетіне, оқу-ағарту саласына қол сұққанын да атап өтті [165]. Оның берген статистикалық мәліметтеріне қарағанда: бір жыл ішінде 150 мұсылман тінтуден өткен, 70-тен астам оқу орындар мен ағартушылық мекемелер, журналдар мен газеттер жабылған. Осыдан орыс әкімшілігінің мұсылмандардың жәдидшіл қозғалысы мен мәдени өмірін толығымен жоюға тырысқанын байқауға болады.

Қазан қаласында 1910 жылы өткен миссионерлік съезде «исламшылдыққа» қарсы шаралар белгіленді. Святой Синод мұсылмандардың шығарып жатқан газет мәтіндерімен қоса, оған орысша аудармасын бірге жариялауды талап етті. Миссионерлер бұл талапты мұсылмандардың әрекетін біліп, оларды өз шеңгелінде ұстауды мақсат еткен. Соның салдарынан, миссионерлер Ішкі істер министрлігі жанынан «исламшылдыққа» қарсы арнайы кеңес ашты [165, 160 п.]. Кеңес мүшелері Қазан қаласының миссионерлері болды. Миссионерлер «исламшылдыққа» қарсы бірқатар шаралар атқаратын болды. Мәселен, мұсылмандық оқу орындарының оқу бағдарламасынан жалпы пәндер мен орыс тілі пәнін оқуды алып тастап, оның бағдарламасын тек мұсылмандыққа қатысты дәрістермен шектеп, оның бақылауын Халық ағарту министрлігіне қаратуды көздеді [165, 161 п.]. Мұнда, орыс миссионерлері жалпы пәндер мен мұсылмандық ілімі арасында шек қойып, оларды надандықта ұстау арқылы орыстандыруды көздеді.

Дегенмен, ХХ ғасырдың басындағы түркі бірлігі идеясының дамудың негізгі бағыты ұлттық бірегейліктегі діни үстемдікті біртіндеп ығыстыру мен оның мәнін этникалық бірігу арқылы өзін көрсете бастады. Сонымен бірге өзін-өзі сәйкестендірудің негізгі формуласы ретінде «біз түрікпіз», «біз мұсылманбыз», «біз шиітпіз» деген ұғымдарды жоққа шығарып, осыған негізделген, этномәдени сәйкестілік олардың түркі әлеміне жататындығы туралы идеяны кеңейтіп, күшейте бастады. Демек, дәл осы аймақта терең тамыр жайатын түрікшілдіктің негізін қалаған дәл осы Әзірбайжанда жәдидизм идеясының сәтті таралуы болды. Мұндағы реформалар мәдениеттің, ағартудың және күнделікті өмірдің барлық салаларына әсер етті. Прогресшіл ағарту, мұғалімдер, баспагерлер, журналистер, суретшілер, жазушылар, Закавказьедегі Ысмайыл Гаспыралының ісінің лайықты ізбасарлары әзірбайжандық ортадан шықты. Олардың арасында Нариман Нариманов (1870-1925 жылдары) түркі-мұсылман оқырмандары үшін зайырлы кітапханаларды құрудың бастамашысы, роман мен пьесалардың авторы болды, бұл шығармалар әзірбайжан халқының тарихи көкжиегі мен ұлттық болмысын кеңейтуге ықпал етті. 1903 жылы Мамед аға Шахтахинский жергілікті түркі диалектісінде «Шарки Рус» газетін шығара бастады. Ол араб алфавитін өз ана тілінің ерекшеліктері мен газеттің баспа мүмкіндіктеріне бейімдеп, реформалауға тырысты [166]. 1905-1907 жылдардағы революция әзірбайжандықтардың түрік бірлігі қозғалысына белсенді қатысуына одан да күшті серпін береді. Әли Бей Хусейнзаде, Ахмед Бек Агаев сияқты түрікшілдіктің көрнекті қайраткерлері мен теоретиктері саяси аренаға шықты.

Түркияда түрік бірлігі мен түрікшілдік идеологиясының серпін алуы мен дамуы үкімет пен көптеген ықпалды топтардың қатал қарсылықтарымен кездескендігі, Ресейдің қоғамдық құрылысы үшін беймәлім болып қала берді. Сондықтан ресейлік зерттеушілердің басым бөлігі, түрікшілдік қозғалысының Осман мемлекетінен шыққандығын жазады. «Түрік» ұлттық атауының Анадолы жерлерінде «екінші дәрежелі» сатыда екендігі туралы танымал дипломатиялық корреспонденттер мен еуропалық басылымдардан көруге болады. Осман мемлекетіне әскери тәлімгер ретінде жұмысқа қабылданған неміс текті Мольтке түріктерге «түрікшілдік» саясатының Түркия үшін беретін артықшылықтарын бірнеше рет атап көрсеткен. Мольтке Азияда, миллиондаған туран халықтарына назар аударуға және оларды бір қуатты мемлекетке біріктіруге кеңес берді. Ол елорданы Константинопольдан Азияның қалаларының біріне көшіруге шақырды. Осман мемлекетінің тек осы негізде қайта жандана алатындығын дәлелдеуге тырысты [167]. Оның айтуынша, Османлы шеңберлерінде түрік бірлігі идеясына менмендікпен қарсы тұрды және А.Вамбери «түрікшілдік» идеясын ұсынып, әзірлеуге және дәлелдеуге тырысқан кезде: *«Сіз бізді қырғыздармен және Түркістандағы қаңғыбас көшпенділермен теңестіре алмайсыз деп үміттенеміз»* жауап алатындығын жазған. Сондықтан, Түркияның өзінде «мәдени түрікшілдіктің» негізі Ресей империясының құрамындағы түркі халықтарының ықпалымен пайда болғандығын нық сеніммен айтуға болады. Бұл тұрғыда 1900 жылы «Ахенк» атты түрік газеті беттерінде, оның баспагері және редакторы Мемет Шереф, манифесттік хаттың авторы болса, жазушы Мемет Нәжіптің айтуына қарағанда *«түрікшілдік идеялары мен сезімдері барлық түріктерді біріктіреді»*. Түрік ғалымдарының өзіндік лингвистикалық, тарихи, филологиялық зерттеулері түрік бірлігі қозғалысын жаңа ашылымдармен, оны жаңа дәлелдермен толықтырды. Мұндай ғалымдардың ішінде, мысалы, «Османлы» сияқты тіл жоқ деген тұжырымға келген әйгілі «Камус-и Түрки» сөздігінің жасаушысы Шемсеттдин Сами (1850 – 1904 жылдары) болды. Ол «түрік» түсінігін «ұлт» деп пайымдады, оның тарихи мекен-жайы Адриатика теңізінен Қытай мен Сібірге дейінгі үлкен кеңістік деп білді. Шемсеттдин Сами Османлы түріктері мен Түркістандағы түркі халықтары арасындағы ең жақын тілдік және мәдени байланыстарды қадағалады.

Түркиядағы түрік бірлігі мен түрікшілдіктің дамуына қатты әсер еткен сол буынның тағы бір жазушысы ақын Мемет Эмин Юрдакүл (1869-1944 жылдары) болды. Оның Бірінші дүниежүзілік соғысқа дейін де, сол кезде де пайда болған өлеңдері түрік қоғамдық санасына қатты әсер етті. 1918 жылы олар *«Тұранға барар жолда»* деген атпен жеке жинақ болып жарық көрді [168]. Ол түрік ұлтының патриоттық санасына үн қатып, сонымен бірге «түркі» қауымдастығы туралы ұғымды уағыздады. Оның *«Түрік, оян!»* поэмасы *«О, түркі нәсілдері! О, темір мен темірдің балалары, мыңдаған патшалықтардың негізін салушылар, мыңдаған тәждердің тасымалдаушылары!»* деген ұранды сөздермен басталады.

XX ғасыр басындағы қазақтың саяси элитасы да өздерінің еңбектерімен қазақтың ұлттық сана-сезімін оятуда, сондай-ақ, халықтың зердесіне тағдырларын тек өздері ғана шеше алатынын жеткізу үшін аянбай жұмыстар атқарды. Олар аймақтық баспасөз органдарын құрды, елдегі әлеуметтік-экономикалық, рухани-мәдени және қоғамдық-саяси өмірді қайта құру қажеттілігін басты мәселе деп шешті. Қазақ интеллигенциясы халық-ағарту саласын көтеру, ұлттың тең құқықты болу, отаршылардың жер мен суды тартып алуына наразылық білдіру секілді мәселелерді еңбектерінің басты тақырыбына айналдырды. М. Дұлатовтың бірнеше рет басылған *«Оян, қазақ!»* атты өлеңдер жинағы осы іспеттес тақырыпқа сай келеді. Бұл еңбекте

XX ғасыр басындағы оқу-ағарту саласының жағдайы, елдің қоғамдық-саяси өмірі мен әлеуметтік-экономикалық даму мәселелері көтерілген. Еңбек қазақ жастарын білім мен ғылымға шақыруымен қатар, халықтың қошеметіне ие болды. Көп кешікпей, бұл еңбек орыс әкімшілігі тарапынан зиянды деп табылды. Барлаушылар еңбектің таралымын анықтау мақсатында тыңшыларды жіберді, дүкендерді тексеруден өткізді. Кітаптың халық арасында таралып кетпеуіне барынша күш-жігерін аямады.

Ендігі жерде, қазақтың саяси элитасы «Қазақ» газетінің айналасына топтасып, халықтың көкейкесті мәселелерін шешуге бел бұды. Атап айтқандай, «Қазақ» газеті төңірегіне жиналған қазақ зиялылары бар қуатын ағартушылық мақсатта кеңінен пайдаланды.

XX ғасырдың басында жер мәселесі басты тақырыпқа айналды. XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап орыс әкімшілігінің орыс шаруаларын қоныстандыру саясаты елді орыстандырумен тікелей байланыста жүріп, көптеген құнарлы жерлер тартылып алынып, ысырапсыз пайдаланылды. Бұл саясат қазақты отырықшылыққа бейімдеуін көздеп, қазақтың көшпелі өркениетіне балта шапты. Жер мәселесі «Айқап» журналы мен «Қазақ» газетінде көтеріліп, пікірталасқа арқау болды. Қазақ ұлтының зиялылары халықтың отырықшылыққа емес, қазақ жерінде қалалар салып, білім мен өнер ошақтарын құруын қалады. Әсіресе, бұл пікірді «Айқап» журналы төңірегінде топтасқан Ж. Сейдалинов, М. Қаратаев пен М. Сералинов жақтады [169].

Ал «Қазақ» газеті төңірегінде жиналған Ә.Бөкейханов бастаған қазақтың ұлдары көшпелілік жер нормасын жақтады. Олар қазақтардың құнарлы жерлерге егеленіп, сол жерде зәулім ғимараттардың салынуын, мешіт, мектептердің ашылуымен қатар, көшпелі өркениетті ұмытпайтынын жақтады [170]. Бұл екі топтың зиялылары қазақты қайткен күнде де алдыңғы қатарлы елдеріне жатқызу болды. Олардың басты көңіл аударған мәселесі оқу-ағарту саласын көтеріп, қазақтың жастарын білім мен ғылымға баулу болды.

1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс түркі халықтарының саяси элитасының басты тақырыбына айналды. Патшалық Ресейдің шығарған «қазақтан әскер алу» мәселесі ұлт зиялыларын қатты толғандырды. Бұл мәселе жөнінде «Қазақ» газетінде көптеген мақалалар жарияланды [171]. «Қазақ» газеті патшаның шыққан жарлығына қарсы халықтың көтеріліске шықпауын ұағыздаған. Газеттің ойын жалғастырған М.Тынышпаев, И.Жайнаков, О.Әлжанов халыққа күштің тең еместігін жеткізуге тырысқан. Бұл үгіт-насихаттарға қарамастан, ұлт-азаттық көтеріліс бүкіл Түркістан кеңестігін қамтыды. Қазіргі кезде, кеңестік тарихнамада сияқты, 1916 жылғы түркі халықтарының ұлт-азаттық соғысы іс жүзінде «өзге» немесе «бөтен» бақылаушының позицияларымен қамтылмаған. Бұл соғыстың оқиғаларын суреттеуде негізінен мұрағат көздері (қатысушылардың естеліктері және басқарманың бюрократиялық хат-хабарлары) және ғылыми әдебиеттер қолданылады. Посткеңестік Орталық Азия тарихнамасында ертедегі кеңестік тарихшылардың мез болған пікірлері қайта жазылып, бұл оқиғаларды ұлт-азаттық қозғалыс ретінде көрсетеді және империялық әкімшіліктің есептері мен пікірлері пайдаланылады. Әрине мұндай методологиялық зерттеу жұмыстары «1916 жылғы ұлт-азаттық соғыстың» мән дәрежесін төмендетіп тастайды. Орыстық ғылыми ортада «1916 жылғы соғысқа» Қытай, Түркия және Германияның сыртқы әсері болды деген идеялар да қайта өрбіді. Көбінесе посткеңестік тарихшылар бұл соғыстың жергілікті халықтың өміріне қалай әсер еткені туралы емес, көтерілістің себептері мен барысын жазумен әлек. Соғыстың түпкі мақсаты шетте қалып, ол белгілі бір саяси және әлеуметтік-экономикалық процестер нәтижесінде пайда болады деген уәждер айтылуда. Бірақ мұндай

пайымдар, сөзсіз мета-тарихи құрылыстарға немесе тарихтың объективтілік ұстанымдарын құлдырауға әкеледі. Себебі, тарихшылар негізінен Жетісу мен Торғайдағы 1916 жылғы соғыс қимылдарын қамтып, Ферғана мен Зарафшан алқаптары, Кавказ жерлеріндегі және жалпы Евразиялық құрлықтағы ұлт-азаттық соғыс қимылдары тарихи талдау шеңберінен тыс қалады.

Бірінші дүниежүзілік соғыс кезінде жәдидтік эволюциясы кеңейген өріске бет бұрады. Соғыс басталған жалпы адамзаттық рухани дағдарыс қоғамдық сананың көптеген дәстүрлі формаларына қатынасының өзгеруімен сипатталды. Ресей империясының ресми идеологияның негізгі қағидалары мен саяси өмірдің тетіктерін сынау мәселелері түркі халықтарының арасында күшейе түсті. Ұлттық зиялы қауымның идеялық және әлеуметтік-практикалық қызметіндегі саяси бағыттың күшеюі жәдидтерді мәдени-ағарту жұмыстарының жақтаушылары мен қоғамдық-саяси институттарды реформалау бағдарламасының жақтаушылары деп екіге бөледі. Соғысқа қатысты қайшылықтар да айтылды. Бір бөлігі оның айыптауымен шықты, ал екінші бөлігі күтіп, нәтижесін байқады. Түркі жәдидтерінің белгілі бір тобы Түркияға, көпшілігі Ресей империясының ұстанымына назар аударды. Осылайша, Түркістан жәдидтері соғыс уақытының қиын-қыстау кезеңінде қарсыласу қозғалысын ұлттық мүддеге және қазіргі тарихи шындыққа сәйкес түркі халықтарының Ресей империясының озбырлығына қарсы бағытталған біріккен соғысқа көтеруге мақсатты түрде ұмтылды.

XX ғасырдың басында түркі-мұсылман халықтарының балаларын беделді мектепте оқытуға қазыналық есептен орын аз бөлінген-ді. Жоғарғы оқу орындарында болса, түркі балаларына бөлінген небәрі екі-үш орын ғана болды. Әр түркі баласы өз қаражатына оқуға жағдайы болмады. Осылайша, оқу-ағарту саласына бөлінген мардымсыз қаражаттың салдарынан, түркі елінде сауатсыздықтың артуына жол ашты. 1915 жылы Түркістан генерал-губернаторлығының бюджеті 25 млн. құрастырса, оның 575 мыңы немесе 2-3 % ғана оқу-ағарту саласына бөлінген. Ал бұл ақшаны халықтың адам басына шаққанда 13-26 тиыннан ғана түседі екен. Ал А.Байтұрсыновтың «Қазақ» газетіне жариялаған «Орысша оқушылар» атты мақаласында әрбір оқушы 150 сом төлеп білім алғандығы жөнінде жазған болатын. Жалпы статистикалық мәліметтерге жүгінсек; Қазақстан бойынша 1913 жылы жұмсалған қаржы бір адамға шаққанда бар жоғы 40 тиыннан аспаған [172].

Мемлекет тарапынан оқу-ағарту саласына жұмсалатын арзымайтын ақшаның келешекте де осы күйде қалатынын білген қазақ зиялылары тығырықтан шығатын жол іздестіре бастады. Бұл тығырықтан шығатын жолды қазақ зиялылары земство қаражатынан тапты. Мұның қазақтарға қаншалықты пайдалы екенін білген А.Байтұрсынов «Земство» мақаласында жазған болатын. Ол земствоның пайдасы көп екенін және өзге жұрттың не үшін көз тіккенін түсіндіре келіп былай жалғастырған: *«Земствоға берген тиынан жұрт сомдық пайда көреді. Земство жоқ жерде де земской сбор деген ақша алады, бірақ оның пайдасын ақша төлегендер көрмей, басқалар көреді... Жиналған земстволық ақша оқимын деген қазақ баласына беріле ме? Қазақ баласы гимназияға оқимын десе, стипендия жоқ, учительский школда земский стипендияға қазақ баласы алынбай, Полтава губерниясынан келген орыс балалары алынады халық ақшасы далаға кетеді деген осы болады. Қазақ ақшасы босқа кететін орын жалғыз осы деп айтып отырғаным жоқ, санаса, ұшы-қиыры жетіп болмас, мұны әшейін мысал үшін келтірдік. Земство жайынан жазғандағы мақсат қазаққа да ескерерлік жұмыс екендігін халықтың құлағына салмақ»* [173].

Ә.Бөкейханов Мемлекеттік Думаның жылдық земстволық сметасын есептеп,

«Земский қазақ ақшасы» атты мақаласында Жетісу облысынан жыл сайын 454850 сом земство салығы жиналатынын және сол салықтың 324881 сомын қазақтар төлейтінін атап көрсеткен. Қоғам қайраткерінің пайымдауынша сол жылдары бір мектепті салуға мың сом жұмсалады екен. Ал есептеп көрсек, сол жылдары қазақтардың төлеген земство салығына қаншама мектеп көтеруге болады [174].

Қазақ зиялылары земство жүйесін енгізуге талай рет талпыныс жасады. Алайда, орыс әкімшілігі оны қазақ жеріне енгізуді қаламады. Тек, Уақытша үкімет тұсында көптеген өтініштер жазу арқылы ғана қазақ жерінде земство жүйесі енгізілді. Сөйтіп патша өкіметі жылдарында қазақ зиялылары ойлаған мақсатына жете алмады. Осылайша, қаржы тапшылығының салдарынан қазақ жеріндегі оқу-ағарту саласының дамуы бірқатар қиыншылықтарға тап болды. Сондықтан, сол жылдары оқу орындар тиісті мөлшерде ашылмады, қазақ балалары оқуға тартылмады, оқулықтар мен оқу құралдар шықпады, оқытушылар жетіспеді. Нәтижеде, оқу-ағарту саласы ілгері қадам жасай алмай тұралап қала берді. Дегенмен, қазақ зиялыларының күш салуымен патша өкіметі құлағаннан кейін, оқу-ағарту саласындағы проблемалар біртіндеп шешімін таба бастады. Оған 1917 жылғы Ақпан революциясы өз ықпалын тигізді.

1917 жылғы Ақпан революциясынан кейін Түркістан жерінде көптеген саяси-мәдени органдар құрыла бастады. Олар тәуелсіздікті аңсаған және өз бетінше даму жолын таңдаған азаматтар еді. Оған арқау болған Уақытша үкіметтің ұлттық мәселе бойынша қабылдаған алғашқы актісі болды. 20 наурыз 1917 жылы Ресей азаматтарының құқындағы діни-наным сеніміне, ұлтқа қарай шектеуліктерді алып тастау болды. Ақпан революциясынан кейін, жәдидшілердің бір қанатын құрастырған Тұран жамағатының бастамасымен 14 наурыз 1917 жылы құрылған «Шура-и Исламия» партиясы ұлттың тағдырын шешуге тырысты. Бұл қозғалыс жәдидшілердің Ташкентте Абдулуәли Қажы Абдулмәлікбайұлының үйінде Абдулуахит Қары мен Мұнавар Қарының басқаруында өткен жиналыс нәтижесінде пайда болды. Партияның құрамына қазақтар мен татарлар кірді.

17-26 сәуір 1917 жылы шамамамен 450 делегаттың қатысуымен Ташкент қаласында Түркістан мұсылмандарының І-ші құрылтайы өтті. Бұл құрылтайға *«ескі өмір аңсаушылар»* да қатысты. Жәдидшілер мен «қадым» делегаттарының арасында Түркістанда құрылатын басқару мәселесі төңірегінде тартысулар болды. *«Ескі өмір аңсаушылардың»* алға қойған мақсаты *«құрылатын үкіметтің мұсылман әмірлігі кезіндегі хандық жүйе болсын, оның басына хан қойылсын. Құдайға мың шүкір Худаяр ханның немерелері бар, солардың біреуін басқаруға қояйық»* [175] деген ұсыныстар болды. Оған қарсы шыққан жәдидшілер тобы *«құрылатын өкімет заманға сай халықтың Республикасы болу қажет»* деген пікірді қатты ұстанды. Нәтижеде, Ресейде, Түркістанды да өзіне қаратқан демократиялық федеративті мемлекеттің құрылуы мұсылмандарға тең құқық пен олардың өмірлерінің жақсартылуы тиіс деген шешім қабылданды. Сонымен қатар, Түркістанның барлық жерін қамтитын Түркістан Мұсылмандарының Орталық Шұрасы құрылды. Халық арасында Ұлттық Орталық атына ие болған бұл органның Түркістанның ірі қалаларында бөлімшелері ашылды [175, 23-24]. Олардың арасында Сырдариядан Шах Ысмайылды, Жетісудан М.Тынышбаевты, Закаспийден Ораз Сердарды, Ферғанадан Насыр хан Төрени, Самарқандтан Бехбудиді атауға болады.

Түркістан мұсылмандарының І-ші құрылтайында «Шура-и Исламия» саяси мақсаттары мен оған жету үшін атқарылатын шараларын «Нежат» газетінің 28 сәуір 1917 жылғы санында жариялады [176]. Оның басты мәселелері:

- Түркістан мұсылмандары арасында заман талабына сай саяси, білім және қоғамдық пікірлерді тарату;

- Түркістанның барлық мұсылмандары бір ойдан шығу қажет;

- Түркістанның барлық қалалары мен ауылдық жерлерде саяси, оқу-ағарту және әлеуметтік мәселелерге байланысты сұхбаттар жүргізу.

Дегенмен, Зәки Уәлиди Тоған 1917 жылдың мамыр айында Ташкентте шыққан «Кенгеш» атты журналда: «Түркістан мұсылмандары тәуелсіздігін жариялағаннан бері төрт ай өткеніне қарамастан, мемлекеттік құрылысты нақты құра алмады. Бәлкім, нақты бағдарламаларының және өлкедегі тұрақсыздықтың, барлық жерге зиянын тигізіп жүр» деген ойын білдіріп, сол жылдардағы бұл партияның қызметін ашық сынға салды [177].

Ақпан революциясынан кейін Түркістандағы қоғамдық-саяси өмір барынша жандана түсті. Сол жылдары уездік және облыстық деңгейде қазақ съездері де көптеп өткізілді. Мұндай съездер дерлік дін, мемлекеттік құрылыс секілді мәселелер мен бірге халық-ағарту ісінің өркендету туралы мәселелерді қарастырды. Халық ағарту ісі мәселесі 1917 жылдың 1-11 мамыр күндері Мәскеуде болып өткен жалпы Ресейлік мұсылман съезінің күн тәртібіне қойылған еді. Оған Еділ бойы мен Қырымнан, Бұқара мен Хиуа хандықтарынан, Кавказ бен Сібірден, Түркістан өлкесі мен қазақ даласынан 830-ға жуық делегаттар қатысты. Делегаттар арасында Х.Досмұхамедов, М.Жұмабаев, А.Досжан, У.Танашев, Қ.Тоғысов сынды қазақ зиялылары қатысты [178].

Жалпы, Ресейлік мұсылман съезінде Түркістан өлкесі мен Қазақстандағы халық-ағарту мәселесіне көңіл аударылды. Онда Уақытша үкімет Департаментінен С.Котляровский сөз сөйлеп, патша өкіметінің халық ағарту және дін саласында жасалған қысымдары тоқтатылып, жаңа үкіметтің мұндай қысымдарға жол бермейтінін атап айтты. С.Котляровский мұсылмандарға қатысты заң жобасын әзірлеп жатқанын айтып, осы съездегі шешімдер басшылыққа алынады деді.

Съезде қабылданған басты шешімдер мынандай: «біріншіден, оқу-ағарту саласы әр ұлттың өзінің қолында болсын, екіншіден, оқу орындарындағы оқу ана тілінде жүргізілсін, үшіншіден, барлық мұсылман халықтарына бірдей ортақ «түрік тілінде» оқытылсын, төртіншіден, жалпыға бірдей оқу міндетті және тегін болсын, оқытушылардың құқығы орыс оқытушыларымен теңестірілсін, ұлттық орта мектеп түлектеріне жоғарғы оқу орындарына түсу құқығы берілсін, ұлттық оқу орындары мемлекет тарапынан қаржыландырылсын, ұлттық оқу орындарын оқытушылармен қамтамасыз ету үшін мұғалімдер семинариясы ашылсын» деген мәселелер талап етілді [179].

Дегенмен, Ақпан революциясынан кейін Түркістандағы оқу-ағарту жүйесі көп өзгеріске ұшыраған жоқ. Уақытша үкімет құрылғаннан кейін, өлкедегі халық-ағарту ісін комитет мүшесі Липовский басқарды. Одан кейін, Түркістан комитетінің І-ші құрамы отставкаға кеткеннен кейін, өлкедегі оқу-ағарту ісін Наливкин басқарды.

3 ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ТӘУЕЛСІЗДІК ЖОЛЫНДАҒЫ КҮРЕСІ МЕН ТҮРКИЯ РЕСПУБЛИКАСЫ ҚҰРЫЛУЫНЫҢ ТАРИХИ САБАҚТАСТЫҒЫ

3.1 Ұлттық автономиялар шеңберінде түркі халықтарының ынтымақтастығы (Еділ-Орал, Түркістан, Алаш)

Ұлттық даму мен тәуелсіздік үшін күресті бастаған түркі халықтарының сауатты өкілдері жәдидтер болып табылды. Олар өздеріне екі мақсат қойды: түркі халықтары үшін ұлттық демократиялық мемлекет құру және халықтың даму пен білімге деген құштарлығын ояту. Осы мақсаттарға жету үшін жәдидизм идеологиясы большевиктік кеңестендіру саясатына қарсы тәуелсіздік күресін бастады. Олардың қызметі шығыс пен батыс дәстүрлерін үдемелі дамыту және біріздендіру бағдарламасын жасауға бағытталған. Жәдидизмнің ұлттық идеясының негізгі мазмұны, ол түркі халықтарын біртұтас ұлттық мемлекеттік шеңберге біріктіру еді. Осылайша жәдидтік қозғалыс оқу-ағарту саласынан ұлттық-тәуелсіздік идеологияның жетекшісіне айналды. Қозғалыс түркі-мұсылман халықтары мекен ететін барлық аймақтарды қамтыды. Кеңестік большевизм идеологиясы үстемдік орнатуға бағытталған «қанды қырғынды» бастап кеткен болса да, түркі-мұсылман халықтары өздерінің тарихи мекендерінде ұлттық-тәуелсіздік күресін тоқтатпады. Сондықтан бұл бөлімде, нақты деректерге сүйене отырып, Еділ-Орал, Түркістан, Қазақ далаларындағы Алаш және Кавказдағы ұлттық автономиялардың саяси қызметі мен ұлттық тәуелсіздікке ұмтылу әрекеттері айқындалады.

1917 жылғы ақпан революциясы және артынан мәресіне жеткен қазан төңкерісінен кейін, түркі халықтарының мекен еткен өңірлерде едәуір маңызды білімді және саяси белсенді топтардың арасында федералистік пікірлер жандана түсті. Тәуелсіздік пен автономия мәселесі Еділ-Орал төңірегі, Кавказ өңірлері, қазақтың жерлері мен Түркістан аймағындағы этно-элиталарының саяси эволюциясы ең жоғарғы және ұлттық деңгейге пісіп жетті. Ал бүкілресейлік әкімшілік-аумақтық басқару жүйесі этно-саяси жобалардың жүзеге асырылуында тосқауыл болып, большевиктік аймақ басшыларының өзара іс-қимылына әсер етті.

Автономиялық идеялардың динамикасы және олардың нақты үлгілері, аймақтардағы саяси процестердің сипаты мен жылдамдығына, белсенділердің ұйымдастырушылық және ықпал ету деңгейіне, билік үшін күрестің негізгі қатысушылары арасындағы байланыстардың беріктігіне байланысты еді. Түркі халықтары арасынан шыққан және автономия мен тәуелсіздік үшін күрес жүргізген саяси элита Азамат соғысының басталуының төтенше жағдайларында әрекет етуге мәжбүр болды, өйткені бұл модельдердің іс жүзінде іске асырылуы 1917 жылдың өзінде басталып кету қажет-ті. Түркі халықтары саяси элитасының автономияға ілгерілеудің бірден-бір жолы ретіндегі шексіз сенімі, мемлекеттік институттар мен құрылымдарын қалыптастыру жолындағы өзара ықпалдастығы этносоциалдық дәстүрлерімен нығайтылды [180].

Патшалық билік пен большевиктік идеологиясының «қанды күресі» арасында ұлттық мемлекеттіліктің қайта құрылуы саяси, діни және мәдени басымдықтарды біріктіретін бүкілресейлік большевиктік (қызылдар) және антисоветтік (ақтар) пен ұлттық-аймақтық бәсекеге қабілетті жобалар арасындағы қарама-қайшылықта орын алды. Негізгі күрес әртүрлі идеологиялық және жалпы мәдени-діни ұқсастықтары бар солтүстік радикал социалистер мен аймақтық элитаның арасында өрбіді. Кейбір қазақтар Бұхара халықтық социалистік республикасы пайда болғанға дейін «жас бұхарлықтармен» белсенді байланыс орнатты. Хиуалықтарға географиялық алыстығына байланысты құру қиынға соқты [181]. 1920 жылдан кейін де С.Қожанов және тағы басқалар бұхаралықтармен тығыз байланыс орнатты. 1918 жылы Т.Рысқұлов және оның бірнеше серіктері өзбек белсенділерімен бірге «Ихтихад ва Таракки» партиясымен тығыз қарым-қатынас орнатты, Т.Рысқұлов тіпті оған мүше болып, кейінгі жылдары Кеңес өкіметінің құрамында болса да Түрік Республикасының құрылуын армандады. Тәуелсіздік жөніндегі пікірін Махмұдқожа Бехбуди осылайша ашты: *«Егер біз, Түркістан мұсылмандары, сенім мен ұлтты біріктірсек және бүгін реформаларға, одаққа қарай қадам бассақ, барлығымыз – зиялы қауым мен прогрессивті, бай және дінбасылар – сенім мен ұлт атынан қызмет етеміз. Отанымыздың гүлденуі маңызды, біз ешкімге тәуелді болмаймыз»* [182].

Жәдидшілдік қозғалыстың негізін қалаушылар Түркістандағы әкімшілік басқару әдістерін, басқару нысандарын, мемлекеттілік теориясы мен практикасын дамытуға белсенді қатысты. Олар реформаларды кезең-кезеңмен жүзеге асыруды жоспарлады және прогреске тек бейбіт жолмен, яғни парламент арқылы қол жеткізуге болады деп сенді. Оның үстіне, олар түркі халықтарына ортақ ұстаным негізінде әрекет етті. 1917 жылдың басында Петроградта болған оқиғалардың әсерінен түркі халықтары тұтас тәуелсіздік пен автономия үшін әрекетін бастап кетті. Жаңа қоғамның пайда болған өркендері ұлттық мемлекеттіліктің жаңа форматын іздеді. 1917 жылдың сәуір айында Советтердің І-ші аймақтық съезі мен Ресейдегі федерация идеясы қолдау тапқан Кеңес атқару комитеттері делегаттарының съезінен кейін, І-ші облыстық мұсылман конгресі Краймуссоветін құрды. Делегаттар федералистерге (мәдени автономияны жақтаушылар) және олардың қарсыластарына бөлінді, бірақ демократиялық федералды Ресей құрамындағы автономияны қолдады. Аймақтық мұсылмандар кеңесінің төрағасы М.Шоқай еске түсіргендей, *«съезде Ресейден бөліну туралы бір де бір үн шыққан жоқ»* [183].

1917 жылдың 1-11 мамырында Мәскеуде өткен Бүкілресейлік мұсылман съезінде М.А. Расул-Заде мемлекеттік басқаруға байланысты резолюцияны ұсынды, оны 446 делегат қолдады, ал 271-і қарсы шықты. Үш маңызды баптардан тұратын осы резолюцияға қарағанда, мұсылман халықтарының мүдделерін барынша қамтамасыз ететін Ресейдің мемлекеттік жүйесінің нысаны ұлттық-аумақтық-федералды негіздегі



1918 жыл. Әзірбайжан парламенті

демократиялық республика екенін мойындай отырып, белгілі бір территориясы жоқ ұлттардың ұлттық-мәдени автономияның еншісін пайдалана алатыны белгіленген. Ресейдің мұсылман халықтарының жалпы рухани-мәдени мәселелерін және олардың бірлескен мәселелерін реттеуге бүкіл Ресей үшін осы салада заңнамалық функциялары бар орталық жалпы мұсылмандық орган құрылды. Бұл органның нысанын, құрамын және функцияларын барлық автономды бөлімшелер өкілдерінің бірінші құрылтай съезі анықтайды делінген [184].

Аталған съездегі Ахмед Салиховтың ұсынған резолюциясы түркі-мұсылман халықтарына ортақ еді. Ол, түркі халықтарының мекен ететін жерлердегі аграрлық мәселесін көтеріп, отаршылдықтың жылдам түрде тоқтатылуын талап етті. Оның бірінші бабында көтерген мәселесі, жерге байланысты еді: *«Ресей мемлекетінің аумақтық-федералды негізде ұйымдастырылуы, аграрлық мәселені шешуді қиындатады, өйткені жер мен мұсылман шаруаларының көзі бола алатын жалпыұлттық жер қорын құруға кедергі келтіреді. Шеттегі жер қорын оны игеру үшін пайдалануға болады, бірақ жергілікті тұрғындар есебінен орыс отаршыларына сай келетін отарлау саясаты жойылуы керек. Жергілікті тұрғындардың жерді қолдағаннан кейін пайда болған шеткі жерлер жергілікті халықпен байланысты мұсылман шаруаларына, олардың жақын көршілеріне негіз бола алады. Аграрлық сұрақтың мұндай шешімі тек ұлттық ауқымда мүмкін»* деп, ұлттық-территориялардың құрылымдарында жердің қаншалықты маңызды екенін атап өткен [185]. Ахмет Салихов большевиктік Ресейдің федеративті құрылымына тікелей қарсы шықты. Оның ұсынған резолюциясында көрініс тапқан ұлттық-мемлекеттік мәселесі айқын байқалды. Сондықтан резолюцияның маңызды баптарынан төмендегі үзінділерді көрсету маңызды:

1. Аумақтық федерализм мұсылмандардың толық орталықсыздандырылуына әкеледі. Әрине, әрбір «штат» өзінің рухани ұйымында оқшаулануға ұмтылады және орталық органның бақылауынан босатылуға тырысады. Рухани және діни өмірдің арнайы орталықтары құрылады. Мұның өзі сүнниттер мен шииттердің бірігуін бәсеңдететіні туралы айтпағанда, аймақтық оқшаулау негізінде әр түрлі ағымдар мен кате түсініктер пайда болуы мүмкін;

2. Аумақтық федерализм ұлттық мәселені шешпейді. Біреуінің орнына ол қанша «штат» құрылса, сонша ұлттық мәселені туындатады. Бұл қағиданы жүзеге асыруда мұсылмандар өздерінің мыңдаған қандастарынан айрылады, ал Ресей мемлекеттерінде қалатын тұрғылықты мұсылмандар, орыстануға ұшырайды.

3. Аумақтық федерализм Ресейдегі мұсылмандардың саяси күштерін бытыратады және мұсылман халқының жеке бөліктерін мәдени түрде бөледі. Саяси тұрғыдан алғанда, бұл жағдай бүкіл ресейлік парламенттегі бір ұлттық-саяси

орталықтың орнына, шет жағында әрқайсысы өз саясатын жүргізетін және мүмкін болатын біріккен орталықтарды қалыптастырып, бірнеше бөлімшелерді құрып алады. Мәдени бөліну түркі халықтары мен түркі еместердің бір-бірінен жалпы бөлінуінде көрінеді.

Большевиктік Ресей федеративті құрылыммен қалыптасатын болса, туындайтын мәселелерді тізіп берген Ахмет Салихов: «Ресей Кавказдың, Түркістанның, дала аймақтарының және Сібірдің кең аймақтық өзін-өзі басқаруы бар демократиялық орталықтандырылмаған парламенттік республиканы ұсынуы керек. Ресей мұсылмандарының мәдени және ұлттық автономиясы мемлекеттік институт ретінде ел конституциясымен кепілдендірілуі қажет» деп нық сеніммен өз ұстанымын баяндады. Сол үшін съезге қатысқандардың 490-ы оған қарсы шығып, 271-і ғана қолдады [186].

Бірақ, Ресей мұсылмандарының ұлттық, саяси партияларын құру және автономия мәселесі І-ші Бүкілресейлік мұсылман съезі өткізілгеннен кейін маңыздылығын жойды. Конгресс құрған мұсылмандық басқару құрылымдарының Ресейдің мұсылман халықтарының мәдени немесе аумақтық автономиясы идеясы мен съездің шешімдерін кеңінен насихаттауға бағытталған идеологиялық негіз болған жоқ. Сондықтан, мұсылмандардың әкімшілік құрылымдары түркі-мұсылман халықтарын өз жағына тарту үшін қажетті әлеуметтік базаға ие болмады. Бұл саяси іс-әрекет тек тар ұлттық әлеуметтік қабаттың мүшелеріне арналған сынды еді. Себебі, олардың арасында орыс тілді социалистік идеялары басым және жеке дара ұлттық-либерализм идеяларын сіңірген зиялы қауым өкілдері болды.

Түркістанның түркі-мұсылмандарының автономия идеясы 1917 жылдың жазында ашық айтыла бастады. Бұхара мен Хиуаның жетекші саяси қайраткерлері, ақырында, Түркістанның мұсылмандық активінің құрамына кіретін Ташкентке көшті. М.Шоқай олардың басшыларын ұлттық революционерлер мен федералистер деп атады. Кейінен, орыс федерализмін Махмұдқожа Бехбуди қолдады және «Ресейден бөлінбейтін» аймақта «барлық түркістандықтардың, яһуди, христиан немесе мұсылман болсын» мүдделерін ескеретін парламентаризмді енгізу ниеті туралы жазды [187]. Осылайша, түркі халықтарының этникалық бірегейлік өлшемдері қарастырылған жоқ. Конфессиялық негізде шоғырлану белгілі бір дәрежеде шағын этносаяси үдерістердің қатарындағы ішкі қайшылықтарды жоюға қызмет етті. Дегенмен, автономия идеялары діни қайраткерлер арасында бұлыңғыр болды. Тіпті 1917 жылдың маусым айындағы келіспеушілік пен «Шурай-Уляманың» бөлініп шығуы, бұл аймақтық-территориялық қайта құру мәселесіндегі түсініспеушілікке тіреді де исламдық модернизацияның қажеттілігін айқындады. Яғни сол сәттің өзінде, ұлттық автономия мен түркілік бірегейліктің орнына, мәселелердің барлығы діни-конфессиялық айналасынан шыға алмады. Оның бір айғағы ретінде 1917 жылдың 22 шілдесінде Қазан қаласында үш Бүкілресейлік мұсылман съезінің, діни қызметкерлер, әскери және жалпы өкілдердің жиналысы ішкі Ресей мен Сібір мұсылмандарының мәдени және ұлттық автономиясын жариялануында көрінді. Сонымен бірге жарияланған автономияны дереу жүзеге асыруды бастау туралы қаулы қабылданды. Автономияны жүзеге асыру тәртібі мен әдістерін жасау, Ресей және Сібір мұсылмандары мәдени және ұлттық автономия туралы жалпы ережелер қабылдаған ІІ-ші Бүкілресейлік мұсылман конгресіне жүктелді. 1917 жылдың 20 қарашасынан 1918 жылғы 11 қаңтарына дейін Уфада мәдени-ұлттық автономияның «Ұлттық Мәжіліс» (Миллят Мажилиси) деп аталған парламенті жиналды, ол Ресей мен Сібірдегі түркі-мұсылман халықтарының ұлттық автономиясының конституциясын қабылдады [188].

Бүкілресейлік жалпы мұсылман конгресінің үлкен бірлескен отырысы, сондай-ақ әскери жетекшілер мен дінбасылардың съездері ішкі Ресей мен Сібірдегі мұсылмандар үшін ұлттық-мәдени автономия мәселесін талқылай отырып, төмендегі шешімді қабылдады:

1. Жылдам түрде, Құрылтай жиналысын шақыруды күтпей, ішкі Ресей мұсылмандарына ұлттық-мәдени автономияны жүзеге асыруды;

2. Қазіргі уақытта (1917 жылдың 22 шілдесі – М.Э.) Қазан қаласында өтіп жатқан Бүкілресейлік ІІ-ші мұсылман съезіне ұлттық-мәдени автономия институттарын құру тәртібін қарастыратын егжей-тегжейлі жобаны (негізгі ережелерді) әзірлеу [189].

Көп кешіктірмей, артынан 1917 жылдың 31 шілдесінде Ішкі Ресей және Сібір мұсылмандарының ұлттық-мәдени автономиясы туралы Бүкілресейлік мұсылмандарының ІІ-ші съезі нақты қарарлар қабылдады. Автономия жобасы мен негізгі ережелер жөнінде мәселе қаралды, қарар бойынша бөлімге енгізілетін түзетулерді Садри Максуди әзірледі және есеп берді. Қажет болған жағдайда өзгерістер мен толықтыруларды еңгізу І-ші шақырылымдағы «Ұлттық жиналысқа» жүктелді. Съез автономияны жариялау мақсатында іс-шараларды өткізу үшін 12 адамнан тұратын комиссия құру қажет деп тапты. Оның ішінде 8 мүшені конгресс сайлайтын болды, 1 өкіл Бүкілресейлік Орталық Ұлттық Кеңестен (Милли Шурадан) және Ұлттық Басқарманың үш бөлімінен (назараттарынан) 3 мүшеден, әрқайсысынан 1 адамнан сайланатын болды. Аталған 12 мүшеден тыс, Автономия (Мухтариат) комиссиясы өзіне көмекке сырттан адамдарды шақыруға құқылы еді. Шақырылған адамдардың функцияларын Комиссияның өзі белгіледі. Ұлттық автономияның міндеттерін орындау үшін съез Ұлттық жиналыс шақырылғанға дейін, білім беру саласы бойынша 7-і адамнан тұратын және қаржы саласы бойынша 3 адамнан тұратын уақытша әкімшіліктерді (сенаттарды) құруға шешім қабылдады. Рухани басқаруды «Дін істері жөніндегі Назарат» деп өзгертілді. Бұл «назараттарға» жобада көрсетілген функциялар жүктелді [190].

Ұлттық жиналыс 1917 жылдың 22 қарашасынан 1918 жылдың 11 ақпанына дейін Уфа қаласында жұмыс істеді. Жиналысқа әдетте 80-нен астам адам қатысты. С.Максуди Ұлттық Жиналыстың төрағасы болып сайланды, оның орынбасарлары И.Ахтямов және И.Алкин, хатшылар Г.Фахретдинов пен Г.Ақшора тағайындалды [191]. Жиналыста екі топ қалыптасып, өздерінің идеологиялық бірігу жөніндегі пікірлерін ашық көрсетті. Олар, мәдени-ұлттық автономия шеңберінде бірігуді алға тартқан «түрікшілдер» және аймақтық бірігуді аңсаған «татаршылдар» топтары еді. «Түрікшілдердің» топ басшысы Д.Хурамшын және оның тараптары Ф.Исхаки, Ғ.Терекұлов, З.Қадыри, Х.Максуди, И.Бикқұлов, С.Максуди, Х.Атласи және И.Ахтямов енді. Жиналыстың ұзақ жұмысының маңызды нәтижесі ретінде мәдени-ұлттық және аумақтық автономияны қолдаушылар арасында келісімге қол жеткізу еді. Нәтижесінде мәдени-ұлттық автономия идеяларын жүзеге асыру үшін сайланған жиналыс 1917 жылдың 29 қарашасының қарарында мемлекет түрінде аумақтық автономия (мемлекет) құруға шешім қабылдады [192]. 1918 жылдың 5-ші қаңтарында Ұлттық Жиналыста С.Максуди Ұлттық басқарманың (үкіметтің) төрағасы болып сайланды. Сол күні Бүкілресейлік Құрылтай жиналысында «Ресей үкіметі туралы Жарлық» қабылданды, онда Ресей Демократиялық Федерациясы деп жарияланды, конституциямен белгіленген шектерде барлық егемен халықтар мен аймақтарды біріктіріп, мұсылман халықтарының мәдени-ұлттық автономияға құқығын мойындады, сонымен қатар ұлттық-аумақтық автономияны құру мәселесі де оң

қабылданды. Алайда көп ұзамай қаңтар айында В.Лениннің жарлығы негізінде Құрылтай жиналысы таратылды. 1918 жылдың 7-ші қаңтарында В.Ленин мен И.Сталин және Ғ.Ибрагимов пен М.Вахитов арасында болып өткен кездесуден кейін ұлттар мәселесі бойынша халық комиссариаты құрамында М.Вахитов басқаратын Ішкі Ресей және Сібір мұсылмандары істері жөніндегі комиссариат құрылды. Ұлттық басқарма түркі-мұсылман халықтарының атқарушы органы ретінде 1918 жылдың 21 сәуіріне дейін созылды және РСФСР Ұлттар халық комиссары И.Сталин мен Халық Комиссариаты жанындағы Мұсылман Комиссариатының басшысы М.Вахитов қол қойған большевиктік үкіметтің қаулысымен таратылды, мұнда «*саяси істерге араласпау шартымен*» Мұсылмандар діни басқармасы сақталды [193].

1918 жылдың 6-шы қаңтарында Ресей Федеративтік республикасы жарияланғаннан кейін Ұлттық жиналыс Еділ-Орал түркі-мұсылмандарын біріктіретін «*Еділ-Орал мемлекетінің*» пайда болғанын жариялады. Осылайша, татар және башқұрт түркілерінің аумақтық автономиясы жарияланды, оның негізгі қағидаты діни және ұлттық-мәдени автономияға бағынатын болды. Бірақ, түркі-мұсылмандардың бір бөлігі Кеңес өкіметін мойындаса, түркі-мұсылман элиталық тобын құрастырған екінші топ,



Берлин 1925 жыл. Солдан оңға карай: Зәки Уәлиди Тоған, Әзімбек Бірімжанов. Аяқта тұрғандар: Абдулкадир Инан, Ибрагим және Абдұғаппар.

оның ішінде Ғ.Баруди бастаған мұсылман дінбасыларының басшылығы большевиктердің билігін мойындаудан бас тартты. Еділ-Орал автономды мемлекетінің құрылуы Кеңестік Ресей Федерациясының кеңестік ұлттық республикалардың федерациясы деп жариялаған жұмысшылар мен сарбаздар депутаттары Кеңесінің 1918 жылдың 10-13 қаңтарындағы ІІІ-ші Бүкілресейлік съезінің шешіміне толық сәйкес келді. Орал-Еділ мемлекетін жүзеге асыратын орган сайланып, Әскери кеңестің төрағасы И.Алкин мен Г.Шараф басқаратын болды. 1918 жылдың 8-ші қаңтарында Қазан қаласында ІІ-ші Бүкілресейлік мұсылман әскери съезі ашылды, оған 200 делегат қатысты. Төрағалықты И.Алкин жүргізді. Мемлекет-штат деңгейінде құрылатын бұл құрылым жайында негізгі баяндаманы және оның картасын Ю.Музаффаров ұсынды. Онда мемлекет-штат Ресей Федерациясының құрамдас бөлігі болып саналды және оның Бүкілресейлік Орталық Атқару Комитеті мен Халық Комиссарлар Кеңесі құрылуы тиіс делінген. Ю.Музаффаровтың баяндамасы Еділ-Оралдың құрылуын ұжымдық шешімге негізделгенін айта кету қажет [194].

Қарарларды талқылағаннан кейін съездің мемлекет құру туралы соңғы шешімі төмендегі екі мәселеге негізделген:

1. ІІ-ші Бүкілресейлік мұсылман әскери съезі, негізінен, Орал мен Еділдің орта ағысы арасындағы территорияны мекендейтін түркі-мұсылмандары өкілдерінен тұрады. Түркі-мұсылмандары мен осы территорияны мекендейтін басқа халықтардың ұлттық, экономикалық және басқа да мүдделерін ескере отырып, оларды РСФСР құрамына кіретін Автономды Еділ-Орал Совет республикасының шекаралары шеңберінде ғана қалыптастыру қажет деп санайды.

2. Бұл республиканың шекаралары басқа ұлттар тұратын аумақтардың ең аз бөліктері мен түркі-мұсылман халықтарының мекендейтін аумақтардың ең көп

жерлернің қосылуын есептеп шығаруы керек.

Большевиктер съездің Еділ-Орал мемлекетін құру туралы шешіміне қарсы шықты, бұл съезге М.Сұлтанғалиев қатысып, ақырында шығып кетті және 28 ақпанда Еділ-Орал мемлекетінің Қазан қаласының театр алаңында жариялануы жоспарланғандықтан, олар түнде Х.Урмановтың басшылығымен мұсылмандардың өзін қамауға алды, оның ішінде әскери кеңестің жетекшілері ағайынды Алкин мен У.Тұқымбетов бар еді. 1917 жылғы Қазан төңкерісінен кейін татар ұлттық ұйымдары мен Кеңес өкіметінің басшылары арасындағы байланыстар қатар жүрді, бірақ бір-бірін мойындамады. Дегенмен, әскери кеңестің жетекшілері кеңестік режимді қолдады, өйткені олар негізінен социалистік-революционерлер мен социал-демократтардың көзқарастарын ұстанды. Олар Ресей Федерациясының субъектісі ретінде Орта Еділ мен Орал аймақтарында аумақтық автономияны жақтады. Большевиктердің Еділ-Орал мемлекетін мойындаудан бас тартуы әскери кеңес басшыларын ызаландырып, кеңестік билікке деген қайшылықты тудырды [195].

21-22 наурызда Еділ-Орал мемлекетін құруға қарсы шыққан большевик К.Грасис он бір губерния Кеңестерінің съезін шақырып, онда III-ші Бүкілресейлік Совет съезінің шешімдеріне сүйене отырып, ол мемлекет идеясын «Қазан республикасын» құрумен алмастыруға тырысты. Халық Комиссариатының орталық органынан айырмашылығы, Қазан кеңесінің жетекшілері ұлттық мәселеге байланысты шиеленісті жағдайдан бас тартып отырды және Ресейдің федералды құрылымы туралы идеяны қолдамады. Қазан татарлары, тіпті Еділ-Орал мемлекетінің құрылуына мүлдем қарсы шықты. Бұл мемлекеттің тек қағаз жүзінде жариялануы, «*Қазан Республикасының*» ұлттық мәселесін шешпеді, бірақ бастысы, биліктің толық қолында шоғырлануына мүмкіндік берді [196]. Алайда, Қазан қаласындағы текетірес 1918 жылдың наурыз айында жалғасты. Татарлар мен башқұрттар арасындағы бақталас пен өзара билік үшін күресті жеңу үшін большевиктер «*Татар-Башқұрт Кеңестік Республикасы*» туралы ереже әзірледі. Оның негізін қалаған большевиктердің жақтаушылары М.Вахитов пен Г.Ибрагимов еді. «Татар-Башқұрт Республикасы» идеясын Еділ-Орал мемлекетінің құрылуын жақтаған кейбір жетекшілері де болды. Ішкі Ресейдің мұсылман істері жөніндегі комиссариаты тіпті Еділ-Орал мемлекетінің негізгі әзірлеушілерінің бірі Г.Шарафты «Татар-Башқұрт республикасын» құрудағы жұмыстарын іске асыру үшін арнайы жұмылдырылды. Нәтижесінде, В.Ленин мен И.Сталиннің 1918 жылдың 23 наурызында ресми түрде мақұлдаған Еділ-Орал мемлекеті жобасының көшірмесі ретінде аталған республика қайта құрылды [197]. Осылайша, жаңа жобаның басты мақсаты, ол орталыққа бағынатын «Татар-Башқұрт Кеңестік республикасын» құру және Зәки Уәлиди Тоған бастаған «Еділ-Орал Ұлттық мемлекетінің» идеясын тұншықтыру еді. Осыған байланысты 26 наурызда И.Сталин Орынбор кеңесіне жолдаған жеделхатында: «*Оңтүстік Орал және Орта Еділ бойындағы аймақ Ресей Федерациясының «Татар-Башқұрт Совет Республикасы» деп жарияланды*» деген ойын ашық жазды [198]. Қазан қаласында республика туралы Ереже «Революция туы» атты газетте 1918 жылдың 24 наурызында жарияланды. 1918 жылдың 2 мамырында Уфа қаласында татарлар мен башқұрттардың жиналысы өтті, онда Татар-Башқұрт Кеңес республикасын құру жобасы мақұлданды және татар-башқұрт халқы «*Кеңес өкіметін барлық күштерімен қорғайды*» деп айтылды [199].

1918 жылдың 10-шы мамырында И.Сталин Татар-Башқұрт Республикасының құрылтай конгресін шақырған конференцияда сөз сөйлеп, татар, башқұрт, қазақ ұлттық кеңестерінің қызметін сынға алды. Жалпы, И.Сталиннің пікірінше түркі-

мұсылман халықтары «дербес іс-қимыл» жасауға лайықсыз, ал большевиктерге тәуелді болмай олар өз билігін жүргізе алмайды. Мәскеудегі орталық билікке басқарылатын автономиялық республикалар, соның ішінде Татар-Башқұрт республикасы қажет болды. Талқылау барысында М.Вахитов, К. Якубов және Г.Ибрагимов сөз сөйлеп, өздері жоба авторларының бірі бола отырып, И.Сталиннің сынын қолдады [200]. Кеңес үкіметі көпшіліктің көзінше Татар-Башқұрт республикасын құруды жақтап, 1918 жылдың 3 шілдесінде «жұмысшы татарлар мен башқұрттарға»: *«Бөлінбеңіз! Татарлар мен башқұрттар бірлікті нығайтып, қасиетті қызыл туды бірге сақтаңыз! Біз күнделікті қатынастарда сияқты географиялық жағынан да айырмашылықтар бар екенін жақсы білеміз. Бірақ бұл айырмашылықтар республиканың және біздің бірлігіміздің құрылуына кедергі болмауы керек. Біз бір-бірімізді бар күшімізбен түсінуге тырысамыз»* деген ұран тастаған [201]. Шын мәнінде, Татар-Башқұрт республикасын құру жобасы большевиктердің насихаттық қадамы болды және басқа мақсаттарды көздеді. 1918 жылы сәуірде жоба татарлар мен башқұрттардың ұлттық ұйымдарын жоюда шешуші рөл атқарды, осылайша өз міндетін орындап, большевиктер үшін бұл республика қажетсіз болып қалды. Большевиктер партиясы Орталық Комитетінің 1918 жылғы 10 мен 17 мамыр аралығында Мәскеуде өткен Татар-Башқұрт республикасына арнайы арналған жиналысында жоба қабылданбай тасталды. 1918 жылдың жазында басталған азаматтық соғыс бұл мәселені күн тәртібінен алып тастады. Татар-Башқұрт республикасын жариялау мүмкіндігі жіберіліп алынды. Бүкіләлемдік революция большевиктер ойлағандай жүзеге асырылмады, олар орталық билікті барынша сақтай отырып, халықтардың ұлттық мүдделерін жоюды міндет етті. Социалистік құрылысты бастап, большевизм идеологиясының одан әрі дамуын анықтады және таптық сананың ұлттық мүддеден үстемдік етуі үшін жұмыла жұмыс жасады.

1917 жылға қарай ағартушылықтан жәдидизм саяси қозғалыс деңгейіне көтерілді. Сол 1917 жылы мұсылмандардың бүкіл Түркістандық құрылтайы төрт рет өткізілді. 1917 жылы 16-23 сәуірде Ташкентте өткен Бірінші съездің өзінде ақ «демократиялық» Ресей құрамындағы Түркістан автономиясын құру идеясы күн тәртібіне енді. Сол жылы *«Шурои-Уляма Мұсылман автономиясын»* құруды ұсынды, бірақ жәдидтілдер бұл идеяны утопиялық және ұлтқа қарсы әрекет деп бағалады. «Хуррият» газетінің жетекшісі А.Фитрат *«Құдай, дін, Отан және ұлт үшін»* жәдидтерді, кадимдерді, молдалар мен байларды бұрыннан келе жатқан «таптық бөліністерге» назар аудармай, бірігуге шақырды [202]. Бұл идея Түркістан халықтарының ұлттық мемлекеттілігін қалпына келтіру жолындағы алғашқы қадамы болды. Съездің соңғы отырысында орталық басқару органы, Түркістан аймақтық мұсылман кеңесін (Краймуссовет) құру туралы шешім қабылдады. Оның құрылуы ұлттық қозғалысқа ұйымдасқан сипат беру үшін бір-біріне қатысы жоқ мұсылман қоғамдарын, комитеттері мен одақтарын біріктіруді қамтыды. М.Шоқай Краймуссоветтің төрағасы болып сайланды, Зәки Уәлиди Тоған хатшы, Мұнаввар Кары, Махмұдқожа Бехбуди, Әбіджан Махмұдов, Ұбайдұлға Қожаев, Ташпұлатбек Нарбұтабеков, Ислам Шаһмедов және басқалар төралқа мүшелері болып сайланды [203].

Мұнаввар Кары мен Садриддинхан Афандидің басшылығымен Ташкент комитеті құрылды. Оны Махмұдқожа Бехбуди басқаратын Самарқанд және Насырхан-Тұрдың жетекшілігімен Ферғана бөлімшелері қалыптасты. Краймуссоветтің ресми баспа органы Мұнаввар Кары редакторы болған «Нежат» газеті, кейінірек редакторлық қызметін Зәки Уәлиди Тоған жүргізген «Кеңгеш»

газетінің саяси қызметі басталды [204]. Алайда, XX ғасырдың басынан ұзақ уақытқа созылған жәдидтер мен «кәдімшіл» дінбасылар арасындағы келіспеушіліктер ұлттық-демократиялық қозғалыстың бөлінуіне себеп болды. 1917 жылы 14 наурызда Ташкентте «Шураи Исламия» құрылды, оның қызметінде Мунаввар Караның орны айтарлықтай беделді еді. Ұйымдастырушылық жағынан бөліну үдерісі дінбасылар мен олардың жақтастарының «Шураи Исламиядан» шығуларынан көрінді, сөйтіп 1917 жылдың маусымында «Шураи Уляма» (Дін Кеңесі) бой көтерді, оның Ташкенттегі бөлімшесінің негізін С.Лапин қалады. Көп ұзамай Қокан қаласында «Шураи Уляма» қызметін бастады. Мемлекеттің болашақ саяси құрылымы туралы екі ұйым арасында идеологиялық қайшылықтардың салдарынан, олардың өзара келісімге келуіне мүмкіндік бермеді. «Шураи Уляма» өз бағдарламасында ислам дәстүріне сәйкес іс-шараларды жүзеге асыруды жариялағанымен, С.Лапин басқарған Ташкент улямалары өз әрекеттерін, бірінші кезекте орыс монархистері, сонан соң большевиктердің идеяларымен үйлестіруге тырысты. Өз идеяларын насихаттау үшін «Шурои Уляма» «Әль-Изах» журналын шығара бастады, оның редакторлық қызметін Әбдімәлік Қожа Нәбиев жүргізді [205]. Осылайша құрылған екі ұйымның идеологиялық күресінің құрбанына айналған М.Шоқай өз естеліктерінде кейінірек ойын былай білдірді: *«Шураи Уляма мен Шураи Исламия арасындағы қарама-қайшылықтар біздің ортақ қозғалысымызды әлсіретіп, әрекетімізді бұзды. Екінші жағынан, «Уляманың» саяси бағдарламасы бізге қарсы қару-жарақ берді... ұлттық қозғалыс жауларына»* [206].

1917 жылдың 10-11 қыркүйек күндері Ташкентте «Шураи Исламияның» бастамасымен шақырылған 2-ші мұсылман аймақтық съезі болып өтті. Республикалық биліктің мәні туралы қаулыда *«съезд биліктің жұмысшылар мен шаруа депутаттары кеңестеріне берілуіне қарсы екендігін мәлімдеп, оның жалпыұлттық негізде құрылғанын қалайтынын»* ашық айтты. Сонымен қоса, қабылданған қосымша қарарларда ұлттық демократия тұңғыш рет өзінің ұстанымының негізгі қағидаларын мықтап жариялады. Олардың талаптары нақты әрі мемлекеттіліктің нышандары ретінде түркі-мұсылман халықтарының мүдделерін қорғауға бағытталған-ды: *«мұсылмандар аймақтық басқаруға олардың (большевиктердің – М.Э.) саясаты демократиялық және мүдделері аймақ халқының басым бөлігі ретінде ескерілген жағдайда ғана қатыса алады және қатысуы керек; Түркістан халқы үшін басымдығы, ол еркін өзін-өзі басқару құқығы; Краймуссовет, бүкіл мұсылман халқының атынан әрекет ететін және оның мүдделерін қорғайтын заңды жалпы мұсылмандық орган»* деп белгіленді [207]. Үш күн бойы, яғни 1917 жылдың 17-20 қыркүйек арасында Түркістанның түркі-мұсылман халықтарының құрылтайы жұмыс істеді. «Уляма» мен «Шураи-Исламисттер» арасындағы ұзаққа созылған қызу пікірталастарға қарамастан, съез ымыраға келіп, аймақ үшін маңызды шешімдер қабылдады. «Шураи Исламия», «Тұран», «Шураи Уляманы» біріктіре отырып, бүкіл Түркістан мен Қазақстан үшін «Иттифақи Муслимин» (Мұсылмандар одағы) атты біртұтас саяси партия құру туралы шешім қабылданды. Съез жұмысындағы ең бастысы, ол Түркістан өлкесінің болашақ саяси құрылымы туралы мәселенің нақтылануы болды. Съез *«Түркістан Федеративті Республикасы»* деген атпен *«Түркістан Мухтариятын»* құру туралы шешім қабылдады және парламенттік республика негізінде болашақ мемлекеттік жүйенің негізгі принциптері мен нормаларын анықтады [208].

Саяси партиялардың құрылуы және олардың бағдарламалық құжаттарының қабылдануы Түркістандағы ұлттық қозғалыстың кең ауқымына өріс алғандығын аңғартады. Дегенмен, Петроградта болып өткен 1917 жылғы төңкеріс пен қазан-


Автономды кеңестік республиканың Түркістанда жариялануы большевиктер партиясының жетекшілерінің түркі-мұсылман халықтарының ұлттық қажеттіліктерін ескеру және оларға жауап берілуін айғақтады. 1919 жылы наурызда өткен РКП (б)-ның VIII-ші съезінің шешімдері партияға кеңес режиміне сену мақсатында *«зорлық-зомбылық көрсеткен ұлттарға»* қатысты *«ұлы державалық ұлтшылдықтың»* көріністерімен күресу міндетін қойды [247]. Ресейдің мұсылман аймақтарында Кеңес өкіметін нығайту және социалистік революцияны одан әрі Шығысқа жылжыту мәселесін шешу В.Ленин партияның ұлттық саясатындағы деколонизацияның құрамдас бөлігін табиғи жолмен алды. РКП (б)-ның Түркістандағы жағдайға қатысты міндеттері 1919 жылғы 12 шілдедегі радиограмма арқылы Түрік Республикасының ОАК-не және Аймақтық комитетіне жеткізілді. Онда былай деп хабарланды: *«...VIII съезде қабылданған Коммунистік партияның бағдарламасы негізінде ...Түркістанның жергілікті тұрғындарын партия қызметіне міндетті мүшеліксіз, мемлекеттік қызметке кең пропорционалды түрде тарту қажет, бұл кандидатураларды мұсылман жұмысшылары ұйымдарының ұсынатындығына қанағаттануы керек. Аймақтық мұсылман ұйымдарының келісімінсіз мұсылмандардың мал-мүлкін тартып алуды тоқтатыңыз, жанжал тудыратын кез-келген үйкелістерден аулақ болыңыз. Түркістанның алдыңғы қатарлы революциялық кадрлары, орыс пролетариаты өзінің революциялық міндетін орындайды, орталық үкімет алға қойған мақсатқа жету үшін барлық шараларды қолданады деп үміттенеміз...»* [248]. Сонымен бірге, Түркістанның өзінде-ақ орталық кеңес басшылығының жарияланған бағыты көбінесе декларация деңгейінде 1919 жылдың аяғына дейін сақталды және жергілікті орыс коммунистері тарапынан түсінік таба алмады. Жергілікті түркі-мұсылман халқын төмендету фактілері, сонымен қатар жоғарыда айтылған тиісті шаралар мүлдем атқарылмады. Саясаттың тұтас барлығы түркі-мұсылман халықтарын шеттетуге, оларды отар ретінде қабылдау дәстүрі жалғасын тапты. Бұл жағдай Мәскеу айтқан ұлттық саясатқа сәйкес келмеді.

Сондықтан РКП (б)-ның басшылығы Түркістандағы билікті қолында күшейтіп, Колчак армиясының 1919 жылы қыркүйекте жеңіліске ұшыраты және Кеңес өкіметінің ықпалын нығайту жөніндегі шараларды әзірлеу мақсатында Түркістан істері жөніндегі комиссияны аймаққа жіберуге шешім қабылдады. Түркістан жағдайында қойылған міндеттерді шешу мәселесі ұлттық мәселені шешумен тікелей

байланысты болды, оның құрамына келесі мәселелер кірді: Түркістан Республикасының федеративті билік органдарымен қарым-қатынасындағы автономия мен құзыреттіліктің мәртебесін неғұрлым нақты құқықтық айқындау, «жергілікті басмашыларымен» күресу, түркі-мұсылман тұрғындарының жер мен суға қол жетімділігін қамтамасыз ететін Түркістан Коммунистік партиясын құру қағидалары. 1919 жылы қарашада Түрік комиссиясы Ташкентке келген кезде РКП (б)-ның партия ұйымы империя кезеңіндегі қоғамның отарлық құрылымының саясатын жалғастырды. Түркістан Коммунистік партиясының құрамына бір-бірімен әлсіз өзара әрекеттесетін үш құрылым бой кктерді: РКП (б)-ның Аймақтық комитеті, Аймақтық комитеттің шетелдік коммунистері және Мусбюро. 1919 жылғы мамыр мен 1920 жылғы ақпан аралығында өткен Түркістан Коммунистік партиясының мұсылман ұйымдарының үш аймақтық конференциясы түркі-мұсылман коммунистерінің партия мен республиканың басқару органдарының отарлық деп бағаланған байырғы тұрғындарға қатысты саясатына деген наразылығының өсіп келе жатқандығын және бұл нағыз отаршылдық саясаттың жалғасы деп бағаланды [249]. Конференциялардың резолюцияларында партиядағы Мусбюроның төрағасы Тұрар Рысқұлов бастаған саяси белсенді коммунистер тобы жергілікті халықтың кең топтарының ұлттық мүдделерін қорғауға дайын екендігі баяндалды.

Мәскеудің тапсырмаларына қарағанда Т.Рысқұловтың Аймақтық комитеттегі Түркістан коммунистік партиясының бағыты мен оның ұлттық мәселені шешуге арналған бағдарламасын сынға алды. 1920 жылы ақпанда Мұсылман коммунистік ұйымдарының III-ші аймақтық конференциясында жасаған баяндамасында Т.Рысқұлов *«Түркістандағы партия ұйымдары Шығыстағы пролетариат партиясының алдында тұрған міндеттерді түсінбеді... Патша дәуіріндегі отаршылдық жүйені жою қажет, бұл ұлттық мәселені күрделендіреді. Түркістанда әлі бірде бір партия жоқ... Аймақтық комитеттің мұсылман бұқарасына ешқандай әсері жоқ. Соңғылары тек Мусбюроға бағынады. Егер біз өз идеямызды Шығыста жүзеге асырғымыз келсе, біз жергілікті тұрғындарға деген көзқарасымызды өзгертуіміз керек, олардың бізге деген сенімдерін оятуымыз қажет»* деген [250]. Т.Рысқұлов партияның қолданыстағы ұйымдық бөлінісін ұлттық қағидаға сәйкес жою және Түркістандағы барлық коммунистік ұйымдарды РКП (б)-ның Орталық Комитетінің жалпы басшылығымен бір партияға біріктіру туралы ұсыныс жасады, оған Түркістандағы түркі халықтарының коммунистік партиясының атауын беруді қалады. Ұлт құру мәселесіне келсек, ол Түркістан АКСР-де түркі халықтары өзін-өзі басқаруға ынталы халық екенін, сондықтан республиканы РСФСР-дің Түрік Кеңестік республикасы деп атау керектігін баса айтты [251]. Партияны және болашақта республикалық органдарды ұлттық негізде қайта құру арқылы Т.Рысқұлов аймақ әкімшілігінде отаршылдықты жоюды, байырғы халықтың саяси құқықтарының бұзылуына тосқауыл қоюды талап етті. Т.Рысқұловты, шығыстың көптеген саясаткерлері сияқты коммунизм мен РКП (б)-ның саясаты, бірінші кезекте отаршылдыққа қарсы тұрғаны үшін, содан кейін әлеуметтік қайта құруды бастаймыз деген уәделері қатты қызықтырып, өзіне баулады. Оның пікірінше, Түркістан шығыс қоғамында социализмді құрудың көрнекі орынына айналуы мүмкін және бұл мүмкіндікте бүкіләлемдік социалистік революцияны Шығыстағы алға жылжытудың көшбасшысына айналады деп сенді. Түркі комиссиясының мүшелері Ш.Элиава мен В.В.Куйбышевтің 1920 жылдың 18 қаңтарында өткен Түркістан коммунистік партиясының V-ші конференциясында және мұсылман ұйымдарының III-ші аймақтық конференциясында Т.Рысқұловтың ұсыныстарын қолдады. Олар РКП (б)-ның нұсқауларына жергілікті тұрғындардың

арасынан қарсы шыққандарды байқамағандығын тілге тиек етті. Конференцияның нәтижесінде Т.Рысқұловтың бағдарламасы бекітіліп, Мусбюро таратылғаннан кейін ол біріккен Түркістан коммунистік партиясы Аймақтық комитеті мен Түркістан орталық атқарушы комитетін басқаратын болды.

Т.Рысқұловтың партиялық және республикалық басқару жүйесін түркі-мұсылман халықтарының бірегейлігін күшейту ниеті, болашақта Түркістан АКСР-нің ұлттық-аймақтық межеленуі саясатында кеңестік билік тарапынан ұқыптылықпен пайдаланылды және Тұтас Түркістанның жылдам түрде межеленуі қажет деп білінді.



1924 жылғы ұлттық-территориялық межелеудің комиссия мүшелері

Өйткені, большевиктік билік басындағы В.Ленин мен И.Сталин, Түркістан АКСР-і болашақта КСРО-ның тұтастығы мен Ресей империясының мақсаттарына қауіп төндіреді деген ойда болды [252]. Себебі, Түркістан автономиясына шынайы ұлттық сипат беру үшін түркі-мұсылман халықтарының партиялық және республикалық органдарды құру құқығын негіздеу мақсатында Т.Рысқұлов өз заманында жәдидтер тұжырымдаған түркі халықтарының бірлігі, оның құрамына республика халқының тұтастай жататын, түрік ұлтының бірегейлігі ретіндегі тұжырымдамасын қайта жасады. Т.Рысқұлов Түрік Республикасының ұлттық жобасын коммунистік идеологиясымен негіздей отырып жүзеге асыруға тырысты. Мәселен, Түрік кеңестік республикасының жобасын ол халықаралық деп атады, өйткені барлық түркі халықтарының жұмысшылары РСФСР-нің бір бөлігі болмаса да, болашақта осы республика шеңберінде бірігуі мүмкін еді [253]. Осылайша, республиканың шекарасы жарияланған Түркістан АКСР-не қарағанда кеңірек болуы мүмкін еді.

Алайда, «түрік» ұлттық қағидасы принципі негізінде партия мен республиканы қайта құрылуы, Түркістан комиссиясының қалған мүшелерінің, ең алдымен М.Фрунзе мен кейіннен РКП (б)-ның Орталық комитетінің Саяси Бюросының қарсылығын тудырды. М.Фрунзе Түркістан майданының революциялық әскери кеңесінің төрағасы бола отырып, Түркістандағы жағдайды Кеңестік Ресейдің әскери-саяси және мемлекеттік мүдделері арқылы бағалағанға ұқсайды. Ол, Түркістанды ішкі және сыртқы қауіптер тұрғысынан шекаралас аймақ ретінде қарастырды. Т.Рысқұлов ұсыныстарының ішіндегі түркі құрамы мен одан кейін пайда болған «басмашы» ұлттық қозғалысының жеңіліске ұшыраған Түркістан автономиясының идеялық негізі большевиктер тарапынан «пантүрікшілдікпен» байланыстырылды. Ал «басмашылардың» ұлт-азаттық қозғалысы Түркістан майданының қолбасшылығы тарапынан британдық империализмнің агенттері ретінде қабылдады [254]. РКП (б)-ның басшылығы түрік бірлігін өздерінің ішкі саясатына қайшы келетінін сезініп, бұл мәселеге сақтықпен және айла әдістерімен қарсы тұрды. Осы тұрғыдан алғанда, Кеңес үкіметінің аймақтағы әлсіз ұстанымдары мен республика құрамындағы түркі халықтарының басымдылығы ескерілді. Оның әлеуметтік базасының объективті түрде таралуын ескере отырып, Түркістан Автономиялық Кеңестік Социалистік Республикасын Түрік Кеңестік республикасына айналдыру идеясын М.Фрунзе аймақтағы Кеңестік Ресейдің мүдделеріне төнген қауіп ретінде қабылдады. Келесі күні, нақты айтқанда 1920 жылдың 23 ақпанында Ташкент қаласына келгеннен кейін, Түрік комиссиясының

отырысында М.Фрунзе конференциялардың шешімдерін және оларды қолдаған В.В. Куйбышев пен Ш.Элиаваның ұстанымын сынға алды. Түрік комиссиясы отырысының қарарында көтерілген «ұлт мәселесінің айналасындағы пікір-таластар, М.Фрунзенің пайымы бойынша – біздің дұшпандарымыз, әсіресе, Англия жақсы қолдануы мүмкін» деген [255]. Сондықтан, большевиктердің түркі халықтарына бағытталған саясатын орыстық-шовенистік және империалистік ұстанымдарын жалғастырушы ретінде қарастырған абзал. Нәтижеде, Түрік комиссиясы конференциялардың шешімдерін жарамсыз деп таныды, Мәскеуге Түркістан Компартиясының біртұтас Орталық Комитетіне біріктіру арқылы біртұтас партия құру туралы ұсыныс жіберілді, сонымен бірге жергілікті түркі-мұсылман халықтарын Түркістан Компартиясының құрсауына кіргізу ниеті сақталды.

Сонымен бірге Түркістан АКСР мен Түркістан Коммунистік партиясын басқарудағы нақты күш Түркі комиссиясы мен Түркістан майданының революциялық әскери кеңесінің қолында шоғырланды. Түркістан Компартиясының Аймақтық комитеті және Түркістан ОАК-ті, түркі халықтары арасынан коммунистердің үлесі көбейсе де, Түрік Комиссиясының бақылауында болған және олардың дербес шешім қабылдау құқығы болмады. Бұл жағдайды Т.Рысқұлов пен оның жақтастары Түркістан автономиясының бұзылуы деп қабылдады. Түркістан АКСР-де билікті ұйымдастыру туралы өзінің көзқарасын қорғауға тырысып, Т.Рысқұлов РКП (б)-ның Орталық Комитетінің Саяси бюросына тікелей жүгінуге шешім қабылдады. 1920 жылы мамырда Ш.Элиав пен Ю.Рудзутак Мәскеуге Түркістанның тағдырын талқылауға шақырылды. Осыған байланысты Түркістан ОАК-і Т.Рысқұлов, Н.Ходжаев және Грух-Ивановтан тұратын Түркістан делегациясын Мәскеуге жіберу туралы шешім қабылданды.

1920 жылдың 25 мамырында Түркістан делегациясының мүшелері В.Ленинмен кездесіп, оған Түркістандағы партиялық міндеттерін ұсынды. Т.Рысқұловтың ұсыныстарының ортақ белгісі, ол Түркістан ОАК-і мен Түркістан халық комиссарлары кеңесінің Түрік Республикасының мемлекеттік органдарына нақты автономия беру және жергілікті түркі-мұсылман халықтарының басқару қызметтеріне отырғызу мәселелерінің қозғауында жатты. Осыған байланысты республика әкімшілігінде қажетсіз «қабат» ретіндегі Түрік комиссиясын тарату және Түркістандағы қызыл әскер бөлімдерін тек түркі-мұсылман халықтарынан тарту туралы талап қойылды [256]. Сонымен қатар, Түркістандық жобада Түркістанның кейбір әлеуметтік-экономикалық мәселелерін шешу бойынша ұсыныстар болған жоқ. Бұл Ресейдің түркі-мұсылман аймақтарындағы коммунистердің өз қызметінде *«отаршыл қоғамда әлеуметтік революцияның мүдделерін оның ұлттық өзін-өзі айқындау және мәдени жаңғыру міндеттеріне бағынуы керек»* деген қағидасын басшылыққа алған коммунистердің тарихнамалық бағасын растайды. Қарама-қайшылықты ескере отырып, Түрік комиссиясы және орталық органдардың партия мен республиканы түркі бірегейлігі негізінде қайта атау туралы ұсыныстарын, Т.Рысқұлов оларды тікелей өз жобасында көрсетпеген. Алайда, жобаның кеңейтілген кіріспесінде ол орыс тілді жұмысшыларды және шын мәнінде Түрік комиссиясын *«өзбектер, қырғыздар мен түрікмендер арасындағы қалыптасқан ынтымақтастықты бұзуға бағытталғанын, оларды бір-бірінен бөлу үшін»* жасанды әсер жасауға тырысты деп айыптады [257].

Түркістан делегациясының есебімен танысқаннан кейін В.Ленин РКП (б)-ның Орталық Комитетіне Түркістандағы партияның міндеттері туралы болашақ ереже ретінде Түрік комиссиясының жобасын қабылдауға кеңес берді. Түркістанның түркі

және мұсылмандық негізінде саяси жағынан өзін-өзі басқаруы мен жергілікті халықтан әскер бірліктерінің құралуы В.Ленин тарапынан қолдау таппады. Айта кету керек, сол уақытта РКП (б)-ғы татар және башқұрт жетекшілері М.Сұлтанғалиев пен Зәки Уәлиди Тоған тарапынан Түрік кеңестік республикасын құру туралы ұқсас идеяларды ұсынды, бұл 1920-шы жылдардың басында партия ішінде ұлттық коммунистік идеялардың белең алғандығын білдірді. Жері кең түркі халықтарының біртұтас республикасын құру болашағы В.Ленин үшін түркі халықтарының аймақтарда кеңестік ықпалына және РСФСР-нің аумақтық тұтастығына қауіп ретінде қабылдады. Мұсылман коммунистерінің идеялары «түрікшілдік» идеологиясына жақындығы, коммунистік басшылығының көзқарасында күмән тудырды.

Түрік Республикасындағы ұлттық мәселенің басқа құрамдас бөліктерін шешуде большевиктер басшылығы бұрынғы орындарында қалды. Партия Түркістан Коммунистік партиясы атауын сақтады және Түрік комиссиясы Бүкілресейлік ОАК-нің өкілі ретінде өзінің ықпалын сақтады, ол республикада федералды үкіметтің басқару мәселелерін шешті. Әсіресе, сыртқы байланыстар, сыртқы сауда, әскери істерді өз ұсынысында ұстады [258]. В.Лениннің ұсынысы бойынша Түрік комиссиясының мүшелері жергілікті партия басшыларының алдында оның маңыздылығын арттыру және олардың тәуелсіздігінің келбетін қалыптастыру үшін Түркістан ОАК-і және Түркістан ХКК-і мен үнемі араласып, кеңесіп отыруға міндеттелді. Іс жүзінде, бір партиялық режим жағдайында, Түркістан компартиясы тек РКП (б)-ның аймақтық филиалы мәртебесін сақтаған кезде, республикада шешім қабылдау үдерісі орталық органдар мен олардың өкілдігінің басымдығын сақтап қалды.

«Түркістандағы партияның міндеттері туралы ережені» В.Ленин жобасына енгізілген түзетулерінде өзінің белгілі ұсынысын жасады. Ол, Түркістанның этнографиялық картасын сызып, Өзбек, Қырғыз (Қазақ) және Түрікменге бөлу арқылы социалистік мемлекеттерді қалыптастыруды және осы үш «бөліктің» қосылу немесе бөліну шарттарын толығырақ білгісі келді [259]. Бұл нұсқауды большевиктер Тұтас Түркістанды ұлттық-аумақтық межелеуге дайындаудың бастапқы нүктесі деп санауға болады, ол аймақтың қазіргі саяси картасының контурларын анықтады. Саяси бюроға берілген Түрік комиссиясының ұсыныстарында өзбек, қырғыз (қазақ) және түрікмен жұмысшылары кеңестерінің автономиялық республикалар түрінде ұлттық өзін-өзі басқару мүмкіндіктерін талқылау туралы «Ереже» дайындалды. Осыған байланысты, Түрік комиссиясының деңгейінде партия мен Кеңес үкіметінің мүдделерін ескере отырып, ұлттық құрылысқа «түркілік» деңгейден басқа ұлттық құрылысты табуға және сенім артуға болатындығы туралы идея болды деп болжауға негіз береді. Т.Рысқұловтың ұсыныстары РКП (б) басшылығының Тұтас Түркістанның ұлттық құрылыстың этно-аумақтық критерийлеріне бағытын анықтаған факторлардың бірі болды деуге негіз бар. Себебі, кеңестік биліктің басты мақсаты Тұтас Түрік республикасын бөліп, орнына орталықтан оңай басқарылатын ұлттық Кеңестік республикаларын құру еді. Бұл кеңестік республикалар этникалық принцип негізінде «жаңа түркі ұлттарының» қалыптасуына негіз қалады.

Ресейде жалғасып жатқан Азамат соғысы, Түркістандағы «басмашы» ұлттық әрекетінің өріс алуы мен аймақтағы Кеңес өкіметінің әлсіз позициясы аясында Түрік Республикасын этникалық-территориялық принцип негізінде бөлінуінен бас тарту туралы шешім қабылданды. Оған себеп болған Түркістандағы кеңестік саясатын нық сеніммен атқаратын адал идеологиялық білімді кадрлардың аздығы еді. Мәскеуге Түрік комиссиясының мүшелері мен республикалық әкімшілік жұмысшыларының

баяндамалары барлық жерде кеңестер мен партиялық топтардың әлсіз құрамы жайлы хабарлап отырды. Түркістандағы түркі-мұсылман халықтарына таптық, ұлттық немесе кәсіптік тұрғыдан сенуге болмайтынын білдіріп отырды. М.Фрунзе мен В.Куйбышев РКП (б)-ның Орталық Комитетінің Саяси бюросында Түркістанның тағдырын талқылау кезінде В.Ленинге Тұтас Түркістан жерінде ұлттық республикалар құрудың әлі ерте екендігін жазды, өйткені Түркістанның өзін игеруге күштерінің жетіспейтіндігін мәлімдеп отырды [260]. Түрік комиссиясының құрамы өзінің жұмыс жасау кезеңінде бірнеше рет өзгерді. Түркістаннан Түрік комиссиясының мүшелері Ш.Элиава мен Ю.Рудзутактың кетуіне және М.Фрунзенің басқа өңірлерде қызмет ету үшін шақырылғандарына байланысты РКП (б)-ның Орталық Комитетінің Саяси бюросы 1920 жылдың 29 маусымында Түрік комиссиясының жаңа құрамын бекітті.

Осының артынан РКП (б)-ның Орталық Комитетінің Саяси бюросы тарапынан Т.Рысқұлов жобасын аймақтағы ұлттық саясаттың негізі ретінде қабылдау және «Рысқұлов тобын» республика басшылығындағы жетекші қызметтерінен босату міндеті қойылды. Оның көзқарастары ресми түрде «буржуазиялық ұлтшылдықтың» көрінісі ретінде пайымдалды. Содан кейін бұл бағалау кеңестік тарихнамаға көшті, онда оның жобасы «түрікшіл-ұлтшыл» деп айқындалды [261]. Т.Рысқұлов өзіне қойылған талаптардың сипатымен келіспегендіктен және өз позициясын қорғауды жалғастыра бергендіктен, 1920 жылдың 10 шілдесінде Түрік комиссиясы өзіне адал Түркістан коммунистік партиясын таратып, орнына Н.Төрөқұлов басқаратын Түркістан Компартиясының уақытша орталық комитетін құрды. Т.Рысқұлов Мәскеуге шақырылды. Жаз бойы бүкіл Кеңес аппараты және Түркістан АКСР-гі барлық партия комитеттері мен революциялық комитеттер қайта сайланды. Нәтижесінде, Мәскеу ақырында Кеңес өкіметін құру және аймақтағы ұлттық мәселені шешудің тәсілдерін әзірлеу мен түсіндіру бойынша орталықтандырылған билігін орнатты. Мұсылман коммунистерінің бастамаларына қатысты партияның түпкілікті ұстанымын 1921 жылдың наурызында өткен РКП (б)-ның X-шы съезі анықтады. Съезд ұлттық мәселедегі партияға қарсы ауытқуларды, яғни ұлы державалық шовинизм мен жергілікті ұлтшылдықты немесе түрікшілдікті коммунизм мен пролетарлық интернационализм үшін қауіпті деп айыптады [262]. Сонымен бірге, ұлы державалық шовинизм партияның ұлттық мәселедегі міндеттерін іске асырудың негізгі қауіпі ретінде анықталды, Түркістанда оған қарсы күрес отарлауға қарсы науқан түрінде өтті.

1920 жылы көктемде Түрік комиссиясының басшылығымен партиядағы отарлауға қарсы шешуші күрес жүргізілді. Партияның тазаруы мен орыс тілді басшылардың қызметінен босатылу және оларды РСФСР-дің басқа аймақтарына ауыстыру түрінде өтті. Өңірде Кеңес өкіметінің нығаюы жергілікті халықтан адал және идеологиялық тұрғыдан дайындалған элитаны қалыптастыру талап етілді.



**Түрік комиссияның мүшесі
В.Куйбышев**

Бұл бағыттың көрінісі РКП (б)-ның Орталық Комитетінің 1921 жылдың желтоқсан

айында Түрік бюросына мұсылман коммунистері Н.Төрөқұлов, А.Рахымбаев және К.Атабаевтың қосылуы болды. А.Халидтің айтуынша, жаңа кеңестік Түркістан элитасының өкілдері, әдетте, орыс-тузем мектептерін бітіріп, партияға 1918 жылы немесе одан кейінгі жылдары қосылды, бірақ олар да өз қызметтерінде ұзақ отырған жоқ. 1924-1925 жылдары Тұтас Түркістанның шекараларын ұлттық-аумақтық межелеуге дейін, Түрік Республикасының басқару жүйесінде кадрлардың ауыстыуы үнемі болып тұрды, өйткені орталық билеушілері жауапты түркі-мұсылман жұмысшыларын сенімсіздікпен қарады. Сондықтан, ресми түрде Түркістан ОАК-і мен Түркістан компартиясының ОК-ін жергілікті халықтардың өкілдері басқарып отырса да, орыстар орта және төменгі деңгейлерде үстемдік ете берді. Республиканың орыс халқы арасында отарлауға қарсы науқан партиялық және мемлекеттік органдардың тазаруынан тыс қалып, 1921 жылы Жетісуда жер реформасы кезінде орыс шаруаларын қазақтардың байырғы жерлеріне қайтадан қоныстандыру саясаты жүзеге асты. РСФСР-ден оқшаулану жағдайында Түркістан Республикасы Кеңестерінің VI-ші съезі қабылдаған ТАКСР-дің алғашқы Конституциясы, большевиктер басшылығының пікірінше, автономия құқығы кеңейтілген-ді.

1918 жылы жазда Конституцияны әзірлеу үшін Мәскеуге келген Түркістан ОАК-нің делегациясы федеративті орталық пен автономиялы республиканың арасындағы байланыстарын жіктеген еді және автономды статусының дербестігін барынша кеңейткен-ді. Оның жобасына РСФСР-ден еркін шығу құқығы, өзінің сыртқы саясатын жүргізу құқығы кірді, әскери саланы Түркістанның екі өкілі мен орталықтың бір өкілінен тұратын комиссия басқару құқығы қарастырылған-ды. Түркістан ОАК-нің делегациясы ұсынған жоба Бүкілресейлік ОАК-і Төралқасынан қарсылықтар туындады, бірақ белең алған азамат соғысының салдарынан келіссөздер аяқталмады. Түрік Республикасы шекаралас аумақ бола отырып, Ресейдің Еуропалық бөлігінен Азаматтық соғыс майдандарының құрсауына түсіп, кейбір жағдайларда, әсіресе 1918-1919 жылдары сыртқы саяси қызметін дербес жүргізді. Республиканың комиссарлар жүйесіне негізінен консулдық мәселелерді шешетін сыртқы істер комиссариаты басқарды. Түрік комиссиясының келуімен оған сыртқы саяси басшылық беріліп, аталған комиссариат таратылды.

Автономия сияқты, федерация мемлекеттік құрылымның бір формасы ретінде РКП (б)-ның ұлттық саясатының мақсаттарын жүзеге асыруда маңызды рөл атқарды, бірақ большевиктер өздерінің унитарлық мазмұнын осы формаға тіркеді. Дәл осы көзқарасқа сәйкес Түрік комиссиясы ТАКСР-нің автономды құқықтарының сипаты туралы ереже дайындап, оған жергілікті кеңестік саяси элитаның қолдауын ұсынды. 1920 жылы наурызда комиссия РКП (б)-ның Орталық Комитетінің қарауына тиісті жобаны ұсынды. Оның айтуынша, федералды биліктің айрықша құзыретіне сыртқы саясат, қорғаныс және сыртқы сауда мәселелері кірді, сондай-ақ бірлескен басқару мәселелеріне, яғни көлік, пошта, телеграф, қаржы іспетті жұмыстар федералды үкіметтің осы комиссариаттарға қатысты барлық қаулылары Түркістан республикасына қатысты еді. Большевиктер билікке келгеннен кейін ұлттық саясат Кеңес өкіметін сақтау және нығайту міндетіне бағынды. Оның тиімділігі негізінен В.Лениннің саяси икемділігі мен прагматизмінің арқасында партия ұлттық мәселедегі теориялық сызбалардың тұтқыны бола алмады, бірақ оларды түзете бастады. Бұл Кеңес өкіметінің құрылуының алғашқы жылдарында Түркістанда ұлттық мәселенің шешілуін көрсететін классикалық факторға қатысты ұлттық фактордың маңызын арттырды.

Тұтас Түркістанның ұлттық-аймақтық межелеу мәселесі 1920 жылы Түркістанның партиялық және кеңестік құрылымдарында талқылана бастады. 1919 жылдың аяғында РСФСР құрамында Түрік Республикасын құру идеясы ұсынылды. Ол бойынша *«өлкедегі түркі халықтарының тарихи, экономикалық және ішкі мүдделерін қорғауға, барлық түркілердің, соның ішінде РСФСР-ден тыс жерде тұратындардың біріккен орталығы болуға арналған»* мемлекеттік құрылым қалыптастыру саясаты жүзеге асқанды. Түрік Республикасының жобасы орталықтан кері қайтарылды, өйткені большевиктер аймақта басталған әскери «басмашы» ұлт-азаттық қозғалысының аясында түрікшілдік пен исламшылдық идеяларына қарсы күресіп жатқан еді. «Басмашы» ұлттық қозғалысы біртұтас Түркістан аумағында дербес мемлекетін құруды жақтады және оның атауын Түркістан Жумхурияты деп жариялады. Сондықтан Бүкілресейлік Орталық Атқару Комитеті Түркістан Комиссиясының және РСФСР Халық Комиссарлар Кеңесінің тікелей қолдауымен Түркістан коммунистері аймақтағы мемлекеттік құрылымның кеңестік жолын ұсынды [263].

Әрине, бір ғана Түркістан АКСР-і аясында бөлшевиктік саясатты жүргізу мүмкін емес еді. Бұхара және Хорезм республикалары әлі социалистік құрсауына түспегенді. Оның үстіне бұл республикаларда Кеңес өкіметі 1920 жылы ғана орнатылды. 1924 жылға дейін оларда ұлт-азаттық қозғалыстар әлі де күшін жоймаған болатын және олардың территорияларында «басмашы» ұлттық қозғалысқа қарсы күрес жүргізілді. Сондықтан Түркістан АКСР-нің аясында ұлттық-территориялық межелеу мәселесін қарастырып, Бұхара және Хорезм аумағында революциялық іс-шаралар жүргізген Бүкілресейлік Орталық Атқару Комитетінің Түркістан комиссиясы және РСФСР Халық Комиссарлар Кеңесі бұл шараны әлі ерте деп тапты. Комиссия мүшелері В.В.Куйбышев пен М.В.Фрунзе 1920 жылғы маусымда біртұтас Түркістан республикасын сақтау қажеттілігін айтып, *«Түркістанның бірқатар жекелеген ұлттық республикаларға жылдам түрде межелеу мәселесі Түркістандағы жасалып жатқан жұмыстарға кері әсерін тигізеді және сөзсіз, саяси жағдайды анықтайтын ұлтшыл элементтердің қолында болады»* деп атап көрсетті [264]. Мүмкін 1920-1921 жылдар аралығында РСФСР мен Хорезм және Бұхара республикалары арасындағы одақтық шарттардың жасалуы осы жағдайға байланысты болды. Бұл келісімдер мемлекеттік шекараны тарту үшін екі жақтан бірдей өкілдермен аралас комиссия құруды қарастырды, бұл комиссиялар «шекара белгілерін» орнатып, уағдаласушы тараптар арасында мемлекеттік шекараны тартуы керек еді. Шекараны белгілеу кезінде комиссиялар табиғи шекараны ұстана отырып, ұлттық және экономикалық белгілерді басшылыққа алып, мүмкін болса елді мекендер толығымен бір мемлекеттің құрамына кіруі керек екендігі баса айтылды. Шекаралар көлдерден, өзендерден және каналдардан өтетін жерлерде, осы су кеңістіктерінің ортасында тартылады деп шешілді.

Аймақтық-территориялық межелеу идеясы В.Лениннің сол кездегі жүргізілген ұлттық саясаттың негізгі ережелерімен анықталды: *«Бұл тарихи оқиғаның қажеттілігі ұлттық мәселедегі партиялық бағдарламаның басты қағидасымен анықталды, әр ұлттың өзін-өзі басқаруға, тәуелсіз ұлттық мемлекет құруға құқығын тану»* сөздерімен жүргізіле бастады [265]. 1922 жылдың мамырында құрылған РКП (б)-ның Орталық Комитетінің Орта Азиялық бюросы бұл бағдарламада басқарушы орган ретінде жұмысын жүргізді. Орталық бюроның Кеңес одағы кезінде партия құрылысы саласындағы негізгі ұйым ретіндегі РКП (б)-ның Саяси бюросының 1924 жылғы 11 қазанында қабылданған шешімінде: *«Орта Азия республикаларын межелеу және ұйымдастыру бойынша бүкіл партиялық және кеңестік жұмыстарға жауапкершілік Орталық*

комитеттің Орта Азия бюросына жүктелуі керек» делінген [266].

Межелеуді бастаған большевиктер билігі оған идеологиялық негіз беруге тырысты. М.Немченко ХХ ғасырдың үгіт-насихат жұмысында былай сипаттама жасады: «Орта Азия елдерінде болған революция бұрынғы тарихи оқиғалар мен орыс империализмінің шекараларын өзгертпеді және әр түрлі ұлттық элементтерді қалыптастырып, сіңірген саяси құрылымдар аясында өтті. Орта Азия халықтарын бөліп тұрған бұл жасанды шекаралар революциялық жұмысы тап өкілдерінің ұлттық мәселелерді шешуге бағытталған қадамдарына қарамастан, соңғысы шешілмей, республиканың мәдени, ұлттық және экономикалық дамуына кедергі келтірді» [267].

Кеңестік тарихнамада большевиктердің жүргізген межелеу саясаты дәстүрлі түрде прогрессивті ретінде көрсетілген. Көптеген еңбектерде «Орта Азиядағы кеңестік халықтардың бірігуі мен олардың саяси, экономикалық және мәдени артта қалушылығы осы қадамға бағыттады» деген тұжырымдар жасалған [268]. Сондай-ақ, батыс зерттеушілері аймақтағы ұлттық-мемлекеттік шекараны межелеуге баға беруде біржақты болған жоқ, өйткені олар большевиктердің мақсаттарын ашық түрде айта білген. КСРО-дан кетуге мәжбүр болған саяси эмигранттар батыс елдерінде кеңестік биліктің межелеуге байланысты жүргізген саясатын зерделеп, өздерінің ғылыми пікірін білдірген. Солардың арасында батыс Германияға орналасып, кезінде фашистермен байланыста болған, өзбек текті идеологы, Орта Азия бойынша белгілі сарапшы Баймирза Хайт межелеу саясатын Кеңес үкіметінің түркі халықтарын бір-бірінен алшақтатып, бөлшектеуге деген ұмтылысының нәтижесі ретінде пайымдаған. Оның айтуынша, Кеңес үкіметі түркі халықтарын бір-бірінен ажыратуға тырысып, «қайдағы бір эксперимент жасады, түркі ру-тайпаларына ұлттар құрып берді» [269]. Одан әрі автор, «кеңестік билік «өзбек ұлты», «қазақ тілі», «Түркіменстан тарихы», «қырғыз халықтық әдет-ғұрыптары», «тәжік ұлттық мәдениеті», «қарақалпақ әдебиеті», «ұлттық үкіметтер» тәрізді ұғымдарды пайдаланып, түркілерді ажырату тәсілдерін аталған тақырыптар бойынша еңбектер шығару арқылы бөліп тастаған» деген пікірлерін білдірген. Баймирза Хайттың пайымына қарағанда, «түркішілдіктің арманы, ол барлық түркі ру-тайпаларын біртұтас түркі ұлтының шеңберінде біріктіру керек» деген [270]. Басқа бір саясаттанушы А.Бенигсен: «Мәскеудің Түркістанның мұсылман халықтарының тұтастығын бұзу кезінде қарсылығымен бетпе-бет келіп, бөл де билей бер деген әдісті кеңінен пайдалана білді» деген тұжырым жасаған [271].

Ресей империясы отаршылдық саясаты кезінде қазақтарға қарсы өзге түркі-мұсылман халықтарына қарағанда бөлек саясат жүргізген. Межелеудің кезінде де осы принцип ұстанды. Атап айтқанда, орыс антропологы С.Абашин үшін «көшпенділер модернизация мен орыстандыру үшін ыңғайлы нысан ретінде қарастырылды». Ресей империясының әскери тарихшысы Л.Костенко болса 1870 жылдың өзінде ақ жарық көрген «Орта Азия және оған орыс халқын орналастыру» атты еңбегінде былай деп жазды: «Тәжіктер, өзбектер, курамалар т.б. сияқты отырықшы халық мықты орган болып табылады және мұсылман дініне берік, сондықтан еуропалық өркениетке қол жеткізу қиын. Көшпенділер болса, ұзақ өмір сүретін организм іспетті, олармен кез-келген нәрсені жасауға болатын шикізат сынды. Олар орыстардың артықшылығын мойындайды және білім алуға қарсы емес. Жалпы, орыстар мұнда отырықшы мұсылман халқына қарағанда, көшпенділер арасында жылдам сіңіседі» деген [272]. Осылайша, ең алдымен өзбектер мен қазақ халқының арасында аумақтық межелеу мәселесі, облыстық, аудандық және әкімшілік шекарасын дамытуда күттірмейтін мақсатқа айналды.

1924 жылғы Түркістанды ұлттық-территориялық межелеудің кеңестік жүйеге қауіп ретінде қабылдануы, ол Т.Рысқұловтың «түрік ұлттық» жобасын жүзеге асыруында жатты. Түркістан АКСР-і шеңберінде болса да түркілік ұлттық болмыстық үдерістердің дамуы салдарынан, аймақтағы түркі-мұсылман халықтарынан «жаңа кеңестік азаматтарды» қалыптастыру мәселесі, большевиктік идеологияның күттірмейтін кезекті саясатына айналды. Стратегиялық тұрғыдан алғанда, түрік бірлігін большевиктер пролетарлық интернационализмнің қалыптасуына кедергі ретінде қабылдады және болашақта оны жою керек деп білді. Революциядан кейін байқалған Ресейдің ұлттық аймақтарындағы түркі-мұсылман халықтарының өзара ынтымақтастығының дамуы В.Лениннің ұстанымын өзгертті. Ол большевиктердің «езілген халықтардың» ұлттық ұмтылыстарын елемеуі, керісінше, олардың күшеюіне әкелуі мүмкін деген қорытындыға келді. Түркістандағы кеңестік биліктің ықпалын нығайтудың саяси себептері 1924 жылы ұлттық тұрғыдан межелеу саясатына алып келді, бұл іс жүзінде аймақтың қазіргі саяси картасын анықтады. Сонымен бірге, ұлттық әкімшілік-аумақтық тұрғыдан жүргізілген межелеу саясатынан кейін құрылған ұлттық республикалардың бір-біріне жасаған территориялық даулардың ауқымы мен ең бастысы, бұл құбылыстың КСРО ыдырағаннан кейін қайталануы Орталық Азия елдерінің қазіргі тарихнамасында жасандылық, ұлттық шекаралардың озбырлығы және ұлттық межелеу үдерісін объективті бағаланбауына әкеп соқтырды. Ал, бұл ұстаным өз кезегінде аймақтағы түркі-мұсылман халықтарының өзара ынтымақтастығының табиғи тарихи-мәдени дамуына кері әсерін тигізетіні сөзсіз [273]. Ресейдің империалистік саясатының сыртқы қорғаныс қабығына айналған «пролетаризм» ұғымы Түркістан АКСР-нің ұлттық-территориялық тұрғыдан межеленуіне және «кеңестік пролетаризм» атының қалыптасуынан «түркістандық» санасының жойылуына себеп болды. Оның нақты айғағы ретінде мәселенің тарихнамасында большевиктер межелеу процесінде аймақтың түркі-мұсылман халықтарының әр-біріне ұлттық болмысын қалыптастырып бөлу және оларға қарсы тұру мақсаттарын қоймады, керісінше түркі-мұсылман халықтарын ірі ұлттарға (орыстарға – М.Э) біріктірудің критерийлерін табуға тырысты деген пікір айтылуда. Межелеу кезеңінде туындаған аумақтық даулардың пайда болуын түркі-мұсылман халықтарының өмір салты мен шаруашылығындағы айырмашылықтарға байланысты екенін және жекелеген түркі халықтары арасында қалыптасқан этникалық шекаралардың өзінен-өзі қалыптасқанын дәлел ретінде түсіндіріледі [274].

1920 жылдары Т.Рысқұлов Түркістан АКСР атауын «Түрік АКСР-не» өзгертуді ұсынған кезде РКП (б)-ның Орталық Комитетінің саяси бюросында В.Ленин аймақты «Өзбекстанға, Қырғызстанға және Түрікменстанға» үш ұлттық бөлікке бөлу жоспары болған. Алайда 1920 жылы бұл жоспар мерзімінен бұрын тоқтатылды. Себебі, Түркі республикасының түркі-мұсылман халықтары жайлы этнографиялық ақпараттық материалдар жинау қажет болды [275].

1920 жылдың қыркүйегінде Бұхара Халықтық Совет республикасы жарияланғаннан кейін билікке келген «жас бұхарлықтар» ұлттық бірегейлік пен саяси жанашырлықтың белгісі ретінде түркі бағдарларын көрсете бастады. Дамудың үлгісі ретінде олар Кеңес Одағының орнына Түркияны таңдады және Осман мемлекеті құлағаннан кейін Анкарамен жақындасуға бет бұрды. Сөйтіп, дипломатиялық қатынастар орнатуға делегация жіберді. Мәдени-ағарту саласында іс қағаздарын парсы тілінен түрік тіліне аудару жүзеге асырылды, түрік тілі мен әдебиетін оқуға үлкен қолдау көрсетілді [276]. Большевиктер «түрікшілдік» қозғалысын Түркістандағы коммунистердің билігіне қарсылық ретінде қабылдап, партиядағы ұлттық әрекеттердің барлығы «диверсиялық қызмет» санатына жатқызылды. Осыған байланысты, Түркістан АКСР-нің және онымен бірге Бұхара мен Хиуаның лениндік сызбаға сәйкес жылдам межелеуі қарары қабылданды.

1921 жылы республикада жекелеген ұлттық аймақтарды құру бастамасымен Түркістан АКСР-де саны жағынан аз түрікмен коммунистері межелеуді құптады. Закаспий кеңестерінің съезі 1921 жылдың басында Закаспий аймағын «Түркіменстан облысына» айналдыруды талап етіп, өтініш берді және ол қанағаттандырылды. Сонан соң, бұл бастама, іс жүзінде, Түркістанның этникалық-аумақтық межелеуінің негізін қалады. 1922 жылы қырғыз зиялыларының өкілдері автономды «Қара-Қырғыз аймағын» құру туралы бастама көтерді, ал 1924 жылы межелеу процесінде тәжік пен қарақалпақ большевиктері бөліну жайында әрекетке көшті [277]. Осылайша, түрікшілдік пен исламға қарсы күрес жүргізумен қатар, жергілікті этникалық ерекшеліктерге сәйкес «жана ұлттық» болмыстарды қалыптастыру процесі жүрді. Бұл әрекет большевиктерді жігерлендірді және түрікшіл элитасына қарсы өз ұлтынан шыққан большевиктерді айдап салды.

1924 жылдың басында Кеңес үкіметі Түркістан АКСР-де жаңа ұлттық-территориялық «қайта бөлуді» бастау үшін «басмашы» ұлттық қозғалысының негізгі орталықтарын басып, аймақта өзіне әлеуметтік қолдау жасай алды. 1924 жылдың ақпан-наурыз айларында межелеу жоспарлары Түркістан АКСР, Бұхара және Хиуаның жергілікті партия органдарында талқыланды, олар «*Кеңестік Орталық Азияның территориясын бірқатар республикаларға ұлттық негізде бөлу мәселесі толығымен пісіп жетілді және оны қалыптастыру өте уақтылы болды*» деп мойындады [278]. Түрік Республикасы, Бұхара және Хорезм аумағында өзбек және түрікмен кеңестік республикаларын құру жобасы бұрыннан бар Қырғыз (Қазақ) Автономиялық Кеңестік Социалистік Республикасы, қазақтар мекендейтін жерлердің бір бөлігін беру арқылы жергілікті кеңес элиталарының қолдауын тапты.

Ұлттық мемлекет қалыптастыру процесінде Өзбекстанды құру жобасы қиынға соқты. Өзбек республикасының құрылуы жағдайында Мәскеу тарапынан ұлттық құрылыстың саяси элементтері барынша айқын көрінді, өйткені өзбек ұлттық



М.Ниязи, Зәки Уәлиди Тоған, Тимур (Ферғана), Г.Шүкір (Самарқанд) және Нафиз. Түркістандағы Революциялық партиялық жетекшілері. 1925 жыл. Стамбул

жобасы аймақтық саяси элитаның санасында Түркістан АКСР-і ыдырағанға дейін болған жоқ. Бірақ, жергілікті партия элитасының жаңа ұлттық құрылыстың шекаралары мен ұлттық бірегейлігі туралы пікірі де ескерілді. С.Абашиннің пайымына қарағанда «өзбек жобасы» большевиктер мен жергілікті жәдидтік элитаның ымыраға келуінің нәтижесінде пайда болғанын айтады [279]. Сол кезде саяси шекаралармен бөлінген Бұхара, Хорезм және Түркістанның ұлттық элиталарын біріктіретін түрікшілдік идеясы жалғыз нұсқа еді. Алайда, бұл большевиктер үшін тиімсіз ұлттық болмыс идеясы ретінде қабылданбады. Ал, Түркістанда Кавказ мысалындағы біртұтас саяси одақ құру туралы талқылау кезінде туындаған ұсыныстар большевиктерге ұнамай, «түрікшілдік жобасына» жақын деп айыпталды [280].

Саяси ымыраның нәтижесінде өзбектердің сан жағынан басымдығы алға тартылды және болашақ республиканың титулдық ұлты ретінде қабылданды. Ол үшін 1897 жылғы халық санағы басшылыққа алынды, онда облыстық статистикалық комитеттің көрсеткіші бойынша Түркістанның байырғы тұрғындарының тобына жатқызылған сарттар, өзбектерге тілі және мәдениеті жағынан жақындығы айтылды. В.Ленин құрастырған «Ресей мен Шығыстың барлық жұмысшы мұсылмандарына» жасаған жолдауында Түркістандағы халықтар арасында тек сарттар мен қырғыздар туралы айтылғанын ескерсек, большевиктер межелеуге алдын ала дайындалмағаны айқын көрінеді. Түркістан Компартиясының I-ші съезінде орыс тілімен қатар сарт тілі мемлекеттік тіл ретінде жарияланды. Алайда, 1920 жылы, Түрік Комиссиясы Түрік Республикасы Конституциясының жаңа нұсқасын дайындаған кезде, сарттардың орнына, өзбектер автономды Түркістанның негізгі халқы ретінде ескеріле бастады.

Орыс-шовенист зерттеушілері мен жергілікті әкімшілік басшылары үшін «сарт» этникалық сипаты «өзбек» ұлттық қатынасы ретінде академиялық және қоғамдық-саяси пікірталас тақырыбына айналды. 1924 жылғы межелеу кезіндегі дау-дамай түркістандық жәдидтік зиялылар үшін «өзбек» ұлттық атауы «сарт» этникалық сипатына қарағанда түркілік жағынан тиімділеу көрінді. Сөйтіп, 1924 жылғы ұлттық-аумақтық межелеу саясаты кезінде большевиктер болашақ Өзбек республикасының титулдық ұлтының атауын «өзбекпен» байланыстыруды жөн көрді. Аумақтық межелеуді жылдамдату тұрғысынан және орталық билік үшін жаңа құрылатын ұлттық советтік республикаларды басқару процесін жеңілдету жағынан Түркістанның түркі-мұсылман халықтарын бөлу ыңғайлы болды. Большевиктердің бұл ұстанымы жайлы мұрағат деректерінің бірінде мынандай анықтама берілген: *«Бұхара территориясы болашақ Өзбек Республикасының өзегі, Ферғанаға қарағанда онда «сарттың» ықпалы жоқ десе де болады, сондықтан титулды ұлттың анықтамасы ретінде «өзбек» терминінің пайдасына саяси таңдау жасалды»* [281]. Осылайша, жергілікті халықтың этникалық ерекшелігінің белгісіздігі таңдауды жеңілдетті. 1926 жылғы халық санағы кезінде, 1897 жылы «сарт» деп тіркелгендердің дерлік барлығы, қайтадан «өзбек» деген саяси ұлттық атаумен жазылды, нәтижесінде Кеңес Одағы ұлттарының жалпы тізімінен «сарт» деген этникалық атау шығарылды.

РКП (б)-ның 1924 жылы сәуірде межелеу жоспарын бекіткеннен кейін, кезінде Түрікбюро деп аталған мекеме Средазбюро деп аталып, 1924 жылдың мамырына дейін жаңа ұлттық республикалардың шекараларын анықтау жоспарын дайындау үшін арнайы комиссиясын құрды. Тұтас Түркістанның атауы Орта Азиямен ресми түрде ауыстырылды. Орта Азияның белгілі бір аумақтарын жаңа ұлттық республикаларға бөлу туралы шешім қабылдаған кезде, олардың жұмысындағы ішкі

комитеттер келесі принциптерге негізделуі талап етілді: қарастырылып отырған аумақ тұрғындарының көпшілігінің ұлттық құрамы этникалық сипатқа қарай белгіленуі; жергілікті халықтың тұрмыс тіршілігіне қарай тізімнің жасалуы. Нәтижесінде, жаңа құрылған ұлттық кеңестік республикаларда біртектілік «ұлттық болмыстың» қалыптасу үдерісінің оңтайлығы мен ұлтаралық қақтығыстардың деңгейі анықталып, аймақтағы Кеңес өкіметі ықпалының салмағын нығайтуға көңіл аударылды [282].

Алайда, сол кездің өзінде шекараларды межелеу жобасын дайындау барысында жергілікті ұлттық элиталар арасында аумақтық даулар басталды. Көп жағдайда олар межелеуді көрші республикалардың есебінен өздерінің ұлттық республикаларының аумағын кеңейту мүмкіндігі ретінде қарастырды. Территориялық талаптардың негіздемесі белгілі бір аумақ тұрғындарының этникалық құрамына қарай дайындалды. Большевиктер арасында ортақ түркі бірлігі туралы сөз қолданыстан мүлдем шығарылып тасталды. Средазбюродан бастап партияның орталық органдарына дейінгі кеңестік басшылық жергілікті деңгейде ымыралық шешімдер іздегендей болып, шекаралық дауларда делдал ретінде қызмет ете бастады. Шын мәнінде, большевиктер ұлттық қағиданы басшылыққа алып, экономикалық тұрғыдан әрекетін жүргізді. Большевиктер экономикалық әлеуеттің теңсіздігі мен құрылған ұлттық республикалардың даму деңгейінің мәнін жақсы түсінді және көп жағдайларда бұл айырмашылықты теңестіруге тырысқандай болды. Жаңа құрылған республикаларды шикізат қоры негізінде дамыту көзделіп, құрылған әрбір ұлттық кеңестік республикалар үшін даму бағыттары белгіленіп берілді: Өзбекстан мақтаны, Қазақстан ауыр өнеркәсіп саласы мен аграрлық секторды, Қырғызстан малшаруашылықты, Түрікменстан жеңіл өнеркәсіп саласын дамыту тапсырылды.

1924 жылы 11 қазанда РКП (б)-ның Орталық Комитетінің Саяси Бюросы Түркістандағы ұлттық межелеу туралы түпкілікті шешім қабылдады. Бұхара және Хиуа республикаларының аумағын қамтыған Өзбек және Түрікмен республикалары бірден КСРО құрамындағы одақтас республикалар мәртебесін алды. Қырғыз (Қазақ) Республикасының жаңа шекаралары анықталғанға дейін зерттеу жұмыстары жалғасты, уақытша автономиялық мәртебесін сақтап қалды. Кеңестік билік ұлттық ерекшеліктерді дәріптеу жұмыстарын жалғастырды, үгіт-насихаттық жұмыстар асыра сілтеп жүргізілді және осыған байланысты әрбір аймақтарда ұлттық мәселе тереңдей түсті. Түркістан АКСР-нің ұлттық-аумақтық тұрғыдан межелеу мәселесі 1930-шы жылдарға дейін жалғасты.

1924 жылғы Түркістанды межелеу саясаты аймақтағы түрік бірлігі санасының өсуіне тосқауыл қою және Т.Рысқұловтың «Түрік Республикасы» жобасын болдырмау мақсатында жүзеге асырылды. Бұл жағдайда ұлттық-территориялық жағынан межелеу мәселесі аймақта бірінші кезекте тарихи қалыптасып келе жатқан түрік ұлттық бірегейлігі тенденциясын тоқтату, екіншіден түркілік санасының «тасымалдаушылары» болып табылатын саяси элитаның ықпалын түпкілікті жою жатты. Түркістандағы ұлттық межелеу кезінде большевиктер өздерінің ұлттық саясатындағы сындарлы элементтердің болуын ескере отырып, жергілікті халықтардың мәдениетіндегі тарихи айырмашылықтарды тереңдетуге, түркі-мұсылман халықтарының санасына олардың бір-бірінен этникалық және тұрмыстық жағынан бөлек екендігін негіздеуге және бұл үдерістің жылдам жүргізілуіне ден қойды. Осылайша, большевиктер ұлттық территориялардың белгіленуін қамтамасыз ете отырып, социалистік негізде пайда болған әрбір түркі ұлтының әлеуметтік иерархиясының негізін қалыптастырды және этникалық өзіндік сананың

өсуі мен болашақта жергілікті «ұлтшылдықтың» жаңа варианттардың пайда болуын жеделдетті.

3.3 Мустафа Кемаль Ататүрік және Түркия Республикасының құрылуы

XX ғасырдың соңына таман Осман мемлекетіндегі жаңғырту әрекеттері түрік қоғамында ұлтшылдық санасының қалыптасуына себеп болды. Осман мемлекетіндегі теңдік, бостандық, отан және ұлт сияқты жаңа ұғымдардың пайда болып, француз төңкерісінен ықпал алған түрік ұлтшылдығы пайда болды. Түрік ұлтшылдығын жүйелеуде 1911 жылы 20 қаңтарда құрылған Түрік ошақтарының рөлі үлкен еді. Зия Гөкалп болса түрікшілдік қозғалысының негізін дамытып, жүйелендірушісі ретінде танылды. Батыс өркениетінен ғылым мен технологияны, исламнан алынған діни сананы және түрік дәстүрлерінен шыққан мәдени элементтерді қорғаған Зия Гөкалп, өзінің барлық ойларын «Мен түрік ұлтынанмын, мен исламдық қауымдастықтанмын және мен Батыс өркениетімін» деген сөздермен түйіндеді [283].

Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейін Осман мемлекеті күйреп, елдің маңызды бөліктерін империалистік мемлекеттер басып алды. Осы оқиғаларға қарсы Анадолының әртүрлі бөліктерінде реакциялар мен қарсылықтар туындап, қозғалыстар белең алған кезде, М. Кемал Паша (Ататүрік) 1919 жылы 19 мамырда аймақта қоғамдық тәртіпті қамтамасыз



Ататүріктің Самсун қаласына келуі

ету үшін 9-шы континентальды инспектор ретінде Самсун қаласының жағалаудағы мінбеге шықты. Осыдан кейін ол Анадолыдағы қозғалыстарды біріктіріп, елді соғыс жағдайынан құтқару үшін күресін бастады. Осы мақсатта ол, 1919 жылы 21-22 маусымда Амасияда циркулярын жарияланғаннан кейін, 1919 жылдың 23 шілдесі мен 7 тамыз аралығында Эрзурумда және 1919 жылдың 4-11 қыркүйек аралығында Сиваста конгрестер ұйымдастырды. Конгрестерде қабылданған шешімдерді орындау мақсатында арнайы делегация құрылды. Осы оқиғалар аралығында, ұлттық күрес пен конгрестер кезеңінде алдыңғы орынға шыққан ең маңызды мәселе, ол «Кувай-ы Миллиенің» (ұлттық тәуелсіздік) жалпыға бірдей және ерік-жігерге ие болуы керек деген идеяны қалыптастырды. «Мысақ-ы Миллинін» (ұлттық пакт) 1920 жылы 28 қаңтарда Осман мемлекетінің соңғы парламентінде қабылданғаннан кейін, 1920 жылы 16 наурызда Стамбулдың жаулап алынуымен Анадолының Стамбулдан бөлінуіне әкеп тіреді. 1920 жылы 23 сәуірде Анкарада жаңа Ұлттық Мәжіліс құрылды. Халық тарапынан сайлаған өкілдері мен Түркияны жеңіске жетелеген Ұлттық Мәжіліс кең көлемдегі құқықтарды иемденіп, өзінің саяси қызметін ұлттық принцип негізінде танытты [284].

Осы жиналыс негізінде жүргізілген ұлттық күрес сәтті аяқталған соң, Стамбул мен Түркияның Ұлы Ұлттық Мәжілісі (ТҰҰМ) Лозан конгресінде ұлттық күреске қажетті қолдау көрсетпеген сұлтандық жүйенің таратылуына себеп болды және 1922 жылы 1 қарашада сұлтандық жойылды. Лозан бейбіт келісіміне қол қойылғаннан кейін ішкі саясатқа айрықша көңіл бөлінді. Саяси аренада текетірес соғыстың басталуы осы кезеңде мемлекеттік режимнің сипаты мен атауы анықталды. 1923 жылы сәуір айында сайлауды қайта өткізу жөнінде шешім қабылданып, «Құқық

қорғау» қоғамының өкілдері жаңа сайлау науқанының соңында ІІ-ші ТҰҰМ-ін 1923 жылы тамыз айында іске кірісті. Шамамен бір ай өткеннен соң, яғни 1923 жылы 9 қыркүйекте «Құқық қорғау» қоғамы «Халық Фырқасы» (Халық тобы) атты саяси партияға айналды. Ататүрік 1923 жылы 7 ақпанның өзінде-ақ Балыкесир паша мешітінде сөйлеген сөзінде саяси топтардың керектігін және Түркияда халықшыл ұстанымға сүйенетін топтың қажеттілігін атап өтті. Тіпті, «Халық тобы» жайында ол былай анықтама берді: «Халық тобы дегеніміз – халықтың бір бөлігін емес, барша халықты қамтитын топ. Ол халқымызға саяси тәрбие мен тәлім беретін мектеп рөлін атқарады...» және «Халық тобы» деп аталатын партияның іргесін қалауға ниетті екенін айрықша білдірді [285]

1923 жылы 13 қазанда 1920 жылдың 23 сәуірінен бері ТҰҰМ-і қызметінің орталығы саналып келген Анкара қаласына «елорда» мәртебесі берілді. Осылайша, Анкара қаласының елордаға айналуы нәтижесінде ішкі және сыртқы күштерге сұлтандық жүйенің толық жойылғаны мен барлық құзыретті тұлғалардың Анкараға шоғырланғаны туралы маңызды ақпарат таратылды. Сойтіп, Анкара Стамбұлға



**Түркия Республикасының Ұлы
Ұлттық Мәжілісінің ашылу
салтанаты**

билігін жүргізетін орталыққа айналды. Бұл шешімнің қабылдануына тарихи, географиялық және стратегиялық себептердің де ықпал еткені белгілі болды [286]. 1923 жылы 27 қазанда өз еркімен қызметінен босаған Фетхи (Окяр) мырзаның басшылығындағы үкіметтің орнына жаңа үкіметтің құрылмағандығы нәтижесінде дағдарыстың туындауы және мәжіліс төрағасының бұл мәселені шешуге құзыретінің жетпеуі мемлекеттік басшының керектігін аңғартты. Өйткені, Ата Заң бойынша депутаттар мәжілісте әрбірі бөлек, басым көпшіліктің дауысымен сайланатын. Бірақ, бірден бір депутат қажетті дауысты жинай алмағандықтан, дағдарыс туындады. Мәжілістік басқару жүйесінің шешілмеуі мен дағдарыстың белең алуы салдарынан республиканы жариялауға қолайлы саяси жағдай қалыптастырылды. Осыған орай, 28 қазан күні Чанкая резиденциясындағы кешкі ас барысында Мұстафа Кемал паша жақын достарына «ертең Республиканы жариялаймыз» деп өз ойын білдіргеннен соң 1921 жылғы Ата Заңға төмендегідей өзгерістер енгізу арқылы 1923 жылы 29 қазанда Республиканың жарияланғанын әлемге жария етті: [287].

- Билік тұтастай халықтың қолында болады. Халық өз тағдырын өзі шешеді. Мемлекеттік билік құрылымы – Республика.

- Түркия мемлекетінің діні – Ислам, ресми тілі – түрік тілі, астанасы – Анкара қаласы.

- Түркия мемлекетін ТҰҰМ-і басқарады.

- Түркия Президентін ТҰҰМ-і Жалпы кеңесі өз мүшелерінің арасынан сайлайды.

- Түркия Президенті мемлекет басшысы болып табылады. Қажет болса, мәжіліске және министрлер кабинетіне жетекшілік етеді.

- Премьер-министр мемлекет басшысы тарапынан мәжіліс мүшелерінің арасынан тағайындалады.

Аталған өзгерістердің нәтижесінде жаңа мемлекеттік жүйенің негізі қаланып, Президенттік сайлау өткізілді және Мұстафа Кемал паша Түркия Республикасының тұңғыш Президенті болып сайланды. Ал, премьер-министрлікке тағайындалған

Исмет пашаға жаңа үкіметті құру міндеті жүктелді. Осыған сәйкес В.Г. Киреевтің пікірі былай болды: «отарлаушы елдерге қарсы бағытталған түрік халқының әскери жеңісі елдің түрік қоғамы мен мемлекетін одан әрі өзгерту және жаңарту құқығын қамтамасыз етуге мүмкіндік берді» [288]. 1920-1930 жылдары жаңа құрылған республикада бірқатар реформалар жүргізілді, оның негізгі бағыты батыстық үлгідегі Түрік мемлекетінің модернизациясы болып бекітілді.

Республика түрік халқының болмысына сай келетін, ең тиімді үкімет жүйесі ретінде таңдап алынды. Жаңа режимнің негізін қалаушы М.Кемал Ататүрік Республиканы ресми түрде жарияламастан бұрын аталған мәселеге қатысты пікірлерін жақын достарымен бөлісті [289]. Эрзурум конгресі кезінде Мазхар Мүфит Кансуға жеңіске жеткеннен кейін үкімет жүйесінің Республика болатынын тілге тиек еткен Ататүрік «Нутукта» (Халыққа жолдау) жазғандай Самсунға аяқ басқан күні-ақ Түркия үшін ең тиімді саяси режимнің «республика» екенін ой елегінен өткізіп, санасына түйіп жүрді [290]. Венада жарық көрген «Neue Freie Press» газетіне берген сұхбатында да осы ниетін айқын білдірді [291]. Сондай-ақ, бұл жерде Түркияның атымен емес, затымен республикаға айналатыны және Ата Заңның алғашқы екі бабында «билік халықтың қолында және халық атынан тек Ұлы ұлттық мәжіліс өкілдік етеді» деп айтылғаны баяндалды. Ол сайлауды қайта өткізу туралы шешімнің қабылдануына байланысты 1923 жылы 1 сәуірде ТҰҰМ-де сөйлеген сөзінде осы мәселеге қатысты ойын былайша тұжырымдады: «*Жаңа Түркия елінің рухани негізі, сөзсіз, халық билігіне сүйенеді... Түркия мемлекетінде және Түркия мемлекетін құрған Түркия халқында сұлтан (билеуші) болмайды!.. Бұл мемлекеттің және ұлттың басында қайбір күштің немесе мекеменің басшылығы болмайды, әлем білсін! Бір ғана күш бар, ол – халық билігі...»* [292]. Яғни, ұлттық билік (халық билігі) ұғымына айрықша көңіл бөлген Ататүрік «демократия» мәселесіне тоқталып, республикада демократиялық биліктің болғанын қалады. Ол бір жағынан, «*Түркия Республикасы – демократиялық негіздерге сүйенетін мемлекет. Ал, демократия – теңдік пен жеке бастың мүддесін қолдайтын саяси әрі саналы жүйе»* [293] десе, екінші жағынан «*...демократия қағидасын қазіргі заман мен қисынға сай қолдана білетін үкімет жүйесі, ол республика... Республикада соңғы сөзді халық атынан мәжіліс сөйлейді. Ол халық атынан әр түрлі заңдар қабылдайды»* [294] дей келе, республика мен демократия жайлы пікірлерін ашық көрсете білді. Республика жарияланғаннан кейінгі төңкерістердің

нәтижесінде режимді орнатуға кері ықпалын тигізетін кедергілер жойылды. Әсіресе, 1924 жылы 3 наурызда қабылданған заңдардың негізінде маңызды істер атқарылды. Оның арасынан халифатты жоюға арналған заңды атауға болады. Халифатты жою үшін әзірленген заң жобасында былай делінді: «*Түркия Республикасының ішінде халифат үстемдігінің болуы салдарынан еліміздің ішкі және сыртқы саясаты қос бағытты дамудан құтыла алмай отыр...»*.



Түркия Республикасының жариялануы

Халифатты жою мәселесі мәжілістегі талас-тартыстың өзегіне айналды. Мәселен, Ризе облысының депутаты Экрем мырза халифалар мен сұлтан әулетінің жағымсыз іс-әрекеттерін санамалап, халифатты жою және сұлтан әулетін елден аластату керектігін талап етті. Гүмүшхане облысының тәуелсіз депутаты Зеки мырза пікір

бостандығынан сөз етіп, елдегі экономикалық, саяси, ауыл шаруашылық және өзге де ішкі проблемалардың көптігінен халифалықты жоюдың әзірге орынсыз екенін алға тартты. Ал, Афион облысының депутаты Иззет Улви мырза болса, халифалықты жою керектігін мына сөздерімен білдірді: *«Жаһандағы дүниенің барлығы даму үстінде. Руханият та өзгеруде. «Үкімет» атты ұйымда да күмәнсіз даму заңдары жүзеге асуды. Біз шексіз биліктің қанішер әрі жағымсыз билеушілерінің қол астында ғұмыр кешетін ұлыс еместігімізді көптен дәлелдедік. Бүгінгі әлемнің ең дамыған режимі ретінде мақұлданған Республиканы жарияладық. Біз еркіндікке, республикаға, халықшылдыққа миллиондаған құрбанның жанын қию арқылы қол жеткіздік. Әлі күнге дейін осы мінберде отырған халифалықты жақтаушы жандарды көрген сайын таңданамын»*. Зонгулдак облысының депутаты Туналы Хилми мырза заң жобасындағы пікірді қолдайтынын мәлімдегеннен соң «Негізінен, халифалық үкімет пен республика ұғымының және анықтамасының ішінде қамтылған» деген себеппен халифалықты жою туралы бап талқыға салынды. Тіпті, кейбір халық қалаулылары халифалықты діннің емес, саясаттың құралы деп пайымдағандықтан әрі халифаның міндеттерін Республика басшылығының атқара алатынын тілге тиек еткендіктен, дауысқа салу нәтижесінде халифалықты жоюға шешім қабылданды [295]. Осының негізінде Республика басшылығы 3 наурыздағы № 431 «Халифалықты жою туралы» заңға сүйене отырып, Османлы әулетіне тиесілі тұлғаларды ел аумағынан шеттетті. Сондай-ақ, «Білім беру ұйымы туралы» заңмен ұлттық және зайырлылық оқу негіздері бекітіліп, шариғат және вақыф уәкілеттігін жойған заң арқылы зайырлылыққа кедергі келтіретін мекемелердің жұмысы тоқтатылды.

Ұлт-азаттық күрестегі жеңістен кейін орын алған оқиғалар Мәжілісте Ататүріктің кейбір достары арасында түсініспеушілік пен наразылықтың туындауына алып келді. Әрине, бұл Республикалық халық партиясына қарсы оппозициялық қозғалыстың өрбуіне түрткі болды. Ататүріктің ең жақын достары Республика мен демократиялық жүйеге қарсы еместіктерін, бірақ Республиканы жариялау арқылы істің соңына асығыс нүкте қойылғанын алға тартты [296]. «Нутукта» айтылғандай, Мұстафа Кемал паша Республиканы жариялау мақсатында «Тешкилат-ы Эсасийе» (Негізгі заңға) енгізілетін өзгерістерді анықтағаннан соң осы істі орындау үшін Чанкаяға бір топ сенімді достарын шақырды, ал пікірлес емес деп ойлаған қалған достарына хабар жолдамады. Республиканың жариялануы, халифалықтың жойылуы және 1924 жылы Ата Заңның қабылдануы [297] секілді айтулы оқиғалардан кейін орын алған тартысты кезеңде М.Кемал паша оппозициялық күштердің қадамын жіті бақылап отырғандықтан, әскер мен саясатты бір-бірінен алшақтатуға тырысты. Негізінен, бұрынғы Ата Заң мен «Сайлау туралы» заңда бір азаматтың әскери қызметті де, депутаттық міндетті де бір мезетте атқаруына рұқсат берілетін. Сондықтан, беделді қолбасшылардың басым көпшілігі депутаттық міндетті де қоса атқаратын. Бұған шектеу қоятын қаулы қабылдағаннан кейін әскери қолбасшылардың ішінен Қазым Карабекир мен Али Фуат пашалар әскери қызметтен бас тартып, депутаттық міндетті таңдады [298].

Осы оқиғадан соң, ұлт-азаттық күрес кезінде М.Кемал пашаның әрдайым жанынан табыла білген жақын достары Қазым Карабекир, Али Фуат (Джебесой), Рефет (Беле), Рауф (Орбай) және Аднан (Адывар) сынды атақты қолбасшылар мен тұлғалар «Тераккипервер Джумхурийет Фыркасы» (Ілгерішіл республикалық партия) атты жаңа партияның негізін қалады. Партияның төрағалығына Қазым Карабекир, ал бас хатшылығына Али Фуат паша тағайындалды. Бұрынғы «Бірлік және даму» партиясының кейбір өкілдерін де мүшелікке қабылдаған жаңа

партияның бағдарламасы «Жалпы ережелер» (1-13 баптар), «Ішкі саясат» (14-28 баптар), «Экономика» (29-39 баптар), «Абырой» (40-44 баптар), «Қаржы» (45-48 баптар), «Оқу-ағарту саясаты» (49-54 баптар) және «Әлеуметтік саясат» (55-58 баптар) деп аталатын бөлімдерден құралды. Бұл бағдарламада экономика және қаржы мәселе-леріне айрықша мән берілгені байқалды. «Жалпы ережелер» бөлімінің қысқаша мазмұны мынадай:

- 1-бап. Түркия Республикасы – халық билігіне сүйенетін мемлекет.
- 2-бап. Партияның қызметі еркіндік (либерализм) және халық билігі (демократия) принциптеріне негізделеді.
- 3-бап. Қабылданатын заңдарда халықтың мұқтаждықтары, мүдделері, бейімділіктері және заманның талаптары мен әділдік қағидалары ескеріледі.
- 4-бап. Партия жалпы еркіндікті қамтамасыз етуге барын салады.
- 5-бап. Негізгі заң ұлттың рұқсатынсыз өзгертілмейді.
- 6-бап. Партия азаматтардың діни сенімдері мен пікірлеріне құрметпен қарайды [299].

Бапарға қарағанда, жаңа партияның өкілдері халық билігіне және республикалық басқару жүйесіне арқа сүйейтінін, қоғамды жаңғыртатын өзгерістер мен реформалардың бірден емес, уақыт өте келе өздігінен орындалатынын алға тартты. Республикалық халық партиясына қарағанда едәуір еркін демократиялық көзқарасты ұстанатынын, яғни халықтың діни сенімі мен пікірлеріне құрметпен қарайтынын мәлімдеді. Сондай-ақ, Президенттің тарапсыз болу керектігін жақтайтын «Тераккипервер Джумхурийет Фыркасы» (Ілгерішіл республикалық партия) өкілдері оппозициясы жоқ жүйенің авторитарлыққа жетелейтінін, сол себепті либерал-демократиялық көзқарасты ұстанғанын жариялады. Олар халықтың қалың қолдауына ие Мұстафа Кемал пашаны өздеріне қарсылас етіп алмау үшін оның оппозицияға бейтарап оң көзбен қарауынан үміттенді [300].

1931 жылы кемализм идеологиясына негізделген Халықтық Республикалық партияның жаңа бағдарламасы қабылданды. «Кемализм» термині белгіленген ұстанымдар жүйесіне негізделген мемлекеттің идеологиясы ретінде сипатталды. Бұл қағидалар «алты оқ» деп те аталады және мемлекеттік саясаттың республикализм, лаицизм, ұлтшылдық, ұлт, этатизм және революция сияқты салаларынан тұрады [301]. 1937 жылы партиялық бағдарламаның бұл принциптері Конституцияның екінші бабында бекітілген, ол Түркия Республикасының негізгі Заңы деп аталады.

Түрік ұлтшылдығының кешеуілдеп барып қалыптасуын Ататүрік былай деп түсіндірді: «Біз ұлт идеясын ұрандауға немқұрайлы қарап, кеш қимылдаған ұлтпыз. Бұның зардаптарын аянбай тер төгу арқылы жоюға тиіспіз. Себебі, тарихи оқиғалар мен құбылыстар адамдар мен ұлттар арасында әрдайым ұлттың басым болғанын көрсетеді. Әсіресе, біздің ұлтымыз ұлттық болмысына жіті мән бермеудің салдарынан ауыр тауқыметті бастан өткізді. Осман мемлекетіндегі әр түрлі ұлттар мен қоғамдар өздерінің ұлттық сенімдерінен айрылмай, ұлтшылдық идеяларының күшімен өздерін аман сақтап қалды. Біз не болғанын, олардан бөлек және оларға жат ұлт екенімізді араларынан таяқпен қуылғанда ғана түсіндік. Күш-қуатымыз әлсіреп, дәрменіміз таусылар шақта бізді қорлап, абыройымызды аяқ асты етті. Сонда бар айыбымыз, ол өзімізді ұмытқанымыз екенін ұғындық» [302].

Ұлт-азаттық күрес басталғанда түрік ұлтшылдығы мен ұлттық билік принциптерін ұран еткен Мұстафа Кемал паша түрік қоғамын ыдыраудан құтқарып, «Құқық қорғау қозғалысының» (Müdafaa-i Hukuk Hareketi) ішіндегі жергілікті бытыраңқы күштердің өкілі саналатын оппозициялық ұйымдарды

конгрестер өткізу арқылы Түркия Ұлы ұлттық мәжілісінің құрамындағы «түрік ұлтына негізделген Отан» түсінігінің аясында біріктірді [303]. Қазір ел аумағында өмір сүріп жатқан ұлттымыз, міне осы түсінік бойынша бейбіт ғұмыр кешуде. Демек, ұлт-азаттық күрес біздің қоғамды үмбеттік сипаттан ұлттық сипатқа көшіру процесінде басты рөл атқарады. Яғни, Түркияда жаңаша сипатта ұлт негізін қалыптастыру міндетін Мұстафа Кемал Ататүрік атқарды. Ол аймақ-аймаққа бөлінуге тыйым салып, оның орнына түрік ұлтшылдық идеясын орнатты, түрік қоғамын ортақ мақсатқа жету жолында бірігуге үндеді. Оның басты мұраты «ұлттық билікке негізделген, тәуелсіз жаңа түрік мемлекетін құру» болды [304].

Мешрутийет кезеңіндегі идеологиялық ағымдардың басым көпшілігі Осман империясының мемлекеттік құрылысы ішінде түрік ұлтына тиісті дәрежеде мән берілмегенін алға тартты. Өйткені, ұлт идеясының қоғамдағы орнын қайта жандандыру және мемлекеттік саясатта қолдану процесін кеш жүзеге асырудан ұлттымыздың басына тиген ауыр зардаптар туралы сөз еткенде Ататүрік былай дейді: *«...әлемнің бізге құрмет көрсетуін қаласақ, ең алдымен өз болмысымызды өзіміз жан дүниемізбен, ой-санамызбен және іс-әрекетімізбен құрметтеуіміз керек. Ұлттық болмысын таба алмаған ұлттардың өзге ұлттың құрағында кететінін ұмытпайық»* [305]. Осы сөзі арқылы ұлттың өмір сүруі үшін ұлттық сананы нығайту және ұлт идеясын тиімді қолдану керектігін баса айтқан Ататүрік түрік ұлтшылдығын Түркия Республикасын құру мен оның салихалы мемлекеттік саясатын жүргізудің өзегі ретінде қабылдады. Осы арқылы қиын-қыстау кезеңдерді бастан өткерген түрік ұлтының өзіне деген сенімін қайта оятты.

Ұлттық тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейін түрік қоғамын «заманауи ұлттар» деңгейіне шығару үшін түбегейлі реформаларға көшкен Ататүрік түрік ұлтшылдығының негізін қалай отырып, түрік ұлтына заманауи ұлт сипатын беруге ұмтылды. Себебі, «өркениетті ел болу үшін қуатты ұлт болу қажет» еді [306]. Сол үшін Ататүріктің ұлтшылдық түсінігін дұрыс пайымдау үшін ең алдымен оның ұлт жайлы пікірлерін ой елегінен өткізу керек.



Ататүріктің әліппені латынға аустырғаннан кейінгі жұмыстарынан көрініс

Ататүрік ұлттың ғылыми тұрғыдан қазіргі заманға сай анықтамасын беру керектігіне меңзей отырып, мүмкіндігінше бар ұлттың талабына жауап беретін төмендегідей жалпы анықтамасын ұсынды: *«бай тарихи мұрасы бар, бірге өмір сүру жолында ортақ мақсат пен мүдде ұстанатын және қолдағы бар құндылықтары мен мұрасын қорғауға ерікті адамдардан құралған қоғам «ұлт» деп аталады. Осы анықтаманы мұқият зерделер болсақ, бір ұлтты құрайтын адамдардың өзара қарым-қатынастарының шынайылығы, ар-ождан бостандығы және адамгершілік сезімдері бірдей екені айқын көрінеді. Расында, өткеннен қалған ортақ жеңіс пен үмітсіздік, болашақта орындалатын ортақ бағдарламаға деген сенім мен үміт – барлығы дерлік бүгінгі азаматтық ой-санада басқа әр түрлі пікірлерден жоғары тұрады»* [307]. Сондай-ақ, Ататүрік түрік ұлтының қалыптасуында өзіндік ықпалы бар келесі табиғи факторларды да атап өтті. Олар, саяси болмыс ортақтығы, тіл ортақтығы, ел мен жер ортақтығы, нәсіл мен тек ортақтығы, туыстық ортақтық, мінез-құлық ортақтығы [308].

Айталған мәселелерден Ататүріктің ұлтты қалыптастыруда ұлттық

мәдениетке арқа сүйегені аңғарылады. Мәселен, ұлтты «тілі, мәдениеті және пікірі ортақ азаматтардан құралған саяси және әлеуметтік қоғам» деген Ататүрік «Түркия Республикасының негізін қалаған түрік халқын «түрік ұлты» деп атайды». Осы анықтама қазіргі заманғы саяси терминологияда қолданылатын «азаматтық» ұғымына негізделген ұлт түсінігін білдіреді. Ататүріктің ойынша, ұлттың ең қысқа анықтамасы мынадай: «ұлт – бір мәдениеттің өкілдері құраған қоғам» [309]. Шындығында белгілі бір ұлттың пайда болуы және тәуелсіздігі мен ұлттық болмысын қорғап, өміршеңдігін сақтап қалуы үшін ортақ «ұлттық мәдениетке» ие болуы шарт.

Ұлт өмірінде ұлттық мәдениеттің алатын орны мен маңызын жіте ұғынған Ататүрік «ұлттық мәдениеттің кейінгі дамуын Түркия Республикасының басты сүйеніші ретінде қамтамасыз етеміз» дей отырып, ұлттық мәдениеттің маңызының зор екенін көрсетті [310]. Расында да Ататүрік ұлттық мәдениеттің маңыздылығына сөз жүзінде емес, іс жүзінде де айрықша мән беріп, түрік мәдениетін зерттеу және байыту үшін тіл және тарих саласында ғылыми зерттеу мекемелерін құрып қана қоймай, факультеттер мен университеттердің ашылуына көңіл бөлді. Ол жүйелі түрде жүргізген мәдени саясаты арқылы Түркиядағы заманауи түрік ұлтын қалыптастыру процесіне жетекшілік етті.

Ататүрік жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып, ұлт принциптерін: «Бір ұлттың басқа ұлттарға қарағанда жаратылысынан бар немесе кейіннен пайда болған жеке сипатының болуы, басқа ұлттардан өзгеше болмысын қалыптастыруы, көбіне олардан бөлек және олармен қатарласа дамуға талпынуы «ұлт принципі» деп аталады. Осы принцип бойынша әр адам және әр ұлт өз жеріне өзі иелік етуін және өзгелердің өзі туралы жақсы ойлауын талап ету құқығы мен еркіне ие» деп түсіндірсе, түрік ұлтшылдығын «даму және ілгерілеу жолында һәм ұлттаралық байланыстарда барлық заманауи ұлттармен қатарласа, сондай-ақ үйлесе әрекет етумен қоса түрік қоғамының жеке сипаттары мен тәуелсіз болмысын сақтау» деп атайды [311].

Ататүрік жүргізген түбегейлі реформалары арқылы түрік қоғамын заманауи ұлттар деңгейіне шығарып қана қоймай, ұлтшылдықтың мән-мағынасын қазіргі заманға сай жаңаша сипатта айқындап, оны Түркия Республикасының негізгі принциптерінің біріне айналдырды. Осылайша ұлтшылдық түсінік тек қана наразылықтан туған ұлтшылдық емес, ақиқатқа және болашаққа бағытталған қазіргі заманға сай біріктіруші сипатқа ие болды. Ұлттық бірлік пен біртұтастық сезімі, бір ұлттың өкілдерін бір-біріне жақындатады. Онсыз да ұлттық бірлік пен біртұтастық әлемде ұлтшылдық қозғалысы кең тарағаннан кейін құрылған мемлекеттерде үлкен маңызға ие болды. Ұлт-азаттық күрес ұлттық шекараларды қорғаумен қатар, ұлттық бірлік пен біртұтастықты нығайтуға да бағытталды. «Ұлттық бірлік, ұлттық сезім, ұлттық мәдениет биік шыңдардан көргіміз келген асыл мұратымыз» деген Ататүрік түрік ұлтының бірлігін күшейтетін рухани құралды мәдени ұлтшылдықтан тапты [312]. Бұл туралы ол былай деді: «Балаларымыз бен жастарымызға қандай деңгейде білім алса да, бірінші кезекте және барлық нәрседен бұрын Түркияның тәуелсіздігіне, болмысына және ұлттық әдет-ғұрыптарына қиянат жасайтын күллі күштерге қарсы соғысу керектігін үйретуге тиіспіз». Жер бетінде ұлттаралық жағдайдан туындаған соғыстың талап ететін рухани құндылықтарынан (яғни, ұлттық болмысы мен мәдениетінен) жұрдай адамдардың және осындай адамдардан құралған қоғамның өмір сүруі және тәуелсіздікке қол жеткізуі мүмкін емес» [313]. Ваннан және Диярбакырдан Тракияға, Кара теңізден Жерорта теңізіне дейін созылған отанымыздың түкпір-түкпіріндегі ұландарымызды әрдайым «бір асыл тастың бөліктері» ретінде бағалаған Ататүрік халықты нәсілге, мәһабқа және тапқы бөлуге тырысқан адамдарға қарсы шығып,

ұлттық бірлік пен біртұтастықтың түбіне балта шапқысы келгендерді жаудың қолшоқпарына айналған санасыздардан басқа ешкімге де өз ықпалын тигізе алмайтынын баса айтты [314]. Ұлтымызды іштей бөлуге бағытталған барлық ұмтылыстардың бос әурешілік екенін тілге тиек еткен Ататүрік «Түрік ұлты өзінің және мемлекеттің ең жоғарғы мүдделеріне қарсы тұрғысы келген отансыз және ұлтсыз, азғын санасыздардың құпия әрі былық іс-әрекеттерін түсінбейтіндей қоғам емес» дей келе, Түркияға қатысты ойналып жатқан ойынды былайша сипаттады: *«Бүгінгі түрік ұлтының саяси және әлеуметтік қоғамында азғын топтардың күрдік, черкездік, тіпті лаздық және босниялық идеяларды насихаттауы нәтижесінде бөлінуге бет бұрған азаматтар мен қандастарымыз бар. Бірақ, өткеннің азапты кезеңдерінің жемісі саналатын мұндай қате түсініктер базбір жауларымыздың құралына айналған тұлғалар мен санасыздардан басқа ұлтымыздың ешбір пендесіне өзіндік ықпалын тигізе алмайды. Өйткені, осы ұлттың ұландары да жалпы түрік қоғамы секілді ортақ тарихқа, мінез-құлыққа және заңға ие»* [315]. Сондықтан, Ататүріктің халық бірлігін қолдайтын ұлтшылдық түсінігі түрік ұлтын нәсілдік, мәзһабтық және таптық шиеленістер арқылы бөлуге тырысқан адамдарға қарсы ең қуатты қорғаныс құралы болып табылады.

Ататүрік түрік қоғамын құрайтын шаруа, жұмысшы, кәсіпкер, қолөнерші, өндіруші, саудагер секілді әр түрлі кәсіп иелері мен қызметкерлердің бір ұлттық қоғамның жекелеген элементтері ретінде әлеуметтік теңдік қағидаларына сай бір-бірімен ынтымағы жараса өмір сүру керектігін және олардың арасында туындауы мүмкін түсініспеушіліктердің ұлт мүддесі негізге алына отырып, шешілу қажеттігін білдірді [316]. Оның ұлтшылдық түсінігі де, халықшылдық түсінігі де әлеуметтік теңдік пен қауіпсіздікті сақтауға, қоғамның экономикалық тұрғыдан әлсіз топтарын қорғауға және қолдауға, табыс бөлінісін әділ жүргізуге айрықша маңыз беріп қана қоймай, таптық күреске қарсы шығады. Ататүрік ұлт-азаттық күрестің алғашқы күндерінен бастап өзінің халықшылдық түсінігінің таптық шиеленіске негізделген коммунизм идеясымен еш қатысы жоқ екенін баса мәлімдеді. Ататүріктің пікірінше, түрік қоғамы мүдделері бір-біріне қарама-қайшы таптардан емес, керісінше бір-біріне мұқтаж және үйлесімді өмір сүретін әр түрлі жұмысшы топтарынан құралуға тиіс. Осы тұрғыдан қарағанда, Ататүріктің халықшылдық принцибі мен үшінші Француз республикасының басты идеялогиясына айналған «ынтымақтастық» (solidarisme) түсінігі арасында жақын ұқсастықтардың бар екенін аңғаруға болады. Дурхеймнен Зия Гөкалп арқылы түрік қоғамына енген ынтымақтастық түсінігі заманауи қоғамдағы таптық шиеленістің міндетті еместігін және жеке тұлғалар мен топтардың қоғамға өз үлесін қосу арқылы әлеуметтік теңдікті сақтай алатынын алға тартады [317].

Ататүріктің ұлтшылдық түсінігінің негізгі ерекшеліктерінің бірі – оның шынайылығы. Түрік ұлтының болмысы мен өмірлік мүдделерін «панисламизм», «пантуранизм» немесе федеральдық империя секілді терең қиялдарға пида етудің қажетсіз екенін ұлт-азаттық күрестің бас кездерінде-ақ айтып өткен Ататүрік мынадай пікір білдірді: *«Біз ұлы қиялдардың жетегінде жүріп, қолдан келмейтін нәрсені істей алатындай көрінетін көзбояушы адамдардың қатарынан емеспіз. Мырзалар!.. Ұлы һәм қияли нәрселерді істей алатындай көріну нәтижесінде бар әлемнің дұшпандық, өшпенділік және сыни көзқарасын осы мемлекет мен ұлттың басына төндірдік. Біз панисламизді жасамадық. Бәлкім, жасап жатырмыз, жасаймыз дедік. Дұшпандарымыз да жасатпау үшін қолдан келгенін аянбады. Пантуранизмді жасамадық. Жасап жатырмыз, жасаймыз дедік. Дұшпандарымыз тағы да бұған тосқауыл қоюмен әлек болды!.. Біз осындай жасамаған және*

жасай алмайтын қиялдардың ізінен қуу арқылы дұшпандарымыздың саны мен қысымын арттырып алғаннан гөрі табиғи мүмкіншіліктеріміз бен заңды шегімізді ескерейік, оларға қайта оралайық. Мырзалар!.. Біз өмір мен тәуелсіздікті қалайтын ұлтпыз. Тек қана осы үшін жанымызды беруге дайынбыз» [318]. Тығырықтан шығарар шынайы һәм саналы жолдың негізі шекарасы анық белгіленген ұлттық мемлекетті құру екенін пайымдаған Ататүріктің осы әрекеті, әлбетте, ұлттық шекарамыздан тыс жатқан өзге түркі халықтарын ескерусіз қалдырады деген мағынаға келмейді. Бұл жайында Ататүрік былай дейді: «Түрік ұлты ұлт-азаттық күрес басталғалы бері, тіпті осы күреске кіріспей жатып-ақ, жәбір көрген ұлттардың бостандық пен тәуелсіздік жолындағы даулы істеріне араласып, оларға көмектесуді қалады. Сондықтан, оның түбі бір өзге түркі халықтарының бостандық пен тәуелсіздік жолындағы күресіне немқұрайды қарамайтыны анық. Десек те, ұлт дауын жоспарсыз және санасыз шешілетін дау ретінде қабылдау және қорғау дұрыс емес... Мұнда міндетті түрде қолдағы бар мүмкіншіліктердің шегі мен ретін ескеру қажет. Түркиядан тыс мемлекеттерде өмір сүріп жатқан түркілер ең алдымен мәдени мәселелермен айналысу керек»

«Онсыз да бүгінде түрік ұлтына қатысты мәселені қарастырып отырмыз. Ұлы түрік тарихына, түрік тілінің шығу тегіне, бай диалектілеріне және көне түрік шығармаларына маңыз берудеміз. Тіпті, Байкалдың арғы жағын мекендеген саха түркілерінің тілі мен мәдениетін де назарымыздан тыс қалдырмаймыз» [319] Осы мәлімдемесінен де айқын байқалғандай, Ататүрік өзге түркі халықтарына қатысты мәселелерге мәдени мәселе деп қарады. Отанына қауіп төндірместен өзге түркі халықтарының да әр түрлі проблемаларына бейғамдық танытпаған Ататүрік Түркияның әрдайым қол ұшын беруге әзір тұру керектігін алға тартты.

Ататүріктің ұлтшылдық түсінігі отан ұғымымен де тығыз байланысты. Осыған байланысты Ататүріктің мына сөздері халықтың ұлттық болмысын игерудегі сөздері мысал бола алады: «Мырзалар, отандастарымыздың және ауылдастарымыздың әрқайсысы өз ойын өзі меңгеруге, еркін және дербес өмір сүруге құқылы. Бұған ешкім араласа алмайды. Бірақ, Түркия Ұлы ұлттық мәжілісі үкіметінің ұстанған орнықты оң саясаты бар. Бұл, мырзалар ұлттық шекарамыздың ішінде тұтас еліміздің өмірі мен болашағы үшін тиімді жағдай жасау болып табылады» [320]. Нәтижеде, ұлт-азаттық күрес арқылы шекарасы белгіленген Түркияның жерлері түрік ұлтының отаны ретінде қабылданды. 1921 және 1924 жылдарда шығарылған Ата Заңдарда бұл мемлекет «Түркия» деп аталды. Осылайша, түрік ұлтшылдығы принципін ашықтығы мен күш-қуаты ұлттық отан ұғымымен бірлесуі нәтижесінде нығайды.

Ұлтшылдық мәселесіне барынша байыппен қараған Ататүріктің ұлтшылдығы өзімшіл ұлтшылдық емес. Оның ұлтшылдық түсінігінде түрік ұлтының мүддесі бәрінен де жоғары тұрғанымен, басқа ұлттарға да еркін өмір сүру құқығы беріледі. Бұл жайында Ататүрік былай дейді: «Расында, бізді ұлтын қадірлейтін халық деп атайды. Бізбен байланысы бар өзге ұлттарға құрмет көрсетеміз және оларды мойындаймыз. Олардың ұлттық мұқтаждықтары мен талаптарын құрметтейміз. Біздің ұлттық мүддеміз тәкаппарлық пен менмендікке негізделген емес» [321]. Сондықтан, «...Ұлт тағдырына қауіп төнбейінше соғысу ол қылмыс болып есептеледі» деп есептеген Ататүріктің ұлтшылдық түсінігі бейбітшілікті көксейді [322]. Осы орайда, жау әскеріне мойын сұнуға әзір, қорқақ, әлемдік ақиқаттан бейхабар және қиялға берілген пессимистердің әрекеті мен Ататүріктің бейбітшілік түсінігі арасында үлкен айырмашылық бар екенін бірден айта кеткен жөн. Өкінішке орай, әлі күнге дейін ұлттаралық қатынастарда мықтының әлсізге, биліктің әділдікке күш көрсеткен заманның беті аластамай тұр. Бұл шындықты көрмеу мүмкін емес. Сол себептен,

Ататүрік бейбіт өмірді сақтау үшін ұлттық күш пен әскери дайындыққа қажеттілік туындайтынын жіте түсініп, осы жолда тиісті іс-шаралар атқарады.

Бірінші дүниежүзілік соғыстағы жеңіліс және Осман мемлекетінің күйреуі салдарынан құрылған елдің идеологиясы Түркия Республикасының шеңберінде өрбіді. «Османшылдық», тұтастай алғанда, мәнін жоғалтты, бірақ «исламшылдық» пен «түрікшілдік» қозғалыстары елдің болашағына нұқсан кетіруі ықтимал деген пікір қалыптасты. «Түрікшілдік» сыртқы саясаттағы фактор ретінде өзінің бұрынғы ықпалын тоқтатты, өйткені жаңа Түркия бұдан былай оны өз мақсаттары үшін пайдалануға ұмтылмады. Оған Ресей империясының орнына келген большевиктік үкімет мұрша бермеді. Мұстафа Кемал «тураншылдықты» «зиянды ұғым» деп жариялады және неміс тарихшысы Лотар Крекер «Екінші дүниежүзілік соғыстағы Германия және Түркия» атты еңбегінде «Ататүрік ұлтшылдығы Түркия шекараларында аяқталды» деп нақты атап өткен [323].

Кемализм идеологиясы елдің барлық салаларын қамтыды, әсіресе саясат, әкімшілік аппарат, экономика, әлеуметтік және мәдени өмір. Бірқатар құрылыстар еуропалық державалардан алынды, бірақ барлығы жергілікті түрік санасына ұйқаспады. Мұндай әрекеттер бұрын-соңды бірнеше рет қолданылған, бірақ олар тек билікте ғана емес, адамдардың санасында да үстемдік ететін ислам дінінің ережелеріне қайшы келгендіктен сәтсіздікке ұшырады. Халифаттың өзі, исламдық теократиялық мемлекет жүйесі ретінде, елдегі ең жақсысы болғанын, трансформация мен прогрестің тежегіші екенін айтқан. Мұстафа Кемаль мұны жақсы түсінді, сондықтан Түркиядағы модернизацияны республиканың жариялануы мен діни жүйенің реформаларынан бастады. Кемализмнің идеялық мәні туралы көптеген ережелерді Ресейден эмиграцияға ұшыраған түркі зиялалары, журналист әрі кейінгі жылдары парламент мүшесі Ахмед Ағаоғлу және татар жазушысы, тарихшы Юсуф Акшора дайындаған, оны кеңестік дипломат С.И. Аралов «Ататүрікке соңына дейін адал қызмет еткен патриот» деп бағалаған [324].

1920-30 жылдардағы қайта құру кезеңінде лаицизм Түркияны модернизациялаудың алғашқы қадамдарының біріне айналды. Елде болып жатқан барлық өзгерістерді діни жүйені реформасыз жүзеге асыру мүмкін емес еді. Халифат пен шарифат заңы жойылып, Түркия Республикасы зайырлы мемлекет сипатына иеленді. Саяси билік, заңнама, әлеуметтік-экономикалық сала және білім беру жүйесі исламдық араласудан босатылды. Дегенмен бұл реформа өте үстірт қабылданып, түрік халқының терең менталитетіне әсер ете алмады. Ұлт ұстанымы түрік қоғамының бірлігі мен ондағы ұлттаралық ынтымақты, күрестің болмауын, сонымен қатар оның өкілі ретінде халық пен парламенттің егемендігін, қоғамдағы революциялық қайта құрулардың алдын-алуды жариялады. Ататүрік Батыс идеялары мен демократиялық көзқарастардың түрік халқының өмір шындығымен сәйкестенуіне үміттенді. Түркиядағы ұлт принципі қоғамның әлеуметтік құрылымындағы ешқандай түбегейлі өзгерістерді білдірмейді [325]. Осыған орай, Мұстафа Кемал Ататүрік ұлттық қағидағары мен Түркияның сыртқы саясаты, 1920 жылдың 24 сәуірінде Парламент сессиясында сөйлеген сөзінде қалыптасты. Оның «Осман мемлекетінің ұлттық саясаты белгісіз және тұрақсыз» деген пайымдары, Түркияның жаңа саясат ұстануға тиіс екендігін білдіріп, ұлттық саясаттың біріктіруші факторының алғышарттарында «анықтық және негізделген», «халықшыл және ұлттық» талаптарға сай болуы тиіс еді [326]. Оның «түрікшілдік» идеясынан бас тартуы мен мемлекеттің ішіндегі жаңа құрылымның құрылуы аясындағы Түркиядағы ұлттық бірегейлікті қалыптастырудағы тарихқа негіз салған

сөздері түрік ұлтының рухын көтерген. Атап айтқанда: «Түріктердің беделі, абыройы мен таланты өте жоғары. Тұтқынға түскенше мұндай ұлттың күйрегені жақсы. Тарихта «түркілікті» зерттеп, түркі өркениетімен тарихтың бірізді тізбегінде анықталатындығымыз орынды. Бірақ бұл мақтануға лайық болу үшін бүгін жұмыс істеу керек» деген ойлары түркі халықтарының ынтымақтастығын меңзегені іспетті еді [327]. Сондықтан, кемализмнің алты тармағының ішінде ұлтшылдық ерекше орын алады, ол модернизация саясатының жаңа, негізгі бөлігі болып табылды. Түркиядағы «түркілік» термині ұлттың өзіндік ерекшелігімен тығыз байланысты болды. Жас түріктер үкіметі тұсында барлық түркі халықтарды этникалық, мәдени және тілдік компонент негізінде біріктіруге бағыт алып, «түрікшілдік» идеялары үстем болса, кемалистік «ұлтшылдық» пен жас түріктердің «түрікшілдік» және Германия мен Италияның фашизмінен өзіндік ерекшелігі бар, «түрік ұлтының» тарихқа үніліп біртектілікті меңзеді. Осыған орай татар ғалымы Р.Ф. Мұхаметдинов, Ататүрік үшін түрік ұлтшылдығы мен ұлттың біртұтастығын нығайтатын элементтер қатарына ұлттық тәрбие, ұлттық мәдениет, тілдің, тарих пен мәдениеттің бірлігі, түрік болмысы, рухани құндылықтар болды деп санайды [328].

Жаңа түрік мемлекетінің негізін қалаған Мустафа Кемал Ататүрік Республика құрылғаннан кейін қоғамды заманауи өркениеттер қатарына жеткізу үшін түбегейлі реформалар жасауға кірісті. Саяси, әлеуметтік, білім беру және құқық салаларында жүзеге асырылған аталмыш өзгерістерден соң Ататүрік 1930 жылдан бастап мәдени мәселелерді де қолға ала бастады. Жаңа мемлекеттің идеологиясына сәйкес «ұлттық



Ататүрік және І-ші Түрік тарихы конгресінен үзінді сүрет

тіл» және «ұлттық тарих» тақырыптарындағы зерттеу жұмыстарына баса назар аударылып, осы шаралар арқылы қоғам арасында «ұлттық сананы» қалыптастырыла бастады. Өткен кезеңдерде Осман мемлекеті дәуірінде әртүрлі тарихи пікірлер қалыптасқан еді және жалпылай алғанда ислам тарихына негізделген түсінік те болған еді. 1839 жылы Танзимат дәуірі жарияланғаннан кейін медреселерден тыс өзге оқу орындарында ислам тарихымен қатар Осман тарихы да оқытыла бастады. Ал 1908 жылы Мешрутиет дәуірінен бастап көбінесе ұлт пікірі төңірегінде түрік тарихы пікірі туындады. Бұл жағдай Республика дәуіріне дейін жалғасты. Бірінші дүнижүзілік соғыстан кейін құлаған Осман мемлекетінің орнына «ұлт үстемдігі» негізіне сүйенген жаңа Түрік мемлекетінде үмбет түсінігінің орнына ұлт пікірі қалыптасты. Сол себептен, дін тарихының орнына «ұлттық тарих» көзқарасы алдыңғы қатарға шығарылды.

Ататүрік тарапынан жасалған реформалардың орнығуы және осы жаңа түсінікке сай жаңа нәсілдің өсіп өркендеуі үшін ұлттық білім беру саласындағы еңбектері тіл және тарих саласында да өз жалғасын тауып отырғандығын көруге болады. Халыққа жасаған Жолдауынан кейін Ататүрік түрік тарихын зерттеу ісін жүйелі түрде қолға алды. Оның аталмыш тақырыпты қолға алғандығын Афет Инан былайша түсіндіреді: «1928 жылы Ататүрік Стамбулда орналасқан Notre Dame de

Sion атты француз мектебіне барған кезінде француз тілінде жазылған бір кітап оқиды. Кітапта «Түрік нәсілінің» сары нәсіл тобына жататындығы, екінші сатыдағы халық ретінде қарастырылғандығы және батыстықтардың түсінігінше «жабайы» әрі көшіп қонып жүретіндігі айтылған. Осы пікірге қарсы М.К. Ататүрік: «*Жоқ, былай болмайды. Біз бұл тақырып тәңірегінде жұмыс істейік. Сен бар қайрат жігеріңді аяма*» деген еді. Сонымен қатар «*Түріктер бір қауым ретінде Анадолы жерінде империя құра алмайды. Мұның басқаша түсініктемесі болуға тиіс. Тарих ғылымы осы мәселені түбегейлі зерттеуі тиіс*» деп өз ойын айтқан еді [329]. Бұл істің бастамасы ретінде түріктерді кемсітетін және теріс пікір қалыптастырып келген батыстық тарихшылардың пікірлерінен құралған тарихи еңбектерге қарсы жоспарлы түрде шаралар атқарыла бастаған. Бірінші кезекте, Түркияның көне халқының негізін қалаған кімдер еді? Түркияда алғашқы өркениетті кім және қалайша құрған, әрі осы өркениеттің ерекшелігі неде? Түріктердің әлем тарихы мен өркениетіндегі орны және сіңірген қызметтері қандай дәрежеде еді? Түріктердің Анадолы жерінде бір ру елден мемлекет құруы мүмкін емес болса, онда бұл процестің шынайы түсініктемесі қалай болады? Ислам тарихында ерекше мәнге ие Түрік халқының ислам тарихындағы рөлі қандай? деген сұрақтарға жауап беру үшін шынайы тарихты ғылыми тұрғыдан зерттеу қажет деп білді. Ол, тарих саласының ажырамас ғылым салалары болып табылатын археология мен филилогия ғылымдарынан да пайдалану керектігін ұғынды. Жүргізілген тыңғылықты зерттеу жұмыстарының нәтижесінде Ататүрік белгілеген тарихи мәселелеріне оралып, Анадолы түріктері мен Түркістан түркілерінің арасындағы ортақ тарихи үдерістердің бар екендігі үнемі айтып жүрді. Ол былай тарихи мәселелерді былай сипаттады: «*Өркениеттің бесігі әрі пайда болған жері - Орта Азия жері. Ақ нәсілді халықтың алғашқы атамекені - Орта Азия жері. Түріктер ақ нәсілді топқа жатады және атамекендері - Орта Азия. Алғаш өркениет жаратқан халық - түрік халқы. Өте ерте кезеңдерде Орта Азияда ұзақ уақытқа созылған алапат құрғақшылық салдарынан аталмыш өркениет ыдырап, оның негізін құраушы халық түріктер Үндістанға, Қытай жеріне, Месопатамияға, Анадолы жеріне, Кавказияға және әлемнің әр түкпіріне көшіп кеткен. Көшіқон барысында өздері қол жеткізген өркениеттің үлгілерін барған жерлеріне өздерімен бірге ала барып, жергілікті халықтарға үйреткен. Осылайша түріктер тарапынан өркениет үлгілері әлемге тараған... Анадолының ең алғашқы жергілікті халқы болып табылатын Хититтер Орта Азиядан келген біздің ата-бабаларымыз болатын*» [330].

Түрік тарихы негіздемесі жайында әртүрлі пікірлер мен жорамалдардың орын алғандығы белгілі. Бұлардың бірі ретінде Ататүріктің аталмыш негіздемелерді кейбір саяси топтарға қарсы қорғаныс құралы ретінде қолданғандығы және бұл әрекеттерін жүзеге асыру барысында ұдайы ғылыми әдістемелерге сүйенгендігі туралы пікірді айтуға болады [331]. Тағы бір көзқарас Бернард Левис тарапынан айтылған еді. Б.Левис өз сөзінде: «*Бұлардың барлығын диктатордың ұстанған біржақты ұстанымы ретінде бағалап, сөз жарыстыру өте үлкен қателік болар еді. Ататүрік тек қана осы біржақты ұстанымға байланысты немесе тек бір ұлттың мәртебесін көтеру секілді жеке мүддеге мойынсұнатын адам емес. Аталмыш доктринаның туындау себептерінің бірі ретінде соңғы бірнеше ғасырда айтарлықтай дәрежеде түгесілген ұлттық сана-сезімнің оянуынан туындаған бір қажеттілік деп айта аламыз*» [332]. Доктринаға шектен асқан ұлтшылдық сипат берушілер Ататүріктің түрік ұлтына сенім мен мәртебе сыйлау мақсатында айтылған сөздері деген пікір де айтқан еді. Сонымен қатар, 1918 жылғы Мондрос келісімінен кейін Антанта мемлекеттерінің жер телімін сұрауларына қарсылық ретінде де рөл ойнаған еді. Түрік тарихын исламнан бұрынғы кезеңдерге

жетелеп, Осман мемлекетінің мәнін жою әрекетін жаңа құрылған мемлекеттің орнығуы тұрғысынан қалыпты жағдай ретінде бағалауға болады.

Барлық осы секілді іс-шараларды қадағалайтын бір мекемеге деген қажеттілік сезілді. Осы мақсатта 1930 жылдың сәуір айында шақырылған Түрік қауымдастықтарының VI-шы құрылтайында Ататүріктің қалауымен төрағасы болып Тевфик Быйықлыоглы тағайындалған «Түрік тарихы кеңесі құрылды». 1931 жылы 15 сәуірде кейіннен «Түрік тарихы қоғамы» деген атау алған «Түрік тарихын зерттеу қауымдастығы» бой көтерді. Қауымдастықтың мақсаты түрік тарихын ғылыми тұрғыдан қайта зерттеу және жаңадан жазып шығу еді [333]. Осы мақсатта атқарылған іс шаралардың нәтижесінде тарих доктринасына сай түрде «Түрік тарихының негізгі жолдары» атты кітап баспаға дайындалды. Кітапта түрік ұлтты мен тарихы көне дәуірлерден бастап Республика кезеңіне дейінгі аралықты қамтыған еді. Кітаптың мақсаты «ғасырлар бойы орынсыз сынға ұшырап, алғашқы өркениеттің құрылуындағы сіңірген ерен еңбектері бағаланбаған Түрік ұлтына тарихи шындықтарға арқа сүйейтін мәртебелі өткенін еске салу» [334]. Ресми тарих доктринасы дайындалатын жаңа дәріс кітаптарына енгізіліп, өскелең ұрпаққа тарих шындықтары осылайша жеткізілетін болып бекітілді. Түрік тарихы доктринасы қабылданғаннан кейін пікірталастар туғызу мақсатында ғылыми конгрестер ұйымдастырылды. Осы шара аясында тарих мамандары мен тарих оқытушылары қатысқан алғашқы Түрік тарихының конгресі 1932 жылы сәуір айында өткізілді. Анкарада Халкеви ғимаратында жиналған конгрестің мақсаты түрік тарихы доктринасымен таныстыру және бұны оқу кітаптарына енгізу болып табылатын. Жалпы айтқанда, ғылыми негізге сүйенген түрік тарихы доктринасы арқылы жаңа мемлекеттің идеологиясына сәйкес түрік ұлтшылдығын қалыптастыру еді. Басқаша сөзбен айтқанда, жаңа сипаттағы тарихи түсініктің ел азаматының елін сүйетін патриот болып қалыптасуында рөлі ерекше еді. Мектеп табалдырығында жүрген кезінің өзінде тарих саласына аса мән беріп өскен Ататүрік әсіресе түрік тарихына ерекше көңіл бөлген. Жаңа «ұлттық болмыс» пен «ұлттық сананы» жаңғырту мақсатында атқарылған шаралар Осман мемлекетінің қоғамдық құрылымынан заманауи әрі ұлттық қоғам құру идеясымен де ұштасып жатты. Әрине, бұлардың барлығы ғылыми әдістемелер арқылы жүзеге асырылуы тиіс. Бұны Ататүрік *«Тарих жазу ісі тарихты жарату ісімен тең бағаланатын игі шара. Жазушы тарихты жаратушыға жүгініп, сыймен қараса, өзгермейтін ақиқат адамзатты таң қалдыратын мәнге ие болады»* деп түсіндірген еді [335].

4 «ҚЫЗЫЛ ИМПЕРИЯ» ТҰСЫНДА ТҮРКІ-МҰСЫЛМАН ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ТАҒДЫРЫ

4.1 «Басмашы» қозғалысының ұлт-азаттық соғыспен байланыстырылуы

Ресей империясының тұтас территориясына Кеңес өкіметінің орнауы ұлт-азаттық соғысқа ұласты. Кеңестік тарих ғылымында «басмашы» деп аталған Түркістандағы кеңестік-ресейлік үстемдігіне қарсы бағытталған соғыс оның элементтерінің біріне айналды. Бұл соғыс 1920-1930 жылдары бүкіл аймақты толқытты. Түркістанның экономикалық, әлеуметтік және саяси өмірінің ерекшеліктері кеңестік тарихшыларды, тіпті пайда болған марксистік және лениндік тұжырымдама аясында да, осы аумаққа мұқият қарауға мәжбүр етті.

Кеңестік билікке қарсы әрекеттерді зерттеуді осы соғыстарға өздері тікелей қатысқандар құрастырды. Саясаткер Г.И. Сафаровтың, әскери сарапшылар П.Т. Алексеенковтың және Ф.Илютконның 1920 жылдардың аяғы мен 1930 жылдардың басында жарияланған және қаралып отырған мәселеге арналған еңбектері басмашылық мәселесінде кеңестік көзқарастың қалыптасуына негіз болды. 1940 жылға қарай бұл қозғалысты кеңестік ғалымдар *«эксплуатациялық таптардың қозғалысы»*, *«буржуазиялық ұлтшылдардың қозғалысы»*, *«кең әлеуметтік базадан айырылған және шетелдік қолдауларға сүйенгендер»* деп айыпталып, бұл қозғалыс тек қарумен ғана емес, сонымен бірге үгіт-насихаттық жұмыстар мен реформалардың көмегімен жеңіліске ұшырады деген тұжырымдар жасалды [336]. Түркістандағы ұлт-азаттық соғысының басталуы мен кеңеюіне, басмашылық әрекетінің ұйымдастырудағы және басқарудағы халықаралық, ең алдымен ағылшындардың ықпалы жайлы мәселелерді А.М. Аминов пен А.Х. Бабаходжаев зерттеді. Қосымша деректерге сүйене отырып, авторлар өз жұмыстарында Ұлыбританияның сыртқы саясатындағы бірқатар негізгі аспектілері туралы жаңа түсінік берген [337]. А.В. Станишевскийдің (Ниало Азиз) және П.П. Никишовтың басмашылық қозғалысқа қатысты тарихи зерттеулері үлкен қызығушылық тудырады [338]. Авторлар қазіргі Қырғызстан территориясында 1917 жылдан бастап 20-жылдардың ортасына дейін басмашылық қозғалыстың дамуын байқауға тырысқан. Зерттеушілер Ш.Ташлиев

пен М.Языкова Түрікменстандағы басмашылықтың қалыптасуы мен даму кезеңдерін зерттеген [339]. Н.Тимофеев пен М.Ахинжановтың «Қазақ КСР» атты еңбегінде басмашылықтың Қазақстандағы азаматтық соғыс шеңберінде зерттеді. Авторлар басмашылық пен ақгвардияшыл қозғалысының арасындағы байланысты атап, Англия мен Францияның ықпалын зерттеуге ден қойған [340].

1950-шы жылдардың екінші жартысында жергілікті және орталық мұрағаттардағы мәліметтер біртіндеп ғылыми айналымға ене бастады, бұл дереккөздер базасын кеңейтуге және зерттеулерді фактологиямен байытуға мүмкіндік берді. Сонымен қатар, басмашылыққа қарсы соғысқан, бірақ сталиндік жеке басқа табыну кезінде «ұмытылған» кейбір әскери қайраткерлердің есімдері толықтырылып жазылды. Орта Азиядағы басмашылық проблемаларына байланысты зерттеулер 1960-1970-ші жылдары М.Иркаевтың есімімен еске түседі. Ол бұл қозғалыстың жаппай қамтығанын тілге тиек ете отырып, мәселенің кеңестік тарихнаманың дамуы шеңберінде қаламға алған [341]. М.Иркаевтың кітабында басмашылық қозғалысының пайда болуының ішкі және сыртқы жағдайларын, оның әлеуметтік базасының сипаттамаларын және ұлттық экономиканы қалпына келтіру басталған сәтте елеулі себептерін анықтаған. Автор басмашылықтың әлеуметтік негізін «феодалдар, дінбасылар, шенеуніктер, байлар және жаңа пайда болған буржуазиялық элементтер» құрастырғанын атап өткен. Зерттеушілер Ю.А. Поляков және А. И. Чугунов Орта Азиядағы басмашы қозғалысын зерттеуге айтарлықтай үлес қосты. «Басмашылықтың соңы» еңбегінде авторлар Орта Азияда 1917-1931 жылдар аралығында басмашылықтың пайда болуы мен даму сатыларын, яғни Тәжік және Өзбек КСР-дегі Ибрахим-бек басшылығымен ірі басмашы отрядтарының түпкілікті жойылуына дейін мәселелерді қозғаған [342].

XX ғасырдың 70-ші жылдардың аяғы мен 80-жылдардың басында Ауғанстандағы саяси жағдайдың өзгеруіне байланысты басмашылық қозғалысының даму тарихы зерттеушілердің ерекше қызығушылығын тудырды. Б.В.Лунин және Е.Ю.Юсупов сияқты авторлар өз еңбектерінде 1920-1930 жылдардағы Орта Азиялық басмашылықты 1980 жылдардағы Ауғанстандағы можахидтер қозғалысымен салыстыра отырып, бірқатар тарихи салыстыруларды жүргізді [343]. Жалпы, кеңестік кезеңнің тарихнамасы айқын идеологиялық сипатта болып, маңызды мұрағат құжаттарының құпиялығы, мемлекеттік цензура, әлеуметтік пәндер саласындағы зерттеулерге деген коммунистік идеологияның үстемдігі, басмашылық тарихына арналған жұмыстардың объективтілік тұрғысынан жазуға мүмкіндік бермеді. Басмашылық қозғалысында түркі-мұсылман халықтарының ұлттық сипаты мүлде қамтылмаған, олардың қарсылықтарының рұхы жоққа шығарылып, өзара байланыстары мен ынтымақтастығы көлеңкеде қала берген. Кеңес тарихнамашыларының пікірінше, басмашылық қозғалысы халыққа қарсы сипатта өрбіді, ал Түркістан Компартиясы Орта Азиядағы барлық халықтардың ерік-жігерін білдіретін жалғыз саяси күш ретінде бағаланды. Бұл ұстаным Түркістандағы бірлікті аңсататын рухани күшті жоюға негізделгінін анық көруге болады. Посткеңестік кезеңдегі отандық авторлардың Түркістандағы басмашылық проблемаларына арналған тарихи зерттеулері айтарлықтай көп емес. Қазіргі ғалымдарының көпшілігі басмашы қозғалысының тарихына әлі де мән бермей келе жатыр. Ю.В. Ганковский, мәселен басмашылықтың шынайы тарихы әлі жазылмағанын, Ибрагим-бек пен Энвер Пашаны қоспағанда, басмашы қозғалысы жетекшілерінің есімдері мен орны толыққандылықты талап етеді деген ой қозғаған.

Ендігі жерде басмашылықтың түп негізін оның бір әрекет немесе қозғалыс

деңгейінде қарастырған жөн бе, әлде Түркістанның түркі-мұсылман халықтарының жаңа келбет алған Ресей империясының отаршылдық саясатына қарсы бағытталған ұлт-азаттық соғыс деңгейінде қарастырған дұрыс па деген сауал туындайды. Бұл сұрақтарға жауап табу үшін бірқатар мұрағат құжаттардың денін зерттеген абзал. Сондықтан монографияның бұл бөлімінде басмашылықтың түп негіздері, барысы және жаншылуы жаңа мұрағаттық құжаттар негізінде қарастырылып, оған мүмкіндігінше объективті баға беруге талпыныс жасалады.

Бірінші кезекте, Түркістандағы большевиктердің ресми және бейресми саясатына көз тіккен дұрыс. Ташкенттегі Кеңес өкіметі Петроградта большевиктердің жеңісінен бірнеше күн өткен соң орнады. 1917 жылы 28 қазанда Түркістан өлкесінің Халық Комиссарлар Кеңесі Уақытша Үкіметтің облыстық комиссарларын қызметінен аластатты, оның орнына облыстық халық комиссарларының кеңестері сайланды. Сол жылдың 15-22 қараша аралығында Ташкентте жұмысшылар, әскерлер және шаруалар депутаттарының ІІІ-ші аймақтық съезі өтті. Съез жұмысындағы маңызды және өзекті мәселелердің бірі, ол аймақтық билікті ұйымдастыру мәселесі айналасында өрбіді. Оны талқылау барысында конгресс делегаттары екі негізгі топқа бөлінді. Негізінен, Біріккен социал-демократтар ұсынған бірінші топ үкімет құрамына әскерлер, жұмысшылар және шаруа депутаттары кеңесінің, қалалық билік пен мұсылмандардың өкілдері кіруі керек деп есептеді. Сонымен бірге, большевиктер мен социалистік-революциялық-максималистер кіретін екінші топ, аймақтық билік Ресейдегі Кеңес үкіметінің үлгісінде құрылуы керек деп дәлелдеуге тырысты. Түркістанды түркі-мұсылмандар мен Уақытша үкіметті қолдаған өкілдерінсіз большевиктерден, солшыл социалистік революционерлерден құрылған халықтық комиссарлар кеңесі басқаруы тиіс деді. Нәтижесінде, құрылтай аймақтың жаңа жоғарғы органын, яғни Халық Комиссарлар Кеңесін сайлады. ХКК-ін құру кезінде жергілікті түркі-мұсылман халықтарының өкілдерін басшылық лауазымдық қызметтерге жақындатпау туралы шешім қабылданды. Съезд бұл шешімді *«мұсылмандардың жоғары аймақтық революциялық билік органдарына қатысуы жергілікті тұрғындардың сарбаздар, жұмысшылар мен шаруа депутаттарының билігіне деген пікірінің толық анық еместігімен және жергілікті халық арасында пролетарлық таптық ұйымдардың жоқтығымен байланысты»* деп түсіндірді [344]. Мұндай шешім аймақтың байырғы тұрғындарының жағымсыз реакциясын тудыруы мүмкін екенін түсініп, съез делегаттары бұл мәселеге қатысты қарарында: *«халықтың кең бөлігі белсенді жұмысынан аластатылмайды, өйткені әр халықтың өмір тіршілігі есептеліп, басына өз комиссарлары тағайындалады»* делінген, яғни комиссарлар құзыретіне берілген аймақта тыныштықты бақылап отырады, баскөтерулер мен халықтың құлық-мінезін зерттеп, басшылыққа ақпарат беріп отырады және дер кезінде алдын алады деген мағынаны білдіреді бұл қарар.



Түркістан революциясы және Түркістан Мухтарияты

Дегенмен, мұндай түсініктеме ұлттық зиялы қауымның және жергілікті халықтың сауатты бөлігінің қабылдануы екіталай еді. Съездің шешімі бірқатар ұлттық партиялар мен мұсылман қоғамдық ұйымдарының жиналыстары мен съездерінде жаңа большевиктік үкіметтің мойындалмайтынын жария етті. Нәтижесінде ұлттық мәселе Түркістанда ең өзекті мәселелердің біріне айналды және бұл мәселе кейінгі оқиғалар көрсеткендей, басмашылық қозғалысының қалыптасуы мен белсенділігін анықтады. Осыған байланысты Бүкілресейлік ОАК-нің және РСФСР Халық Комиссарлар Кеңесінің Орта Азия және Батыс Сібір бойынша 1917 жылғы қараша мен 1918 жылдың ақпан айларында Төтенше комиссары болған П.А. Кобозев, содан кейін Түркістан КФР-нің ОАК-нің бірінші төрағасы өзінің естеліктерінде Түркістан мұсылмандары съезінің делегаттары мухтарият жөніндегі пікірлерін былай айқындады: «Орыс және мұсылман бауырларымыздың арасында қақтығыс жаратуымыз келмейді, біз бірінші және соңғы сөзімізді айтамыз: біздің ұлттық істерімізге араласпау, өз тағдырымызды жүзеге асыруға кедергі жасамау... Өзіңіз (большевиктер – М.Э.) Шығыс халықтарына жасаған уәделеріңіз бен ұрандарыңызда қаншалықты шынайы басшылық ете алатындығыңызға сенімді болуымыз қажет» [345]. Осылайша, аймақта ресми қос билік пайда болды. Большевиктер билікті пролетариат диктатурасы деп түсінген және әскерге сүйенген жағдайда, «автономиялық қозғалыс жетекшілері талап етіп отырған бейбіт демократиялық үдерістер арқылы ұлттық өзін-өзі басқару мәселесін шешу мүмкіндіктері іс жүзінде күшін жойды».

1918 жылы қаңтарда Түркістан Мухтарияты үкіметі Ташкенттен Кеңес өкіметін мойындау туралы ультиматум алды, бірақ оны қабылдаудан бас тартты. Өзін-өзі жариялаған Түркістан Мухтариятын жою үшін К.П. Осиповтың басшылығымен әскерлер мен артиллериямен 11 пойыз Мәскеуден Ташкентке келді. Жазалаушылар құрамына қарулы армяндық дашнак бөлімдері де кірді. Жазалау шараларының нәтижесінде ондаған мың бейбіт тұрғын қаза тапты. Армяндық

дашнактар ерекше қатыгездікпен өздерінің әрекеттерін көрсетті [346]. 1918-1919 жылдар аралығында Түркістанның көптеген аймақтарында большевиктік биліктің басым бөлігі армяндық дашнактардың қол астында болды. Түркістандағы экономикалық дағдарыс пен ашаршылық қаупі жағдайында армяндардан құрылған қызыл әскер бөлімшелері түркі-мұсылман халықтарына қарсы күрес деген сылтаумен ауылдарға реквизиция немесе тонау мақсатында шабуыл жасады. Түркістанда орнаған революциялық диктатура армяндық дашнактардың мүлік жинауға мүмкіндік берді, олар түркі-мұсылман шаруаларының қолындағы соңғы нанына дейін тартып алып отырды. Елді шарпыған экономикадағы дағдарыс тікелей зорлық-зомбылық жасауға мүмкіндік жаратты. Түркі-мұсылман халықтарының кедейленуі армяндық дашнактардың мал мен азық-түліктерді, тіпті үй шарушылығына пайдаланылатын көрпе мен киім-кешектерді зорлықпен тәркілеулеріне жағдай жасады. Қызыл әскердің қажеттіліктері үшін тартып алынған жылқылар армяндық дашнактардың пайдасына жаралды. Қызыл әскердің армян әскерлері таратылған қару-жарақ пен оқ-дәрілердің өзін пайда көзі деп сатып отырды [347].

Бір қызығы, Түркістандағы түркі-мұсылман халықтарына қарсы жасалған қатыгездік саясатын армяндық дашнактар қозғалыс орталығы болған Оңтүстік Кавказда да ұқсас әрекеттерін қатарынан жүргізді. Онда, Баку кеңесін немесе Баку коммунасын басқарған жергілікті большевиктермен бірлесе отырып, армяндық дашнактар Әзірбайжанның түркі-мұсылман халқы мен оның ұлттық партиясы «Мұсаватқа» қарсы шықты. 1918 жылдың наурыз-сәуір айларында Баку коммуна большевиктік отрядтарының 6 мың әскері мен 4 мың қарулы армяндық дашнактар жергілікті түркі-мұсылмандарды қырғынға ұшыратты. Баку Кеңесінің басшысы, большевик С.Г. Шаумян осы жағдайды мойындап былай жазды: *«Біздің қарулы күштеріміз болды, шамамен 6000 адам. «Дашнакцутюнның» 3-4 мың әскері біздің бұйрығымызға тәуелді еді. Соңғылардың қатысуы азаматтық соғыстың бір бөлігін ұлттық қырғынға айналдырды, оған жол бермеу мүмкін болмады. Біз бұл әрекетті саналы түрде әдейі жасадық. Мұсылман кедейлері қатты зардап шекті...Сандарға қарағанда: Әзірбайжанның 20 мың мұсылман тұрғыны өлтірілді. Жоғарыда айтылғандарды қосатын болсақ, Баку коммунасының большевиктер бөлігін армяндар 70 %, ал орыстар 30 % қырып тастады»* [348]. Сондықтан, Түркістандағы армяндық дашнактардың белсенділігі, олардың Кавказдағы мұндастарының және партиядағы мүшелерінің түркі-мұсылманға қарсы саясатын қолдануы, түсінікті болуы керек. 1918 жылдың басында 150 революционер әскер, олардың 60-ы армяндар, Қоқан қаласындағы большевиктердің төрағасы армяндық Сааков бастаған, пулеметпен және артиллериямен қаруланған, «басмашылық» ұлт-азаттық қозғалыстың көсемі қорбасы Ергештің туған ауылы Башқырға келіп, оны тұтастай өртеп жіберді. Жол бойында армяндық дашнактар мен қызыл әскер бірліктері *«жазықсыз, дәрменсіз егіншілерді атып, әйелдер мен қыздарды қорлап, үй заттарын тонап кеттіп отырған. Кезінде Сааков Түркістандағы кеңестік жетекші болған және Қоқан қаласында өткен Ферғана облысы Кеңестерінің бірінде төрағалығын жасаған адам»* [349].



Большевиктік әскери бірліктермен қосылған «Дашнакцутюн» армяндық әскерлер

1918 жылы маусымда армяндық дашнактар Ош қаласын қоршады, сол жылдың желтоқсан айында олар Ферғана алқабының солтүстік бөлігіндегі Жалалабад маңына шабуыл жасады. 1918 жылы желтоқсанда Ханул-Абар ауылында армяндық дашнактардың бір тобы барлық мұсылман әйелдерін қастандықпен ұрлап, оларды Әндіжан бекінісіне олжа ретінде алып келді. Әндіжаннан 1918 жылдың аяғында Түркістан Халық Комиссарлар Кеңесіне жасырылған есепте Дашнакцутюнның Кеңес үкіметі мен түркі-мұсылман халықтары арасындағы қақтығыстардың туындауына себепкер болғандығы, ал қаладағы «ұлттық» саясатқа жауап беретін армяндық жетекшінің шарап, кинотеатр және бірнеше үйі бар бай адам болғандығы жазылған [350]. Армяндық дашнактар ондаған ауылдарды қиратып, түркі-мұсылмандардың ызасының артуына ықпал етті. 1919 жылы ақпанда Әндіжан қаласына өздері ұйымдастырған шабуылдарды армяндық дашнактар, ескі қаланың түркі-мұсылман тұрғындарын айыптады. Бір апта ішінде түркі-мұсылман тұрғындарының үйлерінде тонаулар, кісі өлтіру және зорлау әрекеттерімен бірге тінту жүргізілді. Дашнактар ескі қаладан жас қыздарды арбалармен Әндіжан бекінісіне тасыды. Өздерінің қатыгездігін дәлелдей отырып, армяндық дашнактар Ферғанадағы барлық мұсылмандарды өлтірсе де, 1915 жылы Осман мемлекетінде өлтірілген армяндардың санына жетпейді деген сылтаулар айтып отырған [351].

Сол сәтте армяндық дашнак отрядының 170 қарулы әскері Қоқан қаласына шабуыл жасаған, бірақ ол жерде қаруланған түркі-мұсылман халықтары төтеп беріп, бәрін қырып тастаған. Осы үшін армяндық дашнактар Қоқан қаласын өртеп, жергілікті тұрғындарды қырғынға ұшыратты. Түркі-мұсылман халықтары арасында болған шайқастан кейін тағы бір армяндық дашнак тобы Оңтүстік Қазақстанның Созақ мекенін басып алып, ондағы барлық тұрғындарды атып өлтірді. Қызыл әскердің үшінші армян бірліктері Базар-Қорған маңындағы түркі-мұсылман халықтарымен шайқасқа кіріп, шегінуге мәжбүр болды. 20 күннің ішінде осы аймақтағы барлық ауылдарға шабуыл жасалды, онда жасына қарамастан барлық ер

түркі-мұсылмандар өлтірілді. Тірі қалғандар өлілерді жерледі, бірақ армяндық дашнактар қайтадан оралып, қалған адамдарды, тіпті жаңа қабірлерде дұға еткендерді өлтірді [352].

Өзбекстандық тарихшы Ш.Саламов (Барлас) бұрын сонды жарияланған материалдар мен мұрағат құжаттарды салыстырып, былай дейді: «*Өзбек тарихшысы Ш.А. Шамағдиевтің хабарлауынша, сол жылдары жергілікті интеллигенция шығарған мұрағат құжаттары мен «Ұлық Түркістан» газетінің мақалаларынан дашнактар 1918-1919 жылдар аралығында жергілікті тұрғындарды жойып қана қоймай, Ферғана аңғарындағы барлық қалаларды және 180 елді мекенді тонап, жойды. Бір ғана Қоқанда үш күн ішінде 10 мың адам, Марғыланда 7 мың адам, Әндіжанда 6 мың, Наманганда 2 мың адам, Базарқорған мен Қоқан арасында 4,5 мың бейбіт тұрғын қырғынға ұшыраған. Сондай-ақ, жергілікті тұрғындар толығымен жойылып кеткен ауылдардағы құрбан болғандар туралы хабарланады. К.К. Раджабовтың хабарлауынша, мұрағаттық құжаттармен расталған ескі Ош қаласының 2 мың жергілікті тұрғыны қырылып, балалардың денелері бөлшектелген. Шуст қаласында 1,5 мың бейбіт тұрғын пышаққа ілінген*». Өзбекстанның Ұлттық энциклопедиясында жарияланған алдын-ала есептеулерге сәйкес, үш айдың ішінде Ферғана алқабында дашнактар 35 мың бейбіт тұрғынды, оның ішінде әйелдер, қарттар мен балаларды өлтірді. Мұрағат деректері бойынша және сол жылдардағы куәгерлердің айтуы бойынша ашаршылық пен соғыс салдарынан қаза болғандардың саны миллионнан асты. Он жылда 1 миллион 700 мың жергілікті тұрғын қырғынға ұшырады [353]. Ферғана алқабының бейбіт тұрғындарын армяндық дашнактар тарапынан өлтірілген қатыгез әрекеті бүкіл Түркістан тұрғындарының наразылығын тудырды.

Большевиктік экспансия тұтастай Түркістанда миллиондаған адамдардың өліміне себеп болды. Оның айтарлықтай еншісі армян ұлттық шовинистеріне тиесілі. 1918-1933 жылдар аралығында армяндық дашнактар Түркістанның түркі-мұсылман халықтарына қарсы «қызыл террор» ұйымдастырды. Бейбіт адамдар өлтірілді, жергілікті байырғы түркі-мұсылман халқы қырылды, бұл терроризм әдісімен этникалық тазарту болып табылатынына дау жоқ. Большевиктер армяндық дашнактардың Түркістан мен Кавказдың бейбіт тұрғындарына қарсы терроризм жасату үшін қолдануы кездейсоқ емес. Большевиктер армян факторын ішкі және сыртқы саясатында қолданған патшалық Ресейдің дәстүрін жалғастырды. Түркістан мен Кавказда большевиктердің басты мақсаты армяндар үшін «бүлікшіл» бөліктердің алдын алу, яғни оларды қызметі «бағынбайтын халықты бағынышты» ету болды. Кеңес өкіметі армяндық дашнактардың сенімді және қатыгез «күзетші иттер» іспетті болатынын білді, олар ешқашан қандай да бір себептермен жергілікті түркі-мұсылмандармен бірлесіп кетпейтініне сенімді еді.

Осылайша, большевиктер армяндық дашнактарды пайдаланып, Түркістандағы түркі-мұсылман халықтарын қырғынға ұшыратып отырды. Армяндық дашнактардың большевиктердің бұл саяси ұстанымдарында орын алуының себебін, Осман мемлекетінде түріктерге деген жеккөрушілігінен іздеген жөн деген ой қалыптасады. Армяндық дашнактардың өздері мойындағандай Түркістандағы түркі-мұсылман халықтары Анадолыдағы түріктермен біртектес болғандықтан, осындай қырғынды жасаған. Дегенмен, орыстық империалистік саясаттың Түркістандағы түркі-мұсылман халықтарын өзіне тәуелді етудің әдіс-тәсілдерінде, бір жағынан қатігездіктің қаны тамшыласа, екінші жағынан «большевиктер армяндық қырғын мен жергілікті феодалдардың саясатынан» өздерін «құтқаршылар» ретінде көрсетіп, қара-байыр халықтың арасында беделін

арттыруды көздеген деген тұжырым жасауға негіз бар.

Қалай болғанда да большевиктердің мұндай саясаты жергілікті түркі-мұсылман халықтарын озбырлыққа қарсы қарумен аттануға түрткі болды. Бұл қарсылық Түркістан Мухтарияты большевиктер тарапынан мойындалмағаннан кейін күшіне енді. Оның қарулы қарсылығы Қоқан қаласынан бастау алып, тұтас Түркістанды қамтыды. Ұлт-азаттық соғысқа Түркістан өңірінің барлық түркі-мұсылман халықтары аттанды. Осы сәттен бастап, большевиктердің ресми қысымы, ашық соғыстық әдіс-тәсілге айналды. Ендігі жерде Түркістан Мухтариятандағы түркі-мұсылман халықтары өзін-өзі қорғады, ұлттық мемлекеттілігін құрудағы талпыныстарын түбімен жоюға кіріскен большевиктердің озбырлығына қарсылық білдірген ұстанымын қалай «басмашылық» деп атауға болады деген сауал туындайды. Осы сауалға жауап іздеу мақсатында 1918-1921 жылдардағы, сонан соң 1922-1939 жылдардағы түркі-мұсылман халықтарының саяси және мәдени өмірі сарапталып, тарихи үдерісі сараланды.

Большевиктер мен армяндық дашнактар тарапынан жасалған «қанды қырғын» саясатынан кейін жеңіліске ұшырағаннан Түркістан Мухтариятының өкілдері ұлт-азаттық қозғалысқа аттанып, бұл қозғалыстың алғашқы маңызды ошақтары пайда болды. Түркістан Коммунистік партиясының ОАК-нің жауапты хатшысы И.Сольтс мұны 1921 жылы 25 мамырда Түркістан Республикасы «Известия» газетінде жариялаған «Басмашылыққа қарсы күрес» атты мақаласында тікелей көрсетті. Ол, *«сегіз күндік шайқастарда «Қоқан автономиясы үшін» 1918 жылы қаңтарда «басмашы қозғалысы» орыс билігіне қарсы бағытталған жалпыұлттық қозғалыс ретінде дүниеге келді»* деп жазды. Сонымен қатар мақала авторы «басмашы қозғалысының» ауқымы мен адам саны жағынан көбеюінің себептерін ашық түрде айқындаған. Оның пікірінше, «Қоқан оқиғалары» іс жүзінде қаруланбаған түркі-мұсылман халықтары үшін қырғын алаңына айналды. Осы қырғынның әсерінен жұмысшы түркі-мұсылмандары ұзақ уақытқа ұлттық ызамен, жауға деген өкпелерінің күшімен *«жүздеген, тіпті мыңдаған адамдарды қашып кетулеріне, Ергеештің «бандасымен» Ресейдің билігі қол жетпейтін жерлерге шегінуге тура келді»* деген шындықты ортаға салды [354]. Бұл пікірді Түркістан майданы штабының барлау бөлімінің бастығы, әскери қолбасшы Ипполитов толықтай қолдады. Ол «Түркістан Республикасындағы 1920 жылдан бастап 1923 жылға дейінгі «басмашы қозғалысы туралы» жазбасында *«Қоқан автономиясының күйреу сәтінен пайда болған Ферғана басмашылығы өсіп, жетілді»* деп атап көрсеткен [355].

«Басмашылық қозғалыстың» одан әрі өрістеп, жаппай сипат алуына әсер еткен қосымша күшті фактор «Бұқарадағы Колесовский жорығы» деп аталатын шытырман оқиға болды. 1785 жылы пайда болған Бұхара әмірлігі 1868 жылы Ресей империясына тәуелділікке түсіп, оның протектораты атанды. Түркістанда Кеңес өкіметі орнағаннан кейін РСФСР Халық Комиссарлар Кеңесі Бұхараның тәуелсіздігін мойындап, Ресейдің протектораты туралы келісімді жойды. Бұхараның өзінде, сол кезге дейін, жәдидтік идеялары негізінде қалыптасқан және «Жас бұхаралықтар» деп аталатын саяси қозғалыс белсенділігімен танылды. Бұхара әмірін реформалар жүргізуге көндірудің сәтсіз әрекеттерінен кейін Бұхара жастары қарулы көтерілістің көмегімен мақсатына жетуді көздеді және Ташкенттегі Кеңес үкіметінен қолдау сұрады. 1918 жылы наурызда Түркістанның большевиктік басшылығы Бұхара әмірлігі тұрғындарының оған наразылық көңіл-күйін жоғары екендігіне сеніп, әмірдің билігін құлату үшін Бұхараға қарсы жорыққа аттанды. Алайда, бұл «жабайы» П.А.Кобозев оны өз естеліктерінде атап өткендей, сол кездегі Түркістан халық

комиссариатының кеңесін басқарған Ф.И. Колесовтың басшылығымен болған науқаны сәтсіз аяқталды [356].

Осы оқиғаларға белсенді қатысушы және қызыл әскердің ірі әскери жетекшісі И.Куц өзінің естеліктерінде: *«Сейид Әлімханмен соғысу біздің мүддеміз емес еді. Түркістан Республикасы қазірдің өзінде қансырап тұрған болатын. Бұхара экспедициясы үшін тек мыңға жуық әскер анықталды. Бұл Түркістанның түкпір-түкпірінен жиналған қарулы отрядтар еді»* [357]. Әскери сәтсіздіктерден басқа, Колесовский науқаны жаңа үкіметтің қалыптасуы мен қызметіндегі тағы бір өте жағымсыз құбылыстың айқын көрінісі болды. Қызыл гвардия бөлімдерінің Бұхара мен оның айналасында пайда болуы салдарынан жаппай тонау, қарақшылық және бейбіт тұрғындарды өлтірумен қатар жүрді. Большевиктердің «қырғын» саясатына әділ объективті баға берген Ташкент қаласында басылған «Біздің газетімізде» (Наша газета) берілген. Ол 1918 жылғы 28 сәуірдегі санында былай деп жазды: *«Түрікменстан Республикасы ХКК-нің сол кездегі төрағасы Колесов жүргізген науқан Бұхараның саясатына қатты әсер етті және Ресейге деген көзқарасты түбегейлі өзгертті. Науқан сәтсіз аяқталды және өз мақсатына жете алмады, ал тәртіпсіз отрядтар тонап кеткен Бұхара халқын, Түркістан Республикасымен соғысуды талап етіп, ызаландырды»* [358]. Өз кезегінде П.А. Кобозев өзінің естеліктерінде *«Қызыл гвардия отрядтары Қоқан мен Бұхараға жасаған жорықтарынан кейін тонаған ақша, сиыр, жылқы және басқа заттармен оралды. Қызыл әскерлер ресми түрде тонаған заттарының бір бөлігін қазынаға және большевиктік үкіметке тапсырды, қалған біршама бөлігін өздерінің пайдасына алды. Нәтижесінде, жергілікті тұрғындар арасында өсіп келе жатқан наразылық сезімі қарулы қарсылыққа айнала бастады»* деп большевиктердің шынайы бет пердесін ашып берді. Ферғанадағы қызыл әскер тобының қолбасшысы М.Сафонов кейінірек бұл тақырыпқа байланысты былай жазды: *«Ұрланған және зорланған, ұрып-соққандардың туыстары да тоналды, осының бәрі әдеттегідей қанды кек алушыларға айналды, өйткені кеңестік әскерлері алды артына қарамай Түркістанның халықтарын қырып, қан құстырды, сөйтіп олар (түркі-мұсылмандар – М.Э.) басмашыларға қосылды»* [359].



«Басмашы» ұлт-азаттық бірлігі

1919 жылдан бастап Түркістандағы «басмашылық қозғалысының» белсенді бағыттарының бірі Ферғана алқабы болды. 1918 жылдың аяғында большевиктерге қарсы 40-қа жуық көтерілісшілер тобы пайда болды, оларда 7 мыңнан астам жауынгер саны бар еді. Ірі бөлімшелермен әскери қақтығыстардың алдын алып, «басмашылар» ауылдар мен шағын қалаларға шабуыл жасады, Кеңес үкіметінің өкілдерін өлтірді, кішігірім әскери гарнизондарды жойып, көбінесе таулы жерлерде немесе құмдарда орналасқан алыс аудандарға тығылды [360]. Бұл жағдайда Кеңес өкіметі «партизандық ұлт-азаттық» қозғалысқа қарсы күрестің дәстүрлі әдістерін қолдана отырып, мәселені шешуге тырысты: олар салықты көбейтіп, бүкіл ауылдарды қиратты. 1922 жылы Түркістан ХКК-нің төрағасы Қ.Атабаев «басмашыларға» қарсы күрестің барысын талдап, былай мәлімдеді: «Біз бір кездері «басмашыларды» қару мен қылышпен жоюды ойладық. Осы мақсатта «халықтың барлығы» үлкен және кіші ауылдар аяусыз жойылды, нәтижесінде халық Кеңес үкіметінен алыстап кетті. Жалпы Ферғана қаласын жаулап алу мәселесі бізге жол ашпады. Халық бізге жау болып қалды» [361]. Осылайша, қуғын-сүргіннің күшеюі түркі-мұсылман халықтарын одан сайын күшейтіп, бірлікке жетеледі. Большевиктерге қарсы күрес өрістеді және «басмашы» атанған ұлттық күрескерлердің саны күн өткен сайын артып, саны 8-10 мың адамға жетті.

1921-1933 жылдары «басмашы» қозғалысын дәйекті түрде Исмаил Энвер Паша, Жұнайт хан, Сәлім паша, Ибрахим Бек, Дұрды Мұрт және басқа да кішігірім жетекшілер басқарды. Ибрахим Бектің әрекеті 1920 жылдардың басында Түркістанда Османлы мемлекетінің кезіндегі қолбасшысы түрікшілдік қозғалысының көрнекті идеологтарының бірі Энвер Пашаның атымен тығыз байланысты еді. «Басмашы» қозғалысына қосылмастан бұрын, Энвер Паша Кеңес үкіметімен бірлесіп, большевизм мен исламның бірігу идеясын белсенді түрде алға тартты. 1921 жылы Бұхараға кеңес елшісі ретінде келген Энвер Паша және оны ертіп жүрген бір топ түрік офицерлері «басмашы» ұлт-азаттық қозғалыстың жетекшілерімен қосылып, сол кездегі билігінен айрылған Бұхара әмірімен байланыстар орнатты.



Энвер Паша, 1919 жыл

«Басмашы» ұлт-азаттық қозғалысы жетекшілерінің бірі ретінде Энвер Паша 1922 жылы бірқатар жетістіктерге жетті, ол кезде әмір Сейіт Әлімхан оны Бұхара мен Хиуадағы әскерлерінің қолбасшысы ретінде тағайындады. Содан кейін Энвер Паша басқарған ұлттық әскер бірліктері Душанбені, содан кейін Түркістанның шығыс бөлігін өзіне қаратты. Энвер Паша большевиктермен келіссөздер жүргізуден бас тартып, қызыл әскерлердің Түркістаннан толық шығарылуын талап етті.

Түркістандағы «басмашы» ұлт-азаттық қозғалысын тұншықтыру мақсатында ГПУ-ОГПУ-ның қызметі шексіз болды. Олардың берген мәліметтеріне қарағанда «басмашы» қозғалысын төмендегі хронологиялық шеңбер негізінде зерделеуге болады:

1 кезең: 1922-1926 жылдар аралығында ГПУ-ОГПУ-ның әскерлері және

Түркістан майданының әскерлерімен бірігіп, «басмашы» әскери бірліктерін жоюға қатысу;

2 кезең: 1926-1933 жылдар аралығында Түркістандағы әскери округінің аз санды әскерлерін тарта отырып, ОГПУ әскерлерімен «басмашы бандаларының» қалдықтарын жою [362].

Бірінші кезеңде «басмашы» отрядтары, әсіресе Ферғана алқабы мен Алай мен Арцин аңғарларының биік тауларында, Сырдария және Самарканд облыстарында, Шығыс Бұхара, Хиуа, Қаракұм, Красноводский ауданы, Нарын өзені мен Солтүстік Қазақстанда белсенділігін танытты. Большевик әскер бірліктерінің қолы жетпейтін таулар мен шөлдерге шегініп, «басмашылар» халық тығыз қоныстанған жерлерге ат жорықтарын ұйымдастырды, кеңес функциялерлері мен большевиктер үкіметінің жақтастарын өлтірді, жергілікті халықпен жұмыс жасады. Көтерілісшілер партизандық тактикаға жүгініп, тұрақты большевиктік әскерлердің үлкен бөліктерімен қақтығыстарды болдырмай, кішігірім немесе қорғалмаған елді мекендерде орналасқан қызыл әскерлерге кенеттен шабуыл жасауды жөн көрді, содан кейін тез шегінуге тырысты [363].

Оған қарсы ГПУ-ОГПУ әскерлерінің жеке құрамы мынадай қызметтік-жауынгерлік міндеттерді орындады:

- қызыл әскерлер мен ұлттық құрылымдармен бірлескен арнайы операцияларды жүргізу барысында ірі «басмашы» бірліктерін жоюға қатысу;
- кешенді чекистік-әскери операциялар жүргізу;
- маңызды мемлекеттік мекемелер мен темір жол құрылыстарын күзету;
- жергілікті халыққа социалистік құрылыс іс-шараларын өткізуде және егін жинауға көмек көрсету;
- кеңестік биліктің мақсаттары мен міндеттері туралы жергілікті халық арасында партиялық-саяси және үгіт-насихаттық жұмыстарын жүргізу;
- мектептер мен колхоздарға тиісті коммунистік қолдау көрсету.

1920 жылға қарай Түркістан майданында 3 атқыш және 4 кавалериялық дивизия, Орынбор, Орал және Ақтөбе аудандарының бөліктері, сондай-ақ ұсақ жасақтары, жылпы 36 мың адамға дейін қамтыды. Түркістан майданында барлығы тұтас 114 мың әскер «басмашы» қозғалысына қарсы жұмылдырылды [364]. Осыған сәйкес 1922 жылы 1 ақпанда РКП (б)-ның ОК-нің Саяси Бюросы «Бұхара мәселесі туралы» арнайы қарар қабылдады. Оны В.Куйбышев, И.Сталин, Ф.Хожаев, Г.Чичериннен тұратын комиссия дайындады. Қаулы РСФСР партияларының, Бұхара және Хорезм халықтық республикаларының партия ұйымдары арасындағы байланысты нығайтуға, «басмашыларға» қарсы қызыл әскер бірліктерін біріктіруге, Бұқараның территориясын «революциялық элементтерден» жылдам түрде тазартуға арналған жергілікті халық арасында саяси жұмыстарды күшейтуге бағытталды [365].



М.В. Фрунзе және «басмашы» қозғалысына қарсы біріктірілген қызыл әскерлер

1922 жылы 20 сәуірде Бүкілодақтық Коммунистік партиясы ОК-нің Саяси бюросы Түркістан майданындағы жағдайды күн тәртібіне қойып, аймақтағы қозғалыс әрекеттерімен танысу үшін Г.К.Орджоникидзені жіберуге шешім қабылдады. Сондай-ақ, Саяси Бюро «басмашы» қозғалысын толығымен жойылғанға дейін Түркістанда әскери жағдайды енгізу туралы шешім қабылдады. Жағдай 1922 жылы көктемде Бұхара республикасының әскери комиссары Абдулахай Арифовты Энвер Паша өзінің орынбасары етіп тағайындаған кезде өзгере түсті [366]. 1922 жылдың наурыз айының аяғында және сәуір айының басында Энвер Пашаның қарамағына қосымша кәсіби әскерлерден 300 ер адам және екі керуен қару-жарақ келді. Оған мылтық пен оқ-дәрілерден басқа, алты зеңбірек жеткізілді [367]. Осындай көмек ала отырып, Энвер Паша кеңестік билікке қауіп төндіре бастады. 1922 жылдың 19 мамырында ол Кеңес үкіметіне хат жолдап, онда ультиматум түрінде қызыл әскердің әскери бөлімдерін Хиуа, Бұхара және Түркістаннан шығаруды талап етті, әйтпесе ашық соғысқа аттанатынын тілге тиек етті. Хатта Энвер Паша өзін ресми түрде Хиуа, Бұхара және Түркістан әскерлерінің қолбасшысы деп танытты [368]. Жағдайды ескере отырып, Кеңес қолбасшылығы арнайы Бұхара әскерлер тобын құрды. Өз кезегінде осы топқа басшылық еткен Н.Какурин мен П.Павловтың қолында 8000-ға жуық қарулы адам және 20 мылтық болған.

Орыс революционері, ВЧК-ны алғашқы басқарушылардың бірі Я.Петерс пен РСФСР командирі С.Каменев Энвер Пашаға қарсы операцияларды жүргізу үшін Бұхараға жіберілді. Олар Шығыс Бұхараға «көмек жоспарын жасаймыз» деген сылтаумен, Бұхарада жеке атқыштар бригадасын құрды. Осы мақсатта



Сол жақта чекист Я.Петерс

Алматыда ГПУ әскерлерінің 84-ші жеке атқыштар дивизиясы құрылды [369]. 1922 жылы 15 маусымда Бұхара күштер тобының бөлімшелері Бұхара қызыл әскер бірліктері мен ерікті жасақтар және халықтық милициямен бірге шабуылға шықты. А.Чугунов пен Ю.Поляковтың айтуынша, 1-ші бөлік Түркістан кавалериялық бригадасы, 8-ші кавалериялық бригада және 11-ші кавалерия дивизиясы күштер тобында белсенділік танытты.

Түркістандағы «басмашылық» қозғалысының кең өріс алуы мен бұл қарсылыққа төтеп беру мақсатында большевиктік биліктің оны бастыру үшін қыруар әскер бірліктерін жолдауы, бұл қозғалыстың Ресей империясына қаншалықты қауіп төндіргенін көрсетеді. 1922 жылдың 15-18 тамыз күндері аралығында өткен халық өкілдерінің III-ші Бүкілбұхаралық Құрылтайы Энвер Пашаға қарсы күрестің қорытындысын жария етті. Бұхара Кеңестерінің Съезі Қызыл Армияның халықаралық миссиясын ерекше атап өтіп, «Ресейдің қызыл әскерлері, – делінген конгресстің резолюциясында, Бұхараға жеке басының қамын ойлау үшін емес, керісінше, Бұхара Халықтық Совет республикасын өз территориясын босатып, халықты қазіргі «басмашы» қозғалысынан азат ету үндеуімен келді» деп ұрандатты [370].

Энвер Пашаның жеңілісінен кейін Түркістанның көптеген аймақтарында «басмашы» қозғалысы 1930-шы, кейде 1950-шы жылдарға дейін жалғасын тапты деген тұжырым жасауға болады. Бұл туралы мәліметтер, *«басмашы бандаларының қалдықтарына қарсы операциялар жүргізу кезінде әскерлер белгілі бір қиындықтарға тап болғандығы»* жайлы агентуралық деректерден аңғарылады. Мәселен, Ресей мемлекеттік әскери мұрағатындағы мәліметтеріне сәйкес, 1922 жылдың мамыр айының ортасына таман Түркістанда 26061 «басмашы» әлі большевиктік билікті мойындамай, қызыл әскерлерге қарсылық білдіріп отырған [371]. 1923 жылы 15 сәуірде Түркістанның Революциялық Әскери Кеңесі мен ГПУ № 823/215 бірлескен бұйрығына революциялық әскери белсенді Е.Склянский мен ВЧК-ны құрушылардың бірі И.Уншлихт қол қойып, шағын бандаларға қарсы күресті ГПУ әскерлеріне беру, полиция және «бандитизмге» қарсы күреске далалық әскерлерді тарту тәртібі туралы жоспар дайындады [372]. Бұйрықта Бұхара, Самарқанд және Ферғана облыстарында, Хорезм республикасында және басқа да бірқатар аудандарда Түркістан майданында «бандитизмді» жою үшін қызыл әскер мен ГПУ әскери бөлімдерінің бірлескен операциялары сәтті жүргізілгені атап өтілді.

Қайткен күнде де, «басмашы» ұғымы бүгінде өзектілігін жоғалтқан жоқ. Керісінше, оның семантикасы кеңейуде. Орыстық тарихнамада «қарулы бандиттер» мен «қаракшылар» деп сипатталған «басмашы» қозғалысы стихиялық және біртұтас болмағанымен, оның негізінде империалистік саясатқа қарсылық жатты. Қолында

кару-жарақ ұстағандардың дерлік барлығы большевизмге және қызыл әскерге қарсы соғысқандар қатарына жатқызылып, «феодалдық бай элитасының» және «реакцияшыл дінбасылардың» ұсақ әрекеті деген тұжырым жасалды. Большевиктердің үгіт-насихаттық күші жәдидшіл топтың «жаңадан пайда болған ұлттық буржуазия» санатына жатқызылғандығында болды. Түркістанның кеңестік республикалардың алғашқы басшылары осы ортадан шыққаннан кейін, олар, әрине, ұлтшылдық саясатпен айыпталып, «басмашылық бандаларының» қатарынан табылды. Дегенмен, «басмашы» ұғымы тек ішкі ғана емес, сонымен қатар сыртқы қолдануға да ыңғайлы болды. Бұхара мен Ферғанадағы, Сырдарья мен Жетісу алқабындағы көтерілісшілердің дерлік барлығы өз жерінде «бандиттер» статусына дейін түсірілді. Жүнейт ханның әскер бірліктері большевиктердің құрсауына шыдай алмай қашып кетуін, орыстық тарихнама «халықаралық контрреволюцияның басмашылық қозғалысын» ұйымдастыруға қатысуы деп түсіндірілді. Кеңестік үгіт-насихатшылары бейнелеген шынайы өмірден мүлдем басқа болды. «Басмашылық» сөзі мен оның ішкі мазмұны бұл Түркістанды мәжбүрлеп кеңестендіруді жүзеге асырған орыстардың кезекті «жобасы» болып табылады деуге толық негіз бар. 1918-1950 жылдардағы Түркістандағы түркі-мұсылман халықтарынан шыққан көтерілісшілердің негізгі бөлігі «бандиттер, бұзақылар, феодалдар» емес, олар ұлт-азаттық үшін күрескендер, олар кезінде кеңестік биліктің азық-түліктің артығын тартып алып, қарабайыр шаруалардың мүлкін тәркілеуіне қарсы наразылық білдірді.

4.2 1920-1940 жылдары Кеңестік биліктің түркі халықтарының рухани-мәдени өміріне қарсы бағыттаған саясаты

Казан төңкерісінен кейін билікке келген большевиктер, түркі-мұсылман халықтарының рухани-мәдени өміріне араласып, олар үшін ең маңызды болып табылатын ислам дінін түп-тамырымен жою бағытында дәйекті бағыт ұстана бастады. Құрылған коммунистік билік түркі-мұсылман халықтары мекен ететін аймақтарға өзіндік әрқилы саясатын жүргізді. 1917 жылы 18 желтоқсанда Бүкілресейлік ОАК-і мен РСФСР Халық Комиссарлар Кеңесінің бірлескен қаулысы «Азаматтық неке, балалар туралы және азаматтық хал актілері кітабын жүргізу туралы» қабылданды, бұл неке және отбасылық қатынастардағы діннің үстемдігін бұзуға бағытталды. Келесі қадам 1918 жылдың 23 қаңтарында РСФСР Халық Комиссарлар Кеңесінің «Шіркеуді мемлекеттен және мектептен шіркеуден бөлу туралы» Декретінің жариялануы болды. Ресми түрде ол кез-келген дінді еркін ұстану немесе ұстанбау құқығын берді, діни қоғамдардың ішкі өміріне мемлекеттің араласуын көздемеді. Әсіресе, Түркістан АКСР-ы құрамындағы түркі-мұсылмандардың дәстүрлі діни өміріне араласуынан бас тартып келді. Еділ-Орал төңірегіндегі түркі-мұсылман халықтарының тағдыры, салыстырмалы түрде ерекше болды. Ал, Қырым мен Кавказдағы түркі-мұсылман халықтарына деген позициялары екі сатыда дамыды, олар Кавказдағы түркі-мұсылмандардың бірігуге деген күштарлығын жою мен Қырымды барынша алыстататын принциптер еді.

Кеңес үкіметінің түркі-мұсылман халықтарының мәдени өмірі мен исламға қатынасын анықтайтын идеологиялық қағидалардың біртіндеп өзгеруін 1917-1929 жылдардағы заңнамалық актілерден көрініс тапты. Алғашында «Халықтар құқығы Декларациясында» ұсынылған діндердің теңсіздігін тоқтату және ар-ождан бостандығын қамтамасыз ету қажеттілігі туралы идеялар түркі-мұсылмандар арасында белсенді қолдау тапты. Түркі-мұсылмандық ұйымдары РСФСР Халық

Комиссарлар Кеңесінің 1917 жылғы 24 қарашада (3 желтоқсан) «Ресей мен Шығыстың барлық жұмысшы мұсылмандарына» үндеуін өте жақсы қабылдады, ол исламның мекемелері мен институттарының қол сұғылмайтындығына сендірумен қатар, Қазан төңкерісін қолдауға шақырды. Алайда, кеңестік биліктің кейінгі мемлекеттік актілері және оны жүзеге асырған практикасы үндеуде берілген уәделерге қайшы келе бастады. Кеңес өкіметінің исламға қатысты идеологиялық ережелерінің өзгеруін анықтаған алғашқы ірі құжат 1918 жылдың 20 қаңтарында (2 ақпан) В.Лениннің өзі қол қойған және оның РСФСР Халық Комиссарлар Кеңесі қабылдаған «*Ар-ождан, шіркеу және діни қоғам бостандығы туралы*» қаулысы болды [373].

Қазан төңкерісінен кейін, Түркістандағы барлық вакуфтар 1917 жылғы 26 қазандағы Бүкілресейлік Кеңестер Конгресінің қаулысымен ұлттандырылды. Жарлық бойынша мемлекеттік меншіктен басқа барлық мүлік түрлері жойылды. 1918 жылы 20 қаңтарда «*Ар-ождан бостандығы, шіркеу және діни қоғамдар туралы*» жарлықта мектеп шіркеуден бөлініп, оқу орындарында дінді оқытуға тыйым салынды. Дінді оқыту мәселесі жергілікті халықтың өз еркіне беріліп, жеке мектептер мен медреселерде жүзеге асыруға рұқсат берілді [374]. Исламда шіркеу институты болмағандықтан, бұл Түркістандағы мектептер мен медреселердің жабылуынан көрінді. Орыс-тузем мектептерді большевиктер орыс шовинизмінің ошағы ретінде қарастырып, оларды жаппай жабуға кірісті. Жәдидтік мектептер болса түркі-мұсылман халықтарының ынтымақтастығын айқындайтын білім беру орталықтары ретінде елеусіз қалды. 1918 жылы 14 мамырда Түркістан Республикасы СНК-нің № 145 бұйрығымен кеңестік жалпы білім беретін мектептің ұйымдастырылуы туралы жарияланды [375].

Дегенмен, Түркістандағы реформалар үлкен қаражатты қажет етті. Өндірістік нысандарды құру, бастауыш және орта білім берудің жаңа жүйесін қалыптастыру, жоғары білімді қолдау мәселелерін шешу ауырға соқты. Жаңа большевиктік биліктің келумен, елдің басқа аймақтарымен табиғи байланыстардың, Азаматтық соғыс пен ашаршылықтың басталуын ескере отырып, бәріне жеткілікті қаражат табу бірден қиын болды. Сондықтан, 1918-1919 жылдары Түркістан үкіметі вакуфтарды Ауылшаруашылық халық комиссариаты мен Халық ағарту комиссариаты арасында бөлуге шешім қабылдады. Революцияға дейінгі бүкіл білім беру жүйесіне тыйым салу әрекеті байырғы түркі-мұсылман тұрғындарының наразылықтарын тудырды. Әлеуметтік қысым жағдайында большевиктер радикалды саясаттан алыстап, ымыраға келуге мәжбүр болды. 1918 жылы 9 қарашада мұсылмандық діни ілімдерін оқытуға рұқсат етілді. Осыған байланысты В.Ленин және елдің партия басшылығы коммунистер мен жергілікті ұйымдарды дінге қатысты жұмыстарда мұсылман халқымен жұмыс жасау кезінде ұлттық ерекшеліктер мен діннің әсер ету дәрежесін ескере отырып, сөзсіз әрекет етуге шақырды.

1920-шы жылдары Түркістан, Еділ-Орал, Кавказ және Қазақстан жерлерінде Кеңес өкіметі орнағаннан кейін большевиктер бұл жерлердегі вакуфтармен байланысты мәселелерді мұқият шешуге тырысты, өйткені олардың шоғырлануы мен халыққа деген діни әсері жоғары еді. Большевиктер, әсіресе вакуфтарға байланысты саясатты ұқыптылықпен ұстанды және оның жүйесін әлсіретудің әдісі ретінде жергілікті халық арасында коммунистік идеяларды мүмкіндігінше жан-жақты таратуда тапты. Сөйтіп, олар діни ұстамдылық күшті жерлерде вакуфтарға қарсы науқан жүргізуден бас тартты және бұл жұмысты мұсылман коммунистеріне сеніп тапсырады, олар исламның атеистік мемлекетпен бірге болуы идеясын психологиялық тұрғыдан адамдардың санасына енгізуі керек деген үндеулер

таратты [376]. Түркістан билігі вакуф мүлкіне байланысты мәселелерде ымыраға келуді жөн деп тапты. 1922 жылы 20 маусымда Түркістан Республикасы Халық Комиссарлары ОАК-нің қаулысымен вакуфтар мешіттер мен медреселерге қайтарылды. Жарлыққа сәйкес, вакуф мүлкін пайдаланудан түскен қаражат мектептер мен медреселерді ұстауға, жөндеуге, мүдәррістер мен молдаларға жалақы төлеуге жұмсалды.

1922 жылы 13 қыркүйекте Түркістан большевиктерінің кеңестік мектептерде дінді оқыту туралы шешімі халық ағарту саласындағы кеңестік саясаттың негіздеріне қайшы келетінін және коммунистердің ұлттық саясаттың мүдделерінің сұранысына келмейтінін жариялады. Кеңестік мектептерде ислам негіздерін сабақта емес, ақы төлеп жеке молдаларға тапсырып бос уақыттарында оқуға ғана рұқсат берілді [377]. 1922 жылы дәстүрлі мектептің реформасына дейін Түркістан аймағының түркі-мұсылман тұрғындарының сауаттылық деңгейін зерттеу жұмыстары жүргізіле бастады. Түркі-мұсылман халықтарының білім деңгейі орыс тілін білу, онымен сөйлесу және жазу қабілеттерін білдіретін еуропалық білім беру жүйесі тұрғысынан жүргізілді. Олардың сауаттылық өлшемі орыс тілінің айналасынмен шектеліп, араб графикасын меңгергендердің барлығы сауатсыздар қатарына жатқызылды. Сауаттылықтың төмендігін большевиктер исламдық білім беру жүйесінің тек діни негіздерді оқытумен шектегендігімен байланыстырды.

1923 жылы қаңтар айында Түркістанда Вакуфтық бас басқармасы (ВББ) құрылды, оның қарамағына Түркістан Республикасының барлық вакуф мүлкі енді. Әкімшілік ғимараты Ташкент қаласында орналасты. ВББ-ы вакуф мүлкін басқаруды ұйымдастыру және оны байырғы халықтың мәдени-ағартушылық қызметіне бағыттау, мектептер мен медреселерді кеңейту, кеңестік мектептерді ұйымдастыру мақсатында бой көтерді [378]. Осы мақсатқа жету үшін Түркістан облыстарында арнайы бөлімдер мен бөлімшелер құрылды: Сырдария облысында 2 бөлім, Самарқанд облысында 5, Ферғана облысында 5 бөлім. ВББ-сы Халық ағарту комиссариатының құрамына енді. ВББ-сы оқу орындарында діни орталықтандыруды біртіндеп жою арқылы оқыту формаларын өзгертуді көздейтін бағдарлама әзірледі. Бұл халық пен мұсылман зиялыларының адалдығын сақтаудың ең жақсы тәсілі болып көрінді. Түркістан АКСР-де мұны дәстүрлі немесе ескі мұсылман мектебінен жаңа әдісті, содан кейін кеңестік мектепке көшу механизмі арқылы жүзеге асырылды. Бір модельден екінші модельге көшу алғашқы екі кезеңнің қалдықтарын біртіндеп тазартумен және кеңестік стандарттарға көшумен оқыту принциптерін енгізу болды. Ескі әдісті мектеп қайта құрылығысы келмеді. Ағарту және білім беру дәстүрлері Түркістан қоғамының күнделікті өміріне енгізілді. Реформаның жалғасы коммунистердің жетекшілігімен арнайы курстарда мүдәрістерді қайта даярлықтан өткізу мәселесі назарда ұсталды. Бұл мұсылман мектептерін реттеу жолындағы алғашқы қадам болды.

1924 жылы ВББ-сы ескі әдісті мектептер мен медреселерді қайта құруға кірісті. Бастапқыда ескі әдісті мектептерді тіркеу және сараптау мүдәрістердің біліктілігін зерттеумен бірге жүргізілді. Реформадан кейін мектептер толығымен Халықтық ағарту комиссариатына бағынды, кеңестік мектеппен бірдей, Түркістанның мәдени құрылысының бір бөлімшесі қатарынан орын алып, кеңестік идеологияны жүзеге асыратын құрылымға айналды. ВББ-сы медресесінің реформасын аса мұқияттылықпен жүргізді. Медреселерде білім алу мәселесі ескілікпен байланыстырылып, оның тиімсіз екендігі үнемі айтылып жатты. Кеңес өкіметінің пікірінше, мектептер мен медреселер өмірге дайын емес еді, мамандарды қайта

даярлауды, әлеуметтендіруді және кеңестік жүйеге жылдам түрде ену қажеттілігі күн тәртібіне енген еді. Түркістандағы медреселерде мүдәрістер құрамы мен білім алушылар туралы мәліметтер жиналды. Білім алушылардың әлеуметтік жағдайы, оқуға қатынасы, мүдіріспен байланысы мен оның біліктілігі үнемі сараптаудан өтіп тұрды [379].

ВББ-ның қызықты тарихы ертедегі Кеңес Түркістанының зерттеушілері үшін кеңестік мемлекеттік саясаттың тағы бір қырын ашты. Бұл большевиктер басшылығының белгілі бір кезеңдерде икемді және прагматикалық шешімдер қабылдауға және ымыраға келе алатындығын көрсетеді. Коммунистер қоғамдағы және білім беру жүйесінде діннің үстемдігін мойындамады, атеизмге толық көшу сәтін күткендей болып, барынша жұмсақ саясат ұстануға мәжбүр болды. ВББ-сы реттеуші институтты ретінде ұйымдастырудың кеңестік формасын және исламдық мазмұнды, яғни діни білім беру жүйесінде реформалар жүргізу үшін жәдидтермен ынтымақтастық орнатты. Кеңес үкіметі Түркістан қоғамында ислам негіздерінің мықты екенін, олардың революциялық кезеңінде өзінің функцияларын жалғастырғанына көзі жетті. Түркістанның консервативті қоғамына «советизмді» күшпен енгізудің орнына біртіндеп шешім қабылдады. ВББ-сы жобасының даму болашағына қарамастан, 1920-шы жылдардың соңына қарай сынғы ұшырап, 1930-шы жылдары жалпы тоқтатылды.

Сол уақытта сатылы түрде түркі-мұсылман халықтарының барлық мүлкі мемлекеттік меншік деп жарияланды, яғни мешіттер, медреселер мен мектептердің ғимараттары, олардың ішкі жағдайлары, қайырымдылық көмектері және т.б. большевиктік биліктің еншісіне өтті. Декреттің 12-бабында діни ұйымдарға мүлкті иеленуге мүлдем тыйым салынған, сонымен қатар оларды заңды тұлғалардың құқығынан айырған. Ғибадат ететін ғимараттар мен мешіттер жергілікті билік органдарымен келісім-шарт жасау негізінде пайдалануға берілді, сонан соң тәркілеу науқаны басталған кезде дерлік діни ғимараттар мемлекеттік деп жарияланды. Түркі-мұсылман халықтарының қызметі діни қажеттіліктерін қанағаттандырумен ғана шектелуі керек деп есептелді. Барлық мемлекеттік, қоғамдық және жеке оқу орындарында діни тәлімді оқытуға тыйым салынды. Декреттің 121-ші бабына сәйкес бұл тыйымды бұзғаны үшін 1922 жылғы РСФСР Қылмыстық кодексінде бір жылға дейінгі мерзімге мәжбүрлі еңбек түріндегі жаза қарастырылды. Барлығы 13 баптан тұратын қысқа Декреттен кейін, 1918 жылы 28 тамызда РСФСР Әділет Халық Комиссариатының егжей-тегжейлі нұсқауы шықты, ол діни бостандыққа одан әрі шектеу қойды. Атап айтқанда, қайырымдылық және мәдени-ағарту ұйымдарының қаражатын діни мақсаттарға жұмсалатын болса, онда ол іс-шараларға тыйым салынды [380].

Азаматтық соғыста жеңіске қол жеткізу арқылы өз күшін нығайта түсірген, Кеңес үкіметі мұсылмандарға қатысты ішкі саяси бағыттың кейбір салаларын ырықтандыруды қолға алды, оны тарихы ғылымда кейде «діни НЭП» деп аталады. Бірақ тәжірибе көрсетіп отырғандай, көптеген заңнамалық бастамалар діни ұйымдардың қызметіне тиімді бақылау орнатуға бағытталған-ды. Бүкілресейлік Орталық Атқару Комитетінің 1922 жылғы 3-ші тамыздағы қаулысына сәйкес, барлық діни қоғамдар губерниялық немесе облыстық кеңестердің атқарушы комитеті әкімшілік бөлімінде мемлекеттік тіркеуден өтуге міндетті болды, онсыз олар ешқандай қызметті жүзеге асыра алмады. Оның тәртібі РСФСР халықтық әділет және ішкі істер комиссариаттарының 1923 жылғы 15 сәуірдегі бірлескен нұсқауымен егжей-тегжейлі реттелді. Осы құжаттар негізінде 1923-1924 жылдары түркі-

мұсылмандық діни қоғамдарды жаппай тіркеу жүргізілді [381].

Діни бірлестіктерге заңды тұлға мәртебесін беру мемлекеттік органдарға олардың қызметіне нақты бақылау орнатуға мүмкіндік берді. Жыл сайын түркі-мұсылман халықтарына жергілікті атқарушы комитеттерге діндарлардың, басқару органдарының мүшелері мен мешіттердің тізімдерін, олардың құрамы туралы жан-жақты ақпарат беретін мекен-жайы мен кәсібін көрсетіп отыруға мәжбүр болды. Намаз оқитын мешіттер мен діни мақсаттағы жиналыстарға белгіленген әкімшілік күн тәртібіндегі тиісті әкімшілік бөлімнің алдын ала келісімімен ғана рұқсат етілді. Соған қарамастан, 1923-1927 жылдар кезеңі салыстырмалы түрде діни бостандықпен, биліктің уақытша тепе-теңдігімен сипатталады, бұл кезде Кеңес өкіметі халықтың едәуір бөлігінің діни ұстанымдарымен санасуына тура келді. Бірақ, 1928 жылдан бастап большевиктер социалистік құрылыстың орасан зор жоспарларын жүзеге асыра бастады. Большевиктер дәстүрлі экономикалық құрылымды ғана емес, сонымен бірге өмір сүру, ойлау және шаруалардың діни идеологиясын да жоюға бағытталған шаралар атқара бастады, үгіт-насихаттық жұмыстарда бірінші кезекте коммунистік идеологияны халық арасына сіңіруге тырысып бақты. Сол себепті кеңестік билік діни төзімділік саясатынан «соғысушы атеизмге» көшті, мұсылман институттары мен діндарларға қарсы ауқымды шабуыл жасады [382].

РСФСР НКВД-нің 1929 жылғы 1 қазандағы № 329 қаулысына сәйкес 1930 жылғы 1-ші мамырға дейін қайта тіркеуден өтпеген барлық діни бірлестіктер таратылды деп жарияланды. Бұл сылтаумен Түркістан, Татарстан, Башқұртстан, Орынбор, Орал, Еділ, Сібір және Ресейдің еуропалық бөлігіндегі басқа да мешіттер жаппай жабылды. Сонымен бірге жергілікті билік заңмен белгіленген тәртіпті жаппай бұзды: олар партиялардың, комсомолдардың және экономикалық белсенділердің қатысуымен діни бірлестіктерді тарату жөнінде жиналыстар өткізді, мұсылмандарға ол жаққа баруға рұқсат бермеді, кейде олар хаттамаларға жай ғана қолдарын қойды [383]. В.Лениннің мына сөздері большевиктердің діни және мәдени өмірге деген ұстанымын нақты айқындайды: *«Партия эксплуатациялық таптар мен діни насихатты ұйымдастыру арасындағы байланысты толығымен жоюға, сондай-ақ жұмысшы таптың діни наным-сенімдерден шынайы еркіндік беруге, осы мақсатта кең ғылыми, білім беру және дінге қарсы насихатты ұйымдастыруға тырысады. Сонымен бірге, діни фанатизмнің шоғырлануына әкелетін кез келген әрекеттердің алдын алу қажет»* [384].

Барлық осы мәселелер туралы ашық түрде «құпия» белгісі басылған мемлекеттік қауіпсіздік органдарының материалдарында айтылды. Осы тұрғыда 1917 жылдың желтоқсаны мен 1922 жылдың ақпан айларында Кеңестік Ресейінің мемлекеттік қауіпсіздігін қамтамасыз ету міндеттері ВЧК деп аталатын Бүкілресейлік төтенше жағдай, спекуляция мен диверсияға қарсы күрес комиссиясына жүктелді. 1922 жылы ақпанда ВЧК-ның жойылуына байланысты оның негізгі функциялары Мемлекеттік Саяси Әкімшілікке (ГПУ) берілді. КСРО-ның құрылуымен бүкілодақтық бірыңғай орган КСРО СНК жанындағы Бірлескен Мемлекеттік Саяси Басқарма (ОГПУ) құрылды. КСРО-ның ең ірі аймақтарында, яғни Қиыр Шығыс пен Орта Азияда ОГПУ-дің өкілетті өкілдері лауазымдары бой көтерді [358]. Империялық саяси полицияның қызметкерлері сияқты, чекистер ең алдымен Ресейдің, сонан соң Түркістандағы жағдайды елемейтін прагматиктер болды. Міндетті түрде үгіт-насихат жүргізіп, «социализмді құру жетістіктері» туралы сынға жүгінетін ВЧК-ОГПУ қызметкерлері бұл «жетістіктерге» қол жеткізілгеніне сенімді болмады және Түркістанның саяси элитасының өкілдеріне сену мүмкін емес деп санады. Исламды болса идеологиялық және саяси қарсылас ретінде көрді. Бұл, атап

айтқанда, «Түркістанның мұсылман дінбасылары туралы» агентуралық ақпараттан көрініс тапты. Құжат КОКП ОК (б)-ның Орталық бюросының төрағасы И.А. Зеленскийге жолданған және 1927 жылы 8 қаңтарда ОГПУ-дың Орта Азиядағы Өкілетті өкілі Л.Н. Бельский қол қойған [386]. Бұл құжатта чекистердің Түркістан түркі-мұсылман халықтарының дерлік бәрінен күдіктенген және сыртқы байланыстарда оларға үнемі сенімсіздік танытқаны жайлы айтылған. Дәстүрлі империялық қағидатты басшылыққа ала отырып, олар «Түркістан, Татарстан, Башқұртстан және басқа да исламдық аймақтардағы мұсылман топтарының бірігуіне жол бермеу үшін маңызды міндет» деп санады. Олардың пікірінше, исламдық діннің ішкі министрлері «ішкі контрреволюцияның» әлеуетті тірегі болды, сондықтан олардың мұсылман эмиграциясымен және шетелдік мұсылман шеңберлерімен байланысы қандай болмасын жойылуы керек еді. Сонымен бірге олар 1924 жылы басталған межелеу саясаты мен II-ші дүниежүзілік соғыс аралығында Түркістан АКСР-нің орнына құрылған Өзбекстан, Қазақстан, Түрікменстан, Қырғызстан және Тәжікістанда сақтықпен әрекет етті, өйткені көптеген жергілікті коммунистер мен комсомол мүшелері мұсылман дінін ұстанушылар еді. Чекистер діни ықпалды тез жеңуге толықтай сенбеді және ислам ұзақ уақыт аймақтағы жағдайға әсер етеді деген тұжырымға келді [387].

КОКП (б)-ның Орталық Азия Бюросының Төрағасы И.А. Зеленскийге «құпия» белгісі қойылған аса маңызды құжатқа ОГПУ-дың Орталық Азиядағы өкілетті өкілі Л.Н. Бельский мен Құпия операциялар бөлімінің бастығы М.Д. Берман қол қойған. Ол құжаттың ішкі мазмұнына қарағанда 1925-1930 жылдары Таяу Шығыстағы саяси науқан Түркістан түркі-мұсылмандардың бірігуіне алып келетінінен сескенген. Құжаттың кіріспесінде «Мұсылман әлеміндегі жалпы жандану байқалуда. Жақында біз Өзбекстанның мұсылман дінбасыларының біраз жанданғанын байқадық. Бұл жаңғыру бір жағынан, конгресстердің шақырылуында көрінді, екінші жағынан, Одақтың ішкі провинциялары мен республикаларындағы дін қызметкерлерінің алға басуымен айқындалатын жалпы жандану арқылы анықталды» делінген [387, 2-9 шп].

Аталған құжатта ОГПУ өкілдері 1926 жылдары өз кезегімен, мамыр айында Каирде, маусым айында Меккеде халифатты сайлау науқаны жүріп жатқандығы туралы жалпы мәліметтерді сұрыптай келе, Тегеранда өтетін конгрестен сескенетінін білдірген. Осы арада Меккеде өткен конгреске КСРО құрамындағы түркі-мұсылман халықтарының өкілдері қатысқандағы жайлы айтып былай тұжырым жасайды: «*Кеңес Одағы мұсылмандарының делегациясы сонымен бірге Татарстан, Башқұртстан, Қырым, Қазақстан мұсылман дінбасыларының және Өзбекстаннан бір өкіл кірген Мекке конгресіне қатысты. Біздің мұсылмандардың сапарының саяси мәні екі тармаққа байланысты: 1) Каирге наразылықты күшейту (мұны НКВД басшылық етті, делегацияның қатысуына мүмкіндік берді) және 2) Одақтағы көпшіліктің діндарлығын арттыру үшін шетелдік мұсылман әлемімен нақты байланыс орнату (бұл мұсылман делегациясының пікірлерінің негізі болды). Осы себепке байланысты съездің күн тәртібіндегі шешімдеріне байланысты біздің дінбасыларымыздың элиталық көңіл-күйін бейнелеу маңызды болып табылады, өйткені бұл элитаның Меккедегі панисламистік топтармен байланысынан алған әсерлері, әсіресе түрік қайраткерлерімен қарым-қатынасы және мұсылман эмиграциясынан алынған әсері маңыздырақ.*

Ақпараттық мәліметтерге сүйенетін болсақ, КСРО құрамындағы түркі-мұсылман халықтары мәселенің түп төркінін Стамбулдағы Зәки Уәлиди Тоғанмен кездесуінде көрген. Себебі, құжаттың әрі қарайғы мазмұнында (толық нұсқасы берілуде): «*Келесі мәселеге тоқталу өте маңызды. Константинополь арқылы келе*

жатқанда, біздің мұсылмандардың делегациясы эмигранттармен, атап айтқанда атақты Заки Валидовпен кездесіп, әңгімелесті. Соңғысы (Зәки Уәлиди Тоған – М.Ә.) делегацияға Кеңес Одағы мұсылмандарының тағдыры туралы айтқан кезде, Кеңес Одағының ішкі аймақтарындағы мұсылмандар Кеңес үкіметі үшін маңызды сәтте шешуші рөл атқара алмайтындығы туралы айтты. Орта Азиядағы жағдай мүлдем өзгеше: Ресеймен экономикалық тұрғыдан онша байланысты емес, өзінің географиялық жағдайында ол басқа мұсылман республикалары мен аймақтарына қарағанда қолайлы жағдайға ие; сайып келгенде, бүкіл Орта Азия халқы мұсылман. Кеңес өкіметі бәрібір құлайды, ал құлдырау сәті толық тәуелсіздік үшін ең қолайлы болып табылады. Сондықтан, өзбек антисоветтік жетекшілеріне шет мемлекеттермен (украиналық және кавказдық кеңестік антисоветтік басшылары сияқты) Кеңес өкіметінің құлдырауы жағдайында қазіргі Кеңес Одағы аумақтарының тағдырында шешуші рөл атқаратын келісім жасасу қажет. Сонымен бірге, барлық ұйымдарда қажетті күштер дайындалып, тиісті жұмыстар жүргізілуі керек. Валидовтың пікірінше, Өзбек Діни басқармасы ұлтшыл анти советтік шеңберлердің қызметі үшін заңды мүмкіндік болуы керек. Сондықтан бұл Діни басқармасын сәйкесінше күшейту қажет. Бұл Валидовтың нұсқаулары делегация мүшелері тарапынан толық қабылданды. 1926 жылғы қарашада Мұсылман дінбасыларының съезіне байланысты Уфаға Өзбек Діни басқарманың мүшелері келген кезде, Орталық Діни басқарманың төрағасы Фахретдинов олармен сөйлесіп, Одақтың ішкі бөлігіндегі мұсылмандардың болашағы туралы Валидовтің пессимистік пікірлерін білдірді және Түркістан қазіргі мұсылмандардың шоғырланатын орын болуы керек деп баса айтты. Кеңес Одағы мұсылмандарының барлық күш-жігері, міне, мықты Діни басқарманы құру арқылы жүзеге асады» делінген.

Әрі қарай құжатта Уфадағы Діни басқарманың ықпалы сұрыпталып, ОГПУ мүшелері мынандай алдын алу шараларды жүзеге асыруды жөн деп тапты: «Осы тұжырымдарға сәйкес біздің міндеттерімізді бөліп көрсетуге болады:

1. Орта Азиядағы Орталық рухани басқармасының ықпалына жол бермеу;
2. Өзбек діни басқармаларының ұйымдастырушылық рөлін, егер оларды (мұсылмандарды – М.Ә.) біріктіруге және ауылдар дінбасыларын ұйымдастыруға кедергі жасайтын болса, бөлу;
3. Діни басқарманың құрамына кеңестікке қарсы топтармен тығыз байланысты адамдарға жол бермеу;
4. діни қызметкерлер мен зиялы қауымның блогын құру мүмкіндігіне назар аудару;
5. Заңнамамыздың әсерін вакуфтар әлі де дін қызметкерлерінің құзырында болатын (ең болмағанда Ферғанада, әсіресе Хожентте және Тәжікстанда) вакуфтар үшін заңдардың әсерін кеңейту арқылы дін қызметкерлерінің экономикалық негізін одан әрі төмендету».

Сайып келгенде ұжымдастыру мен жаңа экономикалық саясат барысында Түркістанның түркі-мұсылман халықтары өзара ынтымақтасып, шетелге кетуге мәжбүр болған түркі эмиграциямен байланыстарын үзбеген. Большевиктік биліктің 1920-1930 жылдардың өзінде ақ түркі-мұсылман халықтарының бірлік идеясы мен діни шоғырлануынан шошыған.

Осыған сәйкес РСФСР территориясындағы діни бірлестіктердің құқықтық мәртебесінің негізін реттейтін арнайы нормативтік құқықтық акт 1929 жылдың 8 сәуірінде қабылданды. Бұл Бүкілресейлік Орталық Атқару Комитеті мен РСФСР Халық Комиссарлар Кеңесінің «Діни бірлестіктер туралы» бірлескен қаулысы болды, қабылданғаннан кейін екі жарым жылдан кейін түбегейлі өзгертілді. Осы уақыт аралығында кеңестік құқықтың көптеген салаларындағы және құқықтық әдебиеттердегі діни бірлестіктер көп айтылмады немесе олардың қызметі кеңестік заңдармен реттелетін қоғамдық емес сипаттағы ұйымдар деп аталды [388]. Осылайша, діни бірлестіктердің тек мемлекеттен ғана емес, қоғамдық өмірден де

шығару жоспары дәйекті түрде жүзеге асырылды.

Жарлыққа сәйкес, діни бірлестіктерге «ғибадат үйлерінің» қабырғаларында ғана «ғибадат етуге» құқығы берілді. Олар заңды тұлғаның құқықтарына ие болмады, нәтижесінде білім беру және қайырымдылық қызметіне тыйым салынды. Қоғамдар іс жүзінде өзін-өзі басқарушы ұйымдар болды, ал діни қызметкерлер экономикалық және қаржылық қызметінен шеттетілді.


1930-жылдар кезеңі, бәлкім, XX ғасырдағы Ресей құрамындағы түркі-мұсылмандарының тарихындағы ең қиын кезең болды. Мешіттер бірнеше рет жабылды, мұсылман дінбасылары қуғын-сүргінге ұшырады, исламдық діни басқармалардың қызметі толығымен тоқтатылды немесе олардың жұмыстары қадағалауға алынды. Исламға қарсы және жалпы дінге қарсы үгіт-насихат сол кезде бұрын-соңды болмаған масштабқа жетті. 1925 жылы құрылған «Жауыққан құдайсыздар одағы» 1932 жылы «құдайсыз бесжылдықтың» басталуын жариялады, оның аяғында КСРО-да дін толығымен жойылуы керек еді. Сонымен бірге, И.Сталин 1937 жылғы Бүкілодақтық халық санағының сауалында «Құдайға деген сенім» мәселесін жеке-жеке енгізген кезде, сол кездегі есептерге сәйкес, мұсылман өкілдерінің көпшілігі дәстүрлі конфессиялық құндылықтар жүйесіне адалдықтарын мәлімдеді [389].

1929 жылы 8 сәуірде КСРО-ның Конституциясына діни насихаттауға тыйым салатын және діни қызметті шектейтін, түзетулер енгізілді, ал дінге қарсы үгіт-насихат құқығы сақталды. 1929 жылғы 1-ші қазандағы Ішкі істер халық комиссариатының қаулысымен дін қызметкерлерінің ауру-сырқау мен өліктерді жерлеуге қатысу мүмкіндігі шектелді, қалған барлық жұмыстарға арнайы рұқсат алу міндеттелді. Мешітке қайырымдылық жасауға, ақша жинауға және басқа да қаржылай мәселерге тыйым салынды. Осы ережелерді қатаң сақтай отырып, мешіттер мен өзге де діни ғибадатханалар экономикалық тұрғыдан өмір сүре алмады. 1929 жылы ақпанда Бүкілодақтық большевиктік коммунистік партиясы ОК-нің хатшысы Л.Кагановичтің қолымен республикалық, облыстық, губерниялық партия комитеттеріне «Дінге қарсы жұмыстарды күшейту жөніндегі шаралар туралы» хат жіберілді [390]. 1929 жылдың 8 сәуірінде Бүкілресейлік ОАК-нің Президиумы «Діни бірлестіктер туралы» қаулы қабылдады, ол 1990 жылға дейін қолданыста болды. Соған сәйкес діни қоғамдар қандай-да бір діни көзқарасты ұстанатын азаматтар үшін «рухани күштен» айрылғандай болды.

Дінге қарсы іс-қимылдағы алғашқы орындардың бірі В.Ленин «жауыққан материализм» мен «ғылыми атеизмді» насихаттау арасындағы органикалық байланысты баса көрсетіп, атеизмнің философиялық негізін дәріптеуді ұйғарды. Ғылыми атеизм теориясы мен тәжірибесінің дамуында исламға қарсы мерзімді басылымдар мен танымал ғылыми әдебиеттер маңызды рөл атқарды. Атеистік журналдар мен газеттер пролетарийлер арасында кеңінен таратылды. Мысалы, «Революция және шіркеу» журналының редакторы П.А. Красиков 1919 жылы В.Ленинге хаттар жолдап, журналға деген қызығушылық орасан зор екенін хабарлады. Журналдың танымалдығы сол кездегі салыстырмалы түрде 30-40 мың данамен басып шығарылған [391]. Атеизмнің негіздерінің насихаттаушысы Е.М. Ярославский дінге қарсы әдебиеттерді шығаруға көп көңіл бөлді, сонымен қатар бірқатар орталық баспа органдарын басқарды және «Правда» газетінің редакциялық алқасының мүшесі қызметін атқарды. 1921-1943 жылдары ол «Жауыққан құдайсыздар одағын» ОК-нің төрағасы ретінде жұмыс жасап, Кеңес үкіметі жүргізген дінге қарсы іс-қимылдың басында тұрды [392]. Кеңес Одағында 1922 жылдың 21 желтоқсанынан

1941 жылдың 20 шілдесіне дейін апталық дінге қарсы «Безбожник» (Құдайсыз) апталығы газеті оқырмандарды ерекше қызықтырды. Газет «Жауыққан құдайсыздар одағы» ОК-нің ресми баспа органы ретінде қызметін жүргізді. Бірінші кезекте атеистік үгіт-насихаттар Түркістан өңірінің барлық жерлерін қамтыды. Газетте Е.М. Ярославский (бас редактор), И.И. Скворцов-Степанов, Н.А. Семашко белсенді түрде үгіт-насихаттық мақалаларын жариялады. «Безбожник» газетімен қатар, редакция 1924-1925 жылдары үздіксіз «Атеистік крокодил» және 1923-1941 жылдар аралығында «Атеист» атты қосымша дінге қарсы журналдарды шығарып тұрды [393].

1924 жылы 27 тамызда «Безбожник» газетінің редакциясы құрылтай жиналысын өткізді, оған 48 газет корреспонденттері, негізінен Мәскеу, Ленинград, Киев, Минск, сондай-ақ Татарстан мен Башқұртстаннан келген тілшілер қатысты. Бұл кішігірім кездесуді болашақта КСРО-ның «Безбожник» газеті достарының одағын (БГДО) құрды. Құрылтай жиналысына қатысушылар БГДО-ның жалпы жиналысы дінмен белсенді күресіп жүргендердің барлығын газет айналасында «дінге қарсы жұмыстың біртұтас тактикасын әзірлеуге шақырды. 1924 жылы қазан айында РКП (б) Солтүстік-Батыс бюросының үгіт бөлімі Ленинград облысында бөлімшелер ұйымдастыруға шешім қабылдады.



1924 жылы желтоқсанда Түркістан, Кавказ, Татарстан, Башқұртстан, Қазақстан аймақтарында БГДО-ның бірлескен конференциялары өтті. БГДО-ның атқарушы бюросының мәліметі бойынша, 1925 жылдың сәуіріне дейін КСРО-да 100 мыңнан астам қоғам мүшелері тіркелген.

Мектептерде дінге қарсы білім беру мәселесі бірнеше рет атеистер одағы орталық кеңесінің бюросында талқылады. 1928 жылы 2-ші қазанда балалар мен жастар арасындағы атеистік жұмыс туралы қаулы қаралды. Бұл идеяны белсенді жақтаушылардың бірі Н.Аносов: «Біз барлық жұмыстарды дінге қарсы агартушылықпен жандандыра түсуіміз керек... Дінге қарсы тәрбиені ерте жастан бастау қажет» деп орта білім, тіпті ЖОО-да атеистік дәрістердің енгізілуін жақтады [394]. Осылайша, Кеңестік биліктің атеистік саясатымен қатар жүргізген «интернационализм» идеясы, халықтар достығы және бүкіл әлемдегі революцияның жеңісі, большевиктік үкіметтің алдында «жаңа ұлттың» жаратылуына жетеледі. Бұған мемлекеттік қауіпсіздік органдарының және партияның жоғары басшылығының көптеген ресми құжаттары дәлел бола алады [395]. Большевиктік биліктің алғашқы жылдары басып шығарылған материалдарда, көбінесе «халық» сөзінің жанында «орыс» деген ұлттың үстемдігі баса жазылатын. Әрине, үгіт-насихаттық жұмыстарда большевиктер «орыс» ұғымын пайдаланбауға тырысты және оны әрдайым «пролетариат», «жұмысшы табы», «шаруалар», «кеңес адамдары» сөздерімен ауыстырып отырды. Алайда түркі-мұсылман халықтарының арасында «орыс билігі», «орыс революциясы», «атеистік коммунизм» және осыған ұқсас саналық ұғымдар бірінші кезекте алға тартылды. Әсіресе, бұл саяси науқан 1930 жылдары КСРО мен «халықтар достығы» деген сөздер күн тәртібіне енген кезде, «жаңа

жаратылған кеңестік адамы» санасының ажырамас бөлігі ретінде кеңінен пайдаланылды. Кейіннен кеңестік тарихнамада «халық» деген сөздің алдына «кеңестік» ұғым қосылып «кеңестік адам» деген терминология қолданысқа енді. Нәтиже 1920-1930 жылдары Кеңес мемлекетінде барлық ескі негіздер мен дәстүрлерді толық өзіне сіңірген жаңа идеология қалыптасты.

Аталған кеңестік идеологияның салдарынан түркі-мұсылман халықтары ұлттық тілінен алшақтатыла бастады. Советтік парадигманың көшбасшылығы «Орыс тілінде Ленин сөйлегені үшін бұл тілді үйренемін» деген ұранды сөздерді КСРО көлемінде жая бастады. Бұл тарихи үдерісті түркі халықтарын бірінші кезекте латын жазуына, кейінен кириллицаға ауыстыруынан бастады. Латын әліпбиін енгізудің алғашқы әрекеті Якутияда басталды. 1917 жылы жасалған әліпби 1920 жылы ресми түрде қабылданды [396]. Дегенмен, көптеген зерттеушілер кеңестік қайта құрудың алғашқы кезеңінде *«Кеңестік мемлекет пен коммунистік партияның саяси доктринасының сипатына сәйкес келетін, қоғамдық өмірдің барлық салаларын басқаруға ұмтылатын»* жазуды модернизациялау ретінде алфавиттерді латынға өткізуді басымдық берілгендігін атап өтті [397]. Түркітанушылар Г.Нугайбек, Л.В. Щерба, С.Агамалы-Оғлы жетекшілігімен жасалған латын әліппесінің негізі түркі-мұсылман халықтарының араб жазуын алмастыруына бағытталған-ды.

Латын әліпбиі алғашқы рет КСРО-да 1923 жылы Әзірбайжанда енгізілді. Кейіннен РСФСР Халық Комиссариатының ұлттық азшылықтарды оқыту жөніндегі арнайы комиссиясының белсенді қолдауымен «жаңа әліпбиге» көшу бастамасы КСРО-ның барлық түркі халықтарына таралды. 1924 жылы Мәскеудегі Шығыстану ғылыми қоғамында жалпы түркі құрылтайына дайындықты бастаған түркі халықтары үшін латын әліппесінің қауымдастығы құрылды.

1926 жылы ақпанда Бакуде КСРО-ның түркі халықтарының көпшілігі: татарлар, қазақтар, өзбектер, чуваштар, Солтүстік Кавказ, Сібір, Якутия түріктерінің өкілдері жиналған алғашқы Бүкілодақтық түркологиялық конгрессы ашылды. Съезге қатысу үшін КСРО Ғылым академиясының, Шығыстану ғылыми қауымдастығының, Украина ғылым академиясының, Закавказье шығыстану қауымдастығының, Түркия, Германия, Австрия, Венгрия және Иранның ғалымдары келді. Конгреске барлығы 131 делегат қатысты. Кеңес түркілерінің жаңа латын әліпбиіне көшу мүмкіндігі талқыланатын басты мәселе болды. Съезд барысында орын алған пікірталастар латын әліппесіне қатысты ойларды екі бағытта өрбітті. Әліппенің латын негізіне көшіру қарсыластарының пікірінше, бұл мәселе КСРО құрамындағы түркі-мұсылман халықтарын басқа мұсылмандардан оқшаулануына тірейді деген пікірді алға тартты. Басқалары кириллицаны сақтау мүмкін емес деп санады, өйткені бұл алфавит патшалық Ресейдің ұлттық саясатымен тарихи байланыста болып, түркі халықтарын орыстандыруға жетелейді деп сенді [398]. Түркологиялық конгресстің жұмысы барысында латын графикасын енгізу үшін бүкілодақтық орган құруды ұлттық республикалар «латын әліпбиін қаншалықты енгізе алады» деген шешім қабылдағанға дейін кейінге қалдыру керек деген шешім қабылданды. Соған қарамастан, ұлттық республикалардың бірнеше өкілдері С.Агамалы-Оғлы басқарған латын әліпбиінің Әзірбайжан комитетіне кірді. Әзірбайжан оларға латын әліпбиін енгізуге көмектесті.


Әліппені латынға өткізудегі Әзірбайжанның рөлінің артуына байланысты Әзірбайжан әліпбиін латындандыру жөніндегі комитеті КСРО ОАК-не Бакуде тұрғылықты жерін сақтай отырып, оны Бүкілодақтық деп жариялау туралы өтініш берді. Бұл мәселені талқылау 1926 жылдың қазан-қараша айларында өткен КОКП (б)-

ның XV-ші конференциясының отырысында ұсынылды, онда екі көзқарас айқын көрінді. «Түрікменстан, Татарстан, Қырым, Қырғызстан (Қазақстан – М.Э.) өкілдері» КСРО Орталық Атқару Комитетінде латын графикасына көшу жөніндегі комитеттің құрылуына үзілді-кесілді қарсы болды [399]. Өзбекстанның жауапты делегациясы екі позицияны ұстанды: біріншісі, комитет құруға қарсы шықты, ал екіншісі, керісінше қолдады. Әзірбайжан өкілдері Башқортостан, Бурят-Моңғолия және Дағыстаннан келген делегаттар қолдаған комитеттің құрылуына дауыс берді. Конференцияда латын әліпбиіне көшу туралы ғылыми басшылықты орталықтандыру қажеттілігі нақты айтылды, өйткені тәжірибенің өзі «бұл мәселеде көптеген шырғауықтар бар» деп көрсетті [399, 21 п.].

Ғылыми орталықтың Мәскеуде немесе Бакуде орналасуы туралы мәселе де талқыланды. Оның араб алфавитінен латынға көшу мәселелері бойынша Мәскеуде жұмыс істеген «Бүкілодақтық шығыстану қауымдастығына» жүктеу шешімі қабылданды. 1926 жылы КСРО-ның ОАК-нің кезекті сессиясында С.Агамалы-Оғлы басқа республикалардың өкілдерінің Мәскеуде жиналуын пайдаланып, жиналыс өткізді және оның шешімімен Жаңа түрік әліпбиінің бүкілодақтық комитетін (ЖТӘ БК) құрды. Кейіннен ол Бүкілодақтық большевиктер коммунистік партиясы ОК-нің Ұйымдастыру бюросының «Жаңа түрік әліпбиінің бүкілодақтық комитеті туралы» шешімімен қолдау тапты, оған сәйкес Бакуде түркі халықтарының латын әліпбиіне көшуіне ықпал ететін Бүкілодақтық комитет құру қажет деп санады, оның төрағалығына С.Агамалы-Оғлы ұсынылды. Барлық алдын-ала жұмыстарды орындау үшін Ұйымдастыру бюросының шешімімен С.Агамалы-Оғлы, Файзулла Ходжаев, В.Н. Айтақов, К.Құлбешеров, С.М.Диманштейннен құралған комитеттің уақытша төралқасы құрылды. КСРО Орталық Атқару Комитетінің соңғы шешімі 1927 жылы 11 мамырда шықты, ал 1927 жылы 1 маусымда ЖТӘ БК-нің бірінші пленумы шақырылды [400].

1929 жылы тамызда ЖТӘ-і ОК-нің белсенді қатысуымен ОАК-і мен КСРО Халық Комиссарлар Кеңесі латынға көшудің құқықтық негізі болып табылатын «КСРО араб жазуы халықтарының жаңа латынша жазылған әліпбиі туралы» бірлескен қаулысын қабылдады. Жарлыққа сәйкес түркі халықтары латын әліпбиіне көшуге мүмкіндігінше тезірек, яғни екі жыл ішінде көшуі керек еді. Мемлекеттік маңызы бар барлық мекемелер мен кәсіпорындар араб тіліндегі басылымдарды тоқтатумен латын әліпбиін қолдануға міндеттелді. ЖТӘ-і Орталық Комитетінің КСРО ОАК-і Ұлттар Кеңесі Президиумының алдында 1930 жылы 17 тамызда жасаған 1927-1930 жылдардағы жазуды латынизациялау нәтижелері туралы баяндамасынан кейін, оны тікелей Кеңес Президиумына беру үшін Бакуден Мәскеуге ауыстыру туралы шешім қабылданды.

1929-1930 жылдары латынға көшудің жаңа кезеңі басталды. Ендігі жерде жана әліппе тек түркі халықтарының ғана емес, сонымен бірге КСРО-ның басқа да тілдік топтарының жаңа әліпбиіне көшу басталды. 1929 жылы РСФСР Халық ағарту комиссариаты Бас ғылымның жанынан орыс жазуын латынизациялау бойынша 13 адамнан тұратын арнайы комитет құрылды. Бұл комитет кириллицалық әліппені «социалистік құрылыстың



Араб жазуынан латынға ауысу

идеологиялық түрі, графикалық артефакт, **сәтінен. Балқар әйелдерінің сауат ашу сабағы**
орыс феодалдары,

жер иеленушілер мен буржуазия, авторитарлық езгі, миссионерлік үгіт, ұлы орыс ұлттық шовинизмі және зорлықпен орыстандырудың классикалық графикасы» деп жариялады [401]. 1930 жылдың басында Н.Ф. Яковлев бастаған топ лингвистердің, кітаптанушылардың, баспа инженерлерінің қатысуымен латындалған орыс тілінің дайындалған үш нұсқасын ұсынды. А.М. Пешковскийден басқаларының бәрі қол қойған қорытынды құжатта орыс латын әліпбиінің бір-біріне ұқсамайтын тұстары бар еді.

Бірқатар зерттеушілер үкіметтің латын әліпбиіне көшуге мәжбүрлеу туралы шешімдерін «қызыл әскердің шабуылы» идеясына ұқсатты, соған сәйкес осы іспетті күрделі әлеуметтік мәселе арқылы сауатсыздықты жоюға болатындығын атап өтті. Шындығында, әліпбидің жаңа формасына көшу сауатты адамдардың өзін қайта даярлауды қажет етті, «шығыс халықтарының жалпы сауатсыздығын жою» міндетін қиындатты немесе орыстандырудың жаңа әдістерін ойластыру қажеттілігін туындатты деуге болады.

Комитет тарихынан латын графикасына көшу процесі партиялық-мемлекеттік аппараттың тұрақты бақылауында болғанын аңғаруға болады. Мәселен, жаңа қырғыз алфавитін КСРО-ғы басқа түркі халықтарының алфавитімен біріктіру мәселесі 1926 жылы 1-ші шілдеде өткен республиканың жауапты басшылары мен мәдени-ағарту қызметкерлерінің жиналысында шешілді. Қырғыз Автономиялық Кеңестік Социалистік Республикасы Кеңестерінің құрылтайшы конгресінің 1927 жылғы 12 наурыздағы қарарында: «Қырғызстанда 1927 жылдан бастап жаңа қырғыз алфавитін енгізілуі шарт» делінген-ді. Жаңа түркі әліпбиін біріктіру жөніндегі комиссия 1927 жылы маусымда Бакуде алфавиттік біртектілік мәселесін шешкеннен кейін, 1927 жылы қарашада өткен Төртінші Қырғыз аймақтық партия конференциясында «*жаңа қырғыз алфавитін енгізу және нығайту бойынша жұмыс қарқынын арттыру*» қажеттілігі туралы шешім қабылданды [402].

1926 жылы Өзбек КСР ОАК-нің Төртінші сессиясында араб алфавитінен бас тартып, латынға көшу туралы шешім қабылданды және 44 адамнан тұратын Жаңа Өзбек әліпбиінің Орталық Комитеті (ЖӨӘ ОК) құрылды, оның ішінде Ю.Ахунбабаев төраға қызметіне тағайындалды. Өзбек КСР ОАК-і тарапынан мақұлданған алғашқы жоспарға сәйкес жаңа әліпбиге көшу республикада 1932 жылдың аяғында аяқталуы керек еді. Бірақ «социалистік құрылыстың жылдамдығы мен жетістіктері» бұл үдерістің 1929 жылдың соңында аяқталды деп жариялады [403].

Түрікменстанда реформаланған араб графикасы бастапқыда уақытша енгізілді, оның орнына пайдалана басталған латын алфавиті сәтті нәтиже бермеді, 1928 жылдан енгізілген түрікмен тілі бірыңғай латын әліпбиіне ауыстырылды.

Татарстан мен Қазақстанда латын графикасына өтуге айтарлықтай қарсылықтар шықты. Оның негізгі себебі, екі республикада да араб графикасы сәтті түрде қайта жасалып, татар және қазақ тілдерінің дыбыстық сипаттамаларына бейімделген-ді. Дегенмен, І-ші Бүкілодақтық түркологиялық конгрессте латынға өту туралы шешім қабылданғаннан кейін де, Қазақстанда араб жазуының жақтастары Алаш ұлттық-демократиялық партиясы мен коммунистердің арасынан да шықты. 1927 жылдың қарашасына дейін Қазақ АКСР-ның Халық ағарту комиссары қазметін атқарған С.Сәдуақасов латынға өтуге қарсы шықты, «*бұл шараның ендігі жердегі «қызылдардың» отарлау мен орыстандыру саясатының жалғасы*» ретінде қабылдады [404]. Бірақ араб жазуына түбегейлі қарсы тұрған большевиктік билік, 1929 жылы 7

наурызда КСРО ОАК-і мен КСРО ХКК-і өз қаулысымен бүкіл елде араб графикасын қолдануға тыйым салды.

Уақыт өте келе латын графикасы Кеңес басшылығының талаптары мен мүдделеріне және олардың «халықтарды жедел жақындастыру мен біріктіру» саясатына сәйкес келмеді. 1932–1933 жылдары латынға өтуді тоқтату үшін науқан басталды. 1933 жылы большевиктердің БКП (б)-ның ОК-нің мәдени бөлімінің меңгерушісі А.И. Стецкий «жаңа әліпбиге» байланысты комитеттің жұмысы туралы есепті И.Сталин мен Л.М.Кагановичке тапсырып, *«латынға көшу міндеті едәуір және мұқият орындалды»* деп атап өтті [404, 148 п.]. Осы есепте жетістіктермен қатар кемшіліктер де аталып өтілді. Мәселен, КСРО құрамындағы әрбір халықтың жеке әліппесі қалыптасып, әріп сандарының 40 пен 129 арасында болғандығы жазылғанды. Сондай-ақ, А.И. Стецкий латын әліппесі негізіндегі бұрмалаушылықтардың көптеген тұстарын атап өтті. Осының нәтижесінде БКП (б)-ның ОК-нің ұйымдастыру бюросы мүшелерінің пайымдауынша, бұл жағдай бірқатар ұлттық республикаларда және аймақтарда, әсіресе Қырымда, Татарстанда, Дағыстанда, және Қазақстанда *«идеялық тұрғыдан бөтен элементтер (түркі-мұсылман халықтары – М.Э.) марксизм-ленинизм классиктерінің әдебиеттері мен аудармаларында буржуазиялық терминдер мен ұғымдарды»* пайдаланған [405]. КСРО-ның латын әліппесіне өту бағытында большевиктік үгіт-насихаттық жұмыстар күшее түсті. Газеттерде жұмысшылар мен колхозшылардың көптеген үндеу хаттары жарияланды. Бұл хаттарда, олар латын алфавитінің халыққа сәйкес келмейтінін және кирилл алфавитіне көшуге ниет білдіретіндерін жазған.

1935 жылы КСРО халықтарының тілдерін кириллицаға ауыстыру туралы мәселе көтерілді. БОАК-і Президиумының 1935 жылғы 10 ақпандағы отырысында солтүстік халықтардың кирилл алфавитіне көшетіндігі жайлы айтылды. Осы қарардан кейін КСРО-ның барлық аймақтарында кириллицаға өту туралы қыруар үгіт-насихаттық жұмыстар жүргізіле бастады. Мұрағат құжаттарында *«жұмысшы тап өкілдерінің өтініші бойынша КСРО халықтарының тілдері латыннан кириллге аударыла бастағандығы»* жайлы деректер молынан кездеседі [406]. 1938 жылы 13 наурызда КСРО ХКК-і және БКП (б) ОК-і *«ұлттық республикалар мен облыстардың мектептерінде орыс тілін міндетті түрде оқу туралы»* бірлескен қаулы шығарды. Мұрағат құжаттарында ұлттық республикалар мен облыстардың мектептерінде орыс тілін оқытудың қажеттілігі жайлы мынандай сылтау көрсетілген: *«орыс тілін білу КСРО халықтарының олардың әрі қарайғы экономикалық және мәдени өсуіне ықпал ететін күшті байланыс құралы болуы керек»* [406, 387-393 пп].

Осылайша 1936 жылмен 1945 жылдар аралығында КСРО-ның барлық аймақтары латыннан кириллге өткізілді. КСРО құрамындағы түркі-мұсылман халықтарының әліппесінің жылдам, әрі мәжбүрлі түрде өткізілуінің себептерін бірнеше факторлармен айқындауға болады: бірінші кезекте, шағатай тіліне негізделген араб графикасы түркі-мұсылман халықтарының ортақ тілі ретінде қалыптасқанды; екінші кезекте, «сауаттылық өлшемі» орыс тілін меңгеруімен есептелді, ал араб жазуы орыстандыру саясатына қарсы тұрған түркі-мұсылман халықтарының рухани күші еді; үшіншіден, араб жазуынан, латынға, сонан соң кириллге ауыстырудың астарында түркі-мұсылман халықтарының төл мәдениетінен, тілінен және дінінен ажырату және жылдам түрде орыс мәдениетіне кіріштар ету жатты.

4.3 И.Сталиннің түркі халықтарын депортациялау саясаты және оның

салдары

Жаппай саяси қуғын-сүргін кезеңінде негізсіз жазалау шаралары жеке адамдарға, әлеуметтік топтардың, таптардың, діндердің өкілдеріне ғана емес, сонымен қатар тұтас халықтарға қатысты қолданылды. Осы халықтардың арасында жаппай мәжбүрлеп көшіру немесе депортациялау саясаты сияқты саяси қуғын-сүргіннің тауқыметіне бірінші кезекте түркі-мұсылман халықтары тап түсті. Түркі-мұсылман халықтарының өздерінің тарихи мекендерінен зорлықпен қуғынға ұшыратудың бірнеше себептері болды. Кейбір авторлар кеңестік биліктің ІІ-ші Дүниежүзілік соғыста екінші майданның Кавказ арқылы ашылуы ықтимал деген жорамал жасап, И.Сталин Түркияға сенімсіздік танытты және түркі-мұсылман халықтарын депортациялауға мәжбүр болды деген пайымдар айтуда [407]. Осыған байланысты Ж.Гасанлы өзінің көлемді еңбегінде: *«Соғыстың аяғындағы кеңестік-түрік қатынастарындағы шиеленіс Кавказ бен Қырым түркілерінің тағдырына қайғылы әсер етті. Мемлекеттік қорғаныс комитетінің 1944 жылы мамырда Қырымнан және сол жылдың шілде айында Грузияның оңтүстік аймақтарынан түріктерді тарихи жерлерінен зорлықпен депортациялау саясаты туралы шешімдері әскери қажеттілікке байланысты емес және әскери операцияларға қатысы жоқ. Мұның бәрі Кремльде шабыттандырған Түркияға жасалған қысым саясатының элементтері болды»* деген ойын алға тартады [408].

Тарихи үдерістерге назар аударатын болсақ, ІІ-ші Дүниежүзілік соғыс жылдарында фашистік Германияның «бейтарап» одақтасы Түркияның саясатын алдын-ала болжау қиын болғандықтан, кеңес-түрік қатынастарында шиеленісті жағдай сақталды. Сол себепті түркі-мұсылман халықтарын зорлықпен депортациялау тақырыбына қатысты тарихнамада Түркияның КСРО-ға деген ұстанымы «жауыққан бейтараптық» саясат деп пайымдалды [409]. Оның негізгі себебі 1941 жылы 18 маусымда Түркияның 10 жылдық мерзімге қол қойылған Германиямен бірге «Достық пен шабуыл жасамау» туралы келісімі еді. 1941 жылдың қазан айында жаңа түрік-герман келісіміне қол қойылды. Түркияның мұндай сыртқы саяси бетбұрыстары, біріншіден, 1925 жылы 17 желтоқсанда жасалған «Достық және бейтараптық туралы» кеңестік-түрік келісімін жоққа шығарды, екіншіден, Түркияның Кеңес Одағына деген дұшпандық көзқарастарын айғақтады деген пайымдар айтылды. Осылайша, Түркия КСРО-ға оңтүстіктен шабуыл жасауда және Кавказ аумағында шабуылдаушы барлау мен диверсиялық іс-шаралар жүргізуде ыңғайлы аймақ ретінде қарстырылды.

Кеңестік-германдық соғыс кезіндегі түрік басшылығының саясаты екі мемлекеттің әскери жетістіктеріне байланысты өзгеріп отырды. Әсіресе Сталинград шайқасынан кейін Түркия дипломатиялық майдандарда сақтықпен әрекет етті. Түрік басшылығын И.Сталиннің Кавказдағы түркі-мұсылман халықтарына, олардың ішінде балкарларға, карашайларға, месхет түріктеріне, шешендер және ингуштарға жасаған репрессиялық саясаты аландатты. КСРО үкіметі түрікшілдік әрекетінің жандануы ықтимал сылтауымен Кавказдағы геосаяси ұстанымдарын өзгертуге байланысты жаңа шешімдер қабылдады. Осылайша, И.Сталинді КСРО-ның Түркияға бағытталған әскери қимылдарына қарсы Кавказ бен Қырымның түркі-мұсылман халықтарының шоғырлануы мен бірлігі туралы мәселесі қатты аландады. Екінші жағынан сталиндік зорлықпен қоныстандыру саясатын КСРО құрамында құрылған жаңа ұлттық кеңестік республикаларының ішкі демографиялық ахуалды өзгертуге негізделген саяси науқанмен байланыстыруға болады.

Сондықтан, бұл бөлімде сталиндік тұтас халықтарды құғын-сүргінге ұшырату және қоныстандыру саясаты бір жағынан түркі-мұсылман халықтарының демографиялық өсіміне кері әсерін тигізгенмен байланыстырып, олардың тағдыры мен тарихи үдерісін айғақтауды мақсат тұттық, екінші жағынан түркі-мұсылман халықтарының өзара ынтымақтастығын талдауды жөн көрдік.

БКП (б)-ның ОК-нің Саяси Бюросының 1942 жылғы 28 қаңтарда өткен отырысында *«Еуропа, Азия және әлемнің басқа елдерінің мемлекеттік құрылымы жайлы соғыстан кейінгі жобалар жөніндегі комиссия туралы»* мәселе қаралды. Ол арнайы құпия белгісі басылған «папкада» сақталды. Осы құжаттың ішінде түркі-мұсылман халықтарына арналған жаңа жобалар қарастырылды [410]. Отырыста, біріншіден, дипломатиялық материалдарды дайындау жөніндегі комиссияның міндеттерін, екіншіден, материалдарды дайындау жөніндегі комиссияның құрамы мен жұмысын бекіту туралы шешім қабылданды. Артынан түркі-мұсылман халықтары зорлықпен Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан және Сібір жерлеріне қоныстандырыла бастады.

1925 жылға дейін бірқатар республикалардың, соның ішінде Қазақстанның жерлері жоспарлы түрде зорлықпен қоныстану үшін ресми түрде жабық деп танылған еді. Жоспарланған зорлықпен қоныс аудару КСРО ОАК-і мен ХКК-нің 1928 жылғы 18 қаңтардағы *«Қоныс аударудың міндеттері, оны ұйымдастыру, қоныс аудару жоспарларын жасау негіздері және қоныс аудару іс-шараларын қаржыландыру тәртібі туралы»* шешімімен басталды. 1929 жылы сәуірде Қазақстан АКСР-і Кеңестерінің XVII съезінде республиканың басқа аймақтарынан жаппай қоныс аудару үшін республиканың шекараларын ашу туралы мәселе көтерілді [411]. 1930-шы жылдардың екінші жартысынан бастап, этникалық белгілерге негізделген халықтарды мәжбүрлеп көшіру саясаты басталды.

II-ші Дүниежүзілік соғыс қарсаңында немістерге қолдау көрсеткені және партизандық шабуылдар ұйымдастырғаны үшін немістер, поляктар және фин халықтары Қазақстан мен Өзбекстан жерлеріне депортацияланған еді. Түркі-мұсылман халықтарының зорлықпен құғынға ұшырап, тарихи мекендерінен көшірілуге тап түскен халықтардың депортациялануы 1940-шы жылдардың орталарында басталды. Бірінші кезекте құдалауға ұшыраған түркі-мұсылман халықтарының арасынан қарашайларды аңғаруға болады. 1943 жылы 15 сәуірде НКВД-нің және КСРО Прокуратурасы қарашайлар мен шешен халықтарын бандиттердің қатарына жатқызып, олардың «банда» жетекшілерінің отбасылары мен белсенді «бандиттердің» отбасыларын шұғыл түрде Қарашай автономиясынан басқа жерлерге қоныстандыру қажет деп тапты. Соның салдарынан шамамен 110 отбасы немесе 472 адамға жақын қарашайлар тарихи отанынан өзге жерлерге көшірілуге мәжбүр қалды [412]. Қарашай халқының басым бөлігі Қазақстанның Жамбыл және Оңтүстік Қазақстан (Түркістан облысы) облысына қоныстандырылды.

1943 жылдың желтоқсанында В.Чернышов КСРО Ішкі істер халық комиссары Л.П. Берияға *«Қарашайларды қоныстандыруға байланысты көңіл-күй туралы»* жіберген анықтамада былай жазылған: *«Қазақ КСР-нің Жамбыл және Оңтүстік Қазақстан облыстары Ішкі істер департаментінің және Қырғыз КСР НКВД-ның телеграфтық хабарларына сәйкес, қарашай қоныстанушыларының көңіл-күйлері тынышталуда. Соңғы уақытта қарашай жағынан да, жергілікті тұрғындардан да артық ештеңе болған жоқ. Бірақ қарашайлардың арасынан әлі де кеңестікке қарсылық білдіріп жатқан элементтер кездесуде. Олар (қарашайлар) зорлықпен қоныстануға байланысты іс-шараларда кеңестік билікті айыптауда. Қарашайлардың арасынан немістерге көмектескендеріне өкінбейтіні, өйткені қазір өмір сүргеннен гөрі олармен (немістермен)*

бірге өмір сүргені дұрыс деген жеке мәлімдемелері бар» [413].

КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1943 жылғы 12 қазандағы Жарлығы және ХКК-нің 1943 жылғы 14 қазандағы Қарашай Автономиялы аймағынан Қазақ және Қырғыз КСР-ге депортациялау туралы қаулысы осы әрекеттің негізінде жасалған барлық ережелерді қамтыды. Сондай-ақ, құқықтық актілерде, депортацияның себептерін «жаулап алу кезінде көптеген қарашайлықтар опасыздық жасаған» деген сылтаулармен байланыстырылды. Қарашай Автономиялық аймағындағы «тексерулер мен тазалаулардан» кейін 69267 қарашай ұлтының азаматы күшпен жер аударылды. Көрші автономиялық республикаларда, облыстар мен территорияларда тұратын қарашайлар да анықталды. Осы санаттағы 90-ға жуық қарашай шығысқа арнайы қоныстанушы (спецпереселен) ретінде құғынға ұшырады [414].

Солтүстік Кавказдан депортацияға ұшыраған халықтардың ішінде Кабардин-Балқар АКСР-нан келген балқарлар да болды. 1942 жылы тамызда республиканың бес аймағын неміс әскерлері басып алған-ды. 1942 жылы 24 қазанда немістер Нальчик қаласын өздеріне қаратты. 1943 жылдың басында Кеңес әскерлері партизандардың белсенді қолдауымен Кабардин-Балқар АКСР-ін босатып, республикада «қалпына келтіру жұмыстарын» бірден бастап кетті. Фашистік Германияға қарсы күресте олар балқар халқының соғыстағы үлесін сынап, «сатқындықпен» теңеді, оған қосымша «Балқарияның Эльбрусты қорғауға қабілетсіздігімен» байланыстырды. 1944 жылдың қаңтарында балқарларды депортациялауға ұшырату туралы алғашқы алдын-ала талқылау өтті. Мемлекеттік қорғаныс комитетіне «осы мәселе бойынша пікір білдіру» ұсынылды [415]. КП-ның берген мәліметтеріне қарағанда, саяси жағдайға байланысты, мұнда, әскерге шақырылғандардың барлығы соғысудан бас тартты және «дезертирлер» қатарына жатқызылды. Кабардин-Балқариядан әскерге шақырылған 25305 әскерден 5500-ге дейінгілер «дезертир» деп табылды. Сондай-ақ, партия жетекшілерінің айыптау хаттарында балқарлар «бандиттік бүлікшіл топтарға» біріккен «наразы» адамдар деп саналды. 1943 жылдың мамыр айындағы жағдай бойынша Кабардин-Балқар аумағында 44 осындай топты құрастырған 941 адам жұмыс істеген, олардың құрамында көптеген партиялық және кеңестік жұмысшылар болды деген мәліметтер бар [416].

Мәселен, 1943 жылдың 23 шілдесінде Кабардин-Балқар АКСР-ның Ішкі істер халық комиссары П.К.Бзиава КСРО НКВД бөлімінің бастығы В.А. Дроздовқа жолдаған хатында: «Бандитизммен күресті күшейту үшін 1943 жылдың 12 маусымында:

1. Жедел топтарды аймақ НКВД аппараты мен полиция есебінен ұйымдастырды. 1943 жылдың 27 шілдесіне дейін аудандарға жеке сапармен бару НКВД РО-ның (Аудандық ішкі істер халық комиссариаты бөлімі) мұндай кадрлар мен қызметкерлермен жұмыс істемейтіндігін дәлелдеді. РО басшылары ауыстырылды, бірақ олар білікті емес жұмысшылар болып шықты. Бандитизмге душар болған 11 ауданда Халық Комиссарының орынбасары И.А.Серов келместен бұрын НКГБ және НКВД қызметкерлерінен РО бастықтары тағайындалды. Халық Комиссары Л.П.Берияның нұсқауына сәйкес Кабардин-Балқарияға келгендердің есебінен РО жедел штаты 10 адамға дейін ұлғайтылды: 30 маусымда Украин КСР-нің полиция қызметкерлері - 50 адам, НКГБ - Украина НКВД - 40 адам адам, Элиста операторлары - 28 адам, Қырым жұмысшылары - 5 адам. Барлығы - 163 адам. Барлығын аудан бойынша бөлді. КСРО НКВД ОК іс-сапарға 10-15 адамды жіберуге


қатысты сұрақ қойды. Балқар тілінде сөйлей алатын татарлар, өзбектер, қазақтар, әзірбайжандықтар келді, жалпы 3 адам жіберілді.

2. Бандитизмнен зардап шеккен аудандар НКВД әскерлерінің 170-ші бірлескен кәсіпорнының әскери гарнизондары мен НКВД әскерлерінің 18-ші Кавказдық полкінің 2 отряды (881 адам) арқасында күшейтілді, жергілікті атқыштар отряды құрылды, Нальчик қаласының жауынгерлік батальондары пайдаланылды ...» [417].

Бұл жағдай бүкіл балқар халқын депортациялауға жеткілікті болды. И.Сталиннің келісімі алынды. ГКО-ның (Мемлекеттік қорғаныс комитеті) 1944 жылғы 5 наурыздағы қаулысымен НКВД Қазақстанға 25 мың және Қырғызстанға 15 мың балқарларды депортациялауға міндеттелгені туралы айтылды. Операция 1944 жылдың 8 наурызында басталды. Тізімдегі 781 «көтерілісші-бүлікшіл» элементтерінің ішінен 440 адам тұтқындалды. Қарт ерлерді, әйелдерді, балаларды жүк көліктеріне жігіп, азық-түлік, киім-кешек және негізгі қажетті заттарды алдыртпай зорлықпен алып кетті. КСРО НКВД-ның балқарды депортациялауға байланысты 1944 жылы 17 наурыз күні сағат таңғы 06.00-де мынандай анықтама жіберген. Ол анықтамада Қазақстан мен Қырғызстан өңірлеріне балқарларды орналастыру бойынша тапсырма берілгенін аңғаруға болады: «14 эшелонға адамдар (балқарлар – М.Э.) жүктелді, 14 эшелон қозғалыста (Орынбор темір жолы бойынша 9 эшелон, Ташкентке 5 эшелон). Барлығы 37 713 адам эшелонға тиелді. Депортанттар Фрунзе облысына - 5446 адам, Ыстықкөлге - 2702 адам, Семейге - 2742 адам, Алма-Атаға - 5541 адам, Оңтүстік Қазақстанға - 5278 адам, Омбыға - 5521 адам, Джалал-Абадқа - 2650 адам, Павлодарға - 2614 адам; Ақмолаға - 5219 адам» [418].

1944 жылы 11 наурызда Берия И.Сталинге «балқарлардан 37103 адам депортацияланды» деп хабарлады. Бұл әрекеттер бүкіл балқарлардың көңіліне қатты тиді, олар туған жерлерінен айрылды. Көбісі таңданды. Бұл шаралар әсіресе, балқар жауынгерлеріне ауыр тиді. Ия, бұл түсінікті: олар майданда отаны үшін шайқасты, ал тылдағы отбасылары жұмыс істеді. «Мен Ленинград блокадасын бұзған әскерлердің бір бөлігінде болдым», - деп соғыс ардагері, Қызыл Жұлдыз ордендерінің кавалері, I және II дәрежелі соғыс ардагері, балқар Магомед Узеирович Созаев Кабардино-Балқар республикасының Ақ өзеңінің ауыл тұрғыны өз естеліктерінде жазды. Ол екі рет жарақат алды, әскери госпитальда қатты соққымен жатты. Сонан соң естеліктерін жалғастырып, «сол жерден үйге бірнеше хат жаздым. Олардың барлығы «адресат жойылды» деген жазумен қайта оралды. Мені тосын сый күтіп тұрған жоқ екенін білдім... соңында мен Ош облысына барып, туыстарымды таптым. Орта Азияда маған жақын адамдардан қайтыс болды: әкем, қызым, ұлым, екі қарындасым және олардың балалары» [419].

Нәтижеде 1944 жылдың сәуір айында КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының «Кабардин-Балқар Автономиялық Кеңестік Социалистік Республикасында тұратын балқарларды қоныс аудару және Кабардин-Балқар Автономиялық Совет Социалистік Республикасын Кабардин Автономиялық Кеңестік Социалистік Республикасына өзгерту туралы» КСРО КСР Жоғарғы Кеңесі төралқасының төрағасы М.Калинин және КСРО Жоғарғы Кеңесі төралқасының хатшысы А.Горкин қол қойған Жарлығы шықты. Жарлықтың негізгі мазмұны былай болды: «Фашистік басқыншылардың Кабардин-Балқар Автономиялық Кеңестік Социалистік Республикасының территориясын



жаулап алуы кезінде көптеген балқарлар өздерінің туған жерлерін өзгертті, немістер ұйымдастырған қарулы топтарға қосылды, Қызыл Армияға қарсы диверсиялық жұмыстар жүргізді, фашистік басқыншыларға Кавказдағы жолсерік ретінде көмек көрсетті және жау әскерлерін Қызыл Армия Кавказдан шығарғаннан кейін, олар немістердің Кеңес өкіметімен күресу үшін ұйымдастырған бандаларына кірді, КСРО Жоғарғы Кеңесінің Президиумы шешім қабылдады:

1. Кабардин-Балқар Автономиялық Кеңестік Социалистік Республикасының аумағында тұратын барлық балқарлар КСРО-ның басқа аймақтарына көшірілуі керек. Кеңес Социалистік Республикасы Одағы Халық Комиссарлар Кеңесіне жаңа қоныстардағы Балқарларға жер бөлініп, оларға экономикалық мәселелерде мемлекет тарапынан қажетті көмек көрсетілуі керек.

2. Балқарларды көшіргеннен кейін босатылған жерлерді Кабардин Автономиялық Кеңестік Социалистік Республикасының төменгі жердегі колхоздарынан колхозшылар орналастыруы керек.

3. Кабардин-Балқар Автономиялық Кеңестік Социалистік Республикасының атауын Кабардин Автономиялық Кеңестік Социалистік Республикасы деп өзгертілсін».

Осыған қарамастан соғыс аяқталу қарсаңында КСРО Ішкі істер халық комиссары Л. Берия 1944 жылдың 20 мамырында И.Сталинге «Кабардин АКСР-ның тұрғындарының арасынан немістер қуылғаннан кейін, балқарлар басқыншыларымен өз еркімен кетіп қалды, бірақ бұл Отанға сатқындардың отбасылары қалды. КСРО НКВД әр отбасы үшін агентуралық материалдарды тексеріп, Қазақ КСР-нің Жамбыл және Оңтүстік Қазақстан облыстарына Кабардин АКСР-нан 700 отбасын жалпы саны 2467 адамды депортациялау орынды деп санайды. Сондықтан, сізден балқарларды, шешендерді, қарашайларды және ингуштарды бірге көшіру қажет. Сіздің келісіміңізді сұраймын» деп хат жазды [420].


Л.П. Берияның И.Сталинге, В.М.Молотовқа, А.И. Маленковқа жазған хатынан Қазақстан мен Қырғызстанға депортацияланған түркі-мұсылман халықтарының жалпы саны мен бейімделу барысын көруге болады. Онда былай деп жазылған: «НКВД Мемлекеттік қорғаныс комитетінің 1944 жылдың ақпан-наурыз айларындағы шешімін орындау үшін 602 193 адам Қазақ және Қырғыз КСР-не тұрақты тұруға зорлықпен көшірілді.



Балқар, шешен, ингуш және қарашай халықтарын депортациялаудан үзінді сурет

Солтүстік Кавказдың тұрғындары, оның ішінде 496460 шешендер мен ингуштар, 68327 қарашайлар, 37406 балқарлар. Осы контингентті Солтүстік Кавказ аумағынан көшіру және жаңа тұрғылықты жерлерге қоныстандыру қанағаттанарлық түрде жүргізілді. 428 948 адам колхоздарға, 64703 адам совхоздарға орналастырылды, 908 542 адам өнеркәсіптік кәсіпорындарда еңбек пайдалануға жіберілді. Арнайы қоныс аударушылардың көпшілігі Қазақ КСР аумағына көшірілді жалпы 477809 адам. Алайда, Қазақ КСР-нің республикалық органдары Солтүстік Кавказдың арнайы қоныстанушыларының еңбек және экономикалық құрылымы мәселелеріне тиісті назар аудармады. Нәтижесінде, Қазақстанда арнайы қоныс аударушыларды орналастыру және олардың қоғамдық пайдалы жұмысқа тарту қанағаттанарлықсыз жағдайда болды. Колхоздарға қоныс аударған арнайы қоныстанушылардың отбасылары ауылшаруашылық артельдерінің мүшесі ретінде қабылданбады. Арнайы қоныстанушылардың отбасыларын үй учаскелері мен көкөніс бақшалары, сонымен қатар тұрғын үймен қамтамасыз ету қанағаттанарлықсыз деп табылды. Совхозға қоныс аударған және өндірістік кәсіпорындарға берілген арнайы мигранттар өндірісте жұмыс істеуге аз тартылды, тұрмыстық объектілерде аурулар, ұрлық және қылмыстық құқық бұзушылықтар анықталды. Қазақ КСР-де тәртіпті қалпына келтіру үшін 1944 жылдың мамыр айында бір топ жұмысшылармен бірге Ішкі істер халық комиссарының орынбасары Круглов жіберілді. Шілдеде 2196 түрлі қылмыс жасағандар арнайы қамауға алынды. Барлық істер арнайы жиналыста қаралады. НКВД-нің 429 коменданттары арнайы қоныс аударушылардың тұру режимін бақылау, қашып кетулерге қарсы күрес, КГБ жедел қызметтері және арнайы қоныс аударатын отбасылардың экономикалық жағдайын жақсартуға көмектесу үшін құрылды».

Месхет түріктерінің депортациялануына байланысты Мемлекеттік қорғаныс комитетінің төрағасы И.Сталин 1944 жылдың шілде айында Мемлекеттік қорғаныс комитетінің қаулысының жобасын дайындады. Сол жобаға сәйкес Грузин КСР мемлекеттік шекарасын күзету жағдайларын жақсарту мақсатында Мемлекеттік қорғаныс комитеті арнайы қаулысын қабылдады. Осы қаулыға қарағанда Грузин КСР шекаралас аймағынан, Ахальцик, Адиген, Аспиндз, Богданов аудандарынан және Аджария Автономиялық Советтік Социалистік Республикасынан 86000 халқы бар 16700 үй шаруашылықтарынан Қазақ КСР-не 40 мың, Өзбек КСР-не 30 мың, Қырғыз КСР-не 16 мың түрік, күрді және хемшиндарды зорлықпен қоныстандырылуы



жоспарланған [421]. И.Сталин дайындаған жобаның артынан КСРО Ішкі істер халық комиссары Мемлекеттік қауіпсіздік жөніндегі бас комиссары Л.Берия № 001176 бұйрығын шығарды. ГКО-ның 1944 жылдың 7 шілдедегі қаулысы мен НКВД-нің 1944 жылдың 9 сәуіріндегі осы бұйрығына сәйкес месхет түріктері ұжымдық жүйені қабылдаудан бас тартқаны, жауларына көмек көрсеткені, контрабандалық қызметпен айналысқаны және тыңшылық элементтермен байланыс құрып, бандалық топтардың қайнар көзі ретінде түріктің барлау органдарына қызмет еткені үшін, сондай-ақ халықтың едәуір бөлігі Түркияның шекаралас аудандарының тұрғындарымен отбасылық қатынастармен байланысты болғандықтан КСРО-ның басқа аймақтарына қоныстануы шарт деген шешім қабылдады. Осы шешімге сәйкес месхет түріктерінің басым бөлігі Қазақстан жерлеріне зорлықпен қоныстандырылды [422].

Қажетті дайындық шараларын ұйымдастыру және қоныс аудару жұмыстарын жүргізу мақсатында Ахалцих (Ахалцих ауданының бөлігі ретінде), Адиген (Адигенск ауданының бөлігі ретінде), Аспиндз (Аспиндз облысының бөлігі ретінде) және Ахалкалак (Ахалкалак және Богданов аудандарының бөлігі ретінде) төрт операциялық сектор құрылды. Операцияны қамтамасыз ету үшін, сондай-ақ Грузин КСР мемлекеттік шекарасын қорғауды күшейтуге қоныс аудару операциясы кезінде НКВД әскерлерінің келесі бөлімдері жұмылдырылды: 40, 281, 266-шы, 3-ші Қызыл Ту, 8-ші, 2-ші полк НКВД-ның ішкі әскерлері, НКВД әскерлерінің 1 және 2-ші Мәскеу дивизияларының арнайы бөлімшелері, Жоғарғы офицерлік мектеп, Мәскеу әскери-техникалық училищесі, НКВД-ның Саратов, Орджоникидзе, Ленинград және Харьков әскери училищелері, НКВД әскерлерінің саяси құрамы мен жедел курстары мектебі, барлығы 20 адам мың адам [423].

Депортацияға дайындық жұмыстары аяқталғаннан кейін Түркиямен шекаралас аймақтар қатаң бақылауға алынды. Оны Л.Берияның И.Сталинге жазған мәліметтерінен аңғаруға болады. 1944 жылдың 28 қараша күні Мемлекеттік қорғаныс комитеті И.Сталинге, КСРО Халық комиссарлар кеңесі В.Молотовқа және Бүкілодақтық большевиктер коммунистік партиясының орталық комитеті

Г.Маленковқа жәберілген ақпараттық хатта былай жазылған-ды: «КСРО НКВД Қорғаныс жөніндегі мемлекеттік комитетінің шешіміне сәйкес Грузин КСР шекаралас аймақтарынан түріктерді, күрдтерді және хемшиндерді қоныстандыру операциясы жүргізілді. Түркияның шекаралас аймақтарының тұрғындарының туыстарымен байланысты бұл халықтың едәуір бөлігі контрабандамен айналысқан, эмиграциялық көңіл-күйді көрсеткен және түрік барлау органдарына тыңшылар мен жалдамалы топтарды құрастырған. Қоныс аударуға дайындық 20 қыркүйектен 15 қарашаға дейін жүргізіліп, қоныс аударуға жататын адамдардың шекаралық әрекеттерін болдырмау мақсатында Түркиямен мемлекеттік шекара нығайтылды. Ахалцих, Адиген, Аспиндз, Ахалкалаки және Богданов аудандарын қоныстандыру операциясы 1944 жылдың 15-18 қараша аралығында және Аджар Автономиялық Советтік Социалистік Республикасының аймақтарынан 1944 жылғы 25-26 қарашада жалпы 91 955 адам қоныстандырылды. Арнайы қоныстанышылармен бірге барлық эшелондар Өзбек, Қазақ және Қырғыз КСР-не кетіп бара жатыр. Қоныс аудару операциясы келеңсіз жағдайсыз ұйымдастырылды. Грузин КСР-нің жоғарыда аталған шекаралас бос қалған аудандарына Грузияның төменгі жерлерінен 7000 шаруа қожалығы орналастырылды. Сонымен бірге КСРО НКВД Грузия КСР-нің Түркиямен шекаралас аймақтарында шекара режимін нығайту бойынша арнайы шаралар жүргізді» [424].

1944 жылдың 14-ші желтоқсанында Өзбек КСР-і Ішкі істер халық комиссарының орынбасары Мейердің КСРО НКВД арнайы қоныстар бөлімінің бастығы М.Кузнецовқа жіберген ақпараттарға қарағанда 29 вагонға жегілген түркі-мұсылман халықтары 7 облыс пен 43 ауданға қоныстандырылды. Олар, Ташкент облысына 13 131 адам, Самарқанд облысына 14 964 адам, Ферғана облысына 8613 адам, Андижан облысына 6881 адам, Наманған облысына 4537 адам, Бухара облысына 4446 адам, Қашқадария ауданына 641 адам, жылпы 53 163 адам қоныстандырылды. Олардың 10 813-і ер адамдар, 16127-і әйелдер және 26 223-і 16 жасқа дейінгі балалар. Ал жолда қайтыс болған адамдардың саны 293-і құрады [425]. Негізінен, бұл деректерде қайтыс болған адамдардың саны төмендетіліп көрсетілген. Себебі, тауар тасымалдауға арналған темір вагондарға 450-500 адамға дейін тиеген. Оларға өздерімен бірге азық-түлік алуға, тамақтануға мүмкіндік берілмеген және қыс айларында поездар депортацияланатын аймаққа тоқтаусыз екі аптадан бір айға дейін жол жүрген. Бұл жайында 1989 жылдың 30 қаңтарында «Известие» газетіне месхет түркісінің арнайы қоныстанушысы Чахо Читадзе естеліктерінде баяндаған. Оның айтуы бойынша месхет түріктерін екі айдың қақаған суық күндерінде, ыстық тамақсыз Орталық Азияға арнайы қоныс аударуға зорлықпен жіберген. Жолда әкесі қайтыс болған және қайтыс болғандардың көпшілігі жол бойындағы тұрақтар мен тасты алқаптарға жерленген [426].

КСРО Ішкі істер басшыларының берген мәліметтері көп жағдайда бір-біріне сәйкес келмейді. Бұны КСРО НКВДнің арнайы қоныстандыру аймақтары бөлімінің бастығы М.Кузнецовтың және КСРО Ішкі істер халық комиссарының орынбасары В.Чернышевтің 1944 жылдың желтоқсан айында КСРО Ішкі істер халық комиссары Л.Берияға жолдаған ақпараттық хатына негізделген мәліметтерге қарағанда, тұтас алғанда 92307 адам зорлықпен қоныстандырылуға тап түсті, олардың 18923 ер адам, 27399 әйел және 16 жасқа дейін 45985 еді. Өзбек КСР-не 53163 адам, Қазақ КСР-не 28598 адам, Қырғыз КСР-не 10546 адам зорлықпен қоныстандырылды. Колхоздарда 84596 адам, совхоздарда 6316 адам, өндірістік кәсіпорындарда 1395 адам жұмысқа жегілді, ал 457 адам жолға шыдамай қайтыс болған [427]. Мәселесен, Қырғыз КСР-і Ішкі істер халық комиссарының КСРО Ішкі істер халық комиссарының орынбасары В.В. Чернышевқа берген ақпаратқа сүйенетін болсақ, пойыздар 1944 жылдың 30

Кезінде депортацияға тап түскен Н.Каримовтың 1990 жылы «Союз» газетіне № 38-ші санмен жарияланған естеліктерінде сол күндер былай баяндалады: «Менің өмірімнің мысалы мен өмірбаянымда зорлықпен жер аударылған халықтардың тағдырын көруге болады. Біз Нахичеван (ол кезде Сталин) ауданының Кикач ауылында тұрдық. Менің әкем 1936 жылы, мен төрт жасымда болған кезде қайтыс болды. Анамның қолында тоғыз бала жетім қалды. Бұл менің алғашқы балалық шағым еді. Бір жылдан кейін тағы бір трагедия басымыздан өтті. Біз таңертең оянғанымызда, үйіміз бен ауылымызды мылтықтары бар әскерлер қоршап алғанын көрдік. Мылтықтарға темір ұшытықтар енгені де есімде. Олар бірдеңе айтып тұрды, ал ересектер қандай да бір себептермен жылады. Содан кейін мен әскерлердің айтқанының бәрін түсіндім. Қажетті заттарды жинаңыз деді олар, сізді басқа жерге апару керек. 24 сағат сіздерге уақыт беріледі. Ал сиырлар, үй? Қалғанын кейін сіз қайтып келген кезде алып кетесіз, деп жауап қайтарды. Жасы үлкен ағайындар мен апалар алып кетуге жарайтын заттар мен көрпелерді киізге тез арада жинай бастады. Келесі күні олар бізді жүк көліктеріне тиен, теміржол вокзалына жеткізді. Бізден жүк пен малға арналған вагондарға орналасуын бұйырды.

Бір жарым-екі ай жүрдік. Кейіннен білдік, бізді Қазақстанның Жамбыл қаласына алып келді. Сол жерден біздің ауылдағы бірнеше отбасы жүк көліктеріне отырды, оларды айдалаға апарып тастады. Шындығында, бір өзең ағып жатты. Олар: «Шатырлар бар ма?» деп сұрады - «Ия», - деп жауап бердік. «Міне, осы шатырларда тұра тұрығыздар, кейіннен өз ақшаларыңызға үй салып береміз». Сонымен қатар, кейін белгілі болғандай, бір ауылдың туыстары әртүрлі жерлерде орналастырылды.

Уақыт өте келе, саманнан үйшіктер салдық. Құдайға шүкір, біз бір жерге тоқтадық. Сонымен Жамбыл облысының картасында жаңа ауылдар пайда болды: олар, Буденный және Қасқа-Балақ. Барлық қайғы-қасірет артта қалған сияқты сезінді. Енді тыныштықпен өмір сүруге болатындай. Бірақ жоқ. Тағы бір қасірет. Дәл сол түні НКВД-нің қызметкерлері келіп, бәрін көтеріп, «отағасы кім?» деп сұрады. Абдулахтың жасы 22-де болатын және ол жақында үйленген еді, «мен» деп жауап қайтарды. «Бізбен бірге жүр». Міне, сол күннен бастап біз оған не болғанын білмейміз. Сол түні біздің ауылдағы барлық отбасылар үйіндегі ағаларынан айырылды.

Біз арнайы қоныстанушылар болдық. Шығу құқығынсыз, институтқа оқуға түсу құқығынсыз. Қысқасы, түрме. Рас, тікенді сымсыз. Шамамен бір жылдан кейін біздің ауылда мектеп ашылды. Барлық балалар мектепке баруға мәжбүр болды. Әрине, олардың бізді оқуға мәжбүрлейтініне қуандық ...

10-сыныптан кейін мен комендантқа келдім - мен институтқа оқуға түскім келеді. Қайдағы институт, олар маған жауап берді. Он жыл білім алғаныңа рахмет айт және ауылда жұмыс жаса. Содан кейін мен Сталинге хат жаза бастадым, өйткені біздің барлық үмітіміз бен ойларымыз осы адамға байланысты еді. Мен оқығым келетінін жаздым. Конституция мұндай құқық береді.

Бірнеше айдан кейін комендант мені шақырып: «Сталинге жаздың ба? Міне, жауап: сіз жоғары оқу орындарында оқи аласыз, бірақ елордада (Мәскеу – М.Э.) емес. Институты бар бірнеше қаланы таңдаңыз, сонда біз сізге баруға рұқсат бере аламыз». Ол кезде мен бүкіл Қазақстанда оқи алатынымын, алайда тек Қызылорда мен Шымкентте ғана ЖОО-дар бар еді. Қызылорда - Қазақстанның бұрынғы астанасы. Корейлердің Қиыр Шығыс Педагогикалық Институты 1937 жылы корейлер жер аударылғаннан кейін сол жерге ауыстырылды.

Институтты бітірген соң аспирантураға түскім келді. Бірақ тағы да - елордаға тыйым. Маған Шолақтау (қазіргі Қара-Тау) ауылында сабақ беру үшін кетуге тура келді. Бұл 53-ші жылдары болды. Ал 1956 жылы, үш жыл жұмыс істеп, тағы да аспирантураға

түскім келді. Менің арманым Хрущевтің «переселендер» атауын мұғалімдерден алып тастауды ұсынған бір сөзіне сәйкес келді: «Біз оларға жас ұрпақты тәрбиелеуде сенім артамыз, бірақ негізгі құқықтарынан айыра аламыз ба». Айтпақшы, мектебімізде грек мұғалімі, қарашай мұғалімі бар еді, алайда бәріміз де өз жолымызды таңдауға құқығымыз жоқ еді.

Бір жылдың ішінде біз төлқұжаттарды ауыстырдық, онда: «шығуға құқығы жоқ» деген Тәңір атқыр мөртабадан құтылды. Оқу жылын бітіріп, Мәскеуге аттандым»

Қазақ КСР-і Ішкі істер халық комиссарының орынбасары Николаевтың 1945 жылдың 25 желтоқсанында КСРО НКВД-нің арнайы қоныстандыру бөлімінің бастығына «Грузин КСР-нен арнайы қоныс аударушыларды шаруашылық жұмысқа орналастыру туралы» жолдаған ақпараттық хатта Қазақ Республикасында 6455 отбасы (27677 адам) қоныстанғаны және оның ішінде 16 жасқа дейінгі 13735 бала бар екендігі туралы нақты мәліметтер кездеседі. Қоныстанғандардың арасынан колхоздарда 9332 адам, совхоздарда 846 адам, өндірістік кәсіпорындарда 588 отбасы (10 736 адам) жұмыс істеген. Сонымен қатар 193 әйел жұмысқа тартылмаған, ал білікті мамандардың саны 48 еді [433]. Осыған орай «Союз» газетінің 1990 жылдың № 23 санында Ю.Сафаровтың естелігінде мынандай нақты мәліметтер кездеседі: «Сенің Отаның қайда?» - деп, мен немеремнен сұраймын, ол жүрегін көрсетеді: «Міне!» деп күледі, ол өте кішкентай және байсалды, Отаның не екенін түсінбейді, мен оған үйреткенімді қайталайды. Мен ол сияқты кішкентай кезімде, менің Отаным аяғымның астында, ауада, ағаштарда, күнде, менің ата-бабаларымның Месхетия-Жавахатия құтты жері еді. Бірақ 1944 жылдың қараша айының бір түнінде біздің ауылға көліктер келіп, түрік ұлтының барлық адамдарын тиіп алып кетті. Әрине, ешкім туған жерінен мәңгіге кететініне сенбеді. Бұл түсініксіз, айтуға келмейтіндей болды. Өйткені, біз, түріктер, соншалықты қатал жазаланатындай ешнәрсе істеген жоқпыз.

Біз шаруалармыз және адалдықпен, гасырлар өткен сайын өз жерімізде, енген мемлекеттің заңдарын сақтай отырып, жұмыс істеп келдік. Кеңес режимі толығымен мойындадық, Түркиямен шекара ашық болса да, ешкім ол жерге барып қоныстанбады. Кеңес халқы үшін ауыр тиген Ұлы Отан соғысы басталған кезде, біз бәрімен бірге фашизмге қарсы күрестік. Әрбір үйді қайғы мен жоқтау орады, жерлеу рәсімдері өтіп жатты... Сондай-ақ, мен тағдырдың әділетсіздігі мен қатыгездігін түсіну адамға қаншалықты қиын деп ойлаймын. Бізді жүз шақырымнан асатын белгісіз жаққа апарған пойыз бір аялдамада тоқтаған кезде, менің атам көріп, ол қарсы бағытқа кері жүре бастады деп ойлады. Ол дауыстап: «Қараңдаршы! Біз қайтып келе жатырмыз» деп айқайлады. Атам қателесті.

Біз сол кезде де, кейін де оралған жоқпыз. Оның үстіне, біз Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан жерлерінде шашырап кеттік. 125 мың әйелдің, балалардың, қарттардың және соғыс мүгедектерінің тек 17 мыңы қоныс аудару орындарына барар жолда қайтыс болды. Келгеннен кейін қаншасы бақилыққа аттанды! Ешкім бұл туралы ойламаған. Сталиндік өтем ақысы осындай болды, Отанын қорғауға кеткен 40 мың түріктің, 26 мыңы - Кавказдан Берлинге дейін бастарын қатерге тікті. Қайтып оралғаннан кейін олар аяқ астынан арнайы қоныстанушыларға айналды және барлығы Кеңес Одағының Батырларын қосқанда, 12 жылға созылған коменданттық бақылауға алынды. Бұл қорлау, абыржу және әлсіздік жылдар ұзаққа созылды.

XX съезд Сталиннің жеке басына табынушылықты айыптап, оның аяусыз зұлымдықтарының бетін ашқанда, бізге қаншалықты сынақтардан кейін күн басымызға жарқырап тұрғандай көрінді. Алайда тағы бір ащы шындықты бастан өткізу керек еді. Кейбір әділетсіз жер аударылған халықтар тарихи отандарына орала алды, бұл жолы тағдыр бізге тағы жымыған жоқ. Біздің ата-бабаларымыз мыңдаған жылдар бойы өмір сүрген Грузияның бес аймағы шекара аймағының шеңберіне алынды, ал біздің ұмтылыстарымыз

жоққа кетті».



Қырым татарларының қоныстанған жерлерінен көрініс сурет

Соғыс жылдарында Қырым АКСР-гі оқиғалар да бетбұрыс жағдайда өрбіді. Кеңестік билік трапынан дәстүрлі түрде «ұлтшыл элементтер» деп айыпталған белсенді қырым татарлары немістердің қызметіне өтіп, оларды қолдады, дегенмен татар халқының едәуір бөлігі кеңес режиміне адал қызмет етті. Мемлекеттік қызметтердің мәліметінше, «ұлтшылдардың» дұшпандық әрекеттерінің алдын алуға бағытталған шаралар жеткіліксіз болып, 1944 жылы 11 мамырда Мемлекеттік қорғаныс комитеті Қырым татарларын қуып шығару туралы № 5859сс қаулы қабылдады. Операция жетекшілері мемлекеттік қауіпсіздік комиссарлары Б.Кобулов пен И.Серов тағайындалды [434].

КСРО Ішкі істер халық комиссары Мемлекеттік қауіпсіздік жөніндегі бас комиссар Л.Берия мен Мемлекеттік қауіпсіздік халықтық комиссары 1-дәрежелі мемлекеттік қауіпсіздік комиссары В.Меркулов 1944 жылдың 13 сәуір күні № 00419/00137 КСРО Ішкі істер халық комиссарына және КСРО Мемлекеттік қауіпсіздік халық комиссарына «Қырым АКСР-нің территориясын антикеңестік элементтерінен тазарту шаралары туралы бұйрыққа қол қойды. Б.Кобулов пен И.Серовтың 1944 жылдың 22 сәуірінде Л.Берияға жіберген ақпараттық хатына сәйкес, 1940 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша Қырым АКСР-і халық саны 1266,8 мың, ал татарлар 218 мыңды құрады. Сондай-ақ татар халқының саны туралы нақты мәліметтер болған жоқ. 1940 жылғы 17-20 сәуір аралығына дейінгі кезеңде Қырымнан 180 мың адам эвакуацияланды. Қызыл әскер қатарына шақырылғандар 90 мың адамды құрады, оның ішінде 20 мыңы қырым татарлары, 62 мың неміс жер аударылды, ал 67 мың еврей, қарайым және қрым татарлары немістер тарапынан атып өлтірілді. 50 мың адам немістер тарапынан Кубадан, Таман түбегінен Қырымға күштеп көшірілді. 20 мың қырым татарлары 1941 жылы 51-ші армиядан Қырымнан шегіну кезінде кетіп қалды. Евпатория секторында 67 адамнан тұратын тыңшы және диверсиялық резиденция бой көтерді, оны 1942 жылы неміс армиясының оберлейтенанты Милтсон «Ваки» деп аталатын Қырым жер ресурстары басшылығына қарасты қойшылар тобының атымен құрды [435]. Осылайша, қырым татарларының дерлік барлығы фашистік әрекеттерімен айыпталып, халық жауы қатарына

жатқызылды.

1944 жылдың 20 мамырында Б.Кобулов пен И.Серов қырым татарларының зорлықпен көшіру туралы Л.Берияға есеп берді: «... ағымдағы жылдың 18 мамырында сіздің нұсқауларыңызбен басталған қырым татарларын көшіру жөніндегі операция бүгін, 20 мамырда, сағат 16.00-де аяқталды. 18 эшелонға 180014 адам тиелді, оның ішінде 173 287 адамның 63 эшелоны межелі жерге жіберілді, қалған 4 эшелон бүгін жіберіледі». Сонымен қатар, Қырым аудандық әскери комиссариаттары Қызыл әскер Бас дирекциясының бұйрықтарына сәйкес Гурьев, Рыбинск, Куйбышев қалаларына жіберілген 6000 бойжеткен татар жастары мобилизацияланды. «Москвуголь» тресінің қарамағындағы 8000 арнайы қоныстанушылардың 5 мыңы да татарлар. Жалпы алғанда, 191044 татар ұлтының өкілдері Қырым АКСР-нен шығарылды. Операция жетекшілері өз есебінде шығарылған кезде 137 «антисоветтік элементтер» тұтқындалғанын және барлығы 5899 адам қамауға алынғанын атап өтті [436].

Қырым татарлары Қазақ және Өзбек КСР-не, Ресей Федерациясының жекелеген аймақтарына қоныс аударды. Зорлықпен қоныс аудару ең қиын жағдайда өтті. 1944-1945 жылдары Қырымнан арнайы қоныс аударушылардың 44887 адамы қайтыс болды, яғни өлім 19,6 % құрады. Ал Л.Берияның Мемлекеттік қорғаныс комитетіне жазған ақпараттық есебіне қарағанда Қырымда соғысқа дейінгі халық саны 1 126 000 адамды құрады, оның ішінде татарлар 218000 адам, соның ішінде 67000 еврей, қарайым, қырым халқы өлім жазасына кесілді, 50000 адам Германияға жеткізілді, 5000 адам эвакуацияланды. Осындай қиын жағдай фашистік диверсиялық топтардың әрекеттерімен түсіндірілді.

Соғыс жылдарында Қырымның азат етілген аудандарында нацистік қызметтестердің 1 178-і қамауға алынды. Д.Әбдірешидовтың «Татар ұлттық комитеті» құрылып, Қырымның барлық татар аймақтарында бөлімшелері ашылды деген сылтаулар белең алды. Тылдық жұмыстарда тыңшы агенттер жалданып, немістер құрған татар дивизиясына еріктілер жұмылдырды, жергілікті татар емес халықты Германияға және т.б. жұмысқа жіберілді деген ақпараттық хаттар орталыққа жіберіліп отырды. Дегенмен, 1944 жылы 40000 адам Қызыл әскер қатарына шақырылды [437]. Осындай ақпараттық хаттардың салдарынан 1944 жылдың 10 мамырында Л.Берия И.Сталинге Қырымды қырым татарлардан тазарту керектігі жайлы ұсыныс жолдаған болатын. Бұл ұсыныста Л.Берия аймақтың стратегиялық маңыздылығының атап, қырым татарларының КСРО-ның фашистік Германиямен соғысудағы «зиянды элемент» екендігін тілге тиек еткен. И.Сталинге жіберілген хаттан мынандай үзінді келтіруге болды: *«Қырым татарларының Кеңес халқына жасаған сатқындық әрекеттерін және олардың Кеңес Одағының шекараларында одан әрі тұруының мүмкін еместігін негізге ала отырып, КСРО НКВД сіздің қарауыңызға Мемлекеттік қорғаныс комитетінің барлық татарларды Қырым аумағынан көшіру туралы шешім жобасын ұсынады.*

Қырым татарларын Өзбек КСР-нің аймақтарында ауылишаруашылығында, колхоздарда, совхоздарда, өнеркәсіп пен көлік пайдалану жұмыстарында арнайы қоныс аударған дұрыс деп санаймыз. Өзбек КСР-ге татарларды қоныстандыру мәселесі Өзбекстан Коммунистік партиясының (большевиктер) хатшысы жолдас Юсуповпен келісілді.

Алдын ала мәліметтер бойынша, қазіргі уақытта Қырымда 140-160 мың адам тұрады. Көшіру операциясы 20-21 мамырда басталып, 1 шілдеде аяқталады. Қаулы жобасын ұсына отырып, сіздің шешіміңізді сұраймын» [438].

Осылайша КСРО құрамындағы түркі-мұсылман халықтары жазықсыз тарихи

отандарынан бірнеше күн ішінде зорлықпен көшіріліп, Орта Азия мен Қазақстан жерлеріне қоныстандырылды. КСРО-ның түркі-мұсылман халықтарының депортациясында бірнеше факторлар рөл атқарды, ал оларды жазалау коэффициенті басым одан да сорақы болды.

Біріншіден, қырым татарлары, ахыска түріктері, қарашай және болгар халықтары сан жағынан аз еді, сондықтан оларды тез және күшпен жер аударуға мүмкіндік туған еді. Егер И.Сталин мен Л.Берияның түркі-мұсылман халықтарына қарсы пайдаланған депортациялық саясатты сараптайтын болсақ, олардың көп ортақ тұстары болады. Бұл кішігірім халықтар және олар жабық өмір сүріп жатты, өзге халықтардың көп бөлігінен ерекшеленетін мәдениеті мен қалыптасқан дәстүрлері бар, оларға сыртқы жағынан әсер ету қиын еді. Депортацияланған түркі-мұсылман халықтары ықшам өмір сүрді және олардың саны 500 мың адамнан аспады, бұл оларды аз күштерді жұмылдырып, жаңа жерге орналастыруға айтарлықтай ресурстар жұмсамауға мүмкіндік берді. Ірі халықтардың жер аударылуы үлкен қиындықтар туғызды, сондықтан Орталық Азия мен Еділ-Орал төңірегіндегі түркі-мұсылман халықтарына қарсы репрессиялық саясатты ұстану тиімді болды.

Екіншіден, көптеген түркі-мұсылман халықтарының стратегиялық маңызды немесе шекаралас аймақта өмір сүруі. Қырым, Кавказ аймағы сияқты шекаралас аудандарда татарлардың, месхет түріктерінің, қарашайлардың, болгарлардың және басқа да ұлттық азшылықтардың болуын қаламайтындығы, тіпті Л.Берияның ақпараттық хаттарында бөлек көрсетілген. Соғыстан бұрын да Кеңес үкіметі шекаралас аудандардан азшылықтардың жер аударылуын жүзеге асырды. Мысалы, 30-шы жылдардың соңында Түркиямен шекаралас аудандардан месхет түріктері зорлықпен көшірілген-ді.

Үшіншіден, партизандық соғыстан қорқу немесе жаңа дүниежүзілік соғыс жағдайында 1941-1942 жылдардағы жағдайды қайталау. Жер аударылғаннан кейін барлық түркі-мұсылман халықтары арнайы қоныстарда өмір сүрді. Олардың бостандығы шектелмеген, бірақ тұрғылықты жерлерінен кете алмады. Хрущевтің тұсында, барлық жер аударылғандар өздерінің отанына орлауға рұқсаттарын алды, алайда қырым татарларына шектеулер заңдық күшін жоймай келді. Түркі-мұсылман халықтарының зорлықпен қоныстандыру саясаты 1967 жылы ғана негізсіз деп танылды. Осыған қарамастан депортацияға тап түскен түркі-мұсылман халықтары қоныстанған аймақтарында жергілікті түркі халықтарымен тез арада сіңісіп жатты. Олардың өзара ынтымақтастығы мен байланыстары бүгіндегі саяси тұрақтылық пен ел ішіндегі татулық дәлел бола алады.

5 КСРО-НЫҢ ЫДЫРАУЫ ЖӘНЕ ТӘУЕЛСІЗ ТҮРКІ МЕМЛЕКЕТТЕРІНІҢ ӨЗАРА ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫНЫҢ ЖАҢА ДӘУІРІ

5.1 Түркі мемлекеттерінің өзара ынтымақтастығының орнатылуы мен дамуы

1922 жылдың 30 желтосанында Кеңестердің Бірінші Бүкілодақтық Конгресі КСРО-ның құрылуы туралы декларацияны қабылдады. Кеңес Одағы өзінің өмір сүру кезінде И.Сталиннің тоталитарлық жүйесін, Н.С.Хрущевтің «жылымылығын», Л.И. Брежневтің «тоқырау» жылдарын және КСРО-ның Президенті болған М.С. Горбачевтің «қайта құруынан» өтті. Нәтижесінде Беловежьеде Беларусь, РСФСР және Украина басшылары КСРО-ны 15 тәуелсіз республикаға бөлген тарихи маңызы бар құжатқа қол қойды.

КСРО-ның ыдырау теориясын зерттейтін зерттеушілердің пікірлерін үш топқа бөлуге болады. Бірінші топтың ғалымдары КСРО-ның ыдырауын сөзсіз және табиғи үдерістермен байланыстырады. Большевиктердің саясаты, олардың пікірінше, бастапқыда үйлесімсіз болды, бұл Кеңес Одағының ыдырауына әкелді. Бұл пікірді Э.Т. Гайдар, А.Б. Чубайс және А.В. Кива алға тартады. Олардың пікірінше тоталитарлық коммунизм жүйесінде халықтың өмір сүру деңгейінің төмендігі мен этникалық қақтығыстар сияқты себептер бойынша өздігінен жойыла бастағанын жазады [439]. Ю.В. Шишков басқарудың социалистік моделінің жалпы дағдарысын, кез-келген экономикалық бастамаға ұмтылуды, КСРО-ның негізінен қаланған, кейіннен ыдырауына әкеліп соқтырған қатаң орталықтандырылған басқару жүйесін

атап көрсетеді [440]. Г.И. Мирский болса 1988 жылы КСРО үкіметі экономиканы бақылауды жоғалтып, республикалардағы көтеріліп келе жатқан ұлттық қозғалыстың жақсаруына қол жеткізе алмады деп атап өтті [441].

Екінші топқа жататын зерттеушілер КСРО-ның ыдырауына мемлекет басшылардың келіспеушілігі себеп болды деп санайды. Мысалы, 1991 жылы Беларусия Республикасының басшысы ретінде Беловежье келісім-шартына қол қойған С.С.Шушкевич Кеңес Одағының ыдырауы ішкі алғышарттар мен терең әлеуметтік-экономикалық дағдарысқа негізделгенін қарастып, Б.Н.Ельцин мен М.С. Горбачев арасындағы қақтығыстарға байланысты деп санайды немесе халықаралық аренадағы «қырғи-қабақ» соғысының салдары деген ойды нақтылайды. 1990 жылдан бастап РСФСР Министрлер Кеңесі төрағасының орынбасары Г.А. Явлинский 1991 жылы желтоқсанда, Беловежье келісім-шартына қол қойылғаннан кейін, оның тараптарлары Б.Н.Ельциннің әрекеттерімен келіспей үкіметтен кетті. Зерттеуші Д.Е. Фурман Одақтың құлдырауына даму емес, жеке пайданы көздейтін Ресей билігі өкілдерін кінәлі деп санайды [442].

КСРО-ның ыдырау себептерін зерттеген ғалымдардың үшінші тобы бұның басты себебін халықаралық аренада болып өткен үдерістермен байланыстырады. Мысалы, В.В. Серебрянников АҚШ қырғи қабақ соғыс кезінде пайдаланған сыртқы күштердің, саяси, ақпараттық, экономикалық іс-қимылдардың әсерін ерекше атап өтті [443]. Мұндай саясаттың нәтижесі коммунизмнің жойылуы мен КСРО-ның құрамына кірген ұлттық мемлекеттердің дербестік алуымен аяқталды.

Н.Н. Яковлев КСРО-ның ыдырауының басты себебін АҚШ-тың сыртқы саяси ықпалының күшеюімен байланыстырды [444]. Екінші дүниежүзілік соғыста Кеңес Одағының күші батыстық қарсыластарын мазалады және КСРО-ның ғылыми-техникалық күші батыстың алаңдаушылығын тудырды. Автордың айтуынша, АҚШ КСРО-ның әлемдік қауымдастыққа әсерін барынша азайтуға, әскери әлеуетін төмендетуге және коммунизмді жоюға ұмтылды. Н.Н. Яковлев, В.В.Серебрянников сияқты кеңестік қоғамның моральдық қағидаларын бұзуды мақсат ететін Даллес ілімі туралы айтады. Бұл құжат АҚШ үкіметінің ұстанымына сәйкес әзірленді. Оның мүшелері халық пен КСРО билеуші партиясының арасындағы қарым-қатынас мемлекеттің ең осал жері деп санайды. Кеңес азаматтарына батыстық өмірдің сүйкімді тұстарын көрсетуге бағытталған ЦРУ-ның насихат жұмыстары құлдырау себептерінің тізімінде аталған. Автор КСРО-ның күйреуінің басты себебін ішкі және сыртқы саяси үдерістерінің ықпалының артуымен, қырғи қабақ соғыстан және Батыс агенттерінің араласуынан туындағанымен байланыстырып, ыдыраудың сатылы түрде жүзеге асырылғандығын алға тартады.

КСРО-ның ыдырауы және жаңа тәуелсіз мемлекеттердің пайда болуы посткеңестік ауқымда, әсіресе Түркі Республикаларында Түркияның саясатын жандандыра түсірді. Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Түркіменстан және Әзірбайжан мен Түркияның арасында өзара саяси-экономикалық, мәдени және білім саласындағы байланыстар орнатылып, дамуға бағытталды. Көптеген мемлекеттер әртүрлі интеграциялық бірлестіктерге қатысуға тырысып жатқан дәуірде, Түркия Республикасы дербестікке қол жеткізген Түркі Республикалардың тәуелсіздіктерін бірінші болып мойындап, дипломатиялық байланыстарды орнатуға кірісті. Көптеген ресейлік саясаттанушылар мен сарапшылар Түркияның 1990-шы жылдардың басындағы саяси ұстанымын «пантүрікшілдіктің жаңаруымен» байланыстырып, Түркі Республикалар арасындағы байланыстардың орнатуын «Түрік бірлігімен» және Түркияның «үлкен аға» рөлін атқаратынын сынап айтқан-

ды. Осыған орай 1992 жылдың басында Түркияның Сыртқы істер министрлігі «Түркияның саясаты экспансияға негізделмегенін, түрікшілдік пен исламшылдық идеологиясын меңземеітінін және түрік тарапының байланыстарды кеңейтуге деген жасырын мотивтерін іздеу ақылға сыйымсыз және әділетсіз» деп мәлімдеді [445]. Сондықтан КСРО ыдырағаннан кейін Түркі мемлекеттерінің саяси байланыстары келесі принциптерге негізделді: саяси және экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету және сақтау, аймақтық ынтымақтастықты кеңейту, саяси және экономикалық реформаларды ынталандыру, аймақ елдерінің халықаралық құрылымдарға бірігуіне ықпал ету, егемендікті құрметтеу, балама маршруттар арқылы халықаралық нарықтарға энергия ресурстарын тасымалдауға жұмыла жұмыс жасау [446].

Түркі мемлекеттері арасындағы бірлескен саммит өткізу туралы ұсынысты сол кездегі Түркияның Премьер-Министрі Сүлейман Демирел 1992 жылы мамырда Әзірбайжан мен Орталық Азияға жасаған сапарында жасады [447]. 1992 жылдың қазанында Түркі Республикаларының басшылары Түркі мемлекеттерінің бірінші саммитіне қатысу үшін Түркия астанасы Анкараға жиналды. 1992 жылдан бастап осы уақыт ішінде Түркі мемлекеттері басшыларының бірқатар кездесулері ұйымдастырылды. Атап айтқанда 1992 жылы Анкарада, 1994 жылы Ыстамбұлда, 1995 жылы Бішкекте, 1996 жылы Ташкентте, 1998 жылы Астанада, 2000 жылы Бакуде, 2001 жылы Стамбұлда, 2006 жылы Анталияда, 2009 жылы Нахичеванда және 2010 жылы - Стамбұлда. Түркі халықтарының өзара байланыстарын үш кезең негізінде сараптауға болады: бірінші кезең, 1992-2001 жылдар аралығы, екіншісі кезең 2006 жылдан 2010 жылға дейін және үшінші кезең, 2011 жыл мен бүгінге дейінгі дәуір.

Түркі мемлекеттерінің алғашқы саммиті 1992 жылы 30-31 қазан аралығында Анкарада ұйымдастырылды. Кездесу жоғары деңгейде өтті және бұл оның маңыздылығын көрсетеді. Оған алты Түркі Республиканың Президенттері қатысты: Түркиядан Т.Озал, Әзірбайжаннан А.Елшібей, Қазақстаннан Н.Назарбаев, Қырғызстаннан А.Ақаев, Өзбекстаннан И.Каримов, Түрікменстаннан С.Ниязов [448]. Түрік сарапшыларының пікірінше, мұндай кездесуді өткізу Түркияның аймақтағы күшейтетін рөлін дәлелдеуі керек еді, сонымен бірге түркі республикалары дамудың «түркі моделіне» басымдылығын айғақтады. Түрік лидерлері осы саммиттің нәтижелеріне үлкен үмітпен қарады, бұл 1991-1992 жылдар аралығындағы әртүрлі деңгейлердегі сапарлар кезінде айтылған түрік жоспарлары мен мәлімдемелерінің қысқаша мазмұны болуы тиіс еді. Түркі елдерінің болашақтағы саяси мақсаттарының қауымдастығы белгіленетін қорытынды декларацияға қол қою ерекше маңызды болды.

Бірінші саммиттің жұмысын аша отырып, Президент Т.Озал: «*Бүгін тарихтағы біздің халықтарымыздың күш-жігерін біріктіруге мүмкіндік беретін ерекше мүмкіндікті ала алсақ ХХІ ғасыр - түркі елдерінің тағдыры болуы мүмкін*» деп, жаңа құрылған республикадарды бірігуге шақырды. Саммит барысында Т.Озал ортақ нарық аясында түркі елдерінің қауымдастығын құруды ұсынды. Бұл идеяны жүзеге асыру үшін, Т.Озал барлық экономикалық кедергілерді алып тастап, аймақ елдері арасындағы кедендік жүйені едәуір жеңілдету керектігін айтты. Ол сонымен қатар аймақтық қайта құру және даму банкін ашу туралы бастама көтерді. Бірінші саммиттің күн тәртібі түркі мемлекеттері ұстануы керек жеделдетілген ынтымақтастық туралы бірнеше ұсыныстар мен жоспарлардан тұратын толығымен Түркия тарапының бастамасы болды. «Іс-шаралар жоспарын» дайындауда жетекші рөл Т.Озалға тиесілі еді. Осылайша, Түркия КСРО құрамынан жаңа шыққан Түркі

мемлекеттерінің көшбасшысы ролін өз мойнына алған сияқты көрінді. Түркия тарапының бұл ролі Түркі Республикаларының басшыларына ұнамады және олар, әсіресе Өзбекстан Президенті И.Каримов, Түркияның «тәлімгерлік» ұстанымына наразылықтарын білдірді. Таңқаларлық емес, Өзбекстан сияқты, Қазақстан да түріктердің ұсыныстарын үзілді-кесілді қабылдамады және түркітілдес мемлекеттерді үйлестіретін ұлттықтан жоғары құрылым құрудан бас тартты [449].

Осыған орай Қазақстан көшбасшысы Н.Ә. Назарбаевтың түрік идеяларына реакциясы айқын көрінді. Ол өзінің «XXI ғасыр тоғысында» атты кітабында: «*Тұрғыт Озал Қазақстанға бірнеше рет келді. Меніңше, оның Орталық Азия мемлекеттеріне сапары жаңа мемлекеттермен тату көршілік қарым-қатынас орнатудың қажеттілігімен ғана емес, сонымен бірге белгілі бір дәрежеде Ататүріктің арманын жүзеге асыру «Түркі мемлекеттерінің» күшті бірлестігін құруға деген ниетімен байланысты болды деп ойлаймын. Ол бұл арманын жасырмады. Ол пантүркизмнің, Ұлы Түркия идеясының жақтаушысы ретінде өзін көрсетті»* [450]. Анкара саммиті жабық түрде өтті. Түркия Анкара мәлімдемесімен бірге Түркіменстан мен Қазақстаннан Түркия арқылы Еуропаға мұнай мен газды экспорттауға арналған жанармай желісінің құрылысын қарастыруды ұсынған құжаттың қабылдануына қол жеткізе алмады. Н.Назарбаев осы кезеңде жеке экономикалық құжатқа қол қоюды жөнсіз деп санады және оның негізгі ережелерін Анкара декларациясының мәтініне қосуды ұсынды.

Анкара мәлімдемесінде Түркі мемлекеттерінің саммиттері қабылдаған алғашқы құжат, ынтымақтастық пен өзара түсіністік туралы жалпы тіркестер ғана енгізілді. Мәлімдеме мәтінінде мемлекет басшылары «түрлі салалардағы көпжақты және екіжақты ынтымақтастықты дамытуға, сондай-ақ халықаралық ұйымдарда әр түрлі аймақтық және халықаралық мәселелер бойынша бірдей көзқарастармен өзара тиімді негізде ынтымақтастыққа ұмтылыстарын растады». Құжаттың екінші бабында былай делінген: «Егемендік пен аумақтық тұтастықты құрметтеуге негізделген мемлекет және үкімет басшылары жаһандық бейбітшілік, тұрақтылық, қарусыздану және сенімді нығайту саласындағы әлемде қабылданған қадамдарға қанағаттанушылық білдіріп, соңғы жылдары аймақтық деңгейде болып жатқан қақтығыстарға алаңдаушылық білдірді және оларды бейбіт жолмен шешу қажеттігін атап өтті» [451]. Бұдан әрі құжатта сауда-экономикалық ынтымақтастық олардың қатынастарының маңызды факторы болып табылатындығын ескере отырып, елдер арасындағы жер, теңіз және әуе тасымалдауы мен телекоммуникацияны жедел дамыту үшін көпжақты және екіжақты инфрақұрылымдық жобаларды жасау мен жүргізудің ерекше маңыздылығы туралы айтылды. Сонымен қатар құжатта өнеркәсіптік, энергетикалық, ауылшаруашылық, қызмет көрсету саласындағы, сондай-ақ мұнай мен табиғи газды зерттеу, басқару және тасымалдау саласындағы бірлескен жобалар мен кәсіпорындарды дамыту үшін қажетті шаралар мен қадамдарды қабылдау мақсатында өзінің халықаралық міндеттемелеріне нұқсан келтірместен бірнеше жұмыс топтарын құруды және минералды ресурстар мен өзара техникалық көмек көрсетілуі ұсынылды [451, 172].

Сыртқы істер министрліктері арасында жылына кемінде бір рет тұрақты консультативтік кездесулерді және сыртқы істер министрлері немесе олардың өкілдері арасындағы, әсіресе халықаралық ұйымдардағы кездесулердің алдында консультациялар өткізудің тиімділігі бөлек тілге тиек етілді. Анкара мәлімдемесінде түркітілдес мемлекеттердің ортақ тарихқа, тілге және мәдениетке негізделген ерекше қарым-қатынастары атап өтілді; әртүрлі салалардағы көпжақты және екіжақты ынтымақтастықты дамытуға ұмтылыс, сондай-ақ осы мемлекеттердің

әртүрлі аймақтық және халықаралық мәселелер бойынша бірдей көзқарастарымен халықаралық ұйымдарда өзара тиімді негізде ынтымақтастыққа ұмтылысы. Сонымен қатар құжат демократия, зайырлылық және нарықтық экономика қағидаттарын ұстанатындығын растады.

Саммит барысында Солтүстік Кипр Түрік республикасын мойындау және Арменияның Қарабах мәселесіндегі ұстанымын айыптау және осы мәселелер бойынша жеке құжаттар қабылдау жөніндегі бірлескен талпыныстар сәтсіздікке ұшырады. Саммиттің жұмысы барысында күн тәртібіне қойылған Түркияның конфедерация қағидаты бойынша саяси одақ және Т.Озал ұсынған «Түркі даму банкін» құру жоспарлары жүзеге аспады. Сонымен қатар, ортақ түркі нарығын қалыптастыру туралы ұсыныс та Түркі Республикалары басшылары тарапынан қолдау таппады. Түркі басшыларының Түркиямен байланыстарын «түрікшілдік» идеологиясы аясында орнатудан бас тартуы, ең алдымен президент Т.Озалдың көңілін қалдырды [452].

Бірінші саммиттің қорытындылары бойынша Түркия Президенті Т.Озал: «Бұл түркі республикалары басшыларының алғашқы кездесуі және бұл өте маңызды. Біз негізінен елдеріміз арасындағы экономикалық қатынастарды дамытуға назар аударамыз. Кейбір мәселелер түркітәлді мемлекеттердің бірлігіне қол жеткізу тұрғысынан да қарастырылатын болады. Күткендей, біз ұйымдастыру мәселелерімен айналысамыз. Мұндай кездесулер жыл сайын өткізілуі керек» деген [453]. Т.Озалдың бұл ойларына Ресей наразылық танытты. Себебі, Ресей бұл жерлерді өзінің мүдделерінің аймағы деп санаған және алғашқы болып осы форматтағы мемлекет басшыларының кездесулеріне наразылық білдірген. Сонымен қатар, ресейлік тараптың пікірінше, осындай форматтағы кездесулерді өткізу Ресей Федерациясының ұлттық қауіпсіздігіне жасырын қауіп төндіруі мүмкін, өйткені Ресеймен бірге бұл аймақтарда Түркияның саяси ықпалы артады және тығыз қарым-қатынастар орнатылады деген ойлар баспа беттерінде жазыла бастады. Дегенмен, Ресейдің бұл мәселедегі ұстанымы 1992 жылдың аяғынан бастап белсенділігін арттырды. Орталық Азияға деген Ресейдің саясаты түбегейлі қайта қаралды, артынан Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы (ТМД) мен 1992 жылғы мамырда Ұжымдық қауіпсіздік туралы шартқа қол қою арқылы Ресей бұрынғы кеңестік территорияларда өз ықпалын қайта орнықтырды.

Анкара саммитінің қорытындысы негізінде түркі басшыларының келесі кездесуі 1993 жылдың қазан айында өтеді деген шешім қабылданды. Әзірбайжан астанасы Бакуде кездесудің күні дипломатиялық арналар арқылы келісілетін болады делінгенді, бірақ Баку саммиті келісілген жылы жүзеге асырылмады. Түркі мемлекеттердің саммиттерін Орталық Азия республикалары өздерінің маңызды интеграциялық ұстанымы деп санамады және немқұрайлылық танытты. Саммиттің жыл сайынғы жоспарының бұзылуы да осының дәлелі іспетті. Дегенмен, Ресейдің қысымы мен ықпалын да жоққа шығармаған жөн. Бакудегі екінші түркі саммитінің кейінге қалдырылуында осы Ресейдің қысымын аңғаруға болады. Ресейдің Баку отырысына деген теріс ұстанымы сол жылдары баспа беттерінен көруге болады. Оның үстіне Орталық Азия елдері Ресейдің экономикасына тәуелді еді және сыртқы саяси байланыстарда Ресей жеке шешімін бірінші саптарға қоятын. Баку саммитінің жүзеге асырылмауын түрік баспасөзі «И.Каримов кездесуді кейінге қалдыруды ұйғарғандықтан, оның үстіне Өзбекстан басшысының қатысуынсыз мұндай кездесу нәтижесіз болады» деген хабарлар таратты [454].

Түркі мемлекеттері басшыларының келесі, екінші саммиті 1994 жылдың қазан айының соңында Ыстамбұлда шақырылды. Саммитке түркі мемлекеттерінің басшылары қатысты. Саммит басталмас бұрын Ресейдің Сыртқы істер министрлігі саммиттің осы форматта өткендігіне алаңдаушылық білдірді және саммитке қатысушылардың арасынан Түркия тарапының қатты наразылығын тудырған «түрікшілдік» саясатқа бой алдырмауға шақырды. Сүлейман Демирел оған қарсы ресейлік тараптың қорқынышын «негізсіз» деп атады [455]. Түркия президенті сондай-ақ «Түркия «түрікшілдік» немесе «исламшылдық» мақсаттарын көздемейтінін» мәлімдеді. «Біз Орталық Азияда көшбасшылыққа ұмтылмаймыз, бірақ сонымен бірге Түркия ондағы жағдай мен саясатқа немқұрайлы қарай алмайды» делінген-ді. Ал ТМД-ның кезекті саммиті 1994 жылы 21 қазанда Түркі мемлекеттерінің саммитінен кейін көп ұзамай шақырылды, оны түрік сарапшылары Ресейдің «қызғанышымен» байланыстырды.

Екінші саммиттің Бірінші саммиттен өзгешелігі, бұл жолы Түркі мемлекеттері белсенділік танытып, өзара тығыз байланыстар мен ынтымақтастықты орнату жөнінде нақты ұсыныстар жасады. Саммитте Қазақстан Президенті Н.Ә. Назарбаев Шығыс Еуропа мен Қытайдың қатысуымен Еуразиялық экономикалық одақ құру идеясын ұсынды. Саммиттің күн тәртібінде сондай-ақ Таулы Қарабах мәселесі талқыланды. Талқыланған мәселелердің ішінде Түркия үшін ең маңыздысы Каспий бассейнінің көмірсутек ресурстарын Түркия арқылы Еуропа нарықтарына шығару мәселесі болды. Каспий мәртебесі де бөлек талқыланды. Каспий аймағын экономикалық ынтымақтастық аймағына айналдыру және энергетикалық ресурстарды дамыту бойынша көпжақты жобаларды жүзеге асыру мүмкіндігі атап өтілді. Саммиттердің қорытынды декларациялары Анкара және Ыстамбұл декларацияларының негізгі ережелерінің сабақтастығын сақтады деуге толық негіз бар. Ыстамбұл декларациясында өндірістің маңыздылығы, Түркі мемлекеттердің мұнай-газ ресурстарын әлемдік нарықтарға тез және жылдам жеткізу, сондай-ақ ынтымақтастық пен осы саладағы бірлескен жобаларды жүзеге асырудың маңыздылығы атап өтілді. Түркия арқылы Еуропа мен Жерорта теңізіне газ және мұнай құбырларын тарту жұмыстары ерекше назарға алынды.

Декларацияның 20-ші бабында Түркі мемлекеттерінің басшылары тарихи «Жібек жолын» жандандыру үшін басқа мүдделі елдермен ынтымақтастық құруды, Түркі мемлекеттері өзара саяси-экономикалық және мәдени байланыстардың дамуына, сондай-ақ Еуразиядағы гүлдену мен тұрақтылықтың дамуына ықпал ете алатындығын атап өтті [456]. Түркі елдері мұнай мен газды жеткізуші, ал транзиттік ел ретінде Түркия атқаратын қатынастардың нақты моделі баяндалды. Түркі мемлекеттерінің өзара келісімді нығайтуға Түркі республикаларының тәуелсіздігін құрметтей отырып, неғұрлым байсалды түрде қарау керек деген түсінік қалыптастырды. Келесі кездесу, жоспарланғандай, 1995 жылы Бішкекте өтті.

Түркі мемлекеттері басшыларының үшінші кездесуі 1995 жылы 28 тамызда Бішкекте өтті. Саммит «Манас» Қырғыз эпосының 1000 жылдығын мерекелеуге арналды. Саммитті аша отырып, Қырғызстан Президенті А.Ақаев Түркі республикалары ұзақ оқшауланғаннан кейін өзара тиімді байланыстарды қалпына келтіріп, ынтымақтастықты нығайту керектігін атап өтті. Түрікменстан Президенті С.Ниязов болса өз сөзінде одан әрі интеграциялық процестерге қатысты абайлап, әр республиканың қалыптасқан саяси шындықтары мен саяси-экономикалық ерекшеліктерін ескеру қажеттігін атады. Түрікменбашы Ресейдің аймақтағы рөліне

оң баға берді және Ресейдің Түркіменстанның егемендігін қолдауға қосқан үлесін жоғары бағалады [457].

Үшінші саммиттің соңында қол қойылған құжат негізінен Ыстамбұл декларациясының тармақтарын қайталады. Декларацияның 14-ші бабында Қазақстан, Өзбекстан және Қырғызстан арасындағы интеграциялық процестердің маңыздылығына ерекше назар аударылды. Әскери-экономикалық ынтымақтастықтың қажеттілігі де бөлек айтылды. Декларациядағы бұл жеке бап есірткі бизнесіне, қару-жарақтың заңсыз саудасына және терроризмге қарсы бірлесіп күресуге арналған. Каспий аймағын экономикалық ынтымақтастық аймағына айналдыру және энергетикалық ресурстарды дамыту бойынша көпжақты жобаларды жүзеге асыру мүмкіндігі тағы да атап өтілді. Түркия басшысы Анадолы мен Орталық Азия арасында байланыс жолдарының құрылуының маңыздылығын ерекше күн тәртібіне енгізді. Бішкектегі саммитте Түркия Президенті С.Демирель Орталық Азияны Түркиямен байланыстыратын автомобиль жолының құрылысы аймақтың бай ресурстарын Түркия арқылы әлемдік нарықтарға экспорттаудың басым бағыты болып табылатынын атап өтті [458].

Сонымен қатар саммит барысында түркі халықтарының ұлы мәдени мұрасын сақтау қажеттілігі айтылды. Мемлекет басшылары тарихи байланыстарды сақтаумен қатар, ұзақ мерзімді перспективадағы мәселелерді бірлесе шешудің маңыздылығы мен біріктіретінін атап өтті. Барлық президенттер ынтымақтастық пен қатынастарды дамытуға дайын екендіктерін білдірді. Түркия арқылы Еуропаға және Жерорта теңізіне өтетін газ және мұнай құбырларын талқылау жалғасты [459]. Тұңғыш рет түркіаралық кездесуде бірлескен университеттер құру туралы шешім қабылданды. Студенттерді даярлау үшін Әзірбайжан-Түрік, Қырғыз-Түрік, Қазақ-Түрік, Түрікмен-Түрік университеттерін ұйымдастыруға келісті. Түркия Республикасы басшылығы білім беру саласына дәстүрлі түрде көп көңіл бөлді және бірлесіп білім беру жүйесін қалыптастыру, бұл ұзақ мерзімді ынтымақтастықтың негізін қалайтын маңызды мәселе делінді. Шынында да, жас буынды білім берумен қатар ортақ тарихи құндылықтар мен ұлттық рухани ерекшеліктерді сақтауға, құндылықтар жүйесі мен преференцияларды құруға, оның ішінде халықаралық қатынастар саласын дамытуға жетелейтіні сөзсіз. Жоғарыда аталған бірлескен ЖОО-ы әлі де Орталық Азия аумағында жұмыс істейтіндігін атап өткен жөн. Бұл саммиттерде қабылданған шешімдердің іс жүзінде орындалуын растайды және кездесулердің маңыздылығын көрсетеді.

1996 жылы 18-21 қазанда Ташкентте төртінші Түркі мемлекеттерінің саммиті өтті. Өзбекстан Президенті И.Каримов құттықтау сөзінде, Түркі республикалары арасындағы бұрынғы айырмашылықтар мен қайшылықтарды жою керектігін атап өтіп, Қытайдың Шыңжаң округінің ұйғыр халқына көмек көрсете алмағаны мысалында түркі бірегейлігінің шектеулеріне тоқталды. Қытайдың аймақтағы рөлі мен ықпалы артып келе жатқандығы туралы мәселе қозғады. Ташкент декларациясының жетінші бабында: «Мемлекет басшылары Түркі мемлекеттердің сауда-экономикалық ынтымақтастығын жан-жақты дамыту, әртүрлі деңгейлердегі экономикалық байланыстарды кеңейту, экономикалық интеграциялық процестерді ілгерілету, өзара саудадағы кедергілерді жою мен жеке және заңды тұлғаларға қолайлы құқықтық режим құру туралы айтылды. Сондай-ақ экономикалық әрекеттестігі мен халықаралық міндеттемелерге нұқсан келтірмей тауарларды, қызметтерді, капитал мен жұмыс күшінің бірыңғай нарығын құру жайындағы мәселелер қозғалды [460].

Келесі бапта мемлекет басшылары өз елдерінің бай табиғи ресурстарын, бірінші кезекте табиғи газ, мұнай және гидроэнергетикалық ресурстарды игерудің және өндірудің ерекше маңыздылығын, сондай-ақ энергия тасымалдағыштарды тарту арқылы әлемдік нарықтарға тасымалдау үшін құбырлар мен электр желілерін тарту бойынша бірлескен жобаларды жүзеге асырудың жедел шараларын қабылдауды жақтады және мүдделі мемлекеттердің, халықаралық қаржы институттарының, мемлекеттік және жеке құрылымдардың осы жобаларға қатысуға шақырды. Қызығушылық танытқан мемлекет және халықаралық ұйымдармен Түркия арқылы Жерорта теңізінің жағалаулары мен Еуропаға мұнай және газ құбырларын тарту бойынша атқарған жұмыстары бөлек айтылды. Түркі көшбасшылары аймақтағы үнемді көлік жүйесін дамытуға назар аударды, олар Транскавказ дәлізін қамтитын транзиттік және теміржол қатынасы бойынша төртжақты келісімді тез арада іске асыруды қолдады және Еуропалық Одақтың ТРАСЕКА жобаларындағы күш-жігерін құптады. Олар сонымен бірге Солтүстік-Оңтүстік көлік дәлізінің бөлігі ретінде Үнді мұхитына шығатын Орталық Азия-Ауғанстан-Пәкістан көлік бағытын құру бастамасын қолдады [461].

Мемлекет басшылары түркі халықтарының ұлы мәдени және тарихи мұраларын насихаттауда және таратуда БАҚ-тың ақпарат алмасу саласындағы оң тенденцияларын ерекше атап өтті. Республикалардың президенттері түркі мемлекеттерінің сауда-экономикалық ынтымақтастығын дамыту, өзара саудадағы кедергілерді алып тастау және олардың экономикалық өзара іс-қимылы үшін қолайлы құқықтық режим құру қажеттігін тілге тиек етті. Мемлекет басшылары болашақта тауарлар, қызметтер, капитал және жұмыс күші үшін бірыңғай нарықты құруға бағытталғандығын атап, Түркі Республикаларының ынтымақтастығының бұл бағытына басымдық танытылды. Кездесудің алғашқы күнінен ақ саммиттердің жұмысын жандандыруға үн қосатын Түркі мемлекеттері басшылары кездесулерінің Хатшылығын құруға келісті (ТМХ) [462]. Хатшылыққа Түркі мемлекеттер басшыларының және сыртқы істер ведомстволарының басшыларының кездесулеріне материалдар дайындау, Түркі мемлекеттердің тілін, мәдениетін және жетістіктерін насихаттау бойынша семинарлар, конференциялар, симпозиумдар өткізу, түркі халықтарының өткені мен қазіргі өмірі туралы тарихи әдеби деректерді зерттеу, таңдау және жариялауға дайындау сынды міндеттер жүктелді.

Осылайша, Өзбекстанның астанасы Ташкенттегі кездесу шынайы және достық атмосферамен ерекшеленді, республиканың басшылары Ташкенттегі кездесу сөзсіз «Түркі мемлекеттер арасындағы ынтымақтастықты одан әрі дамытуда, сонымен қатар аймақтағы тұрақтылық пен бейбітшілікті қамтамасыз етуде маңызды кезең болады» деп атап өтті [463].

1998 жылдың 9 маусымында Қазақстанның жаңа елордасы Астанада Түркі мемлекеттердің бесінші саммиті өтті. Саммитке Түркіменстаннан осы елдің Мәжіліс төрағасы С.Мұрадов қатысты. Қалған Түркі мемлекеттерінің Бірінші басшыларының қатысуымен өтті. Саммиттің кіріспе сөзінде Қазақстан Президенті Н.Ә. Назарбаев: *«Қазіргі түркі әлемінің негізін Алтай тауларынан Жерорта теңізіне дейінгі алты мемлекет құрайды. Тарих түркі әлемінің пайда болып, бір жағынан ислам және Шығыс Еуропа өркениеттерінің арасындағы көпір ретінде, екінші жағынан ислам әлемін Қытаймен және Буддисттік өркениетпен біріктіргендігін анықтады. Егер орта ғасырларда түркі мемлекеттері көрші және көршілес халықтарға өзіндік құрылымдық әсер етсе, соңғы ғасырларда түріктердің өзі батыстық модель бойынша әртүрлі себептермен*

модернизациядан өтті. Бұл қазіргі заманғы мемлекеттік жүйеде, менталитетте, біздің халықтарымыздың өмір салтында көрініс тапты» деді [464].

Саммитте сөйлеген сөзінде И.Каримов: «Саммит саяси мәселелерді қарастырмауы және сол арқылы осы кездесулердің форматын саясиландырмағаны абзал, сонымен қатар саммитке Иран мен Тәжікстанның қатыспауына байланысты қауіпсіздік мәселелерді шешу керек» деді [465]. Астана декларациясы аймақ экономикасы мен өзара тиімді ынтымақтастықты нығайту үшін «Жібек жолын» қалпына келтіру бағдарламасын бірлесіп жүзеге асырудың маңыздылығын тағы да растады. Декларацияда Армения мен Әзірбайжан арасындағы шешілмеген жанжал осы елдердің экономикалық дамуына және халықтардың әл-ауқатын жақсартуға кері әсерін тигізетіні және адамгершілік мақсаттарға негізделген БҰҰ-ның Қауіпсіздік Кеңесінің қарарлары мен ЕҚЫҰ-ның Лиссабон Саммитінің қағидаттары негізінде жанжалды бейбіт жолмен шешудің маңыздылығы атап өтілді.

Түркия Президенті С.Демирель Карс-Ахалкалаки-Тбилиси темір жолын салудың қажеттілігін атап өтіп, түркі әлемінің батыс бөлігінің маңыздылығын алға тартты. Бұл көлік жобасы Арменияны аймақтық көлік жобаларынан толығымен оқшаулауға және Грузия арқылы Әзірбайжанмен мен Орталық Азия аймағымен тікелей теміржол байланысын құруға бағытталған-ды [464, 4-7]. Астанада саммитке қатысушы елдер алғаш рет Сыртқы істер министрліктеріне Хатшылық қызметінің жүзеге асырылуын бақылауды тапсыра отырып, Сыртқы істер министрліктері әзірлеген Түркі мемлекеттер басшыларының кездесулері туралы ережені бекітті. Түркі халықтары мекен ететін аймақтардың айтарлықтай отын-энергетикалық ресурстарының бай болуына назар аудара отырып, Мемлекет басшылары «жалпы алғанда түркі мемлекеттері біртұтас ресурс және көлік құрылымы ретінде әрекет ете алады, онда энергетикалық ресурстар мен минералдарға бай елдер серіктес болып, басқа мемлекеттер арқылы транзит мүмкіндіктерін қолдана алады» делінген-ді [466]. Саммитте Түрікменстан атынан қатысқан С.Мурадов аймақтық ынтымақтастық мәселелеріне басымдық берілуі керектігін және түркітілдес мемлекеттер басшыларының кездесулері идеологиялық және саяси тұрғыдан алшақ болуы керек екенін атап өтті [467].

2000 жылдың 8-ші сәуірінде Бакуде өткен алтыншы саммит Түркі мемлекеттері арасындағы қайшылықтардың тереңдей түсуіне себеп болған сыңайлы, бұл мемлекеттер арасында біріктіруден гөрі бір-бірінен алшақтау бар екенін және ынтымақтастықтың экономикалық құрамдас бөлігінің күрт өсуіне мүдделілік танытты. Алайда, Түрікменстан Республикасы мен Өзбекстан Республикалары Президенттері Баку отырысына қатыспағанын атап өткен жөн. Баку саммитінің негізгі қатысушылары: Әзірбайжан Президенті Г.Әлиев, Қазақстан Президенті Н.Ә Назарбаев, Қырғызстан Президенті А.Акаев, Түркия Президенті С.Демирель. Алдыңғы кездесуде болғандай, Түрікменстаннан Мәжіліс төрағасы С.Мурадов және Өзбекстан Парламент палатасының төрағасы Е.Халилов қатысты. Өзбекстан Президенті И.Каримов пен Түрікменстан Президенті С.Ниязовтың Баку саммитіне қатыспауын бірнеше себептермен айқындауға болады. Біріншіден, Әзербайжан мен Өзбекстан арасында президент А.Элчибейдің уақытынан бері үйкеліс пайда болды. Сонымен қатар, өзбек басшысы түркіаралық қатынастарда ерекше саясат жүргізіп, әзірбайжан тарапынан қолдау тапқан түрік саясаткерлерінің тәлімгерлік және қамқорлығына қарсы тұруға тырысып, жеке жолды ұстанды.

Баку саммиті қарсаңында Түркияда емделіп жатқан Әзірбайжанның бұрынғы президенті А.Элчибей «түрік бауырларынан» Бакуге «Таулы Қарабақты армян

агрессиясынан және Оңтүстік Әзірбайжанды Иранның басып алуынан босатуға» көмектесуге шақырды [468]. Ал саммиттің ашылуында сөз сөйлеген С.Демирель: «Түркі әлемінің болашағы зор. Біздің ортақ күш-жігеріміздің нәтижесінде ХХІ ғасыр түркі әлемінің ғасыры болады» деп нық сеніммен айтты [469]. Баку декларациясында, соның ішінде Таулы Карабах жанжалында маңызды шешімдер қабылданған жоқ. Күтілгендей, негізгі талқылау тақырыбы Каспий мұнайының экспорты болды. Мемлекет басшылары өз елдерінің бай табиғи ресурстарын, ең алдымен табиғи газ бен мұнай, сонымен қатар гидроэнергетикалық ресурстарды игерудің ерекше маңыздылығын қайталап атап өтті және мүдделі мемлекеттерді, халықаралық қаржы институттарын, жеке құрылымдарды осы жобаларға тарту арқылы бірлескен жобаларды жүзеге асырудың пайдасын айтты. Саммиттен кейін бірден «Кітаби-Деде-Қорқыт» түркі эпосының 1300 жылдығына арналған салтанатты рәсім өтті.

Баку келісіміне сәйкес Түркі мемлекеттерінің кезекті саммиті 2001 жылдың 26-27 сәуірінде Ыстамбұлда өтті. Саммитке президенттер Г.Әлиев, Н.Ә. Назарбаев, А.Ақаев, А.Н. Сезер қатысты. Бұл жолы Түрікменстан Президенті С.Ниязов түркіаралық кездесуге қатысты, ал Өзбекстаннан парламент төрағасы Е.Халилов қатысты. Мемлекет басшылары дәстүрлі түрде барлық салалардағы мемлекетаралық қатынастар мен ынтымақтастықтың жоғары деңгейіне тоқталды, достықты, теңдікті және өзара мүдделерді құрметтеу қажеттілігіне назар аударды. Түркі мемлекеттер басшыларының жетінші саммиті ортақ мәдениеттің, тарих пен тілдің рөлін терең түсінуден басталды. Мұндай тұжырымдар алғашқы жылдардағы кездесулерге тән еді. Әзірбайжан, Қазақстан, Қырғызстан, Түрікменстан және Өзбекстан тәуелсіздігінің он жылдығына назар аударылып, құттықтаулар айтылды. Саясат, экономика, әлеуметтік өмір және басқа да салалардағы маңызды реформаларды жүзеге асыра отырып, Түркия демократияландыру, адам құқықтарын қамтамасыз ету және нарықтық экономиканың инфрақұрылымын құру процесінде қол жеткізілген маңызды прогресті атап өтті. Осы саммиттің жаңа шешімдерінің бірі, ол халықаралық және жеке қаржы ұйымдарының бірлескен энергетикалық жобаларды іске асыру процесін ынталандыру болып табылды.

Дегенмен, 2001 жылы Ыстамбұлда жетінші түркі саммитінің ашылу қарсаңында, Түркияның мемлекеттік министрі Абдулхалук Мехмет Чай түркітілдес мемлекеттерді жақындастыру бойынша жұмыстардың баяулығын мойындап, экономикалық және мәдени ынтымақтастықты күшейтуге шақырды. Өз кезегінде Түрікменстан президенті С.Ниязов «Түркия басшылығын экономикалық емес, саяси мүдделерді көздеді» деп айыптады [470]. Мәселені шиеленістірмеу мақсатында мемлекет басшылары Арал теңізінің экологиясы мен қорғалуын жақсарту шараларына үлкен мән бере бастады. Осылайша, сегізінші саммитті 2002 жылы Ашхабад қаласында өткізу туралы шешім қабылдады. Бұл шешім Түрікменстан Республикасының бірлескен түркіаралық диалогқа деген қызығушылығын сақтау ниетімен байланысты деп болжауға болады. Түрікменстан басшысының өзара әрекеттесуіне оралуды тараптар жоғары бағалады.

Ыстамбұл саммиті Түркиядағы ұзаққа созылған қаржы-экономикалық дағдарыс аясында, ел экономикасының толықтай құлдырау жылдарында тап келді. Мерзімді экономикалық дағдарыстар, сондай-ақ ішкі және сыртқы проблемалар Түркияның «түркі бірлігіне» жаңа серпін беру ниетін айтарлықтай шектеді. Сонымен қатар, Ыстамбұл саммиті қарсаңында Әзірбайжан-Түркия қатынастарында түсініспеушілік өршіп тұрғанын атап өткен жөн. Бұған дейін Баку мен Анкара

арасындағы қатынастардың салқындауына Францияның армян геноцидін ресми түрде мойындауы туралы қарар қабылдағаннан кейін Г.Әлиевтің Парижде ресми сапары себеп болды. Сондай-ақ, Ыстамбұл саммиті қарсаңында түрік қаражатымен салынған және Баку қалалық мэриясы тарапынан қиратылған көктемгі кешенге қатысты жанжал туындады. Осыған байланысты түрік тарапы наразылық нотасын жіберді, ал түрік ақпарат құралдары Әзірбайжан Президентін «бауырлас Түркиямен қос ойын ойнады» деп айыптады [471].

Жетінші Түркі мемлекеттерінің саммиті жабық есіктің артында құпиялылық жағдайында өтті. Келіссөздердің басым бөлігі аймақтық энергетикалық жобаларды: Баку-Тбилиси-Жейхан және Транскаспий газ құбырларын іске асыруға арналды. Каспийдің болашақ мәртебесі мәселесіне айрықша мән берілді. Талқылаудың бөлек тақырыбы түрікмен газын тасымалдау мәселесі болды, түркімен басшысы түрік тарапының арзан түрікмен газының орнына Ресей газын экспорттау туралы шешіміне наразылығын білдірді [472]. Әзірбайжан мен түрік тараптары Баку-Жейхан магистральдық жобасының пайдалылығына алаңдаушылық білдірді, өйткені қазақстандық тараптың қатысуы осы жобаның тиімділігін едәуір арттырады. Әзірбайжан мен Түрікменстан арасындағы түсініспеушіліктеріне қарамастан, Әзірбайжанды түркімен газын Түркияға және одан әрі Еуропаға экспорттауға арналған Транскаспий газ құбырын салу тұрғысынан стратегиялық маңызды ел деп санады. Саммитте Қазақстан Президенті Н.Ә. Назарбаев қазақстандық мұнайды экспорттау үшін солтүстік Каспийден Новороссийскіге дейін Каспий Құбыр Консорциумының (КҚК) инфрақұрылымын пайдалану ниетін тағы бір мәрте қуаттады, бұл Қазақстанның Ресеймен серіктес екендігін аңғартты.

Түрік тарапы Н.Назарбаевты қазақстандық мұнайды Баку-Жейхан мұнай құбыры арқылы тасымалдау туралы шешім қабылдауға көндіруге бар күш-жігерін жұмсады. Саммиттің ашылу қарсаңында TUSIAD түрік ұйымы Қазақстан президентінің құрметіне кешкі ас берді. Ұйымның төрағасы Тунжай Озилхан «бұл ұйым мүшелерінің ең басты тілегі, ол Қазақстанның мұнай кен орындарын жедел игеру және «Баку-Жейхан» арқылы қазақстандық мұнай транзитінің» маңыздылығын атап өтті [473].

Мемлекет басшыларының екі күндік келіссөздері нәтижесінде Ыстамбұл декларациясы қабылданды, онда тараптар Түркі мемлекеттері арасындағы халықаралық қатынастар, мәдени алмасу саласындағы ынтымақтастықты нығайтуға, сондай-ақ түркі халықтарын жақындастыру жөніндегі жұмысты жалғастыруға ниет білдірді. Бұл құжат декларативті сипатқа ие болды, өйткені тараптар осы бағытта қандай нақты шаралар қабылдауға ниет білдірген жоқ. Декларацияда сондай-ақ Орталық Азиядағы терроризм мәселесі айтылып, Түркі елдердің басшылары бұл қасіретпен күресуге уәде берді. Алайда, Қазақстан Президентінің бірлескен күрес жөніндегі іс-қимыл жоспарын қабылдау туралы үндеуі оның түркі әріптестерінен жауап таба алмады.

Жетінші Түркі саммитінің бірден-бір айқын нәтижесі Әзірбайжан мен Түрікменстанның татуласуы болды. Кейде әскери сипатқа ие екі мемлекет арасындағы келіспеушіліктер, Каспий теңізінің ортасындағы бірнеше мұнай кен орындарының даулы жеріне байланысты еді. Бұл кен орындарын иеленуге қатысты барлық мәселелерді шешу, сондай-ақ Каспийдің жаңа мәртебесін анықтау үшін түрікмен басшысы С.Ниязов Әзірбайжан Президенті Г.Әлиевті осы мәселелердің барлығын шешу үшін кездесуге және талқылауға шақырды. Ыстамбұлда екі көшбасшы Каспий теңізіндегі даулы аумақтарды делимитациялау үшін

сарапшылар топтарын құруға және мемлекетаралық келісімді дайындауға келісті [474].

Түркі елдері арасындағы ынтымақтастық сол кезде түрлі халықаралық ұйымдар, экономикалық, әскери ынтымақтастық, қауіпсіздік саласындағы бағдарламалар аясында қалыптасты. Саммитте түркі лидерлері тығыз ынтымақтастықты, әсіресе шағын және орта бизнесті дамытуда, терроризмге қарсы күресте есірткі бизнесіне қарсы бірлескен күреске ерекше назар аударды. Түркі әлемінің қоғамдық ұйымдары арасындағы ынтымақтастықты ілгерілетудегі ТҮРКСОЙ-ның қызметіне ерекше мән берілді. Декларацияда халықаралық ынтымақтастықты дамыту үшін ЕҚЫҰ мен Ислам конференциясы ұйымы арасындағы байланыстардың маңыздылығы атап өтілді [475].

XX ғасырдың соңғы онжылдығында жүйелі түрде өткізілетін Түркі мемлекеттердің жоғарғы басшылығының кездесуі 2006 жылдың күзінде қайта жалғасты. 2006 жылдың 17 қарашасында Түркияның Анталия қаласында Түркі мемлекеттер басшыларының VIII-ші саммиті өтті. Алдыңғы кездесулердегідей, бұл шараға Әзірбайжан, Қазақстан, Қырғызстан және Түркия президенттері қатысты. Бұрын бірлескен түркі кездесулеріне немқұрайлы көзқарас танытқан Түркіменстан мен Өзбекстан басшылары ұзақ уақытқа дейін саммитке қатысатыны жөніндегі сұраққа жауап бермеді. Сол жылдары Түрікменстан Республикасы мен Өзбекстан Республикасының жоғарғы басшылығының кездесулерден бірнеше рет бас тартуы, олардың Түркі мемлекеттерінің самиттеріне деген деген қызығушылықтарының жоқтығын көрсетті. И.Каримов басқару жылдарында Өзбекстан мұндай интеграциядан толығымен бас тарту туралы шешім қабылдаған-ды. Осы тарихи кезеңде Түркі Республикаларды біртұтас кеңістікке біріктірудің мүмкін еместігі айқын болды. Әр мемлекет өзінің мүдделерін көздеді.

Кейбір республикалар түркі үнқатысуы аясында интеграциялық процестерге немқұрайлы қарауға тырысқанымен, басқалары өзара ықпалдастықты тереңдетуге байланысты жаңа идеяларды алға тартты. Жаңа серпіннің қажеттілігі 2000 жылғы сәуірде Баку отырысында талқылана бастады. Институционалды құрылымдарды құру туралы мәселелер қозғала бастады. Түркі мемлекеттердің Парламентаралық Ассамблеясын енгізу туралы бастаманы Қазақстан Президенті Н.Ә. Назарбаев көтерді. Оның пікірінше, Ассамблеяны түркі әлеміндегі беделді адамдардан, көрнекті саяси және қоғам қайраткерлерінен, сондай-ақ мәдениет қайраткерлерінен тұратын түркі халықтардың ақсақалдар кеңесі толықтыруы керек болатын [476]. Құжаттарға сәйкес, жылына кемінде бір рет парламент мәжілістерін өткізу жоспарланды. Төрағалық ету алфавиттік тәртіппен жүзеге асырылуы қарастырылды. Түркі мемлекеттері мен қоғамдастықтардың достық, бауырластық және ынтымақтастық қоғамының 10-шы құрылтайында Түркия басшылығы тарапынан самиттердің жұмыс тілі түрік тілі емес, керісінше қатысушы елдердің мемлекеттік тілдеріне айналатын өте маңызды шешім қабылданды.

Өзбекстан Президентінің саммитке қатыспауының себептерінің бірі, бұл Түркияның БҰҰ-ның Комиссиясында Еуропалық Одақтың БҰҰ-ның Бас Ассамблеясына Өзбекстандағы адам құқықтарының бұзылуын айыптайтын резолюцияны қолдауы болды. Біріккен Түркі мемлекеттерінің саммиті мен халықаралық аренада өзара көмекке шақырған өзбек басшылығы көптеген мәселелерде Түркияның қолдауына сенді. Бірақ бұл жағдайда Түркия Еуропалық Одақтың позициясын анағұрлым маңызды екенін көрсетті. Осыдан кейін өзбек басшылығы Түркия Республикасын қосарланған стандарттар саясатын жүргізді деп

айыптады [477]. Өзбекстанның түркі кездесулерін елемеуі Түркияның өзбек оппозициясына қолдау білдіруіне байланысты болды. Түркия өзбек оппозициясының белсенділеріне, «Эрк» партиясының жетекшісі М.Салихқа және бұрынғы мүфти Мұхаммед Садық Мұхаммед Юсуфқа саяси баспана берді [478].

Түркі мемлекеттер басшыларының Анталия кездесуінде энергетика және қауіпсіздік саласындағы байланыстарды нығайту туралы уағдаластықтарға қол жеткізілді. Түркі елдері арасындағы экономикалық және көлік байланыстарын жандандыру және нығайту қажеттілігі туралы қорытынды декларация жасалды. Терроризмге, жаппай қырып-жоятын қаруды таратудың, есірткі контрабандасының, қарудың, адам саудасының және басқа да қылмыстық әрекеттердің бірлескен күресінің маңыздылығы атап өтілді. Сондай-ақ декларацияда Түркияның Еуропалық Одаққа қосылуын және Әзірбайжан территориясын белгілейтін Таулы Қарабах мәселесін бейбіт жолмен шешуді қолдау көрсетілді. Саммиттер мемлекеттердің, әсіресе Қазақстан мен Әзірбайжан сияқты маңызды энергия жеткізушілерінің бірлескен қызметін үйлестіруге ықпал етті. Анталия саммитінде түрік тарапы Әзірбайжан мен Қазақстанның энергетика саласында бірлесіп жұмыс жасау керектігін атап өтті және «Баку-Тбилиси-Жейхан» және «Баку-Тбилиси-Эрзурум» сияқты трансұлттық жобаларды негіз ретінде қабылдауға кеңес берді [479].

Саммитте халықаралық мәселелер қозғалды, Ирак пен Ауғанстандағы, Палестина, Ливиядағы жағдай талқыланды. Осыған байланысты саммитке қатысушылар Ирактың территориялық тұтастығын сақтау, Ирак түрікмендерінің негізгі құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етуді жақтады. Қорытынды мәлімдемеде Қазақстанның 2009 жылы ЕҚЫҰ-ғы төрағалығы мен БҰҰ-ның Қауіпсіздік Кеңесінің тұрақты емес мүшелігіне Түркия, Қазақстан және Қырғызстан кандидатураларын қолдауға дайын екендігі айтылды. Дегенмен, саммиттерде Түркі мемлекеттерінің әрқайсысының жеке мүдделері бар екендігі аңғарылады. Олар Түркі одағының ішінде бір-бірін қолдауынан ғана пайда көрді. Алайда белгілі бір кедергілерді еңсерген жағдайда түркі достығын нығайтуға талпыныстар жасалды. Көптеген Орталық Азия көшбасшылары Түркияның үстемдік етуге тырысқанына сараңдық танытып, соңғы жылдары саммиттерге деген түркі көшбасшыларының қызығушылығы әлсіреді.

Түрік тарапы саммиттерде тек аймақтағы бейбітшілік пен тұрақтылықты нығайту, сонымен қатар түркі халықтарының әлеуметтік, мәдени-тарихи және тілдік мұрасын сақтау үшін жүзеге асырылатынына сенім білдірді. Екінші жағынан, Орталық Азия елдері көпжақты серіктестікке қаншалықты дайын екендігі мәселе қозғалуда. Осыған қарамастан Әзірбайжан, Қазақстан, Қырғызстан және Түркияның қатысуымен өткен Анталия саммиті болашақта Түркі мемлекеттердің тағдырын шешетін осы елдер болатындығын көрсетті. Осылайша, Түркі мемлекеттерінің саяси одағын құру идеясы саммиттерде емес, Түркі елдер мен қауымдастықтардың достық, бауырластық және ынтымақтастық ұйымының XI-шы съезінде айтылды. Бұл одақты «Құрылтай» деп атап, Түркі мемлекеттердің саяси ынтымақтастығын нығайту көзделді. 2007 жылғы 17-19 қарашасында Бакудегі осы құрылтайлардың бірінде Түркияның сол уақыттағы Премьер-Министрі Режеп Тайып Ердоған маңызды сыртқы саясат саласындағы күш-жігерді үйлестіру үшін Түркі мемлекеттердің саяси одағын құру туралы бастаманы көтерген-ді [480].

Түрік үкіметінің басшысы құрылтайға қатысушыларды Түркі мемлекеттерінің өзара ынтымақтастығын сыртқы саясаттың маңызды элементіне айналдыруға, бір-бірінен оқшаулау әрекеттеріне тиімді түрде қарсы тұруға және Кипр мен Қарабах

мәселелерін шешуге, қауымдастықтар мен диаспоралардың халықаралық ұйымдардағы позицияларын нығайтуға күш-жігерін біріктіруге шақырды. Режеп Тайып Эрдоған: «Мен олардың экономикалық интеграциялануына жағдай жасайтын және халықаралық сахнада бір ұстанымнан көрінуге мүмкіндік беретін Түркі мемлекеттер Достастығын құру туралы бастама көтеремін. Тарих бізге ортақ мәдениеті және тарихи тамырлары терең елдеріміздің күш-жігерін біріктіруге ерекше мүмкіндік берді. Аймақтың халықтары әлемдік аренада болып жатқан оқиғаларды бақыламай, жай отырып, күтіп, сән-салтанатқа қол жеткізе алмайды... Не біз әлемдік саясаттың нысанасына айналамыз, не оның нысанасына айналамыз» деп, болашақтағы жаһандану үдерісінің қадамдарын болжап берген сынайлы болды [481].

2008 жылдың 21-22 ақпанында Анталияда Түркі мемлекеттердің Парламенттік Ассамблеясын (ТүркПА) құру туралы хаттамаға қол қойылуы Түркия, Қазақстан, Әзірбайжан және Қырғызстан парламенттері төрағалары орынбасарларының кездесулерін өткізудегі маңызды қадамы болды. Осылайша, Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың осы құрылымды құруға шақырған бастамасы қолдау тапты. Түркі мемлекеттердің Парламенттік Ассамблеясын құру туралы келісім 2008 жылдың 20 қарашасында Стамбулда өткен парламент төрағаларының конференциясында қабылданды. Әзірбайжанның саяси салмағы күшейген сайын, Түркия арасында келіспеушіліктер пайда бола бастады. Түркі мемлекеттерінің Хатшылығының орталық қаласының үш нұсқасы ұсынылды: Баку, Анкара, Стамбул. Әзірбайжан Республикасы Бакуде Түркі елдерінің Парламенттік Ассамблеясының Хатшылығын орналастыру арқылы өз позицияларын нақты қоя білді. Бұл шешім 2009 жылдың қыркүйегінде Әзірбайжан астанасы Баку қаласында өткен ТүркПА саммитінде қабылданды [482]. Түркі мемлекеттердің парламентаралық мәжілісінің (TÜRKPA) жарғысында келесі міндеттер белгіленді: қолданыстағы ынтымақтастықты дамыту, Түркі мемлекеттер басшыларының саммиттерін ұйымдастыруға қолдау көрсету, ортақ саяси көзқарастарды дамыту, ортақ іс-шараларды ұйымдастыру, заңнамалық жұмыс тәжірибесімен алмасу.

1990-шы жылдардың ортасында Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Түркіменстан және Өзбекстанды Орталық Азия одағына біріктіру идеясын Н.Ә. Назарбаев ұсынған-ды. Бұл жағдайда этникалық компонент емес, аймақтық принцип негізді қалыптастырған-ды. Дегенмен, Н.Ә. Назарбаевтың бұл ұсынысы Өзбекстан Республикасы басшылығы тарапынан қолдау тапты. Қалған Орталық Азия мемлекеттері ыңғай танытпады. Дегенмен, аймақтық интеграциялық үдерістер мен саяси-экономикалық байланыстар И.Каримов қайтыс болғаннан кейін жаңа қырынан таныла бастады.

2009 жылы Нахчыван қаласында өткен Түркі мемлекеттер басшыларының ІХ-шы саммитіне Әзірбайжан Республикасының Президенті И.Әлиев, Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев, Қырғыз Республикасының Президенті Қ.Бакиев және Түркия Республикасының Президенті Абдуллах Гүл қатысты. Түркия Президенті жыл сайынғы саммиттер өткізу туралы шешім қабылданғанын жариялады және келесі кездесулерге қатысушылардың құрамы толығырақ болатынына сенім білдірді. Ол Өзбекстан мен Түркіменстан Президенттерінің жоқтығы туралы айтқан-ды. Түркі мемлекеттер басшылары Нахчыван саммитінде тарих, тіл мен мәдениеттің жақындығына, достыққа, теңдікке және өзара тиімділікке негізделген барлық салалардағы жоғары деңгейдегі байланыстар мен ынтымақтастықтың маңыздылығын атап өтті. Жоғарыда аталған тұжырымдар бірлескен жиналыстарда қайталанды және тағы да айтылды, бұл өзара

әрекеттесудің өзгермейтін негізін қалыптастырды: ортақ тіл, мәдениет және тарихты айқындады. Абдуллах Гүл Түркі елдерімен қатынастарды дамыту тұжырымдамасына тоқталды. Түркі мемлекеттерінің ынтымақтастығы өзара құрмет пен теңдікке негізделген. Түркияның G20 форумдарына қатысуы бүкіл түркі әлемінің мүдделерін білдіру мүмкіндігі туралы айтылды. Энергетика, көлік, коммуникация және туризм сияқты салалардағы ынтымақтастықты кеңейтуге назар аудару қажет екендігі айтылды [483].

Түркі ынтымақтастығының жаңа институционалды құрылымын, яғни Түркі мемлекеттерінің ынтымақтастық кеңесін (Түркі Кеңесі) құру туралы хабарланды, сондай-ақ жаңа ұйымның құрылтай келісіміне қол қою кездесудің маңызды жетістігіне айналды. Түркі Кеңесінің штаб-пәтері Ыстамбұлда орналасады деген шешім қабылданды. Ұйымның бірінші хатшысы Түркияның азаматы болады және үш жылда бір рет ротация қағидаты бойынша Бас хатшы лауазымы басқа қатысушы елге ауысады деген шешім нақтыланды. Түркі Кеңесінің құрамына бес орган кірді, олар: Мемлекет басшыларының кеңесі, Сыртқы істер министрлерінің кеңесі, Ақсақалдар кеңесі, Сыртқы істер министрлерінің құрметті қайраткерлер кеңесі және тұрақты хатшылық. Түркі Кеңесін құру туралы келісімге қол қою рәсімінен кейін Абдуллах Гүл бұл оқиғаның тарихи мәні зор екенін, өйткені түркі әлемін біріктіретін институционалды құрылым алғаш пайда болғанын айтты. Әсіресе, Түркі Кеңесі қатысушы елдердің экономика және туризм саласындағы ынтымақтастығын тереңдетуге ықпал ететіні атап өтілді. Түркия Президенті Нахчывандағы саммит түркітілдес мемлекеттердің интеграциясы процесінде бетбұрыс болатынына және Түркі халықтарының достастығын құрумен аяқталатынына сенім білдірді [484].

Қазақстан көшбасшысы Н.Ә. Назарбаев шетте қалған жоқ. 1990-шы жылдардан бастап, түрлі бірлестіктердің белсенді бастамашыларының бірі ретінде, бұл жолы ол Қазақстанда Түркі елдерінің ғылым академиясын (Түрік Академиясы) құру туралы бастама көтерді. Қазақстан Республикасы Президентінің пікірі бойынша түркі тарихы мен мәдениетін зерделеу керек, өйткені түркі халықтарының әлемдік өркениетке қосқан үлесін көрсету қажет. Осыған орай Н.Ә. Назарбаев: «Қазіргі түркі әлемін біріктіретін ешкім жоқ, Түркия мұны бастаған кезде, дереу «пантүркизм» деп атайды, Қазақстанда «пантүркизм» болмайды, сондықтан мен Түрік Академиясын құруды ұсындым» деп атап өтті [485].

Бұл жоспарлар іске асырылды, 2010 жылдың 25 мамырында Түркия мен Қазақстан Президенттерінің қатысуымен Бейбітшілік және келісім сарайында Түрік Академиясы зерттеу орталығы ашылды. Мемлекет басшысының айтуынша, жаңа академия түркітанушылардың өзара іс-қимылын нығайтуға септігін тигізеді және ғылыми зерттеулер жүргізуге, халықаралық форумдар, симпозиумдар, фестивальдер өткізуге мүмкіндік туады. Сонымен қатар, ол жалпы түркі мұражайы мен мұрағаты, түркі тарихы мен мәдениеті орталығы, түркі тілдерін зерттеу орталығы және түркі кітапханасы құрылатынын айтты.

Барлық түркіаралық кездесулердің тұрақты қатысушылардың бірі Әзірбайжан Республикасының Президенті И.Әлиев те өз ұсыныстарын айтты. Ол ТҮРКСОЙ ұйымын құру туралы шешім қабылдады (Халықаралық Түркі мәдениеті ұйымы). Аталған ұйым тек Түркі мемлекеттерде ғана емес, сонымен бірге барлық түркі аймақтардағы мәдени ескерткіштерді қалпына келтіруге және қорғауға, тарих пен мәдениет саласында зерттеулер жүргізуге, мәдени салаға үлкен үлес қосуға, елдеріміз арасындағы достық, бауырластық байланыстарды дамытуға қолдау көрсетеді деген шешім қабылданды [486]. Түркия Президенті бұл ұсынысты қолдады және түркі

халқы тұратын елдерге ТҮРКСОЙ-да байқаушы мәртебесін беру мүмкіндігін жариялады. Әзірбайжан ұйымды қажетті материалдық көмекпен қамтамасыз ету туралы хабарлады. Абдуллах Гүлдің айтуынша, Түркі кеңесі, Парламентаралық Ассамблея және ТҮРКСОЙ Түркі мемлекеттері арасындағы ынтымақтастық үшін берік институционалды негіз қалыптастырады.

Нахчыван саммитінде Түркі елдердің Парламенттік Ассамблеясының алғашқы жалпы отырысы өткізілгені баса айтылды. Отырыста 26 баптан тұратын Ассамблеяның Жарғысы қабылданды, Хатшылық құрылды және ұйымның бюджеті анықталды. Ұзақ талқылаулардан кейін Әзірбайжанның астанасы Бакуге ұйымның тұрақты отырысы тағайындалды. Сонымен қатар энергетикалық мәселелер талқыланды. Кездесу барысында тараптар Еуропаның энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етуде Каспий аймағының энергетикалық ресурстарының өсіп келе жатқан рөлін қуаттады, Баку-Тбилиси-Жейхан (БТЖ) және Баку-Тбилиси-Эрзурум (БТЭ) стратегиялық мұнай-газ құбырлары жаһандық энергетикалық қауіпсіздікке және аймақ елдерінің тұрақты экономикалық дамуына қызмет ететініне сенім білдірді [487]. Осыған байланысты отырысқа қатысушылар БТЖ-ның мұнай құбырының өткізу қабілеттілігін арттырудың маңыздылығын атап өтті және Ақтау порты мен БТЖ-ның мұнай құбыры арасындағы байланысқа ерекше назар аударды. Осылайша, Нахчыван саммиті түркі елдерінің ынтымақтастығы дамып келе жатқан жаңа форматта дамып келе жатқанын көрсетті.

Келесі Түркі мемлекеттер басшыларының X-шы саммитін Қырғызстанда өткізу келісілген-ді. Алайда, 2010 жылдың көктеміндегі Қырғызстан Республикасының басшылығының ауысуы мен ішкі қиыншылықтарға әкелген ішкі саяси оқиғаларға байланысты саммит өткізілетін орын Түркияға ауыстырылды. 2010 жылдың 16 қыркүйегінде Ыстамбұлда Түркі мемлекеттер басшыларының X-шы кездесуі өтті. Саммит барысында мемлекет басшылары көпжақты ынтымақтастықтың түрлі аспектілерін, ең алдымен экономикалық сипаттағы мәселелерді талқылады. Кездесуге Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев, Түркия Президенті Абдуллах Гүл, Әзірбайжан Президенті И.Әлиев, Қырғызстанның өтпелі кезеңінің Президенті Р.Отынбаева, Түркіменстан Президенті Г.Бердімұхамедов қатысты [488].

Саммитті Түркия Президенті Абдуллах Гүл ашты. Дәстүр бойынша ол саммитке қатысқан мемлекет басшыларын қоштап, елдер арасындағы ерекше қатынастардың барын атап өтті: «Біздің бауырлас халықтарымыз бен елдеріміз ортақ тілге, дінге, тарихқа, мәдениетке және құндылықтарға негізделген өте тығыз байланысқа ие» деді. Түркия Президенті Түркі елдердің ынтымақтастығындағы маңызды жетістіктерді, атап айтқанда Нахчыванда өткен IX-шы саммитте қабылданған шешімдердің маңыздылығын тілге тиек етті [489]. Абдуллах Гүл Түркі елдер үшін ынтымақтастық кеңесін құруды алға тартты. Түркия осы құрылымның қамқоршысы рөлін өзіне алды. Кеңес хатшылығы Ыстамбұлда орналаса бастады. Абдуллах Гүл Түркі елдердің ынтымақтастық кеңесі ата-бабаларынан мұра болып қалған ортақ тілді, мәдениетті және құндылықтарды сақтау, дамыту және болашақ ұрпаққа жеткізу үшін маңызды жұмыстар жүргізетінін айтты. Түркия Президенті Кеңестің құрылуы кең географиялық аумақты қамтыған түркі әлемінің проблемаларын шешуде маңызды рөл атқаратынын және бұл елдер мен халықтарды бір-бірімен неғұрлым тығыз байланыстыратынын, сондай-ақ аймақтағы бейбітшілік пен тұрақтылыққа қызмет ететінін ескерді.

Саммит барысында Түркі кеңесі Хатшылығының, Ақсақалдар кеңесі мен Түрік Академиясының қызметіндегі өзекті мәселелер талқыланды. Сонымен қатар, аймақтық бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтау, экономикалық ынтымақтастықты дамыту және Қырғызстандағы жағдайды реттеу туралы пікір алмасу болды. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтан Түркі мемлекеттердің тәуелсіздігінің 20 жылдығын мерекелеуге арналған бірлескен ауқымды іс-шаралар өткізу туралы ұсыныс айтылды. Өз кезегінде Түркі мемлекеттердің басшылары Қазақстанның халықаралық ұйымдарға төрағалығын қолдайтындықтарын білдіріп, Президент Н.Ә. Назарбаев ЕҚЫҰ-ның саммитін Астанада өткізу туралы шешімімен құттықтады. Соңында мемлекет басшылары қорытынды құжатқа қол қойды. Кезекті саммиттер өткізу туралы шешім қабылданды: 2011 жылы Қазақстанда және 2012 жылы Қырғызстанда. Осылайша, Ыстамбұлдағы кездесу тараптардың түркі ынтымақтастығын институционализациялау және Түркі Одағы аясында әрекет ету ниетін тағы бір көрсетті [490].

5.2 Түркі Кеңесі шеңберінде Түркі мемлекеттері ынтымақтастығының жаңа даму бағыты

2011 жылдан бастап Түркі мемлекеттер басшыларының кездесулерінің форматы өзгерді, енді олар Түркі Мемлекеттердің Ынтымақтастық Кеңесінің (ТМЫК) саммиттерінде жинала бастады. Алғашқы кездесу 2011 жылдың 21 қазанында «Түркі мемлекеттердің экономикалық ынтымақтастығы» тақырыбында Алматыда өтті. Оған Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев, Әзербайжан Республикасының Президенті И.Әлиев, Қырғыз Республикасының Президенті Роза Отынбаева және Түркия Республикасы Премьер-министрінің орынбасары Бекир Боздағ қатысты. Кездесу барысында бизнес-форум өткізіліп, Түркі мемлекеттердің Іскерлік кеңесін құру туралы келісімге қол қойылды. Іскерлік кеңес түркі елдеріндегі ірі компаниялардың өкілдерін жинады. ТМЫК-і бас хатшысы Халил Ақынчының айтуынша, Кеңес екі негізгі функцияны атқарды: өзара саудадағы бар кедергілер мен кедендік кедергілерді алып тастау, сондай-ақ жаңа жобаларды әзірлеу [491].

Саммит қорытындысы бойынша Алматы декларациясы мен Түркі кеңесі жұмысының ережелері қабылданды. Бұл маңызды құжаттар Кеңестің мәртебесін көтереді және ынтымақтастықтың негізін анықтады. Сондай-ақ ынтымақтастық мәселелері бойынша нақты тапсырмалар берілді. Тәуелсіздіктің 20 жылдығын атап өткен Әзірбайжан, Қазақстан және Қырғызстанның саяси, экономикалық, әлеуметтік, құқықтық және басқа салалардағы реформаларды жүзеге асыру нәтижесінде қол жеткен айтарлықтай прогресті мойындай отырып, Түркі мемлекеттердің халықаралық деңгейдегі тәуелсіз мәртебесін нығайтқандықтарына қанағаттанушылық білдірді.

2011 жылдың 21-ші қазанында қол қойылған Алматы декларациясының жалпы мәселелері алты баптан тұрады: біріншісі, Алматыда өткен Түркі Кеңесінің бірінші саммиті екіжақты және көпжақты қатынастар мен Түркі мемлекеттер арасындағы ынтымақтастықтың дамуындағы жаңа кезең болатындығын атап өтілді; екіншісі, тарихтың, мәдениеттің, ұқсастықтың және тілдің ортақтығын басшылыққа ала отырып, Түркі мемлекеттері өзара мүдделерді, қатынастар мен ынтымақтастықты одан әрі дамытуға бет бұрды; үшіншіден, саммитке қатысушы мемлекеттер Түркі Кеңесінің Нахчыван келісімін толықтыратын келісімдері мен ережелерін, атап

айтқанда, Түркия Республикасы Үкіметі мен Түркі мемлекеттердің Ынтымақтастық Кеңесінің Хатшылығы арасындағы қабылдаушы елмен жасалған келісімдерді, Түркі мемлекеттердің ынтымақтастық кеңесі туралы ережені және Кеңес туралы ережені мақұлдайтындығына қанағаттанушылық білдірді; төртіншіден, Түркі Кеңесі Хатшылығының Түркі мемлекеттер арасындағы үйлестірудің негізгі кеңес беру мекемесі ретіндегі шешуші рөлін мойындады және Хатшылықтың қызметі кең көлемді өңірлік ынтымақтастыққа жаңа серпін беретініне сенім білдірді; бесіншіден, мүше мемлекеттердегі бұқаралық ақпарат құралдары Түркі Кеңесі мен тиісті органдардың хабардарлығын арттыруда маңызды рөл атқаруы керек екенін атап өтті және осыған байланысты «Түркі мемлекеттер үшін медиа-платформаның» құрылуын құптады; алтышыдан, 2011 жылдың 29-30 қыркүйегінде Ыстамбұлда өткен Ақсақалдар кеңесінің екінші отырысында қабылданған ұсыныстарды құптады және мүше мемлекеттердің тиісті мемлекеттік органдарына ұсынымдарды бағалау және оларды іске асыру тетіктерін әзірлеу мақсатында Хатшылық үйлестіретін бірлескен комитеттер құруды тапсырды [492].

Декларацияның экономикалық мәселелері нақты және ашық түрде баян етілді. Оның құрылымына мына мәселелер кірді: теңдік және өзара тиімділік қағидаттарына негізделген экономика және сауда саласындағы қатынастарды дамытуға, сондай-ақ өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, көлік, коммуникация, су және энергетика, балама энергетика және туризм сияқты барлық салалардағы ынтымақтастықты арттыруға ниет білдірді; мүше мемлекеттердегі инвестициялық ахуалды жақсартудың, өзара тиімді экономикалық байланыстарды тереңдетудің маңыздылығын атап өтті; экономикалық ынтымақтастықтың негізгі мақсаты Түркі Кеңесіне мүше мемлекеттер арасындағы тауарлардың, капиталдардың, қызметтер мен технологиялардың еркін қозғалысын қамтамасыз етуді қарастыру деген пікір білдірді; Экономика министрлерінің 2011 жылғы 13 қазанда Астанада өткен 1-ші отырыста қабылданған шешімдерін толық қолдайтындықтарын білдірді және инвестициялық климатты жақсарту, экономиканы әртараптандыру, көлік саласын дамыту және экономикалық қатынастардың негізі ретінде кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі жұмыс топтарын құру туралы шешімді құптады және тапсырмалар берді. Министрлер бұдан былай Мемлекет басшыларының кезекті кеңесінде орындалу барысы туралы есеп беретін болды [493].

Осыған байланысты Түркі мемлекеттері Түркі іскерлік кеңесін құруды және оның құрылтай жиналысының шешімдерін құптап, Іскерлік кеңестің қызметі Түркі мемлекеттердің іскер топтары арасындағы өнімді өзара іс-қимылды күшейтетініне сенім білдірді. Олар мемлекеттік-жеке меншік әріптестік аясында серпінді жобалардың одан әрі іске асырылуын құптады және Экономика министрлері мен Түркі іскерлік кеңесін осы мақсаттар үшін бірлескен бастамалар жасауға шақырды. Инвесторлардың қызметіне теріс әсер ететін мүлікті сатып алуға кедергілерді жою мақсатында жылжымайтын мүлікті сатып алу туралы заңнаманы үйлестіруге бағытталған күш-жігерді атап өтті және сақтандыру компаниялары қауымдастығының құрылуы сауда операцияларының қауіпсіздігін қамтамасыз етеді деген сенімдерін тағы да растады [494]. Түркі мемлекеттері басшылары сауда және инвестициялық мүмкіндіктерді жақсарту мақсатында визалар мен жұмыс істеуге рұқсаттарды, атап айтқанда кәсіпкерлерге жеңілдетілген шарттар негізінде жүйелі жұмыс жүргізуді жандандыруға келісті.

Еуропаның энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етуде Каспий аймағының энергетикалық ресурстарының өсіп келе жатқан рөлін қуаттады, БТЖ-ның

стратегиялық мұнай құбыры мен БТЭ-ның газ құбыры жаһандық энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етіп қана қоймай, аймақ елдерінің орнықты экономикалық дамуын қамтамасыз ететініне сенім білдірді. Осы тұрғыда олар БТЖ-ның мұнай құбырының өсіп келе жатқан қуаттарын ұдайы пайдаланудың маңыздылығын атап өтті және Каспий порттарының қазіргі және болашақтағы Түркі елдердің мұнай терминалдарымен БТЖ-ның мұнай құбырымен және Азербайжан Республикасының аумағында пайда болатын басқа көлік жүйелерімен байланысының маңыздылығын атап өтті. 2012 жылы пайдалануға берілетін жаңа Баку-Тбилиси-Карс (БТК) теміржол желісінің құрылуы Түркі мемлекеттер арасындағы қозғалысты жеделдетуге, Еуразия аймағында тауар айналымын арттыруға және аймақтық даму мен экономикалық ынтымақтастықты жеделдетуге мүмкіндік беретіні атап өтілді.

Ортақ ұстанымдарды әзірлеу мақсатында мүше мемлекеттердің қатысуымен Түркі Кеңесі аясында қауіпсіздік мәселелері бойынша пікірталастар өткізуге шешім қабылдады. Ұлттық және аймақтық қауіпсіздікті, тұрақтылық пен бейбітшілікті, сондай-ақ демократия қағидаттарын, адам құқықтары мен негізгі бостандықтарын құрметтеу және нарықтық экономиканы, заңның үстемдігі мен адал басқаруды дамытуды қамтамасыз ететіндіктерін растады. Шекараларды күшпен өзгертуге жол берілмейтіндігі туралы ұстанымды растады және бейбітшілік пен тұрақтылыққа, мемлекеттердің егемендігі мен аумақтық тұтастығына қауіп төндіретін агрессиялық актілерге қарсы халықаралық қауымдастықтың күресін күшейту жаһандық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің шешуші факторы болып табылады деп сендірді. Түркі мемлекеттері күш қолданумен, адам саудасы мен заңсыз көші-қонмен, есірткі және психотроптық заттардың заңсыз айналымымен, трансұлттық ұйымдасқан қылмыспен, сондай-ақ атыс қаруларымен қатар жүретін терроризм, экстремизм және сепаратизм сияқты жекелеген қауіптерге қарсы күресте ынтымақтастық пен бірлескен іс-қимылдың маңыздылығын атап өтті. Осы бағытта халықаралық қауымдастықтың ынтымағының сақтау маңыздылығын ерекше күн тәртібіне қойылды [495].

Түркі Кеңесіне мүше елдері халықаралық қауіпсіздік пен тұрақты дамуға қол жеткізу үшін жаһандық және стратегиялық мәселелерді шешудегі БҰҰ-ның рөлін күшейтуге ерекше назар аударатындықтарын және БҰҰ-ның аясында жүргізіліп жатқан реформалар халықаралық құқықтық тәртіптің жаңа қауіп-қатерлеріне қарсы бар мүмкіндіктерді тез және тиімді пайдалануға бағытталуы керек екенін қуаттады. Қаруды бақылау, қарусыздану және жаппай қырып-жоятын қаруды таратпау арқылы халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті нығайтуға қолдау білдірді. Әзірбайжан Республикасының егемендігі, аумақтық тұтастығы және шекараларының қол сұғылмаушылығы негізінде ұзақ мерзімді тұрақтылық пен аймақтық ынтымақтастықтың негізгі кедергілерінің бірі болып табылатын Армения-Әзірбайжан Таулы Қарабах қақтығысын бейбіт жолмен шешуге қосатындықтарының маңыздылығын атап өтті және бұл шешімге сенімдерін тағы да растады. Таулы Қарабах туралы Армения-Әзірбайжан қақтығысы Еуразия үшін бейбітшілікті, тұрақтылық пен өркендеуді қамтамасыз етудегі маңызды жетістік болады деген қорытындыға келді.

Ауғанстанның егемендігін, аумақтық тұтастығын және ұлттық бірлігін қолдайтындықтарын қуаттап, 2011 жылғы 2-ші қарашада Түркияда өткен Ауғанстан бойынша Стамбұл конференциясында және 2011 жылғы 15 қарашада Астанада өткен Ауғанстан бойынша халықаралық байланыс тобының жиналысына қолдау білдірді. Аймақтық күштерінің мәселелерді шешуге баса назар аударатырып,

Ауғанстан игілігі үшін аймақтық ынтымақтастықты дамытуға ықпал етуді қолға алды. Сонымен қатар, Ирактың егемендігі мен аумақтық тұтастығын сақтау және Ирак халқының барлық бөлімдерінің, соның ішінде оның ажырамас бөлігін құрайтын түрікмендердің негізгі құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету қажеттілігіне назар аударды. Қырғызстанның 2010 жылғы маусымдағы қайғылы оқиғалардан кейін Қырғызстанның оңтүстігін қалпына келтіру жөніндегі тиімді әрекеттерін құптады [496].

Әлеуметтік қолдау және мәдени салаларда нақты шешімдер қолға алынды. Атап айтқанда ТүркПА-ның 2011 жылғы 27-28 сәуірдегі Астанадағы Екінші пленарлық сессиясының жұмысына қанағаттанушылық білдірді және оған қатысушы мемлекеттердің парламенттері арасындағы үйлестіруші орган ретіндегі маңызды рөлін бағалады. ТҮРКСОЙ-дың жалпы құндылықтарын анықтау, байыту, кеңейту және насихаттау және түркі әлеміндегі мәдени байланыстарды тереңдету жөніндегі әрекеттері жоғары бағалады. ТҮРКСОЙ-дың Түркияның Эскишехир қаласын 2013 жылы түркі мәдениетінің астанасы деп жариялау туралы ұсынысын қолдады. Түркі университетаралық одағын құру туралы бастаманы құптады және мұндай жобалар ғылыми мекемелер, оқу орындары мен ғалымдар арасындағы қатынастарды одан әрі дамытатынына сенім артты. Түркі мемлекеттердің қолда бар ғылыми-зерттеу әлеуетін біріктіру үшін «Түркітану ғылыми-зерттеу қорын» құру туралы келісімге келді, сондай-ақ осы әлеуетті өзара іс-қимыл арқылы одан әрі дамыту үшін Хатшылықты Бішкек саммитіне дейін осы қорды құрудың заңды рәсімдерін бастауға шақырды. Климаттың өзгеруі және экологиялық мәселелер бойынша, соның ішінде халықаралық платформалар негізінде ынтымақтастықты жақсартуға дайын екендіктерін білдірді. Су ресурстарын толық және ұтымды пайдалануға бағытталған халықаралық ынтымақтастықтың қажеттілігі атап өтілді [497].

Халықаралық ынтымақтастық саласы бойынша Түркияның Еуроодаққа қосылуына үлкен қолдау білдірді, бұл Еуразия мен одан тыс жерлер үшін жағымды салдарлармен мәдениаралық диалог пен өзара түсіністікті ілгерілету үшін маңызды болады деген қорытынды жасады. Ортақ құндылықтар негізінде, атап айтқанда Ислам Ынтымақтастығы Ұйымы (ИБҰ) аясында ынтымақтастықты нығайту қажеттілігі атап өтілді. Түркі Кеңесінің Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңеске Азия континентінде бейбітшілік пен тұрақтылық орнатудағы күш-жігерін ерекше атап өтті. Түркі Кеңесінің БҰҰ-ның Бас Ассамблеясында бақылаушы мәртебесі екі ұйымның жемісті ынтымақтастығына ықпал ететіндігі, сондай-ақ осындай мәртебені бірлесіп алуға шешім қабылданды. Түркі Кеңесі мен Экономикалық ынтымақтастық ұйымы арасында қалыптасқан институт аралық ынтымақтастықты қолдады және аймақтық ынтымақтастықты дамытуда екі ұйымның күш-жігерін қосуға ниет білдірді. Еуропа Кеңесімен диалог пен ынтымақтастықты дамытуға деген ортақ тілектерін айта отырып, халықаралық платформаларда Түркі мемлекеттердің пікірлерін неғұрлым нақты білдіру үшін халықаралық ұйымдардағы ортақ принциптерін ұстанудың маңыздылығын атап өтті.

Қырғызстанда 2010 жылғы 10 қазанда өткен парламент сайлауының сәтті аяқталғанымен құттықтап, Қырғызстанға парламенттік басқару формасын құруда және демократиялық реформаларды жүргізуде қолдау көрсететіндіктерін тағы да қуаттады. Қазақстанды ЕҚЫҰ-ы Саммитінің 2010 жылғы 1-2 желтоқсанда сәтті өткізілуімен, сондай-ақ 2011 жылы 28-30 маусымда Астанада өткен ИБҰ-ның

Сыртқы істер министрлерінің 38-ші сессиясының табысты өтуімен және Түркияны Экономикалық Ұнтымақтастық Ұйымының 2010 жылғы 23 желтоқсанда өткен 11-ші Саммиті мен 2011 жылғы 9-13 мамырда Стамбұлда БҰҰ-ның дамыған елдер жөніндегі 4-ші конференциясының сәтті өтуімен құттықтады. Қазақстан Республикасының Түркі Кеңесіне төрағалығы туралы ұсынысты құптап, Қазақстан төрағалығы мүше мемлекеттермен тығыз ынтымақтастықта Түркі Кеңесі қызметіне жаңа серпін беретініне сенім білдірді. Осылайша, 2012 жылы «Білім, ғылым және мәдениет саласындағы ынтымақтастық» тақырыбында Түркі мемлекеттердің ынтымақтастық кеңесінің екінші саммитін Қырғызстанда өткізуге ниет білдірді [498].

Түркі Кеңесінің екінші саммиті 2012 жылы 23-ші тамызда Бішкекте өтті және оның негізгі тақырыбы «Мәдени-гуманитарлық саладағы ынтымақтастық» деп аталып, білім, ғылым және мәдени ынтымақтастық мәселелері талқыланды. Отырыста Түркі Кеңесін институционализациялаудың нақты мәселелері қаралды. Мемлекет және үкімет басшылары Түркі Кеңесі Хатшылығын қаржыландыру туралы декларацияға қол қойды. Өз сөзінде Түркияның Сыртқы істер министрі А.Давутоглу Түркияның халықаралық аренада беделді ұйым ретінде Түркі Кеңесінің маңызды қадамдар жасайтынын атап өтті [499].

Үшінші саммит Әзірбайжанның Гебеле қаласында 2013 жылдың 16 тамызында «Көлік және коммуникация саласындағы ынтымақтастық» тақырыбы аясында өтті. Кездесу барысында елдер мен халықтар арасындағы көлік желілері мен коммуникацияны талқылауға басымдық берілді. Түркия Президенті түркі әлемінің экономикалық және мәдени интеграциясы көлік инфрақұрылымының дамуына байланысты екенін атап өтті. Оның пікірінше, басты басымдық түркі әлемін жаһандық экономиканың орталық аймағына айналдыру болды. Ол Түркі Кеңесінің IV-ші саммитінде түркі әлемінің тұтастығын қалайтынын білдіріп, Өзбекстан мен Түркіменстан басшыларын келесі саммитке қатысуға шақырды [500].

Гебеле қаласында өткен кезекті Түркі Кеңесінің саммиті әрбір Түркі мемлекет басшылары жаһандану барысындағы мәселелерді нақты шешуге тырысты. Әзірбайжан Президенті И.Алиев өз сөзінде мұнай-газ тасымалдау саласына мән беруге шақырды және транспорттық инфрақұрылымның жағдайын саралап, оны жақсартуды қолға алуды ұйғарды. Ол мәселені былай қойды: *«Мұнай-газ саласындағы ынтымақтастық қазіргі кезде әртарапты. Мұнда барлық елдер сәтті қызмет етуде және өзара ынтымақтастық жасауда. Әрине, бүгінгі күн тәртібіндегі мәселелердің бірі - көлік инфрақұрылымын жетілдіру. Бұл бағытта екіжақты және үшжақты форматта бірлескен күш салу арқылы көптеген жұмыстар атқарылды. Әр түрлі көлік жобаларын жүзеге асыру, әрине, көп ақша талап етеді. Бірақ біздің елдеріміздің экономикалық дамуы өте жылдам және қаржылық жағдайы да жақсы. Бұл жағдайда біз болашақта әрқашан ірі көлік жобаларына қаражат бөлуіміз керек»* [501]. Транспорттық инфрақұрылым саласының ішінде И.Алиев Еуропаны Азиямен байланыстыратын Баку-Тбилиси-Карс теміржолын ерекше атап өтті. Ол теміржол арқылы құрлықтар жалғасатынын және Түркі мемлекеттердің транзиттік елдерге айналатынын тілге тиек етті. Президент темір жолдың маңыздылығын Түркі мемлекеттердің болашағымен байланыстырды және оның ғасырлар бойы қызмет ететінін ескертті. И.Алиевтің пайымына қарағанда мұнай-газ транспорттық инфрақұрылымның үлкен геосаяси, геоэкономикалық маңызы бар және түркі халықтарының ынтымақтастық аясын кеңейте түседі.

Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаевты Гебеле саммитінде Түркі Кеңесінің даму болашағы алаңдатты. Өз сөзінде ол *«Мен сіздермен Кеңестің бүгінгі және болашақтағы қызметі туралы ойларымды бөліскім келеді. Біріншіден, Түркі*

Кеңесінің беделін арттыру үшін оның ұйымдық негізін қалыптастыру үшін бар күш-жігерді жұмсау қажет. Ол үшін кейбір негізгі құжаттарды ратификациялауды аяқтауды тездеткен жөн. Түркі Кеңесінің негізгі жұмыс органы – Хатшылықтың қызметі біз үшін өте маңызды. Бұл жұмыс ұйымның бірінші бас хатшысы Халил Акынчидің жұмысының арқасында жүзеге асырылуда. Біз оның Түркі мемлекеттер арасындағы ынтымақтастық орнатудағы белсенділігін жоғары бағалаймыз» деді [502]. Түркі мемлекеттердің байланыстарына сараптама жүргізген Н.Ә. Назарбаев бауырлас халықтар мен көрші елдер арасындағы өзара тиімді экономикалық ынтымақтастықты нығайту қажеттілігін тілге тиек етті. Оның паймына қарағанда бүгінгі таңда алты тәуелсіз Түркі мемлекеттердің жалпы ішкі өнімі 1 триллион 150 миллиард долларға жетеді. Осыған қарамастан, елдер арасындағы сауда Түркі мемлекеттердің әлеуетіне сәйкес келмейді. Мәселен, 2012 жылғы мәліметтерге сәйкес, Қазақстан мен Түркі мемлекеттер арасындағы сауда көлемі небәрі 8 миллиард долларды құрады, ал өз кезегіде бұл Түркі мемлекеттердің тауар айналымымыздың бар жоғы 6 пайызын көрсетеді [503].

Жалпы, Түркі кеңесіне мүше мемлекеттер арасындағы өзара байланыстар жеткілікті деңгейде дамымай келеді. Әрбір ел өзінің экономикалық әлеуетіне сай дербес саясат жүргізуге ұмытылуда. Бұл жағдайды Гебеле саммитінде талдаған мемлекет басшылары өзара көлік және тасымалдау байланыстарының Түркі мемлекеттерінің экономикалық күшінің дамуына негіз бола алады деген тұжырымға келген. Осы жөнінде Н.Ә. Назарбаев былай деді: «Қазақстан арқылы транзиттік тасымалды 2020 жылға дейін және 2050 жылға қарай екі есеге арттыруды жоспарлап отырмыз. Болашақта ел бойынша жүк тасымалы жылына 50 миллион тоннаға жетеді деп жоспарлануда» [504]. Н.Ә. Назарбаевтің ұсынысын қолдаған А.Атамбаев өз сөзін қысқа қайырып, «Егер біз оны жүзеге асырсақ, жақсы болады, өйткені бұл темір жол Орталық Азияны, Әзірбайжан мен Түркияны байланыстырады. Егер біз оны қарама-қарсы бағытта жүргізетін болсақ, онда Түркиядан бастап, бұл жол Әзірбайжан, Қазақстан, Қырғызстан және одан әрі Қытайдың Қашқар арқылы өтуі мүмкін. Ол жерде көптеген қазақтар, қырғыздар бар, біз өте үлкен жұмыс жасар едік. Сонда біздің халықтарымыз арасындағы ынтымақтастық күшейе түседі. Бұл өте жақсы идея. Егер біз осындай идеяларды, жобаларды жүзеге асыратын болсақ, бұл біздің бірлігімізді нығайтуға көмектеседі» деген ойын ортаға салды [505].

2014 жылдың 5-ші маусымында Түркияның Бодрум қаласында «Туризм саласындағы ынтымақтастық» тақырыбында Түркі Кеңесінің IV-ші саммиті өтті. Бұл шараға Түркия Президенті А.Гүлдін арнайы шақыруымен Түркіменстан Президенті Г.Бердімұхаммедов қатысты. Талқылаудың негізгі тақырыбы туризм тақырыбы болды. Саммит барысында қол қойылған Декларацияда түркі халықтардың ортақ тарихына, тіліне, мәдениетіне, дәстүріне негізделген ынтымақты нығайтуға және нығайтуға деген берік ниет көрсетілген. Тараптар егемендік пен аумақтық тұтастық пен шекаралардың қол сұғылмаушылық қағидаттарына сәйкес қатысушы елдердің саяси және экономикалық қауіпсіздігін арттыруға бағытталғандығы атап өтілді [506]. Бодрум саммитінің қарсаңында Түркі мемлекеттердің ынтымақтастық кеңесінің бас хатшысы Халил Акынджының пікірінше, IV-ші саммит серпіліс өту керек деген ойын білдірген-ді. Өйткені түркі әлемнің мемлекет басшылары деңгейінде «тарихи құжаттар» қабылдау жоспарланған болатын. Олардың ішінде: халықаралық аренада түркітілдес елдердің диаспораларын нығайту және олардың ықпал ету аясын кеңейту мақсатында орталықтар құру бағдарламасы, білім беру, экономикалық ынтымақтастық және бірлескен түркі теледидар құру саласындағы одан әрі

бірлескен іс-қимыл стратегиялары. Вашингтонда, Парижде және Берлинде Түркі Кеңесінің аймақтық орталықтарын ашу жоспарланған еді.

Айта кету керек, Бодрум саммитінің бағдарламасында Түркі мемлекеттердің еркін сауда аймағын құру мәселесі еңбеген еді. Бұл идея талай рет мемлекет басшылары тарапынан талқыланып келді және осы мәселе бойынша түбегейлі шешім Әзірбайжанның Гебеле қаласында өткен III-ші саммитте қабылданады деп болжанды. Себебі ол туралы ТүркПА-ның бас хатшысы Рамиль Гасанов, Гебеледегі саммитте Түркі Кеңесі елдері арасында еркін сауда аймағын құру мәселесі қарастырылады деген болатын. Алайда, Түркі Кеңесі елдері арасындағы еркін сауда аймағын көптеген сарапшылар Ресейдің түркі әлемдегі мүдделеріне тікелей жасалған «әрекет» деп санады. Шамасы, Ресейдің Украинаға қатысты күтпеген және агрессивті саясаттан кейін бұл мәселе күн тәртібінен шықты. Сонымен қатар, ресейлік дипломатия Түркі мемлекеттерінің арасында Кеден одағының түркиялық аналогының құрылуына жол бермеу үшін өте белсенді және тиімді жұмыс жасады. Атап айтқанда, осы мәселе талқыланатын Гебеледегі саммиттен бірнеше күн бұрын В.Путин Әзірбайжанға ресми сапармен келіп, И.Алиевті Түркия, Әзірбайжан, Қырғызстан және Қазақстан арасында кедендік ортаны қалыптастыру мәселесін жасамауға сендіретін дәлелдер келтірді.

Бодрум саммиті қарсаңында жағдай ұқсас болды. Алайда, бұл жолы Түркі Кеңесі саммиті қарсаңында Ресейдің экономикалық даму министрі А.Улюкаев Әзірбайжанды Еуразиялық экономикалық одаққа кіруге шақырған еді. Осыған байланысты «Әзірбайжан Еуразиялық экономикалық одақ немесе Еуропалық Одақ болсын, әртүрлі одақтарға кіру мүмкіндігін қарастырмайды, өйткені бұл жобалар тек экономикалық компоненттерге ғана емес, сонымен бірге саяси себептерге де ие» деген қорытынды жасаған Әзірбайжанның Экономика және өнеркәсіп министрі Ш.Мустафаев бұған дейін айтқан үндеулерді жоққа шығарып, интеграциялық бірлестіктердің жетекшілері ЕАЭО-ын құруда саяси контекст жоқ деп мәлімдеді [507]. Ресей министрі жаңа қауымдастыққа кіру кезінде Баку үшін мүмкін болатын артықшылықтар туралы айта отырып, осындай біркелкі теріс жауаптың әсерін жұмсартуға тырысты. Ол ЕАЭО-ға кіру мәселесін қызмет көрсету саласының дамуына жағымды әсер ететіндігін, адами ресурстардың, инвестициялардың еркін қозғалуына, әсіресе, ауылшаруашылығы саласында ірі инвестициялық жобаларды құруға ықпал ететіндігін атап өтті.

Бодрум форумын ашқан Түркия Президенті Абдуллах Гүл IV-ші саммит Түркі Кеңесіне мүше елдердің одан әрі ынтымақтастығына жаңа серпін беретініне сенім білдірді. Одақ экономикалық және сауда ынтымақтастығын кеңейтуді, бірыңғай мәдени кеңістікті құруды, сондай-ақ Каспийдің энергия тасымалдаушыларын Түркия арқылы Еуропаға шығаруға және экспорттауға байланысты мәселелерді шешуді жоспарлап отқандығын айтты. Осы уақытта бес мемлекеттің басшылары мәдениет, туризм және инфрақұрылымдық жобаларды дамыту саласындағы ынтымақтастыққа назар аударып келді. Әрі қарай Түркі Кеңесінің жұмысын жалғастырған Абдуллах Гүл «Ұйымды жандандыру үшін Ыстамбұлдағы кеңес хатшылығының жұмысын қолдау маңызды. Біз сондай-ақ ынтымақтастықтың көпжақты тетіктерін жасап жатырмыз. Мәселен, Астанада Түрік Академиясы, Бакуде Түркі мәдениеті мен мұрасы қоры құрылды. Екі құрылым да біз үшін өте маңызды, өйткені олар түркі халықтарының ұлттық болмысын нығайтуға және өскелең ұрпақты ортақ мұрамыз туралы ақпараттандыруға көмектеседі» деген ойын ашық білдірді [508].

Түркі Кеңесінің IV-ші саммитінде Әзірбайжан мен Қазақстан арасындағы жақындасу байқалды. ЕАЭО құрылған саммитте Н.Ә. Назарбаев Арменияның Таулы Қарабахқа байланысты кіруге жол бермеу туралы мәселені көтерді. Осылайша, Қазақстан ресми түрде Әзірбайжанға қатысты қатаң түрде принципті ұстаным қалыптастырды. Бұл қадам Әзірбайжанда бағаланып, И.Алиев Борумдағы екіжақты кездесуде Н.Ә. Назарбаевті қолдағаны үшін ризашылығын білдіріп, онымен бірге Қарабах мәселесін реттеуге шақырды.

Бодрум саммитіне Түрікменстан Президенті Г.Бердімұхаммедовтың қатысуын энергетикалық сектордағы жағдайға, дәлірек айтқанда, өз газын еуропалық бағытқа экспорттауға қатысты белгілі бір алаңдаушылық болуы мүмкін деген тұжырым жасауға болады. Түрікменстан Еуропаның газ нарығындағы позициясын бекітуге ниетін бұрыннан білдіріп келген еді. Дегенмен, Каспий теңізінің мәртебесін реттемей, түрікмен энергиясын Әзірбайжан жағалауларына тасымалдау қиын міндет болып саналады, өйткені мәртебені анықтамас бұрын қажетті құбырды салу мүмкін болмай келеді, бірақ Түрікменстанның гипотетикалық газ құбырындағы серіктестермен келісу қажет сынды. Осы уақытқа дейін түркімен тарапы бұл мәселені басымдық ретінде қарастырған жоқ еді. Сондықтан, сарапшылар Түркі Кеңесінің өміршеңдігіне күмән келтіруде. Осыған орай «Тілдік ұқсастықтарға негізделген экономикалық одақтар әлемдік тәжірибеде өте сирек кездеседі. Әзірге Түркі елдері арасында ұқсастық жағдайлар көрінбейді. Әр елдің өз мүдделері бар, олар көп жағдайда бір-бірімен сәйкес келмейді» деген ойды Орталық Азия және Таяу Шығыс бойынша сарапшы А.Князев алға тартып отыр [509]. Сарапшы атап өткендей, Қазақстан Ресеймен тығыз байланыс орнатқан және Қытаймен де экономикалық ынтымақтастықты стратегиялық бағыт ретінде қабылдауда. Мұның бәрі Қазақстанның географиялық орналасуы мен Ресей және Қытай экономикасының ауқымымен ерекшеленеді. Түрікменстан мен Әзірбайжан Каспий теңізіндегі аумақтық дауларға байланысты қиын қарым-қатынаста, бұл мәселенің шешілуін жақын арада күтуге болмайды. Түркияның өз мүддесі бар, сондықтан Түркия үшін Еуропаны газбен қамтамасыз ету жөніндегі «делдал» рөлін барынша қабылдау маңызды деген тұжырымын ортаға салып отыр. Сонымен қатар, А.Князев қазіргі әлемдік саяси өзгерістерге байланысты Түркі Кеңесінің даму болашағын мынандай жағдайлармен байланыстырып отыр: *«Иранның Батыспен қарым-қатынасын «қалпына келтірудің» сәтсіздігі түрікмен газының Иранның Каспий ойпаты арқылы транзитіне жол бермейді. Транскаспий газ құбыры - бұл миф, оны жүзеге асырудағы кез-келген әрекет Иран мен Ресей тарапынан бірден және қатаң түрде тоқтатылады. Қазақстан газ өндіру жөнінен көшбасшы емес. Республиканың аймақтарындағы газбен қамтамасыз ету мәселесі өзекті болып табылады және болашақта Қытайға табиғи газ жеткізілуі қажет»*. Әрі қарай ойын жалғастырған сарапшы «Түрікменстанға келетін болсақ, ол өз кезегінде Қытайға газ жеткізуге толықтай бағдар алды. Қазіргі уақытта Түрікменстан мен Қытай арасында, оның ішінде ҚХР-ға газ транзитін күшейтетін қауіпсіздік саласындағы келісімдер пакеті талқылануда. Ал, Қырғызстан маңызды экономикалық субъект болып есептелмейді. Қырғызстан Түркияның экономикалық және мәдени экспансиясының нысаны, бұдан басқа ештеңе жоқ» дейді. А.Князевтің пікірінше, «түркі интеграциясына қатысты Өзбекстан өзінің эгоизмі мен прагматизмге негізделген принципті ұстанады, бұл ел өзіне тиімді екіжақты қатынастар ғана орнатады» [510].

Алматы-Бодрум саммиттері арасындағы Түркі Кеңесі аясындағы ынтымақтастық көп бағытқа айналды. Дегенмен, бұл тұрғыда саяси ынтымақтастық

қарқын алды, сәйкесінше Түркі мемлекеттері арасындағы қатынастардың дамуы жеделдетілді. Осыған орай, жыл сайынғы ресми кездесулерден басқа, Нью-Йоркте сыртқы істер министрлерінің БҰҰ-ның Бас Ассамблеясының мәжілісінде бейресми форматтағы кездесулері дәстүрге айналды. Осыған байланысты Нью-Йоркте 2011, 2012 және 2013 жылғы қыркүйекте БҰҰ-ның Бас Ассамблеясының отырысы аясында және 2013 жылғы ақпанда Каирде 12-ші Ислам Саммиті аясында Сыртқы істер министрлерінің бейресми кездесулері өткен-ді. Бұл жағдай Түркі Кеңесінің жүйелілігі мен нақты қадамдарын анықтауға және дамуға деген стратегиялық жоспарларды жүзеге асыруға негіз қалыптастырды.

Түркі Кеңесінің V-ші саммиті 2015 жылдың 11 қыркүйегінде Астанада «Ақпарат саласындағы ынтымақтастық» тақырыбында өтті. Кездесуге қатысушылар, Қазақстаннан Н.Ә. Назарбаев, Әзірбайжаннан И.Алиев және Қырғызстаннан А.Атамбаев, ТҰҰМ-нің Төрағасы Исмет Йылмаз, Түрікменстан Үкіметі Премьер-Министрінің орынбасары С.Тойлиев және Түркі мемлекеттердің Ынтымақтастық Кеңесінің Бас хатшысы Р.Гасанов Түркі Кеңесіне мүше мемлекеттердің өзара іс-қимылдарының барлық аспектілерін талқылады. Н.Ә. Назарбаев өз сөзінде Астанадағы V-ші мерейтойлық Саммитті ынтымақтастықтың маңызды кезеңі деп атады, Түркі Академиясы дайындаған түркі әлемінің интеграциясы тұжырымдамасын жылдам қабылдау қажеттігін және болашақта Түркі Кеңесі БҰҰ-ы мен ИБҰ-ның жанындағы бақылаушы мәртебесін алу Түркі мемлекеттердің ортақ мүдделеріне сәйкес келетіндігін атап өтті [511].

Н.Ә. Назарбаев әлемдегі түрлі геосаяси және геэкономикалық өзгерістер бүгінгі таңда түркі әлеміне әсер етіп отырғанын және Қазақстанның Сирия, Ливия және Иракта бейбітшілік пен тұрақтылықтың орнатылуына мүдделі екендігін, сондай-ақ Палестина мен Израиль арасындағы жағдайды реттеуді қолдайтынын және Ауғанстанды бейбіт жолмен қалпына келтіру қажеттілігін баса айтты. Осыған байланысты ол террористік, экстремистік және сепаратистік қауіптерді бейтараптандыру бойынша бірлескен күш-жігердің маңыздылығына назар аударды. Сауда-экономикалық саладағы ынтымақтастықты дамыту мәселесіне тоқталған Н.Ә. Назарбаев Түркі Кеңесіне мүше мемлекеттердің Қытай, Ресей, Еуропа, Таяу Шығыс, Кавказ және Орталық Азияның экономикалық және коммуникациялық желілерін байланыстыратын континентаралық транзиттік көпір болуға барлық мүмкіндіктері бар екенін атап өтті. Осыған байланысты ол: «Каспий теңізінің транзиттік әлеуеті мен өткізу қабілетін арттыру қажет. Өзекті мәселе - мультимодальды еуразиялық трансконтинентальды көлік дәлізін құру. Сонымен бірге, аяқталған Батыс Еуропа – Батыс Қытай автожолы Еуразия кеңістігіндегі негізгі транзиттік каналға айналатынына сенімдімін. Бұл «Нұрлы жол» жаңа экономикалық саясатының басты басымдықтарының бірі» деді [512].

Түркі Кеңесінің Астанада өткен V-саммитте Түркі мемлекеттердің білім және ғылым саласындағы ынтымақтастығына назар аударылды. Осыған байланысты Н.Ә. Назарбаев Түркі халықтарының XV ғасырға дейінгі тарихы туралы Түркі Академиясы дайындаған оқулықты ерекше атап өтіп, бұл жұмысты Түркі елдердің мектеп бағдарламаларына енгізу мүмкіндігін қарастыруды ұсынды. Түркі халықтарының адамзат мәдениетіне қосқан елеулі үлесіне назар аударылды және бай мәдени мұра туралы ақпараттарды ғылыми жұмыс түрінде «Ата-баба мұрасы» атты көлемді ғылыми еңбектің жариялау қажеттілігіне тоқтады. Н.Ә. Назарбаев халықаралық ұйым мәртебесін алған Түрік Академиясы қысқа мерзімде жоғары тиімді институт ретінде танымал болғанын атап өтті. Шынында да Академия

ЮНЕСКО, ИСЕСКО сияқты ұйымдармен байланыс орнатты және Халықаралық академиялар одағының мүшесі болды. ЮНЕСКО-ның штаб-пәтерінде Қорқыт мұрасына арналған халықаралық форум ұйымдастырды. Академия Астана экономикалық форумы аясында «Каспий транзиттік дәлізі» тақырыбында арнайы пікірталас өткізген-ді. Әзірбайжандағы «Түркі әлемінің мәдениеті мен мұрасы» қоры мен қырғыз тарапының бастамасымен құрылған «Көшпенділер өркениеті» орталығы Түркі елдердің өзара іс-қимылды дамытуға деген ұмтылысының дәлелі болып табылады. Осыған байланысты Н.Ә. Назарбаев Іскери топтар мен оған мүше мемлекеттердің демеушілерін біріктіре отырып, Түркі интеграциясының Бас қорын құру мүмкіндігін қарастыруды ұсынды. Сонымен бірге Н.Ә. Назарбаев түркі әлемі үшін ортақ ақпараттық кеңістік құру қажеттігін атап өтті.

Кездесуге қатысқан мемлекет басшылары өз сөздерінде Қазақстанды Түркі Кеңесі саммитінің күнімен тұспа-тұс келген Қазақ хандығының 550 жылдығымен құттықтады. Төртінші және бесінші саммиттер арасында Түркі Кеңесі төрағасы қызметін атқарған Түркия өкілі ретінде Исмет Йылмаз Түркі Кеңесіне мүше елдер арасындағы ынтымақтастық тұрақты және берік негізге негізделгенін айғақтады. Оның айтуынша, кеңестің институционалды құрылымын нығайту саласында айтарлықтай даму байқалды, ірі нақты жобалар жүзеге асырылды. ТҰҰМ-нің спикері Астана саммиті тақырыбының кеңес үшін қаншалықты маңызды екендігіне тоқталды. Ол бүгінде стратегиялық байланыс пен қоғамдық дипломатия дәуірінде өмір сүріп жатқандығымызды, ішкі және сыртқы қоғамды тиімді түрде ақпараттандырған сайын елдің немесе ұйымның өжеттілігі арта түсетінін атап өтті. Коммуникациялық технологиялар әлемінде болып жатқан оқиғалардың революциялық дамуы бұл процесті қолдайды және жеңілдетеді деген қорытынды жасады.

Әзірбайжан Президенті И.Алиев өз сөзінде Түркі Кеңесінің халықаралық аренадағы позициясын нығайту, Түрік мемлекеттердің экономикалық, транзиттік-көлік және энергетика салаларындағы өзара іс-қимылына тоқталды. Ынтымақтастықтың мәдени, гуманитарлық және ақпараттық өлшемдерінің маңыздылығын атап өтті. Өз сөзінде ол: «Ортақ телеарнаны құру бұл біздің ниетіміздің көрінісі және біздің саясатты іске асырудағы іс-әрекетімізді білдіреді. Біздің халықтарымыз үшін және бүкіл әлем үшін бұл арна қазіргі өміріміз туралы ақпараттандыру, құндылықтарымыз бен дәстүрлерімізді нығайту тұрғысынан өте маңызды рөл атқарады. Қысқа мерзімде бұл арна ауқымды аудиторияға жететініне және үлкен қызығушылық тудыратынына күмәнім жоқ. Бүгінгі таңда ақпараттық қауіпсіздік өте маңызды, біз оны өз елдеріміз үшін қамтамасыз етуіміз керек, сонымен бірге нақты және объективті ақпарат беруіміз керек» деді [513].

А.Атамбаев Түркі Кеңесінің V-ші саммиті аясында қабылданған шешімдер өзара түсіністікті тереңдетуге, мәдени-гуманитарлық байланыстарды дамытуға қызмет ететініне сенім білдірді. Ол жаһандық тұрақсыздықпен сипатталатын қиын уақытта өмір сүріп жатқандығымызды және мұндай жағдайлар елдер мен халықтардың достық байланыстарды нығайту міндетін қоятынын атап өтті. Н.Ә. Назарбаев ұсынған халықаралық «Түркістан» телеарнасы сияқты бастамалар ұлттық ақпараттық кеңістікті байыту мен жаһандық ақпараттық өрісті қалыптастыруға мүмкіндік беріп қана қоймай, халықтарды біріктірудің жаңа құралы болып табылады деген ойын білдірді. Сонымен бірге А.Атамбаев Түркі Кеңесінің іргетасы жыл сайын нығайып келе жатқанын, ал Түркі елдерінің Саммиті аясында ынтымақтастық

мазмұны жаңарып, тереңдей түскенін атап өтті. Астана Саммиті ақпарат саласындағы өзара іс-қимылдың дамуына серпін беретінін тілге тиек етті [514].

Түркі Кеңесінің VI-шы кезекті саммиті 2018 жылдың 3 қыркүйегінде Қырғызстанның Шолпан-Ата қаласында «Ұлттық спорт пен жастар саласындағы ынтымақтастық» тақырыбында өтті. Құрамына Қазақстан, Түркия, Әзірбайжан және Қырғызстан кіретін Түркі Кеңесінің Шолпан-Ата қаласында өткен саммиті алдыңғы кездесулерден бірнеше факторлармен ерекшеленді. Біріншіден, саммитке Өзбекстан Президенті Ш.Мирзиёевтің құрметті қонақтардың бірі ретінде қатысуы еді. Кезінде Өзбекстанның Президенті болған И.Каримов заманынан ұзақ уақыт бойы Түркия мен Өзбекстан арасындағы қатынастар саяси келіспеушіліктер салдарынан едәуір салқын-ды. Өйткені өзбек оппозициясының бір бөлігі Түркиядан саяси баспана сұрады, ол өз кезегінде И.Каримовтың түркі әлемінен бас тартуына себеп болды. Су, шекара және соның ішінде Қырғызстандағы өзбек диаспорасының төңірегінде де Өзбекстан мен Қырғызстан арасындағы қатынастар өте күрделі еді. Нәтижесінде Өзбекстан Түркі мемлекеттердің ынтымақтастық кеңесінің алдыңғы саммиттерін елеусіз қалдырды. Өзбекстан сонымен бірге ТҮРКСОЙ-ға кіруден бас тартты. Бірақ, Өзбекстанның жаңа президенті Ш.Мирзиёев Қазақстанмен саяси және экономикалық өзара әрекеттесуді күшейтті, аймақтық экономикалық ынтымақтастық байланыстарына серпін берді. Сонымен қатар, Қырғызстан және Тәжікстанмен, сондай-ақ Түркиямен серіктестікті қалпына келтіру саясатын жандандыра түсірді. 2017 жылы Ш.Мирзиёев Түркияға соңғы 18 жылдағы алғашқы мемлекеттік сапармен табысты барып қайтты. И.Каримов Түркияға соңғы рет 1999 жылы келген-ді. Айта кету керек, 2016 жылдың қараша айында ұзақ үзілістен кейін Түркия Президенті Режеп Ердоған Өзбекстанға ресми сапармен барған-ды. Ал Өзбекстанның Түркі мемлекеттердің ынтымақтастық кеңесіне кіруі осы ұйымның салмағын, оның ішінде қатысушы елдердің экономикалық өзара іс-қимылын жандандыру тұрғысынан маңызды болып табылады.

Екіншіден, Қазақстан бұл саммитке Түркі Кеңесі аясында біртұтас мәдени және тілдік кеңістікті қалыптастыру процесін жеделдете алатын латын әліпбиіне көшу туралы ресми түрде жариялағаннан кейін қатысты. Кеңесті құрайтын мемлекеттердің ішінен латын әліпбиі Түркия мен Әзірбайжанда бұрыннан бар және Қазақстан жақында оларға қосылды. Бұл жағдайда Түркі мемлекеттердің Ынтымақтастық кеңесіне қатысушы елдердің көпшілігі (Қырғызстанды қоспағанда) жалпы тілдік кеңістікке ғана емес, сонымен бірге латын графикасына ие ақпараттық салада тығыз ынтымақтастық орнатуға көбірек мүмкіндік алады. Сонымен бірге, тәжірибе көрсеткендей, жалпы мәдени және тілдік орта экономикалық, діни, саяси немесе әскери мақсаттарға қарағанда әлемнің әртүрлі өңірлеріндегі аймақтық бірлестіктердің қызметінде маңызды рөл атқарады.

Үшіншіден, Қырғызстандағы саммит Түркияның қатысуымен жаңа геосаяси шиеленіс жағдайлары аясында өтті, ол АҚШ-пен саяси, содан кейін экономикалық қарама-қайшылық кезеңіне өтті. Мұның бәрі оппозициялық ислам уағыздаушысы Фетхуллах Гүленнің кесірінен басталды. Түркияда американдық пастор Эндрю Брансонның тұтқындалуына байланысты Түркияның ішкі істер министрі мен әділет министріне санкциялар салғаннан кейін шиеленіс күшейе түсті. Нәтижесінде, Реджеп Тайып Ердоған АҚШ-та және Қырғызстан саммитінде Түркі мемлекеттердің ынтымақтастық кеңестеріндегі серіктестерін доллардан бас тартуға және ұлттық валютамен сауда-саттыққа көшуге шақырды. Мұндай ұстанымды Ресей мен Қытай көрсетті. Олар Орталық Азияның жақын көршілері ретінде АҚШ-қа ренжіген

сыңайын танытты. 2009 жылдан бастап Түркия өзінің сыртқы саясатын әлемнің әртүрлі аймақтарындағы белсенділігімен таң қалдырады. Түркия Сирия және Египет сынды елдерге, көрші мемлекеттердің ішкі саясатына араласып, өзін субрегионалды күш ретінде көрсетуін жасырмады. Бір жағынан Түркия өзінің аймақтық қауіпсіздігін қорғауға кірісті, екінші жағынан экономикалық потенциалын күшейтуге бет бұрды. Сонымен қатар, Түркия үшін посткеңестік айқымның бір бөлігі, ең алдымен Түркі мемлекеттері, оның өмірлік геосаяси мүдделерінің саласы ретінде қарастырылатын болды.

Төртіншіден, Венгрияның премьер-министрі Виктор Орбан да осы саммиттің құрметті қонағы болды, ол мигранттармен болған дағдарыс жағдайында Еуропалық Одақ шеңберіндегі сыртқы саясаттың қақтығысқа қарсы моделін көбірек көрсете бастады. Мүмкін, бұл қазіргі венгр саяси элитасы мен қоғамның бір бөлігі тарихи тамырларды еуропалық емес, түркі өркениетінде іздеумен байланысты еді. Егер бұл тенденция жалғасатын болса, онда уақыт өте келе Венгрия еуропалық кеңістіктегі Түркі елдердің мүдделерін қолдаушылардың біріне айналуы әбден мүмкін. Түркі Кеңесінің болашағына қатысты тұжырымға келер болсақ, әлемдік тәжірибе көрсеткендей, аймақтық бірлестіктердің басты мақсаттарының бірі болып, экономикалық және дербес саяси ықпалдастық болып табылатыны анық байқалады. 2010 жылдың соңында Кеңестің Бас хатшысы Халил Акынжы Түркі елдердің кеден одағын құратынын жариялады. 2012 жылы Бакуде Түркі мемлекеттердің ынтымақтастық кеңесі экономика министрлері Әзірбайжан, Түркия, Қазақстан және Қырғызстан арасында инвестициялық белсенділікті арттыру үшін даму қорын құру мәселелерін талқылады. Біраз уақыттан кейін Түркі мемлекеттердің Парламенттік Ассамблеясының Бас хатшысы Р.Гасанов еркін сауда аймағын құру мәселесі күн тәртібінде тұрғанын атап өтті, яғни Түркі мемлекеттер арасында кедендік баждарды алып тастау және заңнаманы біріздендіру туралы мәселе қозғалды.

Бірақ уақыт көрсеткендей келісілген мәселелердің барлығы сөз жүзінде қалды. Сонымен қатар, Қазақстан, содан кейін Қырғызстан ЕАЭО-ға мүшелеріне айналды, сөйтіп өзін Ресейдің геосаясатының тұзағына түсті. Екінші жағынан, ЕАЭО-на экономикалық тиімсіздігі жағдайында, оның ішінде Ресей мен Батыс арасындағы созылмалы санкциялар соғысына алып келген В.Путиннің геосаяси авантюралары салдарынан Қазақстан өзінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін барлық мүмкіндікті, соның ішінде Түркі мемлекеттері арасындағы ынтымақтастық арқылы пайдалануы қажет деген тұжырым жасауға толық негіз бар.

Түркі Кеңесінің VI-шы саммитінің нәтижесі Түркі мемлекеттердің интеграциясы тұжырымдамасының жобасын қабылдау болды. Сонымен бірге, Н.Ә. Назарбаев Түркі Кеңесіне мүше мемлекеттер арасындағы сауда-экономикалық қатынастарды, оның ішінде транзиттік әлеуетті пайдалану арқылы нығайту тақырыбын тағы да көтерді. Түркі Кеңесіне мүше мемлекеттер сондай-ақ, Ақтауда қабылданған Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі туралы конвенцияны атап өтті. Егер транзиттік әлеуетке қатысты мәселе жүзеге асатын болса, оны негізінен қытайлықтардың «Бір белдеу, бір жол» бастамасымен байланыстыратын сияқты пікірлер айтыла бастады. Негізінен, Түркі Кеңесіне мүше елдер саммитте Қытайдан Каспий арқылы Кавказға контейнерлік тасымалдау жүйесі жайлы мәселе қозғап, жаңа экономикалық мүмкіндіктер туралы ойларын жасырмады. Ал, Н.Ә. Назарбаев Әзірбайжанға жасаған сапары барысында көліктік және транзиттік саланы дамытудың басымдықтарын атап өтіп, Қазақстанның Қытайдан Каспий теңізіне, сондай-ақ Батыс Еуропа - Батыс Қытай автожолын салғанына тоқталған-ды.

Қытайдан Еуропаға жүктердің транзиті Қазақстан арқылы, содан кейін Каспий теңізі мен Кавказ арқылы ұлғая түсетініне тағы бір назар аударылды. Сонымен қатар, 2016 жылдың қазан айында Әзірбайжан, Қазақстан және Грузия Қытай, Қазақстан, Әзірбайжан, Грузия арқылы әрі қарай Түркия мен Украинадан Еуропаға өтетін Транскаспий халықаралық көлік маршрутын құру туралы келісімге қол қойған еді.

Ресми түрде, 2019 жылдың 15 қазанында аяқталған Түркі Кеңесінің VII-ші саммитінің басты тақырыбы «Шағын және орта бизнесті қолдау» деп жарияланды. Бұл жағдай Түркі Кеңесіне мүше елдердің Сауда-өнеркәсіп палаталарының бірінші басшыларының қатысуы айғақтады. Дегенмен, бұл саммит тартысты өтті, себебі әрбір Түркі мемлекеті өздерінің ұстанымдарын нақты және талапты қоя білді. Бірінші кезекте қабылдаушы ел ретінде Әзірбайжанның өкілдері, сонау 2009 жылдан Нахчыван қаласында Түркі Кеңесінің құрылуы жарияланғаннан бастап, Таулы Қарабах мәселесінде Орталық Азияның Түркі мемлекеттерінің қолдауының қажеттілігі туралы талай рет тілге тиек етті. Әзірбайжан Президенті И.Алиев мұны мемлекетаралық экономикалық ынтымақтастықпен және аймақтық тұрақтылықпен тығыз байланыстырды. Ол Түркі Кеңесіне мүше мемлекеттері басшыларының алдында Орталық Азия елдерінің кейбір энергетикалық ресурстары Әзірбайжан территориясы арқылы тасымалданатынын еске салып, Армениямен жақындасқанына наразылығын білдірді. И.Алиев сөйлеген сөзінде: «Армения мұсылман елдерімен тығыз ынтымақтастық орнатуға тырысуда. Алайда, әлем мұсылмандары үшін қасиетті мешіттерді қиратқан Армения мұсылман елдерімен дос бола алмайды. Біздің дінімізге қарсы жасалған бұл вандализм Арменияның исламофобиялық мәнін көрсетеді» деп Қазақстан, Қырғызстан және Баку саммитінде Түркі Кеңесіне оралған Өзбекстан басшыларына үндеу тастаған сынды болды [515].

Бұл самитте тек Түркия президенті Режеп Тайып Ердоған Армениямен қақтығыста Әзірбайжанның ұстанымын ашық қолдады. Оның үстіне Түркия Президентіне Сирияда күрдтердің әскери күштеріне қарсы басталған бейбітшілік операциясының салдары назар аудартты. Дегенмен, Режеп Тайып Ердоған Түркия мен АҚШ және Еуропалық Одақ арасындағы қатынастарды күрт қиындатқан түрік әскерінің Сириядағы соғыс қимылдары тақырыбын бірден көтерген жоқ. Бірінші кезекте, ол Түркі елдерге ұлттық валюталардың пайдасына өзара саудада доллардан бас тарту туралы ойлануды ұсынды. Содан кейін Режеп Тайып Ердоған Түркі мемлекеттерінің арасындағы кедендік квотаны алып тастап, Шығыс-Батыс ортақ дәлізін құру қажеттілігін айтты. Осыдан кейін Түркия Президенті күрдтер мәселесін талқылауға кірісті. Өз сөзінде Режеп Тайып Ердоған: «Біздің Сириядағы соңғы 8 жылдағы тәжірибеміз террористік ұйымды басқасының қолымен жою мүмкін еместігін растады. Ел ретінде 9 қазанда біз РКК/YPG-ні жою үшін маңызды қадам жасадық. Біздің «Бейбітшіліктің қайнар көзі» деп аталатын операциямыз екі негізгі мақсатқа ие. Біріншісі, ол Сирияның солтүстігіндегі РКК/YPG террористік қауіпті толығымен жою. Операцияның екінші мақсаты, сегіз жыл бойы елімізге көшкен 3 миллион 650 мың сириялық арабтың Отанына, қауіпсіз оралуын қамтамасыз ету» деді және Сириядағы соғыс кезінде Түркияның шамамен 350 мың сириялық күрдтерді қабылдағанын айтты [516]. Режеп Тайып Ердоғанның Сирия мәселесіне байланысты айтқан уәждерін Түркі Кеңесіне мүше елдердің басшылары салқындық танытты.

Осы самитте Түркі Кеңесі мемлекет басшыларының шешімімен Баку саммитіне Қазақстан Республикасы делегациясының басшысы ретінде келген Н.Ә. Назарбаевқа «Түркі мемлекеттердің ынтымақтастық кеңесінің құрметті төрағасы»

мәртебесін берді. Ол тарихта бірінші «Елбасы» ретінде түркі әлемінің ең жоғарғы ордені болып табылатын орденімен марапатталды. Сонымен бірге, самиттің жетістіктерінің бірі ретінде бірауыздан Өзбекстан Республикасын Түркі Кеңесінің мүшелігіне қайта кіріуін қолдады және бақылаушы ел Венгриямен Будапештте Түркі мемлекеттер ұйымының еуропалық өкілдігін ашуға келісім жасады.

Әзірбайжанның елордасы Баку қаласында өткен самитте Түркі мемлекеттері екіжақты келісімдерге мән берді. Мәселен, Өзбекстан Президенті Ш.Мирзиёев Әзірбайжан Президенті И.Алиевпен кездесу барысында жаңа Баку-Тбилиси-Карс теміржолының әлеуетін тиімді пайдалануды ескере отырып, өзара ынтымақтастықты кеңейту мәселесін талқылады. Өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, көлік және туризм саласындағы ынтымақтастықты дамыту мүмкіндіктеріне көп көңіл бөлінді. Ш.Мирзиёев осы мәселе туралы саммитте сөйлеп, Түркі мемлекеттерінің халқы жас екендігін баса айтты. Осыған сәйкес, ол «Түркі Кеңесі аясында жас кәсіпкерлер форумын құруды және алғашқы отырысын Өзбекстанда өткізуді» ұсынды [517].

Қырғызстан Президенті С.Жәэнбеков Бакуде көптеген екіжақты кездесулер өткізді. Екіжақты кездесулер барысында және Саммиттегі тікелей сөйлеген сөзінде С.Жәэнбеков көлік дәліздерін кеңейтіп қана қоймай, энергетика нысандарын салуға, жеңіл өнеркәсіп пен ауылшаруашылық өнімдерін өңдейтін кәсіпорындарға көп көңіл бөлуді және ЕАЭО-мен ынтымақтастықты нығайтуды ұсынды. Өз сөзінде Қырғызстан Президенті С.Жәэнбеков: ««Қырғызстан мен Қазақстанның ЕАЭО-на мүшелігі біздің серіктестерімізге 190 миллион халқы бар нарықты ашады. Біздің ұйымның экономикалық ынтымақтастықты дамытуда пайдаланылмаған әлеуеті өте көп» деді [518].

Жоғарыда айтылғандай, Бакуде өткен саммитте Қазақстан делегациясын басқарған Н.Ә. Назарбаевқа келетін болсақ, оның ұсыныстары жаһандық сипатқа ие болды. Оның пікіріне қарағанда, ортақ түркі болашағы үшін жаңа көкжиектерді қалыптастыратын уақыт жетті. Бұл үшін, Түркі мемлекеттері ұзақ мерзімді мақсаттары мен оған жету жолдарын көрсететін «Түркі көзқарасы - 2040» бағдарламасын жасау керектігін баса ескертті. Өз сөзінде Н.Ә. Назарбаев: ««Сонымен бірге біз сыртқы саясат пен жұмсақ энергетика, сауда және транзит, туризм, инвестициялар, энергетика және жасыл экономика, шағын және орта бизнес сияқты басым бағыттардағы елдердің өзара іс-қимылына жаңа серпін береміз. Бағдарламада мәдениет пен білім, жастар саясаты және денсаулық сақтау, цифрландыру және жасанды интеллект, сонымен қатар түркі халықтарының ортақ бесігі болып табылатын Түркістан қаласын дамыту жөніндегі бөлімдерді арнауымыз қажет. Қазақстан қазірдің өзінде Түркістан қаласында үлкен құрылысты бастады» деген нақты ойын ортаға салды. Екіншіден, Н.Ә. Назарбаев қазіргі құрылымның атауын өзгерту туралы ойлану керектігін, өйткені түркі интеграциясының жетістіктері еуразиялық кеңістіктегі қауіпсіздік пен тұрақтылықты нығайту үшін стратегиялық маңызы бар екендігін айтты. Өз сөзінде ол ойын былай түйіндеді: «XXI ғасыр бізге осындай мүмкіндік береді және біз оны толығымен пайдалануымыз керек. Сонымен қатар, Түркі мемлекеттердің ынтымақтастық кеңесін ұйымдасқан деңгейге көтеруге болады деп санаймын. Егер біздің Кеңес ұйымға айналса, біздің құрылымды «түркітілдес» емес, Түркі мемлекеттер ұйымы деп атауға болады» [519].

Соңғы онжылдықтарда Түркі мемлекеттері ынтымақтастықтың тиімді тетіктерін құрудың ұзақ жолынан өтті. Түркітілдес мемлекеттердің ынтымақтастық кеңесі халықаралық алаңға айналды, оның бастамалары тараптар арасындағы

сенімді нығайтып, аймақтық және екіжақты ынтымақтастыққа ықпал етуде. Әзірбайжанда өткен Түркі Кеңесінің VII-ші саммиті Түркі мемлекеттердің интеграциялық әлеуетін толықтай іске асыруда сыртқы саясаттың күн тәртібінде өзекті болып қала беретінін көрсетті. Сонымен бірге, осы форматтағы өзара әрекеттестікті одан әрі дамытуды қатысушы елдерден талап етіледі, олардың саны Өзбекстанның қосылуымен және Венгрияның бақылаушы мәртебесін алумен бірге қазіргі геосаяси және экономикалық шындыққа бейімделу үшін алтыға дейін өсті. Реформалардың ойластырылған және сенімді стратегиясын құру қажет. Қырғызстандағы Түркі Кеңесінің VI-шы саммитінде кеңеске қатысушылар онтайландыру мен орталықтандыруға баса назар аудара отырып, Кеңес құрылымдарының жұмысын қайта құрылымдауға қызығушылық танытты. Дәл осы мақсатта Түркі ынтымақтастық ұйымын реформалау тұжырымдамасы жасалды. Экономикалық өзара әрекеттестікті кеңейту үшін векторды күшейту қажеттілігі артып келеді. Қатысушы елдер бірлескен Түркі Сауда-Өнеркәсіптік Палатасын, сондай-ақ Түркі Инвестициялар және Интеграция Қорын құру сияқты бірқатар маңызды жобалардың бастамашысы болды. Құрылған құрылымдардың басымдығы инвестицияларды тарту және мүше мемлекеттерде түркі сауда үйлерін ашуға қолайлы жағдай жасалғаны абзал. Жалпы алғанда Түркі мемлекеттердің ынтымақтастық кеңесі өзінің 10 жыл ішінде қатысушы елдерге өзара қызығушылық тудыратын мәселелердің кең спектрі бойынша келісуге мүмкіндік берді.

5.3 Қазақстан Республикасының түркі әлемінде алатын орны

КСРО ыдырағаннан кейін 1990-шы жылдары жаңа құрылған Түркі мемлекеттерінің әрқайсысының өзіндік ұлттық негіздерін қалыптастыру белгілерімен өтті. Бұл өте қиын кезең еді, өйткені жаңа саяси топтар мен көшбасшылардың тәуелсіз мемлекеттік жүйелерді құру тәжірибесі болмаған-ды. Олардың шешуге тиісті сыни міндеттердің қатарында бірінші кезекте мемлекеттілік және ұлттық құрылыстың ерекшеліктерін, қоғамның дүниетанымын және ұзақ мерзімді даму мақсаттарын айқындайтын өзіндік парадигмаға айналатын мемлекеттік идеологияларды жедел құру жатты.

Қазіргі таңда Түркі мемлекеттерінің әлеуметтік-экономикалық дамуы негізінен аймақтық байланыстарының деңгейімен, яғни олардың арасындағы экономикалық интеграция дәрежесімен анықталады, бұл жаһандандудың жағымсыз ықпалы мен әлемнің жетекші елдерінің Орталық және Таяу Шығыстағы геостратегиялық сынақтарына қарсы тұруға бірлескен күш салуға мүмкіндік береді. Сарапшылардың берген мәліметтеріне қарағанда Түркі мемлекеттердің жалпы экономикасы 5,5 триллионнан асады, бұл жалпы әлемдік ЖІӨ-нің 2% -нан сәл асады және өсуді жалғастыруда [520].

Кезінде жаңа құрылған Түркі мемлекеттердің өзара қарым-қатынастарына байланысты талай сыни пікірілер айтылып, сараптамалар жасалды. Осы тұрғыда ресейлік ғалымдары мен саясаткерлері Түркі әлеміндегі Түркияның көшбасшылық позицияларын қолына алуды аңсап, XX ғасырдың басындағы «түрікшілдікті» меңзегенімен теңеді [521]. Баспа беттерінде «Әр түрлі өзара әрекеттестік нысандарының ішінде Түркия Түркі мемлекеттер басшыларының өзара қызығушылық тудыратын мәселелердің кең ауқымын талқылау үшін бірлескен кездесулерін өткізуге табандылық танытты» деген пікірлер жазылды [522]. Дегенмен, уақыт өте келе түркі интеграциясына қатысты салмақты әрі жүйелі

ойларын практикалық мағынада Н.Ә. Назарбаев Түркі самиттерінде тілге тиек етіп, бірнеше Түркі мемлекеттердің құрылымдарын, атап айтқанда, Түркі мемлекеттер басшыларының Тұрақты органын, Түркі мемлекеттердің Парламенттік ассамблеясы және Ақсақалдар кеңесін, Түркі мемлекеттердің ынтымақтастық кеңесін (қазір Түркі Кеңесі), Түрік Академиясын құруға әкелді. Бұл түркі әлемі тарихындағы Түркі мемлекеттердің алғашқы мемлекетаралық бірлестігін құруға негіз қалады және түркі халықтарының өзара ынтымақтастығы мен бірлігін нығайтуға бағыттады. Сол үшін қазіргі таңда Н.Ә. Назарбаевты «Түркі интеграциясының архитекторы» деп атайды [523].

1991 жылы әлемдік қоғамдастықтың тең құқылы мүшесі бола отырып, Қазақстан өзінің сыртқы саясатын тұжырымдау және басқа мемлекеттермен байланыс орнату қажеттілігіне тап түсті. Қазақстан Республикасы өзінің сыртқы саяси стратегиясын жаһандану процестері, ықпал ету салаларының бөлінуінің жаңа кезеңі (КСРО-ның ыдырауы нәтижесінде) және пайда болған болашақтағы экономикалық нарықтарды қайта бөлу сияқты ауқымды құбылыстар негізінде құруға мәжбүр болды. Оның үстіне Қазақстан Еуразия континентінің ортасында, ірі шет мемлекеттердің мүдделері қақтығысатын аймақта орналасқан. Бұл әртүрлі факторларға байланысты. Олардың ішінде республиканың геосаяси орналасуы, яғни Қытай мен Ресейге жақындығы тұрғысынан стратегиялық маңызы бар. Қазақстанның көліктік-коммуникациялық әлеуеті әлемдік қауымдастықтың назарын аударуда. Мүдделер қақтығысының тағы бір факторы, бұл табиғи ресурстар мен көмірсутек шикізатының резервтері, бұл да стратегиялық тұрғыдан өте маңызды болып табылады. Бұл факторлар көпвекторлы болып табылатын Қазақстанның сыртқы саяси стратегиясының қалыптасуымен тікелей байланысты. Көпвекторлы сыртқы саясат Қазақстанның тәуелсіз, объективті және еркін таңдауын қамтамасыз ету үшін жасалды. Осы көпвекторлы тәсілдің астарында Қазақстан мен тұтас Орталық Азияға әсер ететін әртүрлі геосаяси күш орталықтары арасындағы тепе-теңдік жатыр. Өз кезегінде Н.Ә. Назарбаев Қазақстанның сыртқы саяси бағытын тұжырымдап, «Қазақстан өзінің геосаяси жағдайы мен экономикалық әлеуеті арқасында тар аймақтық проблемаларға назар аударуға құқылы емес. Бұл біздің елімізде ғана емес, оның шекарасынан тыс жерлерде де түсініксіз болар еді. Қазақстанның болашағы Азияда, Еуропада, Шығыста және Батыста. Шығыс пен Батыс арасындағы өзара түсіністік бір-бірінің ерекшеліктерін білуге негізделген және біздің елдеріміз бен халықтарымыздың игілігі үшін айналуы керек үлкен мүмкіндіктерді қамтиды» деген-ді [524].

Қазақстанның сыртқы саясат тұжырымдамасын жасауы оның әлемдік аренадағы маңыздылығын танумен ғана емес, сонымен бірге сыртқы бағыттың айқын басымдықтарын анықтаумен де алдын-ала анықталды. Сондықтан, қазіргі Қазақстанның халықаралық қатынастар саласындағы жетістіктері Ресеймен, Қытаймен, Орталық Азия елдерімен, Еуропалық Одақпен, АҚШ-пен және басқа елдермен ынтымақтастық орнатуға ықпал ететін өміршең және ұтымды сыртқы саясат тұжырымдамасының нәтижесі бола алды деуге толық негіз бар. Ресми құжаттарға сүйенетін болсақ, осы уақытқа дейін Қазақстанның сыртқы саяси тарихы бір-бірін толықтыра түсетін төрт кезеңге бөлінген, олардың әрқайсысы сыртқы саясаттың тұжырымдамалық көрінісімен сипатталады, ол қысқа және орта мерзімді жоспарларды іске асырудың және мемлекеттің мүдделерін құрметтеудің жолдары деп аталады. Осылайша, Қазақстанның сыртқы саясатының әртүрлі

тұжырымдамалары оның жаһандану жағдайында сыртқы саясаттың перспективалық міндеттері туралы көзқарасын айқындады.

Қазақстанның сыртқы саясатын құрудың преоритеттерін, соның ішінде Түркі әлемімен өзара сыртқы саяси байланыстарын Н.Ә. Назарбаев жасаған тұжырымдамасынан аңғаруға болады. Ол, Қазақстанның әлемдік аренадағы орны мен рөлін, стратегиялық басымдықтарын, сыртқы саясаттың мақсаттары мен міндеттерін және оларға жетудің әдістері туралы идеяларды қалыптастыратын сыртқы саяси бағдарламаның басымдықтарын белгіледі [525]. Бұл туралы Н.Ә.Назарбаевтың 1992 жылғы 16 мамырда жарияланған «Қазақстанның егеменді және тәуелсіз мемлекет ретінде қалыптасуы мен дамуының стратегиясы» атты мақаласында көрініс тапқан мемлекеттің сыртқы саясатының тұжырымдамалық тәсілдерінен көруге болады. Бұл мақала шын мәнінде қиын жағдайда елдің өзіндік даму жолын түсінудің алғашқы әрекеті болып табылды. Өз кезегінде аталған мақала ұлттың өзін-өзі анықтау мәселесін идеологиялық негіз ретінде қарастыратындықтан, фундаменталды сипатқа ие бола алды. Сондай-ақ, Н.Назарбаев тек бейбіт сыртқы саясатты жүргізуге, Қазақстанмен ынтымақтастық орнатуға мүдделі мемлекеттермен тең және өзара тиімді қатынастар орнатуға және жақсартуға ниетті екенін атап өтті.

Кезінде Елбасының Жарлығымен бекітілген 1995 жылғы Қазақстан Республикасының сыртқы саяси тұжырымдамасы сыртқы саясатты дамытудың екінші кезеңге бет бұрды. Бұл құжат алғаш рет ұзақ мерзімді ұлттық мүдделерді құрметтеуге бағытталған көпвекторлы саясаттың маңыздылығын жариялады. Аймақтың орталық географиялық жағдайы Батыс пен Шығыстың арасындағы көпір ретінде бағаланды. Мемлекеттік органдарға, оның ішінде Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігіне мемлекеттік шекараны делимитацияны тез аяқтау тапсырылды. Айта кету керек, 1995 жылғы Тұжырымдамада Қазақстанның сыртқы саяси ынтымақтастық аясындағы Батыстың басымдығы көрсетілген. Оның себептерінің бірі, 1994 жылы 27 мамырда НАТО-мен диалог пен әскери ынтымақтастықты нығайту мақсатында «Бейбітшілік үшін серіктестік» бағдарламасына қосылу болып табылды [526].

Қазақстанның сыртқы саясатын дамытудың үшінші кезеңі 2001 жылғы 15 наурызда Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік Кеңесі бекіткен Қазақстан Республикасының Сыртқы саясат тұжырымдамасы негіз болды. Көп векторлы тендестірілген көзқарас көбінесе кейбір саясаткерлер мен саясаттанушылардың арасында түрлі реакциялар туғызды. Дегенмен, Қазақстанның сыртқы саясаты көп векторлы және әртарапты болып қала береді. Сонымен қатар, Қазақстанның бастамасымен құрылған халықаралық ұйымдарға, оның ішінде Азиядағы өзара ықпалдастық және сенім шаралары жөніндегі кеңеске (АӨСШК) қатысу мәселесі айрықша орын алды [527]. 2001 жылғы Қазақстан Республикасының сыртқы саясаты Тұжырымдамасының сол уақыт шындығына үлкен бейімделуіне қарамастан, құжатқа бірқатар өзгерістер енгізілді. Сыртқы қауіптер, соның ішінде 2001 жылғы 11 қыркүйектегі лаңкестік әрекеті, Ирак пен Ауғанстандағы соғыстар, терроризмнің таралуы және тағы басқалар Қазақстанның әлемдегі жағдайын толығымен қайта қарастыруға мәжбүр етті. Осыған орай, 2005 жылы Н.Ә. Назарбаевтың Жарлығымен 2001 жылғы Тұжырымдамаға бірқатар өзгерістер енгізілді. Бұл жолы Қазақстан жаңа мәселелермен бетпе-бет келді, жаңа әлемдік құрылымда Қазақстанның мүдделерін қорғау мәселесі алдыңғы қатарға өтті. Сыртқы саясат стратегиясы «алдымен экономика, содан кейін саясат» ережесін ұстана бастады. Басымдықтар нақты белгіленді: Ресей Федерациясы, Қытай, АҚШ, ЕО, Орталық Азия және ислам әлемі.

Сыртқы саясат бағытын қалыптастырудың төртінші кезеңі «Қазақстан-2050» Стратегиясында көрсетілген сыртқы саясатқа негізделген Қазақстан Республикасының 2014-2020 жылдарға арналған сыртқы саясат тұжырымдамасы болды [528]. Осы тұжырымдаманың және бұрынғы барлық тұжырымдамалар арасындағы түбегейлі айырмашылық, ол Қазақстанның халықаралық рөлінің артуы, қазіргі әлемдік саясат пен экономикада түбегейлі жаңа тенденцияларды қарастыру жатты. Бұл Стратегия бір жағынан, Қазақстанның сыртқы саясатының сабақтастығын сақтау, екінші жағынан, жаһандық тұрақсыздық жағдайында осы стратегияның объективтілігін көрсететін жағдайларда жасалды. Осылайша әлемдік биполярлық жүйесінің бұзылуы және халықаралық қатынастарда көпқырлылық белгілерінің пайда болуы қазіргі әлемнің шындықтары мен Қазақстанның ұлттық және мемлекеттік мүдделеріне сәйкес келетін сыртқы саясаты қажет етілді. Қазақстан Республикасының 2014-2020 жылдарға арналған жаңа сыртқы саяси тұжырымдамасының ерекшелігі оның жариялылығында жатыр. Бұл екі мәселені шешу қажет етеді. Біріншіден, Қазақстан дипломатиясының қызметі туралы ашық және нақты нұсқаулар беру. Екіншіден, Қазақстан халқы мен ынтымақтас елдерге оның сыртқы саясатының барысы мен маңызды жақтарын айқындау.

Жылдам өзгеру үстіндегі саяси және экономикалық қатынастар жағдайында Қазақстан Республикасының 2014-2020 жылдарға арналған сыртқы саяси Тұжырымдамасындағы басымдықтар төмендегідей:

- мемлекеттік мүдделерді дәйектілік пен тепе-теңдіктің прагматикалық қағидаттары бойынша алға жылжыту;
- Орталық Азиядағы аймақтық қауіпсіздік үшін жауапкершілік, аймақтағы қақтығыс жағдайларын жоюға көмектесу;
- әлемдегі қауіпсіздік шараларын күшейту жөніндегі халықаралық бастамаларды қолдау;
- қорғаныс тежеу механизмдері мен ұлттық қорғаныс қабілеттерін нығайту мақсатында әртүрлі елдермен және ұйымдармен ынтымақтастықты нығайту;
- Ресей, Қытай, Америка Құрама Штаттары, Орталық Азия мемлекеттері, Еуропалық Одақ елдері және Азия-Тынық мұхит аймағында достық пен ынтымақтастықты нығайту;
- мемлекеттің «жасыл» даму жолына біртіндеп көшу және әлемнің дамыған 30 елінің қатарына ену;
- ұлттық-мәдени бірегейлікті сақтау, шетелдегі қазақ диаспорасы мен қазақ тілін қолдау [529].

Қазақстанның сыртқы саясатының 2014-2020 жылдарға арналған Тұжырымдамасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан жолы - 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Жолдауының негізінде жасалғанын атап өту маңызды. 2014-2020 жылдарға арналған Тұжырымдамада даму стратегиясын нәтижелі жүзеге асыру, көпұлтты қоғамдастықты нығайту, халықтың әл-ауқатын, азаматтық құқықтарының кепілдіктерін, құқықтық және демократиялық мемлекет құрудың жоғары деңгейлерін қамтамасыз ету үшін оң сыртқы жағдайлар жасау қажеттілігіне ерекше назар аударылған. Тәуелсіздіктің алғашқы он жылдарында Қазақстанның сыртқы саяси бағыттары негізінен мемлекеттің мүдделерін қорғауға аударылған болса, бүгінде оның мақсаттары біртіндеп қоғамның қажеттіліктерін қанағаттандыруға көшуде, бұл демократиялық даму жолын таңдаған мемлекет үшін өте маңызды және қажет [530].

Түркі дүниесінде Қазақстан Республикасының орны мен қызметін, сондай-ақ стратегиялық әріптестігінің салмағын өлшеу үшін еліміздің әрбір Түркі мемлекетімен байланыстарының даму деңгейіне сараптама жасаған жөн. Түркі мемлекеттерінің арасында Қазақстан мен Түркия арасындағы байланыстарының тарихи даму қарқыны күн өкен сайын артуда. 1990-1991 жылдары Түркия Республикасы бірінші болып Кеңес Одағының ыдырауын күтпей, Түркі мемлекеттерімен ресми қатынастар орната бастады. Осындай саясаттың нәтижесінде 1991 жылдың 15 наурызында сол кездегі Түркияның Президенті Тұрғыт Озал ресми сапармен Қазақ КСР-не келді. Осы сапардың нәтижесінде екі ел арасында ең алғашқы дипломатиялық құжатқа, Қазақ КСР және Түркия Республикасы арасындағы ынтымақтастық туралы келісімге қол қойылды [531]. Өз кезегінде, Н.Ә. Назарбаев сол жылдың 25 қыркүйегінде Түркияға қарсылықты ресми сапармен барды. Ол ресми сапарда Тұрғыт Озалмен және Түркия премьер-министрі қызметін атқарған Месут Йылмазбен келіссөздер жүргізді. Кездесу нәтижелері бойынша Қазақ КСР мен Түркия арасындағы қатынастардың принциптері туралы декларацияға, өзара келісімдер туралы меморандумға, сондай-ақ көлік және телекоммуникация саласындағы келісімдерге қол қойылды. Осы жағдайда Түркия Қазақстанның тәуелсіздігін алғашқылардың бірі болып таныды және өзара іс-қимылын дамыта түсірді.

1993-1994 жылдары Қазақ-Түрік қарым-қатынастары сапалы жаңа серпін алды. 1993 жылдың 9-10 сәуірінде Түркия Президенті Тұғыт Озалдың ресми сапары оның тәуелсіз Қазақстанға алғашқы сапары болды. Екі мемлекет басшылары екіжақты ынтымақтастықтың кең ауқымды мәселелері, сондай-ақ өзекті халықаралық және аймақтық проблемалар бойынша пікір алмасты [532]. 1994 жылдың 17-19 қазанында Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Түркияға алғашқы ресми сапары жүзеге асырылды. Мұнда ол Президент Сүлейман Демирелмен, ТРҰҰМ-тың Төрағасы Хусамеддин Жиндорукпен, Премьер-Министр Тансу Чиллермен, Түркияның саяси және іскер топтарының өкілдерімен кездесті. Сапардың басты нәтижесі екі ел арасындағы қатынастарды одан әрі дамытудың негізгі қағидаттары мен тетіктерін белгілейтін Қазақстан Республикасы мен Түркия Республикасы арасындағы Достық және ынтымақтастық туралы шартқа қол қою болды [533]. Қазақстан тәуелсіздігінің алғашқы жылдарында Түркия маңызды саяси және экономикалық қолдау көрсеткені анық. Сол кезеңде екі ел басшылығы тұрақты саммиттер өткізу дәстүрін орнатты. Сондықтан Қазақстанның басшылығы мен қоғамы сол кездегі түрік лидерлерінің екі ел арасындағы қатынастарды дамытуға қосқан үлесін жоғары бағалағаны кездейсоқ емес.

Кейінгі жылдары Қазақстан мен Түркия арасындағы қатынастар екі елдің үкіметтері мен жекелеген мемлекеттік органдары деңгейінде белсенді дами бастады. Атап айтқанда, тек 1996-1997 жылдары Сауда-экономикалық және техникалық, ынтымақтастық, техникалық және қорғаныс өнеркәсібі, ғылым мен технология, қоршаған ортаны қорғау, медицина және денсаулық сақтау саласындағы ынтымақтастық туралы үкіметаралық келісімдерге қол қойылды. Сонымен қатар, Қазақстан мен Түркияның қорғаныс және қауіпсіздік саласындағы ынтымақтастық мәселелері атап өтілуі керек. Мұндағы басты құжаттардың бірі, ол 1994 жылдың 8 тамызында қол қойылған әскери ғылым, технология және білім саласындағы ынтымақтастық туралы үкіметаралық келісім еді. 1996 жылдың 3 қыркүйегінде екі елдің әскери ведомстволары арасында әскери саладағы ынтымақтастықты кеңейту туралы меморандумға қол қойылды. Осы ынтымақтастық аясында Қазақстан

Түркиядан нақты әскери техниканы, жабдықты жеткізу, белгілі бір қызметтерді ұсыну және тікелей қаржыландыру түрінде бірнеше рет қайтарымсыз әскери көмек алды [534].

Айта кету керек, Қазақстан мен Түркия арасындағы әскери-саяси ынтымақтастықтың дамуы 2000-2007 жылдары Түркияның Президенті Ахмет Неждет Сезердің кезеңіне тап түсті. Осы аралықта Түркияның сыртқы саясатындағы қазақстандық бағыттың маңыздылығы, дәлірек айтсақ, 2000 жылдың 19 қазанында Ахмет Неждет Сезер лауазымына кіріскеннен бірнеше ай өткеннен кейін Қазақстанға ресми сапармен келді. Кездесу барысында екі мемлекет басшылары терроризм, экстремизм және есірткі бизнесінің қауіп-қатері аясында Орталық Азиядағы қауіпсіздік мәселелеріне назар аударды. Сапар қорытындылары бойынша терроризммен күрес саласындағы ынтымақтастық туралы бірлескен декларацияға қол қойылды. Атап айтқанда, тараптар тиісті ақпарат алмасу және қажетті алдын-алу шараларын талқылау үшін үнемі кездесулер өткізу үшін мүдделі мемлекеттік органдардың сарапшылар тобын құруға келісті [535]. Ал 2003 жылдың 21-22 мамырында Н.Ә. Назарбаевтың Түркияға жасаған ресми сапары барысында Ахмет Неждет Сезер екеуі екі ел арасындағы стратегиялық серіктестікті дамытуға бағытталған бірлескен мәлімдеме жариялап, сауда-экономикалық ынтымақтастық туралы үкіметаралық келісімге 10 жылға қол қойды.

Қазақстан-Түркия қарым-қатынастары Н.Ә. Назарбаевтың 2009 жылғы 22-23 қазанында жүзеге асырған Түркияға кезекті ресми сапарынан кейін анағұрлым сапалы деңгейге жетті. Оның басты нәтижесі Стратегиялық серіктестік туралы келісімге қол қою болды [536]. Бұл құжат тараптардың өзара іс-қимылдың барлық мәселелері бойынша консультативтік тетіктерді әзірлеуге, екіжақты және Қазақстан мен Түркия болып табылатын халықаралық ұйымдар шеңберіндегі ынтымақтастық пен байланыстарды кеңейтуге деген ниетін білдіреді. Сонымен қатар, екі ел арасындағы ынтымақтастықты дамытуға қосқан зор үлесі үшін Түркияның Президенті Абдуллах Гүл Н.Ә. Назарбаевқа ең жоғары мемлекеттік наградасы болып табылатын Түркия Республикасының 1-дәрежелі орденін табыс етті [537].

Қазақстан мен Түркия арасындағы табысты байланыстар Режеп Тайып Эрдоған кезінде терендей түсті. 2016 жылдың 13 сәуірінде Н.Ә. Назарбаев пен Режеп Тайып Эрдоған Ыстамбұлдағы келіссөздерден кейін Исламдық татуласу туралы бірлескен декларация қабылдады. Екі елдің көшбасшылары халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті және мемлекеттер арасындағы достық қатынастарды дамытуға бағытталған қағидаттарды ұстанатындықтарын растады. Н.Ә. Назарбаев пен Режеп Тайып Эрдоған сондай-ақ Ислам Ынтымақтастығы Ұйымына (ИБҰ) мүше мемлекеттерді «мемлекетаралық қатынастарға ізгі ниет пен сындарлы көзқарас танытып, қалыңдастар мен дауларды шеше отырып, ислам әлеміндегі қатынастардың жаңа парадигмасын әзірлеуге» шақырды [538]. Сегіз тармақтан тұратын құжатта Президенттер ислам әлемін бірлікке, халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтауға және мемлекеттер арасындағы достық қатынастарды дамытуға бағытталған қағидаттарды ұстанатындықтарын қуаттады.

Қазақстан мен Түркия арасындағы қатынастардың экономикалық жағы келесі мәліметтерден көрінеді. Егер 2000 жылы ол 500 миллион АҚШ долларын құраса, 2013 жылы ол шамамен 3,5 миллиард долларға жетті. Қысқа мерзімде тараптар өзара сауда көлемін 10 миллиард долларға дейін шығарады деп күтілуде. Екі елдің өзара қарым-қатынасы даму жылдары түрік капиталының Қазақстан экономикасына қатысу көлемі де өсті. Егер 1994 жылы елде 200 компания жұмыс істесе, 2012 жылы

олардың саны 3422 өсті. 1993-2012 жылдар аралығында Түркиядан Қазақстанға тікелей инвестициялардың жалпы ағыны 1,8 млрд. долларды құрастырды [539]. Түркия құрылыс, инфрақұрылым және қызмет көрсету салаларында, сондай-ақ энергетика саласын айтпағанда, басқа да көптеген инвестициялық жобаларды жүзеге асырған елдердің бірі. Түркияды жеке компаниялар Қазақстандағы жобаларды жүзеге асыруға, инфрақұрылымды жаңартуға, қала құрылысына 21 млрд. АҚШ доллары көлемінде инвестиция салды, осылайша 475 жобаны жүзеге асырды.

Қазақстан мен Түркия арасындағы мәдени-гуманитарлық саладағы ынтымақтастығы табысты дамуда. Екі мемлекет арасындағы қатынастардың дамуына негіз болған алғашқы құжат 1992 жылы мамырда қол қойылған «Мәдениет, ғылым, білім және спорт саласындағы ынтымақтастық туралы» келісім болды. Бұл құжат театрлар мен ассамблеялар арасында мәдени алмасуды ұйымдастыру мүмкіндігін қамтамасыз етті. Нәтижесінде сол жылдың қараша айында Алматыда Қазақстандағы түрік мәдениеті күндері өтті. 1992 жылы түрік тарапы арнайы құрылған телеарнаның хабар таратуын ұйымдастыра алды. Сол жылы Түркістандағы әйгілі Қожа Ахмет Ясауи кесенесін қайта құру бойынша түрік тарапының демеушілік және жұмыс жасауы туралы келісімге қол қойылды. Жалпы алғанда, қалпына келтіру 7 жылға созылып, 2000 жылы аяқталды. Қаржыландыруды Түркия парламенті өз мойнына алды және оның шығындары 54 млн. долларды құрады [540].

1994 жылдың қыркүйек айында ТРҰҰМ-нің депутаты Халил Шывғын бастаған делегация Қазақстанға іссапармен келді. Іссапардың негізгі мақсаты Қазақстан мен Түркия арасындағы мәдени және білім саласындағы ынтымақтастық нәтижелерін БАҚ-та жариялау болып табылды. 1995 жылы наурызда Анкарадағы қазақстандық делегация «Наурыз» мерекесіне қатысып, сол жылдың сәуір айында бүкіл Түркияды жазушы-ақын Абайдың 150 жылдық мерекесін атап өтті [541]. Қазақстан мен Түркия арасындағы білім және мәдениет саласындағы ынтымақтастықты одан әрі дамыту туралы айта келе, өзара іс-қимыл белсенді түрде жүргізіліп жатқандығын мойындау керек. Мәдениет саласындағы басты жетістіктер ретінде Юнус Эмре түрік мәдени орталығының, Түркияның экс-президенті Сүлеймен Демирел атындағы университеттің, Астанада Түркі академиясының және білім саласындағы ең озық жоба ретінде Түркістан қаласындағы Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетін атауға болады. Сонымен қатар қазіргі тағда Қазақстанда Жамбыл қазақ-түрік есеп және экономика колледжі, 30-ға жуық қазақ-түрік лицейлері, «Достық» оқу орталығы, «Шахлан» бастауыш мектебі білім саласында сүбелі үлесін қосып келеді.

Қазіргі уақытта Қазақстан Түркияның мемлекетаралық қорлары мен ұйымдары өткізетін түрлі шараларға белсенді қатысуда. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында Қазақстан Республикасы түрік тарапы өткізетін шаралар мен бағдарламаларға қатысса, бүгінде Қазақстанның өз бастамаларын «түркі» ұйымдары арқылы жүзеге асыруға ұмтылатыны айқын көрінуде. Атап айтсақ, ТҮРКСОЙ халықаралық түркі мәдениеті ұйымының аясында Қазақстан Республикасы Түркі әлемінде республиканы Түркиямен көптеген жобалардың тең құқықты серіктесі және генераторы ретінде таныстыратын мәдени іс-шаралар өткізуде.

Түркияда қазақтың көрнекті ұлт қайраткерлері - Абай Құнанбайұлы, Абылайхан, М.Жұмабаев, М.Әуезов, Қабанбай батырға ескерткіштер тұрғызылды, 2010 жылы Анкарада Қазақстанның Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевқа ескерткіш

орнатылды. Өз кезегінде, 2009 жылы Астанада Түркия Республикасының құрушысы М.К. Ататүріктің ескерткіші ашылды.

Қазақстанның сыртқы саясатындағы басымдықты міндеттердің бірі ол Орталық Азиядағы интеграциялық құрылымдарды құру, аймақ мемлекеттерімен екіжақты ынтымақтастықты тереңдету болып табылады. Осылайша, Қазақстан мен Орта Азиядағы Түркі мемлекеттері (Өзбекстан, Қырғыстан және Түрікменстан) арасындағы қарым-қатынасы бастапқыда екі бағытта дамыды, олар ТМД аясында және аймақтық интеграциялық үдерістер шеңберінде. Орталық Азиядағы Түркі мемлекеттерінің басын біріктіретін факторлардың бірі, олардың ортақ тарихы мен мәдениеті болып табылатынын ешкім жоққа шығара алмайды. Қазақстанның болашағы төрт Орталық Азия елдерінің даму перспективаларымен тығыз байланысты. Қазіргі жағдайда кез-келген елдің қауіпсіздігі мен өркендеуін қамтамасыз ету, біріншіден, біреудің күшімен, екіншіден, көрші республикаларда күйреу мен тұрақсыздық болса мүмкін емес анық.

Орталық Азиядағы Түркі мемлекеттерінің аймақтық ынтымақтастықтың маңыздылығы жайлы Н.Ә. Назарбаев: «Әрине, ең жақсысы Орталық Азия мемлекеттерінің одағын құру. Мен оған Қазақстан мен Орталық Азияны қосамын. Жаратушының өзі бізге бірігуді бұйырды: 55 миллион халық, тілдік кедергілер жоқ, бірін-бірі толықтыратын экономикалық негіз бар, біз бірдей кеңістікте, көлік байланыстары, энергетикамыз бар. Бұл аймақ сыртқы нарыққа шықпай өзін-өзі азық-түлікпен қамтамасыз ете алады, өзін энергиямен толық қамтамасыз ете алады және т.б. Тағы не керек? Біз бір-бірімізді құрметтейміз. Бұдан халық қана пайда көреді. Бұл туралы көбірек айту керек. Біздің азаматтарымыз бен көршілерімізге. Бұқаралық ақпарат құралдары біздің мәдениеттеріміздің, тарихымыздың, тіліміздің, балаларымыздың болашағы туралы айту керек. Бұл интеграция экономикалық жағынан тиімді және жалпы біздің қауіпсіздігімізге әсер етеді» [542]. Шынында да, Орталық Азия Түркі мемлекеттерінің өзара интеграциясы аймақтағы тұрақтылық пен бейбітшілікті сақтау, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, ТМД және әлемдік аренадағы мәселелерді шешудегі рөлін арттыру үшін қажет. Орта Азияның әлеуметтік тұрақтылығына түркі, иран-тәжік және славян халықтарының мәдени-саяси бірлестігі, олардың еуразиялық мәдениеттің бір бөлігіне айналған бірлігі кепілдік береді. Сонымен қатар, өзбек зерттеушісі Ф.Толипов жазғандай, Орталық Азияда көптеген әлемдік және аймақтық державалардың мүдделері тоғысады, бұл олардың біреуінің гегемониясының алдын алуға көмектеседі. Тиісінше, Орталық Азия ХХІ ғасырда болуы керек жаһандық геосаяси қайта құрылымдауда белсенді рөл атқара алады» [543].

1990 жылы маусымда Түркі мемлекеттері басшылары алғашқы кездесуін Алматыда өткізді. Оның қорытынды құжаттарында саяси, экономикалық және әлеуметтік салалардағы қызметті үйлестіру туралы айтылған-ды [544]. Мұндай саммиттер тұрақты түрде өте бастады. 1993 жылдың қаңтарында «Орталық Азия» деген жаңа саяси термин пайда болды, Орталық Азияның бес мемлекеті арасында біртұтас нарықты құру туралы Хаттамаға Ташкент қаласында қол қойылды. Сондай-ақ, экономикалық ынтымақтастық, Арал теңізіндегі экологиялық жұмыстарды үйлестіру, соғыс кезіндегі Тәжікстанға қатысты бірыңғай саясатты әзірлеу туралы міндеттемелер қабылданды. Алайда, Ташкент саммиті риторикалық тұрғыдан бай болғанымен, іс жүзінде қабылданған шешімдер жүзеге асырылмады. Тәжікстандағы соғыс және Түркіменстанның үнемі немқұрайлылық танытуы құжаттардың орындалуын қиындатты. Біртұтас сумен қамтамасыз ету жүйесі мен Арал теңізінің

ортақ проблемасы бар мемлекеттер аумағында ынтымақтастық сөз үстінде қалды, мемлекеттер арасына саясат араласты.

1994 жылы интеграциялық процестің екі жақты жаңа кезеңі басталды. Сол жылдың 11 қаңтарында Қазақстан мен Өзбекстан Біртұтас экономикалық кеңістікті (БЭК) құру туралы Хаттамаға қол қойды. 1 ақпанда болса оларға Қырғызстан қосылды. Бұл үш мемлекет арасында тауарлардың, қызметтердің және капиталдың еркін қозғалуы үшін кеден ашуды, бюджеттік, несиелік, салықтық, бағалық және кедендік саясатты үйлестіруді көздеді [545]. 1994 жылдың 8 шілдесіндегі Алматы саммитінде Қазақстан, Қырғызстан және Өзбекстан басшылары бірігіп, Мемлекетаралық кеңес құруға шешім қабылдады. Оның құрамына қатысушы елдердің президенттері мен премьер-министрлері кірді, құрылымда премьер-министрлер кеңесі, сыртқы істер министрлерінің кеңесі және қорғаныс министрлері кеңесі құрылды. Сондай-ақ, тұрақты жұмыс істейтін орган ретінде үйлестіру және кеңес беру, болжау, аналитикалық және ақпараттық функциялары бар Мемлекетаралық кеңестің Атқару комитеті пайда болды. 1994 жылы 5 тамызда Бішкекте өткен келесі саммитте Орталық Азия ынтымақтастық және даму банкі құрылды.

Алайда, басынан бастап, Орталық Азия Одағы (ОАО) жобасы жоспарланғандай тиімді түрде жүзеге асырылмады. Қазақстан Президенті Н.Ә. Назарбаев Еуразиялық одақ идеясын ұсынды. Өзбекстан басшылығы бұған келіскен жоқ. Кейбір батыстық саясаттанушылардың пікірінше, бұған аймақтағы күштің теңсіздігі себеп еді. Өңірлік келісімнің болмауы осы теңсіздік қалай теңдестірілуі және ұжымдық шешім қабылдау органында ескерілуі керек деген мәселені туындатты. Сонымен бірге Өзбекстан мен Қазақстан арасында аймақтағы көшбасшылықты қолына қайсысы алады деген пікір қалыптастырылды. Орталық Азияның ортасында орналасқан, басқа Түркі мемлекеттерімен шектесетін, әлеуеті жоғары экономикалық қуатты мемлекеттердің бірі болып табылатын Өзбекстанның аймақтық көшбасшы болуға мүмкіндігі бар. Бірақ бір мемлекеттің жетекші рөлі басқа елдерге сәйкес келмеді. Сондықтан Түрікменстан ұзақ уақыт бойы аймақтық интеграция идеясын үзілді-кесілді қабылдамады. Ош облысында сепаратистік көзқарастағы өзбек сегменті бар Қырғызстан Өзбекстанның нығайып жатқан позициясынан сескенуде.

Осыған қарамастан, аймақтағы саяси тұрақтылық экономикалық пайдадан әлдеқайда маңызды және сонымен бірге экономикалық өркендеудің шарты болып табылады. Орталық Азиядағы кез-келген мемлекет алдында тұрған ұлттық қауіпсіздік проблемасы, сондай-ақ халықаралық терроризм мен діни экстремизм көріністерімен күрделене түсуі ықтимал. Сондықтан, саяси амбициялардан бас тартатып, аймақтық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін интеграция қажет. Бірінші кезекте Тәжікстандағы, сондай-ақ Ауғанстандағы жағдайдың тұрақтануы аймақ елдерінің экономикалық дамуының шарты болып табылады.

Түркі мемлекеттерінің арасында Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы тығыз саяси-экономикалық және мәдени байланыстар Орталық Азия үшін маңызды болып табылады. Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы дипломатиялық қатынастар 1992 жылғы 23 қарашада орнады. Қазіргі уақытта екіжақты құқықтық базада қызметтің әртүрлі бағыттары бойынша 100-ден астам бірлескен құжаттар бар. Негізгі құжат 1998 жылдың 30 қазанында қол қойылған Өзбекстан Республикасы мен Қазақстан Республикасы арасындағы «Мәңгілік достық туралы келісім» болды. Тараптар бірнеше рет жоғары деңгейдегі сапарлармен алмасты. 2002 жылы Қазақстан мен

Өзбекстан арасында ортақ мемлекеттік шекараның жекелеген учаскелерін делимитациялау туралы келісімге қол қойылды, ол бірлескен шекара сызығының анықтамасын толығымен аяқтады. Екі ел арасындағы мемлекеттік шекарасындағы екі шарт 2003 жылдың 5 қыркүйегінде күшіне енді. Өзара қарым-қатынастарды дамытудағы маңызды оқиға Қазақстан Президентінің 2006 жылғы наурызда Өзбекстанға жасаған мемлекеттік сапары болды, оның барысында екіжақты ынтымақтастықтың басым мәселелерін тиімді шешу мақсатында екі елдің президенттерінің қамқорлығымен Мемлекетаралық Үйлестіру Кеңесін құру туралы шешім қабылданды [546].

Н.Назарбаевтың 2010 жылы 16-17 наурызда Өзбекстанға жасаған ресми сапары барысында саяси-сауда-экономикалық және мәдени-гуманитарлық салалардағы қазақ-өзбек қатынастарын одан әрі дамыту мәселелері талқыланды. Қазақстандық бұқаралық ақпарат құралдары сапардың нәтижесін екі ел арасындағы қатынастарды түбегейлі жақсартудағы жаңа кезеңнің бастауы деп бағалады. Сонымен бірге Өзбекстан И.Кәрімовтің басқару жылдарында бірнеше рет Қазақстанның бастамаларына қарсы шықты. 2008 жылдың сәуірінде Астанаға жасаған сапары барысында Н.Ә. Назарбаев «Орталық Азия мемлекеттерінің одағын құру идеясын» алға тартқан сәтте бұл идеяны И.Кәрімов қолдай қойған жоқ еді [547]. Өзбекстан Президенті аймақтық интеграцияның әлеуметтік-экономикалық дамуындағы едәуір айырмашылықтарға байланысты Орталық Азия елдеріне зиян тигізуі мүмкін екенін айтып, бұл бастаманы қолға алмады. 2010 жылы Қазақстан Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымының саммитін Астанада өткізу маңызды деп санады. Әлемнің жетекші көшбасшыларының өз астаналарында кездесуі тек үлкен беделге ғана емес, сонымен бірге Қазақстанның бүкіл Орталық Азияда жүргізіп жатқан интеграциялық қайта құрулар тұрғысынан үлкен маңызға ие болды.

1990 жылдың ортасынан бастап 2000 жылдың ортасына дейін екіжақты сауда-экономикалық қатынастар бірқатар себептер бойынша салыстырмалы түрде төмен деңгейде болғанын атап өткен жөн. Жағдай 2008 жылы Өзбекстан Президентінің Астанаға сапары кезінде өзгерді, онда Өзбекстан мен Қазақстан арасында еркін сауда аймағын құру туралы келісімге қол қойылды, ал кейінгі жылдары екі ел арасындағы сыртқы сауда көлемі едәуір өсті. 2012 жылы ол 2,5 миллиард доллардан асты, оның ішінде Қазақстаннан Өзбекстанға экспорт көлемі 1,344 миллиард долларды, ал Өзбекстаннан Қазақстанға импорт шамасы 817 миллион долларды құрастырды [548]. 2015 жылы екі ел арасындағы тауар айналымы 3,2 миллиард доллардан асты. Қазақстан мен Өзбекстанның агроөнеркәсіптік кешен, өнеркәсіп, құрылыс, көлік коммуникациялары, мұнай-газ саласы және т.б. салалардағы ынтымақтастығын кеңейту үшін айтарлықтай әлеуеті бар. Мысалы, Өзбекстаннан Ресейге Қазақстан арқылы немесе Қазақстаннан Өзбекстан арқылы Азияның әртүрлі елдеріне тауарларды транзитпен және жеткізудегі тарифтік емес преференцияларды атауға болады. 2015 жылы өзбек тауарларының Қазақстан арқылы транзиті 2 миллион тоннадан астам, ал Қазақстан заттарының Өзбекстан арқылы өтетін тауарлары 3 миллион тоннадан асты. Қазақстан мен Өзбекстан транзиттік көрсеткіштерінің айтарлықтай артуы Орталық Азияны байланыстыратын бірқатар жаңа халықаралық коммуникациялық жобалардың іске қосылуына байланысты күн өткен сайын өсуде.

Н.Ә. Назарбаевтың 2016 жылы сәуірдегі Өзбекстанға сапары барысында тараптар ынтымақтастықтың бірқатар маңызды бағыттарын, оның ішінде саяси және экономикалық ынтымақтастықты кеңейту, Орталық Азиядағы тұрақтылықты қамтамасыз ету мәселелерін анықтады. Орталық Азиядағы тұрақты даму мәселесіне

байланысты Н.Ә. Назарбаев былай сараптама жасады: «Осы уақыт және геосаяси сәттер соншалықты күрделі, сондықтан біз дайын болуымыз керек. Ресей, Қытай, АҚШ, Еуропа сияқты барлық ірі ойыншылар біздің ынтымақтастыққа қызығушылықпен қарап отыр. Мен сіздермен достығымды және қазақ пен өзбек халықтарының достығын мақтан тұтамын. Мақсатымыз бұл қатынасты, өзара сенімді нығайту және оны болашақ ұрпаққа жеткізу» [549]. Ташкенттегі кездесуден кейін бірқатар аймақтық және халықаралық проблемалар мен қауіп-қатерлер, соның ішінде терроризмге, экстремизмге, есірткі және қару-жарақтың заңсыз айналымына және т.б. қарсы тұру бойынша екіжақты ынтымақтастықты жандандыру туралы келісім қабылданды. Екі жақ ынтымақтастықты нығайту үшін айтарлықтай әлеуеттің бар екендігін атап өтті және халықаралық, аймақтық ұйымдар аясында Өзбекстан мен Қазақстан арасындағы ынтымақтастықты одан әрі дамытуға ниет білдірді.

Өзбекстанның жаңа Президенті Ш.Мирзиёевтің 2017 жылғы наурыздағы Қазақстанға мемлекеттік сапары екі ел арасындағы қатынастарда жаңа бет ашты. Келіссөздер барысында ынтымақтастықты одан әрі дамыту, бейбітшілік пен қауіпсіздікті нығайту мәселелері талқыланды, өзара қызығушылық тудыратын өзекті өңірлік және халықаралық мәселелер бойынша пікір алмасулар жүргізілді. Президент «Өзбекстан мен Қазақстан ауған проблемасын тезірек шешуге мүдделі» екендігін атап өтті. «Ауғанстанның бейбіт бағытқа бет алуы көбінесе біздің аймақтың елдері қатыса алатын және қатысуы тиіс экономикалық дамуға байланысты. Ауғанстандағы бірлескен инфрақұрылымдық жобалар, оның ішінде аймақ елдерінің Оңтүстік Азия, Парсы шығанағы және Таяу Шығыс порттарына кіруіне оң әсер ететін Транс-Ауғанстан көлік дәлізін дамытуды қоса алғанда, үлкен рөл атқара алады. Біздің сарапшылардың тәжірибесін ескере отырып, энергетика секторын және көлік коммуникацияларын дамыту сияқты Ауғанстандағы бірлескен жобаларды жүзеге асырудағы аймақтық ынтымақтастық осы елдегі бейбітшілік процесін нығайтуда үлкен рөл атқара алады» деп ойын түйіндеді [550].

Көрші елдермен өзара тиімді байланыстарды одан әрі дамыту жөніндегі Қазақстанның жүргізіп отырған саясаты олардың инвестициялық саладағы ынтымақтастығын арттыруға ықпал етуде. Атап айтқанда, Н.Ә. Назарбаевтың 2007 жылдың 11-12 қыркүйегінде Түркіменстанға жасаған іссапарында, көлік, энергетика және денсаулық сақтау саласындағы екіжақты ынтымақтастықты дамыту туралы келісімдерге қол жеткізілді. Қазақстан мен Түрікменстанды Иран мен Парсы шығанағы елдеріне шығатын теміржол желісінің құрылысы жобасын жүзеге асыру өте өзекті болып табылады. Энергетика саласында келесі мәселелер талқыланды: түрікмен газының Қазақстан арқылы сыртқы нарықтарға транзиті; Каспий газ құбырының жобасын іске асыру; Қазақстандық компаниялардың Түркіменстандағы көмірсутегі кен орындарын барлауға және игеруге қатысуы. Сондай-ақ, олар Түрікменбашы қаласында теңіз айлағы мен әуежай, Түрікменстанда цемент зауытын салу мүмкіндігін қарастырды. Қазақстан Президенті елдің осы мәселелер бойынша келіссөздерді бастауға дайын екенін мәлімдеді. Таяу уақытта Түрікменстанда екі ел арасындағы өзара тиімді ынтымақтастықты дамытуға ықпал ететін қазақстандық банктердің, қорлардың, өнеркәсіптік компаниялардың өкілдіктерін ашу жоспарлануда.

Түрікменстан әр уақытта Қазақстанның Орталық Азия аймағындағы маңызды стратегиялық серіктесі. Елдер бір-бірімен ШЫҰ, ЕҚЫҰ, ИЫҰ, Түркі Кеңесі аясында табысты өзара іс-қимыл жасап, сауда-экономикалық және мәдени-гуманитарлық салаларда жемісті ынтымақтастық орнатуда. 2017 жылдың сәуірінде екі маңызды

құжатқа қол қойылды: олар, Стратегиялық серіктестік туралы келісім және мемлекеттік шекараны демаркациялау туралы келісім, бұл Қазақстан-Түрікменстан қатынастарының дамуына жаңа серпін берді. Екі ел басшылары екіжақты қатынастарды дамытуға ұмтылуда. 2017 жылы Стратегиялық серіктестік туралы келісімге қол қою кезінде Н.Ә. Назарбаев Қазақстан мен Түрікменстан арасындағы тәуелсіздік жылдарында халықаралық деңгейде әрқашан өзара түсіністік пен бір-бірінің бастамаларын қолдайтынын атап өтті. Гурбангулы Бердімұхамедов екі елдің өзара іс-қимылын жоғары бағалап, олардың әлемдік сахнаға деген көзқарастарын ерекше атап өтті [551].

Жалпы алғанда Түрікменстан Қазақстанның сенімді одақтасы және стратегиялық серіктесі ретінде Қазақстанның аймақтық және жаһандық қауіпсіздік, тұрақтылық пен бейбітшілік саласындағы бастамаларына қатысып қолдайды. Елдер БҰҰ, ТМД және ЕҚЫҰ-ның қауіпсіздік құрылымдарында тығыз жұмыс істейді. Ауғанстан бағыты, исламдық радикализмге, экстремизмге және терроризмге қарсы күрес және қарусыздану сияқты бірқатар мәселелер бойынша Қазақстан мен Түрікменстанның ұстанымдары ұқсас.

Қырғыз еліндегі «түрлі-түсті» революцияларының салдарынан өзгеріп тұрған биліктің өзіндік саяси ұстанымдары болды. Дегенмен Қазақстан мен Қырғызстан арасында берік қатынастар және бірін-бірі толықтыратын экономикалық ынтымақтастық орнатылды. 2014 жылы Қазақстан мен Қырғызстан арасындағы тауар айналымы 924 млн 276 мың долларды құрады, бұл 2013 жылмен салыстырғанда 2 млн 985 мың долларға аз. Сөзсіз Қазақстан Қырғызстан үшін маңызды экономикалық және саяси серіктестердің бірі болып табылады. Қырғызстанның жалпы тауар айналымындағы Қазақстанның үлесі 12,6% құрайды және Ресейден кейін - 26,7% және Қытайдан - 16,8% кейін үшінші орын алады. Қарым-қатынастардың құқықтық негізі 140-қа жуық құжаттардан тұрады, оның ішінде 1999 жылғы Мәңгілік достық туралы келісім және 2003 жылғы Одақтастық қатынастар туралы шарт [552].

1991 жылдың 21 желтоқсанында Қазақстан 18 қазанда жарияланған Әзірбайжанның тәуелсіздігін мойындады. 1992 жылдың 27 тамызынан бастап Қазақстан мен Әзірбайжан арасында дипломатиялық қатынастар орнатылды. Қазақстан мен Әзірбайжан арасындағы қатынастарды нығайтудағы алғашқы кадамды Әзірбайжан Республикасының Президенті Г.А. Әлиев жасады [553]. Қазіргі кезеңде Қазақстан-Әзірбайжан ынтымақтастығы қарқынды дамуда. Қазақстан мен Әзірбайжанның ортақ түркі этномәдени тамырына, сондай-ақ ұқсас саяси, экономикалық және мәдени ұстанымдарға негізделген достық қатынастары бар. Қазақстан мен Әзірбайжан президенттерінің 2005 жылғы 24 мамырда Стратегиялық серіктестік және одақтастық қатынастар туралы шартқа қол қойған сәттен бастап бүгінгі күнге дейін бірқатар саммиттер өтті. Тараптар екіжақты ынтымақтастықтың кең ауқымды мәселелерін талқылады, олардың негізгі бағыттары мұнай-газ саласы, көлік инфрақұрылымын және транзитті дамыту, мұнай-газ жабдықтарын өндіретін бірлескен кәсіпорындар құру және агроөнеркәсіптік сектор болды. Каспий теңізі арқылы мұнай тасымалдаудың әлеуетін дамытуға, қазақстандық мұнайды Баку-Тбилиси-Жейхан мұнай құбыры арқылы транзитке, халықаралық ұйымдар мен аймақтық жобаларға, мысалы, Баку-Тбилиси-Эрзурум газ құбыры, бұдан әрі халықаралық ұйымдар мен аймақтық жобаларға одан әрі қатысуға екіжақты қатынастарда айрықша көңіл бөлінуде [554].

Әлемдік нарыққа көмірсутек шикізатын жеткізу Қазақстан мен Әзірбайжан бюджеттерінің негізгі кірістерінің бірі болып табылады. Бұл жағдай мемлекеттер арасындағы бәсекелестік қатынастарды күшейтуі керек, алайда Каспий аймағының геосаясаты олардың өзара тәуелділігін тудырды. Осыған байланысты екі негізгі фактор - географиялық және саяси - Орталық Азия мен Оңтүстік Кавказ аймақтарының екі ірі және экономикалық табысты елдері арасында стратегиялық серіктестіктің қалыптасуына әсер етті. Ал саяси және экономикалық тұрғыдан алғанда, Қазақстан мен Әзірбайжанға бір жағынан Ресей мен Қытай, екінші жағынан Иран мен Түркия өзіндік әсерін тигізуде. Өңірлік державалар төртігінің ортасында бола отырып, Каспий маңы елдері басқа жаһандық ойыншылармен, бірінші кезекте АҚШ және ЕО елдерімен, технологиялық, қаржылық, сауда-экономикалық ынтымақтастық үшін олар үшін өте маңызды және пайдалы біртұтас желіні дамытуға ұмтылуда. Сонымен бірге екі мемлекеттің сыртқы саясатының өзіндік ерекшелігі, ол халықаралық саясат жүйесіндегі және әлемдік экономика жүйесіндегі Орталық Азия мен Кавказ өңірлері арасындағы ынтымақтастықтың орны мен рөліне прагматикалық көзқарас болып табылады [555].

Әзірбайжан Республикасының Қазақстан Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі Рашад Маммедовтың ақпараты бойынша, 2017 жылы Қазақстан-Әзірбайжан үкіметаралық комиссиясы 2018-2020 жылдарға арналған сауда-экономикалық ынтымақтастықтың жол картасын қабылдады. Оны жүзеге асыру қазірдің өзінде екі ел арасындағы сауданың айтарлықтай өсуіне әкелді. 2018 жылдың бірінші жартыжылдығында Қазақстан мен Әзірбайжан арасындағы тауар айналымы өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 56%-ға өскен. Абсолютті түрде, 2017 жылы елдер арасындағы тауар айналымы 142,1 млн. АҚШ долларын, ал 2018 жылдың 7 айында 142 млн. долларды құрады [556]. Елшінің айтуынша, мұндай нәтижелерге тиісті мемлекеттік құрылымдардың күш-жігерінің және екі елдің кәсіпкерлерінің белсенділігінің, сондай-ақ екі елдің де экономиканың шикізаттық емес секторын дамытуға бағытталғандығының арқасында қол жеткізілді. Атап айтсақ, Әзірбайжан Астанада «Alstom» француз компаниясының қатысуымен салынған «Электровозқұрастыру зауыты» ЖШС зауытына 50 электровозға тапсырыс берді. Тапсырыстың жалпы сомасы 288 миллион еуроны құрады. Әзірбайжанның Экономика министрлігі өз кезегінде Қазақстанның бірқатар қалаларында сауда үйлерін ашуды жоспарлап отыр, өйткені әзірбайжандық кәсіпорындар, әсіресе жеңіл өнеркәсіп жоғары сапалы және бәсекеге қабілетті өнім шығарады.

Түркі мемлекеттері арасындағы интеграциялық процестерді талдау барысында, олардың саяси-экономикалық және мәдени ынтымақтастықты дамытуда оң тенденциялар бар деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Екіжақты қатынастар күшейіп, мемлекеттер арасындағы өзара сауда деңгейі артып келеді. Аймақтағы инвестициялық ынтымақтастықты дамыту ұзақ мерзімді перспективада Түркі мемлекеттерінің экономикалық өсуін, олардың экономикалық қауіпсіздігін нығайтудың маңызды факторына айналды. Атап айтқанда, болашақта Қазақстан энергетика, көлік, қаржы секторы және экономиканың басқа да салаларындағы бірлескен жобаларды жүзеге асыруға қатысуды жоспарлап отыр.

Сонымен бірге, Түркі мемлекеттері арасындағы интеграциялық процестерді дамытуда елеулі проблемалардың бар екендігін атап өткен жөн. Түркі мемлекеттері арасындағы сауда-экономикалық байланыстардың кеңеюіне кедергі келтіретін фактор қабылданған шешімдердің орындалу деңгейінің төмендігі болып табылады. Түркі елдерінің су-энергетикалық ресурстарын тиімді пайдалану, электр

энергетикалық жүйелерінің өзара әрекеттесуі, көлік инфрақұрылымының жағдайы, сондай-ақ тауарлардың, капиталдың, жұмыс күшінің және қызметтердің еркін қозғалуына кедергі келтіретін мемлекеттердегі нарықтық қайта құрудың әртүрлі қарқыны проблемалары жеткілікті дәрежеде маңызды. Осыған байланысты Н.Ә. Назарбаевтың Түркі мемлекеттерінің өзара ынтымақтастығының тығыз дамуы үшін жасаған нақты қадамдары мен Түркі Кеңесі идеясын жүйелендіру бағытындағы жұмыстары бүгінгі таңда өзекті болып табылатыны сөзсіз. Оның Орталық Азия елдері арасындағы ынтымақтастық туралы интеграциялық бастаманы ұсынуы да жәй емес, себебі бұл бастаманы жүзеге асыру бағытында Біртұтас экономикалық кеңістіктің қалыптасуына және аймақ елдерінің тұрақты дамуына ықпал ететіні анық.

ҚОРЫТЫНДЫ

XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында қоғамдық ойдың және азаматтық қозғалыс ретінде түркі халықтарының өзара ынтымақтастығының пайда болуы тарихи табиғи құбылыс ретінде ортаға шықты. Бастапқы кезде жәдидтік қозғалыс ретінде дамыған ынтымақтастық, кейіннен түркі халықтарының біріккен форматына ұласты. Оның даму тенденциясы бүгін де саяси-экономикалық және мәдени-рухани салаларда өзіндік көрініс табуда.

Түркі халықтарының жақындығы, ортақ тағдыры және бірлігі категориялық императивті тарихи сатылардан өтті. XVI ғасырдың ортасынан бастап империалистік елдердің құрсауына түскен Еуразиялық құрлықтағы түркі халықтары баста патшалық Ресейдің отар аймағына айналып, XX ғасырдың бірінші жартысында большевиктік Кеңестік билікке тәуелді болса, Анадолы түріктері батыс империялардың қыспағында қалып қойды. Бірақ 1923 жылы Осман мемлекетінен Түркия Республикасы деңгейінде дербестігін сақтап қалған Анадолы түріктері М.К. Ататүріктің идеясымен нәрленіп, бүгінгі таңда алпауыт елдердің қатарында тең құқықты саясатын ұстануда. Ал Ресей империясының құрамында қалған түркі халықтары экономикалық отарлау мен мәдени-рухани езгіге төтеп беріп, бүгінде Еуразиялық құрлықта бес дербес Түркі мемлекеттерін құра білді.

Империалистік елдердің отарлық саясатына қарсы түркі халықтары біріге бас көтерген кезде оған «пан» деген тіркеме қосылып, «пантүрікшілдік», «пантураншылдық», «панисламизм» деген айыптаулар тағылды. Бұл айыптаулар бір жағынан ұлтшылдық сипатта айқындалса, екінші жағынан діни схоластикалық бояуға боялып, барынша қаралануға тап түсті. Сондықтан, түркі халықтарының ынтымақтастығының түп тамырын белгілі бір географиялық аумақтан іздеп, Түркиядағы «түрікшілдік» әрекетімен байланыстырып, айыптау ғылыми қателікке жанасады. Себебі «түрікшілдік» негіздері мен оның идеологиялық мазмұны Түркияға осы Ресейдің құрамындағы түркі-мұсылман мұғажырлары тарапынан пісіп жетіліп таралған. Түрік бірлігі мен ынтымақтастық мәселесі патшалық Ресейдің түркі-мұсылман халықтары арасынан тарихи кезеңдерден өтіп барып қалыптасқан, сол үшін бұл құбылысты Ресей тарихының органикалық бөлігі ретінде дұрыс түсіну үшін өте маңызды.

Түркі ынтымақтастығы сырттан келген саяси қозғалыс емес, оның дамуының терең үйлесімді тарихи логикасы бар, түркі халықтарының рухани қажеттілігі мен ұлттық мүдделеріне сәйкес отарлық езгіге төтеп беру мақсатында пайда болып өрістеген.

Теориялық жағынан алғанда түркі халықтарының ынтымақтастығы жекелеген ұлттық қозғалыстардың маңыздылығын ашып көрсетеді, олардың идеялық бағыттарын үйлестіреді, тарихи аренадағы қызметі мен мақсаттарын дәйектеп, ұлттық формаларына сәйкес бағдарламаларының түпкі мазмұнын айқындайды және тұтастық саналық ұғымды қалыптастырады. Сонымен бірге түркі халықтарының жеке ұлттық қозғалыстарына қатысты біріктіруші қызметін атқарып, бірлескен әлеуетін нығайта түседі, түркі халықтарының өзара әрекеттестігінің тұтастығын айшықтайды және жаңа перспективалар мен мүмкіндіктерді ашады.

Түркі халықтарының өзара ынтымақтастығы мәселесінің айналасында топтастырылған терминологиялық сәйкессіздік пен шатасушылық зерттеушілерді «пантуранизм», «пантүрікшілдік», «панисламизм» және «агрессивті ұлтшылдық» сияқты ұғымдарға өзіндік субъективті баға беруге жетелейді, олардың арасындағы айырмашылықтар мен сәйкестіктерді анықтауға мүмкіндік бермейді. «Түрік бірлігі мен ынтымақтастығы» туралы зерттеулер бір-бірін толықтырып, түсінуге мүмкіндік беретін бірыңғай теориялық анықтаманы әзірге әзірлемеген. Сондықтан, нақты деректер мен тарихнамалық негізге сілтеме жасаған кезде, мәтіндердің (манифесттер, бағдарламалық мәлімдемелер, агентуралық ақпараттар, әртүрлі ұйымдардың жарғылары мен бұйрықтары) ішкі құрылымы мен мақсатын анықтаған жөн. Біржақты пайымдауларға бет бұрған авторлардың тұжырымдарын сыни көзбен талдаған абзал. Осыған сәйкес бірқатар деректер мен тарихнамалық негізге сүйеніп, көптеген сарапшылардың пікірін саралай келе «түркі халықтарының өзара ынтымақтастық» мәселесі «түрікшілдікпен» байланыстырылып, оның негізінде түркі халықтарының мәдени бірегейлік теориясы мен біріктіру практикасы жатқандығын тұжырымдауға негіз бар.

XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында түркі халықтарының оқу ағарту саласын реформалаудан бастаған Ысмайыл Гаспыралының «Тілде, санада және тірлікте бірлік» деген ұраны идеялық жағынан ынтымақтастықтың практикалық мағынада жүзеге асырылуын бағыттап берді. Сөйтіп, XX ғасырдың басында түркі халықтарының ынтымақтастығы патшалық Ресейдің Дума мінбелерінде саяси-идеологиялық және сауатты түрде көрініс тапты. Жәдидтік қозғалыс түркі халықтарының мәдени бірлігінің өміршеңдігін дәлелдеп, бүкіл түркі әлемі үшін маңызды болды. Оның қызметтік аясы үнемі өзгеріп отырды, Бақшасарай мен Симферопольден Ыстамбул мен Анкараға, Қазаннан Ташкентке, Уфадан Бакуға, Ресейдің орталық қалаларынан түркі эмиграциясы арқылы Батыс Еуропа елдеріне, Балқанға, қайтадан Оралға, Еділ бойына, Сібірге, Солтүстік Кавказға, Қазақстан мен Түркістанға әсер етті. Басынан бастап және өзінің бүкіл тарихында жәдидтік қозғалыс бүкіл Еуразия түркі халықтарына үн қатып қана қоймай, сонымен бірге осы халықтардың философиялық және поэтикалық ойларымен, мәдени дәстүрлерімен, ғылыми жетістіктерімен толықтырылды.

Түркі халықтарының ынтымақтастығы, бұл отарлық жүйелерге ұйымдасқан қарсылық пен ұлт-азаттық қозғалыстардың тарихы, саяси-идеологиялық мәні жоғары, партиялар, конгрестер, халық көтерілістері, мемлекет пен халықтық дипломатияның маңызды әрекеттері, адам құқықтары саласындағы бастамалардың ажырамас бөлігі болып табылады. Түрікшілдік сипатына иеленген түркі халықтарының ынтымақтастығы үнемі қорғаныстық және керек кезде қарулы күшпен өзін-өзі қорғауға аттанып тұрған, ол бірлік пен өзара қолдау арқылы империалистік елдердің үрейін ұшырған. Осыған байланысты кеңестік тарихнама түркі халықтарының ынтымақтастығын кейде «идеализм» және «панисламизммен» байланыстырды, тіпті кейде утопиялық деп бағалады. Шын мәнінде, бұл екі ағымның ұғымдық дамуы мен мағыналық мазмұны және көлемі өзгеше болғанымен, олар бір-бірін толықтырып тұрды. «Түрікшілдіктің» бірқатар идеологтары, соның ішінде Ысмайыл Гаспыралы, Ю.Ақшора, С.Максуди, М.Шоқай, М.Сұлтанғалиев, Т.Рысқұлов және т.б. сияқты ірі және көрнекті қайраткерлер исламның түркі әлемінде кең таралуына үлкен мән берген, себебі олар мұсылман діні мен этикасында, тәрбиесі мен мәдениетінде түркі халықтарының рухани бірлігінің негізін көрді. Бұл мағынада, «түрікшілдік» пен «түркі халықтарының

ынтымақтастығы» прогрессивті және ағартушы деуге толық негіз бар. Сондықтан, оны реакцияшылдық пен консервативті идеологияға теңестірудің өзі ғылыми қателік болып табылады.

Сол себепті түркі халықтарының ынтымақтастығынан сескенген коммунистік билік Еуразиялық құрлықта ұлттық сипаттағы Түркістан, Еділ-Орал, Алаш және Кавказ іспетті мемлекеттік құрылыстардың пайда болуының алдын алып отырған. Ол үшін М.Шоқайдың Тұтас Түркістан идеясын жойып орнына кеңестік мемлекеттерді құруды жүзеге асырған. Түркістанды межелеу компаниясы кезеңінде түркі халықтарын бір-бірінен алшақтату мақсатында шекаралар сызылды, жаңа пайда болған кеңестік республикалар әр жылдары кенейіп, қысқарды. Шекаралар ғана емес, сонымен бірге бұл субъектілердің мәртебелері де өзгеріп тұрды. Құрылған республикаларда жүргізілген экономикалық реттеулер «басмашы» қозғалысы, қолдан жасалған ашаршылық, жаңа Кеңес үкіметінің әскери және азаматтық институттарын құру, жерлерді, кәсіпорындарды және басқа да мүлікті ұлттандыру саясатымен етене жүргізілді. Тұтас Түркістанды межелеу науқаны кезінде атқарылған жұмыстар, әдетте, жасанды түрде жүзеге асырылды, өйткені большевиктер межелеуді партиялық және мемлекеттік органдарда жоспарлаған, содан кейін Кеңес өкіметінің жергілікті декреттері, жарлықтары және басқа да құжаттарымен іске асырылған.

I-ші Дүниежүзілік соғыс қортындысы бойынша Осман мемлекетін еншілеген Түркия Республикасы Антанта елдерінің арасында бөліске салынды. Бұл қиын-қыстау күндерде М.К. Ататүрік өзінің әскери тактикасы мен саяси шеберлігінің арқасында ұлтты біріктіре білді. Нәтижесінде, 1923 жылдың 24 шілдесінде Лозаннада (Швейцария) Кемалистік үкімет жаңа Түрік мемлекетінің халықаралық танылуын білдіретін Антанта державаларымен бітім шартына қол қойды. 1923 жылы 29 қазанда Түркия Республикасының құрылуы жарияланды, бір жылдан кейін оның Конституциясы қабылданды. Содан кейін, 1923 жылы 29 қазанда ТҰҰМ-сі бірауыздан М.К. Ататүрікті Түркия Республикасының Президенті етіп сайлады. Осы кезде біріншіден, идеологиялық басымдықтарды өзгерту қажет болды. Кемалистер өткен кезеңмен шешуші үзіліс және жаңа Түрік ұлттының қалыптасуын дамудың қажетті шарты деп санады. Ең алдымен түрік ұлтшылдығы мен зайырлылық қағидаттарына негізделген жаңа идеология негізгі ұлттық мақсатқа, яғни зайырлы өркениетті мемлекет құруға жол ашты.

Ерекше сипат алған Түркістандағы ұлт-азаттық қозғалыстың бір түрі «басмашы» әрекеті болды. Өз кезегінде «басмашы» қозғалысы большевиктік диктатурасына қарсы шығып, ұлттық дербестік жолында түркі халықтарының басын біріктіруге талпыныс жасады. Большевиктік биліктің түркі-мұсылман халықтарына қарсы жүргізген саясаты «басмашы» қозғалысының өрістеуіне әкеп тіреді. Түркі-мұсылман халықтарының ең үлкен наразылығына дәстүрлі өмір салты мен мәдениетін бұзатын кеңестік шаралар себеп болды. Сонымен қатар, большевиктер интернационализмді жарияланғанына қарамастан, Түркістандағы үкіметтік лауазымды қызметтерге түркі-мұсылмандардың келуіне тыйым салды, кәсіподақтарға тек орыс жұмысшылары қабылданды. 1918 жылы Ферғана алқабы «басмашы» қозғалысының қарсыласу орталығына айналған болса, 1919-1930 жылдары ол Тұтас Түркістанды қамтыды. Басмашылардың саны жыл сайын бірнеше ондаған мың әскерге дейін жетті. Түркістанда ондаған көтерілісшілер орталықтары ашылды.

«Қызыл империяның» құрсауында қалған түркі халықтарының тағдыры рухани тәуелділік, отарлық және репрессиялық сипатта өтті. Жаппай қуғын-сүргін кезеңінде негізсіз жазалау шаралары жеке адамдарға немесе әлеуметтік топтарға, дін өкілдеріне ғана емес, сонымен бірге ұжымдық жауапкершілік қағидаты бойынша жекелеген халықтарға қатысты қолданылды. Тауқыметке түскен Қырым мен Кавказдағы түркі-мұсылман халықтары, олардың арасында балқарлар, қарашайлар, месхет түріктері, қырым татарлары бір күннің ішінде «халық жаулары» атанып, Өзбекстан, Қазақстан, Қырғызстан мен Түрікменстан жерлеріне зорлықпен қоныстандырылды. Осыған қарамастан түркі халықтарының өзара ынтымақтастығын аталған республикалардағы саяси тұрақтылықтың дамуымен айқындауға болады.

КСРО ыдырағаннан кейін халықаралық аренада нық қадамдарын басқан Түркі мемлекеттері өзара ынтымақтастықтың өміршеңдігін дәлелдеді. 1991-шы жылдардың басындағы әрібір Түркі мемлекеті дербестігін заңды түрде нақтылау мақсатында өзіндік саяси-экономикалық және мідени реформаларды жүргізді. Алғашқы онжылдықта өздерінің экономикаларын қайта құру жүзеге асырылды, Түркі мемлекеттері кеңес заманынан қалған мұралар мен нақты жағдайлар және мүмкіндіктерге сүйене отырып, жеке жолымен жүрді. Көптеген әлемдік маңызы бар мұнай және газ, түрлі-үсті металл рудалары, алтын, сирек кездесетін элементтер сынды минералдарға бай Түркі мемлекеттері өздерінің күш-жігерін, ең алдымен, осы маңызды ресурстарды дамытуға, сыртқы қарыздарды жабуға және экономикаға тікелей қатысы бар мәселелерді шешуге кірісті.

Сыртқы саяси байланыстарда Қазақстан, Қырғызстан және Әзірбайжан көпвекторлы бағытты таңдады, ал Өзбекстан мен Түрікменстан «жабық» позицияларын ұстанды. Осыған қарамастан Тұрғыт Озал заманында Түркия бес Түркі мемлекеттің басын біріктіруді көздеп, ынтымақтастық алаңында жаңа қадамдарды басуға шақырды. Сонымен бірге түркітілдес мемлекеттерге қазіргі заманғы экономиканы құру, нарықтық реформаларды жүзеге асыру, жеке меншік институттарын, қаржы, несие, салық, сауда, кеден заңнамаларында халықаралық стандарттарды енгізу, білім беру, біліктілікті арттыру және қайта даярлау саласында ынтымақтастық орнату жөніндегі Түркия өз тәжірибесімен бөлісу жұмыстарын бастады.

Түркия Түркі мемлекеттерінде заманауи көліктік, коммуникациялық және басқа өндірістік инфрақұрылымды құру жөніндегі жобалардың басталуы мен дамуына айтарлықтай үлес қосты. Сонымен бірге түрік құрылыс және мердігер фирмалар энергетика және газбен қамтамасыз ету, телефон байланысы кәсіпорындарын салуға, қазіргі әуежайларды қайта құруға, сауда, бизнес, мәдени-ағарту орталықтары, тұрғын үй құрылысын және басқа да жұмыстарға тікелей инвестицияларын құя бастады. Түркі мемлекеттерімен екіжақты сауда-экономикалық қатынастар орната отырып, Түркия олардың халықаралық және аймақтық интеграциялық процестерге тез қосылуына ықпал етті.

Соңғы он жыл ішінде түркітілдес мемлекеттердің мемлекетаралық ынтымақтастығы белгілі бір эволюцияны бастан кешірді, бүгінгі таңда дамудың сапалы жаңа кезеңіне өтті. Бастапқы кезде көпжақты ынтымақтастықтың алғашқы кезеңдерінде Түркі мемлекеттері мәдени-гуманитарлық өзара іс-қимылмен шектелсе, кейінгі жылдары ынтымақтастықтың «елеулі», практикалық бағыттарына өту басталды. Сауда және инвестиция, көліктік және транзиттік әлеуетін пайдалану сияқты Түркі мемлекеттері прагматикалық ынтымақтастыққа бет бұрды. Шынында

да, бүгінде Түркі мемлекеттердің ынтымақтастығы үшін жаңа алаң құрылды. Оның басында Түркі Кеңесі мемлекеттер арасында байланыс орнатуда шешуші рөл атқарды. Сонымен бірге, бұл халықаралық және аймақтық ұйым шеңберіндегі Түркі мемлекеттердің үйлесімді қызметіне ықпал етеді. Жалпы, Түркі мемлекеттер арасындағы ынтымақтастықтың тиімділігін арттырумен қатар, Түркі Кеңесі халықаралық ынтымақтастық жүйесіндегі Түркі мемлекеттердің рөлі мен орнын нығайта түсетіні анық.

«Түркі Кеңесінің Құрметті Төрағасы» мәртебесін алған Қазақстанның Тұңғыш Президенті Н.Назарбаев Түркі Кеңесіне мүше елдердің «2040 – Түркі келешегі» бағдарламасын әзірлеуді ұсынып, ұйым ішіндегі интеграциялық процестерді жандандыруға шақырды. Құжат Түркі мемлекеттердің ұзақ мерзімді мақсаттары мен оларға жету жолдарын көрсететін болады. Осылайша, Н.Ә. Назарбаевтың күш-жігерінің арқасында түркі интеграциясы Еуразиядағы халықаралық қатынастардың маңызды факторына айналып, нақты қалыпқа түсуде. Осыған байланысты Н.Ә. Назарбаевтың Түркі мемлекеттердің ынтымақтастық кеңесін Ұйым деңгейіне көтеру жөніндегі бастамасы да ерекше назар аударуға тұрарлық. Жуырда Өзбекстанның толыққанды мүше болып қосылуы Түркі Кеңесіне мүше елдердің халықаралық салмағын едәуір арттырады, түркі елдерінің экономикалық интеграциясына жаңа серпін береді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТ ТІЗІМІ

- 1 Абусейтова М.К. История Центральной Азии: концепции и реальность // SHYGYS. – Алматы, 2005, № 1 – С. 3.
- 2 Мухаммединов Р.Ф. Зарождение и эволюция тюркизма (Из истории политической мысли и идеологии тюркских народов: Османская и Российская империя, Турция, СССР и СНГ 70-е годы XIX века – 90-е годы XX века). – Казань, 2005. – С. 241.
- 3 Есмағамбетов К.Л. Әлем таныған тұлға. – Алматы: «Дайк-Пресс», 2008. – 501 б.
- 4 Абусейтова М.Х., Баранова Ю.Г. Письменные источники по истории и культуре Казахстана и Центральной Азии в XIII-XVIII вв. – Алма-Ата: Дайк-Пресс, 2001. – 426 с.
- 5 Серебрянников А.Г. Сборник материалов для истории завоевания Туркестанского края. – Санкт-Петербург: Тип., А.С. Суворина, 1880. – Т.1. – С. 482.
- 6 Койгелдиев М. Алаш қозғалысы. 1 книга. – Алматы, 2008. – С.426.
- 7 Нұрпейіс К. Алаш һәм Алаш Орда. – Алматы, 1995. – 254 б.
- 8 Бөкейхан Ә. Таңдамалы. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1995.
- 9 Омарбеков Т.О. 20-30 жылдардағы Қазақстан қасіреті. – Алматы, 1997.
- 10 Климович Л.И. Ислам в царской России. Очерки. – Москва-Ленинград, 1936. – 405 с.
- 11 Гимазова Р.А. Просветительская деятельность Нигматуллиных-Буби: конец XIX-начало XX вв.: дис...канд. ист. наук. – Казань, 2004. – 186 с.; Давлетшин, К.Д. Национальные и религиозные компоненты культуры и быта: На примере народов Поволжья и Приуралья, традиционно исповедующих ислам. – М.: Институт национальных проблем образования, 1999.; Губайдуллин, Г.С. Из истории татарской мысли о Марджани // Вестник просвещения. – 1921, № 2.; Исхаков, Д.М. Проблемы становления и трансформации татарской нации –Казань: Институт истории АН Татарстана, Изд-во «Мастер-Лайн», 1997.; Мухамадиев, А.Г. Туранская письменность // Проблемы лингвоистории татарского народа. – Казань: ИЯЛИ АНТ, 1996.; Гайнетдинов, Р.Б. Тюрко-татарская политическая эмиграция: начало XX века 30-е годы. Исторический очерк. – Набережные Челны: Камский издательский дом, 1997.
- 12 Мендикулова Г.М. Казахская диаспора: история и современность. – Алматы: Всемирная Ассоциация казахов, 2006. – С. 343.
- 13 Лысенко Ю.А. Традиционное казахское общество в национальной политике Российской империи: концептуальные основы и механизмы реализации (XIX – начало XX вв.). Монография. – Барнаул, 2014. – С. 255-261.
- 14 Анохина И.А. Государственная политика в деле просвещения нерусских народов Поволжья (вторая половина XIX – начало XX в.) // Известия Пензенского государственного педагогического университета. – 2007. № 3(7). – С. 88.
- 15 Венюков М.И. Опыт военного обозрения русских границ в Азии. – СПб.: Типография Безобразова, 1873. – 575 с.
- 16 Верт П. Православие, инославие, иноверие: Очерки по истории религиозного разнообразия Российской империи / Перевод с английского Н. Мишаковой, М. Долбилова, Е. Зуевой и автора; научный редактор перевода М. Долбилов. – М.: Новое литературное обозрение, 2012. – 280 с.

- 17 РФ ЭТМ, 366 к., 7 т., 26 ис, 1 п.
- 18 Бюлов Б. Воспоминания / перевод с немецкого под редакцией и с предисловием В.М. Хвостова. – Москва-Ленинград, 1935. – 562 с.
- 19 Остроумов Н.П. Коран и прогресс: По поводу умственного пробуждения современных российских мусульман. – Ташкент: Типография Штаба Туркестанского военного округа, 1901. – 256 с.
- 20 Остроумов Н.П. К.П. фон-Кауфман, устроитель Туркестанского края. Личные воспоминания и исторический очерк народного образования в крае. – Ташкент, 1899. – 286 с.
- 21 Остроумов Н.П. Китайские эмигранты в Семиреченской области Туркестанского края и распространения среди них православного христианства. – Казань: Типография Императорского университета, 1879. – 116 с.
- 22 Остроумов Н.П. Что такое Коран? По поводу статей И.Гаспринского, Девлет-Кильдеева и Мурзы-Алима. – Ташкент, 1883. – 156 с.
- 23 Мартенс, Ф. Собрание трактатов и конвенций, заключенных Россией с иностранными державами. В 15-ти томах / По поручению Министерства Иностранных дел составил Ф.Мартенс. – СПб., 1874-1909.
- 24 Записка председателя Совета Министров о поездке в Сибирь и Поволжье в 1910 году. – СПб.: Государственная типография, 1910. – 172 с.
- 25 Труды Частного совещания, созванного 20 мая 1907 года степным генерал-губернатором по вопросам о нуждах киргизов Степного края. – Омск: Типография Акмолинского Областного Правления, 1908. – 93 с.
- 26 Kaplan İ. Türkiye’de Milli Eğitim İdeolojisi ve Siyasal Toplumsallaşma Üzerine Etkisi. –İstanbul: İletişim Yayınları, 2005. – s. 173 - 174.
- 27 Copeaux Etienne, Tarih Ders Kitaplarında (1931 - 1993) Türk Tarih Tezinden Türk - İslam Sentezine, (çev. A. Berktaş). – İstanbul: İletişim Yayınları, 2006. – s. 23.
- 28 Венюков М.И. Кавказские воспоминания. 1862-1863 годах осада Кавказа. Воспоминания участников Кавказской войны XIX века. – СПб., 2000.; Пашинов П.И. Туркестанский карай в 1866 годах. Путевые заметки. – СПб., 1868.; Романовский Д.И. Заметки по Среднеазиатскому вопросу. – СПб., 1868.; Куропаткин А. Завоевание Туркмении (Поход а Ахалтеке в 1880-1881 гг. с очерком военных действий в Средней Азии с 1839 по 1876 гг.). – СПб., 1899.; Терентьев М.А. Россия и Англия в Средней Азии. – СПб., 1875., Абаза К.К. Герои и битвы: Общеизвестная хрестоматия. – М., 1887.; Макшеев А.И. Путешествия по киргизским степям и Туркестанскому краю. – СПб., 1896.
- 29 Черняев М.Г. К Туркестанским боевым юбилеям 1865-1915 гг. «Военный сборник», № 1, 1916 .; Игнатъев И.В. Землятресенье в Токмакском уезде в 1885 г., Известия Русского географического общества. – 1886.; Костенко Л. Очерки Семиреченского края, «Военный сборник». – 1872, № 11.; Галузо П.Г. Туркестан-колония. Очерк истории. – Ташкент, 1935.; Нездецкий В. Узун-Агачское дело и его значение в истории Семиреченского края, «Семиреченские ведомости», № 90. – 1910.; Федеров Г.П. Моя служба в Туркестанском крае, «Исторический вестник», 1913, № 9. Румянцев П.П. Материалы по обследованию туземного и русского сторожильческого хозяйства и землепользования в Семиреченской области. – СПб., 1916.
- 30 Крафт И.И. Судебная часть в Туркестанском крае и степных областях 1898 год.; Каплун Б.Н. Положение об управлении Туркестанского края. – Ташкент, 1903.; Логофет Д.Н. В горах и на равнинах Бухары (Очерк Средней Азии). – СПб., 1913.;

Лобачевский В. Хивинский район. Военно-статистическое описание Туркестанского военного округа. – Ташкент, 1912.; Лобысевич Ф.И. Поступательное движение в Среднюю Азию в торговом и дипломатическо-военном отношениях. Дополнительный материал для истории Хивинского похода 1873 года. – СПб., 1900.; Лаврентьев В. Капитализм в Туркестане (Буржуазная колонизация в Средней Азии). – Ленинград, 1930.

31 Остроумов Н.П. Колебания во взглядах на образование туземцев в Туркестанском крае. Кауфманский сборник. – М., 1910.; Граменицкий С.М. О школьном образовании у магометан Средней Азии / Туркестанские ведомости. – 1876, № 47. Алекторов А.Е. Новые течения в жизни магометанских школ / журнал Министерства народного просвещения. – СПб., 1909.; Ильминский Н.И. Письма к обер-прокурору Святейшего Синода К.П. Победоносцеву. – Казань: Типо-Литография Императорского университета, 1895. – 414 с.; Добросмыслов А.И. Города Сырдарьинской области: Казалинск, Перовск, Туркестан, Аулие-Ата и Чимкент. – Ташкент, 1912.; Бобровников Н.А. Русско-туземные училища, мектебы и медресы Средней Азии: Путевые заметки. – СПб., 1913.; Кауфман А.А. Переселение и колонизация. – СПб.: Общественная Польза, 1905. – 444 с.

32 Никольский Н.В. Собрание сочинений. – Т. II. – Чебоксары: Чувашское книжное издание, 2007.

33 Николаев В.В. История предков чувашей XXX в. до н.э. – XV в. н.э. Хроника событий. – Чебоксары, 2005.

34 Куркчи А.И. Исмаил бей Гаспринский // Дружба народов. – 1991, № 12. – С. 224.

35 Лысенко Ю.А. Православное и исламское миссионерство в казахской степи: сравнительный анализ организации и методов деятельности (вторая половина XIX – начало XX в.) // Гуманитарные науки в Сибири. – Серия: История, 2010. № 2. – С. 36–40.

36 Бенингсен А., Мусульманство в СССР. – Париж, 1983.; Rorlich A.A. The Volga Tatars. – California, 1986.

37 Валиди Заки Тоган. Воспоминания. Борьба народов Туркестана и других восточных мусульман-тюрков за национальное бытие и сохранение культуры. – Уфа, 1994.; Чокай-оглы, Мустафа. Туркестан под властью Советов. – Paris, Yaş Turkestan, 1935.; Мухамметдинов Р.Ф. Юсуф Акчура и Зия Гекалп: Формирование идеологии тюркизма (70-е годы XIX века - 30-е годы XX века). Автореферат диссертации на соискание ученой степени кандидата исторических наук. – Казань, 1996.; Ziya Gökalp. The Principles of Turkism. Translated by Robert Devereux. – 1968. P. 10.

38 Alexandre Bennigsen and Chantal Lemercier-Quelquejay. Islam in the Soviet Union. Pp. XII, 272. – New York: Frederick A. Praeger, 1967.; Edward J. Lazzerini, Ismail Bey Gasprinskii and Muslim Modernism in Russia, 1878–1914 (Seattle: University of Washington, unpublished Ph.D. dissertation, 1973).

39 Татары Среднего Поволжья и Урала. – Москва: Наука, 1967.

40 Давлетшин Т. Советский Татарстан. Теория и практика Ленинской национальной политики. – Лондон, 1974.

41 Усманова Д. Мусульманские представители в российском парламенте. 1906-1916 гг. – Казань, 2005.

42 Байтелесова Ж. Он был вождем интеллигентов (Роль А.Байтурсынова в формировании взглядов казахской интеллигенции начала XX в.) // Мысль. – 2000, № 10.; Букейханов А. Киргизы. Формы национального движения в современных

- государствах. (Под редакцией А.И.Костелянского). – СПб., 1910. М.Дулатов. Сочинения в 5 томах. – Алматы, 2002.
- 43 Асфендияров С. История Казахстана. – Алматы: Қазақ университеті, 1993.; Тынышпаев М. История казахского народа / Учебное пособие. – Алматы: Санат, 1993.
- 44 Самойлович А. Первое тайное общество младо-бухарцев // Восток, к-н. I. – Петроград, 1922.; Соловейчик Л. Очерк возникновения и развития современного басмачества в Бухаре. – М.: Красная новь, 1923.; Гинзбург С.Б. Басмачество в Фергане // Новый Восток, № 10-11. – М., 1925.; Василевич В. Банопард из Локая // За партию, № 3. – 1927.; Илютко Ф. Басмачество в Локае. – Москва-Ленинград: Госиздательство отдел военной литературы, 1929.; Бобунов А. Война в песках. – М., 1935.
- 45 Бабаходжаев А.Х. Провал английской антисоветской политики в Средней Азии и на среднем Востоке в период признания советского государства де-факто и де-юре (1921-1924 гг.). – Ташкент: Издательство Академии наук УзССР, 1957.; Никишов П.П. Борьба с басмачеством на юге Киргизии. – Фрунзе: Киргизгосиздат, 1957.; Зевелев А.И. Из истории гражданской войны в Узбекистане. – Ташкент: Госиздат УзССР, 1959.
- 46 Bademci Ali, Kendi Arşiv Belgelerine Göre 1917-1934 Türkistan Milli İstiklal Hareketi. Basmacılar. – Ankara: Kamer Yayınları, 2019.
- 47 Bernard Lewis, İslam ve Batı. – Ankara: Akılçelen Yayınları, 2016.
- 48 David Kushner, Türk Milliyetçiliğinin Doğuşu (1876-1908). Çeviren Rekin Ertem, Şevket Serdar Türet, Fahri Erdem. – Kesit Yayınları, 2009.
- 49 Audrey L. Altstadt. The Azerbaijani Turks: Power and Identity Under Russian Rule. – Hoover Press, 1992.
- 50 Полян П. Не по своей воле... История и география принудительных миграций в СССР. – М., 2001.
- 51 Бугай Н.Ф. Берия – И. Сталину: «После Ваших указаний проведено следующее...». – М., 2012.
- 52 Ливен Д. Русская, имперская и советская идентичность // Европейский опыт и преподавание истории в постсоветской России. – М., 1999. – С. 299.
- 53 Гинс Г.К. Переселение и колонизация. – СПб., 1913. Вып. 2. – С. 7, 28.
- 54 История России. XIX–начала XX в. // Учебник под редакцией В.А. Федорова. – М. : Зерцало, 2004. – С. 311.
- 55 Туркестанские Ведомости. 5 марта 1900 г. № 19.
- 56 Берг И.Н. Переселение. – М., 1882. – С. 6-7.
- 57 К ревизии Туркестанского края // Туркестанский курьер. – 1908. № 145.
- 58 Отчет по ревизии Туркестанского управления, произведенной по Высочайшему повелению сенатором, гофмейстером графом К.К. Паленом. Краевое управление. – СПб. : Сенатская тип., 1910. – С. 6.
- 59 Отчет о состоянии Туркестанского края, составленный сенатором, тайным советником Гирсом, командированный для ревизии края по Высочайшему повелению. – СПб. : Б.м., 1883. – С. 3.
- 60 Абашин С.Н. Национализмы в Средней Азии. В поисках идентичности. – СПб. : Алетейя. Историческая книга, 2007. – С. 97.
- 61 Mission to Turkestan. Being the Memoir of Count K. K. Pahlen. 1908- 1909 / Transl. by M. J. Couriss. L., 1964. P. 3

- 62 Литвинов В.П. Религиозное паломничество: региональный аспект (на примере Туркестана эпохи средневековья и нового времени): монография / В.П. Литвинов. – Елец: ЕГУ им. И.А. Бунина, 2006.
- 63 Allworth E. Central Asia. A century of Russian Rule / E. Allworth. Columbia University Press. – Ntw YorkLondon, 1967.
- 64 Туркестан. 1912 г. № 18.
- 65 Кауфман, А.А. К вопросу о русской колонизации Туркестанского края / А.А. Кауфман. – СПб. : Тип. В.Ф. Киршбаума, 1903. – 219 с.
- 66 Ташкентская администрация и ревизия // Вечер. – 1908, № 214.
- 67 Остроумов Н. К истории народного образования в Туркестанском крае. К.П. Кауфман устроитель Туркестанского края. – Татшкент: типо-лит. «Ф. и Г. бр. Каменские», 1899. – С. 3.
- 68 ОР ОММ, И-1 к., 12 т., 907 ис, 10 п.
- 69 ОР ОММ, И-1 к., 31 т., 598 ис, 8 п.
- 70 ОР ОММ, И-1 к., 31 т., 598 ис, 18 п.
- 71 ОР ОММ, И-1 к., 31 т., 623 ис, 19-21 пп.
- 72 ОР ОММ, И-1 к., 12 т., 1674 ис, 10 п.
- 73 ОР ОММ, И-1 к., 12 т., 1674 ис, 16-19 п.
- 74 ОР ОММ, И-1 к., 12 т., 1674 ис, 20-31 п.
- 75 Эволюция восточных обществ: синтез традиционного и современного / Гл. ред. Л.И. Рейснер, Н.А. Симония. – М. : Наука, 1984. – С. 148.
- 76 ООТМ, 3 к., 8 т., 13353 ис, 2-8 пп.
- 77 Кабузан В.М. Эмиграция и реэмиграция в России в XVIII – начале XX века. – М.: Наука, 1998. – 350 с.
- 78 ООТМ, 3 к., 6 т., 9679 ис, 21-27 пп.
- 79 Национальная политика России: история и современность. – М.: Русский мир, 1997. – 680 с.
- 80 Алов А.А., Владимиров Н.Г. Ислам в России. – М.: Институт Наследия, 1996. – 122 с.
- 81 ООТМ, 3 к., 3 т., 4291 ис, 56-76 пп.
- 82 Абдирашидов З. Аннотированная библиография туркестанских материалов в газете «Таржуман» (1883-1917) / Tokyo : TIAS: Department of Islamic Area Studies, Center for Evolving Humanities, Graduate School of Humanities and Sociology, the University of Tokyo, 2011. – С. 155
- 83 Ланда Р.Г. Ислам в истории России. – М.: Издательство фирма «Восточная литература» РАН, 1995. – С. 139.
- 84 Саидбаев Т.С. Ислам и общество. Опыт историко-социологического исследования. – М., 1978. – С. 107.
- 85 КР ОММ, 44 к., 1 т., 15799 ис, 2-3 пп.
- 86 КР ОММ, 44 к., 1 т., 15799 ис, 10-13 пп.
- 87 РФ МТМ, 821 к., 133 т., 470 ис; 15 т., 98 ис; 16 т., 15799 ис; 17 т., 20752 ис; 24 т., 94 ис.
- 88 ОР ОММ, 1 к., 31 т., 979 ис, 29-35 пп.
- 89 ОР ОММ, 20 к., 1 т., 2 ис, 13-17 пп.
- 90 КР ОММ, 44 к., 1 т., 16680 ис, 2 п.
- 91 Маркс К. Объявление войны. К истории возникновения восточного вопроса // Маркс К., Энгельс Ф. Сочинения. Изд. 2-е. Т. 10. – М.: Политиздат, 1958. – 670 с.
- 92 Маркс К. Греческое восстание // Маркс К., Энгельс Ф. Сочинения. Изд. 2-е. Т. 10. – М.: Политиздат, 1958. – 771 с.

- 93 Льюис Р. Османская Турция. Быт, религия, культура / Пер. с англ. – М.: Центрполиграф, 2004. – 696 с.
- 94 Бартольд В. В. Турция, ислам, христианство // Бартольд В. В. Сочинения. В 9 т. Т. 6. – М.: Наука, 1966. – 785 с.
- 95 Губер А. А., Ким Г. Ф., Хейфец А. Н. Новая история стран Азии (вторая половина XIX – начало XX в.). – М.: Наука, 1982. – 560 с.
- 96 Мандельштам А.Н. Русская политика в Турции накануне и во время Первой мировой войны. – «Новоселье», 1947, № 31/32.
- 97 Бейсембиев К. Идеино-политические течения в Казахстане конца 19 – начала 20 века. – Алма-Ата, 1961.
- 98 Граменицкий С. Очерки развития народного образования в Туркестанском крае. – Ташкент, 1896.; Остроумов Н.П. Коран и прогресс (По поводу умственного пробуждения современных российских мусульман). – Ташкент, 1901-1903; Александров А. Новые течения в жизни магометанских школ // Журнал Министерства народного просвещения. Часть XX.- Санкт-Петербург: Сенатская типография, 1909. – Апрель; Добромислов А.И. Ташкентская пресса // Средняя Азия. Ежемесячное литературно-историческое издание.- Книга III.- Ташкент, 1910.
- 99 Ходжаев Ф. К истории революции в Бухаре. – Ташкент, 1926. – С. 78.
- 100 Абдуллаев Р.М. Интеграционные процессы в мусульманском мире и туркестанские джадиды // Евразийское сообщество: экономика, политика, безопасность. – Алматы, 1997, № 2. – С. 123-132.
- 101 Шайдуллина Р.Р. Торгово-предпринимательская и благотворительная деятельность братьев Хусаиновых (вторая половина XIX - начало XX вв.): Автореф. дисс. канд. ист. наук. – Казань, 2010.
- 102 Вахабов М.Г. Формирование узбекской социалистической нации. – Ташкент, 1961. – С. 211-212.
- 103 Мухамметдинов Р.Ф. Зарождение и развитие тюркизма. – Казань: Заман, 1996. – 272 с.
- 104 Зиманов С. От освободительных идей к советской государственности в Бухаре и Хиве. – Алма-Ата, 1976. – С. 53.
- 105 ОР ОММ, И-47 к., 1 т., 3384 ис, 8-11 пп.
- 106 Бобровников Н.А Русско-туземные училища, мактабы и медресе в Средней Азии // Журнал Министерства народного просвещения. – 1913, № 46. – С. 80.
- 107 Турдиев Ш. Роль России в подавлении джадидского движения. Швеция: Институт Цнтральноазиатских и кавказских исследований, 1991.
- 108 Бендриков К.Е. Очерки по истории народного образования в Туркестане (1865-1924гг.). – М., 1960. – С. 260.
- 109 Алимова Д.А. История как история, история как наука. Феномен джадидизма. – Ташкент, 2009. – С. 16.
- 110 Андреев Г. Новометодные мактабы в Туркестане. Часть II // Туркестанские ведомости. – 1915, № 233.
- 111 ОР ОММ, И- 461 к., 1 т., 2178 ис, 23 п.
- 112 ОР ОММ, И-461 к., 1 т., 2107 ис, 43-44 пп.
- 113 Джадидизм и проблемы национальной самоидентификации народов Центральной Азии // Актуальные вопросы социально-экономического, общественно-политического развития. – Шымкент, 2010. – С. 80-87.
- 114 Алекторов, А.Е. О рождении и воспитании детей у киргизов // Оренбургский листок. – 1891. – №31. – С. 2.

- 115 Обзор Тургайской области за 1914 г. - 1915. - С. 206-210.
- 116 Потанин Г.Н. Завоевание и колонизация Сибири // Живописная Россия. Отечество наше в его земельном, историческом, племенном, экономическом и бытовом значении. Т. 11: Западная Сибирь / Под ред. П.П. Семенова. СПб., 1884.
- 117 Хостлер Ч. Тюркизм и Советы. Тюрки мира и их политические цели. Пер. с англ. Мендикуловой Г.М. - Алматы: Санат, 2006. - 288 с.
- 118 Хрох М. От национальных движений к полностью сформировавшейся нации: процесс строительства наций в Европе // Нации и национализм. - М., 2002. - С. 126.
- 119 Hroch M. Social Precondition of National Revival in Europe. A Comparative Analysis of the Social Composition of Patriotic Groups among the Smaller European Nations. - Cambridge: London; NY, 1985.
- 120 Асфендияров С. Д. Национально-освободительное восстание 1916 года в Казахстане. - Алма-Ата-Москва: Казахстанское Краевое Издательство, 1936. - 149-152 с.
- 121 Lemerrier-Quellejey Ch. From tribe to Umma // Central Asian Survey. Vol. 3. - 1984. - P. 10-28.
- 122 Bergne P. The Kokand Autonomy, 1917-1918: political background, aims and reasons for failure // Central Asia: aspects of transition. - London: New Fetter Lane, 2003. - P. 29-47.
- 123 Нуртазина Н.Д. Народы Туркестана: Проблемы Ислама, интеграции, модернизации и деколонизации (на рубеже XIX-XX веков). - Алматы: Қазақ университеті, 2008. - С. 74, 141.
- 124 Третий Всероссийский мусульманский съезд. - 1906. - С. 2, 3, 6.
- 125 Akçura Y. Türkçülüğün tarihi. - İstanbul, 2008.
- 126 Гаспринский И. Русское мусульманство. Мысли, заметки и наблюдения мусульманина // Исмаил бей Гаспринский. Россия и Восток. - Казань, 1993. - С. 18.
- 127 К читателю // Терджиман, Бахчисарай. - 1907, № 86, 28 декабря.
- 128 История национальных политических партий России: Материалы международной конференции. - М., 1997.
- 129 Гусейнов М.Д. Тюркская демократическая партия федералистов «Мусават» в прошлом и настоящем. Программа и тактика. - Тифлис, 1927.
- 130 David Thomas. Yusuf Akçura and the Intellectual Origins of «Üç terz- i siyaset» // Journal of Turkish Studies. - 1978, II. - P. 127-140
- 131 Jedige Kirimal. Der nationale Kampf der Krimtürken mit besonderer Berücksichtigung der Jahre 1917-1918. - Emsdetten, Verlag Lechte, 1952. - S. 30
- 132 Scheich Abdurreschid Ibrahim. Vom Sein und Werden der tatarischen Nation // Der Neue Orient, 1917, Nr. I, 7 April. S. 10- 12.
- 133 Revue du Monde Musulman. - Paris, 1923, LVI. - С. 146-148
- 134 Lory Alder and Richard Dalby. The Dervish of Windsor Castle: The Life of Arminius Vambery. - 1979.
- 135 Hermann Vambery. Western Culture in the Eastern Lands. - 1906. - P. 348.
- 136 Терджиман, 1904. - № 78 (28 сентября).
- 137 Аршаруни А., Гибадумин Х. Очерки панисламизма и пантюркизма в России. - М., 1931. - С. 3.
- 138 Алаш козгалысы - Движение Алаш. Сборник документов и материалов. - Астана: Ел-шежире, 2008. - 472 с.
- 139 Пантюркизм в России. Мир ислама. - СПб., 1913. Т. 2, выпуск 9. - С. 58.
- 140 Букейхан А. Избранное. Собрание сочинений. - Алматы: Өлке, 2002. - С. 34.

- 141 J. Reby. *Un Eri D'alar Te Russe*, RMM, X. – Jan. 1910. – P. 105-108.
- 142 Законодательные акты переходного времени 1904-1906 гг. Издание 2-е, пересмотрено и дополнено. – СПб., 1907. – С.150-154.
- 143 Законодательные проекты и предложения Партии народной свободы 1905-1907 годах. – СПб., 1907.
- 144 Государственная дума. Стенографические отчеты. Третий созыв. Сессия II Стенографические отчеты, Ч.3. – СПб., 1909. – С. 2586-2588.
- 145 Пайпс Р. Русская революция. Ч.1. – М., 1994, – С. 199-201.
- 146 РФ ЭТМ, 1544 к., 1 т., 10 ис, 242-344 пп.
- 147 ОРОММ, И-17 к., 1 т., 725 ис, 8-9 пп.
- 148 Государственная дума. Четвертый созыв. Сессия первая. Стенографические отчеты, Ч.3. – СПб., 1913. – С.1840-1847, 2525-2538.
- 149 ОРОММ, И-17 к., 1 т., 456 ис, 31п.
- 150 ОРОММ, И-1009 к., 1 т., 97 ис, 158 п.
- 151 ОРОММ, И-461 к., 1 т., 1116 ис, 67-68 пп.
- 152 Цаликов А. Мусульманская фракция в Учредительном собрании. Речь на 2-ом Всероссийском Мусульманском съезде (1917 г.). – Казань, 1917. – С.13-18.
